84.5Қ23
Д 79

Алаш мұрасы

МҰРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ



2 том





Ғ4 Б623
Д75

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



Алаш тұрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

2

Көсемсөз,
әдеби сын,
зерттеу
мақалалары



АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 2003

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Редакция алқасы:

Ахметов З. А., Дулатова Г. М., Қасқабасов А. С., Қирабаев С. С., Құл-Мұхаммед М. А., Қойгелдиев М.Қ., Нұрпейісов К. Н., Сатыбалдиев Е. Ә., Ысмағұлов Ж. (*жауапты редактор*)

Құрастырушылар: **Гүлнар Дулатова,**

Сабира Иманбаева

Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған:

Жұмағали Ысмағұлов

37129

© Дулатұлы Міржақып, 2003
© Дулатова Г., Иманбаева С. (құраст.), 2003
© Ысмағұлов Ж., алғы сөз, түсініктемелер, 2003

017

ҰЛЫ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

(*Алғы сөз орнына*)

Бұл томға Міржақып Дулатұлының 1907–1917 жылдар аралығында, сол кездің мерзімді баспасөзінде жарияланған еңбектері енгізіліп отыр. Бұл кезең патшалық Ресейдің Романовтар әулеті билеген үш жүз жылдық тарихының соңғы он жылы, патша өкімшілігінің қазақ даласын отарлау саясатының шығандап асқынған тұсы және сол қатал саясаттың тікелей салдары ретінде ұлт зиялылары бастаған халық бұқарасының отаршыл өкімшілікке қарсы ашынып, тәуекел күреске көтерілген кезі болатын.

Осындай тағдыр тақылеттес тарихи кезеңнің не бір көкейтесті мәселелерін қозғаған автордың қайраткерлік және қаламгерлік қабілетінің қалыптасып, ашыла бастаған тұсы да осы жылдар. Оның қаламынан туындап, бұқара санасында айқын із қалдырған осы еңбектерін оқып отырғанда, бүгінгі оқырман жұртшылық сол кезеңнің тарихи бейнесін көз алдына айқын елестеткендей болады. Бұл орайда автордың мүдде аясының кеңдігі де, ол көтерген мәселелердің түбегейлі терендігі де қайран қалдырады.

Ресей сынды үлкен империяның күрделі мемлекеттік проблемаларынан бастап, соның өгей бағымындағы қазақ даласының қиыр түкпірлеріндегі не қилы тіршілік тақсіреттеріне дейінгі ұзақ шұбақ түйіндер тізбегіне қадалсаң ой, қарасаң көз жетпестей. Бірақ халқының бүгіні мен ертеңінің екі ұшты болашағы үшін жантәнімен толғана тебіренген жас азамат өзінің мүдделілік шеңберіне соның бәрін сыйғыза алған.

Жинақтағы мақалалардың алғашқы тобы 1907–1912 жылдарды қамтиды. Бірінші орыс төңкерісінің дүмпуімен жария етуге мәжбүр болған болмашы бостандықтарды қайтадан тежеп, сұйылта бастаған һүкімет отаршылдық қыспағын бұрынғыдан да күшейте түскен кез еді бұл.

Сол қысымның бір зардабын «Оян, қазақ!» үшін тартып, жыл жарым абақтыда отырып шыққан ақын халқының азаттық күресіне қайтадан белсене араласқан-ды. Сондағы кезенген қаруы тағы да қаламы еді. Жалғыз-ақ санымен тарихта аты қалған «Серкеде» мұның да жалғыз мақаласы жарық көре алмай, өкініште қалдырғаны бар. Енді оның қарымын қайтармақ ниетімен «Айқаптың» бетін мінбер еткен-ді.

Кең алымды кемеге айдынды теңіз қандай қажет болса, қарымды қаламға кең тынысты басылым сондай қажет екен. Ахмет ағасымен ақыл қосып, ұлт зиялыларының алқалы тобына арқа сүйеу арқылы дүниеге келген «Қазақ» газеті Міржақыптың журналистік дарынына мол мүмкіндік ашты. Бес жыл бойы толассыз ой толғап, тынымсыз сөз сомдаған есіл ер еңбегінің жемісін біз осы жинақтан көреміз. Көреміз де, өткен ғасырдың тағы бір бес жылы ішіндегі тарихымыздың не бір талқы-тақсіреттерін бастан кешкендей боламыз.

Енді солардың жөн-жосығына байыппен назар аударайық. Томдағы мезгіл межелері мен оқиға оңтайына қарап, үш бөлімге сұрыпталған материалдардың әр бөлімі ақынның әр жылғы өлең жолдарымен неге аталғанын оқырман өзі аңғарар. Ал біз жинақтың мазмұнын басты-басты тақырыптар бойынша шолып қана өтпекпіз.

Міржақыптың Семей түрмесінде жатқанда ой толғап, «Айқапқа» жазған көлемді мақаласы «Государственная дума һәм қазақ» деп аталады. Мұнда қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірі үшін өте маңызды – Мемлекеттік думаға өкілдік алу мәселесі сөз болады. 1905 жылғы қазан манифесі бойынша, Мемлекеттік дума құрылып, оған діниге, тіліне қарамастан, әрбір халықтан депутат сайлауға ықтиярлық берілгені, соның негізінде I, II Думаға қазақтан да депутат сайланғаны еске алынады. Бірақ сол жақсылық ұзаққа бармаған. Һүкімет алғашқы екі Думаны таратып, жаңасына депутат сайлау жөнінде заң шығарғанда, жоғарғы билік орнына өкілдік жіберу құқығынан айырылған халықтардың ішінде қазақ та ілігіп кеткен. Сөйтіп, енді қазақтан депутат сайланбайтын болған. Мақала авторы соған қынжылады.

«Күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді, көпке бірдей болған жақсылықтан мақрұм қалу, оның үстіне қазақ халқы өзінің сыбағасын іздемей, сұрамай, қатты наразылық көрсетпей жатуы да кемшілік».

Жақаң қазақтың осындай әділетсіздікке төзіп отырғаны үшін бір қынжылса, өткен Дума сайлаулары кезінде өзінің мұң-мұқтажын жеткізіп, һүкімет алдында қорғай алатын адамдарды жібермегендері үшін және ренжиді. «Депутатты оқыған, өнерлі, білімді, халық үшін жанын пида етерлік кісіден сайламай, бұрынғы болыстыққа таласқандай, халықты бұзып, ақша шашып, жұртқа

қызмет ететұғын, топтан озған шешен, білгіштерді сайлаудың орнына, өздерінің партиялас, дүниеден хабары жоқ надан болыстарын, мырзаларын сайламақшы» болғандығы үшін кінәлайды. Алдағы болатын III Дума сайлауы қарсаңында бүкіл қазақ болып ауыз біріктіріп, һүкімет алдында тілек білдіруі, ол тілек қабыл болған жағдайда, өздерінің мүддесін қорғай алады деген ең лайықты адамдарды ұсынуы қажет екенін ескертеді.

Бұлай ескертудің жөні де бар еді. Өйткені алғашқы Дума сайлауы кезінде Қарқаралы үйезінің Тоқырауын болысын басқарып отырған адам халықтың ең қалаулысы санатындағы Әлихан Бөкейхановтың үстінен ғайбат сөздер айтып, жоғары жаққа жалған арыз бергені үшін осы мақалада қатты сынға алынады.

Міржақып Дулатұлының Мемлекеттік думадағы өкілдікке зор маңыз бергендігі сондай, бұл жайында өзінің күнделікті жұмысында жиі-жиі ауызға алып жүргені өз алдына, арада жеті жыл өткенде баспасөз бетінде арнайы мәселе көтеріп, «Үшінші июнь законы һәм қазақ» деген тағы бір арнайы мақала жазады (*«Қазақ». 1914 ж., №51*).

Бұл мақаланың жазылуына тікелей түрткі болған нәрсе: «Тәрәққи» атты түркі партиясы 1907 жылғы 3 маусымдағы заңды өзгертіп, қазақ және сол сияқты бірсыпыра басқа да халықтардан депутат сайлайтын ету керек деген ұсыныс енгізіпті. Осыған байланысты Міржақып былай деп жазады: арада өткен жеті жыл ішінде III, IV Думаларда қазаққа тікелей қатысы бар бірде-бір мәселе көтерілген жоқ. Себебі – оны көтеретін халықтың өз өкілі болмағандықтан.

Һүкіметтің бұған келтіретін дәлелі: қазақ – Думадағы мәселелерді талқылауға қатысарлықтай дәрежеге жеткен жоқ, ол надан халық, – дейді. Бұл – бекер, халыққа жабылған жала. Алғашқы екі думаға қазақтардан сайланған депуттардың бірлі-жарымы болмаса, көпшілігі оқыған, білікті, халықтың мұң-мұқтажын жеткізе алатын тілді адамдар еді. Енді жер, дін, билік, оқу және басқа қиын мәселелер қаралғанда, «қазақтың өзінен депутат болмаса, әлгі мәселелер жөнінен қазақты жек көретін Пуришкевичтер не айтпақшы, жаны ашитын Милюковтар не демекші?»

Халық өмірінің аса маңызды мәселелерін мақала авторы қай кезде қай деңгейде көтере алатыны оның осы сөздерінен-ақ айқын танылады. Бірақ оған һүкімет адамдарының құлақ аспағандығынан бұл мәселе түптің түбінде аяқсыз қалғандығы тарихтан белгілі.

* * *

Осы жылдары Міржақып Дулатұлының баспасөз бетінде жүйелі түрде пікір айтып, түбегейлі көтерген бір мәселесі – Земство жайы. Бұл мәселенің қазақ жеріндегі қойылысының өзіндік

тарихы бар. Оны баяндамас бұрын, жалпы Ресей мемлекетіндегі Земство деген ұғымның мәніне тоқтала кеткен жөн.

Бұл 1864 жылы жергілікті аймақтарда ішінара өзін-өзі басқару тәртібін енгізу мақсатымен Ресейдің орталық губерниялырында арнайы реформа шеңберінде енгізіле бастаған құрылым болатын. Оның міндеті осы өңірлердегі халықтың, әсіресе деревня тұрғындарының шаруашылық-тұрмыс қажетін өтеу бағытында, тікелей губернатордың бақылауымен белгілі бір шараларды жүзеге асырып, жергілікті әкімшілік орындарының шеңберінде жұмыс атқару болатын.

Сол үшін халықтан жиналатын алым-салықтың белгілі бір бөлігі аймақтық әкімшіліктің бюджетіне бөлінетін де, ол қаржы егіншілікті жақсарту, жолдарды түзеп, жол қатынасын дамыту, сауда мен өнеркәсіпті жандандыру, халықты өлеуметтік қауіпсіздендіру шараларымен қамту, олардың оқу-ағарту, денсаулықты сақтау саласындағы тілек-талаптарын қамтамасыз ету, пошта байланысын жолға қою сияқты шараларды жүзеге асыру үшін жұмсалатын. Осы сияқты пайдалы жұмыстарды тұрақты түрде атқару үшін жергілікті бюджеттен арнайы қаржы бөлінетін болғандықтан, земство енгізілген аймақтарда халықтың өлеуметтік ахуалы едәуір жақсарып қалған.

Осы өзгерістерден анық хабардар қазақ зиялылары сонау 1905 жылы Қарқаралыдан патшалық орталыққа жолдаған петицияда көтерген мәселелерінің бірі – қазақ өлкесінде земство тәртібін енгізу болатын. Бірақ сол төңкеріс күндерінде қазақ халқының атынан талап қойған зиялылардың үстінен көрсетінді болып, Ахмет Байтұрсынов бастаған бір топ адам тұтқынға алынған да, петицияның тағдыры аяқсыз қалған болатын.

Міржақып Дулатұлы 1913 жылдың тамыз айынан бастап «Қазақ» газетінің бетінде земство туралы оннан астам мақала жазып, бұдан сегіз жыл бұрынғы өңгімені қайта көтерген-ді. Онда земство деген ұғымның жоғарыдағыдай мәнін түсіндіріп, сол кездегі жартылай көшпелі, жартылай отырықшылық жағдайдағы отар елдің тұрмысына бейімдегендегі қазаққа келтірер пайдасы мен жеңілдіктерін жіліктеп, талдап берді. Осы заңнан орталық өңірлердің халқы көріп отырған игіліктерді қазаққа да нәсіп ету үшін тиісті билік орындарының алдында бұл мәселені табанды түрде қоя беру және оңынан шешілген күнде соның мүмкіндіктерін өз жайымызға оңтайлап пайдалана білу жайын діттеп, дігерлеп айтты.

«Земство не нәрсе?» деген жалпы тақырыппен берілген сериялы мақаланың бірінші беташар нұсқасында (*қараңыз: 102 бет, «Қазақ», 1913 ж., №29*) автор бұл мәселені тайға таңба басқандай айқын, жас балаға ұғындырғандай түсінікті етіп баяндайды.

«Біздің қазақ орысқа қарады, – деп жазды Жақаң, – онан соң нүкімет қалай билесе солай жүрді. Мынау біздің әдет-ғұрып, тұрмысымызға қайшы келеді деп, түбін ойлап, өзіне керекті һәм

пайдалысын сұраған жоқ. Біз тілемегенмен, бізден гөрі көздері ашық жұрттар қарап тұрмайды. Олар заманның ыңғайына, тұрмысының ағынына көлденең келмейтін законмен биленуін сұрайды».

Жұртқа пайдалы заңның бірі осы земство екенін айта келіп, автор оның тарихына шолу жасайды: «Мұның Россияда басталғанына 50 жыл болды. Сонан бері жұртқа тегіс жайылмай, біртебірте көбейіп келеді. Енді біраз жылдарда біздің қазақ облыстарында земство ашылу ықтималы бар. Соның үшін земство не нәрсе екенін күн ілгері біліп тұру тиіс».

Мәселенің мәнін осылай түсіндіріп алғаннан кейін, автор өз ойын былай жалғастырады: «Не нәрсе екенін білмесе, керекті екенін сезіп ұмтылмаса, бізге кім әкеліп бермекші? III Дума Орынбор, Астрахань губернияларында земство ашуға закон шығарып еді. Ішкі істер министрі осы земстводан Астраханьға қарайтын бөкейлік қазағы тысқары болсын деп, IV Думаға закон жобасын кіргізді. Мұны жақсылықтан мақрұм қалу деп бөкейліктер қайғыру түгіл, көрші жұрттарына келіп жатқан жұт па, құт па, оны ойлаған да жоқ».

Қазақтың өзіне пайдалы нәрсеге қалайша немқұрайды қарайтыны осы үзінділерден-ақ көрінеді. Келесі мақалаларда автор қазаққа сол земствоның қай жағы қай түрде қажетті болмақ және, кезі келгенде, соларды қалай пайдалану керек деген мәселелерді қозғайды. Біз бұдан әрі солардың кейбіреулерін қысқаша ғана шолып өтпекпіз.

Бұл жерде баса назар аударатын бір ерекшелік – Міржақып қай мәселені нақтылап көтергенде де, соның нақты мәнісімен шектеліп қалмай, оны кең аумақта бағамдап, білім-мағлұмат шеңбері тар өз оқырмандарына танымдық маңызы мол өзге бір өрісті жайларды да түсіндіріп отырады.

Мәселен, «Қазақтың» 32-санындағы келесі мақалада көтергелі отырған негізгі мәселесі өлкедегі оқу-ағарту жайы бола тұрса да, автор алдымен халықтан жиналатын алым-салықтың бір бөлігі патшалық қажетіне, яғни мемлекеттік бюджетке, ал қалған бір бөлігі облыс, губернялардың қажетіне, яғни жергілікті бюджетке бөлінетінін айтады. Сонан кейін мақалада жаңағы жергілікті бюджет арқылы земствода қаралып, шешілуге тиісті мәселелер тағы да санамалап көрсетіледі.

«Енді земство қандай қажеттерді өтейді? Земствоның өтейтін қажеттері мынау: оқу-оқыту ісі, от пен судан сақтау, адам һәм мал дәрігерлігі, ашаршылықта, жұтта мұқтаждарға жәрдем беру, жол түзету, поштаханалар ашу һәм басқа сондай жұрттың күшімен басқарылатын жұмыстар», яғни, бізше айтқанда, әр түрлі төтенше жағдайлардағы әлеуметтік сақтандыру шаралары.

Міне, осыдан кейін мақалада ағарту мәселесіне көшкенде, Торғай және Жетісу облыстарының жекелеген үйездеріндегі

халық саны мен оларда ашылған мектеп жүйесіне салыстырмалы талдау жасап, халықтың бала оқыту жөніндегі қажетінің қалай өтеліп жатқандығы, ол үшін халықтан жиналатын алым-салықтардың өз мақсатына қалай жұмсалып жатқаны сөз болады.

«Орыстың орта һәм жоғары дәрежедегі школдарына қазақтың бірен-саран бақытты ұлдары ғана кіріп жүр. Жұрттың көбіне жол жоқ, есік жабық. Осы күні ілгері ұмтылған талапкерлер көп болса да, өз күші жетпей, қазына жәрдем бермей, халықтың ақшасымен пайдалана алмай, әурешілікте жүр... Осы кезде қазақ бұрынғыдай емес, оқуға ынталы. Бірақ әлгіндей орын болмай, көбісінің тауы шағылып жүр. Мұны иә ерлік қылып, иә елдік қылып ескерген жан жоқ. Қазақтан жиналатын ақша нендей орынға жұмсалатынын, қаншасымен пайдаланып жүргенімізді есептемейміз».

Шіркін-ай, дейсің, осыны оқығанда, егер іс басында Міржақып сияқты көзі ашық, жіті ойлы қайраткерлер жүрсе, сол кездің өзінде де қазақтың мұртын балта шаппайды екен-ау!

Бірақ, өкінішке қарай, олай болмаған ғой.

Земствоға байланысты «Қазақтың» 36-санында басылған келесі мақала халықтың денсаулығына арналған. Бұл жоғарыда айтылған мақаланың тікелей жалғасы екендігі тура басталғанынан-ақ көрініп тұр.

«Қазақтан земский сбор деп жиналатын ақшаның бәрі оқу жолына жұмсалмайды. Жұрттың неше түрлі қажеті бар... Ол көп қажеттің бірі һәм біріншісі – халықтың сәлеметтігі. «Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақал бекер айтылған емес».

Осындай өте әсерлі кіріспеден кейін жазушы қазақ халқының арасында ауру-сырқаудың көп тарап кеткендігін, әсіресе өкпе ауруы, сүзек, оба, қызылша сияқты өте жұқпалы індеттен жылмажыл көп адам мезгілінен бұрын ол дүниелік болып жататынын үлкен қынжылыспен айта келіп, содан құтылудың бірден-бір жолы һүкімет тарапынан көрсетілетін дәрігерлік көмекте екенін түсіндіреді. Ондай көмек тек земство арқылы жүйелі, ұйымдасқан түрде көрсетіле алатынына назар аударады.

«Бүгінге дейін біздің қазақ ауруын ел ішіндегі бақсы-балгерлерге емдетіп, қожа-молдаларға үшкіртіп, қақтырып, соқтырып келді. Мұның көбінен зияннан басқа пайда кем болады... Бұл туралы да қазақты сөгуге болмайды. Себебі: қазақтан жиналған ақшаға һүкімет ел ішіне ауруханалар салып бермеген соң, доқтырлар, фельдшерлер шығармаған соң, шаһарларға баруға алыс болған соң... бақсы, балгерлерге қаратпағанда қайтсін?».

Ел ішіндегі денсаулық сақтау жайының мүшкілдігін де, халықтың бұл саладағы аянышты халін де жеткізіп айта келіп, бұл

мәселенің шешімін автор былай түйіндейді: «Соңғы жылдары қазақ жеріне мұжықтар келіп орныға бастап еді, оларға ауруханалар ашып беріп, дәрігерлер, фельдшерлер жіберіп жатыр. Өгей қазақ үшін бұл күнге шейін арнап салған бір аурухана бар ма? Халықтың шаруасын һүкімет басқарғандағы күніміз осы. Билесе, өзінен жиналған ақшаны өзіне жұмсаса, сонда ғана жұрт ілгері баспақшы. Ал жұрт өз шаруасын өзі билеуге земствосыз болмайды».

Міржақыптың «Земство не нәрсе?» деген тақырыппен «Қазақ» газетінде бұған дейін де, бұдан кейін де қайта-қайта діттеп жазғандағы мақсаты, бір жағынан, қазаққа земствоның неліктен қажет, қай жағынан пайдалы екенін дәлелдеп, соған елдің көзін жеткізу болса, екінші жағынан, һүкімет сол земствоны бере қалған күнде, оны қабылдауға халықты дайын ету.

Бұл мәселенің жай құрғақ сөз емес, бүгін-ертең күн тәртібіне қойылғалы тұрған өте зәру, өмірлік мәні зор іс екені газеттің 39-санында басылған мақаладан айқын көрінеді. Автордың ондағы жазуына қарағанда, Мемлекеттік думада Түркістан өлкесінің тұрғындарына земство беру жөніндегі ұсыныс үш-төрт жыл бойы шешімін таппай келген. Оның басты себебі – онда тұратын әр түрлі халықтардың, солардың ішінде әсіресе қазақ, сарт сияқты халықтардың өздеріне нақты қандай земство керек екенін анықтап айта алмағандығы болса керек.

Сібірлік облыстар мен губернияларда да осындай жағдай қалыптасқан. Автор осыған қатты аландаушылық білдіреді.

«Сібірде екі облыс қазақ бар: Семей һәм Ақмола. Һүкімет бұл екі облыстың қазағы туралы да баяғы: «Қазақ надан, қазақ земство ісін басқара алмайды» дегенге келе ме яки орыстармен теңгере ме, онысы әлі белгісіз. Һүкіметке қалай көріну, әрине, халықтың өзінен».

Сол себептен де мақала авторы соңғы ойын былай деп шегелей түседі: «Енді қазаққа біздің айтарымыз мынау: қазақ бар облыстарда да көп ұзамай земство ашылар, оған дейін халық земствоның не нәрсе екенін түсініп тұрарға, қабыл етуге даяр болуы керек, құлағын түріп, көзін қадап, қатардан қалмайтын жағын көздеуі керек».

Осы тұста Міржақыптың жаңағы «Қатардан қалмайтын жағын көздеуі керек» деген сөзін қайталап айтып, соның ішкі мәніне тереңірек үңілу қажеттігін баса көрсеткіміз келеді. Ол үшін осы мақаланың бас жағына қайта оралып, ұлттық мүдде, ұлттық намыс деген қасиетті ұғымдарды М. Дулатұлының қаншалықты қастерлеп өткеніне куә болатындай күнірене айтқан сөздерін толығырақ келтіруді жөн көреміз.

Ол кісі мақаласын былай бастайды:

«Бөтен жұрттың адамдары: «Қазақ надан, қазақ жұрттығын сақтай алмайды, қазақта әдебиет жоқ, қазақта тарих жоқ, пөлен жоқ, түген жоқ...» десе, біз намыстанамыз, қанымыз қайнайды, мойындамаймыз. Ал өзіңмен өзің қалып, қазақтың өткен күніне бір айналып қарасаң һәм осы күнгі халін көз алдыңа келтірсең көресің: келешек үшін басқа жұрттармен қатар ұлттығымызды, теңдігімізді сақтарлық қылған һәм қылып тұрған көңіл жұбанарлық бір ісіміз жоқ. Жұрт үшін жаңа заң шығайын деп жатыр ма, олары бізге пайдалы ма, зиянды ма, біз кезінде білмей қаламыз. Алдын ала іс қылып қалу, халықтың жайын, керегін һүкіметке ертерек білдіру бізде ешуақытта болмаған. Бізде жұрттың тілегімен алынған бір нәрсе жоқ. Жұртқа зиянды деп шығарып тасталған нәрсе һәм жоқ».

Автордың осылай таусылып айтқан сөздерінің бір жалғаны жоқ екен. Бәрі де сол кездегі отарлық бұғауын мықтап киген шарасыз халықтың нақты өмірінен алынып жазылған сөздер екен. Оны мына төмендегі үзіндіден көреміз:

«Қазаққа жаңа низам – «Степное положение» шықты. Қазақ шыққан соң ғана білді, оның зиянды, пайдалы жағын айырған жоқ. Қазақ мұфтиліктен шығарылды. Қалай шығып қалғанын сезбей қалды. Қазаққа 1902 жылы крестьянский начальниктер шықты. Оның керегі һәм пайдасы бар ма еді, жоқ, артық па еді, – оны тексеріп қараған жоқ. Қазақта әуелгі екі Думаға депутат болып, онан кейін депутаттықтан мақрұм қалдырды. Қазақ: «берген де өзің, алған да өзің», – дегендей, солай болуға тиіс секілді түсініп қала берді. Қазақ жеріне мұжық келе бастап еді, әркім өз жеріне келгенше тырп еткен жоқ... Қазақ ойласа керек: біз біржола бағынған халық, қалай билесе солай билесін, закон шығару біздің жұмысымыз емес деп. Бір патшалыққа бағыну құл болу деген сөз емес қой; өз керегін өзі білдіртпесе, Петербургте отырған шенеуніктер 3–4 мың шақырым жерде ен далада көшіп жүрген қазақтың тұрмысын қайдан біледі?»

Мінекей, халықтың шын перзентімін деген саналы адам, Жақаңның рухани ағасы Ахаң айтқандай, «қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым» деген қайраткер азамат дәл осылай егіліп, еміреніп айтса керек. Және бір ғажабы, Міржақып жаңағы сөздерді өмірде көргендері мен көңілге түйгендеріне сүйеніп айтып отыр.

Отаршылдықтың бұл сияқты жолсыздықтары жоғарғы билік орындары тарапынан ғана емес, жергілікті әкімшілік мекемелері тарапынан да көрініс беріп отырған. Мәселен, Дала уалаятының генерал-губернаторы «Степное положениенің» 17-бабы бойынша, һүкіметке наразы немесе мал ұрлайды деген жаламен қазақтар

арасында біреудің үстінен біреу арыз берсе болды, оның ақ-қарасын тексермей, жалалы болған адамдарды басқа жаққа жер аударуға өз тарапынан ерік берген.

«Жер аудару» атты мақалада (*«Қазақ», 1913 ж., №9*) осы ереженің негізінде жергілікті жерлерде орын алған неше түрлі сорақылықтар туралы баяндалады. Автор бас араздықтан өршіген осындай бишаралық хал үшін, бір жағынан, өз қандастарына ренжиді. Ал, екінші жағынан, ел ішіндегі алауыздықты қандай да бір адамгершілік жолымен шешудің орнына, одан сайын асқындыра түсуге бағытталған жергілікті әкімшілік орындарының әрекетін ашына әшкерелейді.

Әкімшілік тарапынан жасалатын зорлық-зомбылықтарды осылайша заңға айналдырып отыратын отаршылар, екінші жағынан, халық өмірінің көкейтесті мәселелерін көпшілік болып, өз беттерімен ақылдасып шешу жөнінде халықтың өз тарапынан білдірген талаптарына үзілді-кесілді тыйым салып отырған. Осының бір мысалы «Бас қосуға рұқсат берілмейді» деген мақалада келтіріледі (*«Қазақ», 1913 ж., №35*).

Мұнда Қостанай үйезінің белгілі адамы, адвокат Жанша Сейдалин жергілікті қазақтардың басын қосып, отырықшылыққа көшу жөнінде ақылдасу үшін үйез көлемінде съезд шақыруға халық атынан тілек білдіргені, бірақ оған рұқсат етілмегені айтылады. Бұған қанағаттанбаған өтініш иесі генерал-губернаторға шағым жасаған екен. Ол да үйез бастығының шешімін қолдап, қазақтардың өз бетімен бас қосуына тыйым салған. Бұл жайында «Қазақ» газетінің 43-санында «М. Д.» қол қойған «Бас қосу туралы» хабарда тағы да айтылады.

Қарапайым қазақ ресми әкімшілік орындарынан ғана емес, қазақ жеріне босып келіп, орныгып алған келімсектер тарапынан да қорлықтың неше түрін көрген. Осы сияқты қылмысты қиянаттың бірсыпыра мысалы «Орынбор, сентябрь 14» деген көлемді мақалада тізбектеп келтірілген. Сондағы редакцияға келіп түскен көп хаттардың бірінен (*Ақтөбе үйезі*) үзінді мынадай:

«Өткен августың 28-і күні түс мезгілінде Жусалинский деген мұжық қаласының 5 орысы жоғалған екі атын іздеп, Аралтөбе ұлысына қараған Қазмұхаммет деген кісінің аулына келіп, атымызды сендер алдыңдар деп, екі кісіні ұстап алып кетті. Сол күні кешке екі жүздей орыс жиылып, қару-жарағымен, манағы ұстап әкеткен екі қазақты арбаға отырғызып, күндізгі келген ауылға сау ете түседі. Сол арада арбадағы екі қазақтың бірін түсіріп, мылтықпен атып өлтіреді. Бірі қашып үйге кіріп кетеді. Мұны көріп, сол елдің ауылнайы Жүніс Қарабалаұлы мойнына знагін салып, орыстарға қарсы шыққанда, орыстар ауылнайды да,

ауылнайдың қасындағы інісін де мылтықпен атып салды. Екеуі де сол арада жан берді. Өлген үш кісіден басқа 7 кісіні атып, жаралап кетті. Төртеуі өлім халінде жатыр».

Осы оқиғаға байланысты редакция қызметкерінің шіміркенген мынадай сөзінен басқа не айтуға болады:

«Бұл қалай арзан қан! Мұжықтың екі мәстегі жоғалады, кім ұрлағаны белгісіз. Оның үшін сен қазақсың, сенен басқа ешкім алмайды деп ел шауып, кісілерін шегірткедей қырады. «Қазақтың» өткен нөміріндегі Семей үйезі, Сейтен елінің қазағын мұжықтар қалай өлтіргенін оқушылар әлі ұмытпаған шығар. Сонда мұжықтар айтыпты ғой: «Қазақ өлтіргенге не жаза болушы еді?!» – деп».

Мінекей, күні кеше қазақ жеріне босып келіп, енді бүгін қазаққа істеп отырған зорлықтары осындай. Бұл жерде мақала авторының сөзіне қосымша біздің айтарымыз: егер әкімшілік басындағы шенеуніктер түу басында сол мұжықтарды жергілікті халыққа қарсы қайрап салып, осындай жауыздықты өздері үйретпесе, сол үшін оларға оқты қару-жарақ беріп қоймаса, әрине, олар мұны істей алмас еді.

Сондықтан бұл оқиғаны бір жерде ғана әлде қалай болып қалған кездейсоқ жағдай деп қабылдауға болмайтын еді. Оны осы мақаланың бір өзінде ғана айтылған және бірінен-бірі өткен, қазақ даласының әр түрлі өңірлерінде орын алған, біріне-бірі ұқсас (*тағатын айбыбы жағынан да, қолданған жазасы жағынан да*) оқиғалар айқын айғақтайды.

Солардың бірі туралы Қарқаралы үйезінен Имам Әлімбаев деген мұғалім Міржақыпқа жазған хатында көрші мұжықтар жоғалған малымызды тауып бер деп, ағайындарын ұстап әкетіп, қаласына апарып, неше түрлі әдіспен қинағанын баяндайды. Табандарына темір қыздырып басқан, екі аяқтарынан жоғары көтеріп асып қойған, үрпілеріне шөп жүгірткен.

Қара қазақтың көзі көрмек түгіл құлағы естімеген мұндай зұлымдықты кешегі Отан соғысындағы фашист жендеттерінің айуандығымен ғана салыстыруға болатын шығар. Бірақ солардың бірде-бірі заң жолымен жауапқа тартылып, айыптыларға шара қолданылмайтынын, қайта, арыз айтушы қазақтардың өздеріне пәле жабылып, кінә тағылатынын, ең әрі кеткенде, сөзбұйдаға салынып, аяғы құрдымға барып тірелетінін осы мақаладан кейін жарияланған «Сот ісі» деген хабардан немесе жоғарыдағы «Жер аудару» атты басылымнан көреміз.

Осы орайда күйінішпен еске түсетін бір жәйт: кешегі кеңестік дәуірде жұрттың санасына күн сайын сіңіріліп жататын «халықтар достығы» жайындағы, әсіресе орыс пен қазақ арасындағы «тарихи қалыптасқан туысқандық достық» жайындағы насихаттық

мақалалардың бірде-бірінде ең болмаса сонау патшаның отаршылдық саясаты тұсындағы осындай озбырлық, айуандықтар жөнінде бір ауыз шындық айтылмайтын еді. Қайта, оның орнына, Столыпин реформасы бойынша қазақ жеріне қарай жөңкілген босқындар мен жергілікті халық арасында достығы жарасқан «тамыр-таныстық» орнай қалды деп соғушы еді заржақ насихатшылар.

Егер жергілікті өкімдер «үрит, соқ-соқ!» деп, келгіндерді күн сайын өшіктіріп, олардың қолдарына қару-жарақ беріп, қолтықтарына су бүркіп отырмаса, орыс шаруалары осылай ұйымдасқан озбырлыққа бара қоймайтыны әркімге де аян болса керек.

* * *

Міржақып Дулатұлы – өзінің жолбасшы ағасы Ахмет Байтұрсынұлы сияқты, мектеп қабырғасында өзіне бұйырған білімін алып шыққаннан кейін-ақ, болашақ өмір өрісін жас ұрпаққа білім беру деп ұққан, мұғалімдікті өз басына табиғаттың берген сыйы деп қабылдаған, шын мағынасындағы ағартушы адам. Сондықтан еңбек жолының алғашқы кезеңін осы қалаулы ісіне арнағаны да, бұл жолда жиған тәжірибесі мен алған әсерлері де мол болуы заңды еді.

Ұлттық ағарту ісінің елең-алаңында еңбек еткен бұл кісілердің заманында ұлттық әліппе енді ғана жасалып, соның негізінде ұлттық мектептің негізі қалана бастағаны, ұлт мектептеріне арналған ғылыми алғашқы оқулықтар жазылып, оқу бағдарламалары, оқулық әдістемелік жұмыстың негіздері енді-енді анықтала бастағаны белгілі. Міржақып Дулатұлы осы игілікті істердің басы -қасында болып, тарихи кезеңді басынан аткарғаны да мәлім.

Халқының әлеуметтік өміріне сан салада белсене араласқан қайраткердің оқу-ағарту саласындағы шығармашылық мұрасы өте мол. Соның алғашқы кезеңдегі бір парасы осы томда жарық көріп отыр. Біз солардың ішінен бағдарламалық ерекше мәні бар кейбіреулеріне ғана тоқтала кетейік.

Томның алғашқы беттерінің бірінен «Оқу кітабы хақында» деген мақаланы оқимыз. Қысқа ғана мәтін. Бірақ ондағы сөз болатын мәселенің тарихи маңызы орасан зор. Және осы істің үстіндегі автордың жанкештілігі ғажап.

Уфадағы медресе «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері өз халдеріншe талаптанып, қазақтың ұлттық бастауыш мектебіне лайықтап «Әліппе» шығарыпты. Соның негізінде оқу бағдарламасын жасап, оқулықтар жазу керек. Білгір, оқымысты ұстаздардың тұтас бір ұжымы күш қосқанда ғана іс болуы мүмкін осы

міндетті жиырманың ішіндегі жас мұғалім өз мойнына алып, «Қирағат», яғни оқу кітабын, жазбақшы болыпты. Ол үшін үлкен дайындық жұмысын бастан кешіріпті. Белгілі орыс педагогтерінің оқу құралдарын, татарша оқулықтарды, қазақтың ұлы ағартушысы, Ахмет екеуінің ізашар ұстазы Ыбырай Алтынсариннің орыс әрпімен қазақша жазылған тұңғыш «Хрестоматиясын», тағы басқа, жалпы жиыны қырық шақты басылымның басын қосып, үш жылға шақталған ана тіліндегі оқу кітабын жазбақшы болып жүрген.

«Қазір бұл планым бұзылды, – деп жазады Міржақып. – Жоғалған пышақтың сабы алтын секілді көрініп, еркіндік тізгіні бұл күнде тағдыр деген танысымыздың қолында тұр».

Бұл сөздердің мәнісі – «Мен қазір патша полициясының қолына түсіп, Семейдің түрмесінде жатырмын» деген сөз. Біздің жаңағы жанкештілік дегеніміздің мәнісі де осы. Мақала Азамат Алашұғлы деген бүркеншік атпен 1911 жылы «Айқаптың» 7-санында басылған. Демек, бұл мақала да абақтыда жазылып, журналға пошта байланысы арқылы жіберілген болуы керек.

Жоспардың уақытша бұзылғаны рас. Бірақ біржола жойылған жоқ. Заманның ағымына қарай біраз жыл кейінге шегеріліп, кешеуілдеп жүзеге асқан. Оны кезінде көреміз. Ал қазіргі таңтамаша қалатынымыз – таудай талап арқалаған алғашқы батыл қадамы.

Ғажап!

Осы мақалаға жалғас «Айқаптың» келесі, 8-санында автордың «Жазу тәртібі» деген мақаласы жарияланған. Ахмет Байтұрсынұлының кейін тарихи деп танылған ұлттық әліппесі төңірегіндегі пікірталас ретінде жазылған пікір. Сөз арасында айта кетейік, бұл – Аханның да сол Семей түрмесінен босап шығып, Орынборға жер аударылған тұсы. Ұлы адамдардың ұлы істер жолындағы қадамдары айтыспай-ақ бір арнадан табысып отыратынына айқын бір мысал осы болар.

Сол әліппенің жобасы «Айқаптың» 1912 жылғы 3–4-сандарында жарияланған екен. Журналдың кейінгі бір санында сол жобаға Ш. Жияпев деген кісі сын жазып, Ахметтің біраз ұсыныстарына қарсы шығыпты. Сондағы қояр кінәсы татар әліппесі неге алынбаған, түркі тілінен өзгеше әріптер не үшін енгізіледі деген сарында болса керек.

Міржақып осы ескертпелердің қисынсыз екенін айтқанда, Ахметтің көздейтіні – қазақ тілінің ұлттық табиғи ерекшеліктеріне сәйкестік екенін тілге тиек етеді:

«Ахмет Байтұрсыновтың тәртібінше, қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арнаған әрпі бар. Ол әріптермен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітілген».

Қазақ тілінің табиғатына сәйкестеп, ұлттық әліппені оңтайландыру және оның игерілуін жеңілдету жөнінде Байтұрсыновтың жаңалығын Дулатұлы сенімді түрде осылай қорғайды. Онымен түркі тілді халықтардан қазақ тілінің алыстап кетпейтінін де байсалды түрде дәлелдеп өтеді.

«Дұрыс, түрік баласы екеніміз рас. Бірге, бірлікте екені де рас... Қайта, қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жұрты өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, олармен аяғын тік басуға тағы да төтерек жол тауып, ілгері ұмтылғаны қуаныш емес пе? Бұрынғыдай кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түрік баласымыз» деп атаның аруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба?»

Қисынның дәйектілігі жағынан да, сөздің ұсталығы жағынан да дау айтқызбайтын осы пікір сайысының өзектілігі дәл бүгінгі таңдағыдай естіліп тұрғанына ешкім де шек келтірмес-ау деп ойлаймыз.

«Тіл құрал» атты мақаланың да (*«Қазақ», 1915 ж., №93, 219 бет.*) тағылымдық маңызы дәл бүгінгі замандастарымызға қаратып айтылған ба дерсің. Мұндағы автордың алдымен ауызға алатыны – ана тілінің тазалығы. Өзі медреседе оқымағандықтан, сол кездегі басым саналған татар тілінен кенже қалып, соны өзіне үлкен мін деп ойлаған жас жігіт оқу бітіргеннен кейін осы тілді жедел қолға алып, өзінің жазбаларында татар, араб, фарсы сөздерін араластырып қолдана бергеніне кейін орынды өкініш білдіреді. «Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысыл» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен-өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым».

Осы сөздерден кейін мақала авторы алғаш шыға бастағаннан бергі екі жыл бойы сөз өрнегі ылғи нағыз қазақ тілінде болып, А. Байтұрсыновтың емлесі мен «Тіл құралы» негізінде жарық көріп келе жатқан «Қазақ» газетінің тіл тазалығын сақтау жөніндегі жүйелі жұмысын атап көрсетеді.

«Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақ тілінде шыққан кітаптармен ұқтырамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын деген *(адам – ред.)* бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұл да көңілдегідей болып шықты».

Қазақ тілінің тұңғыш ұлттық әліппесімен басылып шыққан Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралына» Міржақып Дулатұлының берген бағасы осындай.

Томдағы ағарту мәселесіне байланысты жазылған мақалалардың енді бір тобы бұл жұмыстың ұйымдастырылу жағына, әсіресе орысша және мұсылманша оқытатын оқу орындарының арақатнасына және әсіресе, ғылыми пәндерді оқытатын жаңа үлгідегі мектептердің жай-жапсарына арналған.

37129

Осы орайда ескерте кетерлік бір ерекшелік – Міржақып өзінің ұстаздық еткен алғашқы кезеңінен бастап оқу-ағарту ісінде реформашылдық бағытты ұсынып келген болатын. Сонау 1906 жылы жазған «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты өлеңінде әрбір болыста бір мешіт және бір медресе болсын, әр медреседе екі молда болсын, олардың бірі мұсылманша дін оқуын оқытқанда, екіншісі орысша ғылыми пәндерді оқытатын болсын деген ұсыныс айтқан болатын. Арада 6–7 жыл уақыт өткенде, осы мәселеге қайта оралып, екі бағыттағы оқудың арасында сыңаржақтық пайда болғанын жазады. Орысша оқығандар ел өмірінен қол үзіп, халықтың мүддесінен алыс кететінін, ал мұсылманша оқыған шәкірттердің білім дәрежесі төмен болатынын айта келіп, «Шәкірттер жайынан» атты мақалада осы қайшылыққа жол бермеу, молда мен мұғалім әркайсысы өз ісіне мұқият болу мәселесін көтереді.

Молда мен мұғалім – екеуі екі басқа ұғым. Әркім өз ісін жақсы біліп, соның шегінен шықпайтын болсын. «Біреу молда екен, тиісті садақасын алсын да, өз ісінде болсын. Біреу мұғалім екен, бала иелерінен белгілеп ақысын алсын, садақадан үміттенбесін, оқытып тұрған балаларын тастай салып, кісісі өлген ауылға қарай аттана шаппасын». Сонсоң: «Шәкірттер халыққа пайдалы һәм өздерінің еңбегі арзитын іске кірісудің мезгілі жетті. Шариғат айтудың орнына, оқытудан босанғанда, ауыл кісілерін жинап, пайдалы кітаптар, газеттер оқып түсіндірсе, әрі балаларды, әрі үлкендерді үйретуге есеп болады. Білімді жұрттардың мұғалімдері осылай істейді. Сондықтан халыққа ең пайдалы адамдар мұғалімдер болады».

Осы ойларын шегелеп айта келіп, мақала авторы ата-аналарды мұғалімнің еңбек ақысын мұқият төлеп тұруға, сөйтіп оларды тұрақтандыру жағын ойластыруға шақырады. «Үлгілі іс», «Торғайдағы мұсылманша оқу», «Торғайда орысша оқу» атты мақалаларында автор жоғарыда айтқан ойларын нақты фактілермен дәйектеп, оқытудың осы екі түрін де өз арнасында жетілдіре беруге жұртшылық назарын аударады. Бұл орайда «Ақтөбе гимназиясы хақында» атты мақалаға ерекше тоқтала кетуді жөн санаймыз. Мұнда Торғай облысының губернаторы мен Ақтөбе қаласының басшылығы ортақ пікірге келіп, Романовтар әулетінің 300 жылдық патшалығы құрметіне қалада орыс-қазақ балаларына ортақ гимназия ашпақ болғаны туралы хабарлайды. Бірақ қаржының тапшылығынан ол оқу орнын бірден қазыналық дәрежеде ашып жіберуге мүмкіндік болмай тұрғанын айта келіп, мақала авторы Ақтөбе үйезінің ауқатты, беделді қазақтарына өзінің өтімді сөзін арнайды. Қазақ балаларына орта дәрежелі жүйелі білім беретін, сөйтіп олардың әрі қарай жоғары оқу орындарына түсуіне жақын жерден жол ашатын бұл мүмкіндікті пайдаланып қалуға

шақырады. Қазақ балаларының көпшілігі қол жеткізе алмай жүрген үлгілі оқу орнының өз орталарынан ашылғалы отырғаны сол өңірдегі бар қазақтың бәріне ортақ игілік екенін түсіндіре келіп, үйездегі 18 болыстың игі-жақсыларына осы ізгілікті істен қапы қалмауды барынша діттеп түсіндіреді.

Білгеннің-ақ ауызынан шығар уәлі сөз!

* * *

Уыз жастығын ұстаздықтың ұлағатты жолына арнап, одан әріде халқының санасына сынаптай сіңетін уытты сөз жолы деп журналистикаға бой ұрған Міржақып Дулатұлының кейінгі өмірі осы майданда өткені белгілі. Соның алғашқы белесі «Қазақ» газеті еді. Газеттің шыға бастағанына бір жыл толған атаулы күнге арнап жазылған «Екінші февраль» атты мақалаға көз тігейік.

«Қазақ» газеті – өуелі тез ойланып, тез дүниеге шыққан істің бірі, екінші, пұлмен емес, төуекелмен бастаған істің бірі... Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газет жүріп кетті... Дүниеге шығып көрінуі-ақ мұң екен, жұрт жабылып көтермелеп кетті. Сондықтан бастауға себепкер біздер болсақ та, жүргізуге себепкер болған – жұртқа кірген саңылау һәм сана, яғни жұрт ішіндегі саналы, саңылаулы адамдар... Жұрттың бұлай көрінгенін қолымызға қуат, белімізге сүйеу көріп, газеттің екінші жылғы жұмысына екі есе артық жігермен, екі есе артық үміт сөулесімен қуаныш етіп кірісіп тұрмыз».

«Іске сәт!» деген тілектестік ниетке еріксіз көндіргендей осы сөздерді оқығаннан кейін газеттің жемісті жұмысына ең бір енжар адамдардың өздері де белсене жақтас болып кеткендей көрінеді бізге.

Сондай-ақ газетті халық арасына кеңінен тарату ісіне арналған «Қай жерде қалай?» деген хабарды, оған қаржы-қаражат жағынан көмектесетін «Азамат» серіктестігін құру жөніндегі «Алаш азаматтарына» арнау сөздерді де кеудесінде ұлттық сезімі бар адамның бейжай оқуы мүмкін емес.

Осы томда орналасқан жүз елудей мақаланың біразындағы отаршыл әкімнің зорлығы мен отар елдің қорлығы жайлы бірде ашынып, бірде басылып айтқан азаматтық ой өрімдерін жоғарыда келтірдік. Ал олардан берідегі нағыз еңбекқор журналистік қаламнан туындаған жай газет мақалаларынан алатын әсерлер қаншама, олардағы ел ішінің қарапайым тіршілігі, есті адамдардың келелі сөздері мен келісті істері жайлы, кейбір керітартпалардың келеңсіз мінездері мен кесапат қылықтары жайындағы сын-сықақ сөзқақпайлардың тағылымдық мән-маңызы қандай! Осының бәрі халқымыздың өткен тарихынан мағлұмат беретін құнды деректер.

Оларды біз жеке-жеке сөз қылып, тоқталып жатпаймыз. Қайсысында қандай тағылым бар бар екенін оқырман жұртшылық өзі де аңғарар.

Біздің бір ғана айтарымыз: автордың әр кезде әр жерден жазған: «Ұрлық не себепті көбейді?», «Досмайыл хажыға ашық хат», «Дауқұмар», «Барымта», «Белқұда» сияқты теріс қылықтарды сынап жазуында халықтың атына, елдің елдігіне мін келтірмеу жағын көздейтін ұлтжандылықтың айқын нышандарын да көрмеуге болмас еді.

***

Ал бұлардан өзге бір өрістерде, анық ғылыми сипатта ой түзген жүйелі зерттеулер мен тарихтың белгілі тұлғалары жайындағы нақты деректердің өзі де ауыз толтырып айтуға тұрарлық бір төбе. Енді солардың кейбіреулерін ғана қысқаша жанамалап өтейік.

Жинақта газеттің алғашқы жылғы үш санында жарияланған «Қазақтың тарихы» атты үш мақала бар. Автор онда әуелі өз оқырмандарының көбіне бимағлұм болып келген тарих ғылымы туралы жалпы мағлұмат береді де, сонсоң қазақ халқының тарихына көшеді. Мұндағы автордың барынша нығарлап айтатыны – туған халқының ежелден өз тарихы бар, өз алдына дербес халық екенін, оның төл аты қырғыз емес, қазақ екенін дәлелдеу. Екінші баса айтатыны – қазақ арабтан тараған пайғамбар тұқымдас емес, түркі нәсілдес халық деген қисын.

Бұл жорамалдың ғылыми жағына төрелікті тарихшылар бере жатар. Ал біздің айтпағымыз – автордың өз білгенін дәлелдегенде нақты немесе ғылыми деректерге сүйеніп, қисынға келтіре сөйлеуі. Сонсоң бір байқағанымыз, Міржақыптың қазақтың арғы тарихы жөніндегі мағлұматтарының қазақтың шыққан тегі жөніндегі Абай айтқандарымен сарындас келетіндігі және өз халқының тарихына құрметпен қарайтындығы.

Осы мақалаларға жалғас жарияланған «Құлдар достығы», «Тірі жүк» атты мақалаларға Американы ашу кезінде еуропалықтардың алыс құрлықтағы жергілікті халықтарды қалай қырып-жойғаны жайында, сондай-ақ Африканың негр тұқымдас халықтарын қандай айуандықпен құлданғаны туралы жазуында жәбірленген елдерге іш тарта, аяушылық білдіре отыратын автор тұғырының түп төркіні де айқын аңғарылады.

М. Дулатұлының тарихи тұлғалар жөніндегі жазбаларында да осы тәріздес тағылымды таным мен тарихи нақтылық және ел аузындағы шежіре деректері қатар өріліп отыратынын байқаймыз. Солардың ішінде «Хан Абылай» атты жазбасы әлгіндей тарихи деректерімен қатар ауызекі әңгімелердегі әпсанадай тартымды стильде жазылғанын атап өткен жөн.

Абылай хан туралы мақалаға байланысты тағы бір айтарымыз: біздің білуімізше, М. Дулатұлы – бергі заманның зерттеушілері ішінде Абылай тарихына алғаш барғандардың бірі. Сонымен қатар оның мәліметтері ішінде Абылайдың арғы ата-тегі жайында өзгелер айтпаған өзіндік деректер бар. Олардың дұрыс-бұрыстығын маман тарихшылар айта жатар. Ал біз үшін маңыздысы – журналистикада жаңа ғана қалам тарта бастаған жас жазушының өз бетімен ізденіп, Абылай сынды тарихи тұлға жайында алғашқылардың бірі болып жазба дерек қалдыруы.

Міржақыптың тарихи тақырыпқа жазған мақалаларының ішіндегі танымдық жағынан да, деректілік жағынан да ең құндылары – оның Шоқан мен Абай туралы жазғандары. Бұл мақалаларды оқып отырғанда, бұрын өз орталарынан шықса да, қазақ оқырмандары жете біле алмаған екі тұлғаның ұлылығына бір таңдансақ, соларды өзге көп жерлестері мен замандастарынан бұрын танып-білген Міржақып сияқты жіті ойлы адамның асқан зейін-зердесіне екі таңданамыз.

Шоқан жайлы алғашқы мәліметті «Қыр баласының» *(құрметті Әлекеңнің. Әлихан Бөкейхановтың – Ж. Ы.)* Потанин туралы жазғанынан оқыған Жақаң дереу түпнұсқаның тап өзінен қамтымақ болып, 1904 жылы жарық көрген Шоқанның өз кітабын оқиды да, содан алған мағлұматын дереу «Қазақ» газеті арқылы қалың қазақ жұртшылығына жеткізеді. Осы тұста ескерте кету керек, Міржақыптың осы жазбасын оқып отырғанда, Шоқанның азаматтық және ғалымдық ғұмырнамасымен қазақ топырағында ең тұңғыш танысушылардың бірі нақ осы кісі болғанын аңғарамыз.

Автор Шоқанның өз жазбаларына және Потаниннің деректеріне сүйене отырып, ұлы ағартушы ғалымның балалық шағынан өмірінің соңғы кезеңіне дейінгі деректерін түгел баяндап шығады. Шоқанның ата тегі, нағашы жұрты, оқуы деген сияқты кезеңдерге бөліп-бөліп, оның өмірбаян мәліметтерін келтіреді. Мұнда Ш. Уәлихановтың қазіргі қалыптасқан ғалымдық келбеті мен әдеби бейнесіне негіз болған және соларға қосымша көп-көп қызықты тарихи деректер тізбегі бар. Әсіресе, жас, шәкірт Шоқанның мінез-құлық ерекшелігін, оның алғыр зеректігін, өз құрбыластарынан мойны озық тұрған естиярлығы мен ой өрісінің кеңдігін көрсететін егжей-тегжейлер, автордың замандастары түгіл, бүгінгі оқымысты жұртшылық үшін де құнды болып табылады.

Сонымен бірге Шоқанның жақын араласқан, Петербургте таныс-біліс болған зиялы қауым өкілдері арасында осы күнге дейін аттары аталмаған, біздің замандастарымызға мәлім болмаған атақты адамдар кездеседі. Мәселен, Шоқанның Тургеневпен таныс болғаны еш жерде айтылмайтын, ал Чернышевский аты әр жерде тұспалдап қана айтылатын. Сондай-ақ, С. Дуров, П. Семенов-Тяншанский және Г. Потаниннің өзі туралы да біз үшін қызықты қосымша мағлұматтар бар.

Потанининің Шоқан туралы жазғандарын түпнұсқадан талай рет оқығанымыз бар. Сондықтан оларға көзіміз бен құлағымыз үйренген сияқты еді. Ал Міржақыптың жеткізуіндегі қазақша өсері тіпті өзгеше екен, оны тебіренбей оқу мүмкін емес сияқты. Бір үзіндісін оқып қарайық:

«Потанин жазады: «Шоқан өз жұртын өте сүюші еді, қолынан келсе қазаққа жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында», – деуші еді Шоқан... Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құрушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...»

Міржақыптың бұл томындағы әрбір қазақ үшін ерекше қымбат басылым – Абай жөніндегі екі мақала. Екеуінің де жазылуына себеп болған жәйттер де өзгеше. Жақаңның Абайға деген ынтақыласын айқын танытатын себептер.

Бірінші мақала, «Ибраһим ибн Кунанбаев» деген атынан да көрініп тұр, алғаш рет 1908 жылы татар тілінде шығатын «Уақыт» газетінің 383-санында жарияланған. Қай тілде басылғаны белгісіз, ал бізге жеткен мәтіні таза қазақ тілінде.

Біздің шамалауымызша, бұл Абай туралы 1905 жылғы Әлекеңнің жазғандарынан кейінгі баспасөзде алғаш пайда болған материалдардың бірі болса керек. Оның жазылуына түрткі болған себеп: «Уақыттың» бұрынырақтағы бір санында татардың М. М. деген ақыны Лермонтовтың бір өлеңін «Жалғыздықта» деген тақырыппен татаршаға аударып бастырған екен. Осыны көргенде, Абайдың Лермонтовты құмарта аударғаны Міржақыптың есіне түсіп, ол дереу осы мақаланы жазады.

Шағын мақаланың бас жағында ақын туралы қысқаша жалпы мағлұмат келтіріледі де, шығармаларына және өзіне мынадай сипаттама беріледі: «Өлеңдері естігендердің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді».

Міржақып бұл мақаласын жазғанда, Абайдың тұңғыш жинағы әлі Петербургтен басылып шықпаған болатын. Демек, ол Абай өлеңдерімен қолжазба күйінде жақсы таныс болып, ақын жайында көзі көргендерден көп сұрастырған болуы керек. Мақала соңында Абайдың «Қуаты оттай бұрқырап» деп басталатын өлеңінің толық мәтіні берілген. Өлең мен ақындық өнер туралы жазылған осынау күшті шығарманы келтіруіне қарағанда, Міржақып ақын мұрасын сол кездің өзінде жақсы зерттеп білген.

М. Дулатұлының «Абай» атты екінші мақаласы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 67-санында ақынның қайтыс болуының он жылдығына орайластырып басылған. Қазақтың данышпан ойшылы туралы рухани тарихымызда алғашқы айтылған сөздердің бірі бола тұра, өзінің жинақты мазмұны мен көрегендігі жағынан тарихи деп танырлық бұл мақаланы біздегі абайтанудың алғашқы бастауларының бірі деп бағаласа болғандай.

Абай сынды ұлы адамның аты мен затын әлі біле алмай келе жатқаны халқының мәдени дамуының төмендігі екенін айтып қынжыла отырып, мақала авторы оның болашақтағы тарихи орны жөнінде аталы сөз айтады.

«Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мәнісінде, қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай».

Осындай көрегендік сөзден кейін, халқының рухани болашағы жөніндегі ақын сенімі де сондай шүбәсыз. «...Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...»

Бұл бір кереметтей жүрек тебірентерлік даналық, көрегендік болжам еді, айнымай шындыққа айналды. Ол тек Абайдың ғана емес, оны рухани пір тұтқан Ахмет, Міржақып сынды ізбасарларының да ұлылық белгісі еді. Біз бүгінгі күннің шырқау биігінен қарап, сол ұлылық ұлағатына қайран қалып тандanамыз, шын жүректен сүйсініп бас иеміз.

* * *

Бірақ мұның бәрі бейбіт күннің берекелі тіршілігін ойлаған саябыр шақтың сабырлы сөздері болатын. Алда бар салмағымен келіп халықтың басына сабыт боп түскен ауыр күндер, азалы айлар, ел-жұртты сеңдей соғылыстырған селебе сергелдең тұр еді.

Әуелі қазақ жастарын майдан шебіндегі тыл жұмыстарына шақыру туралы маусым жарлығы шықты. Бұдан екі жүз жылдай бұрынғы патшаның үәдесі: қазақтан солдат алмаймыз деп «ит терісіне мөр басып бекіткен» заңы аяққа басылып, енді ел жігіттері әскер қызметіне шақырылатын болды.

Сонсоң халықтың ішіне толқу кірді. Сын сағатта жол таппай аңтарылған көпшілік: «Не айтасыңдар?» — деп зиялы қауымның аузына қарады. Бірақ айта қоятындай оңай жауап жоқ еді. «Бар» деп кесіп айтуға, бұрын бойлары үйренбеген бейтаныс іске итермелеуге халқын қимады. «Барма» десе, көрінеу ауыр жазаға арандатып, қырғынға ұшырататыны және аян. «Қазақтың» басында отырған Ахмет пен Міржақып қана емес, бүкіл Алаш зиялылары түгел қиналған кез осы еді.

Ақыры, ойластыра келіп, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов үшеуі қол қойған: «Алаштың азаматтарына!» атты хат жарияланды. Туған халқына ет-бауырлары елжіреп, адал көңілден ағынан жарыла отырып, қиын жағдайдың қай қисынына қарай қисайғанда жеңілірек тиетінін баршаның сана-сезіміне жеткізе, байыппен түсіндіре келіп, «көну керек» деген кесімді сөздерін айтты ағалар.

Жай ғана айтып қойған жоқ; бұл жауапты істе ешкім, әсіресе іс басындағы лауазымды адамдар — болыстар, ауылнайлар, хатшы-хабаршылар, тағы басқалар — өз қара бастарының қамын ойлап арамдыққа бармасын, ел басына түскен ауыртпалықты бүкіл халық болып бөлісе көтерсін, ешкім ебін тауып қалыс қалмасын, патша орындары тарапынан жеңілдік жасалатын нашарларға обал болмасын деген сияқты ақыл-кеңестерін қоса айтты.

Әрине, бұл сөздер қаншама қисынды, қаншама дәлелді болғанымен, ел-жұрттың көңіліне бірдей қона қалған жоқ. Патша жарлығына мойынсұнған өңірлер, қаншама қиналса да, қимас көңілден жылап-сықтаса да, жігіттерін жөнелтіп жатты.

Алғашқы өрекпумен өре түрегеліп, аттан салған жерлерге әскер шығарылды. Майданда қатты жеңіліске ұшырап, оның үстіне ел ішіндегі дүрбелеңнен қабырғасы қақырай бастаған ашулы патшалық қазақ даласының сойылдан басқа қаруы жоқ жалаң қол жігіттеріне аяушылық білдірген жоқ, қарсы келгендерін қанжоса қылып қырып салды.

Айтқан ақылдары теріс ұғылып, кезіндегі және кейінгі кейбіреулерге жаманатты болса да, өздері іштерінен қан жылап қайғырса да, Алаш ардагерлері ешкімді кінәлаған да, табалаған да жоқ. Майдан шебіне барып, бейтаныс жағдайда қиындық көріп жатқан ел жігіттеріне қол ұшын берудің қамына кірісті. Әуелі Әлихан Бөкейханов Минск қаласына барып, майдан штабының жанынан құрылған бұратаналар бөлімін басқарды. Сонсоң ондағы қазақ жігіттеріне бас-көз болып, көмектесу үшін Орынбор генерал-губернаторының арнайы куәлігімен Міржақыпты, тағы бір дәрігер жігітті шақыртып алды. Орысша хат танымайтын, тіл білмейтін жігіттерді қамқорлыққа ала жүріп, бұлар майдан өмірінен хабардар болып қалған ел жігіттерінің қатып-пісуіне, бұл қансоқта жанталастың не үшін болып жатқанын түсініп, есеюіне көмектесті.

Сөйтіп жүргенде, халықтың тілегі қабыл болып, патша тағынан тайды. Ақпан төңкерісі жүзеге асты. Осы қуанышты хабарды естіген бойда Әлекең мен Міржақып дереу Петербургке аттанды. Ондағы буырқанған халық қозғалысының қалың ортасында болып, бостандықтың туын көтерісті, бұқара халықтың еркіндік, теңдік тілеген ұрандарына үн қосты. Астанадағы төңкеріс рухын алып, жігерлері тасыған бойымен олар елге қайтты.

Әлихан, Мұстафа, Міржақып үшеуі қол қойып, «Алаш ұлына» арнаған алғашқы сүйінші сөздері *(«Қазақ», 1917 ж., №225)* былай басталып еді:

«Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз һүкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты тендікке жеткізу жолында ескі һүкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе оны артып, ақырында, Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық өперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өнімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкір! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рақмет!»

Бұдан арғы оқиғалардың қалай өрбігені тарихтан белгілі. Алаш қозғалысының басшылары қолдарына тиген бостандықты пайдаланып қалудың, ел болып ес жиып, халықтың басын қосудың қамына кірісті.

Жер-жерде осы істің ұйытқысы болатын Алаш комитеттері құрылып, облыстарда қазақ съездеріне делегаттар сайланды. Сол төңкерісті жылдың ортасында бір, аяғында бір бүкілқазақтық съезд өткізіліп, ұлттық Алаш-орда һүкіметі құрылды. Оның саяси басшысы ретінде Алаш партиясы жасақталып, жарғысы бекітілді.

Осы ұлы істің ұйытқысы болған «Қазақ» газетінің барлық ішкітысқы жұмыстарының қайнаған қалың ортасында өзінің қажыр-қайратын түгел жұмсап, ұтқыр сөзімен де, ұшқыр қаламымен де, өз халқының ұлттық мүддесіне қызмет еткен Міржақып Дулатұлының қымбат бейнесі тұлғаланып көрінген еді.

* * *

Қолыңыздағы том — автордың ғасыр басындағы он жылдық қайраткерлік және журналистік еңбегінің жемісі және соның айқын айғағы. Осындағы басылымдардың ұзын-ырғасына ой жіберіп, онда көтерілген мәселелердің мазмұнын тағы бір рет сана сарабынан өткізе салмақтап көрші, қадірменді оқырман. Сол он жылдың ішінде ойға да, бойға да тыным таптырмай, үнемі қарбалас үстінде, үнемі мазасыз қарекет соңында жүрген аса бір еңбекқор, жанкешті азамат бейнесі елестейді. Алғашында ол жиырмадан жаңа ғана асқан ашық мінезді, ақ жарқын жас жігіт еді. Енді отыздың ой тоғытар биігіне қарай аяқ басқан Алаштың жайсаң ардагері атанды. Сөйтсе бұл халықтың басындағы не қилы қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткізіп, солардың бұралаң-бұрылыстарында ізі қалған күрескердің ұлы мақсат жолындағы өмір сапарының орта жолдағы асулары екен.

Жоғарыда айтылған Шоқан халқының тарих көшінен кейін қалған кемшілігі үшін қызмет етуді мақсат еткен екен. Бұл, байқап қараса, одан бергі жылдар ішінде заман ағымы қиындап, жаңағы кемшіліктің кемерді ортайтқан кетіктері толысудың орнына одан сайын ойсырай түскен тәрізді екен. Заманың қиындаса, оның зардабы да күшейе түскені ғой. Демек, ұлы мақсат жолындағы сапар соқпақтары әлі де әрі қарай созыла бермек, жалғаса түспек екен. Ендеше өзірге тек соның соқтықпасы аз болғай деген тілек қана бар.

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

Ескерту: Міржақып Дулатұлының бүркеншік есімдері: Арғын, Торғайлық, Тургайский, М. Д., М., М-яр, Мадияр, Алашұлы Азамат, Азамат Алашұғлы, Азамат, Торғайұлы, Түрік баласы, Таймінер, Тайбағар, Алакөз, Қолғанат.

Халықты тура жолға басталық та

Міржақып

(«Серке», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналынан)
(1907 – 1913)



БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ

Қазағым менің, елім менің! Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады.

Халық күйзелісін жан-тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып, Петерборға жол тартып, министрлердің табалдырығын тоздырады. Бірақ оған құлақ асқан министрлер болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі шенеуніктер мен стражниктер, урядниктер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатқанын көреміз.

Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай, шенеуніктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істеді.

Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды.

Енді бұл шенеуніктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде. Шенеуніктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келіп, бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде.

Қазақ жеріне бұл мұжықтарды не үшін жер аударады. Әлде Россияда жер аз ба? Шұрайлы жер аз емес, бірақ соның бәрі байлардың, дворяндардың, помещиктердің қолында,

олар өз жерлерін ешқашан тегін бермек емес, ал аштан өлуге шақ жүрген мұжықтардың оны сатып алуға шамасы жоқ. Түрлі деңгейдегі министрлер, жоғарғы шенеуніктер мен генералдар Россияда көбейіп келе жатқан мұжықтардан құтылу үшін оларды біздің қазақтардың арасына жер аударуда және ең бай қазақтар бұрынғысынша өз жерінің қожасы болып қала береді. Оны өздеріңіз білесіздер.

Бірінші Думада депутаттар халықтың талап-тілегін білдіре отырып, бүкіл байлар мен қазына жеріне аштық пен жоқтыққа ұшыраған миллиондаған халықты қоныстандыру жөнінде заң шығарып, байлар мен қазына, шіркеу жерін көркейтуге күш салатын адамдарға беру жөнінде айтты. Осы сөзден қорыққан олар Думаны қуып, таратып жіберді.

Бүкіл Россияны генералдарға бөліп берді. Соғыс жағдайын енгізіп, 87-статья бойынша әр жерлерде дала соттарын құрды. Бұл соттардың шешімдері бойынша жанымен, тәнімен туған халқына берілген азаматтар асылып, атылып кетті. Қазірдің өзінде мыңдаған ерлеріміз шалғай жерлерде жүр немесе түрмелерде отыр.

Арғын.
«Серке», 1907 ж., № 84.

ИБРАҺИМ ИБН ҚҰНАНБАЕВ

«Уақыттың» 322-санында Россияның ең атақты ақындарының бірі Лермонтовтың М. М. әпендінің аударуымен «Жалғыздықта» деген өлеңі жарияланған еді. Осы өлеңді көрген соң, оқушыларымыздың құрметті Ибраһим Құнанбаевтың Лермонтовқа іңкәр болып, орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқаны екінші бір жағынан адамның ойына оралады.

Бұл адам – Семипалат облысы, қазақ, нәсілі тобықтыдан еді, Өскенбайдан тараған Құнанбайұлы Ибраһим мырза.

Ибраһим мырза, ұлы ақын аталып, бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты, 59 жаста еді. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһүр етті. Шығармалары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып,

шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі лөззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп, жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілердің басында тұр. Марқұмның сөздерінің бірі:

Қуатты оттай бұрқырап,
Уәзінге салып тізілген.
Жаңбырлы жайдай зырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз –
Наданға қадірсіз,
Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай, қал жым-жырт!
Ақылмен ойлап айтқан сөз,
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Өн салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

«Уақыт», 1908 ж., № 383.

CAYEANT, CONSULES!..

«Голод грозит юго-западной полосе Сибири...» – еще летом раздавались тревожные заявления степных скотоводов. «Жұт келеді» (*«Бедствие надвигается»*) испуганно твердят все время киргизы своему многочисленному большому и малому начальству.

Чтобы понять эту тревогу, надо знать те ужасные последствия, которыми грозит в Сибири каждый недород трав.

Киргиз живет для скота, единственного источника своего существования. Все его интересы группируются около стад, как около исключительной причины его материального благосостояния. Поэтому понятно, почему для киргиза охрана скота представляет главную, если не единственную, цель в жизни. Как нельзя более соответствует этому приветствие, с которым, по степному этикету, киргизы обмениваются при встрече: «Мал-жан, бала-шаған аман ба?», т. е. «Как благополучны скот, душа и семья?» В силу этого у киргиза развились удивительная наблюдательность и чуткость ко всякого рода метеорологическим проявлениям, их малейшим колебаниям. Он не мог не подметить периодичности этих проявлений, их приблизительно точной смены одного другим – словом, некоторую закономерность. Периодичность метеорологических явлений, совершающихся в киргизской степи с известной последовательностью, легла в основу киргизского летоисчисления: оно подразделяется на 12-летние периоды, из которых последний год, «қоянжыл», сопровождается засухами летом, буранами и гололедицей зимой. По киргизскому исчислению, нынешний год должен быть неблагоприятным для произрастания трав, и многие аулы еще с весны начали принимать меры к сохранению камышовых и тростниковых зарослей, щадили весной зимние пастбища, а летом старались сделать кое-какие запасы сена. Но, к сожалению, последняя наиболее рациональная мера оказалась невыполнимой: с одной стороны, наступившая продолжительная засуха окончательно сожгла траву, показавшуюся было после весеннего таяния снега, а с другой – полная беспомощность киргиза-скотовода в отношении необходимых машин для уборки сена. В результате, по частным и официальным данным, юго-восточная и сибирская степи дали ничтожный сбор сена, а на пастбищах совершенно отсутствовал подножный корм, так как и летом, и осенью не было дождей. Новоселы еще с августа начали усиленно распродавать скот и лошадей, оставляя самую ничтожную долю рабочего инвентаря, а киргизы наводняют своим худым скотом торжки и ярмарки, отдавая его за бесценок, так как по опыту знают, что зимою скот все равно погибнет от бескормицы.

С жутким чувством, с сознанием полной безысходности вступают и киргиз, и переселенец в зиму. Кругом безбрежная степь, радующая взоры в хороший урожайный год и жестокая в годы недорода. Бураны, в одну ночь уничтожающие

тысячи голов скота, вынужденного всю зиму тебеновать, трескучие тридцатиградусные морозы, уносящие сотни животных, гололедица, сопровождающаяся массовыми выкидышами, низводящими иногда процент приплода до нуля, – вот та обстановка, в которой обречены прозябать и туземец, и новосел. Раньше, когда простор степей позволял скотоводам делать перекочевки на сотни и тысячи верст, «джут» не был так страшен: кочевник-скотовод мог найти участки, более обильные травой. Теперь степь изрезана под наделы для переселенцев, кочевание сведено до радиуса в десятки верст, и киргиз лишился единственной, хотя и пассивной, меры борьбы со стихийным бедствием, а вместо нее ничего не получил от начальства.

Правительство, упорно отказывающее Сибири в широком самоуправлении, приняло на себя заботу об окраинах и, надо отдать ему справедливость, тратит на них миллионы народных рублей. Но на что тратит? На содержание окраинной сатрапии, на стражников, на представительство, на катанье чиновников. На проведение же в жизнь окраин более рациональных экономических мероприятий не расходуется и рубля, и все предоставлено где Николаю чудотворцу, а где – Аллаху. Правда, в департаментах сотнями сочиняются всяческие проекты о «поддержании» и «поднятии» окраинного хозяйства, о превращении окраин в «цветущий сад», в «страну Эльдорадо», но все это – шалости пера. Окраинные сатрапы иногда также разражаются каким-либо сногсшибательным проектом и суворовским натиском, получив благословение из Питера, начинают проводить его в жизнь. Так было с пресловутыми сенными запасами. Сколько чернил и бумаги изведено, каких расходов на командировки потребовалось, какого колоссального труда стоила киргизам эта мера!... А в результате – жалкие сотни пудов плохого сена на район с тысячами голов скота, да и такие запасы растаскивались в конце зимы, а летом совсем не пополнялись. Придет иногда какому-нибудь администратору в голову мысль проверить «қазна-пішен» (*казенное сено, как называли киргизы сенные запасы*), и командируют чиновников. Тогда начинается горячка у ордынских властей: нередко тут же на глазах ревизора тащат на склад сено из ближайших аулов с тем, чтобы по отъезде снова водворить его на хозяйском умане. Обыкновенно и случается так, что в голодный год совсем нет сенных запасов: в конце зимы растаскали, а на лето – неурожай.

Не в таких опереточных мероприятиях должна выражаться борьба с джутом. Тут нужны иные, более рациональные меры, и прежде всего объективное, активное выступление местных сил, оплодотворенных самосознанием и самодеятельностью. А возможно это только при условии местного самоуправления. Только в таком случае и осуществима та организация борьбы с бедствиями, которая имеет место в некоторых земствах, только тогда и киргизы, и переселенцы перестанут смотреть на недород как на неотвратимое и непобедимое стихийное бедствие.

«Жұт келеді», голод надвигается, господа консулы, взявшие на себя попечение о многомиллионном народе!..

Тургайский.
«Сибирские вопросы», 1910 г., № 37.

АПАТ ТӨНГЕЛІ ТҰР!..

Мал өсіруші қыр қазақтарының «Сібірдің оңтүстік-батыс өңіріне қуаңшылық қаупі төнгелі тұр» деп сескене жар салғаны шілде күндерінде-ақ естіле бастаған-ды. Қазақтар үлкенді-кішілі сансыз бастықтарына «Жұт төніп келеді» деген осы қорқынышын қайта-қайта қақсауынан танбай жүр.

Сібірде егін-шөп шықпай қалуының қандай сұрапыл зардабы болатынын білген адамға бұл сескеніс-үрейді түсіну қиын емес.

«Мал – адамның бауыр еті» дейді қазақ, өйткені мал – оның күнкөріс көзі. Оның барлық мүддесі мал төңірегінде, игілікті өмірге қолын жеткізетін иен дәулеті де – осы мал байлығы. Сондықтан малын аман сақтау қазақ үшін өмірдегі (*бірден-бір болмағанмен*) ең басты мақсат екені де түсінікті. Қазақтардың бір-бірімен кездескенде, дала салты бойынша: «Мал-жан, бала-шағаң аман ба?» деп сәлемдесуі де осы мақсатқа әбден сәйкес. Осыған орай, қазақтарда ауа райының әр түрлі көріністерін, сәл ғана да құбылыстарын таңданарлықтай байқағыштық, сезімталдық аса дамыған. Бұл көріністердің әрдайым қайталанатынын, бірінің орнына екіншісі дәлме-дәл дерліктей ауысып келіп отыратынын, қысқасы, кейбір заңдылығын бақыламай, білмей отыра алмады ол. Қазақ даласына белгілі бір дәйектілікпен айналсоқтап қайта оралып отыратын ауа райының құбы-

лысы қазақтардың жыл қайыруына да негіз болған. Бұл есеп бойынша, әр жыл атауы 12 жылда қайталайтын дәуірге бөлінген. Осыдан ең соңғы «Қоян» жылында жаз қуаншылық, қыс аязды-боранды болып, жұтқа ұшыратқан.

Қазақтардың есептеуінше, биылғы жыл шөптің өсуіне қолайсыз болатын түрі бар. Сондықтан көптеген ауылдар қамыс, қоғажай өсімдіктерін сақтау шараларын қолдана бастаған, қысқы тебіндерін көктемде мал жайылуынан қорғап, шілдеде азды-көпті пішен қорын жинап алуға қам жасаған. Өкінішке орай, соңғы, ең тиімді шараны жүзеге асыру мүмкін болмаған: бір жағынан, ұзаққа созылған қуаңшылық көктемде қар кетісімен қылтиып шыққан көк шөпті біржола күйдіріп жіберсе, екінші жағынан, мал өсіруші қазақтың қолында пішен жинауға қажетті машина-сайманның болмағандығы оны мүлдем дәрменсіз етті. Осының салдарынан, жекелеген және ресми деректер бойынша, оңтүстік-шығыс және Сібір далаларында болмашы ғана пішен жиналып, өрістерде ешқандай жайылым шөп болмады, себебі – шілдеде және күзде жаңбыр жаумады. Келімсектер тамыздан бастап малдарын, аттарын жапа-тармағай сатып, жұмыс көліктерінің тіпті азғанасын алып қалды, ал қазақтар өздерінің арықтаған малдарын базарлар мен жәрмеңкелерге тоғытып, тегін дерліктей бағаға сатып жатты, өйткені малдарының қыста бәрібір жұтап, қырылып қалатынын өз тәжірибелерінен білетін.

Жан түршігерлік сезіммен түйықтан шығар жол жоқтығын санасымен кәміл түсініп, қазақтар да, келімсектер де қыс қыспағына кірді. Айнала – шетсіз-шексіз байтақ дала, егін-шөп бітік шыққан жылы көз қуанатын, ал қуаңшылық жұт жылдарында – мейірімсіз қатал болатын қу медиен, бір түнде қысқы тебіндегі мыңдаған малды қырғынға ұшыратын буырқанған боран, жүздеген жануарларды сеспей қатыратын отыз градус үскірік аяз, кейде түгелге жуық төл қалдырмай, жаппай іш тастататын ылғалды қиыршық мұздақ – міне, жергілікті байырғы халық та, жаңа қоныстанған келімсек те душар болатын жалпы жағдай осындай. Бұрын ұлан-ғайыр дала кеңістігі мал өсірушілердің жүздеген, мыңдаған шақырым алыстағы өрістерге көшіп баруына мүмкіндік беретін кезде жұт соншалық қорқынышты емес еді: көшпелі мал өсіруші қазақ шөбі шүйгін жайылым танаптарын таба алатын. Қазір қыр, дала келімсектерге кесіліп берілді, ең арғысы ондаған шақырымдай-ақ өріс шеңбері белгіленді, соның салдарынан қазақтар

табиғат апатымен солғындау болса да күресудің бірден-бір шарасынан жұрдай етілді, есесіне бастықтардан түк те ала алған жоқ.

Өзін-өзі кеңінен басқаруына ырық бермей, Сібірді сіресе тұқыртса да, hүкімет қиырдағы шеткері аймақтарға қамқорлықты өз міндетіне алып отыр және, әділін айту керек, бұларға миллиондаған сом халық қаржысын жұмсап келеді. Бірақ қандай қажетке жұмсалып отыр? Шеткі аймақтардағы төресымақтардың, сақшылардың, өкілдіктердің, шенеуніктердің ішіп-жеміне, сауық-сайранына жұмсап отыр. Шеткері аймақтардағы халық үшін неғұрлым тиімді шаруашылық шараларына бір сом да жұмсалмайды, олардың тағдыры кей жерде кереметкер әулие Николайға, кей жерлерде – Аллаға тапсырылған. Рас, департаменттерде шеткергі аймақтардағы шаруашылықтарды «қолдау», «көтеру» туралы, шеткергі аймақтарды «гүлденген бау-бақшаға», «Эльдорадо» (*«Алтын тау»*) еліне айналдыру туралы алуан-алуан жобалар жүздеп жазылып жатыр, бірақ бұлардың бәрі – тентек қалам ұшының ермектері ғана. Шеткері аймақтардағы төресымақтар кей-кейде естен тандырарлық әулекі жобаларды ойлап тауып, Питердің «әумин» деген батасын алғаннан кейін Суворовша екпінді қысыммен сол жобаны жүзеге асырады. Атышулы пішен қоры делінген жобаның жайы осындай болды. Қаншама сия мен қағаз ысырап етілді, елге шығып, халықты дүрліктіруге қаншама шығын талап етілді, қазақтардың қандайлық ұшан-теңіз еңбегін сарп еткізді бұл шара!... Ал нәтижесі – мыңдап мыңғырған малдары бар аудандарда болмашы ғана жүздеген пұт нашар пішен қоры жасақталды және де осы сорлы қордың өзі қыс аяғында талан-таражға түсіп, быж-тыж болды, жазда қайтадан толықтырылған жоқ. Кейде қандай да бір әкімнің ойында «қазына пішенінің» қорын тексерту ниеті туады да, шенеуніктерін елге жібереді. Сол шақта орда өкімет орындарының қызу, қарбалас жұмысы басталады. Көбінесе тексерушінің көз алдында таяу маңдағы ауылдардан қоймаға көптеп пішен тасылады. Ол кеткен соң пішен бұрынғы иелеріне қайтарылып беріледі. Әдетте, жұт болатын жылы пішен қоры жиналмайды да, қыс аяқталарда бар пішен қан талапайға түсіп, таратып әкетіледі, ал жазғы қуаңшылықта егін-шөп шықпай, өспей қалады.

Жұтқа қарсы күрес мұндай күлдіргі ойын-сауық шаралары арқылы жүргізілмеуге тиіс. Мұнда басқа, анағұрлым тиімді, ынталы шаралар керек, ең алдымен жергілікті күштердің өз сана-сезімімен, өз іскерлігімен ұштастырылған, бірлескен белсенді қимылы, іс-әрекеті керек. Ал мұның өзі жергілікті орындарда өзін-өзі басқарудың кең көлемде орнатылуы арқылы ғана мүмкін бола алады. Тек сонда ғана кейбір земстволарда апатқа қарсы ұйымдастырылып жатқан күрес жүзеге асырыла алады, тек сонда ғана қазақтар да, келімсектер де егін-шөптің шықпай, өнбей қалуын беті қайтпайтын, жеңістік бермейтін табиғат апаты деп санамайтын болады.

Миллиондаған адамдары бар халыққа қамқоршы болуды өз міндетіне алған, консул мырзалар, «Жұт төніп келе жатыр!»

Міржақып Дулатов
(аударма).

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА ЬӘМ ҚАЗАҚ

Россияға қараған халықтар, ескі низамға қанағаттанбай әрқайсысы өзінің керегін сұрап, әр түрлі партияға бөлініп, мемлекеттің әр шетінен қозғала бастаған соң, 1905 жылы 17 октябрьде патша ағзам хазіретлері манифест шығарып, халыққа хурия (*бостандық*) жария еткені мәлім. Манифестің қуатынша, Г. Дума ашуға рұқсат болып, қай дінде, қай мазхабдегі халық болса да, бәрі қалмастан, думаға депутат сайлауға болған. Сол себепті әуелгі екі думаға біздің қазақ халқынан да депутат барып, өмірінде түсіне кірмеген теңдікті өңінде көріп, патша халықтың низамын түзетуге ықтиярлы бола алған депутаттардан саналып, патша дәрежесіне жеткен еді. Жоқты бар етуші барды жоқ етуге шамасы келеді. Һүкімет әуелгі екі думаны таратып (*себептерін жазбаймын*), 3 мәртебеде Сібірден, Түркістаннан және басқа жерлерден депутаттардың санын кемітіп, кейбір халықтардан депутат сайлануды тоқтатуға 1907 жыл 3 июньде жаңа низам шығарды. Солардың арасында бақыты ашылмаған қазақ халқы да кетті. Күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді, көпке бірдей болған жақсылықтан мақрұм қалу, оның үстіне қазақ

халқы өзінің сыбағасын іздемей, сұрамай, қатты наразылық көрсетпей жатуы да кемшілік.

«Туғанына қуанбағанның өлгеніне жыламайды» деген қазақта мақал бар. Халықтың нендей тілегі беріліп, хан мен қара, бай мен пақыр бір дәрежеде болып, кеңшілік туып, халықтың өзіне пайдалы низам шығару үшін дума ашылып тұрған заманда біздің қазақ Алланың қосуыменен патшаның еткен мархаметі екен деп, ғанимет болып пайдаланудың орнына бұрынғы пітінәләр иығына арттырылды. Депутатты оқыған, өнерлі, білімді, халық үшін жанын пида етерлік кісіден сайлау керек екенін білмей, білсе де выборщик һәм депутаттыққа, бұрынғы болыстыққа таласқандай, халықты бұзып, ақша шашып, жұртқа қызмет ететұғын, топтан озған шешен білгіштерді сайлаудың орнына, өздерінің партиялас, дүниеден хабары жоқ надан болыстарын, мырзаларын сайламақшы болды. Заманымызда қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жол басшымыз – Әлихан Бөкейханов. Бірінші Дума сайлауында Қарқаралы үйезінің Токраунский болысының управителі выборщик болуға таласып, Бөкейхановтың үстінен жамандап, рапорттар бергендігі күллі қазақтың депутат сайлауына нендей көзбен қарағандығын көрсетуге жетеді деп білемін.

Енді бұл уақытта Думада қазақтан депутат жоқ. Ноғайлардан бары он ғана кісі бар. Бұлар, орны келгенде, еш уақыт қазақ үшін сөйлемей қалғандары жоқ, бірақ қазақтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мұқтажын, нендей закон пайдалы һәм қажет екенін арасында болып, көздері көрмеген соң, бұлардың да бізге пайда келтіре алулары қиын.

Халық үшін нендей закон түзелсе де, дума арқылы өтеді. Біздің қазақ халқының оңып тұрған бір ісі жоқ, солардың ішінде бірінші орын алып тұрғаны – жер мәселесі. Аз да болса Думада депутаттарымыз болса, сөздері ықтибарға алынбаса да, қазақ жері өз мүлкі екендігін, селдей ағып келе жатқан хохолдар жерді тартып, жұртты пақырлыққа айналтты, һүкіметтің бұл харекеті бізге ғаділсіздігін Дума мінбесінен сөйлеп, отчетында жазып қалар еді. Ақырында, сөйлеген ақиқат үстіне бір шықпай қалмас еді. Қазіргі депутаттар (*керек – мұсылман, керек – орыс болсын*) қазақ халқын қанша аяп, қорғайын десе де, қазақтардың халжайын білмейді деп жоғарыда айттық. Думада өзімізден депутаттар болмаған себепті онда не болып жатқанынан да

қазақ халқы бейхабар екендігін көрсету үшін бір мысал жазайын. Г. Думаның 1910 жылы октябрьдегі жиылысында ғұмұм (*жалпы*) мемлекет үшін жаңа низам бойынша әбтеһи мектептер ашылу мәселесі қаралатұғыны мағлұм болып, ноғайлар әр тараптан жиылып кеңесіп, өздерінің мақсұттарын тиісті орынға алдын білдіріп қоймақшы болды. Бұл мәселе хақында көріп біліп тұрған адамдар қарап жатарлықта емес еді, себебі: бұл хусусты Думада қаралу үшін күн ілгері тізіліп қойған низамда мұсылмандарға дәрұрлі орындары көп еді. Бұл жаңа низам бойынша ашылатұғын әбтеһи мектептерде тағлым ғұмұмы һәм мәжбұрлі болашақ еді. (*«Әбтеһи тәлім» деген сөз – бұрын бір де оқымаған балаларды әуелі оқыту деген мағынада, «ғұмұм» – көпке бірдей, «мәжбұри» – міндетті деген*). Егер мұндай болғанда, патшалықтағы халықтардың һәммесінің де балалары ұғыл-қыз демей, сегіз жасына келген соң мектепке барып, оқуға міндетті болып, балаларын апарып бермеген ата-аналары штраф төлейді.

Халықта оқымаған адам қалмаған жақсы, бірақ қазіргі сөзімізше сол оқудың тәртібі хақында жаңа низам бойынша әлгі жас балалар орыс кітаптарыменен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, діннен де айырылып қалу қаупі бар. Соның үшін мұны білген адамдар қайғырып әбтеһи мектептерде (*3 – 4 жылдай*) оқу баланың ана тілінде болып һәм діні де жақсы болса екен, онан кейін әркім сүйген ғылымын үйренуіне ешкім тоқтау етпес еді деп тіледі. Бұл мәселе хақында Дума ашылудың алдында Россиядағы ноғайлар әр шаһардан, тіпті ауылдардан да, халықтың тілегін білдіріп, телеграммалар соғып, кісілер жіберіп, жаңа низамның зарарлы орындарына риза болмай, газеттерге жазып, кітаптар шығарып, дауыстарын жаңғыртқанда жалғыз біздің қазақ халқының бір жерінде үні шыққан жоқ, тіпті қазақ ішіндегі молдалар, атқа мінген ақсақалдар, ел билеген ұлыс, билердің бұл мәселеден хабары барлығында шибһе[1] айтамын. Біздің қазақ бұл турада өздігінен болып еш нәрсе шығармаса да, Думадағы мұсылман депутаттарының һәм басқа мұсылмандардың тілегіне қосылғандығын білдіруге керек еді.

Мінеки, осы секілді керекті жұмысымыз хақында халқымыздың хабарсыздығы бір мәртебе болмай, мың мәртебе болуында шибһе жоқ. Қазақ халқына енді не қылуға керек?

---

[1] *шибһе* — шүбә.

Жауап: Думаға депутаттар әр бес жылда бір сайланады. Қазіргі үшінші Думаның срогі бітіп, жаңа сайлау алдымыздағы 1912 жылда болады. Осы сайлауға шын алаш ұранды қазақ бірі қалмастан байлары жәрдем етіп, білгіштері басшылық қылып, ортасынан делегаттар сайлап, алты миллион қазақ халқы оқ атпай, қылыш тартпай Россияға жер-суыменен риза болып бағынғандығын, алымшығын төлеп, еш уақытта нендей әмірінен бас тартпай қызмет етіп келе жатқандығын, басқа халықтардан депутаттар болғанда қазақ халқы өгей балаша шетке қағылып, депутаттықтан мақрұм қалып тұрғандығын, депутатсыз халықтың мұң-мұхтажын тиісті орынға жеткізе алмай, Россияның жаңа законы түзелген заманда жәбір-қиянат боларын сөйлеп, халықтың арызын жеткізіп, келер Думаға қазақ халқынан да депутаттар сайлануын сұрау керек. Әлбетте, бұл турада бірлі-жарым адамның тілегі тілек болмайды, күллі жұрт болып сұрауға керек. «Ойбай! Ана жылда думаға пәленше, түгеншелер барған, олар да түк бітірген жоқ» деген үмітсіздікті тастап, халқымыздың қатарға қосылуын ойлау керек.

Әрбір ақыл иесі адам қара қазан, сары баланың қамын ойламай, бұрынғыдай пайдасыз дүрмекпенен кете берсе, құдай алдында мойындарынан үлкен борыштары түспей, кейінгі нәсілінен де қарғыс алуында шибһе жоқ.

Міржақып Дулатов.
«Айқап», 1911 ж., №5.

ОҚУ КІТАБЫ ХАҚЫНДА

Ғылымның негізі әбтеһи[1] мектеп екенін кім білмейді. Қазақ халқының өз тілінде оқытатын мектебі жоқ екені және де мағлұм. Соның үшін өткен жыл Уфа «Медресе Ғалиясындағы» қазақ шәкірттері «Әлифбә» тәртіп етіп бастырып шығарды. Енді «іші мұнан табылды, сырты қайда?» деген секілді қирағат кітабы, ғылым әкәл, ғылым әксаб деген әбтеһи мектептің программасына ұшырайтын мүшелері түгел болу керек қой. Бұларды түгендеу бір кісінің міндеті емес, көптің борышы еді. Сол көптің бірі болған мен

[1] *әбтеһи* — бастауыш (*«Айқап» журналындағы тұпнұсқа бойынша – Ред.*).

өзім қирағат кітабын тәртіп етуді үстіме алып едім. Қарап тұрмадым, іске кірістім: әуелі материал жинадым, белгілі рус педагогтерінің оқу кітаптарын, хрестоматияларын, татарша оқу кітаптарын һәм рус харпіменен қазақ тілінде басылған Алтынсарин, Алекторовтың хрестоматияларын, қазақша кітаптардың арасынан алуға жарарлық сөзі барларын жиғанымда қолымда отырып қырық кітап болды. Бұларға өзімнің 7–8 жыл ушитілдік еткен азғантай тәжірибемді де қосуға сараңдық етпедім. Фәленше фәлен деген екен деген қазақша хикаялар, мақал, жұмбақ ва ғибратлы сөздерді де біраз есіткенім бар еді. Сөздің қысқасы, материалға байыған секілді болдым.

«Қирағат» кітабын әлифбәдан соң үш жылда оқитын қылып үш бөлімге бөлдім де, әлгі материалдардан үш дәфтерге һәр бөліміне лайық сөздерді таратып жаза бастадым. Дүниеде нендей хал болмайды, күтпеген жерден бір себеп шықты да, шын әжәлат, ыждаһатпен басталған ісім кесілді. Ойлаған едім, минкур кітаптарды сентябрьге шейін тәртіптеп болсам, оқыту ісіменен, ашпа датларменен, газет-журнал арқылы емле хақында да уағайри көпшіліктің мәслихатына мұқтаж болған орындары хақында кеңесуге. Қазір бұл планым бұзылды. Жоғалған пышақтың сабы алтын секілді көрініп, еркіндік тізгіні бұл күнде тағдыр деген танысымыздың қолында тұр.

Өзімменен дәрді бірге мұндастарыма халімнен хабар беріп, бәріміздің үстіміздегі ауыр жүкті мәңгілік шұңқырға құлатып көмуді жанымның шыңырау түбінен шыққан тілекпенен тілеймін. Ерте-кеш демей, тәнді жан тастап кетпесе, шамамның келгенінше ғазиз халқыма қызмет етуге даяр құлымын.

Азамат Алашұғлы.
«Айқап», 1911 ж., №7.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАС АДАМДАРЫНА

Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар – қалтасы тесік, байларымыз бар – төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды. Басқа білімді жұрттың адамдары майданға бір іс шығармақшы болса (*айталық газет, журнал хақында*), әуелі план түзейді. Газет шығару үшін баспахана керек, оған тиісті құрал һәм қызмет-

керлер керек, соларға лайықтап дәулеті бар ынталылар ақша шығаруға уәде етеді, ақша табылса жақсы жазушылар керек, оның үшін бірнеше тәуір оқыған, халықтың жайын білетұғын пайдалы кісілер әлгі шығармақшы болған газетке әрдайым сөз жазып тұруға уәде береді. Екі жағы бірдей болған соң, ойлаған істерін жарыққа шығарады. Мұндай істің пайдасы да, өмірі де берік болады. Біз әлі мұндай іске үйренгеніміз жоқ.

Троицкіде Мұхамеджан Сералин деген жігіт қазақ халқына қалай пайда келтіремін деп жүргендіктен болса керек, қашан жоғарыда айтқан секілді ойлағанымыз болғанша заман біздің жайымызды күтіп тұрмас деп, тәуекел етіп айына бір мәртебе «Айқап» журналын шығара бастады. Білімі де, байлығы да қатар жүрген жігіттерден артық емес шығар. Оның жалғыз амиді[1] жоқтан бар жақсы, керек қылып жүрген нәрсе ғой, бастап жіберейін, онан соң жұрт өзі көтеріп әкетер деп ойлаған шығар. Сол сенген жұрты жарты жылдың ішінде не қылды, мен соны жазғым келеді.

Жарты жылдың ішінде осы журналға сөз жазушылар – медреседегі шәкірттер менен орысша біраз оқып нан тауып жеуге ғана жетіскен бірлі-жарым жігіттер. Жазған сөздері де бір-екі мәселе: жер һәм оқу хақында. Мұнан басқаларының бәрі де журналдың шығуына «Құтты болсын! Жырлы болсын! Өмірлі болсыннын» айналасында. Қуанып болмаған жұрт көп көрінеді.

Журналдың асыл (*тұпкі*) мақсаты қазақ халқының халін, жайын, ақылын, мұқтажын бір жерге жиып, танысу еді ғой. Осы мақсатқа жетпек түгіл жақындады ма? Жауап қысқа. Бір-екі кісінің жер хақындағы ойыменен яки арқандаулы ат секілді қазық айналып, сөздерінің орнын ауыстырып, оқу керек, оқыту керек, партияны жоғалту керек деген ертегі секілді болып кеткен құрғақ сөздерменен халықтың тілегі бір жерге жиылды деуге болмайды. Менімше, әлі қазақ пайдаланарлық һәм пайдаланған сөз көрінбейді.

Бұл зор кемшіліктің, пайдасыздықтың тамырын қайдан іздеп, кімге өкпелеуге керек?

Таудан үлкен, тастан ауыр секілді істі бастаған Сералинге, бес-алты ай журналға тоқтаусыз жазып келген шәкірттерге өкпелеуге орын жоқ. Бұлардың қайрат, қызметтеріне мың мәртебе шүкір!

---

[1] *амиді* – үміті (*«Айқап» журналындағы тұпнұсқа бойынша – Ред.*).

Біздің жоғарыда кемшілігімізге салқын куә болып тұрған, ғали тахсил көрген (*университет, институт бітірген*) биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларымызға өкпелеуді күнә деп білемін. Ғаділ таразы құрылар күн туса, қазақ халқы да есеп беруші екенін сіздер ұмытпаңыздар!

Құрметті ел бастығы ағалар! Әлде сіздер бұл журналға кірісуге уақсынып, ілтифаттан төмен санап тұрған шығарсыздар? Рас, журналдың кісі көндірерлік жайы жоқ. Бірақ сөзі уақ сол зағиф журналды сіздер қолға алсаңыздар, үстіне көтеріліп, пайдалы, тірек мағыналы сөздер жазылып, ол сөздер сіздерден шыққандықтан, «өзі зордың ойы да зор» деген секілді, жұрт көзіне толымды, сенімді болып, ықтибары артып, шибһесіз халық пайдаланар еді. Ол уақытта журнал да екінші рең алып, керексіздің орны керектіменен толып, шын мақсұдына жетер еді. Жоқ, журнал шығарғыштардың өнерін байқалық деген секілді сынағандай болып тұра берсеңіздер, істің ақыры не болуына көз жетпейді.

«...Жалғызым да сен, жалмауызым да сен» депті ғой бір шеше. Бас адамдарға өкпемді айтып болдым, енді олардан халық ісіменен тілегім мынау: Қазақ халқына есімдері машһүр оқығандарымыз ғылым тәжірибелерінше халыққа керекті сөздерді, атқа мінген ағалар әрқайсысы өз жұртында не болып жатқанын, не таршылық, не кемшілік бар, нендей ойлаған ғақылдары бар, соларын жазса екен. Сол уақытта күллі қазақ халқының нендей халде екені алақандағыдай көрініп, біреусінің тапқан ғақылыменен басқалары пайдаланып, бір жерде болған зарардан екіншілері алдан сақтанып, журналды алатын оқушылар көбейіп, қазіргі секілді айына бір ғана шығып зарықтырмай, айына екі мәртебе хәттә жұмасында бір шығып, шын шаттық сонда болар еді. Жүз айтсақ та бір тілек: надандық түнегінде адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз. Тілесе кісі жоқ емес, уақыт та өткен жоқ. «Ештен кеш қайырлы» деген орыс халқының бір мақалын еске түсіріп, амид айтып тұрамыз.

Азамат Алашұғлы.
«Айқап». 1911 ж., №7.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Ішкі Россиядан бұлттай көшіп келе жатқан мұжық алдағыға көз салуды үйреніс қылмаған қазақ халқын да ойға қалдырды: «Бұрынғыдай көшіп жүру керек пе, он бес десятинадан ер басына жер кестіріп, қала болу керек пе?» мәселесі көптің көңілінде һәм тілінде ойнай бастады. Қазақ халқының келешектегі халін қайғырушы оқығандар һәм ноғай туғандарымыздың білімділері газеттерде жазып, мүмкін-қадар тезірек сұранып, жақсы жерге орнығып отыруды пайдалы көрді. Атақты қазақ адвокаты, II Дума шілені сұлтан Бақытжан мырза Қаратаев өзіне ерген ағайындарыменен тиісті жерін кестіріп алып, қала болды. Басқа жерлерден де мұндай хабарлар естіледі. Қала боламын деушілерді һүкімет те құшағын кең жайып, қарсы алып тұр. Енді жұрттың бәрі қала болуы мәслихат екен деп сөз байласа, іс біткен болар еді. Бірақ халықтың арасынан шыққан кейбір оқыған білімділерімізден қала болу фикріне жан-тәнімен қарсы тұрушылар бар. Бұлардың бір кемшілігі – әлгі фикрлерін әуелгілер секілді пайдалы болса алып, дәрүрлі болса қалдырарлықтай газет-журналға жазып, көптің сынына салмай тұр.

Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бұзып өзгерту (*көшпенділіктен – отырықшылыққа, отырықшылықтан – көшпенділікке шыққан секілді*) оңай іс емес. Қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек. Өлгеннен тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате фикрменен болса, түзетуге болмайды. «Қата» деген нәрсе әр уақытта, әрбір іс туралы, әр адамда болады. Соның үшін жоғарыдағы фикрлерде бір жақтылық болмасқа, екеуі де қатар салыстырылып тексерілуі тілеулі. Қазір алдымызда 4–5 айлық қыс тұр. Осындай еркін уақытта қазақ халқы журнал үстінде кеңесіп, жазға шейін иә қала болуға, иә бұрынғыдай көшпелілікте қалуға тізгінді мықтап қоярға керек. «Айқап» журналы жер сөзін мұнан бұрын да аз жазбаған болса да, бұл күнгі керегіміздің бірі һәм бірінші болғандықтан, төмендегі екі түрлі жобаны оқушылардың сынына қатар салып баян етуді артық деп білемін.

Қала болу керек деушілердің фикрі:

Рас, қазақ халқының жер-суға ие болып, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауда тарлық көрмей түлігі сай болып, тай құлындап, тоқты қоздап, қосты жылқы, желілі түйе, отарлы қой, қайғы жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып,

кең далада құлан-киікше сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді көздеріне ғана елестейді. Мұның себебі не? – Халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты һүкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақ шаруасының күйзелуі, 15–20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбеуі. Бұлай болғанда, енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында факирлікке жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да, бұл заман өнер-білім заманы болған шақта, әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақрұм қалармыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің дінін, хақын сақтай алмай, дүниемен ақыры есебін бітіруі ықтимал.

Жер жүзіндегі халықтардың һәммесі, біраз ғана болмаса, қала болып отыр. Мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалғаны естілмейді. Қайта бұл күнде көзіміз көріп, ғақылымыз жетпей тұрған не түрлі тамаша нәрселерді (*отарба, телеграм*) шығарып тұрған солар. Олар бізден кедей емес, бізден өнерсіз емес, бізден көшсіз емес. Буларды көре тұра, біз, қазақтар да қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып, өзімізден алдағы жұрттың істегенін істеп, солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың бірі бола аламыз.

Көшіп жүру керек деушілердің фикрі:

Қазақ халқы көшейін деп көшіп жүрген жоқ, жерінің ауасына (*климатические условия*) қарап көшіп жүр. Адам – тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 15–16 жыл егін салған жер тозып шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады. Әлгі тозған жер егіндікке жарауына 20–25 жыл тыныңуы керек. Қазіргі қазақ жеріндегі хохолдар неге байып кетті десеңіздер, бұлар қазақ жерінің ең тәуірін таңдап алған, алған жері тозса, қазақтан жерді арендіге алып, өз жерлерін тың сақтап отыр. Жақсы деп орныққан жерлері нашар шығып, көшіп кеткен яки жаңа жер кестіріп алған мұжық көп. Самар губерниясында Новый өзен үйезінің жері мұнан 20–25 жыл бұрын мұжықтардың ұжмағы деуге болатын еді (*қазіргі Қостанай, Ақтөбе үйездері секілді*), осы күні Орал тауынан бел асып келіп жатқан көшпе мұжықтың жүзден тоқсаны Самар губерниясында тұр. Қазақ жері де сол секілді. Қазақ жерінің алабы кең болса да, пайдаға жарарлығы аз. Жалғыз

Балқаш көлі менен Бетпақтың шөл даласы елу мың шаршы шақырым орын алып жатыр. Бұлардан басқа да таулар, тастар, шөлдер, көлдер, сорлар аз ба?

Қазақ көшпелілікті өзі тастамаса, һүкімет еріксіз қала болғызбайды. Қазақ халқы егіншілікке айналмай, бұрынғыдай мал өсіру кәсібінде болғанда, бірінші – өзіне, екінші – мемлекетке зор пайда келтіреді. Россияның базарына жүн, жабағы, қыл, ет, тері, май жеткізіп тұрғанның көбі қазақ малы емес пе? Оның үстіне, ғаскерге арзан һәм көнбіс аттар қазақ жылқысынан шығарылғанын еске түсірсек, мал шаруасының патшалыққа келтіретұғын пайдасын санап бітірерлік емес. 1901 жылы 27 сентябрьде Петербургте болған «Антропологическое обществоның» бір мәжілісінде көшпелілік жайын жақсы білетұғын Клеменц деген ғалым айтқан: «Бұл күнгі егін салып, қала болған халықтар бұрынғы мал ұстау кәсібін басқалардың міндетті қылуыменен тастамаған һәм міндетті болудың жөні жоқ еді. Қазіргі Еуропада, мысалы, мәдени Швейцарияда сүттен май, ірімшік алу үшін мал асырап көшушілер бар. Жаңада ғана Нормандияда қой етінің бағасы көтерілу себепті егін салудан көшіп жүріп, қойды ащылы жерге бағып өсіру мәслихат көрілген». Қазақ жері егінге жарамсыздығын, мал өсіруге ғана лайық екендігін профессор Винер қазақ тұрмысын ашына жазған һәм жазбақ та. Қазақ – мал баққан халық. Қазіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды. Халықтың ғұмыры 20–30 жылдығына емес, дүние тұрғанша тұрады. Соның үшін түбін ойлағанда, казіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасқа керек.

Ақырғы сөзім: қала болуды қуаттаушылар (*өзімді де солардың бірі деп санаймын*) фикрі де көптен халыққа жария еткен һәм етіп келеді. Ендігі менің бұл кеңесті жаңғыртудағы мақсатым – өзіме мағлұм, қазірше көшпелілік тарафтарының фикрін халыққа паш етіп, өздерінен сүйенген дәлелдерінің бекітуін күтуде. Өзі қайда барарын біле алмай, адасып тұрған халықты бұрынғыдан жаман адастырып, басшыларымыз екі жаққа тартуына қайғырып, тезірек бір келісімге келуін тілейміз.

Азамат Алашұғлы.
«Айқап», 1911 ж., №11.

АЙ АСТЫНДА ЕШ НӘРСЕ БАСҚАРЫЛМАЙ ТҰРМАҚ ЕМЕС

(Ничто не ново под луной)

Юлий Цезарьдің «Ай астында еш нәрсе жаңа емес» деген бір сөзі бар. Біз бұл сөзді теріс, ай астындағы істеліп жатқан нәрсенің бәрі жаңа, оның астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес дейміз. Біздің сөздің дұрыс екендігін әлдеқайдан іздемей-ақ, өнерлі Еуропа жұрттарына бір көз жүгірту жетеді. Осы күні білім-өнер арқасында адам нанбас істер істеп тұрған солар. Бұдан бұрын, күні кеше, олар да надан, жазу-сызу жоқ болған кезде де, теріге, жапыраққа жазып жүрген сөздерінен де, тілдері онша толық емес адамдар еді. Заман өтті, ақылдары асты, түрлі нәрселер ойлап шығара бастады. Жиылып патшалық құрып, елсіз жұртпенен соғысып, қолдарына алды.

Бірлікте тірлік бар деп бірігіп, зор-зор қалалар болып, өнерге жармасты. Сөйтіп жүргенде тасқа басушылық шықты. Оқу, оқыту ісі жеңілдеді. Білімділер неше түрлі кітаптар жазып, жұртты өнерге оңдады. Түрлі ғылымдар ойлап тапты. Сол өнер-білімдерінің арқасында жерді ақтарып, отты-суды қол қыла бастады. Бу күшімен қурайдан шойын жолдар, судан зор-зор кемелер жүре бастады, XIX ғасырда электрик (*электричество – ред.*) деген жат бір нәрсе білінді. Бұл электрик күшімен қандай алыс жерден сөйлесуге болады. Сағатына 70–80 шақырым жер жүретін отарбалар шықты. Еуропаның зор қалаларының көшелерінде осы электрик арбалар адамдарды алып жүреді. Мұны трамвай деп атайды. Қысқасы, Еуропа жұрттарының мұндай жат істері санап бітіргісіз, осылар осы жат, жаңа істерді қалай істеген? Сөз жоқ, жалқауланбай, күн-түн өнер-білім артынан жүрумен.

Ал, енді, біздің қазақ жайына келсек, әуелі бұл заманның өнер-білім заманы екені ойында да жоқ! Құрығын таянып, қалғып, әлі малының артында. Салған егін жоқ, қылған кәсіп жоқ, жиылып салған тұрақ жоқ, құр мал айдағанына мәз болып жүр. Бұл қалпымен барса, жердің бәрі кеткен соң, мал салуға жер таба алмай, жұт жылы қазақ малынан айырылып, қарақасқа кедей болып қалуы анық. Басқа кедейлік түссе, көрші шет жұртқа жұмыскер болып, құрып кету – о да белгілі. Осы биыл өткен қыс-ақ Ақмола, Семей

облыстарында жаңбыр жауып, мұз болған қатты борандарда әр үйезде талай байларымыз малынан айырылып, жүген ұстап қалған жоқ па?! Жанындай көріп, сатуға қимай жүрген жылқыларын бір қыста өлтіріп алған жоқ па?!

Енді біздің адам санына қосыла алуымыз үшін не керек?

Біздің ойымызша, бізге де осы өнерлі жұрт жүрген жолменен жүрмей болмас. Олар құрық таянып, мал артынан жүрмеген, аз ұйықтаған, аз күлген, мектеп-медресе салған, күні-түні оқыған. Жарық көрейік десек, біз де солай етелік.

Түрлі жұрттан қосылған бір патшалық адамның мүшесі сықылды. Мүшенің бәрі сау болса, адам да сау, арадан бірдеңе болса да, ауру болса, адамның саулығы түгел болмайды.

Біз, қазақ жұрты да – Россия патшалығының бір мүшесіміз. Бірақ біз надан, аурумыз. Қадірлі патшалық өз мүшесінің бұлай ауру болуын жаратпас. Біздің адам болып ілгері басуымыз үшін жәрдем қылар.

Қысқасы, менің айтатыным, кешеуілдемей, оқу-өнер артынан түсуден басқа шара жоқ. Қорқақтықты тастап, бел байлап, қала болып отырсақ, мектеп-медреселер салып, өнер-білімге жабыссақ, біздің көш те жүре-бара түзелер. Ай астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес.

Ветеринарный врач Аргын.
«Айқап», 1912 ж., № 6.

ХАН АБЫЛАЙ

I

Атағы жер жарып шыққан хан Абылай XVIII ғасырда дүниеға келіп, Көкшетау деген жерде қазақ жұртына қырық сегіз жыл хан болып тұрыпты. Кеше Кенесарының заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар.

Қылады Макаржада байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері –
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық атыжөнін білуші кем. Себебі, һәр заманның оқиғасы өз тұсында жазыла келіп, жиналған тарихымыз жоқтықтан, тілден тілге сөйленіп келуінше, қариялар Абылайдың ата-тегі турасында былайша дейді:

Бір заманда Ақманғыт, Тоқманғыт деген ел келіп, қырық жылдай Бұқараны билеп тұрған Әбуәлпейіс[1] ханды өлтіріп, Бұқараны шауып алған соң, Сүйеніш[2] хан деген Әбуәлпейістің бір баласы басшы болып, туысқандары менен балаларын ертіп, Қарсығұзарға қашып барып, көп сарттың бірі болып, бөз тоқып, затын жасырып жүріпті. Сол Сүйеніш ханның бір баласы он екі жасар Абылай екен, шын аты Әбуәлмансұр[3]. Жас та болса саналы Абылай: «Өз қорлықтан сарт қорлық, сарт қорлықтан жат қорлық» деп, Қарсығұзардан жаяу қашып шығып, Түркістандағы тұқымдасы Әбумәмбет[4] деген кісіге қызметкер болып тұрыпты. Онан қорланып, үйсін Төлебидің түйесін бағады. Мұнда да бой тоқтатып тұра алмай, Сарыарқаға келіп, атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағыпты. Төре баласымын деуге арланып, затым «сарт», атым «Сабалақ» дейді екен. Бір жерге де тұрақтай алмай жүрген шағында Абылайдың жасы жиырмаға жетеді.

Сол кезде қазақтың жылқысын түп көтере қара қалмақ Қатай Сыбан[5] деген жау алады. Қазақ «Алаш!» деп ұран шақырып, басшылары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақ ұғлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барақ, Шанышқылы Бердіқожа болып қалмаққа аттанады. Айлалы қалмақ шеп құрып, айналасына қорған жасап, қақпасына түрлі жиһаз төгіп, жайнатып қызкеліншек қойып, қызылға шапқан қазақтың батырларын ар жағында жасырынып жатып, атқылап, алдыртпайды. Неше күн жатып, сасық қамал болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай салы суға кетіп, батырлар қайтпақшы болады. Сонда Абылай жылқының соңынан қуып келген жылқышылардың бірі екен. Қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп оңаша шығып, атынан түсіп, шүберек белбеуін құрығының басына байлап ту қылып, «Абылай! Абылай!»

---

[1] «Айқаптағы» тұпнұсқасында – Әбілпайыз деп жазылған. (*Ред.*).
[2] Бұл да сонда. Дұрысы – Сүйініш.
[3] Бұл да сонда. Дұрысы – Әбілмансұр.
[4] Бұл да сонда. Дұрысы – Әбілмәмбет.
[5] Бұл да сонда. Дұрысы – Севан Рабтан.

деп ұран шақырып, қалмақтың қамалына жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақыт жұлдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастағанда, қазақтың батырлары да қайраттанып қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжаға батып қайтады. Жауды жеңіп, көңілдері тынған соң, ақиық найманның батырлары: «Кешеден бізде айтылмаған аруақ, шақырылмаған ұран қалған жоқ еді, соның бәрі де іске жарамай, мынау бір затытегі белгісіз бала бәрімізден бақыты үстін, аруағы күшті болып, жауымыздан кек әперді. Бұрынғының сөзі бар еді: «Қой асығы деме, қолайыңа жақса сақа қой» деген. Кел, осыны хан көтерелік» – деп, «Ау!» десіп, атығай Есенаман байдың іргесіне алып кетіп, ақ отау көтеріп, атығай, қарауылдан алты қатын алып беріп, хан көтерген екен. Арыстан ақынның Кене ханға бір сөздің ретінде тағы да бір айтқаны бар:

Кене хан! Жақсы көрсең қарашыңмын,
Жек көрсең де өзіңнің Алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген
Атығай, қарауылдың баласымын.

Ол заманда бұл күнгідей емес, қазақтың тентегірек кезі. Орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп: «Жұртыңды бізге жау қылма» деп тұрады екен. Бұл туралы сол кезде бір ақынның айтқаны бар:

Абылайдың атасы Әбуәлпейіс,
Хан баласы төсенбес етке киіз.
Аузы тұкті жау жұрттан алым алып,
Абылайға шықты ма екі мүйіз?

Темірсу, Жеменей, Алматы, Аягөзге саудагерлер шығару үшін һүкімет-патшалық жол сұрағанда, Абылай хан «Сарыарқаны бастырмаймын» деп, Иманқұстан шығып, Ертіс жағалап, Семейге шейін баратын жолды беріпті. Бұл күнгі Ертістің сол жағасындағы көлденең қара жолдың «Абылай жолы» деп аталу себебі сол. Қазақ пенен орыс керек-жарағын алысып, сауда қылып тарқайтын жәрмеңкеге жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Бұл Қызылжар атығаї Дәулеткелді байдың қыстауы

болған соң, «жерімді орысқа алып берді» деп Абылайға өкпелеп, Жиделі-Байсынға көшіп кетіпті. Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» деген сонан қалған белгі.

II

Хан Абылайдың оң жағынан ай, сол жағынан күн туып, сүйегіне хандық әбден сіңіп, жұртты билеп тұрған шағында заманындағы бір жыршының айтқаны:

Әй, Абылай! Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет деген кісіге
Қызметкер болып тұр едің,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің,
Сен жиырмаға жеткенде,
Ақ сұңқар құстай түледің,
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды тасқа біледің.
Алмаған жау қоймадың,
Алсан-дағы тоймадың.
Ақтан болды күніңіз,
Арсы менен күрсіге,
Тайталасты үніңіз,
Өзің болған күніңде,
Бір көшеге сыймайды
Азат еткен құлыңыз.

Абылай хан жасы ұлғайып келген шағында ата жұртым Бұқараны аламын деп, Үш жүздің атақты батырларын жиып аттанды. Ешкімнен беті қайтпай келіп, Түркістанға өзінің бір баласын, Шымкентке Ғабдолрахман деген сартты һәм Ташкентке Мырза Ахмет деген сартты хакім қойып, Самарқантқа қарай жүреді. Абылай хан Самарқант шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады:

«Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді

ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда, оянып кеттім», – деді. Сонда қария: «Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында, «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер», – деген екен.

Қарияның сөзіне құлақ қойып, Абылай хан Самарқант шаһарына елші жібереді: «Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын» – деп. Бұл хабарға Самарқант халқы да қуанып, Абылай ханды қарсы алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздыртқанда, шыққан тасты Самарқант жұрты: «Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ» – деп сүйінші сұраған екен. (*Сол тасқа «Абылай хан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты*). Осы жолынан қайтып Ташкент келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. «Өзім соңырақ қайтамын, әзір ұрыс-соғыс жоқ, есен күндерінде елдеріңе барыңдар», – деп, қасындағы Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп, қайтарып жібереді.

Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төленгіттері менен үйсін-дулаттың басты кісілерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Ғабдолрахман сарт естіп, Абылай ханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шаһарлардағы сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алады. Дулат деген ел сартпен соғысуға жарытпапты. Ханның қасындағы төленгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге, істің соңы неге соғарына көздері жете алмай, бата алмапты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шығып: «Қайран Орта жүз бенен Кіші жүздің батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау» – деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламат аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68[1] жасында опат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты.

---

[1] Бұл да сонда. Дұрысы — 70 жас.

Абылай ханның он жеті қатыны, отыз ұлы болған. Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны – қалмақтың ханы Қалдан Серенннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары – кешегі даңқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркіменен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы. Жанақ ақынның өлеңі бар:

Абайділда, Ғаббастың елін жайлап,
Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап.
Ханнан алған сұлуым өліп қалып,
Қаракөкпен келемін сорым қайнап.

Сол Абайділда Көкшетауға дуан салдырмаймын, ешкімге бағынбаймын деп, қарсылық қылғаны үшін ұсталып, сегіз жыл Итжеккенге айдалып, қайтып келгенде, Орынбай ақын айтқан екен:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген!
Үш жүздің баласына олжа берген.
Сегіз жыл Итжеккеннен әрмен кетіп,
Ханымыз Абайділда қайта келген.

Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты:
Бес тенге Қызылжарда ұнның пұты,
Орта жүз, ырысың бар ел екенсің,
Хан келді Абайділда – елдің құты.

Абылай ханның жоғарыдағы айтылған көп балаларының һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да, әрқайсысының Кенесары, Абайділда секілді қазақ үшін жұмсаған күш-өнерлерін естімегендігімнен, құр аттарын жазбаймын. Абылай ханның шөберелері – заманымыздағы кешегі марқұм генерал Ғұбайдолла Шыңғысханов, марқұм генерал Сұлтанғазы Уәлихановтар менен бұл күнде саламат статский советник Ешмұхамет төре Абылайхановтар; бұларға қазақ жұртының өкпелейтіні де, осы күнгі тар заманда білім дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді дегеннен басқа болмаса керек.

Алашұлы Азамат.
«Айқап», 1912 ж., № 6, 7.

ЖАЗУ ТӘРТІБІ

«Айқаптың» 3–5 нөмірлерінде А. Байтұрсынұлы қазақша жазуға тәртіп көрсетіп, оқушылардың сынына салған, көпшілік ұнатса, сол тәртіппен әліппе бастырмақшы екен. Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. «Оқушылар сынасын» дегенге әркім басына келгенін жазатұғын болса, еш уақытта ойды бір жерге қорытып болмайды. Бұл туралы сынаушылар да байқап жазарға керек. Һәркімнің ізіне түсіп қуған, үйренген бір ісі болады. Сол ісін ол басқалардан артығырақ біледі. Егер оқу, оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға жарайды. Құр шала-шарпы есіткен яки өзінің көзі үйренгеннен басқаның бәрі де теріс деп білушілер сынайтын болса, біреу түгіл, тоқсан тоғыз тәртіпке де табан тоқтату қиын.

«Айқаптың» 6-нөмірінде Ш. Жияшев деген кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрысын айтқанда, түсінбеген. Ол кісінің жазғаны 7-нөмірде тамам болмаса, сондағы жазғандарынан-ақ бұл мәселеге нешік қарауы байқалды. Бұл кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс-терісін өз алдына тексеруден бұрын, ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген. Ахмет Байтұрсыновтың ноғай жазушыларын жатырқағандықтан емес, қазақ тілінде қанша дыбыс болса сонша белгі көрсетіп, артық әріптерді кеміткен. Сонымен қазақша жазу-оқуды оңайлатқан. Сынаушы да осы арасын көздеуге керек еді. Ахмет Байтұрсыновтың бұл көрсеткенінде жаңа тәртіп, ноғайлардың «Үсұл жәдид» деген де жаңа тәртіп деген сөз, екеуінің де көздеген мақсаты – бір. Қазақтың оқығандары қазақ балаларын өз тілінде үйрету үшін жеңілдікті басқа ретпенен тапса, ноғай жазушылары өкпелер ме екен?

Жияшевтің бұл күнгі қолданып тұрған ноғай әліппелерінің кемшілігі жоқ, соның үшін оған қарсы келген жан жоқ дейді де, хәттә – «Үсұл жәдид», яғни звуковой методпенен оқыту ноғайлар арасына кіргеніне көп заман өткен жоқ. Нәхв, сарф кітаптары соңғы бір-екі жылдың ішінде көріне бастады. Ноғай сөздерінде де бағзы дыбыстардың өзіне арнаған белгілері жоқ екені мағлұм. Біз өз ісімізді басқаралық. Қазіргі әліппелерін, оқу кітаптарын тәртіпсіз көрушілер ноғайлардың өз арасында жоқ емес. Бар.

Мәселен, Қазанда учитель Абдулханов шығарған «Үсұл жәдидке қарсы бірінші адым» деген рәсәлә секілді. Жияшев Ахмет Байтұрсыновтың әріптерді дауысты, дауыссызға бөлуін де қатеге санап, 28 әріптің бәрін де жарты дауысты дейді. Бұл ешуақытта естілмеген жаңа хабар. Керек мұсылманша, керек орысша оқығандарды құрметті Жияшев сол әріптердің бәрі де жарты дауысты, арасында дауысты һәм дауыссыздары жоқ екендігіне сиындырып болғанша, мен өзім сенбей тұрам. Ап-анық а, у, и–лардың дауыстары қалай қарлығып қалғанына қайран қаламын.

Ахмет Байтұрсыновтың тәртібінше, қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арнаған әрпі бар. Ол әріптерменен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітілген.

Ж, х, з, д, т, ф, ғ, у, ш, қазақ тіліндегі сөздерді бұл әріптерсіз анық жазуға мүмкін болғандықтан болар, оралғы болып әркімнің әр түрлі жазатұғын себебі де сол. Орыс жазуында h мен х дыбысы бір. Жазылатын орындары басқа болғандықтан, жалғыз әріп үшін емтихан уақытында қанша балалар ғазап шегеді. Бір әріптің орынсыз артық жүргендігінен мұндай қиыншылық болғанда, 13 әріп артық жүрген қазақ жазуында қалайша шатақ болмасын?

Жияшевтің: «Бірге қозғалалық ... түрік балалары...һади мақсұдының әліппесі Гаспринскийдің төте жолын Үндістан мұсылмандары да қабыл қылды» – деген сөздерінен (*«Айқаптың» №7 қалған сөзінің соңын оқып көрмесем де*) біздің қазақтар да түрік балаларының осы күнгі қолданып келе жатқан жазу тәртібінше болуын мәслихат көретіндігін түсінемін. Бұл секілді пікірлерменен бұрын да азырақ таныстығым бар. Дұрыс, түрік баласы екеніміз рас. Бірге, бірлікте екені де рас. Бірақ жеңілдік үшін әліппенің бірнеше әрпін өзгертумен, түрік қауымынан шығып қаламыз ба? Онан діни-дүнияға қарасымыз өзгере ме? Қайта, қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жұрты өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, олармен аяғын тік басуға тағы да төтерек жол тауып, ілгері ұмтылғаны қуаныш емес пе? Бұрынғыдай кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түрік баласымыз» деп атаның аруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба? Егер жазу тәртібі Ахмет Байтұрсыновтың көрсетуінше болса, түрік, татар, араб, парсы жазуларын оқуға болмай ма? Әбтеһи мектепте шет

тілдер өзі де оқылмайды. Қазақша әріппен мектепті бітірген шәкірт ноғайлардың орта мектептеріне түспекші яки арабша, парсыша оқымақшы болса, қазақ әліппесіндегі жоқ 5–10 әріпті екі-үш сабақта үйреніп білуге болады. Және де үш-төрт жылдай белгілі тәртіппен қазақша оқып, жазып үйренген соң, әлгі соңынан таныс болған жаңа әріптерді қазақ тіліндегі сөздерге бұрынғыдай қатынастырмайды.

Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнататынымнан басқа қосарым мынау: қазақ әліппесіне ф менен х да кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да, қазақ тіліне кірген араб, парсы сөздерінде һәм *Ахмед, Мұхаммеджан, Фазыл* деген секілді қазақ аттарында бұл екі әріп көп ұшырайды. Ф мен х әліппеге кіргенменен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді. Естілуінде де, жазылуында да бұлардан айырылмастай ұйқас әріптер жоқ. Жазу тәртібі хақында оқығандар (*әсіресе мұғалімдер*) шабандамай тезірек пікірлерін білдірсе екен. Ұнатпағандары себебін көрсетіп, ұнатқандары қосары болмаса да ашық хатпенен ұнатқандығын білдірсе, «Айқап» олардың кімдер екенін бағып тұрар еді.

Алашұлы Азамат.
«Айқап», 1912 ж., № 8.

ЖИһАНГЕР НИКОЛАЙ СТЕПАНОВ

(Әліби Жангелдин туралы)

Ақырап жұлдызының орта шенінде Орынборға дүниені аралаған жиһангер Степанов келді. Бұл Степановтың нәсілі қазақ екен, Торғай облысының, Торғай үйезінің, Қайдауыл болысының қыпшақ, қаз руы. Әли баласы екен. Мұнан он бес жыл бұрын, 14 жасында, Қостанай қаласында городской школда оқып жүргенде христиан дініне шығып, Қостанайдан Орынборға келіп духовный училищеде оқып, онан духовный семинарияда оқып шығып, Қазан қаласына барып «поп» дәрежесін алып, әйтсе де оны тастап, Москвадағы духовный академияда дәріс тыңдап жүрген. Үш жыл өткен соң Степанов дүние жүзін жаяу аралап таныс болмақ қиялында болып, 1910 жылдың 9 айында духовный академияны

тастап, жаяу жолға сапарға шыққан. Бұл сапардағы Степановтың барып аралауға көңіліне алған жерлері: Европа, Азия, Америка, Африка һәм Аўстралия. Степанов Мәскеуден шығып Петербургке барған, одан Варшава арқылы Германия, Австрия, Швейцария патшалықтарын, Балкандағы патшалықтарды аралап, Түркия, Персияны аралап, онан Құдысменен жағалап Африкаға барып шыққан.

Бұл жерлерді аралап, халықтарымен танысып болған соң, Степанов пароходпенен «Мадагаскар» деген мұхит дариясының бір аралына барған, онан Хиндустан, Сиам патшалықтарын аралап, Австралияда болып, Қытайда, Жапонияда жүріп, жоғарыда айтылған уақытында Орынборға келіп түсті. 18 ақырапта Орынборда лекция (*ягни көпке көрген-білгенін баяндап*) оқыды. Өзі қазақ болғандықтан, лекциясына киргизский школдың шәкірттеріне 20 билет жіберген. Степановтың лекциясының программасы мынау: Түркия, Палестина, Африка, Мадагаскар, Хиндустан, Сиям һәм Қытай.

Енді Степанов сапарын осыменен бітіргендей ойы бар көрінеді.

Степанов бүгінде әкем тірі деп айтады, әкесінің атын айтпайды. Бірақ жазған қағазынан көрінеді: Николай Майбасарұлы Степанов болып, анығы беймәлім.

М. Д.,
Қараген.
«Айқап», 1912 ж., № 12.

ҰРЛЫҚ НЕ СЕБЕПТІ КӨБЕЙДІ?

«Қазанға жақын жүрсең қарасы жұғар, жаманға жақын жүрсең пәлесі жұғар».

Өткен 1912 жыл декабрь ішінде Семей облысы, Семей үйезі, Шаған болысында атақты ұры һәм қашқын Тәуке дейтінді хакімдер ұстап, Семей түрмесіне жапты. Бұл Тәуке Семей облысында атақты мықты ұры еді. Қасында қашқанпысқаннан жиналған бек көп ұрылар болып, кей уақытта 2–3 топ бірге жүріп талап-тонап, жылқышыны ұрып, жылқыны тартып алып, халықты қан жылатқан, малына не қылмаған бір залым. Бұрын һүкімет жер аударса да,

онан қашып жүретұғын болған. Бұған шейін Тәуке қолға да түспеген, ешкім ұстап та бермеген. Соңғы жылдарда Тәукенің тонаған, талағаны шамадан асқан соң, уездный начальник Тәукенің болысына Тәукені ұстап беруге бұйрық түсірді. Егер де ұстап бермесең, өзіңді жер аударамын деп хабар берді.

Бұрын елдің малын ұрлау, тонау онша ар болмаса да, бір ұры үшін қатын-баладан, ел-жұрттан айырылып жер табу һәм һүкіметтің қарауында ғайыплы көріну онша оңды болмағандықтан, «ашынған батыр болады» дегендей, қашқынның өлтіру, ату қаупі болса да, волостной управитель қасына 2–3 кісі ертіп, урядник Тәукені зерттеп жүріп, ұстап һүкіметке де тапсырды. Бұл ұры көп малды ұрлап, көп халықты тонағандықтан, хакім оны қысып сұрастырды. Ол малды қайда қойған, кімге бергені турасында ұрымен араласуда шүбәланып, бірнеше адамды ұстап түрмеге жапты. Бұлардың ішінде Әзімбайдың баласы (*Құнанбаевтар да*), атақты бай Оразбайдың баласы да бар. Бұлардың бәрі де ұры, бәрі Тәукенің жолдасы демейміз, бірақ сол Тәукені ұрлықтан тыймаған, осыншалық пәлені салғанға тоқтаусыз қоя берген қазақтың бас адамдары, мырзалары, байлары, болыстары демеске болмайды. Тәукені бүгінде ұстап берген мырзаларының бұрын да ұстап беруге шамасы келер еді. Халықтың бас адамдары тыйса, ұры болмас еді. Және мұндай бір ғажап! Ұрылардың атақтылары жылында жүз, жүз елу мал ұрлайды дейді, сол ұрылардың он қарасы да болмайды. Ол ұрлаған мал қайда кетіп бітеді?!.. Бұл жақта халық сонша бұзылған, жеті ұрыға араласудан аман жүрген кісі де жоқ деп айтады. Бұл не деген жаман іс, һәрамды іздегенше, халал кәсіпті файда қылса болмас па еді? Басқа жұрттың адамдары азғантай пұлменен миллиондар жинап, ол байлығыменен халқына ғылым-білім таратып, дүниені нұрландырған заманда, біздің қазақтың мырзалары тоқтыторымның дауынан файда іздеп шаталып-маталып жүруден шыға алмайды. Баяғы қазақ заманы өтті ғой. Ондай істі азайтуға уақыт жетті. «Шөлмек мың күн сынбас, бір күн сынар» деген мақалды ұмытпайық.

М.

«Айқап», 1913 ж., №3.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

(*Сөз басы*)

Тарих дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын; бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарихты ең онды мағлұм деп түсінеді. Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих – халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүниеде түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады. Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы – тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген-білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады. Бірақ ел ішінде жүрген шала молдалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады: «Тәйірі, тарих неге керек? Ол не айтады дейсің. Әншейін ертегі өтірік қой. Құдайдың бұйрығы емес, Мұхаммедтің сөзі емес, оны оқу-білу неге керек?» – деп, аңқау елге арамзалығын қылып, тарихтан жұрттың көңілін суытады.

Тарих не айтады десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіретіндігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себептен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Со секілді келешекте біздің басымызға түсешек бір оқиға осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ,

оның сөзін оқысақ, қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білеміз. Жақсы істен – жақсылық, жаман істен – жамандық тумақшы. Бұрынғының «не ексең – соны орасың» деген сөзінің терең мағынасы осы. Құдай не жазса, соны көреміз деу – соқырлықтың белгісі. Тағдырдың жазғаны болар деу – ақымақтықтың белгісі. Адам не тілесе, құдай соны тағдыр қылмақшы. Тікен еккен жерге бидай шықпақшы емес. Ағаштың тамырына балтаның жүзі тисе құрамақшы.

Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады. Істегенінің бәрі жәбір, залым болды. Қанеки, дүние ақыретте сонысынан не пайда көрмекші? Қиямет күніне дейін сауабы барып тұратын ісі қайсы? Бәрі де қабірде шіріп жатыр. Жанының көрген күні қандай екені құдайға ғана мәлім.

Егер тарих оқысақ, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз. Зарарлы істен қашпақшымыз. Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз.

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күні-күнімен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғибрат алар лық үлгі тастап кетіп, алғыс, рақмет алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих – түзу жөн үйретуші. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих – тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы.

Біз әзірге сөзді осыменен қысқарта тұрамыз. Мұнан соң «Қазақ» газетасында қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз.

Түрік баласы.
«Қазақ», 1913 ж., № 2.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

Күні бүгін дүниеде ешбір нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Әр нәрсенің түбі тексерілді, асылы білінді. Білімі артық, көзі ашық жұрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін тексеріп болып, барлығын кітапқа шығарды. Бөтен жұрттар қатарында ала бөтен біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бүгін Азия картасының

төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалып та тұрған жайы бар.

Тарих ғылымында қанша тарих жазушылар шығып, қаншама кітап жазып шығарды. Солардың арасында қазақтың асылын анық қып айтатыны жоқ. Арабша, түрікше, орысша біз көрген кітаптарда қазақ турасында жазылған сөздердің бәрі де хақиқатқа хараб, шіп-шикі өтірік. Қанағат табарлық ешбір сөз жазылған жоқ.

Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түрікмен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел. Орыстардың, әсіресе һүкіметтің қазақты, қазақ демей қырғыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты «Казачы» ғаскерінен айыру үшін жаңылыс болса-дағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік ғайып. Қазақтың қырғыз атанбай қазақ атанғанын тәуір көруі – казак-орысқа ұқсау үшін деген ноғайлар да бар. Мұнысы бет алдына лаққан сөз. Тарихтың көрсетуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа міну қажеті болмаған. Осы күнгі хохолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрген... Салт қызмет етіп, біздің қазаққа ұқсағаннан соң, «казачье» атанып кеткен. Орыстың атты ғаскері «казак» атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, «қырғыз» атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ ғадетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы.

Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы – мекемеден шеткері болған әрбір істі орында «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдануы тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (*против течения*) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз.

Қазақтың тарихы турасында және екінші қате, осы күнгі қазақты ұлы Шыңғыс ханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының нәсілінен деп түсіну. Олай түсінудің қате екенін аз ойлауменен білетін нәрсе. Осы күнгі қазақ ол қырғыздың нәсілінен емес екендігіне дәлел толып жатыр.

Осы күнде қазақта қыпшақ, арғын, керей, найман, қоңырат деген рулар толып жатыр. Бұл рулар анау қырғыздан басқа болып, олармен қатар жүріп, қатар тұрған елдер еді. Енді қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деп айтуға болады.

Қырғыз бен қазақ арасында қандай басқалық барлықты сөздің реті келген сайын баяндап тұрмақшымыз. Әзір ұғатынымыз мынау: қазақ пен қырғыз екі басқа қауым. Бұл қазақ хазірет Ғайсаның ар жақ, бер жағындағы нәсілінен емес, қазақ-қырғыздықты қойып, қазақтықты қуаттау тиіс. «Қазақ» газетінің екінші нөмірінен басталып «Қазақтың тарихы» жазылып тұрмақшы. Бұл жазатын тарихымыз онан-мұнан құралған тариҳқа тиісті сөздер емес, нағыз шын және тарих дәрістері болады. «Қазақ» газетін үзбестен оқып тұрған адам қазақтың тарихын жете білуге болады. Қазақтың тарихына тиісті сөздер, материалдар жазып басқармаға жіберуші болса, қазақтың тарихын жазғанда пайдаланып тұрашақпыз. Һәм әркімнің естіген-білгені болса, жазып тұруын өтінеміз.

Ғалия шәкірттерінен Құлмұхамет әпенді Оразаев жәнәпләрі мәшһүр Асан Қайғы турасында естіп-білгендерін жазып, басқармаға жіберіпті. Мұның ішінде біз пайдаланар сөздер көп.

Түрік баласы.
«Қазақ», 1913 ж., № 3.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

(*жалғасы, басы бесінші нөмірде*)

Қазақтың елі турасында жалпы жұрт арасында бірсыпыра ертегілер бар болса да, халық оған рас екен деп иланып жүрген жоқ. Қазақтың мектеп, медресе һәм школда оқып шыққан жастары қазақтың елін анық біліп жете алмаса да, әйтеуір, елі түрік нәсілінен екендігіне анық иланады, ғақылы мол, зейіні толық қара шаруаның да бірсыпырасы осыны қостайды. Қазақ пен ноғайдың түбі бір деген сөзді һәр бір қарияның аузынан естуге болады. «Өзбек – өз ағам» деген мақалды һәр бір қазақ біледі. Бірақ қазақтың өзге түрік қауымдарынан қай заманда айырылып, қалайша

бөлінгендігі турасында анық мағлұмат жазылған жоқ болғанға көрім, сол арасы кішкене көмескі болып тұр.

Қазақта бірсыпыра аңқау адамдарда «Әнес сахабаның нәсіліненбіз» деген, қырғызда «Әкеше сахабаның нәсіліненбіз» деген ... мықты дәлел келтіріп, Әнестен деген сөздің әсілсіз екендігін сипат етсек те оған илана қоймайды.

Әнеске жармасушылардың айтатын қара дәлелі мынау: бірінші, қазақтың ұраны «Алаш»... Алаш Анастан, Анас Әнестен өзгерген сөз дейді; екінші, Әріп көшпелі жұрт еді; Әнес баласы болғандықтан, қазақ көшіп-қонып тіршілік қылуды Әріптен алыпты дейді. Үшінші, қазақ мейманпаз, қонақ сыйға мырза жұрт; мейманпаздық Әріп халқының ғұрфы еді. Әнестің нәсілінен болмаса, қазаққа мырзалық қайдан келіпті дейді.

Мінеки, ғақылға да ұнамайтын, тарихқа да сыймайтын осындай дәлелдерді жастанып, адасып жүрген талай адам бар көрінеді.

Бұл дәлелдердің ғақылға да һәм тарихқа да сыймай тұрғаны мынау:

Қазақтың «Алаш» атанғаны хижреден (*Мұхаммед ғалейһ сәләмнің Меккеден көшіп Мединеге барып кірген күнінен*) алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мүліктен төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр-қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран беріпті, һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш қос беріпті. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (*соотечественник*) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз:

«Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын,
Ұнатпасаң, жай жүрген алашыңмын»– дейді.

Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында. Және қазақта «Алаң келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң – шет елдің кісісі, Алаш – отан кісісі мағынасында болады.

Сол күнде Жошы ханға «Алаши» деп лақап қойылды. Алаши – алаштың басшысы (*глава отечества*) мағынасында

болады. Қазақтың «алаш алаш болғанда, алаши хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған.

Бұл турада сөздің ұзынын кейін жазбақшымыз. Бұл орында «Алаштың» Әнестен алынбағандығын көрсету үшін ғана қысқаша жазып, осыменен қоя тұрамыз.

Түрік баласы.
«Қазақ», 22 март 1913 ж., №7.

ҚҰЛДАР ДОСТЫҒЫ

Өкінішті мәслихат

Алыста, теңіз артында, ең жүйрік параходпен бір жарым жұмада жетерлік жерде дүниенің бір зор бөлігі Америка жатыр.

Бұл Америка жаңа дүние деп аталады. Себебі, ол халыққа дүниенің басқа бөліктеріне (*Европа, Азия, Африка*) қарағанда соңырақ мағлұм болды. Американы мұнан төрт жүз жыл бұрын Христофор Колумб деген бір батыр капитан тапқан. Өзінің байлығы, жерінің жақсылығы, хошлығы һәм жылылығыменен Америка басқа жерлерден артық. Христофор Колумб өзінің әуелі шыққан жері Испанияға кеме-кеме алтын-күміс, қымбатты асыл ағаштар, хош иісті шөптер алып, олжалы болып қайтыпты. Бұл олжаға қызығушылар табылып, әлгі алыстағы жақсы жерге жетуге ұмтыла бастайды. Бұлар жаңа дүниеге кіріп, аралап жүргенде, екі патшалықтың үстінен түскен. Мұндағы халықтың өзіне махсұс діні, тілі, әдет-ғұрпы, ғылым һәм низамы бар екен. Басында бұлар Испаниядан келгендерді махаббатпен қарсы алып, сый-құрмет көрсетсе де, келушілердің көнілінде бұларға достық болмай, құр алтын-күміс жию ғана болған.

Бұл жауыздар бишара жуас, жәрдемсіз халықты талап, қатын-қыздарын да зорлап, айтқандарына көнбегендерді өлтіріп, көрген жақсылықтарын жақсылықпен қайтару орнына оларды құл қылып алған. Алтын-күміске ашкөзді ант ұрғандар бишараларды аямай, шамасы келмейтін жұмысқа салып қинай бастап, қатты рақымсыздықтар істеген. Бір Испания кісісі аңға шықпақшы болып, итіне беретін азығы болмағандықтан, бір қатыннның құшағындағы баласын тартып алып, кескілеп итіне жегізген. Зорлықпен

бағынған, ауыр қызмет көрмеген, нәзік болып өскен бишара Америка халқы әлгідей ауырлықтарға шыдамай ауырып, қырыла бастаған. Бұлардың мұндай аянышты халге ұшырауына Испания халқының арасынан кейбір асыл заттардың жаны ашып, аз болса да бұл халыққа жәрдем етіп, халін жеңілдетуге тырысқан. Бәрінен де артық олар үшін көп жақсылық қылған Испания епископы (*поп*) Лас Казас деген кісі болған. Лас Казас бұлардың ауыр халін жеңілдету үшін қайғырып, ол заманда қауіпті сапар саналған Испаниядан Америкаға алты қабат барып қайтыпты. Ол уағыздар сөйлеп, хаттар жазып, кітаптар шығарып, бишара Америка халқының ауыр қызметті көтере алмай ауруға, өлімге душар болғандығын халыққа түсіндірген.

Лас Казас: «Егер де құлдар бек керек болса, бұлардан күштірек, денесі де сом жаралған Африка негрлерін көшіріп алу керек» деп жазған.

Лас Казастың бұл қызметі бос кетпей, Испания адамдары Америка халқын құлдықтан азат еткен. Бірақ мұнымен де залымшылық артпаса кемімеген. Жергілікті халықтың алтын-күміс, қымбатты заттарын Испания халқы талап бітіргендіктен, оларға ақшаны басқа жолмен табу керек. Не қыларын білмей сасып қалған Испания кісілері мұнда күріш, кофе шайы, мақта, қант егіп өсіре бастап еді. Жылы ауада, егінге қолайлы, құлақ естіп, көз көрмеген жерге еккен нәрселері бітік шықты. Енді бұл жұмыстарға, әрине, қызметкерлер көп керек болды. Лас Казастың мәслихаты бойынша, жұмыскерлерді бұларға Африкадан таси бастады. Рақымсыз бұзық Испания халқы қарусыз негрлерді шауып алып, құлдыққа айналдырды. Жыл сайын Африкадан неше жүз кемеге жанды жүкті тиеп жөнелтіп, мыңдап бақытсыз негрлер көздерінен қанды жастар ағызып, туған, өскен жерінен, ата-анадан, туысқан бауырдан өмірінше көрместей болып айырылды.

Бұл рақымсыздықты көре тұрып, Лас Казас өзінің мұндай қата мәслихат бергені үшін: «Алла хұзырында индейлер орнына негрлерді мұндай азапқа салдырғаныма не жауап беремін? Қалайша өзімді ақтап алармын?» деп қорқынышқа түсе бастады. Ол өлер алдында: «Негрлерді құлдыққа айналдыру да – индейлерді құл еткен секілді құдайсыздық, әділетсіздік» деп жазыпты.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж. № 5.

ТІРІ ЖҮК

Адамшылық һәм христиан халықтарының ұятына қарсы негрлерді құл қылу Америкада біздің заманымызға дейін келіп, мұнан елу жыл бұрын ғана бітті. Сол уақытқа шейін 300 жылдың ішінде Африкадағы неше ру халық ғұмыр бойы өздерінің жанынан, еркіншілігінен қорқып, Америкадағы құл болған негрлерді көріп, көздерінен қанды жастар ағызып келді.

Құл сату закон бойынша дұрыс бір кәсіп секілді болған еді. Африканың теңіз жағасында Еуропа (*Англия, Франция, Испания*) һәм басқалардың осы ретті сақтаумен әлгі құл сату тоқталмай тұрды. Кейбір уақыттарда қару-құралды ғарыптың саудагерлері топ-топ болып, құралсыз негрлерді аң секілді аулаушы еді. Түнде жасырынып негрлердің жатқан жеріне келіп қамап тұрып, байлап, матап алып, айдаған қойдай судың жағасына алып келген. Мұндай олжаны тиеп алуға күтіп тұрған кемелер көрінер еді. Бұларды мылтық, оқ-дәрі, түрлі тауарларға айырбастап кемеге салатын еді. Кеме үстінде жанжал шығармасын деп аяқ-қолдарын кісендеп тастаған. Мүмкіндігінше кемеге құл толтырғанға ішіне халық симай кетіп, ыстық күнде пысынап, ауа бұзылып, дем алуға да қиын. Мұндай ауаға шыдай алмай өлгендерін күніне әлденешеуін теңізге тастап, егер де жұқпалы ауруы болса, науқастарды да аямастан суға тірідей лақтырып отырған.

Жел қарсы келіп, кеме жүрмей, азықтары азайғанда, суға дені сауларын да лақтырушы еді.

Еш уақытта, мұнан басқа еш жерде бұл секілді қайғы, азап еріксіз адамға толған кемедегідей болмады деуге жарайды. Мұндағы кісілер ынсан емес, хайуан, ғазап һәм михнатқа душар болған мақлұқтар дәрежесінде еді. Артында – өртке жанып, шабуылшылықта хараб болған үй іші, алдында – күтіп тұрған құлдық. Бақытсыздық, аштық, дем ала алмай тұншығарлық нашар ауада таяқ жеп көрген қорлық.

Әр кемеден Америкаға жеткенше негрлердің үштен бірі, кейде жартысы өліп бітсе де, қожалардың көрген пайдасында қисап жоқ еді. Африкада 20–25 бес сомға алған негр Америкада 150–200-ге, кейде тіпті 300 сомға сатылып жүрген. Соңғы уақытта Америкада бағасы 700–800 мың сомға шейін көтерілген.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 7.

АДРИАНОПОЛЬ

Газетіміздің өткен нөмірінде Адрианопольді алғанын жазып едік. Адрианопольдің нендей шаһар екенін соғысып алған славяндарға қанша абырой, қанша пайда, жеңіліп айырылған Түркияға қанша намыс, қанша зарар екенін оқушыларымызға баян етуді лайық көреміз.

«Әр асқанға бір зауал» деген мақал осындайда айтылады екен. Бір заманда даңқы жер жарып дүниені тітіретіп тұрған Түркия бүтін ғаламға масқара болып, жайлауын жауға алдырып, ар-намысын сақтай алмай неше жүз жылдай сүрген дәурені көз ашып-жұмғанша жоқ болды. Күні кеше қол астында айтқанына көніп, айдағанына жүрген славяндар жиырма, отыз жылдың ішінде көзі ашылып, бірлік қылып, өнер-ғылым үйреніп, күш-қуатын жиып, бір-ақ күнде етек астынан шыға келіп, жұрт таң қаларлық ерлік көрсетті. Бұрынғы түрік шыққан биікке олар шығып, бақытсыз Түркия тайғақ алдыға қарай домаланды. Балқанда соғыс басталғаннан бері Түркия жеңіліп келді. Бірі артынан бірі шаһарлар алынды. Солардың бәрінен де артығырақ славяндардың сұқтанған – көз тіккен шаһары Шамшит патшалықтардың яки дүниенің деп айтарлық, құлағын салып, қайсысы алынуын, қайсысы қалуын тілеп тұрған шаһар – Адрианополь болды.

Сол Адрианопольді болғарлар неше мың әскер құрбан қылып, есепсіз шығынға батып, ақырында алды. Неше айдан бері соғысып, қан төгіп, еңбек сіңірген славяндар ерлік, бірлік, біліммен өздерін дүниеге танытты. Сол себепті оларға қазіргі шыққан шығыннан алған атағы қымбат. Адрианополь секілді қорғанды шаһарды шауып алған халық қалай шатланбасын. Соғысып жатқан патшалықтардың екі жағына бірдей әділдікпен қараймыз деп тұрған біздің Россияның қара халқы емес, Г. Думасы Адрианопольдің алынған хабарын естігенде, қандастарының жеңгеніне қуанғанын жасыра алмады.

13 мартта Г. Думада кадет партиясының бастауы бойынша Думаға депутат Россияға қараған жұрттардың бәрінен де сайланатын заң шығару керек деген мәселені тексеріп, мінберге әр партияның шешендері шығып сөйлеп, сөздің қызып тұрған кезінде Думаның председателіне Адрианополь алынды деген асығыс телеграм әкеліп тапсырған. Депутат Керенский (*һүкімет жағындағы кісі*) жүгіріп, телеграмды көріп, «Адрианополь алынды!» деп ұран салған.

Сөйленіп тұрған сөз былай қала беріп, депутаттар Дума сарайын бастарына көтеріп шулап, телефонмен Петербордағы болғар Думасының бастығын һәм елшісін шақырып алған. Бұлар келіп кірген соң депутаттар ұран шақырып, екеуін қолдарына алып көтеріп, қуаныштары қойындарына сыймаған. Мұнан кейін депутаттар болғарларға құтты болсын айтып, телеграм жібереміз дескен. Сол кезде министр социал-демократ Шехидзе шығып сөйлеген: «Сіздер славяндардың Адрианопольді алуына қуаныш көрсетеміз деп, ең әуелі Думаның тәртібін бұздыңыздар. Дума бұл секілді көлденең дау-дүңнің орны емес еді. Екінші, біздің партиямыз болғарларға қуанышын құттықтап, телеграм беруге қосылмайды. Оның үшін қан төгушілерді қуаттамаймыз. Біз үшін түрік жеңсін, болғар жеңсін – бәрібір. Тек кімде-кім қан төккен екен, біз оған қуанбаймыз» – деген. Депутаттардың көбі Шехидзенің мінберге не үшін шыққанын сезіп (*бұл қашаннан ащы сөйлейтін кісі*), «сөзің керек емес, сөйлеме» деп дауыстап, Думаны жаңғырықтырған, оған Шехидзе де тоқтамайтын болған соң көбі шығып кеткен.

Думаның сол күнгі мәжілісі тараған соң өзара сөйлескенде кадеттердің бастықтарынан Радищев айтыпты: «Депутаттар славяндарға қуаныш белгісін көрсеткенде, думаның басқа бөлмелерінде болулары керек еді. Нақ Думаның Кеңесі уақытында болғаны орынсыз»–деп. Мұсылман фракциясының председателі Құтлық Мұхамед әфәнді Тевкелев айтқан: «Депутаттар желігіп, славяндарға қуаныш белгісін көрсете бастағанда, біз, мұсылмандар, шығып кетуді ойлаған едік. Бірақ бұл іс шұғыл болып қалып, залдан шыға алмай қалдық. Жеңілген жағы біздің тұқымдастарымыз болғандықтан. Әлбетте, біз олардың жауына жасалған қуанышты қошаметтей алмаймыз» – деген.

Міне, депутаттар арасында осы айтқандай бек азы болмаса, көбі салқын қандылық көрсете алмаған.

Адрианопольді болғарлар алғанына басқа тұқымдас патшалар сонша қуанарлық һәм Түркияның қабырғасы қайысарлық қапа болуда. Оның басқа шаһардан тарих жүзінде артықшылығы:

Адрианопольді Ғайса пайғамбардың туғанынан санағанда екінші ғасырда Рома патшасы «Адриан» салдырғандықтан, Адрианополь атанған екен. Бірнеше заманнан кейін Түркия соғысып, өзіне қаратып алған.

Адрианополь Стамбулдан тоқсан жыл бұрын пайтахыт болып, Түркия сұлтандары төрт патшалық һүкіметін жүргізіп, жылдан жылға әдемілеп түзеткен, зорайтқан.

Адрианополь пайтахыт заманда опат болған сұлтандардың сүйегі онда қойылмай, Бросе шаһарына апарып қойылғандықтан, бұл күнде онда ханзадалардың зираты жоқ. Бірақ бүтін дүние сұқтанарлық тамаша мешіттер бар: Сұлтан Сәлим, Сұлтан Баязит, Сұлтан Мұрат һәм басқалар.

Мәскеуді орыс халқы екінші пайтахыт деп санап, қандай қымбат көрсе, Адрианополь Түркияға сондай қадірлі еді. Бірақ Мәскеуді Наполеонның әскерінен бүтін Россияның қарасы, төресі, жасы, кәрісі, қатыны, баласы – бірі қалмай қолдарына қару көтеріп, бір намыс, бір тудың астына жиналып сақтап қалып еді. Түркия Адрианопольді ондай сақтай алмады. Адрианопольдің түріктер үшін Мәскеуден айырмасы сол ғана болды.

Адрианопольдің жау қолына кетуі Түркияның бағы кетумен пара-пар. Мұнан бұрын да Түркиядан өлшеусіз олжа дәметіп отырған славяндар енді Адрианопольді алған соң араны бұрынғыдан да жаман ашылар. Бір жағынан, Түркияның халіне қайғырып көмек беретіндер де санаулы екенін білген. Екінші жағынан, өздерін жақтайтындардың көп екенін білген. Үшінші, өздерінің бағы жүріп тұрған славяндар азға қанағат қыла ма?

Енді не болса да болды. Қанша зарарлы болса да, соғыс та тоқтар. Мұнан кейін өзін әлек еткен нәрсе Түркия халқының надандығы, өз арасының алалығы екенін біліп, славяндардан алған сабағын ұмытпай, қаталарын түзеп, дүниемен біржола хош айтысайын демесе, қатарға қосылудың қамын ойлар.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 7.

ЖҰМЫС ХАЙУАНЫ

Құлдық заманында Африкадан Америкаға әкеліп сатқан негрлердің саны жеті миллион болған.

Бұл сорлы адамдардың көрген күнін адам баласының басына құдай салмасын!

Таң атқаннан ел жатқанша бұлар қызметте. Жерді күйдіріп тұрған ыстық күнде, жан шыдамастық ауада құл бишара басын көтерместен еккен егіндерін орып, жерін жыртып, дамылсыз жұрмекте. Азырақ отырып демалайын десе, артынан қарап тұрған күзетші аямай кез келген жеріне бас-көз демей сабап, ұрған нәрсесі терісін кесіп, етіне жеткен.

Егер де бұл құл әлі кетіп жығылса, оны өкпеге, ішке тепкілеп тұрғызған. Жас, кәрі, ауру, сау деп ешкімді айырмаған. Бұл құлдарды ақшаға сатып алғандығы ғана есінде болып, қожалар сол ақшасын пайдасымен шығарып алу үшін бұл сорлылардың қанын, терін аямай жұмыс қылғызған. Бір ғана байлар, төрелер емес, тіпті законның да бұл құлдар жөнінде еш әділшілігі болмаған. Құлдарға жұмыс хайуаны секілді ғана қараған. Оларды жақсылап тамаққа тойғызып, дұрыстап киім кигізбеген. Тәрбиелеп оқыту жағынан тіпті қорыққан. Қожалар: «Егер бұларды оқыта бастасаң, көздері ашылып, бізге қарсылық көрсете бастар, онан да осы күйінде қалсын, өзінің кім екендігін біліп, еркіншілікті ойлаған адамдардан бір қора малды бағу оңай. Бізге бұлардың оқығаны, көздері ашылғаны, жүректері тазарғаны керек емес. Бізге керек күшті қызметкерлер. Негр халқы өзі де оқуға лайықты емес. Ауыр жұмысты істеу үшін жаралған бір хайуан» – дейтін еді.

Шіркеулерде қайсыбір ұятсыз поптар: «Тәңірі бізге (*ақ халыққа*) негрлерді құл қылу үшін жаратқан»,–деп үгіттер сөйлеген. Сондай уақыттар болған. Құлдар әлгідей ауыр қызметке шыдай алмай қашып, Американың қалың тоғайларына жасырынып қалған. Сол уақытта бұл қашушыларды аң аулағандай аулап, бұларды иіскеп ізімен табатын иттерді үйретіп алып шығып, бұл иттер қандай қалың ағашта болса да тауып, үріп, дауысымен мергендерді шақырып, соңғылар келіп, бишара негрлерді аямай жандарын қинап, алып қайтады екен. Біздің бұл күнгі мал сататын базарларымыз секілді, үлкен қалаларда құл сататын базарлар болған. Алушылар негрлерді таңдап, мал секілді тісін қарап, қолдарын сипап көріп, жүгіртіп, секіртіп, ұстатып байқайды екен.

Құлдарды жекелеп яки үй ішімен сатқан. Көнбесе бір үйдің адамдары бөлініп, шешесі біреуге, атасы екіншіге, балалары үшінші, төртінші кісілерге сатылып кетуші еді. Бұл істі көріп тұрған адамның жаны пара-пара боларлық еді.

Қандай жақындарынан, қымбат туысқандарынан қожалардың мейірімсіздігі себепті бірнеше жүз теңге үшін өмір бойына айырылып кетіп жүрді.

Бұл секілді мейірімсіздікке бірсыпыра тәуір кісілер де душар болған. Кей уақыттарда негр емес, тіпті оқыған, тұрмысы жақсы болған ақсүйектер де сатылып жүрген. Себебі сол, құлдар жөніндегі закон бек қатты болғандықтан,

құлдар мен ақсүйектер арасында қыз алысуға дұрыс емес еді. Атасы ақ сүйек болса да, анасы құл болса, балалары құлға есеп болушы еді. Мұндай балалар негрге ұқсамай, беттері ақ, сұлу болушы еді. Бұларды «молат» деп атаған. Әрине, аталардың көбі әлгі «молат» балаларын еркін, ақсүйек балаларша асырап, өсірген.

Егер бұлардың аталары әлгі негр қызынан туған балаларын азаттыққа әбден шығармастан бұрын өліп кетсе, жақсы тәрбиеде рахаттанып өскен балалар тағы да жауыз қожаларға құл болып кетуші еді. Ауыр бейнет, күштен тыс жұмыстың астында, ыстық күнде белін жазбай жүрген құлнегрлер өздерінің адамшылығын жоғалтып, бір түрлі нашар мінезді аңға ұқсап кетіп еді.

Кейбіреулер қожаларының көңілін тауып жақсы көріну үшін, әрбір осалдық, жамандыққа даяр еді. Өздерінің жолдастарын ұстап беріп, қожалары не жамандық қыл десе соны істеген.

Құлдықтың ең жаман жері де сол еді (*Қожа болсын, құл болсын – адамды бұзу*). Қожалардың жанын тат басып, өздерін еркін бір жыртқыш аң қатарына жеткізу, құлдарды мал секілді, жалғыз-ақ тамағының тоқтығын уайымдатып, қорқынышта: «Мені тез өлтіріп тастамаса жарар еді» демекте.

Керек ақсүйек, керек құл болсын, бәрі де бір тәнірдің алдында тең пенде екенін білген кісілердің осы құлдықты көріп тұрғанда жандары жараланып, ақылдарынан адасушы еді.

Мұндай адамдар кітаптар, хаттар жазып, жұртты үгіттеп, құлдар хақындағы законды жұмсартуға ұмтылса да, пайдасы аз болды. Себебі, құл ұстаушылардың мойындары жуан–құлдардың құнымен семірген. Ойлағаны жалғыз-ақ пайда еді. Бұлардың құлақтарына құлдарды қорғап, қамқорлық еткен бірлі-жарым адамдардың сөздері кіріп те шыққан жоқ. Бұларды бұл қысымшылықтардан тоқтату үшін бүкіл халыққа, бүкіл христиан жұртына құлдықтың жалғандығы, жамандық, зорлық, зомбылықтың біріншісі екенін түсіндіріп, миларына кіргізіп, жүректерін ояту керек еді.

Бұл ауыр қызметті орнына келтіруді үстіне алып, түбінде құлдарды азат еткізген «Хижина дяди Тома» деген кітапты шығарған Гарриет Бичер-Стоу атты бір қатын еді.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 8.

* * *

Стоу деген кісінің қатыны Гарриет Бичер 1811 жылы Американың солтүстік жағында туған. Оның атасы бек ғалым болып, қызын да өзі секілді жұртқа пайда келтіретін адам болып өсуіне тырысқан еді.

«Адам баласы бір-біріне қарындас. Адам баласына парыз болған нәрселер әуелі Алланы танып, екінші адам балаларын біреуін кем, біреуін зор тұтпай сүю. Мұндай болмаса ол адамның адамшылығы да аз»,–деп атасы әр уақытта айтады екен. Міне, осындай жақсы тәрбие көріп өскен Гарриет құлдардың ауыр халін көрген соң жаны ауырып, қалай да болса бұлардың ауыр халін жеңілдетуді өзіне бір зор міндет деп білген. Сөйтсе де бұл мақсатына тез жете алмаған. Өзіне қанша бейнет көруге тура келген. Гарриет өзі Стоу деген профессорға тиіп, ерімен тату тұрған. Бұлардың балалары көп болып, расходтары артып, жылдан жылға үй ішіндегі қызметтен, балаларының тәрбиесінен босай алмай, құлдар хақындағы ойлағаны азаптап, ешуақыт ойынан шықпаған. Бичер-Стоу: «Халықтың ұйықтап жатқан ұжданын ояту керек» деп ойлап жүрген. «Құлдар хақында сондай бір кітап жазып шығу керек. Ол кітаптың әрбір сөзі оқыған адамның жүрегіне соққандай болсын, ол кітаптың әрбір бетінен азаптанушы құлдардың жылаған, зарлаған дауыстары естілгендей болып, оқушының да көз алдына құлдардың көрген қысымшылығы, бейнеті – әммесі көрініп тұрғандай болсын. Бар хикматы да – осы айтқандарды көзге көрсете алуда. Мысалы, бір пойыз жолынан шығып кетіп қырағанда, қырық-елу кісі өліпті деген ғана хабар бізді аз қайғыландырады. Егерде бұл пойыз нешік харап болғандығы көрсетілсе, жолдан шығып кетіп қырағанда, астында езіліп қалған адамдарды, біреудің қолын үзіп, біреудің кеудесін езіп, үшіншілерін қайнаған сумен бүрістіріп, төртіншілерін отқа пісіріп, бұл қырғыншылықтан қашып құтылуға халі болмай жатқаны, бір қатын өзінің көз алдында қайнаған суға күйіп жатқан баласына қанша ұмтылса да, өзінің аяқ-қолы езіліп қалғандықтан жете алмай жатуын яки бір адам терезеден қатынын шығарып алайын деп жатқанда жарылған шойын түсіп басын жарып, миын езіп кеткенін көзіңіз көргендей етіп айтса, сіздің шашыңыз тік тұрып, көзіңізге қан толып, ұйықтасаңыз түсіңізден, күндіз есіңізден кетер ме?! Мінеки, бишара құл-негрлердің де көрген азабын осындай етіп көрсету керек. Өзімді азаптаған ұждан,

шапқатты басқаларға да түсіндіруге керек» деп Бичер-Стоу әмәндә ойлаушы еді. Бұл пікірі өзіне де тыныштық бермеді. Бичер-Стоу құлдардың көрген азаптары хақында көп нәрсе естіген һәм білген еді. Жалғыз-ақ қорқатыны, өзінің ойлағанынша, бұл бишараларға жәрдем етуге білім жетер ме деген қауіп еді.

Бір күндері Бичер-Стоу ғибадатханада уақытында оқылған дұға жүрегін қозғап, көңіліндегі бұрынғы мархамат, шапағаты әуелгіден де көбейіп кетіп, нешік те болса бақытсыз негрлерге жәрдем етудің куәлігіндегі ойларын ояту керек деп бел байлады. «Бұл құлдардың арасында мұндай жақсылары, ақылдылары бар. Құлдығы болмаса ешкімнен кем емес. Оларды хайуаннан жаман азаптайды» – деп ашуы келуші еді. Оның сол уақытта жақсы құлдардан Том деген бір адам есіне түсті. Көз алдына келіп көрінді. Қалайша әлгі Том қожасының ауыр жазасына, азабына шыдай алмай, ақырғы рет дұғасын оқып, көзінен қанды жасын ағызып, өлейін деп жатқаны еске түсіп, жиылған халықтың көзінше еңіреп жылап жібере жаздады. Бұл жерден тез үйіне қайтып, қолына қағаз, қалам алып, Томның өлімі туралы бір кішкене кітап жазды. Кітабы жазылып болған соң оқып шығып, Бичер-Стоу өзі жылап жіберді.

– Ай, Алла! Ай, Алла, осыны оқып шыққандардың жүрегі оянбас па екен? – дейді.

Байы үйінде жоқ еді. Әлгі кітапты өзінің он һәм он екі жасар екі баласына оқып шыққанда, соңында балалары да қатты жылап, көздерінен жас ағызып тұрып:

– Әже! Әже! Бұл дүниеде құлдықтан қорқыныштысы жаман нәрсе бар ма екен?! – дейді.

Ақырында, халыққа мәшһүр болып, «Хижина дяди Тома» деген кітап жазылды.

Бұ кітап рақымы жүректен шыққан күллі христиан ғылымын оятқан бір қатты дауыс еді. Бұл кітап басылып дүнияға шығысымен жұрт таласып оқитын болды. Америкада аз уақыттың ішінде төрт жүз мыңы тараған, жиырма түрлі тілге тәржіме етілген, бұл кітап бүтін дүниедегі халықтың ұжданын оятуға қаққан дабылдай болған. Америка халқы арасында мұндай залымшылық болғанға һәм оның жұртқа паш болғанына қатты ұялған. Бұрын мықтылардан, қожалардан қорқып үндемейтін, өзара ғана күңкілдесіп жүретін құлдар енді халық алдында дауыс шығарып, өздерін құлдықтан азат етуін сұрай бастаған. Американың бүтін солтүстік халқы құлдарға жәрдем ету

жағында болған. Онтүстіктегілер (*құлдар көп жағы*) жаңа законге бағынғысы келмеген. Сол себепті бұлардың арасында екі жылдай соғыс болып, ақырында құлдар азат болған. Қазір олар – еркін Американың ерікті адамдары. Бұл күнде бұлардың арасында жақсы ғалымдар, жазушылар, артистер, суретшілер, байлар бек көп. Олар өздерін құлдықтан құтқарған Гарриет Бичер-Стоудың жақсылығын көңілдерінің терең жеріне сақтап қойып, еш уақытта ұмытар емес.

Мұнан 15 жыл бұрын, 1896 жылы 19 июньде, 85 жасында Бичер-Стоу опат болды. Жаназасына қисапсыз халық жиналып, қабірі басына түрлі зейнеттелген гүлдер қойып, халыққа еткен ізгіліктерін шешендер сөйлеген. Солардың ішінде сөзі тас көңілді ерітерлік, бұрын өзі де құл болған негрдің бір шалы бар еді. Қабір көмілместен бұрын, алдына барып, тізесін бүгіп отырып, қалтыраған қолдарын аспанға көтеріп, көзінен жас сорғалатып, дірілдеген дауыспен сөйледі: – Әй, бізді құтқарушы, жәрдемші! Ұйықта рахат! Мен де кешікпей сенің қасыңа барармын... Биік Алланың хұзырында сені тағы да көріп, күллі құлдар үшін екінші мәртебе саған рахмет айтармын. Қош, біздің досымыз,– деп еңіреген дауыспен жерге барып жығылды.

Әй, мәзлум құлдардың досы! Бишара құлдарды сүйеуші! Сен енді мәңгілікке рахат ұйықта! Сенің жазған кітабың бүтін халықтың ұжданын оятты. Тастан қатты көңілін жұмсартты. Көздерінен жас ағызды! Енді сен рахат һәм тыныш ұйықта! Бүтін халықтың көнілінде сен мәңгіге тұр, жоғалма!

(соңы)

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., №9.

ҚАЗАҚ АҚЫНЫ

Торғай үйезі, Қайдауыл болысының қазағы ақын Бекмұхамет Алмұхаметұғлы (*лақап аты Ақмолла*) биыл қажыға бара жатып, Орынбор шаһарына тоқтап, «Қазақ» басқармасында болды. Өзінің ғұмырында жазған өлеңдерін жиып, бастыруға Ахмет Байтұрсынов һәм Міржақып

Дулатовқа рұқсат етіп, қолынан законға муафиқ подписка берді. Мұнан былай кімде- кімнің қолында Ақмолланың өлеңдері болса, «Қазақ» газеттерінің басқармасына жіберулерін өтінеміз. Закон бойынша бұл өлеңдерді бастыру хақы (*правосы*) Байтұрсынов пен Дулатовтікі, бұлардан рұқсатсыз енді һешкім бастыра алмайды. Ақмолланың сөздері бұрын тасқа басылған жоқ еді, сондықтан бір-екі үйез елден артық жерге жайылған жоқ. Ақмолла салыстырып қарағанда, қазақтың бірінші ақындарынан саналады.

Тағы да бір сөз. Ақмолла дегенге кейбіреулер таң қалар, себебі Ақмолла екеу, екеуі де молда, екеуі де ақын. Әуелгі Ақмолла көптен опат болған кісі, заты ноғай еді. Ол кісінің сөздері кітап болып басылып шыққан. Біздің айтып отырғанымыз – екінші Ақмолла.

Азамат.
«Қазақ», 1913 ж., № 9.

«ЭСПЕРАНТО» ТІЛІ

(*Международный язык «эсперанто»*)

Дүние жүзіндегі халықтар әуелде бір адамның балалары болса да, көбейе келе әр дінге бөлініп, әр тілде сөйлеп кеткен. Қазіргі өнер-білімге толып тұрған заманда темір жолдар, телеграфтармен дүниенің төрт жағын біріне-бірін жақындатуға айла табылса да, әлгі халықтар бір-бірімен кәміл халжайын танысып, білуге тілі сақау, құлағы саңырау еді. Себебі: жер жүзіндегі жұрттың тілдері сонша көп екен, соларды түгел білмек түгіл қанша ғұмыр, қанша ақша сарп еткен кісілер 2–3 тілден артық біле алмайды. 2–3 тіл білуменен дүниені аралай алмайсың.

Дүниедегі бар адам бір атадан тараған, бір үлкен үйдің балалары бола тұрып, біріменен-бірі атысып, шабысып, жауласулары тілдерінің басқалығы себепті, әрқайсысы әр түрлі тәрбие алып, мінез-құлықтары да өзгеріп кеткен. Адам балалары бұл халді көптен сезіп, әсіресе соңғы 200 жылдың ішінде ғылым иелері бұл туралы бір шара іздей бастаған. Ақырында, біздің заманымызда мәшһүр доқтыр Заменгоф деген жер жүзіндегі халықтарға бірдей ортақ «эсперанто» тілін ойлап шығарды. Бұл тілдің үйренуге оңайлығы сонша: егер бірнеше ай көңіл беріп, үйренген кісі өзінің ана тіліндей

болып шығады. Қазірде бұл тілді дүниенің биік ғалымдары, философтары қабыл етті. Шет патшалықтарда әр жылда неше мәрте «эсперантошылардың» жиылыстары болып, 20–30 түрлі тілде сөйлейтін жұрттардың адамдары келсе де, әрқайсысы өз тілінде сөйлегендей болады. Француздың француз екені, немістің неміс екені білінбейді. Қазір бұл тілде газета-журнал, кітаптар көп.

«Эсперанто» тілі көп мемлекеттерде, школдарда оқытылады. «Эсперантошылардың» қазір Россияда да жиылыстары, курстары бар. Бұл тілде енді аз жылдарда дүние жүзінде тегіс патшалық сүрсе керек. Бұл тілді білушілер миллиондарға жетеді.

Оқыған һәм жүрген білімге дарынды қазақ жастарының «эсперанто» тілі хақында хабарсыздарына түсіндіріп, бұл секілді керекті тілді үйренулеріне мәслиһат беремін. Орысша білмей, мұсылманша оқығандар үйрене алмас. Бұл тілдің үйренуге женілдігіне кітаптарын оқып көрген соң, өздеріңіздің де көздеріңіз жетер. Кітаптары арзан 15, 20, 25, 30 тиын. Егер тұрған шаһарларыңызда «эсперанто» кітаптары табылмаса, өз адресі мынау: г. Варшава, ул. Дикая, № 9. Д-ру Л. Заменгофу.

Мир-Якуб Дулатов.
«Айқап», 1913 ж., № 9.

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЕВ

2 апрельде Қазан шаһарында ноғайдың атақты жас ақыны Ғабдолла Тоқаев опат болды.

Өткір, терең мағыналы өленімен ноғай ғылымына өзін жастай танытқан Ғабдолла әфәндінің өлімі жақындарының, өленделерінің қадірін танығандардың жүрегін өртеді. Оны білмейтін жазу таныған ноғай жоқ. Біздің қазақ халқына марқұм Ыбырай Құнанбаев қандай құрметті болса, Ғабдолла әфәнді ноғайларға да сондай еді.

Марқұм ата-анадан жастай жетім қалып, тәрбиелейтін жақын жоқтықтан бала күнінде, ашаршылық жылдарда бір қолдан бір қолға сатылып та жүрген. Жетімдіктің, дүние қысымшылығының ащы дәмін татқан, өскен соң да дүниеден артық рахат көре алмай өтті.

Бірақ дүниенің не түрлі тарлығынан, көлденең кертелерінен тауы шағылмай жас басынан атағын шығарып, өзіне

жол ашты. Қандай ащы болса да, ақиқатты айтуда ешкімнен қаймықпады. Қанша тарлықта жүрсе де, жүрегі (*тарықпады*) қайтпады. Қадірін білмеген надандар оны қанша жақтырмаса да, оның махаббаты ноғайына һәмәнда артып отырды. Бұл айтылғандардың растығына марқұмның бір өленді дәлел:

Жырлап тұрам, тұрған жерім тар болса да,
Қорықмим сүйгән халқым, бұ татар болса да.
Көкірәк киріп қаршы тұрам, миңа милләт,
Хазіргі күн мылтық, оқ атар болса да.

Оңға, солға аумим, әркиз алға барам,
Юлда маниғ көрсәм тибәмдә аударам.
Қаләм қолда бола тұрып яш шағиргә,
Мағлұмдұрки қорқу білән ұрку һәрам.

Шекләнбіміз дұшманларның күшіндән біз,
Бүгінки күн Ғали Рустәмләргә тиубіз.
Шағир ғұмірі хасірәт, қайғы көрсә көрәр,
Долқынланмы тұрмы еш соң үлкән тиңіз.

Яхшылыққа иріп китәм, бала өзимін,
Мақтап сөйлим изгі ішні бал аузимин.
Бір яманлық көрсәм сөгәм, мақти алмим,
Ол тоғырда бик яуыз, айрай яуымын!

Ғабдолла әфәнді 25–26 жасында ғана опат болды. Артында есімін жоғалтпастай татар әдебиетінде бас бәйге алған оннан артық өлең кітапшалары қалды. Рухына рахатлік берсін, Алла!

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 9.

ЖЕР АУДАРУ

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Абай

«Степной положениенің» 17-статьясы бойынша Дала уалаятының генерал-губернаторына һүкіметке сенімсіз (*саяси*) һәм мал ұрлаушы қазақтарды бес жылға жер аударуға ерік

берілген. Сол себепті Ақмола, Семей облыстарында жер аудару деген нәрсе соңғы жылдарда өте күшейіп тұр.

Сотқар адам бұзықтыққа салынып, халыққа зиян келтіріп, шаруасын күйзелтетін болса, лайықты жазасын тартпасын деп ешкім ара түспейді. Бірақ өсек байланған адамның ақ-қарасын жете тексеріп, қара болса кінәсын мойнына аударып, нахақ болса ақталуы үшін дәлелін көрсетуге жол беру – әділдіктің барып тұрған мәндайы. Орыс билігінде нақыл сөз бар: «Бір нахақты күйдіргеннен, он қылмыстыны ағартқан көп артық» деген. 17-статьямен айыптау – осы нақылдың дәл терісінше.

Жер аударылған қазақтар ақ болсын, қара болсын, бірақ күні өзінің абақтыға жабылып қалғанын біліп қалады. Көбі не үшін екенін де білмейді. Бұлардың біразы жұртқа белгілі, анық ұрылар болғанымен, көбі – дұшпандарының астыртын шағымымен яки билеушілердің салқын назарында қалумен бақытсыздыққа душар болған нахақтар. Қазақтағы партия деген дертті бұл күнде кім білмейді! Әркім көңіліндегі мақсатына жетуге өзінің алдына шығатындарды мұқатпақ үшін атаның ақ малын шашып, ар-иманын аяққа басып, ағайынмен қас болып, осалдыққа бас болып, елдің берекесін кетіреді. Қазақ араз болған кісісін бүгін жеңіп айдатқанына мәз болып, сол хал ертең өз басына келейін деп тұрғанын сезбейді. Ондай низам сол кісінің дұшпаны үшін ғана шыққан секілді түсінеді. Дұрыстық аяқ асты болып, адамның істеген істерінің негізі өтірікке құрылған соң, халық та күннен-күнге кейін кетпесе, ілгері баспақшы емес. Біздің қазақтың оңбай тұрғаны да ар-ұят босағада қалып, өсек, өтірік төрден орын алып, халыққа бапсыз нәрселерді бірін-бірі мұқатуға қару қылып жұмсаудан. Мұның түптамыры жаман екенін білмейді, білсе де «оғым тисін де сынсын» деп ойлайды. Өзімен-өзі жауласқан жұрт қанша көп, қанша мықты болса да, азып-тозып, әркімнің қолының ұшында олжа боп кететін сиқын көз көріп тұр. 17-статья бойынша айыпкерлердің ақ-қарасын айыру қиын екендігіне һүкіметтің көзі жетерлік һәм қазақтың да ол статьяның зарарлы жағымен пайдаланудан сақтанатын кезі келіп еді. Бірақ бұл күнге шейін екі жағы да бірінен-бірі қалыспай, жарысумен келеді.

17-статьяның ерсі қимылдары көп. Бәрін тізіп жазуға мүмкін емес. Сол себепті бірнеше оқиғаны көрсетейік. 1906 жылы Ақмола үйезі, Аққұм – Нұра болысынан отыздан артық адам Семей облысына жер аударылды. Бұлар – бір

болыс елдегі екі партияның атысып-шабысып жүрген басшылары. Болыс, би, ауылнай, бай, мырза. Бұлар әуелде екі жағы да кетіп қаламыз деп ойламаған. Өздерінің қарсы жағының көздерін жоғалтпақшы болған. Ақырында іс жаманға айналып кетіп, бірін-бірі жетектеп ала кетті. Соңынан бармақтарын шайнаса да, сауында бермеген садақадан пайда болушы ма еді? Осылар секілді біріне-бірі ор қазып жүрген қазақ аз ба?

Екінші, Петропавл үйезінде жеті кісі қазынаның ағашын ұрлап кесті деп әбиещік протокол жазған. Ол туралы Петропавлдың үйездной начальнигі (*1905 жылы Қарқаралыны шулатқан А. Сувский*) әлгі жеті кісіні жер аударуға лайықтап, губернаторға білдірген. Областной присутствие бұлар хақында үйездің жазуын тексеріп, бұл істі судьяның қарауын тиіс тапқан. 1910 жылы Петропавл үйезінің 2-учаске мировой судьясы әлгі үйез жер аударуға лайықтаған 7 кісінің ісін аяқсыз қалдырып, жер аумақ түгіл бір тиын штраф тартпастан аман құтылды. Бұл да 17-статьяның жайсыздығы.

Біздің қазақ бірін-бірі мұқату үшін құдайдан қорықпай, жұрттан ұялмай, жалған жалаға кіріседі дедік. Оның да бірекі мысалын айтып өтейін.

1910 жылы Павлодар үйезінен Қабыш Бердалин жолдастарымен Петерборға барып, жер хақында ізденіп тиісті орындарға арыз беріп, қанжығасына бір нәрсе байланып қайтпаса да, мойнынан адамшылық борышын түсіріп қайтқан еді. Елге қайтқан соң дұшпандары оның үстінен арыз берген. Қабыш Петерборға барып, Бөкейхановпен ақыл қосып, іс қылды деп. Бұл қазаққа енді не дауа бар?

Былтыр Павлодар үйезінде бір болыс қарсы партиядағы бір атқамінер адамның үстінен біреуге арыз бергізген. Әлгі адамның қолында һүкімет тарапынан оқуға тыйылған кітап бар деп. Мұнан соң сол адамның үйінде фальш ақша жасалады деп тағы да көрсеткен. Екеуінде де тінту болып, ешнәрсе таба алмаған. Енді бұл болысты кім дейміз?

Осы қысты күні Павлодар үйезінің тағы бір қазағы крестьянский начальникке болысының үстінен арыз берген, Түркияға жәрдемге жұрттан ақша жиып жүр деп. Қазақ намысқа қозып, Түркияның қырылғаны түгіл, өзінің өлгентірілгенін біліп жүр ме еді? Бұл кісіге не айтамыз? Бұлардың бәрі де – болмашыдан тексерусіз жер аударылатынды көріп, дәндеп қалған сұмдар. Әуелі сұмдықтың бір ұшы келіп кешікпей өз шекелеріне тиетінін қайдан білсін.

1909 һәм 1912 жылдарда Дала уалаятының генерал-губернаторы Шмидт қол астындағы жұртты аралап, Зайсан үйезіне барғанда, ондағы казак-орыс пен мұжықтар арыз еткен: пәлен уақыттан бері пәлен малымызды қазақтар ұрлады деп. Қай қазақ ұрлағанын өздері де айта алмаған. Айғағы да жоқ. Малдары жоғалған ба, жоғалса ұрлаған анық қазақ па яки басқа ұры ма, оған да ешкімнің көзі жеткен емес. Осы малдарды генерал-губернатор, мал жоғалды деген казак-орыс пен мұжықтарға көршілес қазақтардан төлетіп әперген.

Бейшара қазақтар жер аударылудан қорқып, бір сөз де қарсы айта алмаған. Бұл да 17-статьяның ызғары емес пе?

Тексерусіз жер аударудың ызғары қандай екенін мынадан да білуге болады. Егер ел ішінде бір өсек жайылса, пәленшені пәлен үйезге жер аударады екен деп, әлгі адам ұры емес екендігі өзіне мағлұм болса да, алдындағылар тексерусіз кеткенін көзі көргендіктен, абақтыға түсіп, этаппен айдалудан қорқып, тағдырға мойынсұнып, қатын-баласын шулатып, әлгі аударады деген жерге өзі барады, кете бастайды. Мұндай оқиғалар осы күні әр жерде болып тұрады. Егер кімде-кімнің кінәсы тексерілмей, жазаға кіріптар болмайтын болса бүйтпес еді.

Нахақтан жер аударылғандардың ізденіп, жүзден бірі ақталып көрген емес. Мына секілді бірлі-жарымды бақыттылар болмаса. Былтыр Павлодар үйезінде бір қызық оқиға болды. Қарамола елі екі партияға бөлініп, өткен сайлауда жеңілген жағы ана жағының бас адамдарының үстінен ұрлық қылады, жұртты бұзады деп арызды жаудыра береді. Ақырында бұл арыздар ілтипатқа алынып, баяғы танымал 17-статья қуатына мініп, Қарамола елінен бірсыпыра кісі жер аударылуға лайық болған. Бұлардың көбі жоғарыда жазғанымыз секілді, суық сөз естіген соң сұранған. Біразы түрмеге жабылған. Осылардың ішінде жер аударылуға жазылған Ақтай Барлыбаев деген инабатлы кісі бар. Бұл адамның жасы жетпіске тақаған. Өзі семіздіктен шайлап, бес-алты жылдан бері аяғын басудан да қалған. Өзін алты кісі теңге салып көтеріп жүреді. Осы кісіні ұстап, Павлодардан екі жүз шақырымдағы Баянауыл қаласындағы үйездің помощнигіне әкеледі. Ақтай помощникке өзінің семіздіктен жүріп-тұра алмайтынын, оның үстіне науқасын да айтып, растығына сондағы доқтырдан куәлік те алған. Және сол жерде жоғары ұлықтарға көрсету үшін өзінің суретін де түсіртеді. Әуелі жаланаш түсіп, сонан соң теңге

салып алты кісі көтеріп тұрған күйінде түсірген. Осының бәрін айтып, помощник үйезге телеграмм соғады. Үйез не болса да мұнда жібер деп, Ақтайды Павлодарға алдырып, сөзге келместен түрмеге алдырған. Түрмеге кірген соң қасындағы бұрынғы өзінің күтушілері жоқ, ешкім оны орнынан қозғай алмай, түрмедегілер әуре болады. Біраз күн болған соң Павлодар доқтыры қарайды. Ол да науқас екеніне, семіздіктен жүре алмайтынына куәлік береді. Ауруханаға алып қара десе, мұны көтеретін кереует жоқ деп, доқтыр жоламайды. 29 октябрьде Ақмола облысына қарай айдалатын тұтқындарды жүргізетін күн жетеді. Солдат бастығы басқа тұтқындарды алып болып, Ақтайға келгенде, мұны мен алып жүре алмаймын деп әуелі безеді. Ал үнемі түрмеде ұстап отыруға тағы болмайды. Түрмеде отыруға кесілген кісі емес. Сөйтіп, Ақтай өздеріне масыл болып, қалай құтылудың амалын таба алмайды. Ақырында үйез әмір етеді: Ақтай өз бетімен баруға рұқсат деп. Енді Ақтайды Атбасар үйезіне апаратын кісі жоқ. Алты кісі күтуші өздерін Ақтай үшін бес жылдан жер аударуға разы болмады.

Бұлар бір жағынан осылай әуре болып жатқанда, Ақтайдың баласы әкесінің ісін, керекті қағаздарды һәм суреттерімен адвокатқа арыз беріп іздетеді. Екі айдай азап шегіп, генерал-губернатордың бұйрығы бойынша Ақтай ақырында жер аударудан құтылады. Енді басқа жер аударушылар нахақтығын көрсету үшін Ақтайдай семіз бола бермейді.

Онан басқа жол жоқ. Ақтай отағасының да өзінің семіздігіне разы болғаны көптен бері осы шығар.

17-статья аман болса, әлі де талай қызықтар көрсетер.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 9.

ҚАЗАҚ ЖАЙЛЫ

Ілгері нөмірлерде Европа, Азия патшаларының жайынан һәм Россияның ішкі-тысқы істерінің жайынан қысқа-қысқа сөйлеп, аз да болса мағлұмат бергеннен кейін, енді қазақ істері жайынан сөйлемекпіз. Қазақтың кемтігі, керегі көп. Кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз, тіпті жоқ.

Біздің керегіміздің көбі – бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер. Бұрын бізге ғылым да, өнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпымыз жайлы да, жақсы да еді. Заман қазір де сол қалыпты болса, қазаққа ғылым, өнер керек болмас еді. Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса, адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды.

Бұрынғыдай кең даланы қазақ жалғыз меншіктеп отырған жоқ, басқалар да келіп тығылды. Басқалармен араласу енді көбейді һәм жылдан жылға көбейіп барады. Олармен араласқан соң біздің бұрын керек қылмаған нәрселеріміз керек бола бастады һәм жылдан жылға керегі көбірек бола бастады һәм жылдан жылға керегі көбірек білінер. Өзгелерден кем болмай, тең боламын деген жұрт қатарынан қалмасқа тырысады. Тең болғанда адам болсын, жұрт болсын, білімі, өнерімен тең болады. Қалыспаймын дегенде осыларымен қалыспасқа тырысады.

Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үйлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында да болса, үстін түсіп, қалғанның ісін баспақшы. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы. Малымен асқандар байлығымен қамыттап, жұмысына жекпекші. Біз өзімізбен өзіміз болып, басылып бара жатқанымызды, батып бара жатқанымызды бір-ақ білетін көрінеміз. Бізде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрын жоқтығы керегі болмағаннан еді. Енді де керек емес пе? Буларды енді керек қылмасақ, күні бұрын өзімізді құдайға атаған малдай, басқалардың есігіне арнап қою керек. Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттың да өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп те

отыр. Неге басқалардан қазақ есігіне жүріп малай болушылар аз, басқалардың есігінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалардың ісінің үстемдігін көрсетеді. Осыған осы бастан көз салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл-желпі қарап, көздің қырын салып қана өтетін емес, көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе. «Басыңның сауында бер садақасын, ұша алмас салсаң бүркіт томағасын» дегендей, пәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға киілген соң жөн тауып ұшу қиын болар.

Біз осы уақытта тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз. Мұнан аман өтсек жұрт болғанымыз. Алаштың азаматы көптеп, көлемдеп ақылын қосып, білімін біріктіріп, ұлтын кешуден аман өткізуге жол көрсететін жері осы. Білгенін айтып, қолдан келгенін істеп, жұртын сүйемелдеп, тар жерден аман өткізуге қайрат қылатын да кезі осы.

Бізде негізгі бір зор адасқандық – өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік. Өзіміз жай жатып сұрай берелік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді. «Жығылған күреске тоймас» деген, алмаса да қазақ сұрауын қоймайды. Сұрауда да парық бар екенін есіне де алмайды. Бір сұрау бар – ол есікте тұрып, еңкейіп бас ұрып, жыламсырап, аяныш түсіріп, көңілін жібіту жөнімен сұрау. Бұл қайыршылардың сұрауы. Оған ойланбай, қамданбай, осал, оңтай нәрсе, тиын-сиын бере салады. Бұл – елеусіз сұрау. Екінші түрлі сұрау бар – ол төрде отырып, төбесін тең ұстап, қадіріне сүйеніп сұрау. Бұл – елеулі сұрау. Бұлай сұрағанның қолқасы ескерусіз жерде қала қоймайды. Сұрағанын береді, бермесе де ойланып, қиналады.

Қазақтың сұрауы бұл екі сұраудың қай түрі екенін өздері біледі. Біздің айтатынымыз: қазақтың сұраудан арманы да жоқ, сұрағанын алғаны да жоқ. Сонда да әлі сұрасақ молығар едік деп қамданады. Сұрағаннан молықса, қайыршылар молығар еді. Қайыршылықтан байығандар бек сирек. Есіктен есікке жүріп, қайыршылықпен күнелткен тіршілік қандай, өз бетінен кәсіп қып, мал жиып, өз еңбегімен күн көрген тіршілік қандай? Қайыршылықпен күн көремін деген – оңбайтын адамның ісі, сұраумен молығамыз деген оңбайтын жұрттың ісі. Біз осы күнге шейін сұраумен келдік, берер деген үмітті бақтық. Сұрағанымыз көп, алғанымыз қанша, есепке салып байқау керек емес пе? Сұрауымыз көп болып, алғанымыз жоқ болса, сұрауда не мағына бар? Өзгеге сенбей, өлмес жағымызды өзіміз көздеп ойланып, қамдану керек емес пе? Жоқ, әлі де болса сұрауымыз жетпеген жері бар десек, толықтырып сұралық.

Сұрағанымыз қанша, сұрағаннан алғанымыз бар ма, сұрамай тағы қалғанымыз бар ма, білу үшін кейінгі нөмірлерде соның жайын жазып өтпекпіз. Сонан соң сұрамай қалған мынадай нәрсе бар екен десек, сұрау жағын кенесерміз. Сұрамай қалғанымыз жоқ екен. Сұрасақ та бермейді екен. Сұрағаннан ешнәрсе өнбейді екен десек, өнбейтін істі қойып, өзге жолын қарастырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., №10.

ҚАЗАҚТА МҮФТИЛІК МӘСЕЛЕСІ

1730 жылдарда Кіші жүздің ханы Әбулхайыр Петерборға елші жіберіп, Россия һүкіметіне бағынсам екен деп тіленді. Ханның тілегі қабыл алынды. Ол күнгі ханым – патшайым Анна Иоановна ханды елімен қол астына алғандығын білгізіп, 1731 жылы 19 февральда қол қойған жарлық жіберді. Келер жылы Анна ханымның бұйрығы бойынша Уфадан Алдар, Таймас, Құтлұқ Мұхамед дейтін мырзалар шығып, мына жақтан Әбулхайыр хан Ор қаласына барып, Россияға бағынғандығының растығына Құран ұстап жан берді. (*Әбулхайырдан соң 1739 жылда орнына үлкен баласы Нұралы, онан соң Нұралының кенже баласы Бөкей Кіші жүзге хан болған соң, елі Бөкей елі атанды.*)

Әбулхайыр ханның Россияға бағынғанынан, дәл елу жыл өткен соң, 1781 жылда Екінші Екатерина тұсында Орта жүздің ханы Уәли Абылай баласы өзінің тілеуімен Россияға бағынып, Уфа қаласына барып, Құран сүйіп жан берді.

Ол күнде Орынборский крайға наместник болып тұрған барон Игельстромның ұнатуы бойынша ішкі Россиядағы мұсылмандардың рухани істерін басқару үшін мұсылмандарға «мүфтилік» беріліп, Уфа шаһарында духовный собрание ашылып, бірінші мүфтилікке Мұхамеджан Хұсайынұғлы деген кісі қойылды. Сол күнде Бөкей хан мен Уәли хан біздің де рухани істеріміз мүфтидің қарамағында болса екен деп арыз қылған.

Түу басында хандар өз тілеуімен орысқа бағынғанда, жалпылық жұрттың қаны ұйып оншама ықылас қоя қойған жоқ еді. Орыстың саудагерін, кірешісін талап, шекарадағы

елге тиіп, қазақ халқы орыстың дәйім тынышын алып тұрушы еді. Қазақты қалай тыныштандырудың қыбын таба алмай тұрғанда, хандардың мүфти қарамағында боламыз деген арызын Россия һүкіметі қабыл ала қойды.

Қазақ мүфти қарамағында қалған соң, Орынбор, Орск, Троицк, Қызылжар қалаларына мұғалім молдалар шығып, қазаққа дін үйретуге ерік берілді. Неке, талақ, мирас бөлу, өлік көму істерін шариғатқа муафиқ қылып тұру үшін указной молдалар сайланды. Указнойлардың үстінен қарап тұратын ахундар қойылды.

Қазақтың неке, талақ, мирас бөлу істері мүфтиге қарағаннан бұрын заң ретімен болушы еді, өлік көму болса – бұрынғы мәжуситке муафиқ келуші еді. Қазақтың заң дегені – Шыңғыс хан заманында, онан бұрын Момын хан заманында шығарылған жол. Қазақ мүфтиге қарағанда Шыңғыс ханның дүниеден қайтқанына алты жүз жыл, Момын ханның қайтқанына бір мың алты жүз жыл болған екен. Қазақтың заңы – бір мың алты жүз жылдан бері қуып келе жатқан жол. Момын, Шыңғыс хандардан соң заман жыл сайын өзгеріп тұрғандықтан, һәр заманның өзіне ыңғайлы шығарған заңы, һәр ғасырдың өзіне муафиқ келетін жолы болса керек еді. Қазақ – бұрынғышыл жұрт. Бұрынғының жолы ғой деп, Момын заманынан қалған заңды қазақ түк өзгерткен жоқ еді. Сол бойымен мүфтиге қарады. Мүфти қарамағында болған соң, указнойлар, ахундар заң орнына ислам шариғатын жүргізе бастады. Манағы мың жылдық заңның жолы шариғат қағидаларына үйлеспейтін болды. Мысалы: бірінші, байы өліп жесір қалған қатын төрт ай он күн ғадет сақтау тиіс. Ғадеті толған соң бір жаққа барам десе де, өзі тілеген біреуге тием десе де шариғаттың хүкімі бойынша – ерік. (*Құран – 2-сүре, 23е-аят*). Қазақ мың жылдық заңды қолым деп, жесір қатынды күштеп әменгеріне қосады. Екінші, бір адам өлген соң, артында баласы қалмаса, шариғат бойынша мүлкінің төрттен бірі қатынына тиеді. *(Құран – 2-сүре, 11-аят).* «Қатын мал билеуші ме еді» деп қазақ баса-көктеп, малын тартып алып, өзіне бір әменгер табыла кетеді. «Атым өлсе – сауыры мұра, ағам өлсе – жеңгем мұра» деген қағидасы даяр тұр. Осындай шариғаттың хүкімі мен заңның жолы ереуіл келетін орындар толып жатыр.

Қазақта екі жақ даулы болып указнойға жүгінгенде, указной шариғаттың қағидасына салып хүкім қылғанда, нашарға теңдік, жесірге ерік тигенде, қазақтың заңшыл

үлкен адамдары шошынды: «Ойбай, бүйте берсе, қазақ мүлде қатынынан айырылып қалады екен, мынауың сұмдық екен, бізге тіпті мүфтидің керегі жоқ» деген ойға келді.

Бір күні Орынборға – Торғай атырабында көшіп-қонып жүрген арғын, қыпшақ рулары Орынборский край наместнигінің қарамағында қалған соң, бұлар наместникке өкіл сайлап жіберіп, біз мүфтиден шықсақ екен деп сұранған. Бұлардың тілегі қабыл болып, ең алдымен орта жүзден арғын, қыпшақ рулары, кіші жүзден бірнеше ру мүфтидің қарамағынан шыққан.

***

1820 жылы Уәли хан дүниеден қайтқан соң, Сібір қазағында «хандық» мүлде қалып, оның орнына «аға сұлтан» сайланды, Орынбор қазағында «прауител» шықты.

Көкшетау дуанына Уәли ханның баласы Шыңғыс, Атбасар дуанына Сандыбай баласы Ерден, Қараөткел дуанына қыпшақ Ыбырай Жайықбаев, Баянауыл дуанына Мұса Шорманов, Семейде Тойте Нұрекенов, Жетісуда Әділ баласы Тезек аға сұлтандыққа сайланып еді.

Сол аға сұлтандар мүфти қарамағында тұрғанда, өздерінше, талай кемшілік көрді. Екі жақтан дау болғанда мүфтидің бұйрығы жүріп, аға сұлтандардың сөзі сөз болмай қалушы еді. Мысал: Тойте Нұрекеновтың Зылиха атты қызы Жақсыбай деген жігітке тиіп кеткен. Атасы Тойте Жақсыбайдан айырып алуға жүрсе де, қолынан келмеген. Зылиха менен Жақсыбай мүфтиге арыз беріп, қолдарына ерік қағазын алған. Сөйтіп, аға сұлтан Тойте жығылып қалған.

Ыбырай Жайықбаев Жар атты баласына Сапақ байдың қызын айттырған. Құда түскен соң, қалыңмалын бермей тұрғанда, Жар Сапақтың қызын алмайтын болып, айырылысқан. Шариғатта құда түсіп, шапан киген соң, төс жеген соң – ғақад болады. Ғақад соңында қол ұстап айырылысса, қалың малының бәрі қызға тиеді. Егер де қол ұстамай айырылысса, қалың малының жартысы қызға тиеді. (*Құран – 2-сүре, 237-аят.*) Сапақ бай шариғаттың бұйрығы бойынша қызының қалыңмалының жартысын алмақ болған, қол ұстамаған қызға қалыңмал беруші ме еді деп Ыбырай бермеген. Сапақ арыз беріп, мүфтиден бұйрық шығып, қалыңмалының жартысын санап алған.

Қызылжар үйезінде Тәмет Тілемісов деген кісі бай һәм ықпалды болған. Аға сұлтан Шыңғысқа аса қадірлі болып, дегенін қылғызып тұрады екен. Соның Дәржан атты қызы күйеуі Абылаймен даулы болып, Шыңғыс ортаға түскенде, мүфтидің бұйрығы жүріп, Шыңғыстың сөзі сөз болмай қалған.

Қазаққа жаңа закон (*Степной положение*) шығардың алдында Петербордан экспедиционная комиссия шығып, Сібір қазағын аралаған. Қазақтан: «Не мұқтажыңыз бар, қалай болуды тілейсіз?» деп сұраған. Ауылнайлар, болыстар, аға сұлтандардың үйретуі бойынша, «мүфтиден шыққан екен, бұрынғы ата-бабаның заңымен тұра берсек екен, сонан бөтен тұқ мұқтажымыз жоқ, тақсыр» деп шулап қоя берген. «Жарайды, тілегендерің болар» деп, комиссия қайтып кеткен. Сонан соң көп ұзамай 1828 жылда, 21 октябрьде бекітілген жаңа закон әп-әдемі болып шыға келді. Сонымен аға сұлтандық мәнгі бітіріліп, оның орнына үйез шықты. Қазақтың рухани істері мүфти қарамағынан алынып, областной «праулениеге» тапсырылды.

Ақмолланың:

Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Көңіліңіз дін жағына сонша салқын!
Дін қойса, заң қоюға ырза емес,
Бұрынғы қоя алмайсыз ата салтын,–

деп зарлағаны осы.

Мұнан көрінеді, қазақтың бұрынғы асау кезінде ноқталауға орыстар қанша епті болса, ноғайлар қазақты жайына қарай бағып икемдеуге сонша олақ болған. Ол кезде мүфтиліктен оп-оңай шыққан да, бұл күнде қайта кіруге зар болып жүргенін көзі бар қазақ көріп отырған шығар.

Бұрынғы замандағы қазақтың басшылары есік пен төрдей жерден арғыны болжай алмайтын болғанда, жалпақ жұртқа өкпе жүре ме?

Түрік баласы.
«Қазақ», 21 апрель 1913 ж., №11.

ХАЗІРЕТ СҰЛТАН

Қай жердің қазағы болса да, хазірет Сұлтанды естумен біледі. «Хазірет Сұлтанға барамыз», «Пәленше хазірет Сұлтанға кетіпті...» деген сөзді қазақ арасында көп естуге болады. Хазірет Сұлтанға барғыш тақуалар, софылар. Хазірет Сұлтанға барып қайтқандар қажыға барып қайтқаннан аз-ақ кем болады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт Меккеден келгендей қолдарын алып, құрмет етеді. Қазақ осылай құрметтесе де, хазірет Сұлтанның бір жерде бар екенін естісе де, көбі ол хақында анық еш нәрсе білмейді. Осы майдың бірінде Ташкентке бара жатып, Түркістанға түсіп, хазірет Сұлтанды мен де зиярат еттім. Хазірет Сұлтан Түркістанда болғандықтан, әуелі Түркістан шаһары жайынан біраз жазу тиіс көрінді.

XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты «Йасы» екен. Кішкене ғана Йасы деген қышлақ XII ғасырда, сол жерге Қожа Ахмет Йасауи хазірет Сұлтан келген соң, даңқы шығып кетіпті. 1166 жылы Қожа Ахмет Йасауи опат болып, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе қазақ халқы, әр уақыт зиярат ететін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң, ол жерде сауда ашылып, кішкене қышлақ бірте-бірте зорайып, шаһарға айналады.

Қожа Ахмет Йасауи хазіреті хақында сөйлеген һәм халыққа тараған неше түрлі кереметтер жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы қаһармандарды да өзіне тартқан. Мысалы, 1397 жылы күзді күні атақты Әмір Темір Йасыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылған. Осы күнгі мешіт-белгі сол.

Әмір Темір нәсілінен ең соңғы хан Махмұд 1495 жылы Түркістан шаһарын Махмұд Шайбаниға беріп, өзінің үлкен ағасы Ахмед сұлтан қойған Махмұд тарқанды тұтқын қылыпты.

1582 жылы Түркістанға Бұхараның ханы Ғабдолла келіп, халық оған бағынғандығын білдірген. Сонан былай қарай Түркістанды билеушілер Ғабдолла ханның әмірі бойынша сайланып һәм өзгеріліп тұрған.

XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шаһары – қазақ хандарының астанасы болған. Түркістанды қазақтан ең әуелі билеген Есім хан. Вельяминов-

тың кітабында жазылған:[1] «Есім хан Сығай ханның баласы, монғол һәм түрік тарихын жазған атақты Абулғазы Хиуаға хан болып тұрған ағасы Спандияр ханнан кетіп, 1625 жылы Түркістандағы Есім ханға барған. Абулғазы жазады: «Мен Түркістандағы қазаққа кетіп, Есім ханда үш ай қонақ болдым. Ол кезде Ташкентті билеп тұрған Тұрсын хан еді. Түркістанға о да келді. Есім хан Тұрсын ханға амандасуға жалғыз өзі барып, мені үйде тастап кетті. Қайтып келіп, мені ертіп, Тұрсын ханмен таныстырып отырып: «Мынау Абулғазы – белгілі Жәдігер ханның тұқымы, бұл күнге шейін бұлардан бізге қонаққа ешкім келген жоқ еді, бізден оларға барғандар көп болды. Абулғазыны сіз алмайсыз ба?»,– деді. Сонан кейін мен Тұрсын ханның қолында тұратын болдым. Екі жылдан кейін Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, мал-мүлкін шауып алды. Сонда мен Есім ханға айттым: «Мен сен екеуіңнен бір пайда бола ма деген үмітпен келіп едім. Сендердің өз араларың мұндай болды. Енді маған Бұхарадағы Иманқұл ханға баруға рұқсат беріңіз. Есім хан: «Жарайды, бар», – деді. Мен Иманқұл ханға кеттім».

Түркістанда Есім ханнан соң хан болған өзінің баласы Жиһангер, онан соңғы Батыр хан, Батыр ханнан соң Жиһангердің баласы Тәуке хан, онан кейін Қайып хан, Қайыптан соң Тәуке ханның балалары Болат һәм Сәмеке (*Сәмеке 1732 жылы*[2] *опат болған*). Бұлардан кейінгі Ғабдолсамед хан 1764 жылы, ең соңғы хан Абылай – 1781 жылы опат болған. Абылайдың баласы Уәлі ханның Түркістанға дәуірі жүре алмаған.

1785 жылы Түркістанды қазақ хандарынан Бұқарадағы маңғыт нәсілінен болған Мір Шаһмұрад алған. Алса да көп билей алмай, 1799 жылы Ташкентті билеп тұрған Жүніс қожа алған. Жүніс қожа өлген соң, Түркістан тағы да Бұхараға қарап қалған.

1819 жылы жаз күні Түркістанды Қоқан ханы Ғұмар алып, сонан 1864 жылы 12 июльге шейін Түркістанды Қоқан биледі.

Ғұмар хан әулиелерді зиярат етемін деп шығып, алдымен Түркістанға әскер жібереді. Сол кезде Бұхара һүкіметінің сайлауы бойынша Түркістанды қазақ төресі Тоқай төре

---

[1] *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о касимовских царях и царевичах. СПб, 1864. Ч. II. С. 372–373.

[2] Сәмеке 1734 ж. өлген. (*Қараңыз: ҚСЭ, 10-том, 78-бет. – Ред.*)

билеп тұр екен. Ғұмар ханның әскері таң алдында ұйықтап жатқан күзетшілерді шетінен бауыздап, Түркістан қорғанының қақпасын ашып, соғыссыз шаһарды алған. Шаһарға жау кіріп, жұрт азан-қазан болып жатқанда, Тоқай төре қатын-баласымен қашып Бұхараға барған. Мұнан кейін Ғұмар хан қалған әскерімен Түркістанға кіріп, Түркістанды маңайындағы қазақтарымен өзіне бағындырыпты. Ғұмар хан Түркістанда бірнеше күн болып, Қожа Ахмет Йасауи мешітінде болып, 70 қой құрбан шалып, Түркістанға һәм маңайындағы халыққа хакім қылып Шихалибдал деген кісіні сайлап, көңілі өсіп, Ташкент арқылы Қоқанға қайтыпты. Хан Қоқан шаһарына кіргенде, күміс теңгеден шашу шашып, келер күні сарайына Қоқанның үлкен молдаларын жинап, өзін Әмір Әлмұсылман деп халыққа естіртіпті. Ғұмар хан тәж киіп, Әмір Әлмұсылман деген сөзді ойдырып мөр жасатып, Шыңғыс хан мен Әмір Темірге еліктеп маңызданыпты. Тоқай төре Бұхараға барып, Әмірден бірнеше жүз құрама әскер алып, Түркістанға қайта барса да, жолы болмай, тағы да қашып құтылыпты. Ақырында Бұхара ханы Нәсіралла Тоқай төренің басын алыпты[1].

1821 жылы қазақтан Тентек төре деген шығып, Түркістанды Қоқан билеуінен құтқарамын деп, 12 мың адаммен Сайрамға барып жиналған екен. Мұны Ғұмар хан естіп қалып, Әбу Әлқасым Аталықты басшы қылып әскер жіберіп, Тентек төрені жуасытып, Қоқанға бағындырыпты. Түркістан халқы 1864 жылы тағы да Қоқан хандығынан бөлінуге талаптанып қараса да, ретін таба алмайды.

Ақырында, көптен бері ханның қол астында белгілеп орныға алмай тұрған Түркістанды 1864 жылы 12 июньде соғыспен орыс полковнигі Веревкин алыпты. Сол жылы Түркістанды орысқа бермеске хан Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Садық төре де соғысқан екен.

Түркістанның мұнша атақты шаһар болып, заманындағы хандар көз тігіп, әрқайсысы өзіне қаратып алуға қан төгіп, тарих жүзінде белгілі орын алуға себепші болған Қожа Ахмет Йасауидің бейіті һәм оның үстіне орнатқан мешіт-белгі екені мағлұм болды.

---

[1] *Налшвкин В.* Краткая история Кокандского ханства. Казань. 1886. С. 110–113.

Әмір Темір көрегеннің замандасы Шарафуддин Әлизаданың[1] «Тағнрнаме»[2] деген кітабында Қожа Ахмет Йасауи хазіретларының үстіндегі мешіттің салынуы хақында былай жазылған:

«Самарқандта Әділ бағының миуаларын егіп болған соң, Әмір Темір әскерін Ташкентке қарай жөнелтіп, Сырдариясынан өтіп, Ташкенттен елу шақырым жерде Шыназ деген қышлақтың қасына келіп түсіпті. Бұл арада қыстамақшы болып, әскерге жылы үйлер салдырыпты. Мұнан Әмір Темір өзі шейх Қожа Ахмет Йасауиді зиярат етіп, басына белгі орнаттыруға Йасыға жөнелді. Әмір Темір Йасыға келген соң, өзінің планы бойынша мешіт-белгі бір жылдың ішінде тәмам болыпты».

Мешіттің биіктігі жүз кез шамасында, үш-төрт күмбезді. Күмбездердің сырты глазурьмен қапталып, әр түрлі дұғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс (*бронза*) қазан бар. Қазанның алыбы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған һәм «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулғазиз Шарафуддинұлы Термезден» – деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік хазіреттің өзі жатқан (*қабірі*) бөлмеге кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы ғажайып нақышталып, болат тұтқада жазылған жазуда «Газуддин Тәжуддинұғлы» деген шебердің аты бар. Қазандағы һәм есіктегі жазудың екеуінде мешіттің 1397 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір сыйлаған ескі жазулы төрт құран һәм бронзадан құйылған алты шамдал бар, биіктігі бір кезден артық, ауырлығы екі-үш пұт шамасында, жазумен нақышталған. Бұл мешітті салған бас шебер 1387 жылы Әмір Темір тұтқын қылып алған шираздық қожа Хасен деген адам екен.

Қожа Ахмет Йасауи мешітінде бірнеше қазақ хандары қойылыпты. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай – 1781 жылы опат болған, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс – 1740 жылы 5 апрельде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген, Абулқайыр хан 1760 жыл шамасында опат болған һәм

---

[1] Дұрысы – Шарафиддин Әли Яздий *(Ред.)*.

[2] Дұрысы – *Зафарнама* (Жеңіс кітабы – *Ред.*).

Арғынның атақты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасым хан да осында қойылған. Есім хан бұл мешіттің ішінде болмаса да маңайына қойылған екен, үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті. Бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан һәм Ондан сұлтан мұнда қойылған деседі.

Тарих жүзінде біздің қазақ халқының һәм хандарының осындай қатынасы бар хазірет Сұлтан мешітінің осы күні әр жері жарылып, бұзылуға бет алып тұрғандай түрі бар. Қожа Ахмет Йасауидің нәсіліміз деп неше жүз жылдан бері жерлерін пайдаланып, зиратқа келген аңқау қазақтарды жем қылып келген басындағы қожалар мешіттің мәңгіге қалуын тілеуден өз кеңірдектерін артығырақ қайғыратын секілді. 1910 жылы Түркістан шейхтары «мешітті түзетеміз» деп жұрттан есепсіз көп ақша жинайды. Көбін өз қалталарында қалдырып, «жиылған ақша осы-ақ» деп 12 мың сом көрсетіп, Козловский деген инженерді алдырып, мешіттің бұзылған жерлерін түзеттіре бастаған екен. Ісінің оңынан бітпей тұрғанында қожалар инженермен жанжалдасып, іс тоқталды да, жиылған ақшаның көбі қожаларда қалды. Бұлардан есеп алушы, тексеруші ешкім жоқ. Жиылған малдың, ақшаның бәрі қазақтікі деп айтарлық, қожалар әр облыстағы қазақтарға барып, хазірет Сұлтанның мешітін түзетуге мал жинайды. Ақмешіт үйезінде Хан деген жердегі диуана қожалардан бұрын болыс болған Ғұламқадір деген қожа һәм Мұзафар деген би екеуі 1910 жылы Атбасар үйезіне шығып, бағаналының Қайдауыл деген ауылынан көп ақша жинап алып, өздері жеп қойыпты. Салық қожа деген үш жылдай жоқ болып кетіп, Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарында «Хазіретіміздің зиратын түзетеміз» деп мал жиып, Ходженттегі үйіне көп олжамен қайтыпты. Сол қожа осы күні Қашғар һәм Қытай жағына кетіпті. 1909 жылы Әулиеата үйезінің қазағы, Ботбай руынан Нұрмамбет Бәкі баласы деген бір бай хазіреттің зиратына ақша жинай барған Шахаб қожа дегенге таңдамастан жылқысының бір шетінен жүз жылқы берген екен. Қожалар бұл жылқының қымбаттарын сатып, Түркістанға тек тұяқ санын түгел қылып, әлгі арық-тұрақ көтеремнен жүз жылқы әкеліп тапсырыпты. Бұл қожаның мұнысына қарағанда, басқа қожалардың ең ынсаптысы боларға керек. Жүз жылқыны түгел өзі пайдаланып кетсе, оның қолынан кім алар еді? Осы Шахаб қожа биыл тағы да ел аралап кетіпті.

Бишара момын қазақ әулиенің атын атап, мың түрлі сиқыр оқып барған тіленші қожаларға жем болып тұрған жайы бар. Түркістан қожаларының зиратты түзететін ойы жоқ. Зиратқа келгендерді ерікті-еріксіз талаудан басқа кәсібі жоқ. Түркістан хакімдері қол астындағы мұсылмандардың басқа істері туралы қырағы болса да, қожалардың жоғарыда айтылған қиянаттарын не себептен көрмей жүргенін біле алмадық.

Қожа Ахмет Йасауидің бірнеше бөлмелері бұзылып, құлағалы тұр деп қауіп айтып, һүкімет осы күні печаттап қойыпты. Абылай хан жатқан бөлме, ақ сарай деген бөлме, зияратхана деген бөлме һәм мешіттің құдығы – бәрі де жабулы. Бұл мешітке қожалар ие болып тұрғанда, жұрттан жылында миллиондап ақша жиылса да, пайда жоқ. Мешіттің тарихи бір белгі болып мәңгіге қалуын тілеушілер болса, оны түзетуді археологический обществолардың біріне тапсырып, қайдан болса да жиылған ақшаның жарты тиыны артық болмайтын жолмен жиылып, инженерлерді сол общество өзі жалдап түзеттірсе ғана, мақсат қабыл болар еді. Болмаса енді біраз жылдарда бес-алты жүз жыл өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи мешітінің орнында үйіліп бір оба томпайып қалуы ғажап емес.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 16.

БӨКЕЙЛІКТЕРДІҢ МҰФТИЛІКТЕ ҚАЛУЫ

(басы 17-санда)

Мұфти қарамағындағы істерді басқару үшін шығарылған қағидаларды орнына келтіруде Жаһангер хан салақтық қылмаған. Өзінің хұзырында мүфти яки шейх әл әслəм дəрежесінде «жұрт қазысын» қойған. Маһле имамларының үстінен қарап, қазының хүкімін оларға жеткізіп тұратын ахундар қойған. Елі көшпелі болса да, ыңғайына қарап, маһле-маһле болып тұруға бұйырған. Керек орынға мешіт һəм медресе салдырған. Халық арасына қисапсыз көп кітап, құран таратқан.

Жаһангер ханның Бөкей елін мұфтилікке мықтап байлау үшін қылған қызметтерін көрсету үшін бұл жерде бір жарағын жазамыз:

«Тана руы, Бисары тафесі, молда Отызбай Торымбай ұғлына бұйырамын.

Бірінші, өз халқыңыз ішінде мешіт, медресе салып, қарие хүкімінде болып, жамағат жамағи һәм айт оқыңыз. Балаларды оқытып, халықтың үстінде фарз болған бес уақыт намаз һәм рузаның хүкімдерін үйретіңіз.

Екінші, надан қара халыққа иман һәм исламды білдіріп тұрыңыз. Бала туса, уақытында ат қойып, дүниядан қайтқан кісі болса, уақытында жаназа оқып, шариғат бойынша көміңіз.

Үшінші, қыз беріп, құда түсерде өз көзіңізше екі ғаділ куәның алдында «алдым, бердім» сөзін айтқызып, ғақад қылдырыңыз.

Төртінші, бұрын айттырып қойылған қыздың күйеуі ұрын келгенде, «әбжап құбылсыз» қол ұстау болмасын.

Бесінші, байы өліп, жесір қалған қатындардың халін тексеріп тұрасыз. Ғадет ішінде никаһ оқушы болмасын.

Алтыншы, жесір қатындарға өзінің жақындарының рұқсатынан басқа (*қатынды күштеп*) никаһ оқушы болмасын.

Жетінші, мирас бөлгенде һәр кімге өзінің телімі шариғат бойынша берілсін. Біреудің хақы біреуге аумасын.

Сегізінші, байлар малынан тиісті зекетті орнына шығармай қалмасын.

Тоғызыншы, халық ішінде ұрлық қылушы болмасын. Елдегі бастық, би һәм старшиналарға бұйрық қылармыз, осы істерді орнына келтіруге олар да жәрдемші болар».

Жаһангер ханның осындай тәдбирлері арқасында ел тыныш болды. Һәркім өзінің шаруасын бағудан бөтен жұмыс болмады. Дау-жанжалдың, зорлық-зомбылықтың аты шықпады. Жұрттың түбіне жеткен жесір дауы қандай екенінен ол елдің хабары болмады. Онда һәркім өзінің қойындағы қатынына өзі ие болып, жесірімізден қалай етіп айырылып жатырмыз деп намыстанушы болмады.

Орынбор, Сібір қазағы ізденіп, сұранып мүфти қарамағынан шығумен әуре болып жүргенде, Бөкей қазағының ондай іс ойына да кіріп шыққан жоқ.

Жаһангер хан дінге ықыласты басшы, халық көнімді қосшы болғандықтан, Бөкей елі мүфти қарамағында қалды.

Түрік баласы.
«Қазақ», 22 июнь 1913 ж., №19.

ШӘКІРТТЕР ЖАЙЫНАН

Осы кезде қазақ баласы орысшадан мұсылманшаны көп оқиды. Орысша оқушылардың көбі аз оқып, үйде отырып қалады, тәуірірек оқығандары шенеунік болып, қызмет қуып кетеді. Ел ішінде тұрып, білгенін білмегендерге үйретушілер тіпті аз. Өзімізден алыстап, басқаларға жуықтай алмай жүрген әрі-сәрілер көп. Мұсылманша оқығандар болса, аз оқысын, көп оқысын, қазақ арасынан асып барар жері жоқ. Олар шенеунік бола алмайды, басқа жұрттың ішінде білімімен қызмет ете алмайды, ерікті-еріксіз елге шығады. Бұларға қазақ арасында бала оқытып, молдалық қылудан басқа орын жоқ. Мұнан көрінеді – халыққа жақын тұратын, тұрмысын, жайын-күйін жақсы білетін мұсылманша оқыған шәкірттер болуы керек екендігі. Орысша оқығандардың көбі жұрт жайы түгіл, өзінің кім екенін шала білетін жас күнінде школға кіріп, онан шыққан соң елде тұрмай, қызмет етіп кететін болғандықтан, жұрт қамын ойлап артық қайғырмайды да, нені қайғыруды білмейді де. Шәкірттер болса, ел ішіндегі жақсылық-жамандық, кемшілік-кеңшіліктің қандай екенін күн сайын көріп тұрады. Сондықтан олардың білімі орысша оқығандардан кем болса да, тілесе көп пайда келтіруге шамасынан келеді. Шәкірттер елге шығып молда болады дедік, молданы осы кезде мұғалім деп жүрміз, мұғалім – үйретуші деген сөз.

Молда мен мұғалімнің айырмасы бар. Молда-имам, мәсжидте бес уақыт намаз оқып, уағыз сөйлеуші, никах оқып, балаларға ат қоюшы, өлгендерге жаназа оқушы.

Мұғалімнің міндеті жалғыз балалар оқыту ғана боларға керек. Әркім өз ісін жақсы біліп, өз ісінің шегінен шықпаса керек. Молданың ісіне мұғалімнің, мұғалімнің ісіне молданың қатысы болмасқа керек. Бұл әр халықта солай. Біреу молда екен, тиісті садақасын алсын да, өз ісінде болсын. Біреу мұғалім екен, бала иелерінен белгілеп ақысын алсын, садақадан үміттенбесін, оқытып тұрған балаларын тастай салып, кісісі өлген ауылға қарай аттана шаппасын.

«Қазақ мұғалімге жалование бермейді, қазақ пәлен, қазақ түген...» деген сөздер қазір мода болып барады. Қазақ түсінер де һәм істер де еді, бірақ бұл күнге шейін түсіндірудің шарасына кіріскен адам аз. Бірақ бұл гәп қазақта емес, шәкірттерде деп білемін. Шәкірттер осы кезде өз міндеттерін білмей адасып жүр, сондықтан олардың еткен еңбектері де

жеміссіз. Адасулары сол: олар медреседен шығып, елге барғанда шариғат айта шығады. Олардың борышы бейне қазақты дінге үндеу секілді. Біздің түсінуімізше, қазақ бұрыннан да һәм қазір де мұсылман, шариғаттың бұйырған һәм тыйған істерін біледі екен, егер оларды орнына келтірмейді екен, ол білмегендіктен емес. Көк өгіздің баржоғы, жердің домалақтығы, шалбар жастанса, кітапқа бит салып сықса қанша күнәлі болуы туралы пәтуа берумен мұғалімнің атағы да шықпайды, міндеті де емес һәм халыққа керегі де жоқ. Шәкірттер халыққа пайдалы һәм өздерінің еңбегі арзитын іске кірісудің мезгілі жетті. Шариғат айтудың орнына, оқытудан босанғанда ол кісілерін жинап, пайдалы кітаптар, газеттер оқып түсіндірсе, әрі балаларды, әрі үлкендерді үйреткенге есеп болады. Білімді жұрттардың мұғалімдері осылай істейді. Сондықтан халыққа ең пайдалы адамдар мұғалімдер болады. Қазақтың мұғалімдерге айлап ақы бермей, садақамен асырауында шәкірттер епсіз емес.

Осы кезде қазақ баласы көбірек оқып шығатын Уфа, Троицк, Орынбор, Қызылжар, Семей, Қарқаралы медреселері. Бұлар жазғытұры елге шығарында бір өз болып, тіленшілік қылмасқа, аз-көп болса да айлап ақы алуға сөйлесетін болса, қазақ көнбей қалмайды.

Бір айға бала басы екі сомнан берсе, 10 бала оқытқан мұғалім 20 сом, 15 бала оқытқан мұғалім 30 сом алады. Қалтасына қол салған кісіден садақа үміт етіп телмірмейді. Қазақтың қолында малы болса, шәкірттердің айырбасқа білімі бар, білімнен мал қымбат емес. Шәкірттер осыған қаулы қылса – қазаққа үлгілі іс шығарғаны, өздері тіленшіліктен құтылғаны.

Қазақша оқудың көп кемшіліктерінің үлкені – жақсы оқытушылар мен оқу құралының кемдігі, оқу жылының белгісіздігі. Бұл гәптар шәкірттерде болмаса да, мүмкінқадар толықтыруға тырысарға керек. Қазақ балаларын барынша бір тәртіп, бір емлемен жазылған жеңілірек кітаптармен оқытарға керек, оның үшін шәкірттер қыс медреседе кеңесіп, басқа жердегі серіктерімен хат арқылы, газет арқылы ақылдасып, бірыңғай боларға керек. Қазақ ішінде бір мұғалім екі жыл тұтас тұрмайды, сондықтан әрқайсысы әр түрлі жолмен оқытса, балалар шатасады, тез үйрене алмайды һәм мұғалімдерге де ауырлық келеді.

Міржақып Дулатов.
«Қазақ», 1913 ж., № 22.

БАЛАЛАРҒА ЖҰҚҚАНЫ

4 августа Ақмоладан Омбыға, гимназияға кіруге Шу бойындағы тамадан Дінмұхамет Әділов деген 11 жасар бала келді. Ақмоладағы городской школада 2–3 жылдан бері оқып жүр екен. Оқуға ыждаһатты һәм зерек болған соң, көрген адамдар қызығып, учительдері де гимназияға еркін кіруіне көздері жеткендей, Омбыға баруға мәслихат беріп жіберіп еді. 7 августа бала емтихан ұстауға гимназияға келсе, гимназия директоры Курочкин, қолында ұстаған бір қағаз бар, балаға суық назарымен қарап: «Мен пара алып бала қабыл етпеймін, емтихан ұстауға да жібермеймін, жүре бер»,–деп баланы шығарып жібереді. Бала бұл сөздің мәнісіне түсінбей сұраса, директор қолындағы қағазды көрсетеді. Қағаз – әлгі баланың ағасы болып директордың атына жазылған хат екен. Конверттің сыртындағы мөрге қарағанда, поштаға Омбыдан салған, ішіндегі сөзі мынау: «Құрметті директор – Курочкин! Менің інімді гимназияға алыңыз, алсаңыз жақсы нәрсе сыйлаймын, алмасаңыз тұқ бермеймін, сен жаман кісісің».

Директор бұл хатты жазған баланың ағасы деп шамданып, баланы емтиханға жібермеген себебі сол. Баланың елі Омбыдан 1500 шақырым, Омбыда жақыны да, танысы да жоқ, өзі бір жолаушы орысқа еріп келген. Мұның бәрі директорға айтылған. «Басқа біреу нендей ниетпен болса да бұл хатты жазған шығар, бірақ баланың жазығы жоқ» деген сөзді директор керек қылмаған. Сөйтіп, бала Омбының көшесінде жылап қалған.

15 августа Ақмоладан Омбыға келсем, әлгі баланы көремін. Школдардың бәрінде де емтихандар өткен. Қайтайын десе ел алыс. Сұрастырып қарасақ, бұл баланың келуінен бірнеше күн бұрын Ақмоладан оқуға екі ересек бала келген. Әділовті Омбыда бұл екеуінен басқа ешкім білмейді. Оның үстіне директорға жазған хаттың жазуы бұлардың бірінің қолына ұқсайды, қисыны солардың біріне келетін болған соң, оқудағы бір-екі жігітті ертіп, Ақмоланың екі баласына бардым. Хаттың жазуымен балалардың жазуын салыстырып қарасақ, біреуінің жазуына дәл келеді. Сол арада көп сөзге келмей, қолынан құтыла алмасын біліп, мойнына алды. Бұл Ақмола үйезінде қазақтың белгілі – «жақсы кісісінің» бірі Мұстафиннің баласы Ташмұхамбет. 17–18-дегі жап-жас бала, жамандық-

қа ерте үйір болып, жазықсыз жас талапкердің жолын бөгеп, күйе жаққаны. Бұл неден? Әлде үйренген үлгісі. Қазақ бірінің үстінен бірі домалақ қағаз берсе, қулық-сұмдықпен бірін-бірі ақсатса, өнерлі жігіт атанады, ондай іс қазақ назарында ұят емес, мақтан.

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
«Балам закон білді» деп,
Қуанар ата-анасы.
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Ыждиһатсыз, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды.
Орыста қалар жаласы,
Бұл іске кім виноват?
Я Семейдің қаласы,
Я қазақтың аласы?
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңлінде жоқ санасы...

Ибраһим Құнанбайұлы

Болар іс болды деп қоймай, биылдан соң болса да Дінмұхамет Әділовке гимназияға кіруіне тоқтату болмасын, нақақ жаладан айырылсын деп, Мұстафа баласын директорға апарып, айыбын мойнына алдырып, ана баланың тазалығына сендіруге сөз байланды. Дінмұхамет Әділов гимназияға келер жылы кіруге Омбыда қалды.

Міне, қырдағы пәленің дауы мен жаласының балаларға да жұққаны.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., №28.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚАЛАЙ?

«Қазақ» шыға бастағалы, жұрттың газетаға қарасы, қалай түсінуі байқарлық болды. Басқармадағы һәр облыстан алушылардың санына қарағанда да, басқа облыстарды аралап салыстырғанда да, күллі қазақтардан Семей облысының қазағының көзі ашық екендігі көрінеді. Ең көп алушы, көп оқушы Семей облысы болғанда, ең аз оқушы Сырдария облысында екен.

Он шақты облыстағы қазақтың Алашқа ортақ үлгілі іс бастар деп үміт етерлік Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал облыстары болса керек. Сол үлгілі істің бірі, мысалы, газета делік, осы істі жөнге салып бастай алмауда, қазақта мұндай іске жомарттық қылатын байлардың жоқтығын, білімді басшылардың аздығын айтпай-ақ қоялық, мұнан басқа да себептер бар.

Жұртқа бірдей жақсылық таңы атқан 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне еленделп, солардың ісіне еліктеп, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрініп іс қылып, жұртқа көсемдікпен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды. Бұларды көріп тұрған Семей облысының қазағы олардың не үшін мұндай жазаға кіріптар болғанына түсінді, қазақтың ат-айғырын, орыстың мәстегін ұрлағаны үшін емес екенін білді де, себебін аңғарды. Сөйтіп оларды қысудан Семей қазағының көзі ашылды. Мұндай басшы кісілеріне қысым болмаған иә мұндай басшылық қылушылардың жоқ болған жерлерінде

«жұрт ісі, жұрт файдасы» деген сөзді сөйлесек, түсінбейді, қалайша жұртқа пайда келтіруге болады дегендей ойға қалады. Ондайлар «жұрт үшін» деп қана, дінге сүйеніп барып түсінеді.

Міне, Семей облысының қазағы газетаның пайдалы екенін басқалардан артық түсініп көп алатын себебі осы. Өткен ғинуар жұлдызының ақырында, «Қазақ» шықпай тұрып, «шығады» деген хабары болған соң, Павлодар дуанында жатып, «Қазаққа» алушы қарастырдым. 4–5 күннен соң, бұл хабарды есіткен Павлодар қазақтары өздері келіп жаздыра бастап, аз күннің ішінде 150-дей алушы болды. Бұл Семей қазағының газетаның пайдасын түсінгендігі емес пе?

Жақсы-жаман болса да, жұрт бір нәрседен үлгі алады ғой. Бұл май айында Орынбор–Ташкент темір жолында Сырдария облысы, Қазалы үйезінің бір болысына кез келіп сөйлестім. Оған қазақша шығып тұрған газетаның барлығын сөйлегенімде, «Біздің өзімізге де жылына 4 жарым сомға газета келіп тұрады» деді. Алып тұрған газетасының атын білмейді. Сұрай келе, болыстың айтуынан анғардым, Ташкентте атақты миссионер Остроумовтың һүкімет ақшасына шығарып тұрған сарт тіліндегі газетасы екен. Болыс ол газетаны оқымайтын, оқыса да тіліне түсінбейтін, түсінсе де ауыз тұшырлық керекті сөз жоқ екендігін, тек амалсыздан пристав, үйездің әмірімен алып тұрғандығын сөйледі. Осы болыстың жауабы Түркістан уәләйатында сан жерде алдымнан шықты. Һәм растығына көз жетті: Түркістан жағында бірнеше болыстар піргіуормен (*келісімімен – ред.*) һәкімдерінен өтінген екен: «Бізге бұл газетаның керегі жоқ, міндетті болып алмасақ екен» деп. Бұл күнге шейін ол тілек қабыл етілген жоқ.

Сырдария қазақтары «газета» деген сөзді естісе, ат-тонын ала қашады екен, ол туралы қазақта кінә жоқ. Ташкентте Остроумов газетасының 4–5 нөмірін алып оқып қарадым, тілінің жартысы сартша, жартысы фарсыша. Он жолынан он сөз түсінгенім жоқ, басқан сөзінің керекті-керексізі өз алдына тұрсын, мұны оқыған шикі қыр қазағы не пайда алар, қалай түсінер, газетадан көңілі неғып қайтпас?!..

Енді тыңнан біреу газета ал десе, қашан оқып көрсетіп, анық қазақ тілінде, қазақтың керегін білдіріп тұрғандығына көздерін жеткізгенше, арбадан шошыған аттай үркеді. Бұрын газетаның атын естімеген қазақтың тұңғыш көрген газетасы әлгідей болған соң, шын пайдалы, ұғымды газетаға

тез үйір бола қою қиын ғой. Түркістан қазағын адастырған себеп те сол.

Ақмола, Торғай һәм Орал облыстары қазақтарының көзінде газетаның сенімі қалмаған, бірер кісінің пайдасы табылатын іс иә алдаушылардың кәсібі секілді көрініп қалған. Себебі Ақмола облысынан әуелгі екі думаға депутат болып барған Шаһмардан молда Қосшығұлов «Серке» деген газета шығарамын деп, екі нөмірден артыққа бара алмай, «Серкесі» суға кетті. Торғай облысының Думаға депутат сайлауға жиылған сайлаушылары қазақша газета шығарамыз деп ақша жинап, ақырында, газета да жоқ, ақша да кімнің қолында кеткені белгісіз болып қалды. Орал облысында «Қазақстан» газетасы шығып, 4–5 нөмірлік ғұмыры болып қана тоқтады. Осыны көріп тұрған бұл үш облыстың қазағы газета деген сөзді жүре тыңдайды. Ақмола дуанында бір емес, қазақтың сан атқа мінер жақсы кісілері айтады: «мұнан бұрын да газета шығарамыз, қазақтың жерін өзіне қалдырамыз, Көкшетауда медресе салып береміз» деп депутатымыз Ш.Қосшығұлов елімізден мал, ақша, қазықарта жинап әкетіп еді. Һеш нәрсесін көргеніміз жоқ. Сәлім Көшімов деген Науан хазіреттің шәкірті «Думаға депутат жіберу үшін ақша жиып жүрмін» деп келіп, палитсадан *(полиция – ред.)* ығысып бір түнде кетті деседі. Осы секілді жұртты безер қылушылардың ісі «қас түзетемін деп, көз шығарудан» басқа емес қой.

Өткен июльдің 15-де Ақмолада тағы да қазақтың бір қамқорын көрдім. Менің көзімше Ақмоланың Нұрлан, Спан деген болыстарына бір қажы келді. Бұл – Ақмола үйезінің Ақсирақ көл болысының қазағы Тәуекел Өзденбай баласы деген. Мұның жүрген жұмысы – Мединеде қазақ шәкірттері үшін бір үлкен медресе салуға ақша жимақ. «Қолында дакумент қағазың бар ма, ақша бергендерге беретін куитанса(*квитанция – ред.*) дәфтерің бар ма?» десе, «дакумент не керек, Аллаһқа сенбейсіңдер ме, куитанса не керек, екі иықтағы екі фәріште жазып отырмай ма?» – деп жауап қайырады. Міне, құдайдың біздің бағымызға берген қажы, молдалары!

Енді мақсұтқа қайталық. Бұл кезде қазақша шығып тұрған бір газета, бір журналымыз бар. Мұның екеуі де байлықпен емес, талаппен шығып тұр. Бірақ жаланаш талаппен алысқа баруға болмайды. Егер осы екеуі ғұмыр сүре алмай, тоқтап қалса, қай қазаққа болса да мұнан соңғы газета шығарамыз дегендердің сенімі қалмас. Соның үшін

«алты ай баққан арықты бір күн ұрындырып алмай», осындай тік тұяқ кезінде күш алып көтеріліп кетуіне қам ойлау тиіс. Бұл арада «Қазақ» газетасы туралы бір-екі сөз айтпақшымыз.

Біз қай жердің қазағының болса да газета туралы тамырын ұстап байқадық. Бір қолдан жеткілікті пұл шығарып, жомарттық қылар бай көрінбейді. Алушылардың аяқ алысына қарасақ, осы күні-ақ қарқыны басылып қалған сияқты. Жұртқа газетаның шыққандығын тегіс білдіріп болғаннан кейін, жыл сайын сұранып жүруден қасиет жоқ. Ал сенер бай болмаса, жалғыз алушылардың (*подписчик – ред.*) ақшасымен жұмасында бірден артық шығаруға реті келмейтін болса, газетаның халықты керегінше қанағаттандырарлықтай жиі шығып, тоқтамауына бір ақыл қарастыру керек қой. Қазірге сөзді осы арада тоқтатып, бұл туралы келер нөмірлердің бірінде түгел жазармыз.

М. Д.

«Қазақ», 30 август 1913 ж., № 28.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Біздің қазақ жұрты земство деген сөзді бұрын естімеген. Алым ақшалардың кейбірі «земский сбор» деп жиылатынын естіген болса да, оның да мәнісін білмейді. Қазақ халқы орыс патшалығына қарағаннан бері неше түрлі заң шығып, әрқайсысы кезінде өзгеріліп тұрды. Олардың бәрі бірдей қазаққа пайдалы болған жоқ. Пайдалы болатындары болса да, қазақ пайдаланбай теріс түсініп, зиян көрді. Мысалы, сайлау низамы ілгері уақыттарда қазаққа аға сұлтан, тархан дистаничнай, советник деген дәрежелер беріліп, олар көпке бармай жоғалып, жаңа низам бойынша осы күнгі сайлау шықты.

Закон деген нәрсе заманның өзгерілуіне һәм тарих дөңгелегінің айналасына қарай өзгеріліп тұрады. Заман нені тілесе, сол нәрсе закон болмақшы.

Біздің қазақ орысқа қарады, онан соң һүкімет қалай билесе, солай жүрді. Мынау біздің әдеп-ғұрып, тұрмысымызға қайшы келеді деп, түбін ойлап, өзіне керекті һәм пайдалысын сұраған жоқ. Біз тілемегенмен, бізден гөрі көздері ашық жұрттар қарап тұрмайды. Олар заманның ыңғайына, тұрмысының ағынына көлденең келмейтін законмен биленуін сұрайды. Бәріміз бір патшалықта болған

соң, басқалар тапқан пайдалы жол, үлгілі істен біз де өрнек аламыз, солардың шылауында біздей ақылы толмаған жас жұрттар теңдікке жетеді.

Жұртқа пайдалы заңның бірі земство еді. Мұның Россияда басталғанына 50 жыл болды. Сонан бері жұртқа тегіс жайылмай, бірте-бірте көбейіп келеді. Енді біраз жылдарда біздің қазақ облыстарында земство ашылу ықтималы бар. Соның үшін земство не нәрсе екенін күн ілгері біліп тұру тиіс. Егер күн ілгері һүкімет өз тұсынан қазаққа земстволы басқалармен қатар тезірек бере қоймағанда да, жұрт керек һәм пайдалы екеніне көзі жетіп, қалай пайдалану, қалай алу керектігін түсініп тұрса, ерте ме, кеш пе, болмай қалмайды. Не нәрсе екенін білмесе, керекті екенін сезіп ұмтылмаса, бізге кім әкеліп бермекші. III Дума Орынбор, Астрахань губернияларында земство ашуға закон шығарып еді. Ішкі істер министрі осы земстводан Астраханьға қарайтын бөкейлік қазағы тысқары болсын деп, IV Думаға закон жобасын кіргізді. Мұны жақсылықтан мақрұм қалу деп бөкейліктер қайғыру түгіл, көрші жұрттарына келіп жатқан жұт па, құт па, оны ойлаған да жоқ.

Біздің қазақты көптен билеп келе жатқан – ояз, крестьянский начальник, пристав секілді төрелер. Жұрт ісі түгел бұлардың қолында: тұр десе тұрады, жат десе жатады. Крестьянский начальник қазақтың қандай приговорларын бұзуға ерікті.

Қазақ жас бала мысалында. Жас балаға қараушы, билеуші қандай керек болса, қазақтың да сондай билеуші, көздеушілері даяр тұрады. Бір кісінің тізгіні біреуде болып, еркі болмау қандай кемшілік болса, бір тайпа жұрттың өз еркі өзінде болмауы онан мың есе жаман. Осы күні қазақтың өзін-өзі билеп отырған бір ісі жоқ. Жұрттың тіршілік, шаруа істерін өзі билемей, төрелер билейтін жол зиянды екені айдан анық болған соң, ескіні қалдырып, жаңа заң шығару керек еді. Ол заңымыз земство, яғни жұрттың билігі өзінде болу. Ал жұрт өзін-өзі билеуіне земстволың не нәрсе екенін анық түсініп танысуы керек. Земство ісінде жұрт өз құқын (*правосын*) білуі тиіс. Жұрт білерге керек, земство халыққа қалай қызмет етеді һәм білерге керек, земство мен һүкімет арасы қалай болады?

Міне, біздің мақсатымыз – қазаққа земстволың не нәрсе екенін мұнан былай түгел түсіндіру.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 29.

ОРЫНБОР, СЕНТЯБРЬ 14

Ішкі Россиядан ауып келген мұжық қазақ жеріне қара ағаштай қаптады. Бұларға неге келді деп өкпелеуге болмайды. Басы артық жерге ақсүйектер мен байлар ие болып, қатын-баланың күн көруі қиынға айналып, бұзауын арқандап бағатын болса, пәлен жерде жақсы жер бар деп қуса, мұжық сияқты қазақ та аумас па еді. Мұның шет жағасын Жиделі Байсынға көшіп жүрген қарауылдар көрсетіп жүр емес пе. Ал бұлай болса, қазақ жеріме көшіп келдің деп мұжықпен араз болмайды екен. Бірақ бұл кезде мұжықтың қазаққа қылып тұрған дұшпандық жері жылдан жылға артып бара жатыр. Қит етсе жанжал, төбелес, байлап тастау, кейде кісі өлтіру. Мұндай оқиғалар қазақ пен мұжық араласқан жерде тым-ақ көбейіп барады.

Міне, біздің басқармаға келген бір хатта Ақтөбе облысынан Досмұхамет Қожабай баласы жазады: «Өткен августың 28-і күні түс мезгілінде Жусалинский деген мұжық қаласының 5 орысы жоғалған екі атын іздеп, Аралтөбе ұлысына қараған Қазмұхаммет деген кісінің аулына келіп, атымызды сендер алдыңдар деп, екі кісісін ұстап алып кетті. Сол күні кешке екі жүздей орыс жиылып қару-жарағымен, манағы ұстап әкеткен екі қазақты арбаға отырғызып, күндізгі келген ауылға сау ете түседі. Сол арада арбадағы екі қазақтың бірін түсіріп, мылтықпен атып өлтіреді. Бірі қашып үйге кіріп кетеді. Мұны көріп, сол елдің ауылнайы Жүніс Қарабалаұлы мойнына знагін салып, орыстарға қарсы шыққанда, орыстар ауылнайды да, ауылнайдың қасындағы інісін де мылтықпен атып салды. Екеуі де сол арада жан берді. Өлген үш кісіден басқа 7 кісіні атып, жаралап кетті. Төртеуі өлім халінде жатыр. Бұл іс туралы прокурор һәм доқтырға хабар беріліп, осы күні тексеру болып жатыр».

Бұл қалай арзан қан! Мұжықтың екі мәстегі жоғалады, кім ұрлағаны белгісіз. Оның үшін сен қазақсың, сенен басқа ешкім алмайды деп ел шауып, кісілерін шегірткедей қырады. «Қазақтың» өткен нөміріндегі Семей үйезі, Сейтен елінің қазағын мұжықтар қалай өлтіргенін оқушылар әлі ұмытпаған шығар. Сонда мұжықтар айтыпты ғой: «Қазақ өлтіргенге не жаза болушы еді!» – деп.

18-нөмір «Қазақта» Ақтөбе үйезі, Теректі болысында дәл осындай оқиға болғаны жазылып еді. Оның қысқа мағынасы мынау: Жәнібек деген елге көршілес Бозтобинский деген

мұжық қаласының бір аты жоғалса, мұны сендер ұрладың деп, жүздей орыс ауылды қамап алып, жанжалдасып, жылқышыны алып кеткен. Орыстар қару-жарақ асынып, сайланып келген соң, ешкім қарсылық қыла алмаған. Балашаға, қатын-қалаш үрейі ұшып, далаға қашып, көп әбігер болған. Жоғалған ат сатып алған ат екен, аяғынан қашып бара жатқанда, қазына заводындағы полковниктің кісілері ұстап, мағлұм қылған соң ғана орыстар ашуын басыпты.

Ат аяғынан табылып қандай жақсы болған! Егер табылмаса, тоң мойын хохол Аралтөбе мен Сейтен елінің қазақтарына қылғанын қылмай ма?

Мұжықтың қазаққа істеп тұрған зорлықтарына қарағанда, патшаға бағынбаған, законге мойынсұнбаған жұрт секілді. Не нәрсенің бәрін қол іспен бітіреді. Қазақты ел екен демейді. Егер соңғы 5–6 жылда мұжықтың қазаққа заңсыз қылған зорлықтарын жинаушы болса, бір кітап болуында шүбә жоқ.

Көзім көрген оқиғалардан бір-екеуін жазайын. 1906 һәм 1907 жылдар Зайсаннан көшкен елмен Алтай тауына екі жыл жайлауға шықтым. Үш ұлыс ел (*Қара Ертіс, Қалжыр, Кендірлік*) Ертістен өтіп, Алтайдың тауына асады. Бұл екі арада үш мұжық қаласы бар. Ылдидан Алтайға асып шығатын Дирели дейтін жалғыз асу бар. Сондықтан көшкен ел амалсыз мұжық қалалары арқылы қара жолмен асады. Мұны біліп алған мұжық дәл жолдың үстін соқалап, шықпаса да егін салған болып, үш ұлыс елден егінімді басасың, пішенімді жапырасың деп сылтау қылып, мал басына, шаңырақ есебіне 30–40 тиыннан ақша алады. 1906 жылы жазды күні ел әлгіндей жайлауға көшіп бара жатқанда, қазақ пен орыстың арасына тілмаш болып сөйлестім. Амал жоқ, қазақтар сұрағанын беріп көшті. Ертеңіне қалың елден малдары жоқ болып, 5–6 ауыл еру қалған. Түстен кейін үдере көшейін десе, мұжықтар тағы да ақша сұрайды, бермесең көшірмейміз деп. Өңкей тіл білмейтін қазақтар дағдарып, ілгергі елмен кеткен маған шауып келді. Кешегі ақша берген орыстарың пәле қылып бүгін де ақша сұрап жатыр деп. Мен бұлармен бірге орыстың қаласына келіп сөйлессем, мұжықтар шуылдап сөз бермейді. Қазақтарға қолдан берген қорлықтан, жолдан алған зорлығы артық. Көше беріңдер дедім. Малды ауылдар еді, айғай-қиқу, ың-жың болып, қоралы қой, қосты жылқы көшпен араласып, тауға тырмысып асып жатыр. Орыс жоқ. Күн батты, қас қарайды. Бір кезде ағаштың арасынан мылтық, сойыл асынған 40–

50 орыс шыға қаптады. Қазекеңде үрей қалмай, атқа қамшы басып, тауға қарай жөнелді. Мұжықтар мені ұстап қаласына алып келіп, қазақтарға ақыл үйретіп ақша бергізбей көшірген сен деп каталашкасына жапты да тастады. Ертеңіне менен еш нәрсе өнбейтінін білген соң босатып қоя берді.

1907 май айында тағы да Алтай тауының ішіндегі Ақжайлау деген жайлауына Қара Ертіс елі көшіп келсе, 70–80 мұжық келіп ұлықтан алған рұқсаты жоқ, шатыр тігіп әр жерге егін салып тастайды. Қазақтар әдетінше жайлауына келіп қона бастайды. Мал кетеді бытырап. Мұжықтар егінге жақындаған малды шетінен мылтықпен атқылай бастайды. Мұның қалай деп алдынан қазақтар шықса, бір төртуыл жігітті атып өлтіреді.

Былтыр Қарқаралы үйезінен учитель Имам Әлімбаев маған жазған бір хатында айтады: Көрші мұжықтар жоғалған малымызды тауып бер деп ағайындарын ұстап әкетіп, қаласына апарып, неше түрлі ретпен қинаған. Табанына темір қыздырып басқан. Екі аяғынан жоғары көтеріп асқан. Үрпіне шөп жүгірткен.

Тағы да былтыр Павлодар үйезінің бір ұлысының үш қазағын (*мұның бірі Жұмағожа Әтиұлы деген ауылнай*) қасындағы көрші мұжықтар атымызды сендер ұрладыңдар, ұрласаңдар ұрладық деп айтыңдар деп ұрып- соғып, қорқытып өтірік мойындарына алғызған. Бұл үшеуін абақтыға әкеліп жапқызғаннан кейін мұжықтың қысымынан абақты кең көрініп, есін жинап, жараларын доқтырға көрсетіп, арыз беріп, нахақтығына көз жеткізіп, шығып кетті.

Осы нөмірде Зайсаннан жазған мұғалім Хаптасар Секеевтің хаты бойынша мұжықтар Қара Ертіс елінің тағы да бір қазағын қалай һәм не үшін өлтіргені басылып отыр.

Тере берсе, мұндай істер толып жатыр. Мұжықтың қазаққа қылып отырған қиянаттары көп. Бұларға тоқтау қылған кісі кем. Ретті жолмен олардың законсыз істерін көрсеткен қазақ та жоқ. Осы кезде орыстан мал жоғалса тек қазақтан көреді. Келеді де қол іс қылады.

1910 жылдан бері мал ұрлығының жазасын ауыр қылып (*3–4 жылға дейін арестантский рота*), үкіммен заң шығарды. Анық айғағы болса белгілеп, сол ұрының өзін сотқа берсін. Закон бойынша малын алсын, жазасын тартқызсын.

Мұжықтың қазақтан көбірек дәндеп тұрған бір ісі, егінімді жедің деп мал айдап алу. Бұл туралы да мұжықтың дегені болады. 5–6 сомдық егінге зиян келсе, 50–60 жылқы яки сиыр байлауда болады. Көп жерлерде жеріне түспей,

жақын келген малдарды қаласына айдап алатын үйреніс бар. Қазақ барып малын сұрайды. Орыс бермейді. Сонан жанжал шығады. Қазақта орысқа қарсылық қылар шама жоқ. Егінге мал түскен болса, екі жағынан понятой барып достықпен сөйлесіп, егінді көріп кесім қылса, бермеймін деген қазақ тентек. Өлшеуден артық аламын деген орыстікі теріс емес пе? Екі жағы келісе алмаса, протокол жазып жоғары ұлыққа арыз беріп, законмен іздеу керек. Қолмен алу жол емес.

Әр жердің мұжықпен аралас қазақтары, егер көршілерімен тату бола алмай, жоғарыда айтылғандай, зорлық-зомбылық көретін болса, ұлықтарға білдіріп, қазақты мұжықтың жәбірінен құтқарып, тоқтау салуын тілеу керек. Мұжық орынсыз ақша төлетсе, қазақ үй басына 40–50 тиыннан бөліп салады да, көппен көрген ұлы той, бұл қанша шығын деп азсынып жүре береді. Мұның түбі үлкен шығын екенін қайдан білсін. Егер қазақ жылына үй басына балаларын оқытуға 40–50 тиын ақша жұмсаса, біраз жылдың ішінде қазақта оқымаған жан қалмас еді. Қазақ тегіс оқыған болса, қазіргідей басқаларға құл болып отырмас еді. 40–50 тиынның аз-көбін осыдан байқауға болады.

Орыс пен қазақ көрші жұрт болған заманда араларына мұндай дұшмандық кіруі жақсы емес. Көрші елдер тату болса, екі жағына да пайдалы.

Мұжықтар қазаққа қылып тұрған бұл қиянатын тоқтатпаса, екі халықтың арасы ашылып, қан дұшманы болып кетуі ықтимал. Қазақтың мұжықтан көріп отырған зорлығы, нахақтан төгілген қаны көпке шейін жүрегіне шер болып байланып, ұмытылар ма? Мұны hүкімет те, жұрт та ескеретін жұмыс.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 30.

СОТ ІСІ

Осы сентябрьдің 9-нда Орынбор шаһарында Саратовский судебный палата Торғай үйезі, Шұбалаң ұлысының қазағы Батырхайыр Тоқтабайұлының ісін тексерді. Тоқтабайұлы 942-статья бойынша айыпталған еді. Ісінің мәнісі мынау:

1906 жылы 25 февральда Торғай судьясының мекемесінде бір дау болған. Дүйсенбай Құдабайұлы Әлім

Үркімбайұлынан һәм басқа кісілерден дүкеннен тауар ұрладың деп судьяға жүгінеді екен. Сол кезде Батырхайыр Тоқтабайұлы судьяға тілмаш екен. Судьяның мекемесінде жиылған кісі көп болады. Батырхайыр дауласқан қазақтардың сөздерін тәржіме қылып тұрады. Бұл іс туралы куә болып келген Ғұмар Тыным баласы жауап беріп тұрғанда, Әлім Үркімбай баласы Ғұмардың сөзін бөле береді. Ғұмар айтады: «Сен өзің арақ ішіп, мас болып тұрып, кісінің сөзін бөле бересің»–деп. Судья Ғұмардың қазақша «арақ» деген сөзін орысша «дурак» деп айтты деп ашуланып, протокол жазады. Ол күні қаралған іс бітіп, жұрт тарқайды. Әлім судьяға арыз береді. Ғұмар Тынымұлы мекемеде мені сөкті деп. Куәлікке Батырхайыр Тоқтабайұлы мен Идіріс Юсупұлын салады. Әлімнің арызы бойынша судья куәларды шақырып, екі даугердің ісін тексереді. Батырхайыр мен Идіріс судьяға Ғұмар Әлімді «дурак» деп айтты деп жауап береді. Судья Ғұмарды абақтыға кеседі.

Ғұмар судьяның билігіне риза болмай, Троицкий окружной судьяға шағады. Окружной сот істі қайта қарамақшы болып, бұрынғы куәларды шақырады. Батырхайыр мен Идіріс окружной сотқа келгенде, бұрынғы куәліктерін өзгертіп, Ғұмар Әлімді «дурак» деген жоқ, «арақ ішесің» деген деп жауап береді. Сол арада прокурор бұл екеуінің антпен өтірік сөйлеп тұрғанын ұстап, сотқа тартқан.

1911 жылы 29 сентябрьде Троицкий окружной соты Батырхайыр Тоқтабайұлын һәм Идіріс Юсупұлын антпен өтірік куәлік бергені үшін 942-статья бойынша айыптап, әрқайсысын праволарынан мақрұм етіп, үш жылдан арестантский ротаға айдауға хүкім қылған. Бұлар окружной соттың хүкіміне риза болмай, Саратовский судебный палатаға шаққан. Палата бұларды 1912 жылы 7 майда қайта тексеріп, окрсоттың салған жазасын кемітіп, бір жылға қалдырған. Идіріс палатаның хүкіміне риза болып, бір жыл абақтыға отырған. Батырхайыр көнбей, Сенатқа арыз берген. Сенат палатаның билігін бұзып, істі сол палатаның қарауына қайтарған.

Міне, сентябрьдің 9-нда Орынборда тексерілген іс осы еді. Тоқтабайұлының қорғаушы адвокаты Орынбордағы присяжный поверенный Алексеев болды. Адвокаттың судебный палата алдында Батырхайырды қорғап, мықтап ұстаған дәлелдері мынау: Тоқтабайұлы 1906 жылы Торғай судьясына жауап бергенде антсыз берген екен, оның судьяға антсыз берген жауабы өтірік болған соң, окружной сотта

антпен куәлік бергенде расын айтқан екен. Судьяға өтірік айтуының себебі, судья өзінің протоколын расқа шығару үшін, солай десең антсыз жауап аламын деп, Батырхайырдан жауапты антсыз алып, мұның жолдасы Идірістен жауапты антпен алған екен. Батырхайыр антсыз берген жауабын судьяның өтінішімен бергендігін айтатын екі куәсы палатаға шақырылып келіп тұрды. Адвокат осы дәлелдерге сүйеніп тұрып, Тоқтабайұлын қорғады. Екі куә айыпкердің пайдасына жауап берді. Судебный палата кешкі сағат 1-де істі тексеріп болып, Тоқтабайұлын айыпсыз деп тауып, ағартып жіберді.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 31.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Темір жолдар жүргізу, соғыс кемелерін жасату, әскер ұстау шығыны да патшалыққа түседі. Патшалыққа һәм патшалық ішіндегі кей жерлердің бәріне де дәрігерлер, инженерлер, агрономдар керек. Бұл білімдерді жалғыз-ақ университеттерде яки сондай басқа жоғары орындарда үйренуге болады. Соның үшін мұндай оқитын школдар да патшалық қажетіне жатады. Мұндай қажеттерді өтеуге облыстың күші емес, патшалық күшін жұмсау керек.

Патшалық қажеттерін санап бітіру қиын. Қандай қажеттер облыстың, қандай қажеттер патшалықтың күшімен өтеу жұрттың қалауымен, лайықтауымен болады.

Мұнан түсінуге болады, жұрттан жиылатын алым, шығын ақшалардың бір бөлімі облыс, губернияның қажетін өтеуге, бір бөлімі патшалық қажетіне кететіні. Патшалық қажеті мен облыс қажеті бір-біріне жақын.

Облыс қажеті болсын, патшалық қажеті болсын, жақсы өтелсе, халықтың рахаты, тыныштығы сонан табылады. Мұнсыз жұртта береке болмайды.

Патшалық сонда күшті һәм бай, даңқты болады, егер қол астындағы халықтардың көңілдері разы болса, шаруасы жайлы. Патшалық әлсірейді, егер халқы кедей болса, надандық сазына батады.

Халықтың мұндай тыныштығын, рахатын табу үшін екі түрлі билеу бар. Бірі – патшалықтың үстінен қарап тұратын

ұлық мекеме. Екіншісі – жеке-жеке облыс, губернаторларды билейтін мекеме.

Көп заманнан бері біздің һүкіметіміздің ең артық билеу деп санағаны – Петербургте отырып, губернаторлар, үйездной начальниктер, приставтар һәм басқа шенеуніктер арқылы халықты меңгеріп, қажетін өтемекші болған, қанша школ, қанша ауруханалар керек екенін есептеген, қандай закон шығаруды ұйғарған билеу еді. Халықтың өз тізгіні өзінде болмай, не болса да жоғарыдан келуші еді. Соңынан байқалды, бұл түсті билеуден халыққа келер пайданың жоқтығы ап-анық көзге көріне бастады: халық надан қалып барады, жылдан жылға мал азайды, ауру-сырқау көбейді, жұрттың кәсібі оңғарылмады. Бұл билеумен бәрін білу, халықтың ауырған жерін табу қиын. Мезгілінде халыққа жәрдем беру мүмкін емес екеніне көзі жетіп, һүкімет мынаны істеуге көнді. Жұрт ісінің бір бөлімін жұрттың өз қолына, өз билігіне тапсыруға, яғни жұрт өз ісін өзі басқаратын мекеме ашуға. Сол ниетпен һүкімет мұнан 50 жыл бұрын Россияның кей губернияларында земство аша бастады һәм осы кезде де ашып тұрады.

Енді земство қандай қажеттерді өтейді? Земствоның өтейтін қажеттері мынау: оқу-оқыту ісі, от пен судан сақтау, адам һәм мал дәрігерлігі, ашаршылықта, жұтта мұқтаждарға жәрдем беру, жол түзету, поштаханалар ашу һәм басқа сондай жұрттың күшімен басқарылатын жұмыстар.

Облыс қажеті не нәрсе екенін білгеннен кейін, бізге танысарға керек: Шенеуніктер билегенде һәм билеп тұрғанда халықтың қажеті қалай өтелді? Мысалы, оқу жайынан бастайық.

Торғай облысында 4 үйезге қараған 60 ұлыста 475 ауылнай қазақ бар. Адам саны еркек-әйелімен 470 мың 109 болады. Осынша халыққа ашылған школ–132. Бір школ 3 мың 562 адамға келеді. Мұнда әрбір 1000 адамның 63-і ғана хат таниды. Торғай облысында, басқа облыстардағы қазақпен салыстырғанда, оқушы көбірек. Енді оқушының азырақ жағы – Жетісу облысын алайық.

Жаркент үйезінде әр 1000 адамның 23-і ғана хат таниды. Қапал үйезінде – 38 кісі, Лепсі үйезінде – 37 кісі. Қазақта оқудың кемдігі осыдан көрінсе керек. Бұл күнге шейін орысша бастауыш школдан басқа, қазаққа арналып ашылған орта дәрежедегі (*гимназия, реальный училище секілді*)

школдар. Орыстың орта һәм жоғары дәрежедегі школдарына қазақтың бірен-саран бақытты ұлдары ғана кіріп жүр. Жұрттың көбіне жол жоқ, есік жабық. Осы күні ілгері ұмтылған талапкерлер көп болса да, өз күші жетпей, қазына жәрдем бермей, халықтың ақшасымен пайдалана алмай, әурешілікте жүр. «Қазақтың» №26-нөмірінде жазылған еді: «Биыл күздігүні Орынбордағы Киргизский учительский школаға кіруге 40 қазақ баласы келіп, төртеуі-ақ кіріп, қалғандары орын жоқтықтан елдеріне қайтты» деп. Соңғы жылдарда мұндай оқиға Орынборда да, басқа жерлерде де болыңқырап тұр. Осы кезде қазақ бұрынғыдай емес. Оқуға ынталы. Бірақ әлгіндей орын болмай, көбісінің тауы шағылып жүр. Мұны иә ерлік қылып, иә елдік қылып ескерген жан жоқ. Қазақтан жиналатын ақша нендей орынға жұмсалатыны, қаншасымен пайдаланып жүргенімізді есептемейміз. Егер қазақтың өз тізгіні өзінде болып, жұрттан жиналған ақшаны өз қажетін өтеуге жұмсайтын болса, қазақ баласы кіруге орын таба алмай қаңғырмас еді.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 32.

АДАМҒА ТІРШІЛІК НЕ ҮШІН КЕРЕК?

«Айқаптың» өткен жылғы үшінші нөмірінде Шәкәрім мырза бес ауыз сөз жазып жауап сұрады, сол бес ауыз сөзінің екіншісінде: «Адамға тіршілігінің керегі не үшін?» –деді.

Бұл сөздің шешуін тауып, лайықты дәлел келтіру оңай іс емес.

Адамзатқа тіршіліктің не үшін керегі бар деп білу керек? – деген сауалына әр заманда түрлі халықтың данышпан адамдары өз ойларынша түрліше жауап береді: «Құдайға құлшылық қылып, құдай жолын қуып, нәпсіні біржолата тыю керек, осыдан басқаға ғұмырды өткізбесе, сонда адамның жаны тыныш тауып, тәні мұңлықтан құтылады»,–деп бірталайлары айтты, басқалары айтты: «Жақынға, туысқанға, барша жан-жануарға жақсылық қылу керек, міне, адамға тіршілік бұл үшін керек»,–деп.

Әлбетте, адамға жан беріліп, дүние жүзінде жүруге ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр жеп-ішіп, ұйықтап тұруға ғана

болмауға керек, ол үшін ғана болған уақытында адам менен хайуан арасында ешбір айырма (*парық*) болмайды.

Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа ғұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды.

Не үшін бізге тіршілік керек деп білеміз?

Бұл турада қазақтың бұрынғы заманындағы қариялары, ойшылдарының айтып кеткен сөздерінің ішінде жауап табыла ма деп ойлаймын. Бұрынғыдан қалған сөздердің мағынасы көп, ойлары терең болушы еді, бұрынғылар: «Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса досыңа қыл» деген екен. Осы сөзден Шәкәрім мырзаның жоғарыдағы сөзіне жауап табылады десек, қате болмас дейміз.

Тіршілік немен болу керек?

«Әуелі жақсылықты өз басыңа қыл, өзіңнен артылса досыңа қыл». Міне, тіршілік осыменен табылады һәм сонымменен көркем болады. Жақсылық деген сөзді әркім біледі, бірақ әр түрлі ұғады: «Егер біреу менің қатынымды алып кетсе, ол жамандық, мен біреудің қатынын алып, иеленсем ол жақсылық»–дейді екен. Аңның терісін киіп, жегені шикі ет болған даланың аңы сияқты өскен бір жұрт – «индеец» жақсылықты бұрын білген жоқ.

Ол сөздің мағынасы біреуге келген пайда, біреуге залал яки қиянат, зорлық болмау керек, мұнда жақсылық болады.

Болмаса біреуге деген жақсылық біреуге зорлық болған уақытта ол жамандық болып табылады. Адам өз басынан асып басқаға пайда келтірерлік болса, сонда «досына қылсын» деген. Ал «дос» деген сөздің мағынасы не болмақ?

Құда, тамыр, ағайын-туған яки көңілдес кісіні айта ма, жоқ болмаса басқа адамдарды дос деуге бола ма? Бұл сөз «туған, туысқан, ру» деген сөздерден аулағырақ болып, дұшман болмаған кісілердің һәммесі дос болып табылады» деген мағынада болар деп ойлаймын.

Біздің қазақ ғұрпында қай заттан болса да ел ішіне келген адам, нәсіліне қарамай, бәрі бірдей құрметті болады, бәрі бірдей қонақ болып көрінеді. Бұл ғұрып, бұл қонақылық «дос» деген сөзді жоғарыда айтылған мағынада ұғуға бір дәлел. Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда, тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді.

Осы айтылған сөздерменен Шәкәрім мырзаның үшінші сұраған сауалына жауап табыла ма деймін.

Қандай адам жақсы кісі болмақ керек?

Сондай адам жақсы, кімде-кім жетім-жесір, кәріп-қасар, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуантып қойса.

Ал енді, бұл күнде жоғарыда айтылған қариялардың сөзі бойынша біздің халықта іс қылған кісі бар ма? Көз салып тұрсақ, бұл заманда досына жақсылық қылған адамдар кем көрінеді. Біздің қазақ арасында жақсыларымыздың бар ойлағаны ел билеп, хүкім жүргізу. Ол ел билеу деген теріс болмас еді, елге пайда келтіретін болса, билеріміз қара қылды қақ жарған ғаділ болса, болыстарымыз жұрт қамын жеп, жұрт сөзін сөйлеп қорған болса, сонда болыстық, билік – жақсы бір дәреже деп масаттанар еді. Ел ішінде көреміз, жақсыларымыздың істеген көп жақсылықтары «индеецтің» жақсылығы секілді.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!
Күлмең қағып қасқайып
Салынып ап мақтанға,
Тан қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Абай

Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап, мұқатқаны ағайын-жұрты болса, билерде әділет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!

М.

«Айқап», 1913 ж., №14.

БЕЙЛИС ІСІ

Өткен сентябрьдің 2-сінде Киев окружной соты Миндия Бейлис деген еврейдің ісін тексеруге кірісті. Бұл сондай зор іс: даңқы бүтін Россия һәм шет патшалықтарға кеткен. Осы күні жұрттың бәрі не болып шығар екен деп құлағын салып, көзін тігіп тұр. Газеттердің беті күн сайын осы хабарлармен толып тұр. Бұл істің жұрт мұнша тамаша етерлік себебі мынау:

Орыс халқының арасында еврейлерге көптен бір жала бар. Еврейлер құдайға жасырын құлшылық қылғанда, христиан (*орыстар һәм олармен діндес халықтар*) қанын жұмсайды екен. Соның үшін еврейлер христиан балаларын өлтіріп, қанын ағызып алады деседі. Еврейлер шариғатында мұндай нәрсенің жоқтығын, мұның өсек екенін көрсетеді. Ақ жүрек білім иесі христиандар мұның бекерлігіне сенеді. Бірақ орыстың қара халқы қаралығымен, алдыңғы қатарлы оқыған қара жүз партияларындағы кісілер еврейлерді аса жек көрушілігімен бұл әдетті әр уақытта рас деп келеді. Міне, Бейлис осы жөнімен бір орыс баласын өлтіруде айыпталып, 3 жылдан бері Киев қаласында жатыр еді.

25 сентябрьге қарсы Бейлистің тергеуінде болуға Россия һәм Европа газеттерінің тілшілері Киевке келіп жеткен. Сотты күзетіп тұруға Киевтегі стражниктер аздық қылып, басқа шаһарлардан 15-тей стражник алдырған. Бейлистің ісі туралы Киевтен әр жаққа берілетін телеграмның көп болуын есептеп, телеграф машиналарын һәм телеграфхана қызметкерлерін көбейткен. Соттың тамашасын көрушілер есепсіз көп болғандықтан, билетпен кіргізетін болған. Бұл іс туралы шақырылған куәлардың өзі 258 адам. Сотта Бейлисті қорғаушылар Петербург, Мәскеудің атақты адвокаттары Маклаков, Грузинберх, Карапчовский һәм Зарудин. Эксперттер (*сыншылар*) – Россияның мәшһүр профессорлары. Бұл істің тексеруі үш жұмаға созылмақшы. Шет кісілермен сөйлестірмес үшін присяжный заседательдерді іс тамам қаралып біткенше ешқайда шығармай, соттың өзінде қондыратын болған.

Бір қарағанда, бұл істің мұнша зор боларлық ешнәрсесі жоқ секілді. Бір еврей бір орыстың баласын өлтірді деп айыпталады. Мұндай оқиға күн сайын дерлік болып тұрады. Бірақ мұның зораюы сотқа тартылып тұрған Бейлис атты бір еврей болып көрінсе де, асылында, дүниедегі күллі

еврейлер сотқа тартылғанға есеп болып тұр. Себебі осы жолы тексеріледі һәм айырылады. Еврей халқында жоғарыдағы айтылғандарымыз секілді христиан қанын алу әдетінің баржоғы, христиан һәм еврей секілді екі үлкен жұрттың арасында ескіден келе жатқан дау туралы жүгініс болады. Бұл істің мұндай үлкейіп кету себебі де сол.

Істің басталуы 1911 жылы 12 мартта Киев шаһарында тұратын 13 жасар Юшчинский деген бала ерте тұрып школға кетіп, сонан үйіне қайтпай жоғалады. Бір жұмадан соң бір сайдан өлген баланың сүйегі табылады. Байқап қараса, Юшчинский баланың өлімі туралы түрлі өсек, алып қашқан түрлі сөз тарайды. Әуелі кезде банкке баланың атына салынған біраз ақша бар екен. Соған ие болуға өгей әкесі өлтірген екен деп шығарады. (*Юшчинский некесіз туған екен*). Баланың сол себепті өгей әкесі абақтыға жабылған. Тексеріп қараса, бұл өлтірді дерлік дәлел табылмаған. Мұны босатқан. Мұнан соң тағы бір сөз тарай бастаған: баланы өлтіруші ұрылар екен. Бір ұрлығын Юшчинский көріп қалған соң, түбінде сол аузына ие болмай біреуге айтып қойса ұсталармыз деп, баланы жоқ қылған екен десті. Мұның түбін тексеріп келіп, тағы да анық ұрылар өлтірді дерлік дәлел таба алмаған. Ақырында Киевте бір сөз шыққан: баланы өлтірген еврейлер екен, құлшылық қылғанда тиісті орнына жұмсау үшін баланы өлтіріп, қанын алған деп. Баланың сүйегін тауып сойып қарағанда, басында, кеудесінде, бетінде 17 жерде шанышқылардың жарасы болған. Киіміне артық көп қан тимеген. Еврей өлтірді деуге көбінесе осы да сылтау болған. Сөзден сөз туып, ақырында мұны өлтірген Бейлис деген еврей деп, оны абақтыға жапқан. Баланың сүйегі табылған жерге жақын кірпіш заводында Бейлис приказчик болып тұрады екен.

Юшчинскийді өлтірді деушілердің ішінде бір бала болған. Заводтың қасында ойнап жүргенде Юшчинскийді Бейлис ұстап алып кетті, басқамыз қашып құтылдық дейді. Бұл бала – Вера Жиберок деген қатынның баласы. Вера әуелгі кезде Юшчинскийді өлтірді дейтін ұрылардың бастығы деуші еді. Соңғы кезде әлгі қатынның ұры екендігі анықталған. Бір ұрлықпен сотқа беріліп жазаға бұйырылған.

Бұл іс туралы жалғыз Бейлис қана абақтыға жабылып қоймай, бұл істі тексерушілер, сөз қылушылар да аман қалмады. Бейлис туралы өз пікірлерін жазған газеттердің көбі сотқа берілді. Штрафтар төледі. Бейлисті жақтаушы

адвокаттар жауапты болып қалды. Киевте жасырын полицияның начальнигі Мишчок үш жолдасымен сотқа беріліп, абақтыға кесілді. Мишчок сұрақ қылғанда, Юшчинскийді өлтірген еврей емес деген екен дейді. Сол полицияның тағы да бір начальнигі Красовский Юшчинскийді өлтірген еврей емес, ұрылардың бастығы Жиберок деген қатын деп, соның ізіне түскен. Красовский де сотқа тартылған. Тағы да осы істің анығын іздеуші Қараев дегенді Киевтен жер аударған.

Осылайша дүниені жаңғырықтырған Бейлистің ісі екі жылдан үшінші жылға кеткенде тексеріліп тұр. Бейлис биыл 39-да, бір қатын, 5 баласы бар. Егер бұл айып мойнына түссе, ғұмырлық каторожный работаға айдалу ықтималы бар. Бір кісінің айдалуы болса ешнәрсе емес, бірақ олай болмайды. Бейлистің қараюы дүниедегі екі миллион еврейдің қараюымен бірдей. Егер Бейлис қарайса, христиандардың дұшпандығы еврейлерге күшейеді. Екі халықтың арасындағы жік ұлғайып, от түседі, біріне-бірі рахым етуден кетеді. Бұл кезде Бейлистің ағаруын тілеушілер көп. Қараюын тәуір көретіндер онан да артық. Киев шаһарында шығатын «Киевлянин» деген газет Бейлис туралы бас мақала жазып, Бейлистің айыпсыздығын, еврейлерде христиан қанымен пайдалану әдеті жоқтығын өткір қалам, ашы тілмен көрсеткен. Бейлиске тағып тұрған нақақ жала екендігін, өтірік куәлар салып отырғандығын бек қатты жазған. Газеттің бұл нөмірі шыққан күні ерте, сағат 8-ге шейін сатылып біткен. Полиция газеттің бұл нөмірін халыққа сатпай, тоқтату салайын деп іздеп әуре болса да, көп таба алмаған. Соңыра бұл нөмір 5 сомнан сатыла бастаған. Мұнан бұрында «Қазақта» да жазылған орыстың атақты жомарты Шахов «Киевлянин» газетінің әлгі нөмірінде Бейлис хақында жазушының сөзіне айызы қанып, оның атына Мәскеудегі халық университетінде бір студент оқитын орын ашатын болған.

Киевте Бейлис ісі туралы есінен адасқан еврейлер де бар. Қара жүз партиялары еврейлерді шабу керек, шаңырағын ортасына түсіру керек деп халықты құтыртып тұр. Осы айтылғандарды бәрі де Бейлис ісі хақында дос кім, дұшпан кім екенін білдіреді.

Іс тексеріліп болған соң Бейлис туралы не болғанын тағы да хабарландырамыз.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 33.

АУРУДЫҢ АЗ БОЛУЫНА НЕ КЕРЕК?

Ауруды қарамақ, емдемек, адамдардың халық болып қосылып ғұмыр етуіне қанша көп заман болса, оған да сонша заман өтті. Греция халқының демократы Гиппократ, Пифагор деген ақылды данышпандарының бұрыннан келе жатқан тәжірибенің қуатымен ауруларды емдемек ғылымын айтқандарына екі мың үш жүздей жыл болды. Мұнан кейін ауруларды емдемек ғылымы «Медицина» әрбір түрге түсіп, аурулардың көбінің қайдан пайда болатынын һәм соларға дәл қарсы ем таба алмай жүрді. Соңғы 3–4 жүз жылдан бері ғана, әсіресе соңғы жүз жылдың ішінде, дәрігерлік ғылымы сонша зорайып, сонша анықталып кіріскен халықтарға, бұрынғы ерте заманда түстеріне кірмейтін пайдалы білімдер шықты. Дүниеде ең қуатты халықтар – Еуропа патшалықтары. Солар да неше түрлі жұқпалы ауруларға пайдалы ем таба алмай жүрді. Соңғы жүз, жүз елу жылдың ішінде адамдарды аса көп қырып кетіп жүрген аурулардың құрттары табылған соң, сол аурулармен қалайша алысудың ғылымы ашылып, бұрынырақ оқу кірген халықтар арасына жайыла бастады.

1798 жылы Англия халқының оқымысты адамы «Жинир» деген шешекті егудің ғылымын тапты. Жазып, өзінің халқына түсіндіре бастады. Сиырға шығатын шешек адамға да жұғады. Сол себептен сиырға шыққан шешектің суын адамға егеді. Күн бұрын ауырмай тұрып еккеннен қандай зор пайда боларын біздің қазақ та енді түсінген шығар: немістің Роберт Кох деген бір оқымысты адамы 1883 жылы оба құртын тапқан. Сонан соң обадан сақтанудың жолы табылды. Қандай дәрілермен оның құртын өлтіруге болатынын білген соң, өнерлі Еуропа халқының арасына оба деген ауру тіпті кірмейтін болды. Чума деген жұқпалы жаман аурудың құрты 1894 жылы анық табылды. Бірақ бұған қарсы дәл дұрыс ем әлі болмай тұр. Бұл чума адамға әрбір аңнан жұғады. Сасық күзен сияқты бір аңдардан жұғады деп айтады.

Адамда күйдіргі, малда жамандату, қараталақ, топалаң деген жұқпалы аурулардың құрты бір болады. Орысша «сибирская язва». Мұның құртын Еуропа халқының оқығандары 1849–1863 жылдарда анықтапты. Сонан кейін осы ауруды емдеудің ғылымы ашылды. Әрбір түрлі

нашарланған жамандатудың құрттарын малға егетін тәжірибе жайылды. Мұны шығарған Пастер деген француз ғалымы. Жамандату, секіртпе малдарда көп болады. Адам азырақ ауырады. Адамға бұл ауру малдың етінен жұғады. Егер де жамандату, секіртпе, қараталақтан өлген малдың етін жесе яки осы аурумен өлген малды біреу сойса да, қолын кесіп алса, яки қолында бұрыннан жара болса. Біздің қазақ әр түрлі ауруды айтып ауырып қалады. Неден ауырғанын білмейді. Қазақ арасында жоғарыда айтылған ауру өлген малдың иә етін жегеннен, иә соны сойып бұзғаннан бек ауыр ауруларға кіріптар болады.

Европа халықтарының әр түрлі жұқпалы аурулармен аз ауыратынының себебі – «сибирская язваның» нашарланған құрттарын еккендігі. Соның арқасында олардың малдарында аурудың құрты тіпті аз десе де болады. Қазақ халқына сол аурудан сақтану үшін сол аурудың қайсысы жұқпалы, қай ретпен жұғады, соларын ескеріп білу керек. Егер де қазақ ішінде анық дүние ғылымы көбірек жайылса, жақсы тәртіптер орнай бастаса, сонда ғана әрбір жұғатын аурулардан сақтануға бет алар еді және сақтанудың жолын білер еді. Қанша оқымысты адамдардың ғылымының тәжірибесімен бірқатар аурулар адамға малдан жұғатыны табылған.

Арғын.
«Қазақ», 1913 ж., № 33.

АУРУДЫҢ АЗ БОЛУЫНА НЕ КЕРЕК?

Жамандату, қараталақ, секіртпе, күйдіргі бәрі – бір ауру. Орысша «сибирская язва» дейді. Осы «сибирская язва» һәм құрт ауруын адамда, барша малдарда бірдей болатұғын жұқпалы чехотка иә туберкулез деп атайды. Жылқының маңқасы – аса жаман қорқынышты ауру.

Зарары құрт, микробтармен болатын маңқа адамға жұқпалы. Адам жарты ай, бір-екі ай ауырып өледі. Әр жерден тесіледі, шіриді. Әр мүшесі қабынады, қатты ауырады. Маңқа ауруы жылқыдан кісіге жұқса, көбінесе ол кісі маңқадан жазылмайды. Осы маңқа көбінесе емге басылмайды. Жылқы көп уақыт ауырып, маңқа болып жүреді. 5, 6, 7 жылға дейін қайсыбір аттар маңқа болып жүреді.

Осы маңқаны орысша «сап» дейді. Ерте заманнан халықтар білісіп, оған қарсы дәл дұрыс ем әлі таба алмады. Оқыған халықтар закон шығарған: анық маңқа болып ауырған аттарды қазынадан аттың иесіне бағасын төлеп, өлтіртпекке. Осы аса зарарлы маңқа бір жылқыдан біріне жұғып кетпесін деп һәм адамдарға жұқпасын деп һәм һүкіметіміз де, халқымыз да қанша көп ақша шығарып, маңқа аттарды өлтіртеді. Малдан адам қанша артық, ардақты һәм қымбат. Сол себептен кісі малдан жұғатын әрбір аурудан сақтану керек!

Малдан жұғатын аса зарарлы ауру бар. Бәрі де микроб, құрт арқылы болады. Жамандату, секіртпе, қараталақ, құрт ауру, маңқа, аусыл деген аурулар секілді, бұл микробтан трубасыз, микроскоп деген аспапсыз көзге көрінбейтін құрттар денеде жайылып жүріп, қанға барып кіріп, қанға өзінің уын жаяды. Мал яки адам әлгі микробтар аса көбейіп кетсе жығылады, өледі. Қаны қарайып бұзылып барып өлген малдың етін жеу еш дұрыс емес, сақтанбақ керек.

Егер мал маңқадан, жамандатудан, құрттан, аусылдан өлсін, ондай етті жеуден сақтану адамға уажип. Адам ақылы артық болған соң, таза мен ласты, пайда мен зиянды айырып жүруге міндетті емес пе?

Арғын.
«Қазақ», 1913 ж., № 34.

АУРУДЫҢ АЗ БОЛУЫНА НЕ КЕРЕК?

Ел арасында көпті білдім деген молдалар болсын, айтқан сөзімізді оқымаған, білмейтін адамдарға айтып, түсіндіріп жүргені жақсы емес пе? Егер ауырып тұрған мал өліп бара жатса, қазір бауыздайды да, тазалығын шариғатпен бекітеді. Жиренбей, ауырып өлген малдың етін жеп, терісін жинап алады. Мал жұқпалы аурудан өлсе, оны сойған соң, сүйрелген соң, құрттары жерге шашылып жайыла береді. Бұл аурудың құрттары неше жылға дейін өлмейді. Сол жерде сау малдар келесі жылы тағы ауырады. Қазақпен көрші отырған халықтарға қарасақ, мысалы мұжықтар, казак-орыстар олар ауырған малдың етінен жиренеді, жемейді. Өлген малдың ауруы адамға иә малға жұқпас үшін жамандату, қараталақ, секіртпеден өлген малдардың етін,

терісін алмастан, көміп тастау керек. Ауру малды ауылда оқшау жерге байлап бағу керек. Қаны, жыны шашылған жерге карболка, ерітілген алмас (*раствор сулемы*), болмаса суға езген ақ балшық (*известка*) шашу керек яки қырып, жинап бір шұқырға көму керек. Малға ауру қалаї білінсе, солай мал дәрігеріне иә үйезной начальникке білдіруге тиіс. Дәрігер келіп, керек дәрілерді береді. Ауруды сау малға егеді. Дәрігер ақы алмай-ақ жұқпалы аурудың тұқымын егіп береді. Ауру сонда тез басылады һәм көпке дейін қайта оралмайды.

Адамға шешекті қандай қылып егеді, қандай зор пайда тауып тұр адамзат. Сол сияқты малдарға да кейбір жұқпалы ауруды егуден сондай пайда бар. Жамандату, секіртпе, аусылды көп көшіп жүретін елдің малына егу қиынырақ. Көп көшпейтін, тіпті көшпейтін қазақ малына егудің тәртібін жүргізу бек пайдалы болар еді.

Қазақ арасына дүния ғылымы көбірек жайылса, әрбір аурудан сақтанар жолын білер еді. Бұл ойлағанымыздың болуына әрбір себептер, әрбір жолдар бар. Сол жолдар ашылар деп үміт етеміз.

Қараңғыны жарық, надандықты ғылым жеңіп, біздің жұртқа да денсаулық, бақыт, байлық заманы бірте-бірте туар.

Арғын.
«Қазақ», 1913 ж., № 35.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Европа халықтарында хат танымайтын адам сирек, бізде хат танитын адам сирек. Мұның себебі, өткен жолы айтқанымыз секілді, «қамқоршыларымыздың» жұрт ісіне қалай болса солай қарауы. Енді жұрт оларға сене бермей, өз ісіне өзі ие болатын болса, іс басқаша болмақшы. Бізге мағлұм, әрбір істі дұрыс істеуге болады, егер білімді жұрттардың қалай істеп, нендей пайдалы нәрселер ойлап шығарғанын, істерінің қалай тез ілгері басқанын көріп үйренсек. Егер бір істің мәнісіне түсінбей істесең, уақыт та, еңбек те, ақша да босқа кетеді яки аз пайда келтіреді. Ең әуелі земство ашыла бастағанда, земство берілген елдердің адамдары білген: қашан халық надан күйде тұрғанда, істеген

ісі де ілгері қозғалмайтынын. Сондықтан земствоның алдымен қолға алғаны оқу ісі болды. Земстволы губернаторлар земский школдар аша бастады. Ол кезде орыстың мұжықтарында да хат танитындар аз, школ көп керек еді. Халықтың тез ағаруына керек школдың бәрін біржола ашуға земстволарда да онша көп ақша жоқ еді. Халық школдың өте керек екенін мойындай қоймай, түбіндегі пайдасын, қазіргі шығынын көбірек ойлаушы еді. Сол себепті халықты бірте-бірте үйретіп, школдар да үздік-создық ашылып тұрды. Бұл кезде қай халық болса да, оқудан бұрынғыдай бас тартпайды. Оқудың керек екеніне әбден көздері жеткен, көп жерде школды қазақ өзі сұрап, приговорлар, арыздар бере бастайтын болды. Мұнан 2–3 жыл бұрын қазақ орыс көрсе осқырып тұрады екен. Бұл кезде ауыл-үй қонып алды. Ақмола, Семей облыстарында хакімдер балаларыңды орысша оқытыңдар дегенде жұрт қорқып, балаларымызды шоқындырады, солдатқа алады деп, басшылар мен байлар өз балаларын аман алып қалуға кедей балаларын жалдап оқытқан екен. Осы кезде сол екі облыста қазақтан төре, тілмаш, хатшы, дәрігер болғандардың көбі – сондағы оқытқан кедей балалары. Бұлардың шоқынбағанын, солдат болмағанын енді көріп, өздерінің жан тәттілік қылып, бекер оқымай қалғандарына өкініп жүр.

Соңғы жылдар тәртіппен оқытпаса да, ауыл басы молда ұстап, мұсылманша оқу да көбейді. Қазақ ішіндегі мектеп, медреселер тәртіппен ашылып, үстінен тексеріп қарап тұратын ешкімнің жоқтығы болмаса, орысшадан қазақша оқуға көп алды да, қазақша хат танитындар артық. Бұл күнге шейін жұртқа тегіс жеткілікті школдар біздің Россияда жоқ еді. Жеткілікті деп сонда ғана айтуға болады, егер оқуға талап еткен бала қанша болса да, орын табылып тұрса. Бұл зор кемшілікті жоғалтуға көптен ескеріп келе жатқан земстволар осы кезде, өз қарамағындағы губерния, облыстарға қара халықтың балаларының қолы тегіс жетерлік көпке бірдей школ ашуға жөн-жоба жасап жатыр.

Бұл кезде біздің қазақтың надан болып тұрған себебі – оқудан қашқаннан емес, халыққа керегінше школ, мектептердің жоқтығынан. Егер земство ашылып, қазақ өз ісін өзі билеп жүргізе алса, біз бұл күйімізде қалмаймыз. Оқулы, өнерлі жұрттың қатарына кіреміз. Қазақтың басқалардан саны аз болғанмен, оқымысты болса, қай

жұртпен болса да қатар тіршілік ете алмайды деуге болмайды. Бізде мақал бар: «Білегі – жуан бірді, білімі жуан мыңды жығады» деген. Мысал үшін мынаны айтуға болады. Дүниеде 11 миллион еврей бар: өнерлілігі, өткірлігі арқасында бұлар еш халықтан кем емес. Еврейлердің көрген қысымшылығының мыңнан бірін қазақ көрсе, әлдеқашан дүниемен қош айтысқан болар еді. Олар аздығына қарамай, азуы алты қарыс жұрттармен жағаласып теңдікке жетіп жүр. Бұл қазақ секілді өнерсіз жұртқа өнеге емес пе?

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 34.

АҚТӨБЕ ГИМНАЗИЯСЫ ХАҚЫНДА

Торғай облысы, Ақтөбе үйезінің қазақтары Роман тұқымының 300 жыл патшалық қылған құрметіне Ақтөбе шаһарында қазақ балалары үшін гимназия ашады деген хабар былтырдан бері сөйленіп һәм газеттерде жазылып жүрсе де, бұл күнге шейін бұл туралы бізге анық бір нәрсе жазған ешкім жоқ еді. Жаңада Ақтөбенің шаһар бастығы Мошчинский басқармаға хат жазып, өзінің шаһар есімінен Ақтөбе қазақтарына арналған хатын біздің газетімізге басып шығаруды өтінеді. Бұл хаттан көрінеді, жоғарыда айтылған гимназияны жалғыз қазақ қана ашпақшы емес, гимназияны ашуға басшылық қылушы Ақтөбе шаһары болып, қазақтар тек көмек бермекші болған екен. Шаһар бастығының болыстар арқылы Ақтөбе үйезінің қазақтарына өтініш хаты мынау:

«Хұрмәтлу ел билеуші болыстар!

Былтыр 26 августа Торғай губернаторы зор мәжіліс ашып, орыстан һәм мұсылманнан инауатты кісілер жиналып, Ақтөбе шаһарында орта дәрежелі бір школдың керектігін кенескенде, жұрт бір ауыздан гимназия ашуды қолайлап еді.

Шаһар халқының бұл тілегіне қосылып, Ақтөбенің қыр қазағы да Роман тұқымының 300 жыл патшалық қылған құрметіне әлгі гимназияны ашуға түндік басынан ақша жинауға лайықтады. Бірақ қазақ халқы бұл мәселе туралы күн бұрын хабарланып, танысып тұрмаған соң, тезірек хусуси гимназияны ашу керек екенін білмей, гимназия

қазынадан ашылады деген үмітпен, түндік басынан жимақшы ақшаны гимназияда оқитын қазақ балаларына орын (*стипендия*) ашуға береміз деген.

Шаһар мекемесі күн бұрын оқу істерін билейтін жоғары орындардан хабарланып анығына қанған. Қазынадан гимназияның ашылуына көп жылдарға созылып кетіп сарғайтатын, онан да хусуси гимназия ашылса, оның қазыналық гимназияға айналуы қиын болмас деп, осы жыл қалайда болса гимназия ашуға бел байлап, оқу ісін басқарушы жоғары мекемеге екі дүркін кісі жіберіп, ақырында, бірінші дәрежелі гимназия ашуға рұқсат алынды. Бұл гимназияның көп ұзамай қазыналық гимназия болуы анық.

Шаһар мекемесі рұқсат алса да, дәл осы кезде көлденең көмексіз, әсіресе қазақ халқынан жәрдем болмаса, гимназияны ашып жіберуге жалғыз шаһардың өзіне өте ауыр. Мұсылмандардың ықыласын біліп һәм бұрыннан да қазақ халқы мұндай ізгі істен бас тартпайтыны есімізде болып, зор үмітпен болыстардан өтінеміз, біздің тілегімізді қазақ халқына жеткізіп, айтылмыш гимназияның ашылуына өзара кеңесіп көмек берулерін. Қазақ халқының бұл көмегі біз үшін де, қазақ балалары үшін де бір қымбат белгі болар еді. Осылайша көптің көмегімен ашылған гимназия орыс, қазақ баласына бірдей ғылым үйі болып, әрқайсысына күлімсіреп есігін ашып тұрар еді.

Мұнан кейін сіздерге айтуға өзімнің борышымдай санаймын, округтің попечителі (*школдардың бастық төресі*) жолыққанымда маған айтты: «Сіз айтыңыз қазақ халқына, менің шын ниетім сол, мұсылмандар сенімсіздікті тастап, ғылым жолында бірігіп іс қылып, ілгері ұмтылсын, өздерін өгей ауылға санамай, терезесі тең жұртқа санасын» –деп».

Міне, Ақтөбе шаһарының қазаққа жазып отырған хаты осы. Осы күні Ақтөбенің қаласында һәр түрлі 18 школ бар екен. Соларды азсынып, шаһар халқы гимназия ашуға талаптанып отыр. Өнер-білімнің қадірін білген жұрттың қалпы осындай болады. Ал бұған Ақтөбе үйезінің қазағы не айтады, жауапсыз қалдыра ма, жұрт болып кеңесіп, өздеріне келер пайда-зиянын көздеп, пайдасы болса лайықты көмекпен қосыла ма? Бұл хатты шаһар бастығы өз тұсынан да әр болысқа жіберсе керек. Газет арқылы жазып отырғаны – жалпақ жұртқа мағлұм болсын һәм әркім оқып көрсін деген

ой. Болыстар бұған қалай қарайды екен? Хакімдерден келіп тұратын көп қағаздың біріндей болып, орындауға аса тығыздығы болмаған соң писерлердің сандығында жатар ма екен? Болмаса ел жақсыларының алдына салынды ма екен? Бұл туралы Ақтөбе қазақтарының не қылып, не ойлап жатқанын білмейміз. Біздің өз тұсымыздан Ақтөбе қазақтарына айтарымыз мынау:

Білетіні бар, білмейтіні бар, ол гимназияның қандай школ екенін қысқа сөзбен түсіндірейік. Гимназияда бала сегіз жыл оқиды. Мұнда әр түрлі ғылымдар, орыс тілінен басқа французша, немісше тілдер оқытылады. Гимназия бітірген бала ар жағында 3–4 жыл оқыса, судья, доқтыр, инженер, начальник һәм басқа сол секілді дәреже, һәм білім иесі болып шығады. Судьялық, доқтырлық, инженерлік білімдері университет, академия, институт деген жоғары школдарда ғана оқылады. Бұл орындарға кіру үшін гимназия бітіру иә гимназияда оқылатын ғылымдарды білу тиіс. Ақтөбеде бұрынғы 18 школдың бірі де гимназия дәрежесінде болмаған соң, Ақтөбе шаһарының гимназияға құмар болып тұрғаны да сол. Ал қазақтан білімі неше есе артық шаһар халқы гимназия ашылуын тілегенде, оқуға басқа жұрттан артығырақ мұқтаж біздің қазақ халқына гимназия секілді жоғары орындарға жол ашатын школдың керегі жоқ деп ешкім айта қоймас. Ақтөбе шаһары қазақтан көмек сұрағанда, тек ақшасын ғана алып, өзін шетке қағатын емес. Қазақтың қосқан күшіне қарай, гимназияға ортақ қылғалы отыр. Біздің қазақ өздігінен гимназия ашуды ескере қояр ма еді, ескерсе де, ашу жеке өз қолынан келер ме еді? Біздің ойымызша, Ақтөбе шаһарының бұл ниеті, бұл хаты қазақ үшін «құланның асуына, мергеннің басуы» дегендей, сәтіне қарсы келген іс болды-ау дейміз. Ақтөбе шаһары қазақтан жәрдем болмаса да, жақсы ниетінен тоқталмас, ауырлықпен болса да гимназиясын ашар, бірақ біздің қазақ түбінде өзі өкінер.

Жоғарыда елдің не ойлап жатқанын білмейміз дедік қой. Біздің бұл жазып отырғанымыз бәлки құр уайым шығар, жұрт жұрттық қылып бұл гимназияға қосылудың қамын ойлап жатқан шығар. Олай болғанда да айтатын бір-екі ауыз сөзіміз бар.

1) Қазақ бұл іске қосылатын болса, неғұрлым тезірек бас қосып, ақшаны қайратпен һәм қанша жимақшы болады,

приговорларын жасау керек. Гимназияның ашылуы асығыс көрінеді. Әне-мінемен уақыт өткізбей, қимылдау керек.

2) Гимназияға қазақ баласы үшін пәлен орын (*стипендия*) ғана ашумен Ақтөбе шаһарында гимназия ашу үшін жәрдем бергендік болып табылмайды, онан шаһарға бір тиын да пайда жоқ. Себебі: қазақтың мұндай орынға деп беретін ақшасы қазақтан кіріп оқитын балалардың киім, тамақ, пәтер расходына кетеді. Гимназияның ашылуына ауыспайды. Шаһардың мұндай тарығып тұрған кезінде қазақ балаларына арнаған орыннан басқа өз алдына жәрдем беруге тиіс. Шаһардың өтініші де сондай жәрдем бола ма деген үмітпен болып тұр.

3) Қазақ гимназияға жәрдем бергенде де, арнап пәлен балаға орын ашқанда да, түбін ойлап істеу керек. Ақтөбе үйезінде 18 ұлыс қазақ бар екен. Бәрі 17 мың 837 шаңырақ. Әрине, жұрттың ұнатуы, халықтың шаруасы біледі. Гимназияға ұлыс басына бір балаға орын аша ма, иә кем бе? Егер үй басы бір сомнан салып, бай, кедейіне қарай әділдікпен ауыстырып бөліп жинайтын болса, 17 мың 837 сом ақша жиылар еді. Қанша орын ашу, қанша жәрдем беру, барлығы қанша ақша жию һәм неше жылда жиып бітіру қазақтың өз еркінде. Жалғыз-ақ біздің беретін мәслихатымыз мынау:

Ең дұрысы, Ақтөбе үйезінен жиылатын ақшаны үшке иә төртке бөліп, соның екі иә үш бөлімін стипендияға шығарып, қалған бір бөлімін гимназия ашуға жәрдемге беруі тиіс. Стипендияға деген ақша ешқайда кетпейді. Бірақ гимназияның ашылуына берген ақшадан аз-көбіне қарай түбінде қазақ баласы пайдаланатын болсын. Осыған бір шара табуы керек. Болмаса мына секілді болып кетуі мүмкін.

Орынбордағы киргизский учительский школ 1883 жылы қазақ баласы үшін ашылып, қазақ баласы ғана алынып жүрген екен. 1892 жылдан бастап биік пәрмен бойынша бұл школдағы бұрын қазақ баласы пайдаланып жүрген 45 қазыналық орынның жартысына орыс баласын алатын болған. Ол 45 орынның 10-ы учительский школдың қасындағы бастауыш школдан оқитын қазақ баласына болуы міндетті еді. Сол жылдардан бастап, қазыналық орынның жартысына орыс баласын алуға болады деген низамға сүйеніп, школ бастықтары Орал облысының

земский суммасына ашылған 10 орын, Торғай облысының земский суммасына ашылған 15 орынның да жартысына, онан да (*көп*) артығырақ орыс баласын алатын болған. Бұл екі облыстың земский суммасы дегеніміз қазақ ақшасы еді. Сондықтан қазақтың қақысы еді. Бұған қазақ баласын алмай, орыс баласын алу жөнсіз болса да, бұл күнге шейін солай болып келеді. Сөйтіп, Орынбордағы учительский школ ең басында қазақ баласы үшін ашылып, бірнеше жылдан соң жартысы кеміп, онан бірте-бірте қазақ азайып, орыс көбейіп, иемденіп барады. Гимназияға берген қазақ ақшасы да сол сияқты болып кетпес үшін, осы бастан приговор жасарда елдің бас адамдары ақылдасып, гимназия әбден кемшіліктен, мұқтаждықтан құтылғаннан кейін, яғни қазыналыққа айналғаннан кейін (*биылғы жылдан бастап пәлен жыл өткеннен кейін десе де болады*) жәрдемге берген ақшаларының мөлшеріне қарай пәлен қазақ баласы алынатын болсын деп шарт қоюы артық. Осы бастан ашылатын стипендия туралы шарт қоюдың қажеті жоқ.

Міне, осы ретпен Ақтөбе қазақтарының мұндай жақсы іске тезірек кірісулеріне тілектеспіз.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 35.

БАС ҚОСУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ

«Айқап» журналының 16-нөмірінде – Жанша (Жаһанша) мырза Сейдалиннің Қостанай үйезіндегі қазақтардың басын қосып, болашақ съезге программа жасаймын деген сөзін оқып едік. Сол айтуы бойынша, Қостанай шаһарында октябрь басында болатын Боқырау жәрмеңкесіне барып, көшпелі иә отырықшы болу жайын кеңесу үшін ақсақалдардың басын қосуға деп, Жанша мырза Сейдалин Торғай губернаторынан рұқсат сұраған екен. Рұқсат берілмеді. Біз бұл хабарды «Уақыттан» оқып, онымен қатар алынған «Айқап» журналының 17-нөмірінде бұл туралы ешбір сөз болмаған соң, түбі бос хабар бола ма деп, «Уақыт» басқармасынан қайдан шыққан хабар екенін сұрастырған едік. Олар бұл хабарды «Русское слово» газетасынан алған екен.

«Русское словоның» хабары ұшқалақ болушы еді деп, оған қанағаттанбай, нағыз анығын білетін орындардан сұрап, әбден анығына жеттік. Рұқсат сұрағаны да, рұқсат берілмегені де рас екен.

Съезд деген сөз басталған кезде, заманның түріне қарап, тыныmы осылай болар дегенімізде, жұрттың көбі жаратпай, құр әншейін сары уайым, сары қайғы, тартыншақтық, қорқақтық деп, бірсыпыралары құр алауыздық, ұйым бұзарлық, сөз жарыс, егес деп, кейбіреулер съезді біз керек қылмағандай көріп, кейбіреулер жұрттан съезді біз қызғанатындай көріп еді. Біздің оныmыз бұл айтқандардың бірі де емес еді.

Съезд жақсы нәрсе, керек нәрсе. Бірақ жақсы нәрсенің жасалуы қиын болатынын айтып едік. Біздің сөзімізді жұрт теріс түсініп, ойымызды қисық жорып, қыңыр қарап, алауыздық, қуауыздыққа санап бара жатқан соң, біздің міндетіміз білгенімізді айту еді ғой, айтарымызды айттық, мойыннан борыш түсірдік, алмаса жұрттың өзінен қалар, съезд болса соқырдың тілегені екі көзі, болмаса жұрт болмағанын көрер, айтқанымызды алмаса, біз-ақ жұрт ауанымен бола қоялық деп, сөз көбейіп бара жатқан соң, сөзді қысқарту үшін біз де съезшілерге қосылып, қолдан келген көмегімізді істеуге бел байлап едік.

Он облыс қазақтың жиылысы түгіл, бір үйез қазақтың бас қосуына рұқсат бермей отыр. Бұл екі съезд арасы жер мен көктей. Облыс жиылысы айтқан ауызға оңай, жылында, айында, күнінде болып жатқан қазақтың ауылнай, волостной сходтарындай яки чрезвычайный съездеріндей-ақ көрінеді. Істей бастасаң, бұлардан он болыс түгіл, бір үйез жиылысы да бөтен болып шығады.

Бас қосу жақсы нәрсе (*жұрттан ондай жақсылықты неге қызғанайық*). Бір жақсы нәрсенің қолға түсуі жаман нәрседен гөрі қиынырақ болады. Біздің айтқанымыз да сол қиындығы еді.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., №35.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Халықтың денсаулығы. Қазақтан земский сбор деп жиналатын ақшаның бәрі оқу жолына жұмсалмайды. Жұрттың неше түрлі қажеті бар. Соның бәріне ортақ. Ол көп қажеттің бірі һәм біріншісі – халықтың сәлеметтігі. «Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақал бекер айтылған емес. Кісінің дені сау болса, көңілі шат, уайымы жоқ болады. Кейбіреулер кедейлікті, біреулер жалғыздықты, жетімдікті, жесірлікті уайым қылып зарланса да, бір ауруға ұшырап жанына батқан күні дүниеде саулықтан қымбат ешнәрсе жоқ екенін мойындайды. Бір адамның денсаулығы өзіне қандай қымбат болса, денінің саулығы иә аурулығы жөнінде қандай рахат, машақат көрсе де һәм тіршіліктің қызықты-қызықсызы соған байлаулы болса, саламаттық туралы бір халықтың жайы да солай. «Халық» деген сөз бен «кісі» – деген сөз бір мағына, әр адам саламат болса, бақытты болса, бай болса, оқымысты болса, халық та саламат, бақытты, бай һәм оқымысты. Халық деген бір тұтас тау, тас секілді нәрсе емес, бір-біреуден қосылған көп адамды халық дейді. Сондықтан жеке адамның қажеті мен халықтың қажеті – екеуі бір нәрсе.

Бүгінге дейін біздің қазақ ауруын ел ішіндегі бақсы-балгерлерге емдетіп, қожа-молдаларға үшкіртіп, қақтырып, соқтырып келді. Мұның көбінен зияннан басқа пайда кем болады. Соның үшін де қазақта бір мысал бар: «Бақсының жақсысы – ауруға ауру қоспаған» деген. Бұл дұрыс айтылған сөз. Бақсының көбі ауруға ауру қосатын болғандықтан, сыналып айтылған сөз. Бұл туралы да қазақты сөгуге болмайды. Себебі: қазақтан жиналған ақшаға һүкімет ел ішіне ауруханалар салып бермеген соң, доқтырлар, фельдшерлер шығармаған соң, шаһарларға баруға (*200, 300 шақырым*) алыс болған соң, қазақ бақсы, балгерге қаратпағанда қайтсін? Қазақта жұқпалы аурудың неше түрлісі бар: қызылша, шешектен қазақ балалары шыбындай қырылады. Жыл сайын сүзектен есепсіз көп адам ауырады. Бірінен-біріне жұғады. Теңге қотыр, ноғай қотыр, жіңішке ауру, мерез аурулары көбейіп барады. Бұларға жәрдем берерлік ешкім жоқ. Қазақтың көбі «доқтыр», «фельдшер» деген сөздің не екенін де білмейді. «Дәрігер» десең

де, бұрынғы өзінің дәрігерлері екен деп түсінеді. Байқаған кісіге көрінеу тұр емес пе. Басқа жұрттан қазақта бетін қорасан жеп қойған бұжырлардың көптігі, ол бұжырлардың көбі соқыр, тыртық болып қалған: мұның себебін қазақ енді-енді біле бастады. Доқтырлар, фельдшерлер баланың иығына шешек еккеннен кейін қайта шешек шықпайтынын білген. Қазақтың қатындары баладан көп өлді. Мұның себебі де дәрігердің жоқтығы. Басқа жұрттарда қатын толғатқанда дәрігер қатынды шақырады. Ол біліп іс етеді. Сондықтан зиянсыз болады. Біздің қазақтың қатыны толғатқанда көретін бейнетін құдай ешкімнің басына салмасын. Қатындар жиылып бақанға асып, ішін тартып, «Көлденең келіп тұр, теріс келіп тұр» деп езіп-жаншып жанын қинайды. Босанғаннан кейін көретін бейнеті онан да артық. Қаны азайып, халі құрып қысылса, сандырақтаса, қазақ «албасты басты, марту басты» деп адам айтқысыз әурелікке салады. Қазақ болмайтын нәрсеге сеніп, адасып біткен. Бала таппайтын қатынды молаға түнету, кей ауруларды бақсыға сарнату, көшірту, тұмар тақтырту, ішірткі беру секілді.

Қазақ өзі көріп отыр емес пе, һүкіметтің бұл туралы қанша пайдалы іс көрсетіп тұрғанын. Соңғы жылдары қазақ жеріне мұжықтар келіп орныға бастап еді, оларға ауруханалар ашып беріп, доқтырлар, фельдшерлер жіберіп жатыр. Өгей қазақ үшін бұл күнге шейін арнап салған бір аурухана бар ма? Халықтың шаруасын һүкімет басқарғандағы күніміз осы. Билесе, өзінен жиылған ақшаны өзіне жұмсаса, сонда ғана жұрт ілгері баспақшы. Ал жұрт өз шаруасын өзі билеуге земствосыз болмайды.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 36.

ОҚУШЫЛАРҒА ЖӘРДЕМ

Ойлап тұрсақ, қолда барымен пайдалана білмеген жұрт біздің қазақ екен. Заман тарылса, жер кемісе, дәулет қайтса, жаңада ғана болып тұр. Күні кеше киіз туырлықты қазақтың өз тізгіні өзінде, жер мен суы еркін, төрт түлігі сай еді. Үш жүздің баласы шалқып бір тұрған дәуірін көзі көрген көнелер әлі тірі. Сол еркіншіліктен, сол байлықтан ата-бабаларымыз бізге не белгі, не мирас қалдырды? Бұған

жауап беретін қазақ бар ма? Жоқ, бәрі де өзіміз секілді дағдарулы ма? Біз бұл сұрауларға жауап күтпей-ақ қоялық. Өткенге өкінуден пайда жоқ. Тек сол ғапілдіктен ғибрат алып, өзімізден кейінгі жас буынның қамын жеп, қайғысын ойлайық, көз жасына қалмалық.

Заман талас-тартысқа айналды. Қара күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. Есігінде жүріп азып-тозып кетеді. Сондықтан осындай мезгілі өтпей тұрғанда, қазақ баласына оқуға жабысудан басқа жол қалған жоқ.

Бұл оқу тамақ болар қарны ашқанда,
Жол табар қараңғыда адасқанда.
Мал озбас, біле-білсең ғылым озар,
Ақыры керек болар бір сасқанда.

Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман.

Қазақ осы күні қай оқудың болса да керек екенін біле бастады. Бірақ қолы жетіп керегінше оқи алмай жатыр. Себебі: қазақ арасында жеткілікті школ, мектеп, медресе жоқ. Шаһарлардағы школдарда орын аз. Жұрттың қолы тегіс жетпейді. Оқушыларға шаһарда мұсылманша арнаулы медреселер жоқ. Қазақта оқушы талапкерлердің көптігі соңғы жылдарда көріне бастады. Школдарға қазақ балаларының оннан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей қаңғырып жүр. Шәкірттер де жаздың 3–4 айында жанын жалдап тапқан аз ақшасын қыс оқуына жеткізе алмай (*сандалып*), сарғайып мұқтаждықтың зарын тартып жүр. Олар алаңсыз оқып, белгілі бір медресені бітіргеннен кейін елге шығып мұғалім болмаған соң, қазақта белгілі оқу жылының жоқтығы сол, мұнан зор зиян бар. Балалардың нағыз оқитын қыс кезінде, қазақ ішінде тәуір мұғалім қалмайды. Бәрі де медресеге кетеді. Басқа жұрттың

балалары бостандықта ойнап, тынығып жүретін шілденің ыстығында қазақ баласы мең-зең болып оқиды. Оқуға шабытты қыс күнінде көбі бос жүреді.

Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі де керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате. Әсіресе, көз салуға лайық, мұсылманша оқушыларға орысша оқушылар сайрап жатқан даңғыл жолға түскен секілді. Орыстың тәртіпке қойылған школдарына кіріп оқиды. Неше жыл оқитыны, алатын мағлұматы, бітіргеннен кейін нендей қызметке жарайтыны күн бұрын белгілі. Мұсылманша оқып жүргендерімізге қарасақ, соңынан жол салған сияқты, алды бұлдыр – көмескі, бұл күнге шейін бүкіл қазақта тәртіпті тәуір медреселерден түгел бітіріп шыққандардың саны 10 – 15-ке толмаса керек. Көбі мұқтаждықтан бір жыл оқыса, келер жылы оқи алмай, көбі жыл ортасында қаражаты бітіп шығып кетіп, біразы көп оқи алмайтынына көзі жетіп, тыңдаушы болып бірер жыл ғана оқып, тиіп-қашып жүр. Бұлармен салыстырғанда, орысша оқушылардың халі артық. Оларда аз-көп болса да школдарда орын бар. Қазына күшімен оқиды.

Басқа жұрттарда, бізге қарағанда, школдар, мектеп, медреселер көп. Олардың байлары болыстыққа таласпайды. Мыңдап, он мыңдап ақшаны оқу жолына жұмсайды. Тіршілігінде қайыр сауқаты бар кісілер өлген соң да қалған дәулетінен өсиет айтып, оқу жолына үлес шығарады. Жұртына пайдасын тигізіп тұрған атақты адамдарын жақсы атпен атау үшін солардың құрметіне стипендиялар ашады. Бұл жұрттардың әр түрлі жәмғият хайриәләрі болып, пақыр, міскін, жетім-жесірлерді тәрбиелеп, оқуға мұқтаждарды сүйеп, жәрдем береді.

Басқа жұрттарды айтпай-ақ, өзімізге жақын ноғай ағайындарымыздың байларына көз жіберелік. Орынбордағы Ахмет, Махсұт Хасеновтар, Кавказдағы Тағиев, Сейдоллаевтардың жүз мыңдарымен ноғай халқының он мыңдаған жаңа өспірім жастары гүлденіп шешек атып, ғылым нұрына қанып келеді. Орынбордағы медресе Хусаиния, Уфадағы медресе «Ғалия», Қазандағы медресе Махмудия һәм сол секілді зор медреселердің бәрі де ноғай байларының ақшасымен салынған һәм бұл күнге шейін оқушылардың тәрбиесі, оқытушылардың жалованиесі солардан. Мұнан кейінгі ноғайдың екінші, үшінші дәрежелі байлары

әркайсысы өз жерінде оқу жолына жомарттық қылып, мешіт, мектеп, медреселерін тәрбиелеп тұр.

Соңғы жылдарда ноғай арасындағы ойын-тойларда ысыраптарын кемітіп, игілік орындарына ақша жұмсайтын жақсы ғадат шыға бастады. Мәселен, өткен октябрьдің 20-сында Петропавл байларынан Кемал Шәмшалдинов қызын күйеуге берген тойында Қызылжарда жаңа ашылғалы тұрған жәмғият хайриәға мың сом берген. Күйеуі 100 сом берген, ноғайлардың мұнысы да сүйсінерлік іс. Бұрынғы тойларда ішкен мас, жеген тоқ болып, өзіне де, басқаға да пайдасыз тараушы еді.

Былтыр Оралда «Қазақстан» газеті шыққанда, Баку байы Зейнелғабиден Тағиев бір мың сом жәрдем берді. Мұны көріп тұрған қазақ байларының санасы, намысы деген нәрсенің ұшқыны, тамырларында бір тамшы қазақ қаны болса, ұяларға керек еді. Мыңды айдаған қазақ байларының қолынан мұндай орынға 5–10 сомның шығуы қиын болып тұрғанда, әлдеқайдағы бір шеркестің мың сом суырып беруі қалай! Сол «Қазақстан» газеті ақырында қазақтан мыңдап жәрдем алмақ түгіл жылына 3 сом төлеп алушының кемдігінен тоқтап қалды.

Енді мақсатқа келейік. Біздің қазақта байлар жоқ емес. Көбінің байлығы қандай орынға жұмсалып тұрғандығы тоқсан тоғыз қабат айтылды, жазылды. Анда-санда Қапалдағы Тұрысбеков, Мамановтардың жақсы істері құлаққа шалынып қалады. Жоғарыда айттық, бұл кезде қазақ балалары оқуға ынталы болса да, көбі қолы қысқалығынан тілегіне жете алмай жүр деп. Бұларға жәрдем етуші, талықсып тұрғанда демеп жіберуші жоқ. Енді осы жоқпен кемшілігімізді толтырмай, қисығымызды түзетпей, кем-кетіктерімізге, оқу жолында тарыққандарымызға жәрдем бермей, жеке-жеке құлан-киікше жайылып жүре береміз бе, жоқ, біз де басқалардан өрнек алып, дертімізге дәрмен іздейміз бе? «Әлбетте, іздеу керек» дерсіз. Олай болса, алаш ұранды қазақ-қырғыз болып, мұқтаж оқушыларға жәрдем беретін ортамызға пұл жиялық. Оның үшін «Оқушы мұқтаж қазақ балаларына жәрдем жәмғият» ашайық. Бұл жәмғият законға лайық болып, губернатордың рұқсатымен ашылады. Өзінің бекінген уставы (*низамы*) болады. Ол уставта жәмғияттың

мақсаты не? Ақша қалайша жиылады, қандай орынға жұмсалады һәм басқа сол секілді тәртіптері тізілген болады. Жиылған ақша банкте өсіп жатады. Кезінде лайықты орынға жұмсалады. Жәмғият ісін басқарып тұратын правлениесі болады. Правлениенің председателі, казначейі, хатшысы һәм бірнеше шілені болады. Бұларды жәмғият шілендері ортасынан сайлап қояды. Міне, осы жәмғиятты біз Орынборда ашуға ойланып жүрміз. Кезінде газет арқылы тағы да кеңесерміз.

Мұндай жәмғияттың қандай пайда келтіретінін шамалауға, Орынборда былтырдан бері ашылып тұрған «оқушы мұсылмандарға жәрдем жәмғияты» жайынан бір-екі сөз айталық. Бұл жәмғият 1912 жылы 14 октябрьде ашылып, іске кірісіп, сол жылдың аяғына дейін екі жарым айдың ішінде істеген ісінің есебін тасқа басып шығарды. Екі жарым айда бұл жәмғият оқудағы 9 мұсылман баласына (*мұның бірі қазақ*) 400 сом жәрдем берген, 2/2 айда жиылған ақша 1580 сом 56 тиын. Расход 507 сом 96 тиын. Келер жылға ауысып қалғаны 872 сом 60 тиын. Үстіміздегі 1913 жылда 15 шамалы оқушы мұсылман балаларына 900 сомдай жәрдем берді. Мұнан басқа Орынбор шаһарында бір школ ашты. Бұл школда орысша орта дәреже школдарға кіруге хазірленетін мұсылман балалары оқиды. Міне, Орынбор жәмғиятының бір жыл ішінде келтірген пайдасы. Мұнан былай бұл жәмғият тамыр жайып, сомасы молайып, жәрдемі артыла берер деген үміт зор.

Осындай біз де жәмғият ашсақ, көзі ашық, көкірегі ойлы алаштың азаматы бұл іске ынта-көңілімен кіріссе, қазақтың байлары кесек жәрдем етсе, мұқтаждардың бәріне түгел жетпесе де, бірсыпырасына жәрдем беріліп, үлкен пайда келтірген болар едік. Құдайға шүкір, қанша айтсақ та, қазақ байларының қайыр сахауаты әлі кесілген жоқ қой, жалғызақ жөн-жоба білмегендіктен, орын тауып жұмсай алмай жүр. Оның үшін қара халыққа кінә қою да дұрыс емес. Басшылық қылып ұқтырса, тура жолға сілтесе, қазақ тартыншақ емес, елгезек халық қой. Біздің қазақта мұндай орынға жиылуға лайық нәрсе көп. Құрбан терісі, зекет, ғұшыр секілді нәрселер мұндай орынға жиыла бастаса, өзі бір қазына болар еді.

Бірақ шу дегенде мұны жұрт істей қоймайды. Түсінікті адамдар басшылық етіп, өнеге көрсетсе, жұрт бірте-бірте

үйренер еді. Екінші, өлген адамға қазақ ас береді. Мақсаты сауап үшін болса, осындай жәмғият пайдасына қарасса, астың терісін я асқа шығарған малдың бір бөлімін берсе, әрі сауап, әрі жәрдем болар еді. Тағы да кісі өлгенде басына байлаған малдың бірер қарасы осындай жәмғиятқа берілсе, орынсыз болмас еді. Мұндай істерге басшылық ету, халыққа түсіндіру міндеті әр елдің өз адамдарында. Олар таза жүрекпен халыққа қызмет ететін, қазақ баласына пайда келтірейін, бұлар келешекте халықтың қызметкері ғой, қорғаны ғой деп ойласа, қолдарынан келмейтін жұмыс жоқ. Бұл адамдар – ел ішіндегі молдалар, болыс, билер, мырзалар, ел ағасы ақсақалдар. Қара қазан, сары баланың қамын ойлау бұларға парыз.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 37.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Шаруа жайы. Қазақтың тіршілігі, күн көргені – мал. Кәсібі – мал бағу. Малы көп болса уайымы жоқ. Шаруасы тыныш болса – көңілі жайлы. Бірақ соңғы жылдарда қазақта мал тұқымы азайып, кедейленіп барады. Қазақтың мал тұқымы азаюына бірнеше себеп бар: жер тарылуы, жұт, індет һәм басқалар. Жер тарлықтан, малдың өрісі кемігендіктен қазақ шаруасына зиян келетіні әркімге мағлұм. Ол хақында сөз қозғайтын орын бұл емес. Мұның алдында халықтың саламаттығы жайынан, ел ішіндегі ауру-сырқаудың, өлім-жітімнің көптігін, һүкіметтің бұл туралы жеткілікті жәрдем бермей, ауруханалар ашпай, доқтыр, фельдшерлер жібермей тұрғанын, қазаққа земство берілсе, жұрт өз ісін өзі басқарса, өз қажетін өзі істесе, жұрттың тілегі орнына келетінін жазып едік. Мал шаруасы жайынан айтарымыз да сол. Қазақ малы әр түрлі жұқпалы аурудан көп қырылады: жамандату, маңқа, аусыл, қарасан, күл, топалаң, секіртпе, талақ деген аурулар бір басталса, қазақ малының тұқымын азайтпай кетпейді. Қазақтың бұған мезгілінде қылар емі жоқ. Қалай емдеуді, қалай сақтануды үйретететін мал дәрігері жоқ. Қазақ мұның зиянын, бұл аурудың өте жұғымпаз екенін, етін жегеннен, терісін

пайдаланғаннан адамға да, малға да күйедей жұғатынын бұл күнге шейін түсініп болған жоқ.

Егер земство болса, алдымен қолға алатын нәрсе – оқу, халықтың денсаулығы һәм шаруасы. Жұрттан «земский сбор» деп жиылатын ақша қазақтың бар керегіне лайықтанып бөлінеді һәм бір тиыны шетке ауыспай, өз пайдасына жұмсалады. Қазақ осы күні мал баққан халық атанса да, қолындағы малын жақсы өсірудің, тұқымын асылдандырудың, жұқпалы індеттерден сақтанудың ретін білмейді. Қазақ малдың құр санын көбейткенге мәз. Тұяғы көп болғанмен құны арзан болса, қанша пайда бар? Жазды күні жетерлік шөп шабылмаса, қыстың аяз-боранында паналарлық бар малы сиятын жылы қорасы болмаған соң, қазақ малы қысты күні тебінде арықтап, жазғытұры көтерем болып, жарты бағасы кемиді. Суық боранға шыдамай қырылады. Мұз жауып, қарды аяғымен теуіп оттай алмаса, қырғын жұттың болатыны сол. Мұның бәрінің болатын себебі, қазақтың әлі күнге шейін шаруа жайын жақсы білмегендігі, шаруа ғылымын оқыған кісілерінің жоқтығы. Һүкіметтің бұл туралы көрсеткен жәрдемінің аздығы.

Қазақтың бұрынғы кеңшілік заманда шаруасы жақсы еді. Бай еді. Жұттар болса да, 4–5 жылдан соң қайта жетіліп кетуші еді. Енді қазақтың ол заманы артына бір қарамастан өте шықты.

Мұнан былай қазаққа малдың санын азайтып, құнды қылып асырап, жұқпалы аурулардан сақтану жолын тауып, малдың тұқымын асылдандырып, ортасынан шөп шабатын машиналар алып, көп ортасынан запас шөп жинайтын, қыс қысылғандарға жәрдем беретін қылып, шаруаларын түзететін жәмғияттар ашып, мал дәрігері, агрономдар (*шаруа ғылымын үйренген адам*) жетістіру керек. Бұл мақсаттарды орнына келтіру үшін тағы баяғы земствосыз болмайды.

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 38.

ЗЕМСТВО ҺӘМ ҚАЗАҚ

Бөтен жұрттың адамдары: «Қазақ надан, қазақ жұрттығын сақтай алмайды, қазақта әдебиет жоқ, қазақта тарих жоқ, пәлен жоқ, түген жоқ...» десе, біз намыстанамыз,

қанымыз қайнайды, мойындамаймыз. Ал өзіңмен өзің қалып, қазақтың өткен күніне бір айналып қарасаң һәм осы күнгі халін көз алдыңа келтірсең көресің: келешек үшін басқа жұрттармен қатар ұлттығымызды, тәндігімізді сақтарлық қылған һәм қылып тұрған көңіл жұбанарлық бір ісіміз жоқ. Жұрт үшін жаңа заң шығайын деп жатыр ма, олары бізге пайдалы ма, зиянды ма, біз кезінде білмей қаламыз. Алдын ала іс қылып қалу, халықтың жайын, керегін һүкіметке ертерек білдіру бізде ешуақытта болмаған. Бізде жұрттың тілегімен алынған бір нәрсе жоқ. Жұртқа зиянды деп шығарып тасталған нәрсе һәм жоқ. Қазаққа жаңа низам – «Степное положение» шықты. Қазақ шыққан соң ғана білді, оның зиянды, пайдалы жағын айырған жоқ. Қазақ мүфтиліктен шығарылды. Қалай шығып қалғанын сезбей қалды. Қазаққа 1902 жылы крестьянский начальниктер шықты. Оның керегі һәм пайдасы бар ма еді; жоқ, – артық па еді, оны тексеріп қараған жоқ. Қазақта әуелгі екі Думада депутат болып, онан кейін депутаттықтан мақрұм қалдырды. Қазақ «берген де өзің, алған да өзің» дегендей, солай болып қалуға тиіс секілді түсініп қала берді. Қазақ жеріне мұжық келе бастап еді, әркім өз жеріне келгенше тырп еткен жоқ. Осы күні Петербургте қазаққа жанасатын істерден «Степное положениені» өзгертуге һәм дін істері қаралмақшы. Оған да еленбеп, мынау жұрт ісі екен-ау, бұған жұрттық қылу керек екен деген қазақ шамалы көрінеді. Қазақ ойласа керек: біз біржола бағынған халық, қалай билесе, солай билесін, закон шығару біздің жұмысымыз емес деп. Бір патшалыққа бағыну құл болу деген сөз емес қой; өз керегін өзі білдіртпесе, Петербургте отырған шенеуніктер 3–4 мың шақырым жерде ен далада көшіп жүрген қазақтың тұрмысын қайдан біледі? Думадағы жұртқа жаны ашитын депутаттар да қазақтың жайын білмегендіктен, пайда келтіре алмай отыр.

Осы айтылған көп «білмей қалудың» бірі Астрахань губерниясындағы Бөкейлік қазақтарында болып тұр. Г. Дума дұрыстап, Г. Совет ұнатқаннан кейін, 9 июньде 1912 жылда патша қол қойып бекіткен заң бойынша, Астрахань, Орынбор һәм Ставрополь губернияларында земство ашылды. Бірақ бұл земстводан Бөкейлік қазақтарды мақрұм қалдырған[1]. Бөкейлік қазақтар Астрахань губерниясында

[1] Соб. Узак. и Распор. Правит. 26 июня 1912. №117. С. 998.

земство ашылғалы тұрғаннан, Думада бұл хақында сөз болғаннан, закон болып бекігенінен һәм өздерінің земствоға кірмей қалуынан хабарлары бар-жоғын білмейміз. Ешкімнің үн шығармауына қарағанда ойлаймыз, олар бұл жолы да білмей қалды ма деп. Бұл үш губернияда земство ашылуын қолайлап Думаға жоба кіруі 26 июньде 1908 жылы еді, төрт жылдың ішінде ақ үстінен қара таныған, көзі ашық бөкейліктен жұрттың құлағына саларлық, тым болмаса Думаға қазақтың земствоны керек қылатынын білдіріп қаларлық бір кісінің шықпағаны таң қаларлық.

Һүкімет қазақты Думадан қуса, земстводан қалдырса, қазақ надан, қазақ мұндай істерді басқара алмайды деп сылтау қылады. Қазақты мұндай жолдан, теңдіктен қалдырып тұрғанда, қазақтың білмей, сезбей қалуы, мұның әділдік емес, біз де жұртпыз, басқаларға керек нәрсе бізге де керек демеуі һүкіметтің әлгі сылтауын растайды. Бүгін «бөкейлік» қазағының «надандығына» көзі жетіп, земстводан қалдырған һүкімет, ертең басқа облыстардағы қазақтарды да қалдырады. Жылдан жылға земство әр жерде ашыла бастады. Қазір 40 губернияда земство бар. Бұлардың көбі келер жылы 50 жылдық тойын күтіп тұр. Земствоның шет жағасы біздің қазақ жүрген жерге де кіре бастады. Қазақ 10 облысқа қарайды. Соның осы күнде біреуінде (*Астрахань*) ашылып, төртеуінде (*Жетісу, Сырдария, Самарқант һәм Ферғана*) ашылуға ынғайланып тұр. Түркістанның бұл төрт облысында земство ашылса да, Россиядағы земстволар секілді толық емес. Шала земство болғалы тұр.

Түркістанға земство беру керек екенін 1908–1909 жылдардың земский сметасын бекітерде Г. Дума тілеп еді: сол тілек бойынша, екі-үш жылдан бері Түркістан хакімдері бұл туралы өзара кеңесіп, бір жоба түзген. Олардың кеңесі екі пікірге бөлінген: үйез мекемелеріндегі кеңестері 1890 жылда шыққан земство низамы бойынша толық земство болуды лайық көрген, областной мекемедегі кеңестері өзара екіге бөлініп, көпшілігі әлі земство істерін басқаруға Түркістан халқының ақылы, білімі жеткен жоқ, толық земство ашуға болмайды, оның үстіне Түркістанның басқа халықтарынан (*қазақ, сарт, түріқмен*) орысты артығырақ ұстау керек, сондықтан ашылатын земство 1903 жылғы 2 апрель низамындағы тәртіппен болып, халықтан сайланған һәм һүкімет тарапынан қойылған кісілер басқарсын,

Түркістанның басқа халқы мен орысынан сайланған кісілері (*орыс аз болса да*) бірдей болсын деген. Бұл туралы өткен октябрьдің аяғында Ташкентте Түркістан генерал-губернаторының хұзырында мәжіліс болды. Бұл мәжілісте болған кісілер: земство ашылмақшы облыстың губернаторлары һәм қазақ министрлігінен бұлардың кеңесіп лайықтағаны: областной мекемелердің жобасы, яғни земство 2 апрель 1903 жылдың низамы бойынша ашылсын деген. Бұл мәжілісте де қазақ пен сарттың «надандығы» толық земство болуына тағы да сылтау болған. Мұнда да қазақ пен сарт өздері хақында не сөйленіп, не болғалы жатқанын тағы да білмей қалған.

23 майда 1908 жылы Г. Думаға Сібірге қараған губерния һәм облыстарға земство ашылу жобасы кірді. Думада мұны қуаттап сүйеуші кадет, трудовик һәм октябрист партиялары еді. Төрт жыл созылып 5 майда 1912 жылы Г. Совет мұны қабылдамай аяқсыз қалдырды. Бұл турада Г. Совет мынаны айтады: «һүкімет мүмкін-қадар тезірек закон шығаратын орындарға анықтап бір жоба кіргізуі лайық, осы күні Сібірде земстволы басқарып тұрған тәртіптердің қандайын өзгерту керек? Және де анық тексеруге керек. Сібірдің қай жерінде қандай земство ашуға болады екен?» – деп.

Сібірде екі облыс қазақ бар: Семей һәм Ақмола. Һүкімет бұл екі облыстың қазағы туралы да баяғы «Қазақ надан, қазақ земство ісін басқара алмайды» дегенге келе ме яки орыстармен теңгере ме, онысы әлі белгісіз. Һүкіметке қалай көріну, әрине, халықтың өзінен.

Енді қазаққа біздің айтарымыз мынау: қазақ бар облыстарда да көп ұзамай земство ашылар, оған дейін халық земстволың не нәрсе екенін түсініп тұрарға, қабыл етуге даяр болуы керек, құлағын түріп, көзін қадап, қатардан қалмайтын жағын көздеуі керек. Земство деген жаңа естілген жат сөз болғанға, жылда шығып тұратын көп құрғақ бұйрықтардың бірі екен деп елеусіз қалмау керек. Қазақ земстволың не екенін білмесе, көрші халықтарға земство ашылғанымен, һүкімет: «Қазақ надан, қазақ түсінбейді, земство ісін басқара алмайды», – деп қазаққа мойнын бұрмай өте шығатынын көрдік қой. Земство хақында мағлұмат алғысы келгендер болса, бұрын да жазғанбыз, мұнан былай да жазып тұрамыз.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 39.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

Қазақтың надандық һәм өнерсіздік жаласын жұрттың көбі жалғыз көшушілікке жауып жүр.

Тексеріп қарасақ, мұның қате екенін көреміз. Тексергенде, мен қазаққа көшіп жүру не қала болып отыру жайын сөйлемекші емеспін. Осы күні қала болуды ұнатушылар: «Қазақ 15-тен жер кестіріп алып, мұжық сияқты қала болып орныкса, оқу-білімді тез үйренеді. Көшіп жүргенде құлан-киіктей еш уақытта басы қосылмайды», – дейді. Қазаққа, мұжық сияқты қала бола қойғанмен, өздігінен білім көктен түспейді. Сонда да бастауыш үйретуші керек. Қашаннан қала болып отырған орыс мұжығы мен башқұрт, мешерлердің білімі қазақтан қанша артық? Бұл – бір. Екінші – осы күні қазақты көшпелі халық деп айтуға болмайды. Бұл әшейін бұрыннан ауыз үйренгеннен айтылып келеді. Болмаса, қазақтың қай жерінде болса да, белгілі қыстауы – мекені болмаған қазақ жоқ. Жылдың 7–8 айында көшпей, қыстауда отырған жұртты көшпелі деуге бола ма? Қазақтың көбі 150–200 жылдан бері іргесін қозғамастан бір жерде отырып келеді. Қыстауларының қасында әр ауыл, әр аймақтың 7–8 атадан бері бабалары қойылып келе жатқан зираттары – бұған дәлел.

Бұл жерде ата-бабалары туған, өскен һәм өлген. Қазақ көшпелі халық болар еді, егер бүгін мұнда, ертең онда ауып кетіп, бір белгілі қонысы болмаса.

Қазақтың надандығына себеп көшіп жүргендігі ғана дер едік, егер қазақты ілгері сүйреймін, жұрт қыламын деушілер болып, көшпелілігі себепті ғана дегеніне жете алмай отырғанын көрсек. Бізге мағлұм, бұл күнге шейін шынымен қазақтың білімді, өнерлі болуына күш-қуат, ақыл-айла жұмсаған иә һүкімет, иә жұрттан шыққан адамның кемдігі. Бір жұрттан жиылған ақша сол жұрттың өз қажетіне түгел жұмсалмаса, бір жұрттың көзі ашық, білім иесі адамдары, сол жұрттың кемшілігіне көз салмаса, қазақ жері мұжық қаласы түгіл, Мысыр шаһарына айналса да, пайдасы аз. Соның үшін қазақтың надандығына көшпелілігін сылтау қылудың орны жоқ. Мұның себебін басқа орыннан іздеу керек.

Біз мұнан бұрын қазақта оқу, халықтың саламатлығы һәм шаруасы не күйде екенін айтқан едік. Енді бұлардан

кейін жұртқа білімнің тез таралуына себепкер нәрсе – пошта хақында мынаны айтамыз. Дүниенің төрт бұрышынан хабар беріп тұрушы, білім үйретуші газет-журнал һәм кітаптардың қазақ арасына көп таралуына һәм хат-хабар алысып тұруына поштаның керектігі әркімге мағлұм. Осы кезде қазақ арасына ғылымның көп таралмауына зор себеп болып тұрған нәрсенің бірі – поштаның жоқтығы. Поштаның жоқ болуына себеп болып тұрған нәрсе (*қала болмаудан артық*) тағы да – земстволың жоқтығы. Россияның земстволы губернияларында өздері ашқан земский пошта, земский маркалар бар. Бір ауылдан екінші ауылға хаттар, газеттер, ақшалар тапсырылып тұрады. Мұны жүргізу үшін әділдікпен, тәртіппен лау беріледі. Жұрттың өз пайдасы табылып тұрған соң, бұған күнкілдеу, наразылық білдіру жоқ. Бұрынғыдай төрелер қырып-жойып керегінен артық лау байлатқандай емес екеніне жұрт түсінген.

Қазақ арасында пошта жолы жоқтығынан қандай ыңғайсыздық һәм зиян барлығын, әсіресе соңғы кезде қазақша газет-журнал шыға бастағалы һәм қазақша кітаптар тарап, ел ішінде мұғалімдер көбейе бастағалы білдік. Болыстардың шабармандары қалаға айында бір, онан да сирек қатынағандықтан, талапкерлер мыңнан бір еш нәрседен хабарсыз, жарық дүниеде не болып жатқанын білмейді. Бұл күнге шейін қазақтың бұл халін ойлаған, қайғырған, бұл туралы іске кіріскен жан жоқ.

Жұрттың өз тізгіні өзінде болса, әлдеқашан олқы жерін толтырып, жоғын бар қылар еді. Қазақ земстволың не нәрсе екенін білсе, өз билігі өзінде болудың мағынасын әбден түсінсе, ескіше билеу тәртібі мен жаңаның айырмасын түсінер еді.


М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 41.

Тұманға кірді қалың біздің қазақ

Міржақып

(«Қазақ» және «Бірлік туы» газеттерінен)
(1913 – 1917)



АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА

Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, яғни газет-журнал, кітаптар екендігі шексіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таратылуына пұл керектігі де шексіз. Баспасөздің әуелі керектігін түсініп, білу қажет, екінші білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап, іс қылу керек. Басқа жұрттарға қарасақ, олар мұндай істерді екі түрлі жолмен жүргізіп жатыр. Бір жолы – пұл міндетін пұлы барлар алып, жазу міндетін қалам ұстаушылар алып, істеп жатқан жол. Екінші жолы – баспасөзбен халықтың пайдалануын ойлаған адамдар, көп сомасы болмаған соң, аз сомаларын құрастырып, жиып, біріктіріп, күштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр.

Әуелгі жолмен іс жүргізуге қазақтан пұл міндетін көтерерлік байлар шықпады. Үш жылдан бері «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер, газета мен журнал ісіне оңашаланып шықпай, басы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр. Газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін бұлардың газетада салып отырған сомалары жоқ. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуге ойлап тұрмыз. Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанмен, аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан «Азамат»» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз.

«Азамат» серіктігінің мақсаты – жоғарыда айтылған жұртқа керек жұмыстар, яғни газет-журнал шығармақ, кітаптар бастырмақ. Олардың ішінде қазіргі бас мақсаты – «Қазақ» газетасының аяғын нық бастырып, жүргізіп жібермек. Онан басқаларын кезінде шамамызға қарай көрмек. Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтағанымыз – ер басына жүз сом. Біздің қазіргі істеп тұрған һәм мұнан былай істейміз деп ойлап тұрған істеріміздің мәнісін түсінбейтін қара шаруа байлар көп екенін, көңілі жетсе қолы жетпейтін азаматтар да көп екенін һәм бұл серіктікке олардың біреулері түсінбегендіктен, екіншілері қолы қысқалықтан кіре алмайтындығын білеміз. Бұлардан басқа да түсінікті байлар, жүз сомға қолы қысқалық қылмайтын азаматтар қазақта аз емес. «Азамат» серіктігіне жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кірсе деп үміт етеміз. Жүз сомын «Азамат» жарнасына қосқанда, қолы қалтылдап, «осы ақшам қайда кетпекші, осы жүз сомнан пайда болса жақсы, олай болмаса, шығын болады ғой» деп, ұрсысатын адамдарға кіріспе дейміз. Бұл серіктік – сендер осы кәсіпке кіріссеңдер ақшаларың өсіп, жүз сомдарыңмен байып қарық боласыңдар деп, алдарыңа салып отырған серіктік емес, олай түсінетін адамдар да ойланып кірісерге керек. Ондай серіктікті көздеушілерге көпестердің, кәсіпшілердің серіктігі бар.

«Азамат» серіктігінің бас мақсаты – ақша өсіріп, серіктестікті байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы. Ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш-қуат болуға қажет нәрсе мағынасында қаралады. Жоғарыда айтылған халыққа пайдалы істерді істеп, жүргізуге адам керек болса, ақша да керек. Адам да, ақша да бірдей сай болса, іс сайлы күйінде жақсы жүрмекші. Бір жағының кемшілігі істің барша жағына кемшілік келтіреді.

Сондықтан «Азамат» серіктігінде ақшаның мол болу жағы да ескерілмекші. Олай болған соң, бұл серіктікке жарна салушылар жарнамыз өспейді деп үмітсіз болмасқа керек. Қысқасынан айтқанда, жарна салушы азаматтар жүз сомын жұрт үшін көп ортасына салады, пайдасы болса, пайдасын көппен бірдей алармын деп, залал болса, залалға көппен бірдей қалармын деп. «Азамат» серіктігіне осылай ойлауға жарайтын адамдар кіреді һәм серіктікке жарайды. Олай ойлай алмайтындар кірмей-ақ қойсын. Бұл серіктік көпес серіктігі емес, кәсіпші серіктігі емес, «Азамат» серіктігі. Бұған

кіретін адамдар жұрт жұмысы турасында жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көнілімен, ниетімен де серіктес болуы қажет.

Ашушылар: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов.
«Қазақ», 1913 ж., №42.

БАС ҚОСУ ТУРАЛЫ

Троицкіде шығатын орысша «Степь» деген газет 5 декабрь, 763-нөмірде «Қазақ істері» деп басталған мақаласында бас қосу жайынан төмендегі сөздерді басып шығарды. Біз арттырмай һәм кемітпей тәржіме еттік:

«30 ноябрьде[1] хурмәтлу Торғай губернаторы қазақтың бас қосу мәселесі туралы адвокат Жанша Сейдалинді қабыл етті. Сонда 4 октябрьде Покров (*Боқырау*) жәрменкесінде Қостанай шаһарында қазақтарға бас қосуға рұқсат берілмегені туралы сөз қозғалды.

Губернатор айтты: жәрменкеге әлдекалай жиылған қазақтарға хусиси кеңес ашуға рұқсат беру мүмкін емес. Қазақтардың жер мұны закон бойынша ауылнай һәм ұлысной съездерінде тексерілу керек. Ал қазір қазақтардың білгісі келетін мәселе: көшпелілік иә қала болушылық пайдалы ма деген, мұны әрбір үй иесі өзі шешерге керек. Байларға көшпелі қалып пайдалы, өйткені олар малын қайда болса сонда, елге ортақ жерге өрісін аударып бағады. Кедейлерге отырықшы болу пайдалы, неге десең олар 15 десятинадан ер басына жер өлшетіп алып, байлардың зорлығынан құтылады, – дейді.

Сейдалин өз пікірін дұрыстауға тырысып, губернаторға әуелгі мәселе туралы айтты: Қазақтың жер мұны ауылнай һәм ұлысной съездерде тексеріледі дегеніңіз «Степное положениенің» 123 һәм 124-статьялары болуы керек. Бірақ ол статьяларда жер туралы мұн-мұқтаждар емес, жалғызақ жер туралы дау-жанжалдар тексеріледі деген. Сондықтан жер нормасын тексеру ауылнай съездердің ғана жеке еншісіне тиген нәрсе емес, бұлар 4 март 1906 жылдың законы бойынша ашылатын съездерде ғана қаралуға болады. Қазақтардың Қостанайда бас қосуға рұқсат сұрағаны осы деген.

---

[1] Ноябрьдің аяғында губернатор Троицк, Қостанайда болып еді *(Ескерту мақала авторынікі – Ред.).*

Қазақтардың ішкі істер министріне һәм жер істерін билеуші жоғары мекеме бастығына 10 облыс Дала һәм Түркістан уалаятының қазағы бас қосуға рұқсат сұрап берген арызына қалай қарайсыз, деп сұраған сөзіне, губернатор айтты: «Егер сіз жоғары хакімдерге арыз берсеңіз, мен ойлаймын, олар сізге нендей болса да жауап берерден бұрын менен сұрар. Білмеймін, бұған басқа облыстардың губернаторлары не айтар. Менің өз жауабым баяғы сіздің телеграмаңызға бергендей болар, яғни рұқсат бермеу жағында».

Мұнан кейін губернатор сұрады: «Қазақтардың съезде қолданатын программасы қандай болмақшы, күллі қазаққа ортақ мәселелер бар ма?»– деп. Бұған Сейдалин жауап қайырды: «Қазір қазақтың басынан қиын іс көшкелі тұр. Көшпеліліктен отырықшылдыққа айналғанда, халықтың тұрмыс һәм шаруа жағынан көп жаңа нәрселер көрінеді. Мысалы: съезде народный сот туралы ешнәрсе айтпау мүмкін емес. Съез ашарға керек: отырықшы болған қазақтарға қандай сот болуға керек екендігін, оларға орыс тілінде тексеретін ұлысной сот шығара ма яки бұрынғыша қазақша тексеретін сотты қалдыра ма? Жұрттың даушарын бітіруге бір белгілі закон шыға ма, жоқ, бұрынғыдай еш жерде жазылмаған харіп бойынша кете бере ме?»

Губернатор айтты: «Бұл мәселелер Петрбургте шешілген, енді тез арада қазақтың соты хақында Г. Думаға закон жобасы кіреді. Бұл закон жобасы бойынша, қазақтарға қазақ тілінде тексеретін ұлысной сот беріледі, егер отырықшы қазақтар бірыңғай өздері болса. Орыс пен қазақ аралас жерлерде орыс тілінде болады».

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., № 43.

АСЫҒЫС ІС

38-нөмір «Қазақта» мүфтилік мәселесі туралы жазушы өз пікірін айтып, жұрт алдына сынға тартады. Ескерусіз қалған жоқ: әр жерден хаттар келе бастады. Бұл хаттардың бәрінің ыңғайы бір. Қазаққа бөлек мүфти болудан қазіргі даяр ноғай мүфтилігіне қосылуды мәслихат қылады. Осы нөмірде сол хаттардың бірі (*Р. М-дікі*) басылды. Бәрін басуға орын тар һәм татарларға қажеті жоқ көрінді. Бұл туралы

Р. М-нен басқа жазушылар Өскемен үйезінен имам Хасен Күленұлы, Қарқаралы үйезінен Нармамбет Ормамбетұлы, Ақмола үйезінен Сайділрахман Бекетайұлы һәм басқалар.

Хасен молда Күленұлы жазады: «Мүфти мәселесі біздің Семей облысына жат сөз емес, 1906 жылы бір облыс елден 182 үй жиылып, Ғалихан Бөкейхановты бір ауыздан депутат сайлап, наказ бердік. Сондағы бірінші мақсатымыз – мүфтилік еді. Дін туралы істеріміздің бір тиянақ қазығы болсын. Әуелде кірген үйіміз, аттаған босағамыз еді. Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң. Орынбор мүфтилігіне кірудің жаһатында боламыз деп, арғын, найманның азаматтары осы сөзге қол қойып тарасып еді. 1907 жылы II Думаға Темірғали Нүркеновты сайлағанда да әлгі сөзді айтып еді. Сондықтан күні бүгінге шейін Семей облысы сол тілегінен айныған жоқ шығар деймін»,– дейді. Енді газеттің һәм жұрттың да мүфтилік туралы пікірлерінің бір жерден шыққандығы білінгеннің үстіне, мынау хабарды қосамыз.

Соңғы кездерде газеттерде мұсылмандардың дін істері туралы түрлі хабарлар тараған, анығын білуге, мұсылман депутаттары Пиникеев, Тевкелев, Ихтимов һәм Жағыпаров Петербордағы шет діндегі халықтардың дін істерін қарайтын бас мекемеге барып, директоры, тайный советник Минкинмен сөйлесіпті.

Бұлардың бұл кеңесінен аңдалған мәселе мынау. Һүкімет осы күні мұсылмандардың мектептерін һәм рухани істерін ретке салмақшы. Ең әуелі осы күнгі мүфтиліктердің қызметіндегі кісілерді азайту, көбейту иә дәрежелерін өзгерту секілді нәрселер қаралмақшы. Мұнымен бірге осы күнгі мүфтилік жоқ мұсылмандардың (*біздің қазақ секілді*) дін істерін тәртіпке келтіру ісі қаралмақшы. Әлгі төренің айтуына қарағанда, осы күнгі мүфтилігі жоқ мұсылмандар неше бөлімге бөлініп, қазіргі бар мүфтилікке қосылады, жаңа мүфтилік ашылмайды.

Бұл мәселелердің қаралуы 1914 жылғы февральдан кешікпесе керек. Бұл туралы кеңес болып, онда мұсылмандардың рухани бастықтары мұсылмандар да кіреді.

Мұнан кейінгі һүкіметтің қарайтын нәрсесі – мұсылмандардың мектеп-медреселері жайлы. Бұлар хақында бірсыпыра мағлұматтар жиылған. Мектеп-медресе мәселесі қаралғанда, мұсылмандардан кісілер шақырылмақшы.

Тайный советник Минкиннің мұсылман депутаттарына соңғы айтқан сөзі: һүкімет осы күні жоғарыда айтылған

мәселелер туралы миллиондаған мұсылман халқының қажет һәм зор істерін кешіктірмеу мүмкін-қадар тезірек қарап, бір қаулыға келу жаһатында деген.

Енді қазаққа не қылу керек? Жұрттың тілегі мен һүкіметтің жобасы бірыңғай келіп тұр. Бұрын ешнәрсенің қарасы көрінбей тұрғанда да ізденген. Керек қылған мүфтилік мәселесі қазір өзі келіп, көз алдымызда елестеп тұр. Бұл мәселелер алдымыздағы февральда қаралатын болса, һүкімет қазақтың не пікірде екенін өздігінен біле ме?

Біздің ойымызша, халық пен һүкіметтің пікірі бір жерден шыққан істен артық нәрсе болмаса керек. Соның үшін февральға шейін қазақ болып, мұсылман депутаттары арқылы ма, иә басқа жолмен бе, тілектерін һәм пікірлерін білдіріп, докладная записка (*арыз*) беруі керек. Һүкіметтің пікірі де жұрттікімен қабысса, көптен қолға түсіре алмай құмар боп жүрген мүфтилігіміз ұзаққа созылып кетпей, тезірек қолымызға тиюге себеп болар. Жақындаған жақсылықтың кейде алыстап кететіні болушы еді ғой.

М. Д.

«Қазақ», 1913 ж., № 43.

МЕКТЕП-МЕДРЕСЕЛЕР МӘСЕЛЕСІ

Соңғы бірер айдың ішінде ноғай газеталарында мектеп-медреселер мәселесі хақында көп жазылды, көп тексерілді. Мұның себебі, ішкі істер министрлігінің қарауындағы шет діндегі халықтардың дін істерін басқаратын мұхакимінің директоры тарапынан хұрматлу мүфти хазіретларына жіберілген мектеп-медреселер хақындағы 5 түрлі сұраулар еді. Сұрауларға жауап беру үшін Орынбор мүфтиі қол астындағы имамдарға хат-хабар таратқаннан кейін, 30–40 имам Уфа шаһарына мүфти хұзырында кеңесіп жауап беруге жиналысты. Келе алмаған молдалар фикрлерін һәм өздері барғандағы айтатын дәлел жауаптарын хатпен білдірсін. Әлгі жиналған молдалар Уфаға келген соң мүфти өздігінен һүкіметтен рұқсатсыз кеңес ашуға болмайтындығын білдіріп еді, молдалар бұл істі аяқсыз қалдырмаймыз деп министрге телеграм беріп, кеңесіп жауап беруге рұқсат алып, осы декабрьдің 14–15-інде мүфти хазірет һәм қадилар хұзырында кеңесіп, жоғарыдағы 5 түрлі сұрауға жауап қайтарды. Бұлар әлгі сұрауларға жеке-жеке жауап бер-

геннен кейін, сол жауаптарын бекітуге аят, хадистен һәм тарихтан көп сенімді дәлелдер келтірді. Бұлардың дәлелге келтірген аят, хадистерін жазуға мұнда сыймайды, сондықтан имамдардың тексерген 5 сұрауын һәм сол сұрауларға берген жауаптарын ғана жазамыз.

1-сұрау: «Мұсылмандардың діни мектеп һәм медреселері шариғатта неден ғибарат?»

Жауап: «Дін хүкімдерін һәм ислам халқын үйретіп, дүние һәм ахыретте бақытты болмақ үшін керекті білімдер беретұғын орын».

2-сұрау: «Мектеп һәм медреселердің мақсаты не нәрсе?»

Жауап: «Мұсылман балаларына оқу, жазу үйретіп, ислам хакимдерін білдірмек, жақсы мінезбен тәрбие қылып, дүниеде һәм ахыретте бақытқа жеткізетін жол көрсетпек һәм мемлекетіміздің тыныш һәм рахат жасауы үшін қызмет етпек».

Медреселерден мақсат: Осы жолды басқаларға да көрсетерлік дін һәм дүние ілімдерінен жақсы хабардар һәм заманның аңызына жетік ашна мүфтий, қадилар, мударис һәм медреселер, муалим һәм муалимлер, білімпаздар, шариғат ғалымдары, хатибтар, имамдар һәм муәззиндер жетістірмек.

3-сұрау: «Мектеп һәм медреселерде оқыту тәртібі хақында шариғатта баян бар ма?»

Жауап: «Мектеп һәм медреселерде оқыту тәртібі женіл һәм мақсатқа тез жетерлік орысша, ана тілінде араб харпімен оқытылуы тиіс».

4-сұрау: «Мектеп һәм медреседе программа?»

Жауап: «Мектепте оқылатын нәрселер: 1) Ана тілінде оқу, жазу қағидалары мен емле һәм инша; 2) Құран ма-ат-тәжуид; 3) ілім аль-халь; 4) ихлақи һәм ибадати бірнеше хадистер; 5) ілім аль-халақ; 6) тарих мұқадас; 7) ислам тарихы; 8) ұлт тарихы; 9) Русия тарихы; 10) жағрафия; 11) есеп; 12) денсаулық жайы; 13) риадат бадания (*физ-ра*); 14) ашғар машруға һәм ылғи мүнәжаттар; 15) ілім ашия, яғни набатат, хайуанат, ма'адин һәм зара'атке тиісті біраз мағлұмат; 16) расам ашкәл һәм хасан аль-хат.

Медреседе оқылатын нәрселер: (*мектепте оқылған білімдер үстіне*) 1) ғұлум аль-құран; 2) ғұлум аль-хадис; 3) ілім аль-калам; 4) ілім алафқе; 5) ғұлум усұл алафқе; 6) ілім аль-минтақ; 7) араб тілі, әдебиетімен; 8) сыр ан-наби һәм тарих ислам; 9) тарих аль-адиан; 10) тарих табиғи; 11) тарих умуми; 12) ауалөт тарихи һәм отан тарихы; 13) нүкімет тілі;

14) ілім аль-ахлақ; 15) ілім асуль ат-талим; 16) ілім аль-муғаза а аль-хатаба; 17) ілім хайят аль-башр; 18) риадат бадания; 19) қанун негізін тану дәрісі; 20) фарси тілі; 21) ілім аль-иқтисад, 22) ілім ахуаль ар-рух; 23) түрки әдебиеті бөлімдерімен; 24) хикма табиғи уа альхие; 25) хайят; 26) хандаси; 27) ілім аль-муназира; 28) ілім хафиз ас-асиха; 29) ілім аль-хисаб уа аль-жабар; 30) жағрафия ілімі барлық бөлімдерімен; 31) бақшашылық, егіншілік ілімі; 32) ашғар машруға һәм мүнәжат альхия; 33) хасан аль-хат; 34) дәрігерліктен біраз мағлұмат; 35) фәлсафа диния; 36) ілім химия.

5-сұрау: «Мектеп-медреселерде оқытушылар кімдер?»

Жауап: «Оқытушылар хақында шариғаттың қатты қарайтын нәрсесі – бұлардың өз істерін жақсы білуі һәм мұсылманшылығы. Ісін жақсы білген әр мұсылман (*еркек-әйел*) қай рудан, қай нәсілден болса да жарайды. Сондықтан оқытушылар діндар, жақсы мінезді, оқыту тәртібін білетін, өз міндетін жақсы атқарарлық адамдардан болу тиіс».

Міне, жоғарыда көрсетілген 5 сұрауға һүкіметтің тілеуі бойынша мүфтилігін білу ноғай халқының молдалары берген жауабы осы.

Бастан бұл мәселемен халықты таныстырып, фикрлерін таратып басшылық еткен ноғай газеттері, молдалар жауап бергеннен кейін, енді оқығандар, әсіресе мұсылман депутаттары тағы да өзара кеңес жасап, әлгі жауап һәм тілектерін һүкіметке, жұрт жауабын, жұрт тілегін, күллі 20 миллион Россия мұсылмандарының тілегін айтып көрсетуге һәм түсіндіруге өндеп жатыр. Бұлардың бұл тілегі де басқа шығар деп ойламаймыз. Өйткені газетіміздің өткен нөмірінде жазылған еді, ноғай депутаттары департамент директорына барып, бұл мәселелердің анығын біліп, сөйлесіп, соңынан түсіп, зерттеп жүр деп.

Бұл мәселе туралы біздің қазаққа айтарымыз аз. Һүкімет шариғат назарында мұсылмандардың мектеп-медреселері не күйде екенін білу үшін мүфти арқылы мағлұмат сұрады. Мүфтиліктен аман біздің қазақтан сұралған жоқ. Ат сыры иесіне мағлұм: бізде кеудемізді қағарлық мектеп-медреселер де жоқ. Егер бола қалғанда, мүфтиіміз арқылы сұрайды деп масайрайтын мүфтилік жоқ. Онан қалса, мұндай ісімізді жарыққа шығарады, жоғымызды іздейді дейтін депутатымыз тағы жоқ. Осынша қалың «жоқтың» ортасында жалғыз-ақ озбамыз бармыз, осының өзі аз олжа ма!..

Мүфтиге қараған ішкі ордалық қазақтары бұл турада не істегені естілмейді. Мүфтий хұзырында болған кеңесте де қазақ молдаларының аты көрінбейді, себебі не, білмейміз.

Ноғайлар 20 миллион мұсылманның атынан мектеп-медреселер хақында шариғатқа сүйеніп жауап беріпті, біз де мұсылман. Олардың жауабы – біздің жауабымыз, олардың тапқаны, біздің тапқанымыз деп тілектес болып, жайлы жағымызға жантайып жата тұрамыз ба, иә болмаса өзіміздің жұрттығымызды білдіріп, үнімізді шығарып, ноғайларға қосылып істеріміз бар ма?

М. Д.
«Қазақ», 1913 ж., №44.

ҚАЗАҚ АУЫЛЫНДА АШЫЛҒАН УАҚ ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІ

Январьдың 14-і еді. Күн боран. Біз ерте, сағат он бір шамасында Орынбордан шықтық. Бірсыпырадан бері елге шықпағанға маған бір түрлі шаттық һәм тезірек жетуге асығу пайда болды. Үйтқып, қойынға кіруге тырысқан майлы бораннан қымтанып, ішік жағасын көтеріп бұйықканда, дамылсыз шыңғырлаған қоңыраудың дауысы бесіктегі баланы «әлдилеп» ұйықтатқандай, мен-зең қылып маужыратып, жаз кездегі оқудан қысты күні елге қайтатын шақтарымды еске түсіріп, балалық күнімді, серіктерімді һәм елді сағына бастадым.

Қаладан неше шақырым ұзағанымызды білмеймін, жанымдағы жолдасым государственный банктағы уақ қарыз инспекторы Һидаятолла мырза Бинкеев әңгімеге кірісіп, тәтті қиялымды бұзды. Сонан кейін біз әр нәрсе хақында сөзге кірістік. Қазақ пен ноғайда оқу, оқыту, оқушылар, жазушылар жайынан сөйлеп кеттік.

Біз келіп жеткенде, ауылда аттар көп көрінді. Кейбір үйлерден түтін шығып жатыр, кейбір үйлерден түтін аңдығандар шығып жатыр. Бұл ауыл Мырзағұл ауылы еді. Ауылдың біз кірген жақ шетінде оқшау тұрған ағаш мешіт пен медресені көріп өттік. Медресенің түрі қайғылы, белуарынан қар басқан, есігі тас бекітулі, көптен адам аяғы баспаған. «Халімді білген, балаларын оқытып күніренткен жан жоқ» деп жетімсіреп жылаған тілсіз мұң сезіліп тұр.

Мырзағұл бай Қойайдаровтың үйіне келіп түстік. Шай іштік, ет жедік, қазақша сыйландық. Сағат 5 кезінде инспектор іске кірісті.

Біз келген ауыл Орынбордан 35 шақырым, Торғай облысы, Ақтөбе үйезі, бірінші Бөрте ауылына қарайды. Бұл ұлыста 8 ауылнай ел бар. Жері тегіс, жақсы, халқы кәсіпшіл, оқығандары көп. 1911–1912 жылдарда бұл ұлыс 5 десятинадан жер кестіріп алып отырған. 2, 3 һәм 8-ауылдың қазақтары уақ қарыз серіктігін ашуға рұқсат алып, серіктікке «Қойайдаровский» деп есім берілген. Инспектор осы уақ қарыз серіктігін ашуға келген еді.

Екі үй толы кісі жиналды. Инспектор Бинкеев мәжілісті ашты. Бұл мәжіліске халық инспектордың өзін председатель етіп сайлады. Һидаятолла мырза халыққа уақ қарыздың пайдасын түсіндірді. Қазақтарға енді осындай бірігіп іс қылу, кем-кетігіне қарасу, қол ұстасып, күш қосып ілгері басудың мезгілі жеткендігін қызу-қызу сөздермен ұқтырды. Мысалдар келтірді. Малдарын, астықтарын арзан кезінде қысылып сатып, қымбат шағында өздерінің тарығатынын сөйледі. Қазақтың аңқаулығынан саудагерлер пайдаланатындығын, кейбір ынсапсыз қиянатшылдары астықтарын кем өлшеп, жәбір қылатындарын баян етті. Егер қазақтар осы серіктікті жақсы жүргізіп, өз пайдасы өз арасында қалып, ақшалылары ақшаларын серіктікке салса, банктерден артық пайда беретіндіктерін ұқтырды.

Бұл серіктіктің әуелі ашыларында государственный банктің 10 мың сом беретінін ескертті. Серіктіктің уставын (*шарттарын*) оқып түсіндірді.

Мұнан кейін шарменен серіктікке правление шілендері (*іс басқаратын кісілер*) һәм совет шілендері (*басқарушылардың ісін тексерушілер*) сайланды. Правление шілендігіне сайланған үш кісі: 1) Университеттің 4-курсынан шығып, елде шаруа қылып тұрған Ғали мырза Ыбраев. 2) Бұрын учитель һәм письмоводитель болған Нысанғали мырза Бегімбетов. 3) Осы елдің байларынан Ережеп мырза Қойайдаров.

Совет шілендері: 1) Гимназияның 4-курсынан оқып шыққан Үмбетәлі Мендіғұтов. 2) Мұғалім Мұхаметғали Шойтасов. 3) Мұхаметжан Мұқанов. Бұл алтауына 3 кісі кандидат сайланды. Бұлар да оқыған жігіттер: біреуі бұрынғы учитель, почетный попечителдікке (*хұрметті қамқор*) Мырзағұл ақсақал Қойайдаров сайланды. Правлениеге председательдікке Ғали Ыбраев, казначейлікке Ережеп Қойайдаров сайланды. Серіктіктің есеп-қисабын басқаруға

Нысанғали Бегімбетов лайықтанды. Серіктікке 50–60 шілен жазылды. Мұнан кейін де кірушілердің көп болатыны байқалды.

Сол мәжілісте болған М. Д. серіктік ашушыларға һәм шілендерге мұндай елге пайдалы іс бастауларына құтты болсын айтты. Мұндай іс қазақ арасында болмағанға естіген һәм газеттен оқып хабарланған басқа жердің қазақтары ғибрат алатындығын, егер бұл іс жақсы болып кетсе, басқаларға өрнек, жаман болып, басындағы кісілер жүргізе алмаса, жұрттың тауын шағатындығын һәм соның үшін мұнан кейін мұндай серіктіктер ашуға инспекторлар да сенімсіз көзбен қарап, күллі қазаққа ұят, кемшілік келтіретінін сөйледі.

Правление шілендері іс басқаруға жұмасына бір рет жиналатын болды. Бәрі де ақы алмай, тегін қызмет етуге уағда берді. Серіктікке Мырзағұл ақсақал тегін пәтер берді. Серіктіктің ақшасын сақтауға өртке жанбайтын шкаф алуға 225 сом, есеп-қисабын басқарушыға айына 20 сом, пошта һәм канцелярия расходына 110 сом жұмсалмақшы болды. Серіктіктің қазір жаздырып алмақшы болған газет-журналдары: «Қазақ», «Айқап», «Уақыт». Орысшадан «Биржевые ведомости» һәм уақ қарыз серіктігі секілді бірігіп істейтін істер жайынан жазылатын орысша 4 журнал.

Серіктікке сақтауға ақша берушілердің жарты жылға салғандары (*жылға есептегенде*) сомына 5 тиын, бір жылға 6, үш жылға дейін 7, үш жылдан артыққа 8 тиын өсім алады. Серіктік сомасынан шілендерге қарыз бергенде өсімі сомына 12 тиынға шейін.

Түнгі сағат 11-де мәжіліс бітті. Мұнан кейін мәжілісте болған ардақты ақсақалдар, талапты жастар «Қазақ» газетіне жазыла бастады. 66 кісі жылдық газетке ақша берді. «Азамат» серіктігіне Мырзағұл һәм Ережеп Қойайдаров шілен болып жазылмақшы болып, өздеріне басқа да серіктер табуға уағда берісті.

Енді бұл серіктік ашылуын ашылды. Іс басқаруға сайланған кісілердің ретіне қарағанда, бұл іс өздеріне пайдалы, басқаларға өрнек болуы үміт етіледі. Бұларға енді халық алдында үлкен сын. Жақсылығын да, жамандығын да көлденеңнен көріп тұрамыз. Істері қай жағына бейім болса да кезінде жұртқа білдіреміз. Қазірге «қайырлы сағат» дегеннен басқа айтарымыз аз.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 47.

ЕКІНШІ ФЕВРАЛЬ

1913 жылы 2 февраль – «Қазақ» газетінің 1-нөмірі шыққан күні. Биылғы 2 февраль газеттің бірге толып, екіге аяқ басқан күні. Бұл күні Орынбордағы қазақ жастары басқармаға келіп, басқа жердегі жастар телеграммен құттықтап, газет өмірлі болып, халыққа пайда келтіруіне тілектес көңілдерін білдірді. Баршаларына тәңір жарылқасын айтамыз!

«Қазақ» газеті–әуелі тез ойланып, тез дүниеге шыққан істің бірі, екінші пұлмен емес, тәуекелмен бастаған істің бірі. Шығаруға бел байлағанда қолдағы пұлымыз небары 750 сом еді. Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газет жүріп кетті. Әйтпесе 750 сом қаншаға шыдар еді? Дүниеге шығып көрінуі-ақ мұң екен, жұрт жабылып көтермелеп кетті. Сондықтан бастауға себепкер біздер болсақ та, жүргізуге себепкер болған, жұртқа кірген саңылау һәм сана, яғни жұрт ішіндегі саналы, саңылаулы адамдар. Жұрт азаматтарының бірсыпыралары пұл жағынан, бірсыпыралары қалам мен білім жағынан, бірсыпыралары екі жағынан да жәрдем етті. Баршаларына жұрттың тілі болып тұрған «Қазақ» атынан тәңір жарылқасын айтамыз.

Ел адамы түгіл егіздің сыңары бірдей болмайды. Ел ішінде не жан жоқ? Газетімізге қастық ойлап, һүкімет алдында қаралауға ойлаған бауырларымыз да болды. Бірақ «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес» деген, қатын-өсек сықылды пыш-пыштаған ұсақ күңкілдер көптің көмегіндегі жұмысты тоқтатып, елдің ілгері басқан аяғын кейін кетіре алмас. Газет, кітап сияқты нәрселер халықтың градуснигі (*тамыршысы*), халықтың ішкі сарайы, яғни сана, саңылауы қандай күйде тұрғанын газет һәм кітап сияқты нәрселерден байқауға болады. Қазақ жұртын аурулар жайлап, әлін кетірсе де, әрекет аралап, берекесін алса да, жұрт болмай жоғалады деген ұшқыр философтардың пайғамбарлық дағуалары асығыс қой дейміз. Қазақ тамырын ұстаған газет һәм кітаптардың айтуынша, қазақтың тәні азғанмен, жан-жағы үмітсіз еместігі көрініп тұр. Рас, 6 миллион қазақтан 3 мың кісі газет алдыруы, яғни 2 мың кісіден бірақ кісі газет алдырғаны аз. Бірақ аз көбеймекші, кішкене үлкеймекші. Үміт үзіп, қол серпетін күйге қазақ жеткен жоқ, іс – алаштың азаматтарында. Азаматтар адал

көңілмен жұрт жұмысына жабылса, ұлтын тура жолға бастаса, халық өз азаматтарын өз жұмысына керек қылып жұмсауды білсе, қазақ жұрт қатарына кірмей қалмас. Істей білсек, жұрт бізді жұмысына жұмсауды да үйретер. Жұрт жұмыскері болмақта ниеті бар азаматтарға газет пен кітаптардың таралуы анық тәжірибе. Ұнамды істен ұлтымыз қашпайтын сияқты. Жұрттың бұлай көрінгенін қолымызға қуат, белімізге сүйеу көріп, газеттің екінші жылғы жұмысына екі есе артық жігермен, екі есе жарық үміт сәулесімен қуаныш етіп кірісіп тұрмыз.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 49.

ЧУМА ЖАЙЫНАН

Газетамыздың өткен нөмірінде жазылып еді, Орал облысында өткен күз қазақ арасында болған чума туралы Г. Думаға Кадет партиясы запрос кіргізгені. Енді запрос қылуға себеп болған нәрселер жайынан анық орындардан алынған мағлұматтармен халықты да таныстыралық. Орал облысындағы қазақтың саны 600 мың, неше жүз шақырым жерге жайылған. Осынша халыққа һүкіметтің қойғаны 3 доктыр. Бәлки, үштен де кем болар еді, егер Орал облысында мұнан бұрын да чумалар болып шошытпаған болса. Былтыр жазды күні басталған чуманы әкімдер октябрьдің аяғында ғана білді. Сонда болса, қимылдап, чумаға қарсы қару қылу, чума қазақ жерінен казак-орыс (*Калмыков*) жеріне ауысып бара жатқан соң болды деуге болады.

Чума ноябрь ішінде нағыз күшейіп тұрған кезінде әкімдер оған қарсы әрекет айтуды жаңа бастаған еді. Ноябрь ортасында дерттің күшейіп тұрған жеріне бастығы главный врачебный инспектордың помощнигі Шмидт болып, санитарный отряд келді. Бұлар келгенше дерт 14 орында білініп, айналасы 80 шақырымдық қазақ даласына жайылып кетіп еді, дерт білінген бір орын казак-орыс қаласы – Калмыков. Өлген адамның саны 300-ден асып кеткен еді. Сол жерлік әкімдердің бар күштерін жұмсаған нәрсесі казак-орыс жеріне дертті жібермеу болды. Сол ниетпен чума білініп тұрған жерлерді айнала қаматып, күзеттіріп қойды. Дертке қару қылып, қарсы тұруға төрт доктыр жіберілді. Бұларға қосқан көмекшілер, қолдарына берген дәрі-дәрмектер жоқ

еді. Бұл ер дoқтырлар қорқынышты жерде қалай тұрғанын, не істеп жатқанын ешкім білген де жоқ, сұраған да жоқ. Бұлар өлімге бастарын байлап барғандай болды, себебі: құр қолмен не істемекші, қандай пайда келтірмекші? Бұл төрт дoқтырдың екеуі қазақ, екеуі орыс: Халел Досмұхамедов, Дәулетшah Күсепғалиев, Кольцов hәм Калинин.

Чуманың ең әуелі басталып, күшті болған жері – Есентөбені қоныс қылып отырған қазақтың жартысы қырылып бітті. 306 адамнан 154-і ғана тірі қалды. Есентөбе алдымен қамауда қалған еді. Чума білінген орындарды 2–3 шақырымдай жерден казак-орыстар айнала қамап алды. Оларға берілген бұйрық: Ешкімді шығармасқа, ешкімді кіргізбеске. Дерттің қайнап тұрған жерінде не болып жатқанын ойлаған жоқ. Чума білінген қазақ қыстаулары қаралған жоқ, аурулар мен саулары араласып жатады. Бұларды қоршап тұрған күзетшілердің салығы бірінен-бірі алыс болғанға, түнде қазақтар жасырынып қашып шығып, нәрселерін бірге ала кеткен. Осылай күзетудің де нашарлығынан әлгідей чумалы жерден шыққандар дертті сау жерге жұқтырған, мысалы: Есентөбеден дерт Төментөбеге шоршып түсіп, мұнда 33 кісі өлді, онан Калмыковқа ауысып, мұнда 13 кісі өлді. Аурудың бір жерден екінші жерге көшуі күзетшілер қойылғаннан кейін болған. Аурулы жерді қоршап күзету үшін ұсталған расход 7 мың 400 сом болған, мұны басқарып тұрған – полковник Галлер.

Казак-орыс пен қазақ жерінің шекарасы – Жайық өзені. Күзетшілер өткел аузында тұрып алып, судың бір жағына қазақты, екінші жағына казак-орысты шығармаған, сол себепті қазақтар ашаршылыққа ұшыраған. Астық, қант, шай сатып алуға болмаған. Казак-орыстардың да Жайықтың екінші жағында қалған шалдары, қараушы жоқтан жоғалып біткен.

Оралға отрядымен Шмидт келердің алдында ғана вице-губернатор Мордвинов чумаға қарсы тұру ақылын кеңесуге бір мәжіліс жасаған. Ол мәжіліске шақырылғандар: вице-губернатордың өзі, прокурор, судебный следователь, областной атаман hәм... Бұлардан басқа ешкім жоқ. Бұлардың ойлап шығарған амалдары да әлгі мәжіліске жиналған кісілердің түрі секілді қызық. Бұлар обязательный постановление (*екі етпей орнына келтіретін бұйрық*) жазған. Мұнда айтылған, кімде-кім ескі-құсқы нәрселерін жасырса, жинаса иә аурулы жерден басқа жерге тасыса, штраф төлейді, абақтыға жабылады. Һәтта өлім жазасына шейін бұйырылады деп.

Дерт білінгеннен-ақ, қаулап жайыла бастады. Азғантай дәрігерлер аз қаруларымен не қыларын білмей, қатерлі опатқа куә болып қана тұрды. Дерттің күшті болған орны әсіресе Есентөбе болды. Мұнда үш үйлі қазақтың бар естияр адамдары қырылып бітіп, өңкей жетім жас балалары тірі қалды. Бұлар жетеу еді, доқтырлар өз киімдерін кигізіп, бұларды оңаша үйге шығарды. Балалардың ең үлкені 10 жасар қыз бала еді, оңаша үйге шығарған соң, әлгі қыз бала кәдімгідей үлкендік қылып, үй ішінде ас-су секілді шаруасын басқарып, жетім інілерін күте бастады. Сөйтсе де бұл мықтысыз жетімдер де көп тұрмай, чумадан қырылып бітті. Үш күннің ішінде Есентөбеде 120 қазақ өліп, бұларды көметін кісі болмады. Халық есінен танды, не қыларын білмеді, еңіреді, жылады, тірідей қоштасты, түнде күзетшілерден жасырынып қашып шығып, дертті басқа жерлерге алып барды. Сол кезде доқтырлармен бір үйде тұрған Акулин деген орыс фельдшер чумадан екі-ақ күн ауырып өлді.

Главный врачебный инспектордың помощнигі Шмидт дәрігерлерімен Оралға ноябрьдің ортасында ғана келіп жетті. Мұның қолында толып жатқан пәлен ету, түген ету керек деген құрғақ бұйрықтан басқа түк жоқ еді. Дерт күннен-күнге күшейді. Аурулар көбейді, өлушілер онан да артылды, өлімтіктер көмусіз жатты. 18 жерде чума білінді. Бұларға жіберетін фельдшерлер жоқ, керекті киімдер жоқ, дәрі-дәрмек жоқ, сөздің қысқасы, ең керекті нәрселердің он екіден бір мүшесі жоқ. Мұнда керек нәрселерді Оралдан, Саратов һәм Мәскеуден алдырарға керек. Бұл қалаларға қатынасуға қанша уақыт керек. Калмыковтан ең жақыны – Орал 264 шақырым, бұған атпен баруға керек. Керекті нәрселер дерт өздігінен басылуға жақындаған кезде келіп жетті.

Есентөбеде көмілмей қалған 150 адам өлімтігін арнап жасалған пешке салып өртеді, төрт күннің ішінде күл болып, жанып бітті.

Енді қазақтардың өртенген нәрселері хақында һәм олардың хақысын төлеу туралы бір-екі сөз. Бұрынғы чумалардан бері Орал облысында тәртіп бар, өртелген мүлікке әуелі басы-қасындағылар бина кесетін (*өте арзан қылып*), сонан кейін нәрсе иелеріне пәлендей ақша аласың деп қолдарына қағаз ұстататын. Бұлар әлгі қағаздары бойынша уездный начальниктен ақша алуға тиіс. Бірақ қазақтар записка бойынша ақшаларын көпке шейін ала

алмай, алғандары кем алып, һәтта осы күнге шейін үш жылдан бері қағаздарын қолдарында ұстап жүрген қазақ көп. Соңғы жұмада доқтырлар Шмидтің алдында көпшілік жағының ұнатуы бойынша, қазақтардың өртенген нәрселері үшін һәм өздерінің қызметтері үшін лайық ақшаны қолма-қол беруге бекітті. Бірақ бұл бекіту құр сөз ғана болып қалып, ақша берушілер ескі салтымен кетті. Соның үшін запы болған қазақтар доқтырларға қызмет етуден де тартынды һәм чумаға араласқан нәрселерін де жасыра бастады.

Декабрь ортасында, әкімдердің ұйғаруынша, чума тоқтатылған еді, бірақ чума қазақ емес қой, үйездің ұйғаруынан шықпайтын. 22 декабрьде Алабас көлде тағы білініп, тағы бір кісі өлді. Енді бұл күнде Орал облысында чума тоқталып тұр. Калмыковтағы лаборатория осы кезде, ол жерлерде чума тышқандары барлығын білген. Тексеріп қарағанда, Орал облысында көп ұзамай чума дерті тағы дабылдаса керек. Оның көші, қырғыны қандай болары бір Аллаға мәлім. Тағы да болуы ықтимал чумадан халықты сақтау үшін һүкіметтің алдын ала қабылдаған шаралары әлі белгісіз. Тағы да бұрынғыдай орынсыз әлей-түлей бола ма, тағы да былтырғыдай чумаға қарсы қару қылатын комиссиялар халықтың жартысы қырылып біткен кезде келер ме екен, бұрын еш нәрсе айтып болмайды. Енді жоғарыда айтылған кемшіліктерді толтыруға, ескі қателерді жаңғыртпасқа, келер чумаларда тиісінше іс қылуға себепші болар лық қазіргі Г. Думаға кірген запростың жемісін күте тұралық.

М. Д.

«Қазақ», 7 февраль, 1914 ж., №49.

ҮШІНШІ ИЮНЬ ЗАКОНЫ ҺӘМ ҚАЗАҚ

1907 жылғы 3 июнь законы 17 октябрь Манифесін көктей өтіп, қазақ жұртын мәдениет басқышына ілінгенше Г. Думаға депутат жіберуден уақытша мақрұм қалдырғаны көбімізге белгілі. Сонан бері 7 жыл өтті. Қазаққа жанасатын сан жұмыс қолдаушысы жоқтықтан жарыққа шықпай, қараңғыда қамаулы қалды.

Басында басқалармен бірге еңбек сіңірмей алған теңдіктен айырылғанға, біздің қазақ қадірін біліп аса күйзелген жоқ.

Бір-екі жылдан соң көбі Думаның бар екенін ұмытып та кетті. Бізден басқа жұрттардың ілгері қатардағы көптің жоғын алаламай іздейтін білімді ақжүрек депутаттары III һәм IY Думаларда аздық қылып, Думаның шын мағынасында Дума еместігіне көздері жетсе де, Дума мінбесінен пайдаланып, халық тілегін мың түрлі дәлелдермен һүкіметке жеткізіп, һүкіметтің қолдап тұрған жобасын халыққа сездіру жолында болды.

Осы депутаттардың арасынан Тәрәқи партиясы үстіміздегі февральдың 12-інде Г. Думаға бір жоба кіргізді. Ол тілектері – сайлау низамын, яғни 3 июнь законын өзгертіп, қатардан қалып тұрған Түркістан һәм қазақ облыстарынан депутат кіргізу.

Россияда жақсы-жаман болса да Дума бар. Дума болған соң, қандай закон болса да, ол арқылы өтпек. Қазақ халқы қанша «надан» болса да, патшалық істерін тексеруге, Думада қазақ істері қаралмай болмайды. Қазақтан өкіл болмағанда, басқа депутаттар қанша шешен, жүйрік болса да, қазақ жайын білмеген соң, сырттан тон піше алмайды.

Қазақты һүкімет «надан» деп сылтау қылса да, әуелгі екі Думадағы қазақ депутаттары надан емес еді. Оқыған, шешен, қазақ жайын жақсы білетін адамдар еді. Енді Думада жер, дін, земство, билік, оқу һәм басқа қиын мәселелер қаралмақшы. Қазақтың өзінен депутат болмаса, әлгі мәселелер жөнінен қазақты жек көретін Пуришкевичтер не айтпақшы, жаны ашитын Милюковтар не демекші.

Міне, адалдықты жарыққа шығарам деп, екінші – қазаққа жанасатын закондар қаралғанда, өздерінен өкіл болып жеңілдік келтірсін деп, неше миллион халықтың көз жасын көтеруге ауырсынып, Думаның түркі партиясындағы депутаттар жоғарыда айтылған жобаны кіргізіп тұр.

Үшінші июнь законын жоғалтып, біздің қолымызды теңдікке жеткізе қояды деп, біз қазақтан қазір сүйінші сұрай алмаймыз. Дұрыстық айдай анық көрсетілгенмен, Думада көпшілік жағының дегені болатыны белгілі. Думаның көпшілік жағының жаны – жоғалтамыз деп отырған 3 июнь законында. Бұлардың 3 июнь законын жоғалту мен өздерінің көптігін жоғалтуы – екеуі бірдей. Соның үшін күні ертең, бұл мәселе туралы депутаттар жарысқа түскенде, әлгі тілек құр тілек болып қалуы ықтимал. 3 июнь законы жалғыз қазақты ғана сайлау хақынан мақрұм қалдырып тұрған жоқ, қазақ облысындағы жұрттардың бәрін бірдей шетке қағып тұр. Әуелгі екі Думада әр облыстағы көшпелі

қазақтан бір депутат болғанда, отырықшы шаһар халқында қазақпен тең депутаттар барған. Қазақ көшпелілігінен надан болса, отырықшы халықтарға қазақтың «надандығы» жұқты деп қалдырған жоқ. Һүкіметке жағымсыз депутаттардың санын кеміту үшін қалдырған. Енді бұл халықтарға (*бұлардың ішінде біздің қазақ*) жанасатын істер қаралғанда, өздерінен кісі жоқтықтан қиыншылық көретін болғандықтан, амалсыз бұл тілекті қабыл етсе етер. Бірақ мұның түбінде шүбә болмаса да, дәл осы кезде бола қояр деп кесіп айту қиын.

Ат төбеліндей аз депутаттардың мұндай жақсы тілектері жалғыз бұл емес, мұнан бұрын да сан болған. Соның бәрі де халықтың өзінен күш-көмек болып, бел көрсете алмаған соң аяқ асты болып қалған. Бұл да солардың бірі. Соның үшін газетке жазып, қазаққа үйт-бүйт дегеннен пайда шықпайтыны көрініп тұр. Бізге басқа іргелі жұрттардың тілегін тілегеннен артығы көрінбей тұр. Дәл осы күні үстіне тау құлап барады десе, қазақта елең етер жан көрінбейді. Сарт қорқорға елітіп, бәтша ойнаудан босамай, қазақ болыстыққа мал төгіп, партияға белшесінен батып жатқанын Петербордағы депутаттар қайдан білсін! I һәм II Дума сайлауында қазақ бар облыстардың депутат саны мынау еді:

Облыстар	**қазақ**	**отырықшы**
Ақмола	1	1
Семей	1	1
Орал	1	2
Торғай	1	1
Жетісу	1	2
Закаспий	1	1
Самарқант	1	1
Сырдария	1	3
Ферғана	1	1
Ақмола һәм Семей қазақ-орысынан		1.

Астрахань қазақ һәм қалмағы бұл тілекте (*закон жобасында*) аталмаған. Бұлар бұрын екі депутат сайлаған еді. Қалмақ біреу, қазақ біреу. Бәр қазақ бар облыстардан әуелгі екі Думада 25-тен депутат болып еді.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 51.

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

«Айқап» журналы шыққалы – 3 жыл. Бұл журнал қазаққа баспасөздің ең керекті кезінде шыққанға жұрттың бәрі тілектес һәм көмектес болып, жұрттың бәрі жылы шыраймен қарсы алып еді. Бірақ анда-санда ғана көлденең білімділердің тәуір сөздерімен біраз рең алғаны болмаса, басқарылуы тәртіпсіз. Тіпті бағыты тұрлаусыз болып, көбінесе ерсі сөздерге толып, журналдың түсін солғындата беруші еді. Сөйтсе де, жаңа басталған іс болған соң, ондай кемшіліктерін кешіп, түзелер деген үміттен жұрт алыстамаушы еді. Сөйтіп келе жатқанда, «Айқаптан» екі жылдан соң, «Қазақ» газеті шықты. «Қазақтың» шығуы толғағы жеткен баланың туылуындай еді. «Айқап» оған шейін айында бір-ақ шығып, оның өзі де артық толымды болмады. Екінші – ол жақсы болғанда да, журнал мен газеттің арасында айырма барлығы мағлұм(*белгілі*).

«Қазақ» шыға бастағаннан-ақ жұртқа өзін сүйікімді көрсетті. Қазақтың ілгері қатардағы оқығандары, білімділері қолдарынан келгенше көмегінде болып, үміт етерлік адамдар тегіс жазыса бастады. «Айқап» пәлен деп бір ауыз жаман сөз «Қазақта» жазылған жоқ, өз жолымен жүрді. Жамандау ниетінде де болған жоқ. Қайта, жазғы нөмірлерінің бірінде ақсақал Шәкәрімнің қаламымен жазылған мынау бір сөздерді «Қазақ» (*18-нөмір*) басып шығарды:

«Білімсіз ел жас бала секілді, бір жаңа нәрсе көрсе, бұрынғыны тастап, соған ұмтылмақшы. Біздің қазақ «Қазақ» газеті шыққан соң «Айқап» журналын тастап кете ме деп кәдік көремін. Тамам қырғыз бен қазаққа бір журнал, бір газет көптік қылмас. Екеуін де алу керек! Газетке сөз жазушы мырзалардан өтінеміз. «Қазаққа» да, «Айқапқа» да сөз жазып тұрсаңыздар екен. Себебі мынада пәленшенің сөзі жоқ деп жұрт сылтау қылып, ынтасыз болмасын. Осы бір газет, бір журналымызды үлкейтеміз, көбейтеміз демей, қолдағы бар екеуін көп алып оқуға тырыссақ болады. Қазір осыдан артықты көтерер шамамыз жоқ қой деп ойлаймын. Оқушымен байлығымыз белгілі ғой», – деп.

Егер «Қазаққа» жұрттың ықыласы «Айқаптан» гөрі артығырақ болса, біз мұны, Шәкәрім қарт айтқандай, жаңа шыққан нәрсеге жұрт таңсықтығынан жабылып, «Айқапқа» соның үшін салқын қарады деп ойламаймыз. Мұның дәлелі көз алдымызда. «Қазақтан» бұрын «Айқап» шығып тұрған кезде Оралда «Қазақстан» газеті шыққан. Егер жұрт асылын

танымай, тек жаңалығына құмар болатын болса, «Қазақстанды» «Қазақ» секілді көтермелеп кетер еді, олай болмады.

«Қазақ» та, «Айқап» та өз бетімен жатқан кезде, сәтсіз күні басталған бас қосу мәселесі шыға келді. Ол туралы «Қазақ» та, «Айқап» та өз пікірлерін армансыз айтты. Жұрт қанша алаң болса да, ақырында қай пікірдің дұрыстығын көзі көргендей болды. Мұнда да ешкім айыпты емес. Әркім ойындағысын айтудың шамы жоқ.

Қазақтың бар мұңы съезде тұрған жоқ. Неше тарау жұрт керегін жаза білсек, істей білсек, әлі де алдымызда уақыт бар. Бірақ не себептен екенін білмейміз, «Қазақ» газетін аузына алмаса, «Айқаптың» көңілі көншитін емес. «Қазақ» пәлен, «Қазақ» түген демесе, жазған сөзі ұйқаспайтындай көрініп тұр. «Айқаптың» күзден бергі нөмірлерінде «Қазақтың» иә «Қазаққа» жазылушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай болып келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ». «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып палуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды. Басқармадан біреуге жауап жазылса да баяғы «Қазақ». Қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп «Қазаққа» соғады. Өлген кісілерді де тіршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді. Бұл айтқанның бәрі аздай, «Айқаптың» соңғы шыққан 2-нөмірінде: «Қазаққа культура кіргіземіз, қазақты ағартып тура жолға бастаймыз деп ашылған «Қазақ» газетінің әзірге пайдасы ілгері басуға бөгет болып, жұрттың бүліншілігіне көп себеп болып тұрған «Степное положениені» қолдаушыларға тиіп тұр. «Қазақ» газетін шығарушы мырзалар шын ұлт пайдасын ойлайтұғын ілгері қадам жігіттер болған соң, олардан үмітіміз бұл емес еді. «Адасқанның алды жөн болғаны-дағы»—дейді.

«Қазақты» һәм «Қазақ» жазушыларын тыныштына тастап, «Айқаптың» өз жөнімен боларлық мезгілі әлі де жеткен жоқ па?! «Қазаққа» не қыл дейді? «Қазақ» халыққа пайда орнына зиян келтіріп тұр десе, ешкімнің атын атамай-ақ, өз пікірін айтып жұртқа түсіндіруге болмай ма? «Қазақтың» пайдасыз болуы «Айқаптың» абыройлы болуына бөгет бола ма? Абыройлы боларлық, халыққа шын керекті нәрсені айнадай ашық көрсетсе, жұрт соқыр ма, танымай ма? «Қазақ» жақсы болса, «Айқапқа» да жақсы болуға орын қалмай ма? Қазаққа бір жақсы газет, бір жақсы журнал бірдей керек емес пе?

«Айқап» бәсекеге мұнша неге құмар болды? «Айқаптың» айтуынша, «Қазақ» халықты адастырып тұр, ашып айтпайды деген мәселелер бұрын да жазылған. Мұнан кейін де өз ретімен жазылып тұрар. Онда да «Айқапты» қаралап жазылмас, дәлелімен жазылар.

«Айқап» әлі де «Қазақ» туралы жазатыным бар десе, қағазда тіл жоқ, не жазса да шыдайды. Тым асқынып бара жатқан соң «Айқапқа» берер жауабымыздың алды-арты осы. Құдайға шүкір, бір-бірімізді қажаудан басқа да ермегіміз бар ғой.

Үміт етеміз, «Айқап» жолдасымыз орынсыз аузынан көбігін шаша бермес, енді тоқталар деп.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 51.

ДОСМАЙЫЛ ҚАЖЫҒА АШЫҚ ХАТ

Досмайыл дегенді біз білуші едік. Былтыр газет шыққаннан кейін басқармаға хат жазып, «маған тегін газет жіберіп тұрыңдар, менің де керегім болар» деп машалығын айтқан соң, қолы қысқа ақ-қараны айыратын бір кісі шығар деп, бұ күнге шейін босқа газет жіберіп тұрдық. Газетке жіберген кей сөздерді жарамсыздықтан баспағанымызда, бізге ұрысып, жекіп хат жазушы еді. Оның бәрі ешнәрсе емес екен.

Осы февральдың 19-ында Досмайылдан бір хат алдық. Хатын оқып шыққаннан кейін көзімізге нанбадық, қажы, молда, ақсақал жазды дерлік емес. Бұрынғы хаттарына өзі: «қажы ақсақал Досмайыл» деп қол қойдырушы еді. Оның үстіне молда екендігін де сездіруші еді. Мұндағы сөзі кісіге айтуға, қағазға жазуға боларлық емес. Қазақ тілінде бар әдепсіз, көргенсіз, лас сөздердің бәрі осында.

Сол күні кешкі Орынбордағы бір журналдың мұхаррирі бізге, біздің жайымыздан жазған бір хат берді: «Мынаған не айтасыңдар, «Досмайыл қажы» деп сыпайы тілмен жазған бір хат алдым» деп. Оқып қарасақ, бұл алғашқы хаттан да сорақы. Бұл хатты да жауып қойдық.

Үш күннен кейін 20 февральда, Уфа медресесінде «Ғалия» шәкірттерінен тағы бір хат келіпті. Бу да Досмайыл хаты, біз туралы жазылған. Бұл да «Досмайыл тілінде» жазылған.

Енді ойға қалдық, Досмайылдың мұндай хаты көп жерге, көп кісіге тараған боларға керек. Оның бәрін бізге жіберіп тұрмас, бұл бізге неге қызықты, өзінен сұралық деп, соның үшін осы ашық хат жазылды.

Досмайылдың өз тілімен жазуға болмайды, зор қиыншылықпен болса да, әдепсіз сөздерін қазақшаға аударып, оқушыларға көп зарықтырмай тезірек «тәбәрік» хаттың мағынасын білдірерлік.

«Қазақтың» 45-нөмірінде бір жылдық есебімізде «Қазақ» жазушыларын жұртқа жария қылғанда, Досмайылды жазбаппыз. Оның «бір жыл бойынша ауырмай-талмай еткен қызметін» ұмытқанбыз. Соның үшін ол бізге ашуланған. Бірақ оның от басында отырып, күлін сабап, ашуланғанын кім білер еді. Кім тыңдар еді. Сөзін өтімді, толымды көрсету үшін өзіне серік іздеген. Серікті қалай ізделі деңіз – «Қазақ» газетін көркейткен мамандар мен шәкірттер еді. Біздің атымызды жазбай, орыстың сорпасын ішіп, шошқасының жілігін кемірген орысша оқығандардың дәрежесін көтеріп, мұсылманша оқығандарды масқара қылады деп, мұсылманша оқығандарға бізді шағыстырып кеп бергісі келеді – «Бір жылдай тіл һәм пұлмен тоқтаусыз қызмет етіп едім, жәрмеңкелерде арық қара байтал, шабан торымен жүріп еңбек қылып едім, ақырында жүзі қаралар, құдай ұрғандар қадірімді білмей түңіліпті» дейді. Мұнан кейін орысша оқығандардың бірін қалдырмай «сыпайы» сөзбенен сөгеді: «Ушан-теңіз доқтырлар кім еді, маржалардың ауруын тазартқаннан басқа. Адвокаттар кім еді, екі адамды дауластырып, теспей қанын сорғаннан басқа, пәлен кім еді, түген кім еді...

Байтұрсынов, Алдияров, Сейдалин, Бөкейханов, Дулатов, Қасабұлатов, Шәкәрім доқтырлар...

Жазбасын, олардың сөзі бізге керек емес», – дейді. Бұлардың көбімен таныс болмаған соң, олардың оқуын, ғылымын, кәсібін сөгеді. Әдепсіздікке, надандыққа шара бар ма?

Денсаулығы шибелілі бір кісінің сөзін газетке бастырғанымыз үшін оқушылар ренжімес деп ойлаймын.

Досмайылдың бар әдепсіздігі жоғарыда жазылған ғана болса, біз елең қылмас едік, оның төменгі сөздері еріксіз жауап бергізеді. Досмайылдың хатындағы бізге қойып отырған жаласын бұлай бөліп һәм соларға жеке-жеке жауап береміз.

1) Досмайылдың аты жазушылардың арасында жоқ, оның қызметі айтылмаған екен. Бұған біздің жауабымыз

мынау: Біз 45-нөмірде «Қазақ» жазушыларының атын жазғанда, 16 кісінің атын һәм басқалар деп... түйдік. Өзге білімді жұрттарда газетке жазушыларын көрсету бар, бірақ түгел жазуға міндетті емес. Ешкім Досмайылша мені жазбады деп өкпелеу жоқ. Біз бұл 16 кісінің атын атасақ, бұлардың көбі газетке тоқтаусыз керекті мәселелер туралы жазып сыналғандар, кейбіреулері аз-кем жазса да, тәуір жазғандар. Бұларды ғана атаумен қазақтың өзге білімділерін керексіз қылғандық шықпайды, білген адам бұлай жазбайды да.

Рас, күзді күні Досмайыл екі жәрменкеде, бірінде 20 сом, бірінде 45 сом 71 тиын жиып жіберген еді. Біз ол туралы басшылық айтушы Досмайыл қажыға да, ақша беруші ел кісілеріне кезінде тәнірі жарылқасын айтқанбыз (*«Қазақ», нөмір 32 һәм 40*).

2) Орысша оқығандарды көтеріп, мұсылманша оқығандардың атын жазбай масқара қылды деп, Досмайыл қазақ оқығандарының арасына жік салғысы келеді. Аттары аталған 16 кісінің төртеуі – мұсылманша оқығандар, «Қазақта» жазушылардың төрттен бірі мұсылманша оқығандар болғанда, 3 бөлігі орысша оқығандар екендігі газетті басқарып тұрған бізге белгілі, мұны оқушылар да байқайтын шығар. Досмайылдан басқа мені атамадыңдар деп бұртиған һешкім болған жоқ.

Біздің мұсылманша оқығандар туралы қандай пікірде екендігіміз солардың өздеріне де белгілі. «Қазақтың» 18-нөмірінде Досмайыл шәкірт біткенді кекетіп-мұқатып, өзі шәкірт күнінде көп нәрсе бітіргендей, орынсыз мінегенде «Қазақтың» 21-нөмірінде оған жауап қайтарып, «Қазақ» шәкірттерін орынсыз сынамау керек, әуелі оларды мұқтаждықтан құтқарып, жәрдем беріп отырып, оларға сонан кейін өкпелеу керек», – деп жазған Қыр баласы, басқармаға белгілі. Досмайыл сөгіп отырған орысша оқыған, мұсылманша оқыған деп һешкім екіге бөлмейді. Осы күні қай оқу болса да қолға түсуі мұң болып тұр, «орысша» деп жұртты үркітетін заман өткен.

3) «Айқап» журналынан молдалар һәм шәкірттердің бетін аударған мына Доскең емес пе еді, – дейді (*бұл өзгертілмеген өз сөзі*). Досмайылдың мұндай жаман ниетпен қызмет еткелі жүргенін білгеніміз жоқ, «Айқап» та, «Қазақ» та жұртқа бірдей пайда келтіру үшін шығып тұр еді. Бірін ақсатып, бірін көтеруден оған қанша пайда бар еді. Осылай қыл деп алда онан біз өтіндік пе?

Екінші, Досмайылдың көпіруіндей-ақ, молдалар мен шәкірттерге ол қанша мұрындық екен, Досмайыл айтса, жөнкіле жөнелетін қанша молда, қанша шәкірт бар екен?

4) «Уфадағы медресе «Ғалияда» шәкірттерінің «Қазақ» басқармасы шығарған мың екі жүз сомдық кітабын Байтұрсынов пен Дулатов пайдаланып жатыр. Ишанғали Арабаевтан олар алдап сатып алыпты. Кедей шәкірттерінің хақын екі жер аударылған мен Арабаев жемекші ме, мен соңына түсемін» дейді.

Рас, былтыр Уфа шәкірттері «Қазақ» басқармасына үш түрлі кітап бастырды: «Бала Тұлпар», «Өрнек», «Тұрмыш» (*бірақ бұлардың сомасы Досмайыл айтқандай, 1200 сом емес, біз пайдаланып та отырғанымыз жоқ, оларды бізге ешкім сатқан да жоқ*). Шәкірттер бізге Уфадан ол кітаптарды жібергенде, Ишанғали Арабаев қырғыздың Алатауында еді. Бізге тапсырған кітап өз бағасымен екі жүз сомдық һәм ақшадай жіберген 47 сом, бәрі 247 сом. Бұл кітаптардың 78 сом 80 тиындығы әлі өткен жоқ, басқармада сатылғандарынан түскен ақша 45 сом 98 тиын, кітапшаларға комиссияларға беріліп, әлі ақшасы алынбаған кітап 40 сом 72 тиын. Кітаптардың басылғаны һәм комиссияға берілгендерінен 30 процент кем есептеледі, шәкірттерден бұрын алынған кітаптары үшін басқармаға тапсырылған ақшалар 40 сом 4 тиын. Бірақ мұның ішінде Досмайылдан иә оның баласынан бір тиын келген жоқ. 247 сомды Досмайыл қалай 1200 сом қылып жүр? Арабаев бізге қалай сатып жүр? Кедей шәкірттерді біз қалай жем қылып тұрмыз? Мұның бәрін енді Досмайылдан асбат етерге керек. Досмайылдың 1200 сомды екі айдалған жеп жатыр деп жындануының мәнісін білмейміз. Уфадағы қазақ шәкірттері біздің бұл жазғандарымызда қате бар десе, Досмайыл сөздерінің мыңнан бірі рас десе, айтсын. Бұл кітаптарды шәкірттер «Қазақ» басқармасына басы бүтін берген жоқ, өздерінің үнемі тұратын жері болмаған соң (*жаз елде, қыс Уфада болып*), басқармаға аманат тапсырған. Біздің бұл кітаптармен пайдаланып тұрғанымыз сол: бұларды сатып, посылка қылып тігіп, поштаға апарып, есеп-қисабын жеке дәптерге жазып, нешелерін жинап машақаттанып, аз да болса өзге жұмыстарымыздан қалатын сағаттар болады.

5) «Байтұрсынов пен Дулатов кітаптарын шығармасын, қазақ баласының тілін бұзады, мағына арабша, ғабырынша, латынша, ассалауйынша бәрібір, қазақша деген қайдан келді» дейді. Бұл тілдерге Досмайыл жетік болғанмен, біз

білмейміз, соның үшін қазақша жазамыз. Қазақ тілі қазақ балаларын бұзады дегенді жалғыз Досмайылдан естіп отырмыз. Досмайыл тоқтатсын дегенге тоқтай алмаймыз. Біз Досмайыл үшін емес, қалың қазақ үшін шығарып жатырмыз. Қазақшаның қайдан келгенін Досмайыл білмесе де өзгелер біледі.

6) Екі жер аударылғанмен емле хақында «Айқап» арқылы сөйлесемін дейді. Емле мәселесін Досмайыл бүгін естіп отыр ма екен? «Айқап» арқылы деп... келеді. Емле мәселесі мұнан 3 жыл бұрын «Айқап» журналында болған. Сондағы жазушылар да біз болатынбыз. Сонан бері Досмайыл қайда жүр екен? Өкпелеген күні елден де безіп, бізден безіп, біздің ісімізден безіп отыр. Досмайыл ойласа керек, орысша оқығанды жамандап, мұсылманша оқығандарды желіктірсем, бұларға дұшман болар, «Айқапты» жақтасам, ол әлгі дұшпандыққа құрал болар деп. Жоқ, Доске, адаспа! Бізге сенен мұсылманша оқып жүргендер де, «Айқап» та мың есе жақын, мың есе қымбат.

7) «Ғабдуләзиздің атын «Қазаққа» жазып отырған себебі, Мамановтың жәрдем ақшасын өздеріне жібергені үшін» дейді.

Досмайыл жұрттың бәрін өзіндей көреді ғой. Азын-аулақ ақша жиып жіберсем, атағымды алты алашқа жайып, үнемі мақталармын дейтін. Ғабдуләзиз арқылы бізге келген Мамановтардың ақшасынан 9 оқушы қазақ балаларына бердік, солардың біреуі ғана орысша оқыған, қалған сегізі – медреселердегі шәкірттер (*«Қазақ», нөмір 46, 47 һәм 50*). Досмайыл аузына келгенін неге ірікпей сөйлейді, біз мұсылманша оқығандарды шет көріп, масқаралау жолында болсақ, 8 шәкіртке береміз бе? «Қазақ» басқармасы кімге берсе де ерікті еді, ақша иесінің тапсыруы бойынша.

8) «Екі айдалғанды губернаторға көрсетемін» дейді. Біз сенің арық қара байталың мен шабан торыңды ұрлап алғанымыз жоқ. Біздің айдалғанымызды губернатор да, жұрт та біледі һәм бұл күнде де істеп отырған жасырын ісіміз жоқ.

Ноғайлардың даносшы Ишмі мұсылманының газеттерге жазылып аты шығып еді. Саған да атақ керек қой, көрсете бер!

А. Байтұрсынов,
М. Дулатов.
«Қазақ», 1914 ж., № 52.

ОРЫНСЫЗ ШЫҒЫН

3–4 жылдан бері Мединеде оқып жатқан 10–15 қазақ шәкірттері Медине шаһарында қазақ атына бір зор медресе салу талабында болған. Сол ниетпен барған қажылардан жылда ақша жинай бастаған. Елдерінде қадірі бар бірсыпыра қажылар қайтқан соң, елден ақша жинап беруге сөз байласқан (*бұлар кім-кім екенін біз анық білсек те, қазір атамаймыз*). Қажылардың уағдалары бойынша шәкірттердің бірнешеуі елге де шыққан. Шәкірттердің түпкі ниеті таза болса да, елге шыққандардың кейбіреулері тапқанын өзі пайдаланып кеткен. Бұлармен қатар қазақтың анқаулығын сезген көлденең алдаушылар да ел аралай бастаған.

Сол төрт жылдан бергі Медине шәкірттерінің қолына жиылған ақшаның есебі осы күні мың жарымнан аз-ақ астам. Бұл ақша да биыл шәкірттерден Мединеде тұратын бір епті адамның қолына көшкен. (*Бұл адамның да кім екенін білеміз.*)

Бұл мағлұматты ұзын құлақтан естіп жазып отырғамыз жоқ. Мединеде медресе ашпақшы болған шәкірттердің бірнешеуімен сөйлесіп, анығына қандық. 3–4 жылдан бергі істеген істерімен таныстық. Елден көмек, уағда еткен қажылардың да бірсыпырасымен кездестік. Елден осы медресеге деп алдап ақша жинап жүргендердің де бірліжарымын көрдік.

Оқуға сусап Россиядан Мединеге барған шәкірттерді һәм олардың таза көңілмен медресе ашамыз деулерін теріс демейміз. Бұларға көмек беруге уағда еткен қажыларды да сөкпейміз. Бірақ істің түріне, барысына қарағанда, Мединеде медресе ашу мүмкін емес екендігін айтамыз. Бірінші – Мединеде медресе ашу үшін елден ақша жинау мүмкін емес. Екінші – азын-аулақ басшы қажылардың өз күштері келмейді. Үшінші – егер жылда Ғарабстанға баратын қазақ қажылары бір ынтымақпен жұмыла жәрдем істейтін болса, бәлки, ондай ақшаны елден жинамай-ақ толтырар еді. Жылда 10 облыс елден екі мың қажы барса, бұлар құдай жолына деп алып шыққан ақшаларынан кісі басы 10 сомнан берсе, бір жылда 20 мың, төрт жылда 80 мың жиылып қалған болар еді. Мұның да мүмкін еместігін көріп отырмыз. Шәкірттердің төрт жылдан бергі жинаған ақшасы мың жарым, екі мыңнан аспаса, олар қалай медресе ашпақшы!

Елден ақша жинауға бұл туралы һүкімет те рұқсат бермейді. Жең ұшынан жалғасқан көмекте береке де болмайды. Көрінгеннің қолында кетеді. Елді орынсыз безер қылушылардың отына басы сау нақақтар жылынады. Өткен жаз Жизақ шаһарында Жұмағали Көбенов деген шәкірт ұсталып, үш ай абақтыда отырып шыққаны газеттен оқушыларына белгілі. Түркияға ақша жинап жүр деп мұны көрсетуші – қазақтың өзі.

Мединe сияқты бір шаһарға қазақ үшін медресе салу керек болғанда, ең төмені орта дәрежелі Түркияның тәртіпті медреселеріндей болуы керек. Бұған ең кем болғанда екі жүз мың, онан да артық сома керек. Біздің Мединедегі қазақ шәкірттері осы күнге шейін қандай медресе салмақшы екенін өздері де білмейді. Олар бір үй сатып алып, ішіне кіре қоюмен медресе бола қалады деп ойласа керек. Ал медресе салынсын, оған оқушы қайда? Осы арада қанша шәкірт бармақшы? Ақырында, бұл медресе де бұрынғы қазақ тектілері секілді әулиелік сатып жүрген сарт пен қожаның пайдасына қалмай ма? Мұны да ойларға керек.

Ардақты қажыларымыз бен хазіреттеріміздің ойлағандары ұлтына қызмет, іздегендері сауап болса, ат қинатпайақ «мен мұндалап» тұр емес пе? Осы қажылардың көбінің өз ауылдарында бұл күнге шейін бір тәртіпті бастауыш мектеп жоқ. Соны көре тұра, дүниенің бір шетінен медресе ашпақшы, оның үшін елден мал жинамақшы. Бұл да орынсыз шығын емес пе?

Сөз кезегі келгенде, осы секілді жұртты орынсыз шығынға ұшыратқан өткен істерді де еске түсірмей кетуге болмайды.

Ана жылы Думаға депутат сайлауға жиналғанда, Торғай облысының сайлаушылары қазақша газет шығаруға деп бірнеше мың сом ақша жинаған. Бұл ақша кімнің қолында кеткені осы күнге шейін белгісіз.

Ақмола облысының әуелгі екі Думаға сайлаған депутаты Шаһмардан молда Көкшетаудан дарылфун (*зор медресе*) ашамын деп жұрттан жинаған малы не орынға жұмсалғаны да белгісіз.

Түркістандағы Хазірет Сұлтанның зиратын түзетеміз деп жұрттан жиылған неше мың сомнан да дерек жоқ.

«Айқап» журналының «Мәшһүр жиһанкезі» аты һәм суреті «Айқапта» басылып жүрген Мұхамед-Салим Кашимов өткен жаз Қоянды жәрменкесінде «Айқапқа» жәрдем деп (*подписчик ақшасынан басқа*) үш-төрт жүз сом, күзді күні Зайсан үйезінен үш-төрт жүз сом жиып әкетіп еді. Сол

ақшаның орнына тиген-тимегенін білмейміз. «Айқап» алғандығын білдірмеді деп бізге хат жазып, сұраушылар бар. Кашимовтың бұл ақшаны не қылғанын біз де білмейміз. Оның жауабын «Айқап» өзі берер.

Осы секілді жұртты безер қылушыларға тыйым салар-лық, елді орынсыз шығындардан қорғарлық, шын пайдалы іске кірісерлік мезгіл жеткен жоқ па!

Осындай ел басына іс көп келер,
Білмейміз кімге қалай, кім дөп келер.
Сұмдығы сұраушының азаймаса,
Не жөн бар қайырсыз деп жұртқа өкпелер! –

деген секілді. Мұнан кейін де жұрт көмегімен істелер іс көп, сондай орынды жерге жұмса дегенде, баяғыдай алдайын деп жүр демес пе? Қазақта бұрынғыдай енді есепсіз мал жоқ. Орынсызға ұрындыра беруден тоқталатын мезгіл жетті. Мұны ел де, елге пайда келтірем деушілер де естерінен шығармасқа тиіс.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 53.

ЧУМА СЪЕЗІ

(Самарда 1–9 мартта болған чумаға қарсы областной съезде доқтыр Дәулетшаһ мырза Күсепғалиевтің оқыған докладынан алынып жазылды)

Орал облысының жері қазақ, орысқа тиісті жер-суды санамағанда, статистический комитеттің есебі бойынша, 224 мың 936 шаршы шақырым. Қазағы 481 мың 67 адам. Мұның үстіне соңғы жылдарда ішкі Россиядан мұжықтар ауып келе бастағаннан бері халық жылдан жылға көбейіп келеді. Осы күні 90 поселкеде (*қала*) 17 мың 137 үй мұжық бар. Бұлардың көбірегі Орал һәм Темір үйездерінде, Левшин үйезінде біразырағы бар. Гурьев үйезінде егіндік жер болмағандықтан мұжық тіпті жоқ.

Орал облысының 4 үйезінде бұрын бір-бірден ғана уездной врач (*дәрігер*) бар еді. Бұлардың қасында бір фельдшер, бір кіндікші әйел һәм бірнеше шешек егушілер

болушы еді. Әрине, мұнша жерге жайылған халыққа бұл дәрігерлік тіпті аз еді. Сондықтан һүкімет 8 июльде 1898 жылы жаңа закон шығарды. Бұл закон бойынша Орал облысында уездной дәрігерлер қалып, 11 участковый дәрігер қойылатын болды. Бірақ дәрігерлерден басқаларының саны бұрынғыша қалды. Бұл участковый дәрігерлер қойылудан бұрын Жымпитыда қазақ ақшасына салынған 25 кереуетті бір ауруханa бар. Мұның өз алдына дәрігер һәм басқа қызметкерлері бар.

Дәрігерлер бұрынғыдан үш есе көбейгенмен, олардың пайдасы бұрынғыларыныкінен артпады. Областной участоктарға бөлгенде де, дәрігер басына 15–20 мың шаршы шақырым жерге жайылған 40-тан 60 мыңға шейін халық келетін болды. Жылдың бірнеше айларын көшпелілікте кешірген қазақ халқын участковый дәрігерлер жыл бойында дұрыстап аралап, тиісті жәрдем бере алмады. Сондықтан қазақ халқы дәрігердің жәрдемінен мақрұм қалады. Шешек, қызылша секілді аурулардың қазақ арасына жайылғанын дәрігерлер білмейді де. 200–300 үйлі бір ауылнай елді қыс күні аралауға 5–7 күн керек. Жаз күні онан да артық керек. Себебі: тұрмысының шартынша, мал бағатын жерлерінің, оты-суының ыңғайына қарай қазақ жаз күні ауыл-ауыл болып жайлауға шығып, бытырап кетеді. Бір ұлысқа 7-ден 18-ге шейін ауылнай ел қарайды. Бір участокта 8–10 ұлыс болады. Участокта аурухана болған жерде де алыстықтан қазақ келе алмайды, әлдеқалай кез келгендері болмаса. Қазақ сонша бытыраңқы болғанының үстіне, ауруханалардың өте сиректігі зор кемшілік. Соңғы кезде қазақ арасында ауруханалар арттырыла бастады. 1907 жылы Гурьевте һәм сонымен бір кезде Қаңбақтыда әрбіреуі 10 кереуетті аурухана ашылды. 1908 жылы 30 кереуетті қазақ земский ауруханасы ашылды. Сол жылы Көкжар қаласында да аурухана ашылды. Бірақ бұл ауруханалармен пайдаланушылар қазақтар емес, кез келген халық.

Орал облысына мұжықтар келе бастағалы іс тағы қиынға айналды. Мұжықтарға аурухана ашу, дәрігерлер жетістіру, бұларға жеткілікті ақша беру переселенческий управленияның міндеті болса да, бұ да тиісті жәрдем бере алмады. Соңғы жылдарда мұжықтардың астығы шықпай, аштықтан әр түрлі аурулар көбейе бастады. Бұларға арнап жіберген дәрігерлердің шамасы келмей, мұжықтардың ауыртпашылығы бұрынғы қазаққа арналған өзі шала-жансар участок дәрігерлеріне түсе бастады. Ішкі істер министрлігінің

8 октябрь 1912 жылғы бұйрығы бойынша переселенческий һәм участковый дәрігерлердің қызметі бірігіп кетті, бірақ мұнан да артық пайда шықпады.

Тағы бір өте ескерерлік нәрсе мынау. 1910 жылға шейін 11 участковый дәрігерлердің жартысының орны бос тұрды. Орындағы дәрігерлер Орал облысының өз кісілері болды. Дәрігерлерге берілген жалование өте аз болғандықтан (*айға 96 сом*), дәрігер табу тым қиын болды. 1910 жылдан бері жалованиелер біраз арттырылса да, осы күнге шейін дәрігерлердің 3-тен бірінің орны бос тұр. Әсіресе, дәрігерлердің орны қазақ арасында бос тұрады. Бұл хал, «жығылғанның үстіне жұдырық» болып тұр.

(тағы да бар)

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 55.

ЧУМА СЪЕЗІ

(жалғасы, басы №55 санда)

Өткен жылы, көрсетілген себептер бойынша, Орал облысында дәрігерлер, фельдшерлер һәм ауруханаларды көбейту қажет. Ашылған ауруханаларда дайым 8–10-нан ауруға орын керек. Дәрігерлер һәм ауруханаңың басқа қызметкерлері тұратын пәтері сай боларға тиіс. Ашылған орындарға жеткілікті дәрігерлер, фельдшерлер табу үшін бірінші шарт – Орал облысынан дәрігерлік ілімін оқитын қазақ земский стипендияларын көбейту. Дәрігерлер, фельдшерлер көбейсе, ауруханалар жиірек ашылса, халықты аралауға, көбірек ауру қарауға бұрынғыдан көп оңайланып, халыққа да шын пайдалы болар еді.

Халықтың тұрмысына, денсаулығына қатысы бар қажеттер жалғыз дәрігерлерді көбейтумен ғана бітпейді. Мысалы, Орал облысында жарамды судың кемдігін еске алайық. Жазды күні бұл облыстың халқы, әсіресе қазақ, судың кемдігінен көп жапа шегеді. Қысты күні қар суын ішеді. Қар ерітуге көп отын керек, малдары қысты күні су көрмейді. Соның үшін ел ортасынан құдықтар қазу, бөгет бөгеу қажет. Мұнан басқа қазақ арасында әр түрлі білім үйренетін, мәдениетке жол ашатын, халықтың тазалығына, саламаттығына себепкер болатын білім орындарын (*школдар*) ашу керек.

Егер осы күнгі 11 участковый дәрігерлердің орны екі есе арттырылса, оның расходы да екі есе артпақшы. Қазіргі 11 участоктың расходы 73 мың 400 сом керек. Жаңадан тағы 11 участок қосылса, тағы 73 мың 400 сом керек. Жаңадан ашылатын ауруханаларға һәм оларға керекті құралдарына жұмсалатын ақшаның санын осы бастан кесіп айтуға болмайды, сөйтсе де мөлшері бірнеше жүз мыңдарға барса керек. Мұндай үлкен соманы баяғы жалғыз областной земский орыннан шығаруға ауыр келеді, сондықтан бұған һүкімет жәрдем бермесе, халықтың күшіне тиеді.

Орал облысында чуманы жоғалтуға үлкен пайдасы тиетін нәрсе – көшпелі запасной отрядтар қою. Дәрігерлер көбейгенде де, жаңадан ауруханалар ашылғанда да, запасной отрядсыз чумаға керегінше қарсы тұру қиын. Бұрынғы болып өткен чумалардың бәрі мұның керектігін көрсетеді. Запасной отрядты Орал облысында 4-тен кем ашпасқа керек. Бұлардың орны – бұрынғы чума енген жерлерде болуы тиіс. Жымпитыда, Қаратөбеде, Калмыковта, Гурьевте яки Қызылқоғада. Әрбір запасной отрядтың қызметкерлері мынадай болсын: бір дәрігер, бұл чуманың құртын танитын болып, не керекті құралдары даяр болсын. Мұнан басқа екі фельдшер һәм ауруларды бағатын алты қызметкер (*санитар*) қойылсын. Мұндай отрядтардың әрқайсысының әмірінде болсын: екі киіз үй, чуманың құртын қарап тексеретін көшпелі лаборатория, чумалы адамға не керек: дәрі-дәрмек толы көшпелі аптека, 25 кісілік запас киімкешек, 9 кереует һәм жегулі төрт пар арба. Чума Орал облысында орнап алып, бір жерден екінші жерге шоршып түсіп, халықты күйзелтіп, қорқынышқа, әбігерлікке түсіруі себепті һәм дәрігерлер мен ауруханалардың көбею үміті тез жарыққа шығуына көз жетпей тұрғанда, отрядтың керектігінде шибһе жоқ, әне-мінемен кешіктіретін іс емес.

Сонымен Орал облысында чумаға қарсы тұрудың басталғанын білудің жалғыз-ақ шарты – Орал облысының қазақ бөлімінде дәрігерлік істерін мынадай қылып жаңартса һәм соны жақсылап жолға салса:

1) осы күнгі 11 дәрігер участогінің үстіне 4 переселенческий участоктан басқа, тағы 11 участок арттыру керек;

2) осы күнгі 5 аурухана һәм 5 приемный покойдың үстіне жаңадан 12 аурухана арттыру керек һәм әрқайсысы 10 кереуеттен, осы мөлшермен приемный покойларды да кеңейтуге тиіс;

3) дәрігерлер мен фельдшерлердің жалованиесі арттырылсын;

4) жаңадан 6 санитарный дәрігердің орны ашылсын. Гурьев һәм Левшин үйездерінде бір-бірден, Орал һәм Темір үйездерінде екі-екіден;

5) дайын 4 запасной отряд (*көшпелі*) қойылсын;

6) облыстың әр жерінде чумаға қарсы 11 склад болсын, бұларға арнаулы орын салынсын, басында үнемі басқарып тұратын кісі болып, дәрігерлер көздеп тұрсын;

7) қазақ баласы оқитын стипендиялар ашылсын, докторларға –10, фельдшерлерге – 12;

8) әлгі стипендиялардан басқа 6 қазақ қызына фельдшер-акушерлік курсына түсуге орын ашылсын һәм бұларға фельдшерский школдарға кіруге тоқтау болмасын;

9) чума жайынан кітаптар таратудан басқа, қазақ арасында курстар ашылсын һәм жиылған халыққа чума жайынан оқып, мағлұматтар берілсін;

10) қазақ арасында білім тарату, мәдениетке жол ашу үшін һәм халыққа тазалық үйретететін бастауыш һәм орта дәреже школдар көбірек ашылсын;

11) пошта һәм телеграф жолдары оңдалып, көбейсін;

12) облыстың орталығы Орал шаһарында дайым лаборатория ашылсын, мұның бөлімдері Жымпиты, Көкжар һәм Қызылқоғада болсын;

13) қазақ арасында моншалар салынсын, қазақ тегін не арзан бағамен пайдаланатын болсын.

(тағы да бар)

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., №57.

ОҚУ МЕЗГІЛІ

Жаз жетті, табиғаттың оянуымен бірге адамның көңілі де елендеп, жаңа дүниеге шыққандай болып тұр. Оқу қадірін білген жұрттың балалары қыс бойы мектеп, медреселерде алаңсыз оқып, енді кешікпей жазғы бостандыққа тарағалы тұр. Шаһар медреселеріндегі біздің шәкірттеріміз қыстайғы оқуын мұқтаждықпен өткізіп, енді келер қысқа тағы оқулық пұл табу үшін елге бала оқытуға шыққалы отыр. Басқа жұрттарда оқу жылы біткенде, бізде жаңа басталайын деп

тұр. Жаз бала оқытуға амалсыз шыққан шәкірттердің қолы қысқалығын пайдаланып, арзан бағаға мұғалім жалдап алуға қамданып тұрғандар көп. Ыстық жаздың 3–4 айында балалардың қанша білім үйренуі мен шәкірттердің қысқа жеткілікті қанша пұл табу жағын шамалайтын қазақ аз.

Кейбір шәкірттерде қазақтан жәрдем орнына ренжу көретін түрі бар. «Қазақтың» өткен нөмірінде Уфадан жазған екі шәкірттің хаты басылды. Онда ел ағасы болған бір қажы мен бір болыстың шәкірттерді ренжітіп, балаларын тегін оқытып, қызмет ақыларын бермей жібергендігі оқушылардың есінде. Мұндай оқиғалар ел ішінде сирек емес. Шәкірттер қажы мен болысқа сеніп, Уфаға келіп, қанша мұқтаждыққа душар болған. Бұлардың бірі бізге мағлұм медресе «Ғалияны» биыл бітіретін еді. Емтиханға екі ай қалғанда оқу ақысын төлей алмай медреседен шығып, көшеде қаңғып қалыпты. Оқуына да, тұруына да, елге қайтуына да бір тиын пұлы жоқ.

Шәкірттер алаңсыз медресені бітіріп шығып, сонан соң біржола мұғалім болайын десе, үзбей оқуға пұлы жоқ. Көбі – талаппен жанын жалдап оқып жүрген кедей балалары. Жаз елге шығып, қыстық қаражатын табайын десе, араны ашылған қажылар мен болыстарға тап болса, бұлар қайтіп адам болады, қайтіп дұрыстап оқу бітірсін, қайтіп ұлтына пайдалы қызмет етсін?! Бұларға не бетімізбен кінә қоямыз.

Біздің қазақ жалғыз бұйрыққа бойсұнады. Бұйырса, өзіне зиянды істі де істей береді. Басқадан қаймықпайтын жерде өздігінен өз пайдасына аяқ басу жоқ. Басқаның айтқаны, айдағанымен жүріп, өз қамын өзі ойламаған жұрттың күні қараң. Қазақта мұсылманша оқу жағы өз еркінде. Оқыт, оқытпа деп ешкім бұйырмаған соң, елең қылмайтыны сол.

Бізде мұсылманша оқудың үш түрлі кемшілігі бар: 1. Жеткілікті тәуір мұғалімдер жоқ. 2. Мезгілінде оқылатын тәуір мектептер жоқ. 3. Өз тілімізде оқу кітаптары жоқ. Бұлардың бастапқы екеуін жөнге салу – жалпы жұрттан, соңғысы – қазақтың қамын ойлаушы оқығандардан. Соңғы борышты өтеуге оқығандар міндетіне алғанда, бастапқы екеуін қалың қазақ өзі көтеретін жөні жоқ па? Жыл сайын бір ауылнай елден өз күшімен оқи алмайтын екі шәкіртті жұрт көмегімен оқытса, 150–200 үйге қанша ауыр. Бұл шәкірттер бірыңғай оқып, медресе бітіріп шығатын болса, жеткілікті мұғалім деген осы емес пе. Қоныстарының ретіне қарай бір ауылнай елде екі-үш жерде мектеп ашса, мұғалімдерге айлап лайықты еңбекақы төлеп тұрса, оқығандар қазақ мектебіне

лайықтап кітаптар шығарып, программа түзеп берсе, бізде де оқу-оқыту ісі ілгері баспас па еді. Мұның бәрі өздігінен еш нәрсе көрмеген біздің қазаққа қиын көрінбесе, қолдан келмейтін ауыр іс емес. Жөн білген адамдар осындай істі әр жерден бастаса, біреуден біреу үлгі алып, тез-ақ жұртқа жайыла бастар еді.

Қашан бұл үміттер іске айналғанша, осы күнгі шәкірттер жаз бала оқытуға шыққанда, кесімді айлық ақы алуға сөйлесіп, мектеп басы підия-садақаларға қол сілтеу керек. Мұғалімге ие болып ұстаушылар қиянатсыз айлық ақыларын ай сайын беріп, қолдарынан келгенше шәкірттердің қыс оқуына жетерлік пұл табуына көмектес болса екен. Бұл туралы «Қазақтың» өткен жылғы бір нөмірінде (*22*) жазылып еді.

Елде мұғалім керек кісілер анық әдірісін көрсетіп, мұғалімге айына қанша ақы беретін шарттарын білдіріп, қай медреседе оқыған шәкірт керек екендігін «Қазаққа» жазса, басылар еді. Бұған баруға риза болған шәкірттер медреседен алған сенім қағаздарымен барар еді.

Өз тұсынан орын алған шәкірттер де қандай шарттармен мұғалімдікке баруларын газет арқылы білдірсе, тәуір болар еді. Газет арқылы болсын, хатпен болсын, күн бұрын хабарласпай, сөйлесіп келіспей кездесудің түбі өкінішке соғуы ықтимали бола берер.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 56.

МҰСЫЛМАН ІСТЕРІ ХАҚЫНДА

Петербург кеңесі

29 апрельде ішкі істер министрлігінде мұсылман істері жөнінде кеңес ашылатыны мағлұм болды. Бұл кеңесте күллі министрліктен өкілдер болмақшы. Мәжілісте председательдік етуші – ішкі істер министрлігінің серігі Золотарев.

Бұл кенесте мұсылмандардың қандай істері қаралуы туралы һүкімет істерінен хабардар «Мир ислама» журналы мен сенімді «Русская ведомость» газетінің жазуынша: 1) Бұл күнде мүфтилігі жоқ мұсылмандарға жаңадан мүфтилік ашуға жоба жасамақшы. 2) Бар мүфтиліктерді түзетіп, солардың қызметіндегі адамдардың санын өзгерту жайынан



Міржақыптың отбасы Семейден Орынборға оралған, сағынышпен көріскен сәтті бейнелейтін бұл суретке 1923 жылы түскен. Әкесін құшақтап тұрған — Гүлнар Міржақыпқызы. Суреттің сыртында мына сөздер жазылған: "Анама" — нағашыларыма Гүлнардан" ("Ана" деп нағашы әжесін айтады екен).
Орынбор, 13 маусым, 1923 жыл



Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова-Дулатова.
Омбы, 1914 жыл



Қатар өскен бойжеткендер (солдан оңға қарай) Халима Әбдірахимқызы, ортадағы Ғайнижамал Досымбекова, шеткі Сара Досымбеккызы.
Омбы, 1913 жыл



1905-1906 жылдардағы Ресей мемлекеттік I, II Думасының депутаты, Шақшақ Жәнібек батырдың ұрпағы, Алашорда жетекшілерінің бірі Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов



Ортада орындықта отырғандар: тақиялы — Міржақып Дулатұлы, сол жақ жанындағы — Ахмет Байтұрсынов, одан бергі — Райымжан Марсеков. Оң жақта жерде жеке отырған — әнші Әсет Найманбаев.
Шәуешек қаласы, 1918 жыл



«Наркомпростың» (Халық ағарту комиссариаты) Орынбордағы оқытушылар мен мұғалімдер дайындау курсы. 1923 жыл.Ортада отырғандар (солдан оңға қарай): қалпақтының қасындағы ақ жейделі Лозинский («Наркомпростың» көсіптік білім беру бөлімінің бастығы), қара костюмді Көрім Тоқтабаев, қасындағы — ?, одан кейін Тележан Шонанов, Міржақып Дулатұлы, Есқали Мұқанов, Мұхтар Мурзин (Халық ағарту институтының (КИНО) директоры). Түрегеліп тұрғандар (жоғарыдан 4-қатарда): шолақ қалпақ киген Махмет-Сұлтан Тұяқбаев (мұғалім-инспектор), одан екі адамнан кейін, нақ сол қатарда қара қалпақ киген ақ киімді Омеш Жұмағұлов (қостанайлық мұғалім)



1926 жылы Қызылордаға мәжіліске жиналған бір топ ағартушы-мұғалімдер мен техникум директорлары:
Екінші қатарда (солдан оңға қарай): Қызылжар педтехникумының директоры — Жұмағали Тілеулин, қасындағы Міржақып Дулатұлы, үшінші қатардағы үшінші (солдан оңға қарай): Семей педтехникумының директоры — Әбікей Сәтбаев, Ахмет Байтұрсынов және Смағұл Сәдуақасов, төртінші қатарда тұрғандар (солдан оңға қарай): Тәжжан Шонанов, Біләл Асфендияров, Маннан Тұрғынбаев, одан бір кісіден кейін Әлмағамбет Қасымов



Міржақып Дулатұлы тұрған Орынбор қаласы, Неплюев көшесіндегі № 42 үй. Суретті түсірген жазушы Ғалым Ахмедов

кеңеспекші. Бұл кеңеске мұсылмандардан өкілдер шақырылуы белгісіз.

Соңғы кездерде билік, мүфтилік істерін һүкімет қолға алып жатқандығы газетімізде сан жазылды. Бұған жұрт қанша құлақ қойғанын, не істегенін білмейміз. Жалғыз-ақ бізге мағлұм – қазағы аралас жерден Жетісу мұсылмандары тиісті орындарға, төменде жазып көрсеткенімізше, мұнмүдделерін білгізді. Бұлар бұл тілектерін сұрауға 1906 жылы 31 мартта кеңесіп, қаулы қылынған екен. Сол жылы апрель жұлдызында бас министр граф Виттеге жіберіп, 1908 жылы 2 сентябрьде Түркістан уалаятын тексеруге барған. Сенатор граф Палинге де ұсынған екен.

Сонан бері оларға еш жауап болмаған. Енді жаңада мұсылман істері туралы Петербургте һүкімет кеңес құрмақшы болған соң, Жетісу мұсылмандары бұрынғы тілектерін жаңғыртып, бес кісі қол қойып, ішкі істер министріне, Г. Дума һәм мұсылман фракциясының председательдеріне жіберіпті. Бұлардың тілектері біздің қалың қазаққа да өрнек болуға жарарлықтай болған соң, бұл арада жазып өтуді лайық көрдік. Олар мынау:

«Түркістан уалаятында бір духовное собрание (*мүфтилік*) ашылсын. Бұл мүфтилік те қазіргі Россияда бар мүфтіліктерге беріліп отырған праволармен пайдаланысын.

Түркістан мүфтилігінде уалаяттағы мұсылмандардың әр табынан (*қазақ, ноғай, сарт*) бір-бірден қажы болсын. Әр таптың ісі духовное собраниеде сол таптың өз қажысы ұсынуымен қаралсын.

Егер Россия мұсылмандары үшін ортақ мүфтилік ашыла қалса, Түркістан мүфтилігі соның қол астында болсын.

Мүфтилер, шехисламдар, қажылар, имамдар, мәзіндер, басқа дін қызметіндегі адамдарды мұсылмандар өздері сайласын. Бұларды бекітуші һүкімет төрелері болмай, духовное собрание болсын. Бұл қызметтерге шет патшалықтар да, оқыған адамдар да сайлануға жарасын.

Мешіт, мектеп, медреселер ашу, бұларды түзету рұқсаты духовное собраниеден болсын. Һүкімет жағынан бұған еш бөгет болмасын. Мұнан басқа да бұл туралы ішкі Россия мұсылмандарының мешіт, мектептері үшін лайықталған низамдарға бойсұнамыз.

Россия мұсылмандарының мектеп, медреселері жөнінде лайықталған жөн-жобаларын біз түгел қабыл етеміз.

Дін қызметіне лайықты адамдар даярлау үшін заманның рухына лайық қылып, медреселерді түзетуге һәм керекті орындарда жаңадан ашуға ерік берілсін.

Жетісу облысында бес тап мұсылман халқы бар: қазақ, қырғыз, ноғай, тараншы, сарт. Осы бес таптың әрқайсысынан бір-бірден Г. Думаға депутат сайлансын».

Жетісу мұсылмандарының тілектері осы. Біздің қазақ бұған қосары иә кемітері бар ма? Иә осыны түгел мақұлдай ма? Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарының қазақтары 1905–1906 жылдары болмаса, бұл мәселе жөнінде соңғы кезде, әсіресе мүфтилік һәм билік істері Думада қаралуға бет алып тұрған кезде, елдігін көрсете алмай тұр.

Ішкі істер министрлігінде кеңес болу хабары таралмастан бұрын, 27 мартта депутат Құтлық Мұхамед мырза Тевкелев ішкі істер министрлігіне барып жолығып, мұсылмандардың рухани істері жөнінде өзара кеңесуге рұқсат сұраған екен. Министр үлкен съезд болмаса, кішкене кеңес-мәжіліске рұқсат беруге болады деп ұнатыпты. Бұл туралы тілегіңізді арызбен жазып беріңіз депті. Және айтыпты: «Мұсылмандардың дін істері жөнінде өз қол астымдағы кейбір төрелермен де кеңесіп өтермін» деп. 29 апрельде болатын кеңес осы боларға керек. Қалай да болса кішкене съезд жасауға өз тарапынан тоқтау болмастығын білдіріп, министр депутатқа арызыңызбен бірге съездің программасын, қанша кісі һәм кімдер съезге шақырылуы хақында мағлұмат беруге қосқан.

Тевкелев министрдің ыңғайын байқаған соң, шет діндер мекемесінің директоры Минкинге де барып жолыққан. Бұл да съезге жақсы көзбен қарағандығын білдірген. Содан соң Тевкелев 31 мартта съезге емес, кеңес мәжілісін жасауға рұқсат сұрап, министрге арыз берген. Арызында көрсетілген мәжілістің программасы мынау:

1) Қазіргі мүфтиліктер жөніндегі закондарды тексеру.

2) Келешекте ашылатын мүфтиліктер жөнінде жаңа закон жобасын әзірлеу. Бұл мәжіліске шақырылады: Түркістан, Кавказ, Қырым, қазақ халықтарынан, ішкі Россиядан зиялылар, молдалар һәм мүфтиліктен бір-бір өкіл. Бәрі 35 кісі. Кеңес 6 майдан 20-сына дейін болмақшы.

Министрдің уағдасына қарағанда, бұл мәжіліске рұқсат қазір беріліп қоймаған болса, енді берілуінде шүбә болмаса керек.

Енді біздің қазаққа да құр от басында отырып, «дін, дін» демей тілегін, пікірін жарыққа шығарып, майданға салатын кезек келді. Қазақты жақтарлық депутаттарға да, Кеңеске шақырылған өкілдерге де «Қазақ тілегі, қазақ пікірі» деп

отыратын таяныш, дәлел беретін ретіміз осы. Қалың қазақ болып, әр жерден тезірек арыздарын, тілектерін поштамен, телеграфпен 6 майға дейін мына әдіріспен жіберерге керек.

Петербург, ул. Таврическая 31, кв. 19.
Председателю мусылманской фракции К. Тевкелеву.

Бұған жігіттік көрсете алмаған қазақтың бас адамдары, молдалары мұнан былай «елім-жұртым» деулері бекер.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 58.

ҚАЗАҚТАН СОЛДАТ АЛЫНА МА?

«Қазақта» өткен жылы бір мақала басылып, онда қай сословиеге шықса да, қазақтан солдат алынбайтыны жөнінде законнан дәлелдер көрсетіліп еді. «Қазақтың» өткен нөмірінде Мұхаметжан Нүрекеновтың жазуынша, Барнауыл үйезінде крестьяндыққа жазылған қазақтардан солдат алына бастапты. Қазақтардың берген арызына хакімдері: «1911 жылы 20 ноябрь циркулярі бойынша қазақтар әскерлік міндетін атқаруға міндетті»,– депті.

Қазақтан енді солдат алынады деген мұндай закон иә циркулярдың барлығын білмейміз. Бұл туралы шыққан закон болса, жасырын болмаса керек еді. Жаңа закондар Дума һәм Совет арқылы шығуға керек. Бұл болған жоқ. М.Нүрекенов жаңылыс ұғып, «циркуляр» деп жазған шығар деген ойға келеді. Мұжық болған Барнауыл қазақтарының арыз берген мекемесі, крестьян болған соң қазақтан да солдат алу тиіс деп түсініп, әлгі берген арызға қарсы жауабын 20 ноябрьде 1915 жылы пәлен нөмірлі қағазбен естірткен шығар. Бұлай болса, мұнысы циркуляр болмайды.

Закон бойынша қазақтан солдат алынбасына илансақ та һәм Барнауыл қазағына естірткен «циркуляр» еместігін ұйғарсақ та, бірақ бұл жерде крестьян иә мещандыққа жазылған қазақтардан 1911 жылдан бұрын да солдат алынып тұрғандығы анық. Бұған бір мысал: Петропавлда Есенғазы Болатов деген бар. Бұл – Көкшетау үйезінің қазағы. Мұнан бірнеше жыл бұрын мещандыққа жазылған. Осы Есенғазының баласы Ғазиз деген жігітті, қазақтығына қарамай, енді мещансың деп 1910 жылы солдатқа алмақ

болады. Қазақ туралы, қай сословиеге кірсе де әскерлік қызметтен азат деген закондарды көрсетіп, Ғазиздің әкесі ізденді. Войнский уставтың 42-статьясын да көрсетті, 1834 жылы һүкіметтің аға сұлтан Қоңырқұлжаға берген указын да айтты, басқа тапқан дәлелдерін де келтірді. Бірін қабыл қылмай, Ғазиз қызметке алынбақшы болды. Ғазиз сол жылы Семейде учительский семинарияны бітіріп шыққан еді. Сондықтан ол Қарқаралыдағы городской школға учитель болып сайланып, әскери қызметтен құтылып қалды. Ғазиз учительдің правосы болған соң өз басы азат етілетінін білуші еді. Бірақ сондай кезі келгенде анығына жетіп, кейінгілерін босату үшін ізденіп еді.

1912 жылы Павлодар абақтысы арқылы Өскемен қаласындағы дисциплинарный ротаға бір топ жазалы солдаттар айдалып өтті. Солардың ішінде бір қазақ солдаты бар екен. Сонымен танысып сөйлестім. Бұл – Тобыл губерниясында крестьяндыққа жазылып, қала болған Атығай Сәрсембай деген қазақтың баласы. Тобыл губерниясында крестьяндыққа жазылып қала болған қарауыл мен керейлер, балаларын солдаттыққа алатын болған соң, қайта қазаққа шығып, Омбы үйезінің Қорған болысына һәм Қызылжар үйезінің Полудинский болысына жазылды. Барнауыл қазақтарынан солдат алынып тұрғандығы енді Мұхаметжан Нұркеновтың хатында көрінеді.

Егер закон бойынша қазақтан солдат алынбайтыны анық болса, бұл істеп отырғандары жолсыз екендігі, онан да анық болмай ма? Бұл туралы бұрыннан қала болып солдат беріп отырған қазақтар мен жаңадан қала болғандар (*бұларға да бір күні кезек келеді ғой*) бұл мәселені анықтап, ұшығына жетерлік жер бар. Қазақтан солдат алынатын законы анық болса, қызметтен бас тартуға болмайды. Егер законсыз солдатқа алынып отырса, мұнан орасан қата бар ма?! Біздің қазақтың жолдыға да, жолсызға да тырп етпей, мойынсұнып отыратыны осыдан да көрініп тұр емес пе?

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 60.

ОРЫНБОР, МАЙ 24

Торғай облысында сот бұл күнге шейін коронный еді. Коронный сот дегеніміз һүкімет тарапынан қойылған судьялардың соты еді. Енді соңғы кезде облыста присяжный

заседательдер соты ашылу мәселесі қозғалып келеді. Присяжный заседательдер – судьялар емес, халық арасынан шақырылған өкілдер. Бұлар окружной сотта іс қаралғанда ғана келіп үкім айтады. Присяжный заседательдер болумен окружной соттың судьялары жоқ болмайды. Олар істі бұрынғыдай закон бойынша тексереді. Присяжный заседательдер бірге тыңдап, сынап отырып, үкім айтады. Ақ болса – ақ, қара болса – қара деп. Судьялар бұлардың үкімімен закон бойынша ағартқанын босатып, қарайтқанына лайықты жаза салады.

Присяжный заседательдерге берілген билік күшті. Бұлар үкімді законның пәлен статьясы бойынша деп айтпайды һәм закон статьяларын білуге олар міндетті де емес. Бұлар берген ант-уағдаларын орнына келтіру үшін таза жүрегімен, ұятиманы неге ұйғарса, соны айтуға тиісті. Жалалы адамдар халық арасынан шыққанға қарай, присяжный заседательдер де халық өкілдері болып халықпен бірге жасап, біте қайнап келген соң, өз елінің ғұрып-әдетін жақсы білулері олардың адаспай түзу үкім айтуларына көп себеп болады. Соның үшін мәдени мемлекеттерде присяжный соты көптен бар һәм коронный соттан артық саналады. Біздің Россияда әлі тегіс жайылған жоқ. Қазақ болыстарында алды 1910 жылдан бері ғана бар (*Ақмола, Семей, Орал*).

Һүкімет присяжный сотын Торғай облысына алдымыздағы 1915 жылы кіргізуге лайықтап, бұл туралы керекті мағлұматтар жиылып, присяжный заседательдікке құқы бар адамдардың есебін ала бастады. Бұл күнде кейбір себептермен присяжныйлар соты кешіктірілу ықтималы бар көрінеді.

Төрелер керекті мағлұматтарды түгел – анық жинамаған. Присяжный заседательдікке лайық адамдардың көбін, әсіресе қалалы халықтан, есепке қоспай қалдырған. Мұнан да толымдырақ дәлелі, дәл осы кезде присяжныйлар соты ашылса, қазақ пен мұжық өкілдері әділдікпен үкім қылмай, біріне-бірі өшігіп кетуі ықтимал.

Присяжный соты – жұрттың тілеп ала алмай, қолына түсіре алмай жүрген соты. Бұл соттың коронный соттан артық һәм халыққа сенімді екенін ешкім іңкәр етпесе де, осы кезде қазақ пен орыс арасы ит пен мысық арасындай болып тұрғанда, сотта присяжныйлардың көбі мұжықтан болып шықса, жоғарыдағы пікірді де теріс деуге болмайды.

Газет оқушыларға, газеттен де артығырақ, елде тұрушыларға мағлұм – тек мұжықтан мал жоғалса, қазақтан көретіні. Көрумен де қоймай, қол іс қылып, аяғы кісі өліміне

жететіні. Рас, біздің қазақ жігіттерінің жылқы жетелеуге қолының ебі барлығы. Бірақ, малы жоғалса анық ұрыдан көрмей, аты қазақты күйдіру осы күні мұжықтарға әдет болып кетті. Мұжық малы аяғынан кетсе де, орға жығылса да, басқа ұры алса да, қазақтан басқа ешкім алды деп ойламайды. Аттана шауып, көрші ауылды, иә жанынан аз жанап өткен ауылды күйдіреді.

Сөйтіп, залымның отына үйдегі момын жылынады. «Уақыт» һәм «Орынборская газета»: осы пікірді Орынбор окружной сотының председателі Башкиров та қуаттап, Торғай облысында присяжныйлар сотын кіргізуге қарсы тұрыпты деп жазып еді. Бұл арада азырақ жаңылыс бар көрінеді.

Торғай облысында 4 үйез бар. Мұның бірі – Қостанай үйезі Троицкий окружной сотына қарайды. Қалған үшеуі Орынбор окружной сотына қарайды. Бұл 3 үйездің екеуінде (*Торғай һәм Ырғыз*) мұжық, жоқ. Жаңғыз Ақтөбе үйезінде ғана бар. «Қазақ» басқармасына мағлұм сенімді адамнан алған мағлұматқа қарағанда, Орынбор окружной сотының председателі Башкиров, присяжныйлар сотын ашуға қазақ пен орыс өшігіп, әділ үкім айтпайды деп, қарсы тұрмаған. Оның министр мекемесіне қайтарған жауабы мынау: Торғай һәм Ырғыз үйездерінде присяжный заседатель болуға жеткілікті адамдар табылып тұруы мүмкін болмағандықтан, ол екі үйезде қазір присяжный сотты ашуға болмайды. Жалғыз-ақ ашуға лайық Ақтөбе үйезі деп.

Басында Башкиров та Ақтөбе үйезінде присяжныйлар соты ашылса, мұжық пен қазақ даулы жұмыстары дұрыстықпен қаралмас деп ойласа да, ақырында шаһар халқы, қыр қазағы, қазақ-орыстар бәрі қосылғанда, мұжықтар олардан артып кете қоймас деген пікірге қайтқан. Ақтөбе үйезінің есебіне қарағанда, бұл үйезде 85 мың отырықшы һәм 117 мың көшпелі халық бар екен. Әлгі 85 мыңның 15 мыңы жалғыз Ақтөбе шаһарына келген.

Сөйтіп, присяжныйлар соты Торғай облысында түгел ашылмай, болса Ақтөбе үйезінде ғана болатын түрі бар. Присяжныйлар соты ашыла қалса, көпшілік үнемі мұжықтан болып кетеді деуге болмайды. Қазақтан болмайтыны өз алдына, сонда көпшілік шаһар халқынан болмақ. Ал бұлардың қазаққа онша өштігі болмағандықтан, туралық көрсетпес деп сенімсіздік қылуға орын жоқ. Ақтөбе секілді присяжныйлар соты бар қазақ қараған үйездерде присяжный заседательдердің таразының бір жағын аударып

кетерлік көбі мұжықтан болғандығы білінбейді. Сондықтан Торғай облысында присяжныйлар соты ашылуға қарсы тұрудың лайығы болмаса керек.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 63.

КООПЕРАЦИЯ, ЯҒНИ БІРІГІП ІС ЖҮРГІЗУ

Қазақта мал бағудан басқа кәсіп жоқ, оның өзі де көңілдегідей емес. Бұрын мал көп, жер еркін заманда кәсіпсіздік білінбеуші еді. Енді байқалды. Күн көру амалын жалғыз малдың төлінен күтіп, қол қусырып отыратын мезгіл өтті. Қазақ байлығы жау мен жұттан кеміген жоқ, қай жолмен болса да көрінеу басқалардың қолына ауысып кетті һәм қазірде де солай. Мұнан былай тіршілік қажетін өтеуге, қалған байлығымызды сақтауға, өз байлығымызды өз арамызда қалдыруға кірісуіміз керек. Оның үшін басқа кәсіпшіл пайдакүнем жұрттан өнеге алуымыз керек. Завод, фабрика ашу, әрі сауда мен магазин иесі болу жеке-жеке әрқайсымыздың қолымыздан келмесе де, бірігіп қолдан келерлік кем-кетіктерге пайдалы жұмыстардан бастауға керек. Мұндай көпке бірдей пайдалы істер кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу, мысалы уақ қарыз серіктігі секілді.

Бірігіп басқаратын істердің әр түрлісі болады. Біз уақ қарыз серіктігін алайық. Бұл қазаққа жаңа естілген жат сөз. Сөйтсе де «уақ қарыздың» мәнісі газетімізде бұрын баяндап жазылған.

Торғай облысы, Ақтөбе үйезінде бір жыл ішінде 21 уақ қарыз серіктігіне қазақ кіріскен хабарын естіген соң, бұл туралы мағлұмат алуға Орынбор государственный банкте уақ қарыз инспекторы Һидаятолла мырза Бинкеевке жолықтым. Бинкеев әлгі хабардың дұрыстығын бекітіп, ол серіктіктерге кірген қазақтардың риза болып тұрғандықтарын һәм жаңадан өз алдына ашуға сұранушылар барлығын сөйледі. Һидаятолла мырзадан: Қазақ ауыл арасында уақ қарыз серіктігін ашуға мүмкін бе? Ашқанда қалай һәм қайда ашу пайдалы? Ақтөбе үйезінде уақ қарыз серіктігін ашушылар орыс қалалары, қазақтың көбі соларға қосылып пайдаланып жүр. Өз алдына ашқандары аз. Орыс араласпаған Торғай мен Ырғыз үйездерінде қалай ашпақ керек?–деп сұрадым.

Бинкеев менің сұрауларыма жауап орнына Торғай, Ырғыз үйездерін аралап, уақ қарыз серіктігін ашуға жараужарамауы хақында тексеріп, мағлұмат жинағандығын сөйледі. Соның үшін, бірден, кооперация ісін жақсы білетін һәм өз міндетін жақсы атқарып тұрған, екінші, Торғай һәм Ырғыз үйездерін әдейі өз көзімен аралап сынаған кісінің берген мағлұматы һәм пікірі біздің қазақтың қай жеріне болса да тура келетін болғандықтан, бұл арада түгелірек жазуды лайық көрдім.

Бинкеев берген мағлұмат, қысқартып жазғанда, мынау:

Торғай үйезінің жері 147 мың шаршы шақырым. Қазағы 13 ұлыс. Адам саны 100 мың 800. Шаруасы – көшіп-қонып, мал бағу. Алыс-беріс қылатын жылында Торғай қаласында екі рет жәрмеңке болады. 25 майдан 8 июнге дейін һәм 10–20 декабрьде бұл жәрмеңкелерге бір үйез тегіс келеді. Әсіресе жазғысына. Бұл жәрмеңкелер әрқайсысының обороты 2 миллионнан артық. Торғай үйезінде егіндік жер жоқ. Бірлі-жарым кедейлер шығырмен суарып, егін шашқан болса да, көбінесе тұқымын да ала алмайды.

Ырғыз үйезінің жері 1278 мың шаршы шақырым. Қазағы 14 ұлыс. Адам саны 110 мың шамалы. Бұл үйездің қазағының тұрмысы да Торғай қазағындай. Жаз неше жүз шақырымға көшеді. Кейде Ақтөбе, Темір үйездерінің жеріне жайлап қайтады. Ырғыз қаласында жылына екі рет жәрмеңке болады. 5–25 майда һәм 25 сентябрьден 8 октябрьге дейін. Бұл жәрмеңкелердің обороты 1/2 миллион шамасында. Осы екі үйездегі жәрмеңкелерге түсетін аяқты мал, өлі зат – бәрі де қазақ даласынан келеді. Артық пайда көруші саудагерлер қазақ малының сілекейіне керек-жарағын алып қайтқанға мәз. Бұл күнде қазақ халқын ноғай саудагерлерінің жем қылуы орасан: саудагерлер тауарын қазаққа сатқанда, өз бағасынан неше есе артық пайда алуының үстіне көбінесе нашар тауар сатады. Несиеге беру шарттары тіпті ынсаптан тысқары. Бағасы күн бұрын кесіледі. Борышын төлегенде ақшамен емес, тері, жүн, жабағы, мал беруге міндетті қылады.

Осы ретпен алатын нәрселерінің бағасы мынадай болады: пұты 2–2,5 сомға алған жүнді азырақ тазартып, 12–13 сомға сатады. Ірі қараның терісі 2 сомнан әрі қарай алынып, 7–8 сомнан сатылады. Жермай Торғай қаласында қадағы ақшаға 25 тиынға шейін, қант 30-ға шейін, бидай ұнының пұты 3 сомға шейін сатылады.

Қазақтың тоқыған шекпені, басқұры, басқан киізі, текеметі, бәрі де ел ішінде сынаптай сырғанап жүрген ноғай

саудагерінің қолына ілігеді. Торғай үйезінде Орқаш маңындағы қазақтар арба, доға, үй ағаш, ер һәм басқа сондай саймандар істейді. Бұларды да саудагерлер жарты бағасына сыпырып алады. Бұлар базарға түскеннен кейін, бейне Ішкі Россияның үлкен қалаларында істеліп шыққан нәрседей, қазақтың өзіне қайтадан қымбат бағаға сатады.

Тағы Ырғыз үйезінде Арал теңізінде қанша балық ауланады. Мұның бәрін де, жоғарыда айтқанымыз секілді, 2–3 есе кем бағаға алып, әр бағасына қымбат кесіп қант, шай, ұн секілді нәрселер береді.

Сөздің қысқасы, қазақты жемедім дегеннің тісі сынсын. Сондықтан еш таңырқарлық емес, егер бүгін мелішші ноғай ертең ірі саудагер болып кетсе яки құрметті Хасенов, Яушев һәм басқалар қазақпен сауда қылып, аз уақыттың ішінде миллионер болғанына. Кооперация істері бұл күнге дейін Россияда көп тарады. Жалғыз-ақ қазақ арасына кірген емес. Енді кешіктірмей, мұнда да іс бастауға керек. Басқаларға жем болмау үшін өз байлығының пайдасын өзі көріп, өнеркәсіпке үйрену үшін бірінші керек нәрсе – кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу.

Уақ қарыз серіктігін қазақ ішінде ашу қиын. Өйткені елде оқыған білімді адамдар сирек тұрады. Әсіресе таза кісі, халыққа шын ниетімен пайда келтірейін дейтін адамның табылуы қиын. Қазақтың атқа мінген тәуір адамының көбі партияға құмарланып, дұрыстықты, нашарға қарасуды, жалпақ жұрттың қамын ойлауды көп ескермейді. Сондықтан қалалы жерден ашу артық. Мысалы, Торғай, Ырғыз, Қарабұтақ, Шалқарда. Бұлардың әрқайсысына бірнеше ұлыстан қаратуға болады. Қалаларда, қанша айтқанмен, оқыған, түсінікті адамдар болмай қоймайды: учительдер, мұғалімдер, шенеуніктер, пікірлі саудагерлер секілді.

Уақ қарыз серіктігін тәртіппен жүргізіп, қазынадан молырақ түп сома алып һәм государственный банктен де қысқа срокпен қарызға ақша алып бастаса, көп пайдалы іс қылуға болады. Осы күні қазақтан саудагерлер алып тұрған пайданың көбін серіктіктің өзінде, яғни қазақтың өзінде қалдыру мүмкін. Әлбетте, мұның бәрі көңілдегідей шығудың бірінші шарты – іс басындағы кісілердің таза ниетпен һәм біліп іс жүргізуінен.

Елді осындай оңға бастарлық, шаруасына ұйытқы, береке ендірерлік ерлер табылып, басқаларға өрнек көрсетіп, кешікпей іс бастар деген үмітпен сөз қысқарттық.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 64.

ОРЫНБОР, ИЮНЬ 8

Февраль басынан бері Ақтөбе үйезі, бірінші Бөрте ұлысының 2- һәм 3- ауылдарында сүзек ұялап, жаңада ғана серпіліпті. Айналдырған бір-екі ауылнай елде екі жүзден артық адам ауырғандығы сүзектің қандай жайылғандығын көрсетуге жараса керек. Бір үйлі жан тегіс төсек тартып жатқандар екінің бірінде болған. Өлген адамдардың саны көп. Бір үйден екі-үш адам өлгендері де бар. Бір ауырып көтерілгендердің көбі қайталап ауырған.

Міне, ел ішіне келген осындай қорқынышты апаттан, жұқпалы дерттен сол елдің әкімдері, білімді азаматтары халықты қорғауға, сақтыққа, өлімге болмаса да бейнетке ара тұруға бір лаж қылған ба, жоқ па?

Жоқ!

Февральда басталған дерт біреуді жетім, біреуді жесір қалдырып, жаз шығып ауа тазарған соң, табиғаттың күшімен өздігінен көтерілген. Соған шейін елде ешкім, керек болыс, ауылнайлар, керек атқа мінгендердің біреуі доқтыр, фельдшерге білдірмеген.

Бөрте ұлысы – 8 ауылнай ел. Тегіс қала болған жұрт. Бұлардың ортасында мұжықтарша салынған ауруханалар жоқ. Аурухана түгіл анда-санда доқтыр, фельдшерлер де ел аралап кетпейді. Әлі қала болуды қуаттаушылар айтады: «Қала болсаң мәдени боласың, ағарасың, не керегің сай болады» – деп.

Қала болған Бөрте ұлысының мәдениеті осы ма? Мәдениет деген нәрсе қала болған елге берілетін ерулік емес қой. Мәдениет, қала бол, көшіп жүр, өздігінен ешкімді іздеп келмейді.

Бөрте ұлысында бір сыбағаға оқыған адамдар да көп. Қалаға да жақын. Сөйте тұрып, қырғын сүзекті мезгілінде доқтырға білдірмеуі кешілместей күнә, жуылмастай ұят.

«Қазақ» газеті шыққалы жыл жарым болып қалды. Сонан бері, нөмір сайын деп айтарлық, доқтырлардың, фельдшерлердің денсаулық, жұқпалы аурулардан сақтану һәм ауру білінсе тез доқтырға білдіру жайынан үзілместен мақалалар басылып келеді. Соларды бір тап елден, бір білген адамның ескермеуі талапкерлердің жігерін жасытарлық. Дәрігерлер газетке денсаулық жайынан еріккеннен, істерге жұмысы жоқтықтан жазып жатқан жоқ, жұрт оқысын,

бұрынғы ғапілдікті тастасын, пайдалансын деп жазып жатыр. Мұның қадірін білерге керек еді. Бұл ескерусіздік жалғыз Бөрте елінде емес, күллі қазақта бар. Халыққа айтылған әрбір сөз осындай «сөз» болып қана қағаз бетінде қала беретін болса, біз қашан жұрт боламыз?!

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 65.

ОРЫНБОР, ИЮНЬ 15

Бүгін екі-үш айдан бері Россия мұсылмандарының құлағын түріп, асығыстықпен күткен Петербордағы мұсылман кеңесі ашылатын күн. 40–50 жылдан бері дін істері мүфтилік қарауынан айырылған дін басқармасы жоқ қазақ халқы түгіл, төрт орында мүфтилігі бар ноғайлар да әбігерленіп, күн сайын матбуғат беті бұл мәселеге толы болып, білімді көсемдері өз пікірлерін, жобаларын ортаға салып, қазіргі духовное собраниелерді қалай түзету, үлкейту һәм тіршілік заңына лайықты қылып өзгерту жайынан пікірлерін айтып, жазып, көптің сынына беріп келді. 1905 жылы Макаржада болған Мұсылман съезінің дін жөніндегі жобаларынан бастап бұл күнге шейін жиналған сөз материалдарды қазып шығарып, олардың кемтігін толтырып, бүгін басталатын кеңесте қолға алып, сынға түсерліктей қылып даярлады. Рұқсат алынуы тығыз, ашылуы асығыс һәм шақырылған кісілердің кім екендігі әлі күнге шейін түгел белгісіз болған бұл кеңесте матбуғат осылай көтермеші болмаса, мұндай үлкен істі осындай қысқа уақытта бұтарлап тексеру, мінсіз жоба жасау әлбетте оңай болмас еді. Ноғай матбұғаты, ноғай білімділері бұл туралы өз борыштарын жақсы өтеді.

Ал біздің қазақ халқы қандай қам қылды?

Қазақта осы күні бір газет, бір журнал бар. «Қазақ» газетінде қаралайын деп тұрған дін істері жөнінде аз-көп, жақсы-жаман болса да көрінген сөздермен жұрттың әр орнынан қозғалуын біраз сынға алып өтпесек. «Айқап» журналы хақында бір нәрсе айтуға, екінші мағынаға бұрып әкететін қытықшыл мінезінен сақтанып, сөз қозғамаймыз. Бірақ жұрт көзінше терістігі болмас деп мынаны айтамыз: жылы жаңа ғана толды, былтыр осы кезде он облыс қазақтан

800–900 кісі жинап үлкен съезд ашып, қазақтың бар мұңын тексермекші болып жүрген білімді мырзаларымыз биылғы һүкіметтен рұқсат алынған белгілі шағын программада 35 кісілік кеңесте қаралатын дін мәселесі хақында былтырғы жігермен басшылық қылғандығы естілмеуіне азырақ таңырқағымыз келеді.

Бір-екі болса да газет-журналдары арқасында қазақ халқы бүгін Петерборда дін мәселесі қаралатын мұсылман кеңесінен мезгілінде хабарсыз қалған жоқ еді. Бұл мәселе туралы газетімізде кезінде жазылды. Әр жерден берілген арыздар, телеграмның мазмұны басылды. Газет өз пікірін жұрт алдына көлденең тартты. Халық әр болыстан дауысын шығарды. Бірақ бұл дауыстар ұйқтағанды оятарлық, тас көңілді жібітерлік, адасқанды жолға салырлық деп айтуға болмайды. Бұл арыздар, телеграмдағы тілектерді қорытқанда, «бізге мүфтилік керек!» дегеннен артық толымды жоба, сыйымды дәлел берерлік емес. Мұсылман кеңесінің пішулі программасын көре тұра арыз, телеграм берушілер үйіп-төгіп «Жер, дін, депутат, земство...», тағы да әлденелерді қосып программаға жанасы жоқ, бұл кеңесте қаралмайтын мәселелермен толтырды. Бірсыпыралары 1906 жылғы ескі арыздың копияларын аққа көшіріп жөнелтті. Арнап қазіргі кеңесте қаралатын мәселе хақында жоба лайықтанған «Қазақтың» 60-нөміріндегі сөз. Мұның халыққа ұнамды-ұнамсыз жері болса, өз алдына.

Қалайда халықты, тіпті бейхабар, тырп етпей жатты деп сөгуге болмайды. Аз да болса қазақтан Петербор кеңесіне үш кісі кетті, бұлар: 1. Ғалихан Бөкейханов, 2. Садуақас Шорманов, 3. Сералы Лапин. Әуелгі екеуі Семей облысынан, соңғысы Сырдариядан.

Бұл кеңестің жемісі қандай болар, ерік иеде. Біраз халықтың сенімді, білімді адамдарының бірыңғай басы қосылып қаралған іс, ұйғарылған жобадан кемшілік болмас деген үміті зор. Кеңеске жұрттың ауырған дертіне шипа боларлық қайырлы қызмет, абырой тілеуден артық айтарымыз жоқ.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 66.

АБАЙ

Опат. 23 июнь 1904 жыл.

Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Құнанбаев опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына он, жиырма бес, елу, жүз жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді.

Не шара? Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа таралып, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тарай алмады. Былтырдан бері ғана «Қазақта» Абайдың кім екендігі жайынан жазылған соң, қазақтың әр жерінен сұраушылар бола бастады.

Абай сөзі өзінің тірі күнінде басылмау себебін, өлген соң да балалары неге тез бастырмағанын анық білмейміз.

1904 жылы июнь айының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», – деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде опат болды.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический Обществоның шығарған бір кітабында[1] Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 Абайдың балалары

[1] Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отделения императорского Русского Географического общества. Вып.III. Семипалатинск.

һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күні қолымыздағы кітап – сол бірінші баспасы.

Бүгін Абай секілді атасымен қазақ халқы мақтанарлық ақынымызды арамыздан жоғалтқанымызға 10 жыл толуын еске түсіріп, халқымыздың мұндай адамының қадірін білмеуін айтып қана өтеміз. Тәржіма халі өткен жылы «Қазақтың» 39, 41 һәм 43 нөмірлерінде, бұрын өз кітабында һәм Географический Общество кітабында жазылғандықтан, бұл жолы тарқап жазбаймыз.

Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай.

Орыста бірінші жазушы Ломоносов, бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де, оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса, кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп,

ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізге жайлар ашарға керек.

Бір-екі ай мұнан бұрын, Семей қаласында, білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне қырағатхана ашады деп естіп, қуанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей халқынан күтеміз. Өткен 26 январьда Семей қаласында Географический Общество ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне өткізген әдеби кешін жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуге зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (*Нәзифа ханым Құлжанова жамағатының*) майданға түсіп, берген өрнегі еді.

Біз бүгін ардақты ақынымыз, марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан – балаға, немереден – шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 67.

АВСТРИЯ – СЕРБИЯ АРАСЫ

Газетіміздің өткен санында Австрия наследнигі Франц Фердинандтың өлімі хақында жазылып еді. Наследникті өлтіруші серб жігіті болып шықты. Оны өлтіру пікірі һәм планы Сербияда құрылғандығы, өлтірген құралдарға шейін Сербиядан келгендігі мағлұм болған. Франц Фердинанд өлтірілген Сарай шаһарының көп жерінен бомбалар табылған. Фердинандты өлтіруге даярланған бомбалар һәм оны атушылар оның жүретін, тұратын, кіретін, шығатын жерлерінің бәріне де қойылғандығы ашылған. Сондықтан Австрия һүкіметі һәм халқы Сербияға қарсы дұшмандығын ашық көрсетіп, сезікті сербтерді тұтқынға алып, үй мүліктерін ойран қыла бастағанын бұрын да жазып едік.

Соңғы хабарларға қарағанда, наследник атылғаннан бері 4 мың серб айдалып, 4 мың серб абақтыға жабылыпты.

Ойран болған сербтердің шығыны жеті жарым миллионға жетіпті. Сарай шаһарындағы серб саудалары түгел жабылған. Шығарушылар абақтыға жабылғандықтан, серб газеттерінің бәрі де жабылған. Тұтқындар арасында сербтердің поптары да бар.

Осы күні бүтін дүние матбұғаты, бүтін Еуропаның саясат тізгінін ұстаушылар Фердинандтың өлімі һәм оның түбі неге соғуы хақында сөйлеуде, жазуда, ойлауда. Австрияның Сербияға қарсы көтерілуі, Фердинандтың қанын жумай тоқтамастық түрінен Европа мемлекеттері өз араларында соғыс болып кету ықтималынан сезіктеніп тұр.

Фердинандтың өлімі Австрия үшін де, басқалар көзінде де екінің бірі наследник өліміндей ғана емес. Өйткені ол Австрияға кешікпей патша болуы күтілген. Патша емес наследник күнінде де мемлекеттің ішкі һәм сыртқы саясатында күшті, данышпан, айлалы қаһарман саналып, қай күн таққа отырса, Австрияның айы оңынан туып, мемлекет дұшпандарымен есептесе білу ешкімге жасырын емес еді. Сондықтан Фердинандтың өлімі дос күйініп, дұшман сүйсінерлік, құны толмастай ірі қате болды. Сол себепті Австрия халқы һәм һүкіметі оның қанын жоқтаусыз қалдырып, Сербиядан кегін алмай тоқтар емес. Фердинанд өлгеннен бері Австрия шаһарларының бәрінде сербтердің басына қара күн туғызып жатқаны сол.

Соңғы келген хабарлардан көрінеді. Австрия Франц Фердинандты өлтірушілердің түпкі ізіне түсіп, Сербия һүкіметіне сөз салып, мемлекетінді біздің жіберген тексерушілерімізге тоқтаусыз аралат, қалай іздеуіне бөгет қылма. Егер бұл шарттарымызды орнына келтірмесең, соғысуға да даярмыз деген мағынада қорқытып тұр. Бұған Сербия не жауап қайтарады, әлі белгісіз.

Егер Сербия мемлекетін астын үстіне шығартып, тінттіруге көнсе, намысын жоғалтқаны. Бұған риза болмаса, Австрия соғысудан тартынбайтындығы анық көрінеді.

Егер Австрия мен Сербия арасы бұзылып, соғыс басталып кетсе, Европа мемлекеттерінің әрқайсысының жақтайтын жағы бар. Бірімен-бірі матасулы пайдалары бар. Олардың өзара соғысып кетуден қорқатын себебі де сол.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 68.

ҮЛГІЛІ ІС

Оқу-оқыту жолы, қазақ мектебі қандай болу керек. Оның оқытушылары жайынан газетімізде сан жазылды. Бұл туралы мұнан былай қанша жазылса да, көптік қылмайды. Біз айтып өттік, міндетімізді атқардық, ендігісін өздерің біліңдер деп қол қусырып отыратын мәселе бұл емес.

Бұл кезде қазақ арасында қай оқуға болса да қарсы тұрушының жоқтығы айдай анық болды. Оқуға ұмтылып, халыққа қалай білім таратудың жайын, шын мағынасындағы тәртіпті мектептерді қалай көбейтудің лажын таба алмай дағдарып жүргендер көп. Бұл лажсыздықтың түйіні ақша екендігінде шек жоқ. Егер бұл түйін шешілсе, көздеген мақсатқа қол жетер еді деп үміттенуге болады.

Осы күнгі қазақтың мектепте қалай тәрбиелеу, мұғалімдерді қандай шарттармен ұстауы, оқыған балалар қанша білім алып шығатыны көбімізге белгілі. Бұл ретпен бізде оқу-оқыту ісі алысқа кете алмасын сезгендер бар көрінеді. Әр жерден басқармаға жазған хаттардан көрінуші еді, ел қамын ойлаушы ашық пікірлі адамдардың кейбіреулері қазақ арасында әкімдердің рұқсатымен жәмғият ашып, жұрттан зекет, ғұшыр, підия, құрбан терісі һәм көнілді кісілердің берген жәрдемін бір орынға жинап, мектепті сонан құралған сомамен тәрбиелеу ниеттерінің барлығын, бірақ ондай жәмғиятты қалай ашудың мәнісін білмей һәм әкімнің рұқсат берер-бермесіне де көздері жетпей тұрғандығын айтушы еді.

Бұл пікір соңғы кезде көп жерге жайыла бастаса да, шындап лажына кіріскендер естілмеуші еді. Жанада бізге мағлұм болды. Ақтөбе үйезі бірінші Бөрте ұлысының үшінші аулындағы талапты оқыған жастардың бастауы бойынша сол ауылда, жоғарыда айтылғандай, бір жәмғият ашуға бел байлап, устав түзеп, губернатордан рұқсат сұрауға қам қылысып жатыр екен. Егер бұлардың бұл ізгі ниеті жарыққа шығып, уставтары қолайлы табылып, һүкімет жағынан бекісе, бір өздерінен ғана емес, пайдасы бүтін қазаққа бірдей тиіп, зор өрнек болғалы тұр. Біз өзіміз тұсымыздан бұлардың талабын құттықтаймыз һәм рұқсат алғаннан кейін жәмғияттарының уставын тасқа басып, газетімізді алдырушыларға тегін таратуға уағда береміз.

Бірінші Бөрте ұлысында оқымысты, ұлт намысы бар сапалы жігіттер, қамқор ақсақалдар барлығын бұрын да жазғанымыз бар еді. Егер мынау талаптарын іске айнал-

дырып, көпке басшылық қылса, олардан күткен бұрынғы үміт, бұрынғы сенім тағы да артып, ұлт қызметі жолында қанат-құйрық болуына сүйенеміз.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 69.

ҚАЗАҚ АҚШАСЫ

Депутат Гудневтің елеусіз қалмаған поправкасы һүкімет төрелеріне бапсыз бір мәселені қозғады. Бұл мәселе наград, жәрдем һәм басқа орындарға деп төрелердің ақша жұмсауы еді. Бұған сан рет һүкіметтің де көзі түсті.

Министрлер советі 24 апрельдегі кеңесінде бұл туралы сөз болғанда, 1868 жыл законына сүйеніп, төрелерге наград жәрдем деп ақша үлестіруді Г. Дума наразылық көрсетіп жатқан соң тоқтатуға қаулы қылысты. Шенеуніктер пайдасына қалай болса солай ақша жұмсау көптен-ақ һүкімет өкілдерінің біразына сөлекет көріне бастаған еді.

Өзінің соңғы бір есебінде г. контролер аштьі: ішкі істер министрлігінің билігіндегі ішкі ордалық қазағының меншікті сомасынан 1905–1907 жылдарда временный совет һәм жоғарғы һүкімет төрелеріне жәрдем, наград деп 14 мың сом берілген. Ішкі ордалықтың өз қажетіне жұмсалу үшін бір жылда жиылатын ақша 9 мыңнан 11 мыңға тарта бар екен. Бұл есепке төрелерге берілетін жәрдем, наград кірмейді.

Бір орасан жері мынау, – дейді г. контролер, – әлгі айтылған ақша 1905–1907 жылдарда егіндікке өз пайдаларындағы жерлерін жалдап отырған қазақтардан законнан тысқары жолмен бұрынғыдан артық жиылатын болған. Бұл ақша жұрттың ортақ қажетіне жұмсалады десе де, жиналған 10 мың 480 сомнан ішкі орда қазағы пайдасына, бәрі 2 мың 360 сом жұмсалып, қалған 8 мың 120 сомы жоғарыда көрсетілген 14 мың сомның ішінде, төрелерге жәрдем һәм наградқа берілген. Бұл ретпен ақша жиюды соңынан контрольный палата тоқтатқан.

Г. контролердің бұл көрсетуі елеусіз қалмай, ішкі істер министрінен мұның қалай деп сұралған. Ішкі істер министрі жауап берген: «Төрелерге һәм наград үшін ішкі ордалық қазағының сомасынан үлеске түсетін ақша қазына

министрінің ризалығымен әр уақыт патшадан рұқсат сұралып берілуші еді. Соңынан о да тоқталды» – деп.

Бұған П. А. Харитонов жауап қайтарып айтты: «Төрелерге қазақ ақшасын үлестіру, г. контролер ол ақшаның қайдан шыққанын біліп, патшадан рұқсат сұрауға көнбегеннен кейін ғана тоқтатылған»,–деп.

Қазақ халқын бұлай жүндеулері өзгеден ала бөтен һәм «ақ патшаның» өкілдері бұларға ойына келгенін істеулері лайықсыз-ақ.

Орынбор контрольный палатасы Торғай һәм Орал облыстарындағы мекемелерді тексергенде тапқан, кейбір крестьянский начальниктер һәм съездер қазақ ақшасының сберегательный книжкасын қолдарында сақтап отырады екен. Қостанай үйезінің крестьянский начальниктері съезінде председатель Полубоярников 12 мың сомдай ақшаны жұмсап, жоқ қып жіберген соң, орнынан түсіріліп, сотқа берілген. Тағы да Орал облысында Гурьев үйезінің крестьянский начальниктері съезінің председателі Игорин 30 мыңнан артық ақша жоқ қылып жібергені үшін орнынан түсіріліп, сотқа берілген.

Харитоновтың куәландыруы бойынша қазақ ақшасының көбі қисынсыз жиылатын болған. Мысалы, Торғай үйезінен телеграф орнату үшін деп 12 мың сомнан артық жиылған. Ал бұл үйездің қазақтары және бүтін Торғай және Орал облысына қараған қазақ бұл күнге шейін қараңғы, тағы, надан күйінде оқусыз жатыр.

Екінші сома Торғай облысында қазақша газет шығару үшін жиылған. Әрине, – дейді г. контролер, – жоғарыдағы көрсетілген себептермен ол газет шықпай қалған. Қазақ ақшасы съезд председательдері һәм крестьянский начальниктердің жеке өз қарауларымен ғана жұмсалады. Съездің ұнатуымен емес һәм көбінесе мұндай ақшалар дәл керекті орнына жұмсалмайды. Мысалы, Гурьев съезінің бастығы Игорин қазақ ақшасына Гурьев пен Жилая Коса арасына трактовой жол салған. Бұл жол бітіп келген кезде, ол жолмен ешкім жүрмейтіндігі білінген. Әлгі екі қаланың арасына жүрт теңізбен қатынасады екен. Сөйтіп, қазақ телеграфсыз, газетсіз, ақшасыз қалған. Бірақ оның есесіне ешкімге керексіз «жол» салған.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 70.

ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰҒЛЫ УӘЛИХАН

(1837[1] – 1865 жыл)

Былтыр 23 майда шыққан «Қазақтың» 15-нөмірінде Григорий Николаевич Потанин жайынан «Қыр баласы» хатының аяғында «Потанин оқуды Омбы корпусында Шоқан Уәлиханмен бірге оқыған...» «Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына кітап қалдырғаны осы Шоқан», – деп еді. Сол есті Шоқанды һәм оның шығарған кітабын жалпы қазақ түгіл, оқығандар арасында білушілер өте сирек болса керек. Соның үшін «Қазақ» арқылы жұртты Шоқанның өзі һәм кітабымен таныстырғым келеді.

Шоқанның кім екенін көп қазақтың білмеу себебі – оның опатына биыл қырық тоғыз жыл өтті. Қазақ сияқты, өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет етушілердің қадірін білмеген жұртқа қырық тоғыз ұмытарлық көп заман. Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарымбай-дай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмытқыш келеді. Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, матбұғаты жайыла бастаған кезде, естен шыққан Шоқандардың артында қалдырған сөзі қайта тіріліп, кім екендігін білдірмей қоймайды. Міне, қазақ үшін сол дәуір елу жыл дегенде туып отыр.

Шоқан 1837 жылы Ақмола облысы, Көкшетау үйезінде, Сырымбет деген жерде туған. Шоқанның кітапта шын аты Мұхаммед-Ханафия екен. Шоқан – бала күнінде еркелетіп қойылған ат.

Шоқанның ата-тегі. Шоқан Орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәли ханның немересі, Шыңғыс төренің үлкен ұлы. XIX ғасырдың 30-жылдарында һүкімет Уәлихановтарға Сырымбетте ағаштан мешіт һәм үй салып берген екен. Шоқан балалық дәуірін сонда өткізген. Шоқанның әкесі Шыңғыс Омскідегі казак-орыстар үшін ашылған школда оқыған (*бұл школа соңынан кадетский корпусқа айналған, осы корпуста Шоқан оқыпты*), 40-жылдардың басында Шыңғыс төре Сырымбеттен көшіп, осы күнгі Қызылжар үйезінде Құсмұрын дейтін жерді мекен еткен. Сол кезде Шыңғыс төре Құсмұрын округіне аға сұлтан болып тұрған.

---

[1] Шоқанның туған жылы 1837 деп ағат алынған, дұрысы – 1835 жыл (*Ред.*).

Уәлиханның үлкен баласы (*Шыңғыстың ағасы*) Ғабидолла төрені Орта жүз хан көтерген, Қытай һүкіметі бұл байлауды мақұлдап, Ғабидолла төреге хан дәрежесін беріп грамота жіберген екен, бірақ Россия һүкіметі Ғабидолланың хан болуын ұнатпай, Ғабидолла да Россияға бойсұнбай, ақырында Ғабидолланы жер аударыпты.

Шоқанмен бірге оқыған досы, атақты ғалым Потанин: «Ғабидолла Березов деген жерде айдауда жүргенде өлсе керек», – дейді. Ал қазақ қарияларының айтуынша, Ғабидолла (*қазақ Абайділда деген*) айдаудан аман қайтып, еліне қосылған. Бұл туралы Ғабидолланың айдаудан қайтқанына дәлел, осы күні қазақтың аузында Орынбай ақын айтқан екен деген өлең бар:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген!
Үш жүздің баласына олжа берген.
Сегіз жыл Итжеккеннен әрмен кетіп,
Ханымыз Абайділда қайта келген.

Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты:
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұты.
Орта жүз, ырысың бар ел екенсің,
Хан келді Абайділда – елдің құты.

Ғабидолла төренің айдалуы һәм оның қайда өлгендігі жайынан Шәкәрім шежіресінен де ұшырата алмадым. Жоғарыдағы екі түрлі сөздің қайсысы дұрыс екендігін білушілер болса, анықтаса теріс болмас еді.

Шоқанның шеше тегі. Шоқанның шешесі Зейнеп ханым, тұқымы осы күні Баянауылды мекен етіп отырған қаржас Шорман бидің қызы. Зейнептің туған ағасы Мұса мырза заманында алашқа даңқы шыққан қадірлі би болып, һүкіметке де құрметті болып, полковник шенін алған һәм Баянауыл округіне аға сұлтан болған кісі. Мұса мырза өз тұсындағы қазақтан оқшау еуропаласқан адам екен. Көп уақыт Омбы қаласында тұратын болған, екі рет Петерборға да барып қайтқан. Мұса мырза 1887 жылы опат болыпты. Биылғы Петербордағы мұсылман сьезіне Семей облысынан барған Садуақас Шорманов осы Мұса мырзаның баласы.

Шоқан – Шыңғыстың үлкен ұлы екен. Шоқаннан басқа Шыңғыс төренің Махмуд деген баласы, тағы да бір керең, мылқау ұлы һәм Нұрида деген қызы болыпты. Нұриданы Шоқанның нағашысы, әлгі айтылған Садуақас мырза Шорманов алған.

Шоқанның оқуы. Шоқан Омскі кадетский корпусқа 1847 жылы күздігүні он жасында түсіпті. Бір ауыз орысша тіл білмейтін бала оқуға тез жаттығып, зеректігін көрсете бастапты. Шоқан корпусқа түскенде, осы күнгі ғалым Потанин онан бір жыл бұрын оқып жүр екен. Шоқанды ауылынан алып келген пограничный начальниктің переводчигі В. И. Дабщинский қырдан келген жас қазақ баласы жатырқап, жалғызсырамасын деп Потанинге серіктікке қосып берген екен (*Потаниннің сол кезде-ақ естілігі білінгені ғой*). Шоқанның зеректігі әуелгі күннен-ақ біліне бастаған. Оның зеректігіне қарай, сол кезде Омбы кадетский корпусында, Потаниннің жазуына қарағанда, оқу тәртібі өте жақсы қойылған екен. Бүтін Сібірдегі орта дәрежелі школдардың алды Омбы корпусы болып, хатта Иркут, Тобол һәм Томскі гимназияларының оқуы һәм оқытушылары ондағыдан төмен болған еді, – дейді Потанин. Шоқан түсерден бір жыл ғана бұрын кадетский корпусқа айналған бұрынғы казак-орыс школында оқытушылар надан урядниктер еді, Шоқан түскен жылы Петербордан тәуір учительдер алдырып, инспекторлыққа Кавказда қызмет етіп тұрған жас капитан Ждан-Пушкин келді. Бұл келісімен корпусқа жаңа рух кіргізді. Ждан-Пушкин төрт жағы тең оқымысты, білімді адам еді; ол француз, неміс һәм ағылшын тілдерін жете білетін, Европа әдебиетінің тарихымен жақсы таныс һәм тарихқа жүйрік еді. Ждан-Пушкиннің ашық, жақсы мінезі, түзу пікірі оқушыларға жақсы әсер беріп, кадеттер көп өрнек алып, дайым соған еліктейтін еді.

Ждан-Пушкин инспектор болған соң алдымен учительдердің көбін шығарып, жаңадан алдырып, ескілерден үшеуін ғана алып қалды. Үшеудің бірі Қазан университетінің восточный факультетін бітірген Костылецкий еді. Ол корпуста орыс тілін һәм әдебиетін оқытты. Костылецкий арабша, парсыша һәм ноғайша тілдерді жақсы білетін ориенталист (*күншығыс халқының тілін, тарихын, әдебиетін һәм рәсімін жақсы білуші*) еді, оның қазақ тілі һәм рәсімі жайынан жинаған нәрселері бар еді. Сондықтан Костылецкий Шоқанды жақын көріп кетті. Костылецкий білімді, өткір, ешкімнен жасқанбай туралықты сүйетін адам еді.

Ждан-Пушкиннің қалдырған үш учителінің екеуі Старков һәм Гонсевский дегендер де оқымысты, ақылды еді, бұлар оқушыларды оңға бастайтын адам болып шықты. Бұл үш учитель шәкірттердің кітап бетінен оқуынан басқа, фикрін ашып жүрді. Бұлардың білімінен кадеттер, әсіресе зерек Шоқан көп пайдаланды.

Балалар оқудан босаған мейрамдарда, Шоқанның зеректігін, аса ақылдылығын байқаған Омбының білімді адамдары Капустин һәм Гутковскийлер үйлеріне алдырып, өз балаларындай көруші еді. Гутковский оқымысты адам еді, оның үйіне Омбыдағы болсын, шеттен келген жиһанкездер болсын, соқпай кетпейтін еді. Сол кезде Омбы абақтысында писатель Достоевскиймен бірге отырып шыққан досы Дуров та жиі болатын еді. Осындай білімді адамдардың арасында жүрген Шоқанның пікірі тез ашылып кетті. Шоқанның Гонсевскиймен үнемі сөйлескенде үйреніп алған саясат туралы пікірлерін серіктері, солардың ішінде мен де ұқпайтын едім. Шоқан біздің қасымызда, кіші болса да үлкен кісідей еді, біз оның қасында түк білмейтін ыштансыз бала секілді едік, – дейді Потанин.

Потанин айтады: мен Шоқанмен әуелгі кезде шын жақсы бола алмадым. Шоқан орысша, мен қазақша сөйлесе алмайтын едік. Соңынан Шоқан орысша тіл үйренгеннен кейін бірте-бірте үйір болды, әсіресе мен кітап оқуға әуестене бастап, көбінесе жиһанкездердің кітаптарын оқып, қазақ жайынан да білгім келген кезде, керексінген нәрселерімді Шоқаннан сұрап, дәптеріме жазып алатын болдым. Шоқан маған қазақ жайынан, қазақтың тұрмысынан көп нәрсе үйретті, менің жазып алғандарыма ол тұс-тұсына суретін салып беретін болды. Сонан бұлай екеуміз дос болып кеттік, екеуміздің пікіріміз бір жерден шығатын болды.

Шоқан екеуміз кітап оқуға өте құмар едік, бірақ оқуымызға жақсы кітап аз табылатын еді. Біз екеуміз де саяхат ету, ел аралау, жер көру, Сібір халқының тұрмысын, рәсімін білуге құмарландық. Жиһанкездердің кітаптарын оқығанда, біз де осылардай болсақ деген қиял пайда болушы еді. Егер сол кезде бізден біреу сұраса, сібір халқын ғылымға, жағрафия, тарих һәм рәсімін үйренуге қызықтыру үшін не қылу керек деп, біз мәслихат берер едік, академиктердің жиһан кезгенін жазып шығарған кітаптарын Сібірдегі барлық школдарға тарату керек деп.

Шоқан 14–15-ке келгенде, кадетский корпус бастықтары оған болайын деп тұрған білгіш ғалымға қараған секілді қарай бастады. Шоқанның өз қиялы Орта Азияны саяхат ету еді. Шоқан сол кезде-ақ көп кітап оқыған, мағлұматын байытқан, әр нәрсеге жеңіл қарамай, сынмен түбін ойлап тексеретін еді. Серіктері бір мәселенің шешуін таба алмағанда, онан сұраушы еді: «Шоқан, шын жақсы адам

мынадай іс туралы не қылар еді?»– деп. Біздің арамызда ондай қиын мәселеге Шоқаннан артық қатасыз жауап беруші болмаушы еді.

1852 жылы Потанин кадетский корпусты бітіріп, Жетісу облысына офицерлік қызметіне кетіпті, онан бір жыл кейін (*1853*) Шоқан да бітіріп, оны шығысымен генерал-губернаторға адъютант қылып сайлапты.

Биылғы февраль жұлдызында Петерборда опат болған государственный совет шілені құрметті академик П. П. Семенов 1857 жыл шамасында Сібірді аралауға Омскі арқылы Заилийский крайға өтіп, Ыстықкөл, Хан Тәніріге барып, Тянь-Шань тауының биік төбесіне шығып, жүрген-көрген жерін жазған. Семенов осы жолынан қайтып келе жатқанда Омскіге соғып, Шоқан мен Потанинге жолыққан. Шоқанның аса зеректігін көріп, Семенов Петербор университетінің восточный факультетіне түсуге мәслихат беріп, соңынан түсуіне де себепші болған. Потанинді де университетке кіруге себепші осы Семенов екен.

Бұрын да, әсіресе Семеновпен танысқаннан кейін, Шоқанның қиялында һәмән Күншығыс халқының тарихын үйрену мақсаты пайда болған. Бұл тарихта қазақ халқының үйсін, керей, найман секілді рулары ұшырағанға, қазақ қарияларының жинаған шежіресін әлгі тарихпен салыстырып, бәлки қатасын табар едім дегендей ойға да келген. Дәл осы кезде Семенов Карл Риттердің «Азия» деген кітабын тәржіме қылып жүр екен. Шоқанға жазбасын оқып көрсеткен.

Шоқан мен Потанинніің қиялы университет бітірген соң, Орта Азияны саяхат етіп, Қытайға шейін бармақ екен. Шоқан Омскіде қызмет етіп тұрған кездің өзінде саяси пікірі ашылып кеткен. Бұған себеп болған – Шоқанның танысып араласқан білімді адамдары, ол кезде жаңа рухта шыққан журнал-кітаптар, Тургенев, Чернышевскийлердің жаңа дәуірлеп келе жатқан шағы. Сол кезде Омскі арқылы айдаудан қайтқан декабристермен Шоқан танысқан, Омскіде олармен мәжілісте болған. Атақты Бакунинді де сол кезде Омскі арқылы алып өткен. Кадетский корпусқа учитель болып Н. Г. Чернышевскийдің досы Лобадовский келген. Капустиндердің үйіне Қазаннан университетті бітіріп қайтқан студент С. Капустин келіп тұрған. Осылардың бәрімен Шоқан жақсы таныс болған.

Шоқанның пікірін кеңейтуге бәрінен де артық себепші болған орыс писателі (*жазушысы*) Достоевскиймен бірге абақтыда жатып шыққан досы Дуров болған. Бұл туралы

Потанин жазды: «Мен корпустан шыққан соң бес жылдай Алматы жағында шетте қызмет етіп қайттым, Шоқан Омскіде әлгідей білімді ақжүрек адамдармен жолдас болып ысылған. Шоқан екеуміз бұрынғыдай емеспіз, екеуміздің пікіріміз екі жаққа кеткен. Мен һеш нәрсе көрмей қарайғанмын, Шоқан үлкен қалада тұрып, жақсы кісілермен араласып, менен озып кеткен. Бір нәрсе хақында сөйлессек, екеуміздің пікіріміз қабыспай, таласып айырылатын болдық. Мен Шоқаннан һәр уақыт жеңіліп қайтамын, сонда да жеңілгенімді мойындамаймын, мен ойлаушы едім, менің пікірім дұрыс, бірақ Шоқаннан білімім аз, Шоқан секілді, онымен айтысуға шешендігім жоқ деп. Шоқан Дуровты маған һәмән мақтаушы еді, мұндай данышпан адам сирек, сені соған апарып таныстырамын деп. Бір күні айтқанындай, Шоқан мені Дуровқа ертіп апарды, мен Дуровтың пәтерінде бір кеш болдым. Маған Дуров күшті әсер берді, менің пікірім бір кештің ішінде өзгерді. Бұған шейін һешкім маған мұндай әсер еткен емес. Бір кеш Дуровпен мәжілістес болып пәтеріме қайтқанымда, Шоқанмен пікірім бірігіп қалыпты, сонан кейін екеуміздің таласымыз да келісті. Дуров мені бір кеште өзіндей жолға салып жібергенде, бір жылдан артық (*Дуров абақтыдан шығып Омскіден кеткенше*) оның тәрбиесінде болған Шоқан қайтіп теріс пікірде болсын!

Сол кеште Дуров Шоқанның ақылын, мағлұматын өте мақтады. Семенов та Шоқан Омскіде тұрып мұнша білім үйренгеніне, қайдағы сирек табылатын кітаптарды қолына түсіріп оқығанына таң қалушы еді».

1859 жылы Потанин Петербург университетіне келіп түскен, Шоқан сол жылы Қашғарға барып қайтқан.

Ол кездегі Сібір ұлықтары жаңа ғана Қытай билеуінен шыққан «Алтышар» хақында мағлұмат алмақшы болған. Оған барушы кісі астыртын бармаса болмайтын кез. Осы қызметті орындау Шоқанға тапсырылған. Бұған жәрдемші болған, Құлжада саудасы бар, Семейге келіп жатқан түркістандық Бұқаш деген саудагер екен. Бұқаштың тапқан айласы мынау: жиырма жыл сонан бұрын Семейге бір қашғарлық саудагер Ғалым деген жас баласымен келген екен. Семейден ол Саратовқа кеткен, онан кейін қайда жүргенін, хал-жайын һешкім білмейді екен, әйтеуір Қашғарға қайтпауы анық. Бұқаш керуенмен Қашғарға барайық, Шоқанды баяғы жас бала Ғалым делік деген. Бұқаштың бұл мәслихаты ұнап, Шоқан шашын ұстарамен қырдырып, қазақша киініп, керуенмен жөнелген.

Керуен Қашғарға жеткен. Қашғарлықтар Шоқанды Ғалым деп танып, той қылып, құрметтеп Алтышар рәсімінше қалыңдық берген. Немерең келді деп, Қоқанда тұратын Ғалымның ұлы шешесіне хабар жіберілген. Ұлы шешесі «немересіне» алтынмен шеккен тақия жіберген. Қашғарда Шоқан қыстай Алтышар жайын, көрген-білгенін түгел жазып алып, Бұқашпен бірге кейін қайтқан. Қашғар ұлықтары артынан Ғалым болып келген орысқа қараған офицер екенін біліп қуғыншы жіберсе де, «Алтышар» хандығы өлкесінде керуенге жете алмай қайтыпты. «Алтышардан» қайтқан соң Шоқан көп кешікпей Петербургке барған. Петерборда главный штаб Шоқанға Азияның картасын істеп шығаруды тапсырды.

Петерборда Шоқан сол кездегі белгілі ориенталист Березин, Ғазимбек, Васильев һәм атақты орыс жазушыларынан Достоевский, Тургенев, Кристовскийлермен танысқан.

Шоқан восточный факультетте заманасына мәшһүр Костомаров һәм басқа профессорлардың лекциясын (*дәріс*) тыңдайтын болған. Бірақ денсаулығы нашар болып, Петербор тұрмысына, Петербор һауасына шыдай алмай, Омбы корпусында білінген көкірек ауруын күшейтіп алған. Сондықтан доқтырлар елге қайтуға мәслихат беріп, Шоқан Петерборда бір жыл ғана тұрған. Петербордан қайтарында қазақ мақалдарын жинамақшы болып кеткен, сол кезде атақты Радлов түрік мақалдарын жинап жүреді екен.

1864 жылы жазғытұры Ташкент шаһарын алуға Семей арқылы генерал Черняев өткен. Черняевқа көп инженер, ғалымдар, жазушылар ерген. Черняев Шоқанды адъютант һәм переводчик қылуға ертіп алған.

Әулиеата, Пішпекті аларда орыс әскерінің мұсылмандарға қылған залымдығына шыдамай ашуланып, Шоқан Черняевтан айырылған. Шоқан Алматы арқылы Қытай шегіндегі Ұлы жүздің албан руын билеп тұрған Тентек төренің ауылына кеткен. Шоқан сонда тұрып қалып, Тентек төренің қызын алған, бірақ көп дәурен сүре алмай, 1865 жылы жиырма сегіз[1] жасында көкірек ауруынан опат болған. Шоқанның зираты осы күнгі Қапал мен Алматы арасындағы қара жолға жақын, Алтынемелдің етегінде. Шоқанға мешітке ұқсас ағаштан там салынған. Соңынан генерал-губернатор Колпаковский мұсылманша жаздыртып, басына мрамордан белгі орнаттырған.

---

[1] Дұрысы – 30 жас (*Ред.*).

Потанин жазады: «Шоқан өз жұртын өте сүюші еді, қолынан келсе қазаққа жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында», – деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құрушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...

Осы кезде жаңылыс істеулерінше, «Шоқан мұсылманның зиянына қызмет етіпті, мұсылман шаһарларын бастап алдыртыпты», – деп теріс түсініп, өсектейтіндер бар көрінеді. Бұл өсектің Шоқанға жабылған жала екендігі, Шоқан һүкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі, ақжүрек, ұлтын сүюші жігіт болғандығы – орыс ғаскерінде патшаға ант берген офицер бола тұрып, мұсылмандарға орыс ғаскері қылған залымдыққа шыдамай қарсы келіп, Черняевтен айырылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзын болғанда артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған.

Шоқанның жазып қалдырған сөздерін, қазақ жайынан жинаған материалдарын һәм өзінің тәржіме халін Петербордағы Императорский Географический Общество 1904 жылы басып шығарды. Бұл кітап зор көлемді, 531 бет[1].

Шоқан кітабында жазылған басты сөздер:

1. Потанин, Ядринцев һәм Ибраһимов жазған Шоқанның тәржіме халі;
2. Шоқанның өзі жазған мақалалары.
3. Абылай хан туралы.

---

[1] Записки императорского Русского Географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Ч. Ч. Валиханова. /Ред. Веселовский Н.Н. СПб, 1904.

4. Қазақтың ескі әдет-ғұрыптары.
5. Қазақтың бұрынғы жаугершілік заманындағы жайы.
6. Жоңғар жайынан.
7. 1858–1859 жылғы «Алтышар» жайынан түгел мағлұмат.
8. Сібір қазағындағы билік.
9. Көкетай төренің өлімі.
10. Қазақтың ертегі, өлеңдері, ақындары жайынан.
11. Қазақ шежіресі жайынан һәм басқалар.

Шоқан кітабын осы күнгі орысша оқи білетін талапкерлер оқып қараса, қазақтың бұрынғы жайынан мағлұмат алып пайдаланатын көп нәрсе бар. Екінші, Шоқан секілді азаматымызды Географический Обществоның арқасында ұмытпай ескеруімізге тәуір болар.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 71, 73, 76, 77.

ТҮРКИЯДАҒЫ КАПИТУЛЯЦИЯНЫ ЖОҒАЛТУ

Стамбулдан алған телеграф хабарынан, Түркия һүкіметі ұлық патшалардың елшілеріне мынадай қожа берілгендігі білінді: «Біз бірінші октябрьден бастап мемлекетімізде шет жұрттың кісілері үшін капитуляцияны біржола жоғалтамыз. Мұны істегендегі мақсатымыз, мемлекетіміздің ішкі істерін һәм шаруасын түзету. Капитуляцияны жоғалтсақ та, шет патшалықтарымен жаңа сауда шарттарын жасаймыз». Стамбулда мұны естіген халық осы күні қуанышта. Үйлеріне жалау байлап тастаған. Халық жиылып шуласып, һүкіметтің мұндай ізгі ісіне құтты болсын айтып тұр.

Капитуляция деп Күншығыс мемлекеттерінде тұрған Европа елшілерінің һәм Европа қол астына қарайтын адамдардың праволарын белгілейтін шартты айтады. Бұл капитуляцияны жоғалту Түркия үшін зор абырой, зор пайда болғалы жүр. Бұрынғы кезде Түркиямен соғысып жеңген иә қорқытқан патшалардың бәрі де Түркияның әлсіздігін пайдаланып, Түркияда тұратын өз қол астындағы халыққа түріктерден өзгеше артықшылыққа ие берген. Мәселен, түріктердің өз мемлекеті ішінде басқалардан кемшілікте тұрғандығы мынау: түріктер шеттен келетін тауарға сомына сегіз тиыннан артық баға сала алмаған, түрік пен шет

патшаның кісісі дауласа қалса, бұларды тексеруші ортақ сотта түрікке теңдік тимеген, Түркия шет мемлекет саудагерлерінен промысловый налог алмаған, Түркиядағы шет патшалықтардың мектептерінде не оқытып һәм қалай оқытып жатыр, тексеруге хақы болмаған. Сөздің қысқасы, қай жағынан болса да Түркия үшін капитуляция арқылы болып тұрған зиян күшті еді. Бұл туралы бір мәжілісте Түркияның ішкі министрі Талғатбек айтқан: «Шет мемлекет кісілері Түркияда бейне өздері соғысып, бағындырып алған жерде тұрғандай жүруші еді. Налог төлемеді, түрік саудагерлеріне өздерімен жарыса сауда қылғызбады. Біз капитуляцияны қалдырамыз деп еш патшамен ақылдасқанымыз жоқ. Капитуляция басқа мемлекет кісілеріне өзіміздің берген әр хүмітіміз еді. Сол әр хүмітті енді өзіміз қайтарып алуға хақымыз бар. Мен уалаяттарға тегіс жарлық жібердім. Мұнан былай өз жұртымыз бен шет мемлекет кісілері арасында айырма болмасын»,– деп.

Түркия һүкіметінің капитуляциядан басқа жоғалтамыз деп тұрған тағы бір нәрсе бар, мұның аты «детпублик» мекемесі. Бұл мекеме ісін басқарушы шілендер Еуропадан сайланған кісілер. «Детпублик» мекемесінің бітіретін жұмысы жыл сайын Түркияның Еуропаға төлейтін борышын өтеуге алым жинау. Осы қызмет үшін бұл мекемедегі Еуропа шілендері жылына неше жүз жалование алады.

Жоғарыда айтылған капитуляция һәм «детпублик» мекемесі жоғалса, Түркия бірінші – қорлықтан, кемшіліктен құтылып, екінші – жыл сайын неше жүз миллиондаған мемлекет табысы артқалы тұр.

М. Д.
«Қазақ», 1914 ж., № 72.

АЛАШҚА

Европа соғысы жер жүзіндегі адам баласын ұрандастырды. Азбын, көппін демей бәрі де иә қанына, иә көрші намысына шауып жатыр.

Қаратаулық, Сербия, Болгария, патшалы славян жұрттар, Босния, Герцоговиния, Чех, Галиция, Поляк, бөтен патшаға қараған славян жұрттары қандасы біздің Россияға ағайындық түрінде, әдіс қылып, қазына қосып, көмек

беріп жатыр. Бельгия, Франция, Румыния, Италия – роман жұрттары қанына тартып иә таяғын бірге соғып, иә абыройына тілектес болып тұр. Италия қанына тартқандықтан, оғым Францияға тиеді деп, Германиямен байласқан уәдесін бұзып, болыспай қарап тұр. Румыния королі Карл – Германия патшасы Вильгельмнің немере ағасы. Жұрты соңынан ерсе, Карл Германияға болысып, соғысқа баяғыда-ақ кірісетін, жұрты роман болып, қолын байлап тұр. Болгария патшасы неміс, жұрты славян, бұл да амалсыз Румыния королінің кебін киіп отыр. Австрия – Германия тіптен тұқымы болып, бірге өлемін деп, тізе қосып соғысып жатыр.

Россия қол астындағы барша атасы басқа бұратана жұрттар – қорадан от шықты, бірігейік, үй арасындағы кемшіліктерімізді қоя тұралық деп, бізді өгей бала есебінде ұстасаң да, жау тегінде орыстың өз баласынан кейін емеспіз деп, әр халық өз әлінше қазына, тілек, көмек көрсетіп жатыр. Соғыс жолында осындай көмек көрсетіп жатқан жұрттар: еврей (*иәһуди*), біздің ноғай бауырлар, армян, черкес, грузин, қырым, қалмақ, сарт.

Торғай, Орал, Астрахань қазағы, бөкейліктер болмаса, өзге жерде біздің қазақ қазына қосып, көмек бергені білінбей тұр.

Россия қол астында қазақтан үш арыс орыс: Великая Русь, Малая Русь, Белорусь, поляк һәм еврей ғана көп. Адам санасқан жерде, Россияда біз алтыншы жұртпыз. Қазына жиылған, қоры көп шаһарларды қойып, іргелі мұжық пен ауылдағы ноғай, башқұрттармен байлық салысқанда, қазақ олардан көп есе қазыналы болады.

Еврей, армян, ноғай, башқұрт сияқты біз солдат беріп, мемлекет үшін қан төгіп отырғанымыз жоқ. Біздің Алаш баласы, қазына қосып, соғыс туралы мемлекетке көмек беру міндет. Бұл туралы қазақтар съезд қылып, жиыламыз десе, тоқтау болмас. Үйезд-үйезде съезд құрып, ат жиып па, ақша жиып па? Жәрдем беру турасын сөйлесу керек.

Біздің ойлауымызша, былай ету: ақша көмегін приговормен үй басына салу, түндік ақшамен бірге жию, казначействоға тапсыру, тапсырғанда қай орынға тиісті екендігін атау, қазақтың көмек ақшасы, біздің ойымызша, Думадағы қазақтар білетін мұсылман депутаттардың иә түрки партия депутаттарының яки кадет партиясының депутаттарының аттарына, Земский союздың басындағы князь Георгий

Евгеньевич Альвов атына арнап казначействоға салынуы тиіс. Мынау жаралыларға, мынау соғысқа кеткендердің қатын-баласына деп, ат берушілер өз жеріндегі әскер басы төрелерге тапсырса болады.

Араларында көрші отырған переселен мұжық жігіті соғысқа кетіп, шаруасы қараң қалды. Жерін жыртып, пішенін шауып, астығын тасып, малын бағып, оларға да қарасу жөн. Соғыс бітер. Мен қан төгіп келдім, сен қазақ не қылдың дер. Сонда мынау қылған жақсылықтарың алдыңнан шығар: «Бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем» деген. Қай көмектер де болса, астарсыз емес.

Ахмет,
Міржақып,
Қыр баласы.
«Қазақ», 1914 ж., №78.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(Опатынан соң)

Исмағұлбек мырза Гаспринскийдің опаты бүтін Россия мұсылмандарына жаман әсер етті. Бүгін жұрттың көктегі айы мен күні жоғалғаннан кейін болған жоқ. Естіген жанның бәрі қайғырды, оның рухына һәр жерде дұғалар оқылды. Дүниәнің төрт бұрышынан Бақшасарайға көңіл айту телеграмдары жауды. Мұсылмандар қаламының ұшын көз жасына малып, газета басқармаларына хат жазып, телеграм беріп, қайырлы болсын айтысты. Россияда шығатын түрікше газеталардың бәрі де бірнеше күн Гаспринскийге толы болды. Оның кім екендігі, түрік жұртына қандай іс істеп кеткендігі жазылды. Оның негізгі пікірі, еткен қызметі, қалдырған өнегесі туралы ұзын-ұзын мақалалар басылды һәм қысқаша тәржіма халі жазылды.

«Һәркім өзі шыққан төбесі биік болғанын тілейді» дегендей, мәдени жұрттар өздерінің бас адамын көркейтіп, басқа халықтарға таныту үшін һәм өздері мәңгіге шейін ұмытпас үшін дәрежесін көтереді.

Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниясының ұлұғ адамы еді. Сөйтсе де, опат күніне шейін оның түгел тәржіма халі, түрік руына еткен қызметтері жазылған кітап жоқ еді. Бұл

кемшілік, әрине, мұсылмандардың ғафілдігінен, мәдениетсіздігінен еді. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген. Енді жұрт қадірін білер, толық тәржіма халі кітап болып шығар деп үміт етеміз.

Қысқаша тәржіма халі

Исмағұл мырза Мұстафаұғлы Қырымда 1851 жылы «Гаспра» деген ауылда туған. Гаспринский деген фамилия содан қалған. Ата-анасы бұрынғы Қырым хандары нәсілінен келген ханзада балалары болған.

Исмағұл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиясына барып түскен. Надан жұрт баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай, орыс болды, енді айырылдық, елден-жұрттан безеді деп түсінеді. Орысша оқыған «овтар» шаш өсіреді, мұрт баспайды деп, надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді. Мінеки, түрік ұлтының шын баласы ғана түгіл, ноғай атасы дәрежесіне жеткен Исмағұл мырза кішкентай кезінде Мәскеуде Катков деген орыстың үйінде пәтерде тұрған, неше жыл олармен дәмдес болып жүрген. Исмағұл мырза ұлтына басшы болу пікірін сол үйде тұрып тапқан. Иван Катков «М. ведомости» атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, ылғи түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. «Атаңа кім тисе, дұшпаның сол» дегендей, һәркім өз ұлтын сүю, өз ұлтына қызмет ету керек екендігін Исмағұл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде ұққан.

1870 жылдарда Түркия қолындағы Крит аралындағы гректер Түркия һүкіметіне қарсы соғыс шығарғанда, Исмағұл мырза Түркия ғаскеріне қосылып, дұшпанына қарсы тұруға гимназияны тастап, сонда кеткен. Ол кезде жасы 19-да екен.

Терең ойлы, кең пікірлі Исмағұл мырза түбінде жұртқа басшы болғандай, үлгі бергендей кісі болу үшін гимназияда алған біліміне қанағаттанбай, ой-пікірін толықтыру, мағлұматын молықтыру үшін Еуропаға сапар шеккен. Бірнеше жыл Францияның астанасы Париж шаһарында жатып оқыған. Онан шығып Африкада, Әл жазиреде (*Алжир*), Тунисте, Мысырда, Иранда һәм Түркияда кезіп жүрген. Һәр жерде мұсылмандардың нашарлығын, надандық себепті

кемдікте қалғанын, бүкіл мұсылман дүниясы тарихтан мақрұм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 жылы Қырымға қайтып, Бақшасарай шаһарында мұғалім-ушитіл болып, балалар оқыта бастаған.

Түрік баласы.
«Қазақ», 30 сентябрь 1914 ж., №80.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(қысқаша тәржімa халі)

Исмағұл мырза Россияға қайтқан соң, мұсылмандардың өзге жұрттан кейін, мәдениеттен төмен қалғанын көріп, сол ізбен барғанда тез заманда әлек болып, дүние жүзінен жоғалатынын біліп, мұның себебін іздеген. Оның пікірінен хабарсыздық һәм табиғат канундарымен пайдалана білмеуі болып шыққан. Мұсылмандарды қорқынышты пәлекеттен, дүние жүзінен жоғалудан құтқару үшін оларды оқыту, халық арасына Европа ғылымын, пікірін, назарын кіргізу тиіс екендігіне Исмағұл мырза иман келтірген. Халықты қалайша тарақи һәм мәдениет жолына салуға керек? – деген сауалға Исмағұл мырзаның тапқан шарасы мынау үш нәрсе болған: 1. Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафиқ тәртіпке салу, сол тәртіпті Россияда жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу. 2. Россиядағы түрік қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Европа өнер-білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту. 3. Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақрұм етпес үшін «жәмғияти хайриялар», «жәрдем жәмғияттарын» аштыру.

Исмағұл мырзаның бірінші қызметі бала оқытумен басталған. Бірнеше жыл оқытқаннан кейін, өзіне оңаша мектеп ашып, Европада қабыл етілген тәртіппен сабақ оқыта бастаған. Алғашқы кезде халқы шошынып, мына мырза балаларымызды орыс қылайын деп жүр-ау деп, балаларын бермеген. Бірақ оған қарап Исмағұл мырза бастаған ізінен шегінбеген: төрт-бес пақыр адамның баласын жалдап алғандай алып, үш-төрт ай оқытқан соң, шаһардың бас адамдарын шақырып, емтихан жасаған. Емтиханда жап-жас балалар тәп-тәуір қағаз танып, жазып, иман, ыхтиқат

мәселелерін біліп қалғанын көріп, жұрт істің һақиқатына түсініп, Исмағұл мырзаның тәртібін ұнатқан. Сонан кейін һәркім баласын жаңа тәртіппен оқытуға бере бастаған. Ал енді Исмағұл мырза өзінің ойындағы мақсатын қалың мұсылманға қалай түсіндірмек, көңіліндегі мүддесін қалай естіртпек? Оларды қалай жөнге көндірмек? Алғашқы кезде мұсылмандарды жөнге үндеп кітаптар шығармақ болған. 1881 жылы 8 майда «Тұңғыш» атты кітабы басылып шыққан. Исмағұл мырзаның түрік тілінде басылып шыққан алғашқы кітабы осы «Тұңғыш» болған. «Тұңғыштан» соң тағы бірнеше кітап шығарғаннан кейін «Тәржіман» газетасын шығаруға рұқсат алған. 1883 жылы 10 апрельде «Тәржіманың» бірінші нөмірі шыққан.

(тағы да бар)

Түрік баласы.
«Қазақ», 8 октябрь 1914 ж., №81.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(қысқаша тәржіма халі)

Жапон соғысынан соң Россия һүкіметі біз Еуропа боламыз деп, Еуропа рәсімінше жұртқа бірқатар тендік, ісіне еркіндік берді. Сол ретпен олқы да болса, жаңа закон шығарды. Жаңа закон бойынша, Россияда кітап бастыруға, газет-журнал шығаруға жол ашылды. Осы күнде газета иә журнал шығарамын деген адамға һүкімет тарапынан онша қиыншылық жоқ. Бірақ мұнан отыз жыл бұрын мұндай емес еді. Ол күнде сайрағыш бұлбұлдар қамауда, қырағы сұңқарлар торда, жүйрік тұлпарлар матауда еді. Ол күнде һәркімнің қолы байлаулы, аузына құлып салулы еді. Ол күнде аяғын бір қарыс дұрыс басқан адам жазықты, бір ауыз дұрыс сөз айтқан адам жазалы еді. Ол күнде кітап жазған адам, кітабын баспас бұрын Петерборға цензураға жіберіп, қарату міндет еді.

Ғазиз ерлердің қаламынан аққан есіл сөздер цензурада айлар, жылдар жатып, қайта қайтып, қайтпаса сол бойымен жоғалып кете беруші еді. Ол күнде һүкімет адамдары Россиядағы мұсылмандарды шапшаң орыс қылудың қамын ойлап жүруші еді. «М. ведомости» секілді қара жүз га-

зеталар мұсылмандарды орыс қылудың пландарын жазып тұрушы еді.

Әне, сондай кезде Исмағұл мырза қайрат қылып, жолын, ебін тауып, «Тәржіман» газетасын шығарған. «Тәржіманға» рұқсат шыққанға шейін екі губернатор, үш министр төңірегінде Исмағұл мырза үш жыл әуре болып жүрген, 4–5 рет Петерборға барған. Исмағұл мырза бай баласы емес, өзінде де байлық жоқ, жарлы бір мұғалім еді, сол қалімен газетаға рұқсат алу үстіне, оған баспахана ашу, харіп сатып алу да оңай болмаған шығар.

Ол кезде бұл күндегідей тұс-тұсынан сөз, хабар жазып тұратын тілшілер, жазушылар жоқ, Исмағұл мырза «Тәржіманды» өзі жазған, баспаханада харіпті өзі терген, машинада өзі басқан, газетаны өзі бүктеген, шаһардағы алушыларға өзі үлестірген. Сөйтіп, бейнеттеніп жүріп «Тәржіманның» бір жағын орысша, бір жағын түрікше толтырып, жеті сайын шығарып, таратып тұрған.

«Тәржіман» газетасы шыға салысымен жұрт бәрәкалла деп, көмегін беріп, газетаны алып, Исмағұл мырзаны мәз қылды дейсіз бе? Жоқ... Исмағұл мырза «Тәржіманды» шығарып, онда тәртіпті оқуды жұртқа көрсете бастаған соң, алдымен молдалар қарсы түсіп, өзі алмағанымен қоймай, газета оқу һәрам, тәртіппен оқу һәрам деп, жұртты азғырған, онымен қоймай неше түрлі шанышпа тілмен мырзаны сөккен.

Жігерлі Исмағұл мырза оның бәріне де шыдаған, күліп қараған. Исмағұл мырза өзінің керуен жұлдызы екенін білген, жуырда таң атып, күн шығуына көзі жеткен. Сондықтан өзіне қарсы тұрушыларға үндемей жүре берген. Қай жерде «Тәржіманды» сүймеген, ұнатпаған адам болса, оған жібере берген. «Тәржіман» он жыл шыққан соң да алушысы бір мың-ақ болған екен. Әрине, табысы шығынға жетпеген. От басында күл сабап отырып, жұрт газета шығарған кісі ақша жию үшін шығарады-ау дейді. Кітап бастырудың, газет-журнал шығарудың талай бейнеті барын қайдан білсін.

Исмағұл мырза ғирт етіп, отыз үш жыл «Тәржіман» басынан жылжымай, жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмъияти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиәт туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгергісін болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлұғ ұстазы, ардақты атасы болып дүниәдан қайтты.

Түрік баласы.
«Қазақ», 16 октябрь 1914 ж., №82.

«МАНАП» ДРАМАСЫ

«Айқап» журналы биылғы 14-нөмірінде «Өтініш» деп жазылған бас мақаласында: «... баспасөз жұрттың тілін сақтауға һәм түзелуіне қызмет етеді. ...Мұнан былай мүмкін-қадар журналымызға әдеби мақалалар кіргізу талабымыз да бар... Қазір орысша жазылған «Манап» драмасының тәржімесін баса бастаймыз» деген еді. Сол 14-нөмірде «Манаптың» басы басылып та шықты.

Мұны оқып көргеннен кейін біз: «Айқап» көптен бір белгілі ізге түсе алмай жүр еді. Жолын жаңа тапты, енді дағдылы бір программаға сүйеніп, шын мағынасында журнал болып, әдебиет, ғылым һәм тіршілік жайын қолға алғысы келген ғой деп сүйсініп едік. Бірақ бұл жолдағы бірінші адымын «Манаптан» бастауы қолайлы көрінбеп еді.

«Айқаптың» сол 14-нөмірінен бері «Манап» әлі басылып келеді, біткен жоқ. Оқушылардың қаншасы ұнатқанын білмейміз. Бірақ «Айқаптың» өзіне қатты ұнаған сияқты. Өйткені соңғы шыққан 18-нөмірінде «Манапты» кітап қылып бастыру талабы да барлығын айтып, оқушылардан мәслихат сұраған.

«Айқапта» «Манап» әлі түгел басылып болмаса да, оның орысшасы[1] менің қолымда бар. Соның үшін басынан аяғына дейін таныспын.

«Манап» драмасын тәржіме қылушы мырза һәм оны басушы «Айқап» журналы, жақсы-жаманына қарамай, тек қазақ жайынан жазылған нәрсе болғанға атына қызықты ма, болмаса шынымен қазақ әдебиетіне өрнек боларлық, нағыз қазақ тұрмысынан алынған ғибратты уақиға деп түсінді ме, бізге әуелі осы арасын айырарға керек. Әуелгі ойымен басылған болса, текке уақытын бөліп тәржіме қылуда һәм оны басып журналды нөмір сайын пайдасыз нәрсемен толтыруда мағына жоқ болса керек. Егер екінші оймен басылған болса, тәржіме қылушы да, «Айқап» басқармасы да адасқан деп білемін.

---

[1] Өткен февральда шыққан «Сиб. ведомоста» фельетон басылған еді *(Ескерту мақала авторынікі – Ред.).*

Журналдың мақсаты қазақ әдебиетін байыту, гүлдендіру болса, сонымен қазақ тілін түзетіп сақтау болса, «Манап» драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосылармлық емес, екінші, тәржімесіне қарағанда, тілі де айқын қазақша емес. Тілінде кемшілік болу үстіне, тәржімесінің де көп жері қате.

«Манап» басынан аяғына шейін жеке сөздері болсын, айырым бөлімдері болсын һәм түгел мағынасы болсын, қазақ тұрмысына һәм ғұрып-әдетіне мыңнан бір нұсқасы жанаспайды. Шығарушы (*Алматы уездной начальнигі Лиханов*) қазақ жайынан хабарсыз адам болып, тек не түрлі жамандық, надандық, зорлық-зомбылықтың бәрі қазақта деп түсінуімен ғана «Манапты» жазғанға ұқсайды. Бір жұрттың жайынан мұндай нәрсе жазу үшін жазушы әуелі сол жұрттың өз баласы иә өзіндей болып сіңіскен, ол жұрттың жайын білуінде зәредей кемшілігі жоқ болуы шарт. Екінші – көргенін, білгенін һәм сезгенін оқушының дәл көз алдында елестегендей суреттеп жаза білерлік туа шебер, жүйрік (*таланттьі*) болуы шарт. Осы айтылған қасиет бір кісінің бойында түгел болмаса, ол кісі әдебиет майданына қалам ұстап шығып, жазушы бола алмайды. Ел ішінде не болып тұрғанды жұрттың бәрі көреді. Бірақ сол көргенін екінің бірі келістіріп, тұрмыс сәулесін бұлжытпай, қағаз бетіне түсіре алмайды. «Манапты» шығарушы Лихановта жазушылық қуысы қанша екендігін қоя тұрайық, бірақ қазақ жайынан еш нәрсе білмейтіндігін жаңылмай айтуға болады. Мұны байқаған кісіге «Манап» драмасы көрсетіп тұр.

«Манап» драмасының қысқаша мағынасы мынау:

Ұзақ атты қартайған манап ауырып жатып, арыздасып қоштасуға ағайын-туғандарын шақырады. Туысқандары, дос-жарлары жиылады.

Манап: «Тіршілікте қылған күнә-сұмдығым көп еді, солардан арылмасам тозаққа кетемін»,– дейді.

Жиылған кісілер: «Біз сенің күнәңды көтеріп аламыз», – дейді.

Ұзақ дүниеде қылған күнә-сұмдықтарын санайды. Ең әуелі кішкене күнінде қасқырға қой жегізгені үшін қойшыны бауыздап өлтіріпті. Бозбала күнінде зорлығына көнбеген бір қызды өлтіріпті. Опасыздық қылғаны үшін өзінің екі қатынын өлтіріпті. Жазықсыз жас балалардың қанын төгіпті. Бұлардан басқа да есепсіз көп залымшылық қылыпты... Міне, енді осы күнәларына өкініп, өлім жақындаған соң құдай алдында күнәсын көтеріп алушыға

100 жылқы бермекші болады. Сол арада жиылған кісілер Манаппен саудаға кіріседі.

Біреуі айтады: «Сіздің күнәңіз өте көп. Сөйтсе де, сізді аяғандығымнан бар күнәңізді 90 жылқыға аламын».

Екіншісі айтады: «Ахмет, саған не болды, 90 жылқы сұрарлық тақсырдың сонша күнәсі бар ма еді. Мен 20 жылқыға да аламын».

Үшіншісі: «Сендер сорлы шалды шабасыңдар ма, бұларың қымбат, мен 5 жылқыға да аламын», – дейді.

Төртіншісі: «Құдық суымен ант етіп», Манаптың бар күнәсін бір жорғаға көтеріп алуға келіседі.

Сөйтіп отырғанда қызы Гүлбаһрам жүгіріп келіп: «Әке! Әке! Сауданың сәті түсті, бар күнәң бойыңнан серпілді», – деп сүйінші сұрайды. Манап маужырап ұйқыға кетеді. Үйдегілер қой сойып, бозбалалар домбыра тартып, өлең айтады.

Манап жазылады. Гүлбаһрамды Әлімбек деген шалға еріксіз бермекші болады. Әлімбек Гүлбаһрамды бұрын немересіне (*баласының баласына*) айттырған екен. Немересі өлген соң өзіне атастырып алмақшы болады екен.

Гүлбаһрам Әлімбекке баруға риза болмай, бір жігітпен қашып кетеді. Манап үйезге келіп, «Атамқұл деген жігіт қызымды тартып әкетті, жүз мың сомдық мүлкімді талап алды» деп арыз айтып тұрған үстіне, қыз бен жігіт үйезге келіп мәлім болады. Сол арада Манап қызын сүйген күйеуіне қолынан тойлап, ұзатуға уағда қылып алып қайтады.

Үйіне барған соң Манап Гүлбаһрамды баяғы шалға бермекші болады, қыз көнбейді. Сол арада Манап Гүлбаһрамды пышақпен жарып өлтіреді. Қызымен бірге өлемін деп шешесі өзін пышақпен жарып өлтіреді.

Міне, қазақша драма.

Бұл драмада қазақ тұрмысына ұйқасарлық орын бар ма?

Ұзақ өлімнен қорқып күнә-сұмдығын санағанда, өлтірмеген кісі қалмапты. Бұл қай заманның адамы? Әлде қырғыздың манаптары, қазақтың болыстары зорлықшыл болады дегендегі дәлелі ме?

Манап бар күнәсын 100 жылқыға сатпақшы болады. Жиылған жұрт теріге таласқандай саудаласады. Қай қазақ өлерінде күнәсын сатады, оны кім саудаласып алады?

Манаптың күнәсын саудаласып, бір жорғаға түсірген біреу «Құдық суымен» ант еткен. Бұл ғадет қай қазақта бар? «Манапты» шығарушы Лиханов мұны былай баяндайды: «Қазақ халқы көзіне не көрінсе, соныменант айтады», – деп.

Өлейін деп жатқан манаптың көңілін сұрай келіп отырғандар ненің қуанышына домбыра тартып, өлең айтысты. Қазақ ғадетінде хал үстінде жатқан аурудың көңілін сұраушылар өлең айтып, домбыра тартушы ма еді?

«Манаптың» тағы бір жерінде «қыз, бозбала биледі (*танцевать етті*)» дейді. Қазақта билеу бар ма?

Бір орында Ұзақ қызынан сүйінші сұрайды: «Сүйіншім бар, қызым, әзірлен, қазір күйеу келеді», – деп. Қазақ заңында қыздан мұндай орында сүйіншіні жеңгесі сұрамаса, әкесі сұрамаушы еді.

Әлімбек Гүлбаһрамды бұрын немересіне айттырып, ол өлген соң өзі алмақшы болыпты. Қазақта баласының иә немересінің қатынын иә қалыңдығын алу бар ма еді? Бұл да қазақ жайын білгендік пе?

Манап тіл алмағаны үшін, қызын жарып өлтірген. Қызымнан қалмаймын деп шешесі пышаққа түсіп өлген. Мұндай іс қазақ арасында ұшырай ма?

Міне, осы секілді ерсі, хұты жиреніш орындары көп, оның бәрі бастан-аяқ сынға алынса, газета жүзіне сыярлық емес.

Көрсеқызарлықпен мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылып халыққа таратудың лайығы болмаса керек. Мұны халыққа үлгі қылып көрсетудің орнына, қазақта болмайтын ұятты, ерсі істерді бізге жапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар емес пе?

Енді «Манаптың» тәржімесі хақында бір-екі сөз айту қажет.

«Манаптың» тәржімесі дұрыс һәм жатық болса, бар айып шығарушының мойнында ғана қалар еді, бірақ Ұзақтың күнәсын көтеріп алушылар секілді, тәржіме қылушы мырза Лихановтың біраз «күнәсына» ортақ болыпты.

Тәржіме көп орында қата етілген. Орысша сөздер қазақшаға тура тәржіме етілгенде түсініксіз келетіндіктен бұрды дейін десек, орысшасын өзгертпей тәржіме қыламын деп күлкіге айналдырған жері көп, мысалы, Гүлбаһрам әкесіне айтады: «Әке, әзірге өлімді есіңе алма, ойнап-күліп тұрайық та». Бұл әкесіне қызы айтарлық сөзі емес. «Ойнап-күліп тұрайық та» деп айту қандай екі кісінің арасында айтылатыны белгілі.

Тағы да Гүлбаһрам әкесіне: «Ә... менен тояйын деген екенсің», – дейді. Бұл не деген сөз? Қазақ мұны қалай түсінеді? Егер бұл ноғайша болса, онда да қыз әкесіне мұндай сөз айтпаса керек.

Гүлбаһрамның: «Әй, неге тағдыр менен күледі» деген де сөзі бар. Қазақ «менен күледі» демейді.

Үйездный начальник, арыз айта келген кісіге: «рұқсат, кірсін» деп қызметкерін жұмсайды. Бұл орын былай тәржіме етілген: «жақсы, тезірек оны өтін» демейді.

Адвокат начальникке орысша «Вы очень педантичны» деген сөзді «сіз тым педанат екенсіз» деп тәржіме қылған. «Педант» деген сөз өз түрінен бұзылып, өзге сөзге ұйқаспай тірі жанға түсініксіз болып қалған.

Егер бұл сөздердің бәрі мұнша жосықсыз тәржіме қылыну себебі орысшасын өзгертпеу үшін шығар деп ойлауға, мынадай мағынасы алыс қата тәржіме етілген жерлері көп ұшырайды. Мысалы: «Заботы о твоем добре всегда, отец, живут во мне» деген жолдар былай тәржіме қылынған: «жарайды, әке, бәрін де істермін».

Осылай орыс, қазақтан бірдей соққы жеген сорлы «Манап» драмасын «Айқап» журналы жазуы – басуымен қоймай, енді бүгін бөлек кітап қылып шығармақшы.

Біздің мәслихатымыз, аты қазақша екен деп мұндай мағынасыз нәрсені қазаққа өрнек үшін таратпау керек. Бұрынғыдай емес, құдайға шүкір, енді біздің аз да болса матбұғатымыз бар, соның жүзінде һәрбір жарыққа жаңа шыққан сөздерді сынға алып, тәуіріне жол ашу керек. «Айқап» журналының әдебиет жолында қызмет етуіне һәм қазақ тілін таза сақтау талабына біз де тілектеспіз.

«Манапты» шығарушыны да, тәржіме қылушыны да сөкпейміз, бірақ әдебиет өрнегі болғандай бір журнал «Манаптағы» орасан ерсілікті көрмеуіне таңырқаймыз.

М. Д.

«Қазақ», 1914 ж., № 82.

ШАРУА КЕҢЕСІ

Өткен «барыс» қысы аязсыз, қары жұқа, шаруаға тымақ қолайлы болып өтті. Енді март туа қар жауып, жыл аяғы келер қысқа қайырлы болар деген үміт кесіліп, март туысымен жұқа қар шыжымдап ери бастап, 15-не дейін еріп болды. Қырдан ойға аққан су болмады. Торғай үйезіндегі қыраңдағы қар суыменен шабын болатын бидайықтар һәм жазғытұры шығып отыратын мерзімді ойпат жерлер сусыз қалды. Сусыздықтан шаруалар жазғытұры отыратын жерлеріне бара алмай, су сағалап, шөбін мал тақырлап, өзен һәм қопалар маңайында отыр. Бірсыпырасы осы бастан

былтырғы тақырлап жайлап кеткен жайлауларына асып жатыр. Торғай үйезіндегі ой шабындықты суаратын белгілі өзендер: Торғай, Жыланшық, Мұқыры, Сары һәм Текесай табанындағы ғана қар суыменен аздап табанымен тасыған болды. Теке, Мұқыры, Сары һәм Жыланшық сулары құйылыстарында болатын шабындықтарды аздап қана басқан болды.

Торғай бойында, Батпаққара тұсында қыстайтын Қараторғай болысы бірінші ауылының қадірменді адамы Баймұхамед Бектібайұлы қар ери бастасымен, су тасымасын біліп, ескі бұзылған шым үйлердің шымымен һәм боқтықпенен өзінің қыстауы қасынан Торғай өзенін аз тасқын келер алдында буып қойған екен. Өзен табаныменен жайылмай бірте-бірте ағып кететін су әлгі буған жерге кідіре-кідіре Батпаққара, Шатпақ һәм Сартал шабындық жерлерге су асып, енді онан әрі жайыла бастаған кезде, нашар бөгет бұзылып кеткен. Жиналып һәм жайылып тұрған су біржола аға жөнелгенде, Торғай бойындағы төменгі екі-үш жерлердегі ойпат шабындықтарды су басқан. Сөйтіп, бұл бөгет өз маңайына һәм бірсыпыра төменгі елге зор пайдасы болған. Қамқор Баймұхамедке рахмет! Бұл секілді қамқор 5–6 кісі табылып, өзен табаныменен ағып бара жатқан суды өзен аққан Торғай бойының әр жерінен буғанда, ең болмағанда, шабындықтың төрттің біріне су түсіріп алуға мүмкін еді. Бұлай болғанда халық бір қысқа уайымсыз болар еді.

Биылғы су басқан шабындықты есептесек, айналасы 500 мың шөмеленің орны болады. Су ерте түскендіктен шабын қырма болып, 300 мың шөмеле шабылса керек. Бұл алты жүз үйдің малын асырауға жарайды. Торғай үйезінде 16 мыңдай үй бар. 15 мыңынан артығында шабын жоқ. Өткен қыс жақсы болса да, үйренген әдетінше қыстауға ерте қонып тақырлап жеп қойғандықтан, шаруалар малын жерден жеткізе алмай, ерте бастан шөпке қойып шығып еді. Қалған ескі шөпті айнала есептегенде, екі ай қысқа жарарлық қана болса керек. Кемінен төрт ай қыс болады. Екі айдың шөбі жоқ. Кез келген шаруалардан: «келер қысқа не қам қылмақшысыңдар» деп сұрасаңыз, айтатыны: «пәлен жерге, түген жерлерге су түсті дейді ғой. Сол жерлерден тілес қоныс қылармыз, құда болармыз. Болмаса сатып алармыз. Көппен көрген ұлы той ғой» деп күлімдейді. Шабындығын су басқан елдердің құда-тамыры, ілік-шатыс, май туысымен аңдайды. Бұлармен қатар мал беріп, құда болушылар да

һәм сатып алушылар да шұбырады. Белгілі қазақтың кең пейілділігі, құда-тамырына берем деп, малға қызығып құда түсіріп, шөп берем деп, шөбі шыққан да һәм шөбі шықпаған да, бірін-бірі ала кетіп қоса жұтайды.

Осы күннен-ақ басқа етем деген қамы жоқ. Су түскен жерлерге телміріп отыр. Оның жеткілікті иә жеткіліксіз екендігін шамаламайды. Келер қыстың қамына Торғай елі мынаны істеуі керек.

1) Қыс декабрь басынан басталады. Соған дейін қара малды жерден жегізу үшін, шөлейт шөпті жерлерден осы апрель ішінде күздік үй, қора-қопсы салу керек.

2) Пәлен жердегі, түген жердегі су басқан шабындықтан дәме қылып, телміру дұрыс емес, құр алданған болады. Оған сенбей, май туысымен ескі қауды шауып, жинап беру керек һәм бұған қоса көкбек шабу керек. Қау мен көкбек ащылытұщылы болып, көк шөптен кем болмайды. Қауды күз шабармыз деп қапы қалмасқа керек. Қау күзге дейін сынып құриды.

3) Су түскен жерлердің халқы приговор жасап, шөпті өзінен басқаға бергізбеске һәм сатқызбасқа керек. Бұлай болғанда, жұрт бірін-бірі ала кетпей, алашарпы жұтайды. Бұ да халыққа пайда.

4) Жылдағыдай жаз қыдырып, қымыз ішуге салынып кетпей, малдың оңалатын жеріне алыссынбай һәм ауырсынбай, жайлау керек. Құдықшылықтан қашпасқа керек. Жаз оңалған мал етіменен қысқа түссе, қыс көтереді. Арық мал шөпті жеп-ақ тұрып өліп қалады. Жаз оңалмаған малды қысқа салмай, жілігі барында күз сойып аларға керек. Және де жинаған шөп-шаламыңнан артық малыңды не сатып, не сойып аларға керек. Қимасаң бар малыңнан айырыласың. Соғымды бұрынғыдан көп сойып, астық, тұз, отынды күн бұрын, жер қарада жинастырып аларға керек. Қарғыс жаманы: «Білме, білген тілін алма» деген. Тегіс біле беру мүмкін емес. Енді Торғай елі, білген шамамызша, қарызымызды түсірдік. Алдында «қоянын» тұр. Ол белгісін білгізіп тұр. Жұтама, қамыңды қыл!

Торғайұлы.
«Қазақ», 1915 ж., №19.

ТІЛ ҚҰРАЛ

Қазақ тілінің сарфі

(Шығарушы Ахмет Байтұрсынов)

Жаңада ғана Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ тілінің сарфі «Тіл құралы» басылып шықты.

«Тіл құрал» туралы жазудан бұрын әуелі қазақ тілі жайынан біраз сөз айтып өтуді тиіс көреміз. Қазақ тілі жайынан газетамызда бұрын да сан жазылып еді. Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да түу басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық. Бұл күнде shahap сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды, бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке-Медине, Стамбулда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Өзімізде жергілікті оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларын оқытып жүрген ноғай молдалар аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына «hу аллаh әл бәри, әлхат саф әл ғаландарды...» тізіп қоймай ма? Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арабша аралас тілмен жазылған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де, күн бұрын сақталуына қам қылмасақ, бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

Олай болса сұралық, қазақ тілінің таза сақталуына бізде қам қылған кісі бар ма? Болса, ол кім?

Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап

«Тәржіман» газетасын, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып оқитын болдым. Лұғаттан қарап, кісіден сұрап, ноғай тілі, ноғай әдебиетімен таныстым, бұлар маған сіңді. Бала күнімде оқи-оқи, қызығы басылған ескі қиссалардан басқа қазақта дәмді, мағыналы кітап болмаған соң, орысшаны былай қойғанда, мен әлгі үйренген ноғай әдебиетінен әдет ала бастадым: ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырайтын араб, парсыны шын әдеби тіл осы екен деп ұғардым.1908 жылы «О. Қ.-ты» жазып жүргенімде әлгі «әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда «Абай кітабы» һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен-өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым да.

Екі жыл мұнан бұрын «Қазақ» газетасы шыға бастады. Шын қазақша жазылып, тіл мәселесін қолына ала туған осы «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас. Бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз. Төрт жылдан бері шығып тұрған «Айқап», шығып тұрақтаған «Қазақстан» бұл жағын жете ескерген жоқ. Кім қалай жазып жіберсе, сол күйінде баса бергенге ұқсайды. Мұны да бекер деушілер көп болмас.

Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап, түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншаллаһ. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор.

Һәр істің бағыты оң болса ғана ерушісін адастырмайды. Өзі қайда бара жатқанын білмеген адамның етегінен ұстаушылар қайдан жол табады. Жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деу, біреуді асырып мақтаған иә кемсітіп жамандаған болмайды. Олай болса, қазақ тілінің һәм жазуының таза сақталып, бір белгілі жолға түсуіне бірінші қам қылып, қызмет сіңірген, бұл жолда басшылық еткен кім деген сұрауға менің жауабым осы жазғандарымнан

көрінсе керек. Енді түзу жолға бір түскен соң оқығандарымыздың әрқайсысы таза қазақша сөйлеуге, қазақша жазуға тырыса бастады. Мұның белгісі қазір көп.

Тіл мәселесін бірінші дәрежеге қойған «Қазақ» газетасын өзіміз түгіл, ноғай бауырларымыздың газеталары да байқай бастады. Мысалы, жаңа арада «Тәржіман» газетасы (*нөмір 260*) «Қайда бара жатырмыз?» деген бір мақаласында: «Қазіргі Россияда шығып тұрған ұлт газеталарымыз, журналдарымыздың бірлі-жарымын қоспағанда, көбінің қолданып тұрған тілдері татарша ма, түрікше ме, орысша ма, татар эсперантосы ма, не екенін білу қиын. Татар-түрік тілінің қағидасына бойсұнбауының үстіне, түрікше, татарша айтуға болатын сөздердің өзін орысшамен айдап кетеді. Бұл қайғырарлық хал...» деп ноғай газеталарының һәркайсысынан мысал келтіреді.

Бұл туралы «Құяш» газетасы (*590 нөмір*) бір мақала жазып, «Тәржіманның» бұл мақаласы біздің бір жаман жарамыздың аузын ашты, тіл туралы кешірілмес зор айыбымызды көрсетті» деп өз тұсынан мынаны жазады. «Егер орысқа қараған түрік рулары тілдерін орысшамен толтырса, Болгария, Сербиядағыларымыз – болгар-серб тілдерімен, Қытайдағыларымыз – қытайшамен, Германия, Англия, Франциядағыларымыз неміс, ағылшын, француз тілдерімен қатысып, бітсе, түбінде бұл түрік тілінен не шықпақшы!.. «Борышын жасырған төлер, ауруын жасырған өлер» деген мақалды келтіріп, бұл туралы өзінің пікірін айта келіп, «Құяш»: «Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр, тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жиһад қылып тұрған «Тәржіман» мен «Қазақ» газетасы» – дейді.

Енді «Тіл құралына» қайталық. Орысша грамматиканы, арабша наһв сарфті жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер: үстін қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

«Тіл құралдың» артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен тізіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша нәһв сарфті жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз – мұнда сарфте кездесетін әр нәрсе қазақша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгерілмей, өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін еш нәрсе алынбаған.

Мұнда қолданылған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуі мүмкін көрінер: әрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе, жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен ұқтырамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын деген, бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» (*нәһв сарф*) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұл да көңілдегідей болып шықты.

«Тіл құралды» қолданып іске асыратын көбінесе мұғалімдер. Олардың көбі мұны өздері шала түсінсе, иә балаларды үйретуге шорқақтық қылуы ғажап емес, бірақ бұған шығарушы айыпты емес: оқыту жолында қазақтан жөн-жосық көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен. Бұл – екінші мәселе.

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 93.

ТОМСКІДЕГІ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ

Томскіде екі қазақ студент бар.

1) Университеттің медицинский факультетінде Семей облысы, Павлодар үйезінің қазағы – Асылбек Сыдық, өз күшімен оқиды. Асылбек Омск гимназиясында 8 жыл оқығанда, стипендиямен оқыған еді, университетке түскен соң стипендия бермеді. Ақмола, Семей һәм Торғай губернаторларына арыз беріп стипендия сұраса да, бәрінен де ала алмады.

2) Технологический институтта Әлімхан Ермеков оқиды, бұ да өз күшімен. Семей губернаторынан стипендия сұрап, ала алмай жүр. Ермеков – Семей облысы, Қарқаралы үйезінің қазағы.

М. Д.
«Қазақ», 15 январь, 1915 ж., №96.

КІМГЕ ӨКПЕЛЕЙМІЗ?

Бір газета, бір журналымыз бар. Осы екеуінің ғұмырлы, пайдалы болуына көзі ашық алаш азаматы тілектес. Газета-журнал шығару жұрттың бәрінің қолынан келмесе де, шығарушылардың қызметтеріне баға беріп, сынаушылар көп болар. Біздің жұртта баспасөздің қадірін білуші болса, санымызға қарағанда бір газета, бір журнал көптік қылмайды, тек әр- қайсысы өз бағытымен жүріп, жұртқа пайдалы мағлұмат беріп тұруы шарт. Қазақ халқы бұлғалақтап жүріп, аяғын енді-енді нық басуға айналғандай болды, мұнан былай газетасыз тұрмайтынымызға көзіміз жетеді. Он жыл мұнан бұрын ноғайда газета біреу-ақ еді, енді бұл күнде (*шығып тоқтағаны һәм шығып тұрғаны бар*) бәрі 30–40-тан асты. Енді 10 жылдан кейін біздің де газета-журналымыз 30–40 болар демесек те, тарих жолы орасан аттамалы емес, онға бұрылып ілгері ұмтылсақ, өзімізбен қаралас жұрттардан көз жазып қалмасақ керек деп үміт етеміз. Адам баласы үмітпен жасайды. Кімде-кім істеген ісін аңғарып, түскен бағытына, иеленген пікіріне иман келтірумен жасағанда ғана, көздеген мақсатына жетуге болады. Кешегісін ұмытқан, бүгінгісін сезбеген, ертеңгісін қайғырмаған адам кімге басшылық қылады. Өзі қайда барады, тұрлаусыз қаңбақтай, көшерін жел, қонарын сай біліп, ғұмырын өткізеді. Бұл хал адамның иә бүтін бір елдің мінезінде, пікірінде һәм істеген ісінде болатын зат. Егер есіміз осы секілді болса, жолымыз болмағанын түзде жүрсек атымыздан, үйге келсек қатынымыздан көруде не мағына бар.

Міне, менің алдымда «Айқап» журналының 31 декабрьде шыққан 24-нөмірі жатыр. Үстіндегі таңбасы 31 декабрьде шыққандығын көрсетсе де, біз тұрған қалаға 15 күн өткеннен кейін келіп жетті. Шыққан күндерін есептегенде, «Айқаптың» келісі қашан да болса осылай, хаты мұнан шабанырақ болушы еді. Поштасы жоқ, жолсыз жерлерде газета-журнал болса да кешеулеп баруы белгілі, ал біздің қаламыз бен Троицкінің арасы отарбамен жалғасулы, күн сайын пошта жүреді. 3–4 күндік жол болады. Сондықтан бір бұл емес, әр уақыт ойға келуші еді. Мұның себебі не: журнал осынша мезгілінен кеш шыға ма иә шықса да поштаға салынбай басқармада кідіріп жата ма деп. Өз себебі болса, білмейміз. Бұған қарағанда, 3–4 күндік отарба жолымен «Айқап» 15 – 20 күн жолаушыласа, отарбасыз, поштасы

Мұнда қолданылған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуі мүмкін көрінер: әрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе, жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен ұқтырамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын деген, бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» (*нәһв сарф*) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұл да көңілдегідей болып шықты.

«Тіл құралды» қолданып іске асыратын көбінесе мұғалімдер. Олардың көбі мұны өздері шала түсінсе, иә балаларды үйретуге шорқақтық қылуы ғажап емес, бірақ бұған шығарушы айыпты емес: оқыту жолында қазақтан жөн-жосық көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен. Бұл – екінші мәселе.

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 93.

ТОМСКІДЕГІ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ

Томскіде екі қазақ студент бар.

1) Университеттің медицинский факультетінде Семей облысы, Павлодар үйезінің қазағы – Асылбек Сыдық, өз күшімен оқиды. Асылбек Омск гимназиясында 8 жыл оқығанда, стипендиямен оқыған еді, университетке түскен соң стипендия бермеді. Ақмола, Семей һәм Торғай губернаторларына арыз беріп стипендия сұраса да, бәрінен де ала алмады.

2) Технологический институтта Әлімхан Ермеков оқиды, бұ да өз күшімен. Семей губернаторынан стипендия сұрап, ала алмай жүр. Ермеков – Семей облысы, Қарқаралы үйезінің қазағы.

М. Д.
«Қазақ», 15 январь, 1915 ж., №96.

КІМГЕ ӨКПЕЛЕЙМІЗ?

Бір газета, бір журналымыз бар. Осы екеуінің ғұмырлы, пайдалы болуына көзі ашық алаш азаматы тілектес. Газета-журнал шығару жұрттың бәрінің қолынан келмесе де, шығарушылардың қызметтеріне баға беріп, сынаушылар көп болар. Біздің жұртта баспасөздің қадірін білуші болса, санымызға қарағанда бір газета, бір журнал көптік қылмайды, тек әр- қайсысы өз бағытымен жүріп, жұртқа пайдалы мағлұмат беріп тұруы шарт. Қазақ халқы бұлғалақтап жүріп, аяғын енді-енді нық басуға айналғандай болды, мұнан былай газетасыз тұрмайтынымызға көзіміз жетеді. Он жыл мұнан бұрын ноғайда газета біреу-ақ еді, енді бұл күнде (*шығып тоқтағаны һәм шығып тұрғаны бар*) бәрі 30–40-тан асты. Енді 10 жылдан кейін біздің де газета-журналымыз 30–40 болар демесек те, тарих жолы орасан аттамалы емес, оңға бұрылып ілгері ұмтылсақ, өзімізбен қаралас жұрттардан көз жазып қалмасақ керек деп үміт етеміз. Адам баласы үмітпен жасайды. Кімде-кім істеген ісін аңғарып, түскен бағытына, иеленген пікіріне иман келтірумен жасағанда ғана, көздеген мақсатына жетуге болады. Кешегісін ұмытқан, бүгінгісін сезбеген, ертеңгісін қайғырмаған адам кімге басшылық қылады. Өзі қайда барады, тұрлаусыз қаңбақтай, көшерін жел, қонарын сай біліп, ғұмырын өткізеді. Бұл хал адамның иә бүтін бір елдің мінезінде, пікірінде һәм істеген ісінде болатын зат. Егер есіміз осы секілді болса, жолымыз болмағанын түзде жүрсек атымыздан, үйге келсек қатынымыздан көруде не мағына бар.

Міне, менің алдымда «Айқап» журналының 31 декабрьде шыққан 24-нөмірі жатыр. Үстіндегі таңбасы 31 декабрьде шыққандығын көрсетсе де, біз тұрған қалаға 15 күн өткеннен кейін келіп жетті. Шыққан күндерін есептегенде, «Айқаптың» келісі қашан да болса осылай, хаты мұнан шабанырақ болушы еді. Поштасы жоқ, жолсыз жерлерде газета-журнал болса да кешеулеп баруы белгілі, ал біздің қаламыз бен Троицкінің арасы отарбамен жалғасулы, күн сайын пошта жүреді. 3–4 күндік жол болады. Сондықтан бір бұл емес, әр уақыт ойға келуші еді. Мұның себебі не: журнал осынша мезгілінен кеш шыға ма иә шықса да поштаға салынбай басқармада кідіріп жата ма деп. Өз себебі болса, білмейміз. Бұған қарағанда, 3–4 күндік отарба жолымен «Айқап» 15 – 20 күн жолаушыласа, отарбасыз, поштасы

сирек жолдарда қайтіп жүретіні белгілі. Бұл туралы осы айтқан 24 нөмірдегі бас мақаласы бізге бірер сөз айтқызғалы тұр.

«Айқап» басқармасы жазады: «...жылдың басында журналымыз туралы халық арасында әр түрлі сөздер таралып, журнал тоқталады екен деген лақап шашылып кетті, соның үшін журналымызға 1914 жыл үшін жазылушылар бұрынғысынан кемірек болды. Ол шашылған лақаптардың оқушыларымыздың хұптанғанының барлығы да бекерге шыққандығын алдарыңызға барып отырған осы 24 нөмірі көрсетіп тұр. Дұрыс, баста басқармамыз жазылушылар көбейсе, журналды жұмасына бір шығармақ та болып еді, матбуғат та алмақ еді, бұлардың біреуі де орнына келмеді... «Әр нәрсенің ақыры ақшаға барып тіреледі» деген араб мақалы, журналдың зораймағы да ақшаға тіреледі. Оқушыларымыз ілтипатынан тастамаса, біздер көп үшін қызмет етуден тартынбайтынымызға оқушыларымыз енді түсінсе керек еді... Бұл сөздерді жазғандағы себеп: Басқармамызға бірлі-жарымды келген хаттарда «Айқап» тоқталып қалыпты деп, бұрынғы жазылып жүргендердің жазылмай қалғандары барлығы көрінді...»

Біз ойлаймыз, «Айқап» тоқталады деген өсек қайдан тарады екен? Журнал басқармасы халыққа ондай хабарды өзі таратқан емес иә болмаса басқа газеталардың бірінде қатеден ондай хабар жазылғаны да жоқ секілді еді. Осыны ойлап һәм жоғарыда айтқанымызша, «Айқаптың» шабан шығуы есімізде тұрып жүрміз: мұндай өсекке себепкер болып жүрген «Айқаптың» мезгілінен кеш шығатын мінезінен басқа еш нәрсе емес қой деп. Екінші, «Айқап» басқармасы, журналдың көңілдегідей жиі һәм жақсы шығуы үшін, жұрттың «ілтипатын» қалайды. Оқушының көп болуы, соның арқасында журнал байып, пайдалы болуы жалғыз халықтың ілтипатынан ғана болатындай мағынада айтады. Ешкімнің «ілтипат» деген жиюлы қазынасы жоқ, «мен журналымды берейін, сен ілтипатыңды бер» деген сауда жүрмейтін нәрсе. Журнал жақсы болса, мағыналы-пайдалы болса, һәм мойынға алған кісі мезгілінде шығаратын болса, жұрттың ілтипатын сонда еріксіз өзі тудырады ғой. Дүниеде сансыз кітап, газет-журнал болады, солардың қайсысының болса да иеленген оқушысы бар, әркім сүйгенін, қалағанын алады, шығарушының ілтипат өтінген көңіліне қарап оқушы көбеймек емес. Әр іске ақша керек болса, оны іске жаратушы – білім.

Журнал қанша ақшалы болғанменен, оқушының қолына ақша болып бармайды, журнал болып барады. Ол алған журналы мен оқушының «ілтипаты» келісе алса – жарайды, келіспесе былтыр алғандар – биыл, биыл алғандар – келер жыл, бәрібір безеді. Соның үшін «Айқап» басқармасына біздің айтатынымыз, әуелі егін егіп, сонан кейін құдайдан жаңбыр тілеу керек. Әуелі журналды уәделі мезгілінен кешіктірмей шығаратын болып, сонан кейін оқушыға өкпелеу керек. Әуелі журналдың мағынасын байытып, пайдалы-керекті сөздер жазып, сонан кейін жұрттың ілтипатынан үміт ету керек. Сөйткенде ілтипат та табылады, оқушы да көбейеді, ақша да болады. Егер журнал жұмысы: «Күн жаңбыр деп жылқыны суғармай қоймаңдар» деген күйде тұрса, іс басында орнығып отырған берекелі ешкім қалмаса, тіл үйірер, ақыл қанағаттанарлық тәуір сөз жазылмаса, оқушылардың ілтипатсыздығына қашанғы өкпелей береміз. Кезек берелік те, олар да бізге бір өкпелесін».

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 100.

СЫРТҚЫ ІС МИНИСТРІНІҢ СӨЙЛЕГЕНІ

Дума шілені, бекзадалар! Қазіргі басымыздан кешіріп отырған заманымыз тарих жүзінде елеулі заман болғандықтан, осы күнгі саясатының жалпы күйін жұрт алдына жайып, көрсетуге патша хазіретінің рұқсатын алуды өзіме борыш көрдім. Австрия мен Германия Сербия мен Бельгияның патшалық атын өшірем деп соқтыққан кезінде, Россияға таңдарлық мұнан басқа жол қалмағанын осы мінбеден сөйлегеніме 6 ай болды. Аяққа басылып бара жатқан жұрттың хақын қорғау үшін ерлік етіп, патшасы шақырғанына Россия теп-тегіс бір адамдай бірігіп, пәле тілеген жауды мұқатуға жарақ асынды. Отан қамы үшін ұлт жауына қарсы һүкімет пен халық бірікті, ымыраласты. Сол бірлікті осы Думаның ішінде жұрт өкілдері – сіздер де айтқандарына ауыздарың айғақ. (*«Пәлі! Пәлі!» деп қол шапалақтау.*) Одақтарымызбен тізе қосып, әскеріміз көздеген мақсұдына қарай, аяғын бекем басып бара жатыр. Олардың ерлігіне насаттанып, мақсұдқа жетуінің жабдығын жеп, көмегін де бөліп, істің ақырғы абыройын күтіп отырмыз.

Біздің жауымыз онай жеңемін деп лағып, қырғынға ұшырап жатыр. Бар күшін салып, бар өнерін жұмсап, қолынан келген әдісінің арам-адалын талғамай, бұл күреске жұмсап жатыр. (*«Рас!» , «Дұрыс» деген дауыстар.*) Аңдамай, алаңғасарланып істегеністі жұртына сездірмес үшін Германия һүкіметі өтірік айтып, соғысатын емес едік, соқтыққан соң, шарасыз соғыстық деп отыр.

Эдуард жетіншінің заманынан бір елі Англияның пәлені Германияны жан-жағынан жаумен қоршау ниетте болды деп, ескі ертегіні жаңартып сөз қылып отыр. Эдуардтың тыныштықты сүйгіштігі баршаңызға мәлім. Германия һүкіметінің басындағы адамдардың көкірегі көтеріңкі болып бара жатқанын түйіп, Европа тыныштығын көздеген мақсұды бірге патшалар жақындасулары қажет екендігін даңышпандығымен байқаған кісі еді. Оның көздеген мақсұды біреуге тию емес, өзіне біреу тимес қамы еді.

Германияның соңғы кездегі істеген істерінің беті бұлай болмады. Менің айтайын дегенім: Германияның Англиядан флотын асырамын дегені емес, Францияға Ағадыр туралы істеген істері емес, Россияға ойлаған қастықтары.

Біз атам замамнан бері келе жатқан тату сыбайластың көңілін көрсетсек те, Германия әр жерде-ақ жолымызға көлденең тұра берді. Көрші патшаларда көздеген мақсұдтарымызға неміс бипылдары қарсы жұмыс істей бастады. Әуелгі кезде қастығын сақтықпен ептеп істеп, соңғы кезде көріне істеуге кірісті. Скандинав патшаларына бізді жау көрсетіп, Россияға сенбестік ой кіргізе бастады. Галицияға ақшаға жалдап азғырушылар жіберіп, Украина мәселесін күшейтіп, орыс жұртын ірітіп, ыдыратуға қулық жасай бастады. Румынияны азғырып, мақсұд, пайдамыздың жөні бір екендігін жоққа шығара бастады. Тарих жүзінде қанды бірге төгісіп, қамды бірге жесіп, ет бауыр – емшектесіміздей болған Болгарияны азғырып, өзіне бұрмалай бастады. Әсіресе қастығы Түркиядағы ісінде білінді. Берлинде бізбен сенімді түрмен сөйлескен сияқты болып, ертеңіне Түркияның Стамбулдағы әскер жұмысын қолына ала бастады. Содан соң-ақ Түркиядан билік кетіп, Германия уысына кіре бастады. Бұл туралы байыптап, басқа орында тағы сөйлеймін. Бұл жерде мұны сөз қылғаным – Германияның Еуропада бізді жан-жағымыздан қамауға алмақ ниетін көрсету үшін. Азияда да сол ниетте болды. Иран ісінде Подстамда жасалған имраға хилаф көңіл көрсетіп, Россия мен Англияның көздеген мақсұдына көлденең тұра бастады.

Қытайда, Жапонияда бізге қастық көңіл көрсетіп, оларды азғырып, бізбен жауластыру ниетін білдіре бастады. Біздің бағымызға қарай, онысынан еш нәрсе өнбеді. Осы айтқандар жетерлік шығар деймін. Германияны жаумен қоршауға басқадан қулық жасалмай, Россияны жаумен қоршауға немістер өзі қулық жасағанын білуге Германияның соғысайық деген жоқ едік, соқтыққан соң соғысып отырмыз деуі де негізсіз. Оның негізсіз екендігі жақын арада жария етілген қағаздарында көрініп тұр.

Германияның шығарып отырған өтірігінің бірі: «Орыс әскері еврейлердің үйлерін қиратып, адамдарын қырды» – дегені. Бұл Россияны қаралау үшін жайып отырған өсегі. Еврейлер соғыс майданындағы жерде отырып, зиян көрсе, ол соғыстың зияны, соғыс зияны жалғыз еврей емес, соғыс майданына қараған жердегі жұрттың бәріне де тиіп жатыр. Бұл зиянды тигізу үшін, көзбен көргендердің айтуынша, Австрия мен Германия. Әсіресе осы сияқты өсектерді немістер Америка жұртына жайып жатыр. Ондағы мақсұды Россияға Американың көңілін суытпақ. Өйткенімен Америка сияқты есті жұрт бұл сияқты орынсыз өтірікке ермесе керек. Германияның бізбен көріскенде істеп жатқан әдісінің тағы біреуін айтайын. Ымыралас патшалардың арасының ымырасын бұзу үшін біресе Россия, біресе Франция оңаша татуласайын деп жатыр деп, хабар шашып, арамыздағы ымыраны бұзбақ. Арамызды суытпақ үшін, соғысқа бәрі бірдей қайрат қылмай, кейбіреулері «нарды біреуге артқызып, дарды біреуге тартқызып» тәсіл қылып тұр деп өсек шығарып отыр. Бұлай азғыруына да ерген ешкім жоқ. Ымыралас патшалардың арасындағы ымыра күннен-күнге өспесе, кемімей келе жатқаны баршамызға мәлім. Бәрінің көздеген мақсұды бір болған соң, мақсұдқа бірге жетіп, жауын мұқатып, Еуропа тыныштығын орнықты ету. Одақтарымызбен байланысқан уәде былтырғы 23 августа бекіткен күйінде. Ортақ іске күш салмай, оңаша тәсіл етіп отырған одақ жоқ. Сансыз солдат шығарып, үш патшамен үш жақтап соғысып, істеп жатқан қайратымызға одақтарымыз риза. Олардың суда, қырда істеп жатқан қайраттарына біз ризамыз. (*«Пәлі!» деп көпке шейін қол шапалақтау.*) Бұл соғыста Бельгияның көрсеткен қайратымен, ортақ іске тигізген пайдасы ешкімнен кем емес. Өйткені ерлігі ұмытылмастай болды(*қол шапалақтау*). Одақ халықтарға халық өкілдерінің ортасында тұрып ризалығымызды білдіретін кез келді. (*Депутаттар Англия мен*

Францияның елшілеріне ризалық ишаратын етеді.) Бұл кездегі бірлескен жақындығымыздың шепті қазіргі заманнан асып, алдағы замандарды қармайды. Жақын арада жасалған халықтың қазынасы мен шаруасы туралы ынтымақтарда жауды әбден мұқатпай тоқтамасқа істеген саясат һәм соғыс жолында зор мағыналы іс. (*«Пәлі!» деп қол шапалақтау.*)

Түркиямен соғысардың алдында Босфордағы болған істің жәй-мәнісін жақын арада жария еткен «Оранжевая книгадан» білдіңіздер. Бұл туралы да Германияның ойлаған арамдықтарын сіздерге айтып өтейін. Түркия Германиядан әуелі әскер үйретушілер алдырғанда, онан соң генерал фон – Сандирсті шақырғанда, әскер күшейту үшін ғана солай істеп еді. Түркияға Россия тарапынан боларлық қорқынышты көбейтіп, Германия сыбырлай берген соң, әскерін күшейту Түркияның басын қорғауға істеген қамы еді. Түркия әскерінің ісіне кірісіп алған соң Германия Түркияны өз мақсұдына дәйім икемдеуде болды. «Гибн» һәм «Бреслов» кемелері Түрік суына кірген соң, Түркия Германия уысына әбден кіріп болды. «Гибн» кемесі кіргеннен былайғы Түркияның істеген істері Германия һүкіметінің істеткен істері. Түркияның кемелері біздің жағалауға келіп соқтыққаны – Германияның түртуімен болған оқиға. Германия бір түртіп, домалатып жіберген соң, Түркия ойға қарай домалаумен болды. Россиямен Түркия жік аралығында болған оқиғалар Германия ісінің Түркияға жағымсыз, ажалына алып бара жатқан ісі екенін көруге түріктердің көзін ашса керек. Бұл оқиғалар Россия қаруының абыройын зорайтумен ғана бітпей-ақ, теңізге шығуға алдымызды аршыса керек. (*«Пәлі!» деп айқайлап, көңілденіп, бәрі қол шапалақтайды.*)

Әлігі «Оранжевая книгадан» Россия һүкіметінің соңғы кезде көздеген мақсұды Түркия қол астындағы армяндардың халін жеңілдету болғандығы көрінеді. Бұлай айту қашаннан бері саясат жолында – мемлекетіміздің пайдасы үшін, адамшылығымыз жолында, абырой үшін тұтынып келе жатқан жолымыз. Армения мәселесін шындап қолға ала бастағанымызды байқаған соң, Германия біздің мұнымызды ұнатқан болып, бізге қосылып, ілбусіретіп, жұмысымызды кешіктіре беруге қулық жасады. 1914 жылы 26 январьда Россия мен Түркия арасындағы жасалған мәселе – Россияның Армения мәселесінде айрықша орын алуына Түркияны мойындатқанының белгісі. Соғыс біткен соң, Армения мәселесіндегі өзіне тиген айрықша орнын

император өкіметі Арменияға жағымды түрде пайдаланса керек (*«Пәлі!» деген дауыстар*).

Россияның Сербияны қорғауға қылыш сүйреуі – ағайын жұртына болысатын ата жолынан адаспастық. Серб жұрты ерлігін осы соғыста көрсетті һәм орыс пен серб арасын бұрынғыдан бетер жымдастырды (*«Пәлі!» деп қолшапалақтау*).

Славян ұранына қосылып, ұлт намысына жауап қатқан қаратаулыққа да ризамыз (*қол шапалақтау*). Сербия одағымыздың досы – грек жұртымен де көңіліміз жақын. Түрік қол астындағы бауырларын түрік қамытынан босатамыз деген мақсұдтары – біз тілектес боларлық іс. Өткен июньде император хазіреті Константция шаһарында болғаннан бері, Румыниямен де көңіліміз өте жақын. Күзден бергі Румынияда Россия туралы ықылас ишараттары бізге достық, Австрияға қастық көңіл белгісі болады (*«Пәлі!» деген дауыстар*).

Сіз, бекзадалар, менен істеуге ниеттеніп отырғандарың соғысқа бізбен бірге кірерге жөні бола тұрып, кіріспей отырған патшалардың жайы шығар. Бұл патшалардың ішінде ұлтының қамын жеушілер көптен-ақ бізбен бірге соғысқа кіруді қолайлы көретіндері рас. Бірақ һүкіметтері бел байлап, кесіп-пішкен іс жоқ. Халықтың обал-сауабына қалатын һүкімет болғандықтан, қолайлы мезгілді жұрт пайдасы үшін қолдана алмай, жұрт обалына қалса, қалатын өз һүкіметтері болғандықтан һәм және де ол патшалармен арамызда достық көңіл болғандықтан, ол жағынан сіздерге ашып бір нәрсе айтуды қолайсыз көремін (*«Дұрыс!»*, *«Дұрыс!» деген дауыстар һәм қол шапалақтау*).

Бейтарап патшалар жайынан сөйлегенде, жау жеріндегі біздің отандастарымызды Венеция алған Италия мен Испания патшаларына шын көңілден алғыс айтамын (*қол шапалақтау*). Германиядан зорлық көрген жолаушыларымызға айрықша ықылас көрсеткен швед халқына да көңілімнің ризалығын айтпасыма болмайды (*қол шапалақтау*). Барша швед арқылы келген орыстар швед халқының көрсеткен ықыласын айта алмай келді. Бұл екі халықтың арасын бұрынғыдан бетер жақындастыруға себеп болар деген үмітіміз бар!

Жау жерінде қалып қойған отандастарымыздың халқының ... (*оқуға мүмкін болмады – Ред.*) үшін император һүкіметі қам қылып жатыр. Олар кешікпей отанымызға қайтса керек. Соғыста қолға түскен отандастарымыздың да халін тәуірлеу үшін һәм олар арасындағы соғысқа жарамсыз

мүгедек болып қалғандарын қайыруға да қам қылып жатырмыз. Иран мен Түркия арасындағы шекара дауын 1913 жылғы күзден бері қолға алып, соғыс басталардың алдында ғана көп қиыншылықпен бітіріп, Иран шығанағынан Қазықұрт тауына шейін араларының жігін ашып едік. Россия мен Англияның арқасында Түркия аламын деп жүрген 20 мың шаршы шақырым жер Иранның өзіне қалып еді. Түркиямен соғыс басталған соң-ақ, Иран бейтараптығын мәлім етті. Онысына қарамай, Түркиядағы Германия мен Австрия кісілері Иранды Түркияға әперуге азғыра бастады. Иранның бас ғұламаларының жазғаны қылып, Кербала, Нажиф өлкелерінде Россия мен Англияға қастық етуге үгіттеген сөздер тарата бастады. Германия, Австрия, Түркия жеңді, Россия мен Англия жеңіліп, Иранға бұлардың шеңгелінен шығатын мезгіл жетті деген сөз таратқан. Сөйтіп, Иран жұртын желіктірмекші болған. Әзірбайжан да түріктердің желіктіргеніне еріп, курд руларының бірсыпырасы түріктерге қосылды. Соғыс басталудан бұрын-ақ бұл курдтар Түркия қол астындағы курдтармен бірігіп, оларға түрік әскерлері қосылып, Урмия мен Холм өлкелерінде бізге қастық қылықтарын бастаған еді. Соғыс басталысымен Иранның бейтараптығына қарамай, Иран шегінен асып, көп курдтарды ертіп алып, түріктер Иран жерінде тұрған біздің әскерімізге қарай ұмтылды. Сөйтіп, Иранның бейтараптығын жоққа шығарып, Әзірбайжан өлкесін соғыс майданына аударды. Мұнда азырақ ашып айтарға тиіс: Иран жерінде біздің әскеріміздің тұруы Иран бейтараптығына хилафтық қылмайды, өйткені біздің бірінші әскеріміз бұрыннан сонда тұрғанына бірнеше жыл болған. Иран бізбен сыбайлас, арамызда алыс-беріс шаруамыз болғандықтан, әуелі, өзімізбен шектес жердің тыныштық, амандығын қорғау үшін, екінші, Түркияның Урмия өлкесін алып, Кавказ тұсынан соғысқа қолайлы орын жасарлық ниеті болған үшін, қарауылға қойған әскеріміз еді. Иран һүкіметі өзінің бейтараптығын сақтауға күші жетпей, түріктердің баса-көктеп кіргеніне риза еместік көңілін мәлім етуге ғана жарады. Иран турасында Англиямен арамызда ымырамыз сонша жақсы, бір-бірімізге деген сенім күшті (*«Пәлі!» «пәлі!» деген дауыстар*). Иран турасындағы арғы істердің түйіндері шиеленбей, оңай шешілсе керек.

1907 һәм 1910 жылдарда Жапониямен жасалған саясат турасындағы ынтымақтар пайдалы болып, осы жолы көзге көрінеді. Жапония бұл соғыста біздің жағымызға шығып,

одақ ісін істеп отыр (*қол шапалақтау*). Жапония Германияны күншығыс суынан қуып шығып, Қытай ішінде Германияның орын тепкен жерін өз қолына алды. 23 августегі ымыраға Жапония қолы қойылмағанмен, Англиямен араларындағы жасаған одақ сыртында Англиядан оңаша бітім жасамасқа уәдесі бар. Сондықтан бұл соғыста Германия Англиямен, біздермен бітім жасамайынша, Жапониямен оңаша бітім жасай алмайды(*«Пәлі!» деп қол шапалақтау*). Жапониямен арамыз жақын болған себепті Қытайға істе деп қойып отырған шарттарынан біздің пайдамызға хилаф ешнәрсе шықпайды деп сенеміз.

Енді, бекзадалар, тілегімді айтып, сөзімді тұжыруға рұхсат етіңіздер. Жарты жыл бұрын осы іске бел байлап кірісерде һүкімет һәм халық, сіз өкілдері арқылы, тақты қоршап бірігіп, бір адамдай бәріміз орыс ұлтының ортақ отанын қорғау үшін атқа мінісіп едік. Сол бірлікті қуат қылып, іске кірісіп едік. Істің абыроймен тынуы үшін мұнан былай да сол бірліктен айырылмай іс еткей едіңіздер. Әскеріміздің ерлігінің арқасында қолымыз жеткен нәрселерді ұстап отырып істескен кезде, Россия көркейіп, абыройы көтерілу үшін сол сүйеніш бірліктеріңнен һүкіметті тастамағайсыздар (*«Пәлі!» «пәлі!» деп қол шапалақтау*). (*Министр мінбеден орнына жеткенше депутаттар тұрып, қол шапалақтайды.*)

«Қазақ», 1915 ж. 5/І. № 101, 8/ІІ. № 102.

ОПАТ

Семей облысы, Кереку үйезі, Қарамола елі, Айдабол руынан Ақтай мырза Барлыбай ұғлы опат болған хабарын бүгін бір жолдасымның хатынан білдім. Марқұммен тар жерде жолдас болып, танысып едім. Осы күнгі қазақтың қара сөзге шешені, би адам еді. Кереку үйезінде бастап, үйінен школ ашып, ағайындарының баласын оқытқан һәм өз балаларын шетке жіберіп, оқытумен адам қылған өнегелі ақсақалдың бірі еді. «Ағайын тіріде аңдып, өлсе өкірер» деп Абай айтқандай, Ақтай марқұммен ағайындары партия жөнінен араздасып, ұлыққа шағулары себепті, 1912 жылдың күзінде Степной генерал-губернатор жер аударуға бұйырды. Марқұмға бұл жабылған ағайынның құр нақақ жаласы екендігі неше жылдан бері семіздіктен жүре алмауынан

байқалып, құтылған еді. Көзі тірісінде оқытып адам қылған үмітті баласы Ахметолла мырза әкесі сондай жұмысты болып жатқан кезде Петроградқа әдейі адвокат жалдап жіберіп (*сол кезде генерал-губернатор Шмидт те Петроградта еді*), телеграммен бұйрық алып, босаттырған еді. Сондағы ағайындардың Ақтайды жамандап, көрсететін сылтауы, менің түсінуімше, мынау: Ақтайға жақын бір атаның ұлы 15-тен мұжықша жер кестіріп алмақ болғанда, Ақтай мұнысын жаратпай, көбін жер кестіріп алу пікірінен қайтарған. Сондықтан сылтау таба алмай жүргендер осыдан басқа мағына шығарып, Ақтайды мұқатпақшы болған. Ақтай марқұмның елге жазығы бар деп ешкім айтпаушы еді.

Алла тағала марқұмның топырағын жеңіл, рухын шат қылсын!

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., №102

Елден

ГУРЬЕВ ҮЙЕЗІН ЖАЗУ

Переселенческий управление Орал облысына қараған Гурьев үйезін жазуға бұйрық шығарды. Бұл жұмысты басқару Орынбордағы Орал – Торғай районының статистика бөліміне тапсырылса керек. Өйткені бұған жұмыс планын реттеуге қосқан. Бұл үйезді жазуға үш отряд шықпақшы (*әр отрядтың бір заведующийі һәм үш регистраторы болмақ*).

1- отряд жұмысты Ойыл районында бастайды.

2- отряд – Қараағашта.

3- отряд – Тайсойғанда.

Жұмыс жаз һәм күз болады, созылғандай болса, бір отряд қысқа шейін болады.

Міне, осы қызметке (*заведующий һәм регистраторлыққа*) жаз-күз уақытша кіруге ойланған талапкер қазақ жігіттері болса, осы бастан сұранулары керек.

ТОРҒАЙ

1914 жыл 15 июньде төрт үй хохол малымен көшіп келе жатып, Сарықопа ұлысының, 4-аулына қараған Көркімбай қара суы деген жерге (*Жалдама бойы*) қонған. Хохолдардың малы қазақтың шабындығын жапырады, 20–30 кісі келіп хохолдың малын қайырады. Хохол мен қазақ арасында жанжал шығады. Сол арада бір орыс Жармұхаммет Төкебай баласын мылтықпен атып өлтірген. Қазақтар оқиғаны хакімге білдірген. Міне, осы қазақты атып өлтірген хохол Ақмола облысы, Қызылжар үйезі Ставрополь ұлысының крестьяны Павел Мануйлов 1455-статья 2-бөлімі бойынша ғайбатталып, обвинительный акт жасалып, ісі Орынбор окружной сотына түсті. Павел Мануйлов Төкебай баласын өлтіргендігін мойнына алған. Сот мұны ғайіпті тапқан да, жоғарғы статья бойынша кесілетін жаза: «Күллі праволарынан мақрұм етіп, сегіз жылдан он екі жылға дейін каторожный районға айдау, яғни төрт жылдан сегіз жылға дейін каторожный работа яки төрт жылдан бес жылға дейін арестантский отделение». Бұл жазалардың қайсысына бұйыру соттың еркінде.

Мадияр.
«Қазақ», 1915 ж., № 104.

ДАУ ҚҰМАР

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!

Абай

Қазақта туысқандық, достық баянсыз. «Бүгінгі дос – ертең жау», аңдығаны ағайын, айтқаны өтірік, жапқаны жала, ақ көңіл, адал ниет жоқ деп, данышпан Абайды ішінен кемірген дерт көбінесе осы еді.

Бұл кезде қазаққа өзінен басқа да ермек табылып, «ауыл иті ала болса да, бөрі көрсе бірігер» дегендей заманға ұшырап тұрғанда, бұрынғы алалықты азайтып, жұртшылықты ойлау керек еді. XX ғасырдың таңы атып, өзге жұрттар өрге ұмтылғанда, біз өзді-өзімізді аңдуды бұрынғыдан да

арттырып жібердік. Өзге жұрт өнер-білім, кәсіптің жаңа түрін тапқанда, біз даудың, пәле-жаланың жаңа түрін таптық. Қазақ бұрын «жауын» мұқатпақшы болғанда, көбінесе өтірік ақы даулаудан аса алмайтын еді. Мұндай істерді народный сот, яғни қазақтың өз билері тексеретін еді. Бұл жолмен ешкімді аттырып, шаптырып, айдатып жібере алмайтын болған соң, енді орыс сотымен пайдалануды үйренді.

Соңғы кезде қазақ арасында тамыр жайып, өршіп бара жатқан дау-жаланы бұлай бөлуге болады:

1) Лауазым иесі адамдарға қарсылық қылушыға законда ауыр жаза барын біліп алып, болыс-билер алдынан шығатындарға ретін тауып, осы жаланы жабу көбейді.

2) Екі қазақтың дауы народный сот талқысына түсумен ешнәрсе өнбейтінін сезіп, окружной сотқа тарту үшін «талайды шапты, өртеді, зорлады, байлады...» деп орыс соты арқылы «жауынан» кек алуды дағды қылып алды.

3) Ақмола, Семей облыстарында сенімсіз адамдар бес жылға жер аударылатынын біліп алып, қит етсе астыртын шағынып, бірін-бірі айдату баланың ойынындай болып кетті.

4) Соғыс кезінде мемлекетіміздің жауына жәрдем жиып жүр деп, өштескен адамдарына өтірік жала жауып, әурелікке салып, сонымен һүкіметті де адастыру әр жерде көбейіп кетті.

5) Бұрын саясат ісінен хабарсыз болса да, 1905 жылдардан бері біреуден кек алу үшін иә өзге көздеген мақсаты үшін иманын жалдап, жазықсыз адамдарды шағыстырушылар һәм жаңа аяқтан басқан матбұғатымызға қастық қылушылар бола бастады.

Бұл айтылғандардың бәріне де есепсіз көп мысалдар келтіруге болады. Мұндай істі істеушілер – қазақтың атқа мінген «жақсылары», білгіштер, кейбір оқығандары. Жұртқа аты шыққан белгілі тұқымдардан да бұл қара істерге, әсіресе соңғы екі бапқа қатысы барлар көп. Олардың бетін ашып көрімдік алар күн туса, атаусыз қалдырмаспыз. Кезінде жұртқа таныстырармыз.

Осы марттың 1-де шыққан 9-нөмір «Уральский областной ведомостида» жария қылынды: 4 һәм 7 ноябрьде Орал окружной соты 54 қазақ ісін қарап, бәрін де аяқсыз қалдырды. Мұның 2-уі кісі өлімі, 2-уі әйел басу, 2-уі мейман тоқтау туралы, 36-сы талады, шапты деп, бір қазақ бір қазақты қаралаған істер, қалғаны өзге түрлі істер. Екі күннің ішінде бір сотта бір облыс қазағының аяқсыз қалған

өтірік дауы елу төрт! Осыдан-ақ шамалауға болады, мұндай істер жалпы қазақта қанша екендігі. Егер сот жалғандығына көзі жетпей, қазақтың жаласына, өтірік куәлігіне нанып, кесім қылса, мұның түбі не болмақ!

Қазақтың бағына қарай, бұл кездерде окружной соттар бұл сияқты қазақ дауларына талғап нануға айналған һәм қазақта талау, шабу, әйел зорлау жоқ екендігіне көзі жеткендей болған. Мұндай істердің бәрінде де қазақ өтірік айғақ салып, қаралаған адамдарының қолына ылғи мылтық, найза, ту ұстатады. Айғақтар сәтте үйретінді жырды жырлайды: пәлен айдың пәлен күнінде шапты, талады деп. Судьялар, адвокаттар сынау үшін ерсілі-қарсылы сұрағанда, оқиғаның сағатын, минөтін бұлжытпай айтып тұрғандар «Үстіміздегі қай жыл, қай ай, өткен ай һәм келер айдың аты не, бүгін айдың нешесі?» дегенде, тілдері байланып тұрып қалатындар көп болады.

Бір айғақ айыпкердің астындағы аты «ала» десе, екіншісі «құла» дейді. Бір айғақ айыпкердің қолынан мылтық көрдім десе, екіншісі найза көрген болады. Сөздің қысқасы, сұрайды деген есінде жоқ, үйрене алмай қалған жауаптарға келгенде шатасып, сот өтірігін тез ашады екен. Тәжірибе һәм закон таразысына салып, сот қазақтың мұндай істерінің көбі өтірік дау екендігіне көзі жеткен.

Әлгі Орал окружной сотында қаралған істерден айыпкерлер жазадан құтылғанмен қанша шығынға, қанша әурелікке ұшырамады дейсіз! 1911 жылы Торғай облысы, Ақтөбе үйезіне қарайтын атақты Дербісәлі Беркінбаевтің болыс баласы Барлық мырза, маған қарсылық қылды, мылтық атты, жанжал шығарды деп қарсы партиясынан, ішінде ауылнай, би, тәуір адамдар бар, 10 кісіні сотқа берді. Бұлардың бірсыпыралары бірнеше ай абақтыда жатты, бірсыпыралары қашты-пысты, адвокаттан адвокат қоймай шабылды, ізденді. Өткен октябрьдің 17-сінде осылардың ісі қаралып, Орынбор окружной соты бәрін де ақтап жіберді. Айыпкерлер енді құтылдық па деп тұрғанда, Дербісәлі балалары Нечеритов деген адвокатқа доверенность беріп, аналардан 2–3 жүз сом шығын даулап, тағы арыз берді. Бұл ақы дауы алдымыздағы апрель ішінде Саратовский судебный палатада қаралмақшы. Енді әлгі жүрегі шайылып қалған қазақтар палата шығынды кессе, мойнымызға жаза түсіп қала ма деп қорқып, тағы да адвокаттар есігін күзетіп жүрсе керек. Даудан дау туады деген осы. Бишаралардың төрт жыл әуре болғаны аздай, тағы да орынсыз шығынға

ұшыраса керек. Болмаса мұнда олар қорқатын ешнәрсе жоқ. Палата шығын кескенмен, бәлки, кеспес те, закон бойынша, егер прокурор протест қылмаса, олардың ісін қайта қарап жазаға кіріптар қылмайды. Прокорор протест қылған жоқ, бұл анық. Соның үшін палата жаза кеседі деп қорқулары һәм қорыққаннан тағы да шығынданып, көрінгенге олжа болулары орынсыз көрінеді. Бұл мұнымен тұрсын.

Ақтөбе үйезінде бір қазақтың үстінен, түрікке астық жиып жатыр деп шағым болады. Тексере келе түрікке жиды деген астық Орынбордағы бір орыс байының аманат үюлі астығы болып шыққан. Қазақ арасындағы өсек-жала, даудың бәрі осындай.

Қазақты жау мен жұттан құдай сақтар-ау, бірақ бұл мінезін қоймаса, тегінде түбіне дау жетер.

М. Д.

«Қазақ», 1915 ж., № 112.

ГАЗЕТА «ШӨП ЖЕМЕС»

Қоқанда шығатын «Ферғана» деген сарт газетасы жазады: Түркістан уалаятында сарт тілінде шығатын 4 газета, журнал бар. Түркістанға қарайтын неше миллион мұсылманнан осыларды оқушы 5 мыңға жетпейді. Оның да көбі – шаһар халқы. Соның үшін қышлақ халқының да көзі ашық болсын деп, біз Әндіжан үйезіне қарайтын қажы, болыстарға қол астындағы халыққа тегін таратуға газетамызды жіберіп едік. Өткен февральдың 20-сында бір болыс мөрін басып, басқармаға мынадай хат жазады: «Біз өзіміз «областной ведомосты» һәм Остроумов газетасын алып тұрамыз. Ал еліміз газета оқуға шаруадан қолы босамайды. Менің атыма жиі-жиі газета жібере көрмеңіз» деп.

Сарт болысының бұл жауабы менің есіме өзіміздің бір қазақ болысын түсірді.

1913 жылы Ақмолада бір болыстың пәтеріне бардым. Астында терісіне симай, желпініп отырған ел иесі газета жайынан сөз шыққан соң мені тастай беріп, алдында отырған екі даугерге түсті. Жолаушылардан жуас кім бар? Болысты күттім. Біраздан кейін болыс-екең маған аз ілтифат бөлді. Сөз тиянағы болысқа газета алдыру еді.

– Газит-мәзитіңді білмеймін, оқып та көргенім жоқ, оқымаймын да, – деп жиырылды.

– Енді оқып көріңіз, бәлки, үнемі оқитын боларсыз. Балаларыңыз оқыр. Сізден елдегі талапты жігіттер өнеге алар.

– Керек болса, Хасеннің газетін қарармыз.

– Жалғыз Хасеннің газетасы кімге жетеді? Мен сізге ел басшысы – болыс деп айтып отырмын.

– Шырағым, өзіңе керегі ақша ма?– деп болыс қабағын шытып, бес сомдық қағаз суырып тастай берді.

– Мен сіздерден өзіме ақша сұрап отырғаным жоқ, алсаңыз газетаға жазыласыз, болмаса ақшаңызды жиып алыңыз.

– Қап! Қап! Болмас, қоймадың ғой, жазсаң жаз, газит шөп жемес, – деді данышпан болыс.

Осы екі болысты салыстырып, қайсысын аса мақтарымды білмей сасып отырмын. Қанша айтқанмен екеуі де ел баққан, ел қамын жегендер ғой. Сарт баласы газета оқитын елін шаруадан алаң қылмайын деп, тегін газетадан безді. Біздің болыстың сарт құрлы ақылы жоқ па: «газит шөп жемейтінін» білген соң ғана жазылып еді.

Бірақ осы болыс келер жылы газета алдыруын қойды деп естимін, тегі мені ұятты қылып, газетасы құрғыр болыстың шөбіне түспеді ме екен?..

М. Д.

«Қазақ», 1915 ж., № 113.

«ОВ» ТУРАЛЫ

Газет, журналдарымызда көбінесе «ұлы», «баласы», «қызы» дегеннің орнына «ов», «ова» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті, құлаққа тіпті ерсі естіледі, «ов», «ев», «ин», «ова»-лар жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа халықтарында да жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар. «Ов»-тарды орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұлы», «баласы», «қызы» деп жазуымыз келіспей ме. Мұнан былайға жұртқа өнеге беретін газет-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді.

Студент Ыдырыс Оразалыұлы.

Басқарма:

– Біз Ыдырыс мырзаның бұл пікірін мақұл көреміз, мұны елеусіз тастамасқа іжтихад етерміз. Бұл туралы айтарлық бірер сөз бар. Біздің қазақ фамилия орнына өз әкесін атаса, «ов», «ин», «ова», «на» орнына «ұлы», «қызы» деп жазуда ыңғайсыздық жоқ. «Ыдырыс Оразалыұлы» деген секілді. Ал жұрттың көбі фамилия орнына үлкен әкесінің иә бабасының атын жазады, мысалы: «Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов» деген секілді. Мұндайда «Нұрмұхамбетұлы» деу ыңғайлы болса да, «Бөкейханұлы» деп атасының ұлы қылып жазудың реті келмесе керек. «Әлихан Бөкейхан» десе ретке келіңкірер еді. «Бөкейхан» деген руын атағандай болар еді. Атығай, Қарауыл, Айдабол, Қаракесек деген секілді. Қазақтың руының өзі орыстың фамилиясына тура келеді ғой. Енді бір әйел атын алайық: «Нәзифа Сағызбайқызы Құлжанова» дегенде, «Құлжан» деуіміз һәм «Нұрғали Құлжанов» дегенде де «Құлжан» деуіміз, яғни әйелдің де, еркектің де фамилиясын бір қалыпта атауымыздың ыңғайсыздығы болмас па? Және де мұндайда «ұлы», «қызы» делінбей, әкесінің атын қалдырып «Нұрғали Құлжан», иә «Нәзифа Құлжан» деп жазсақ, жай екі кісі ат алып тұрған секілді болады һәм ілгері-кейін тұрғаннан білінбесе, араласқанда қайсысы өз аты, қайсысы фамилиясы екендігі білінбей қалса керек.

Фамилияны жоғарыда айтқандай қылып қалдырамыз ба, жоқ, басқа бір ыңғайлысын табуға болар ма, оқушылар, не айтасыздар?

Міржақып Дулатұлы.
«Қазақ», 1915 ж., № 121.

«ҰЛЫ» МА, «ОВ» ПА?

Біздің қазақ хат жазып қол қойса, кісі атын жазса, орысшалап кетеді: «Жаманбай Аманбайов» деп жазады. Жаманбай хат жазып, қол қойса, өзі де «Аманбайов» деп қол қояды. Бұл – Иван Иванычтің тәржімесі.

Бұл – бізге орысқа қараған соң жұққан мінездің ноғай қотыры. «Ов», «ов» деп жазып отырған жігіттердің өздері сөйлегенде, Жаманбайдың өзін ғана атайды.

Біздің түрік тілінің салты, заңы осы: бұрынғы атақты билер бізге белгілі өздерінің ғана аттарымен: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ноғай, Жәнібек, Әйтеке...

Бұлардың кімнің баласы екенін өз елі ғана біледі. Бізге жақын билердің әкелері ғана бізге белгілі: Жәнібек әкесі Қошқар, Қазыбек әкесі Келдібек, Ноғайды Береке ханның інісінің баласы дейді тарих жазушылар. Ноғайдың әкесін тарих та білмей қалған.

Бұрынғы батырлар да өз аттарымен аталған, не пәленің ұлы деп аталған: Шора батыр, Алпамыс батыр, Орақ батыр, Қара қыпшақ Қобыланды, Ақбалтырұлы Уақ, Мәнжұрұлы Шуақ, Кеңесұлы Кенжебай.

Бізбен жақын түрік. Стамбулдағы түрік. Тарих бұларды біздің Қаңлы дейді. Қазақ ішінде Қаңлы руының көбі Жетісуда. Түріктің тіл салты дәл біздікі сияқты, бұлардың атақты азаматтары өз аттарымен аталады: Әнуарбек, Талғатбек, Мұстафа Камал, Ризабек. Бұлардың әкесін түрікте болмаса, өзге жерде ешкім білмейді.

Орыста тарих жазған Карамзин, ақын Пушкин хатты анық орыс жұртының тілімен жазған. Газет, кітап жазған, жұртын ағартам дегендерге Пушкин жолы қасқа жол болып шыққан.

Бізге де газет те, журнал да, кітап та, кеңсе де қазақ жұртының тіл салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындасамыз, елге жанасқан сайын, ел ағартқан іс гүлдейді.

Сөйтіп, біздің айтайық дегеніміз, «ов»-ты орысқа қайырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып», «Ходжанұлы Сұлтанбек» деп жазу дұрыс дейміз. Мақалаға қол қойғанда, хат жазғанда... Ахмет, Міржақып, Қойшыбай, Жаманбай деп қана жазса да болады.

Бір-екі ауыз сөз: «ов»-ты етегіне намаз оқыған мещандарға[1] берейік. Еш нәрсені тесе қарап тексермей, тоқ қарынға мәз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төренi сынамаған, байға, төреге еліктеген, өмірін малша өткізген адамды А. И. Герцен «мещанин» деп атаған.

М. Д.

«Қазақ», 1915 ж., № 121.

---

[1] Оқушыларымызға ескертеміз. Мещан дегеннен «ов» деп жазғанның бәрін айтады деген сөз ұғылмасын. Бұл күнге дейін қазақ азаматтарының көбі «ов»-пен жазып, қол қойып келді. Бірақ бұл мещандық емес. Көңіл қоймағандық, әдет қылып кеткендік. Сондықтан бұлар туралы сөз жоқ, біз мұнда мещандығы бар «ов»-пен тағы осы сықылды оп-оңай жұмыспен білімді кісі бола қалам деген «сабаздарды» айтамыз, ішінен көз салмай, сыртын бояп, «білгіш» болам дегендерді айтамыз *(Ескерту мақала авторынікі – Ред.).*

ҮЛГІЛІ ІС

Торғай үйезі, Қараторғай болысында 120 үй «Сары» деген ел бар. Бұл елдің бұрыннан тұтынып келе жатқан бір салты: өлгендердің басына шығарған малды ата-атаның ұлы үлесіп алушы еді. Кісі өлген соң, бір жыл толар-толмаста, ат шаптырып, бәйгі ат шаптырмай, ас беруші еді. Өткен 1914 жыл ішінде бұл елдің бүкіл Торғай үйезіне мәшһүр үш қадірлі ақсақалдары: Айқожа Елберген ұғлы, Мадияр Көшекұғлы һәм Асаубай Жұрын ұғлы дүниеден қайтты. Бұрынғы ғадет бойынша бұларға ат шаптырып, ас беретін шығар деп, жүйрік аты барлар дәмелі болып, аттарын жарата бастаған кезде, бұл ел бұрынғы ас беретін ғадетін кенеттен тұжырды.

Асқа шығаратын малымызды «сарының» орталық «Шортанды» деген жеріне мешіт һәм медресе салуға жұмсайтын болдық, асты доғардық деп хабар таратты.

Бұл ауылдың сүйекке сіңіскен бұл ғадетін тастауға себепші болған – Ғали Керқұнан ұғлы деген сол ауылдың молдасы. Молданы қостап, оның пікірін қуаттаушылар: сол ауылдың ауылнай старшынасы Бижан Тоққожа ұғлы һәм народный судьясы Ыбырай Мадияруғлы. Бұл үшеуі сарының бірсыпыра ақсақал, қарасақалдарын жинап алып: «Өлген үш ақсақалға ас беру орнына басқа бір қайырлы іс қылайық. Оларға ас бермедің деп, ешкім біздің жалақымызды қарымталамас. Ас беруден мүйіз шығатын болса, баяғыдан бері ас беріп келе жатырмыз ғой. Одан қанша абырой алып, жұрт алдында шықтық, бір тойған тамақ жинаған жұртқа қаншаға үнем болады. Шариғатқа салғанда да ас берудің жөні жоқ, ысырап қылып күнә таппасақ, алар сауабымыз шамалы. Енді онандағы мұнан былай бұрынғы адасқандығымызды тастап, өлікке сауап боларлық һәм қалған ел-жұртқа тегіс пайдасы тиерлік орынға шығынданалық. Айқожа, Мадияр һәм Асаубайға біз ас бермесек, мұнымыз кейінгі сарының баласына үлгі болып, бұл жаман ғадет жоғалар. Бижан, Ыбырай үшеуіміз осыны ойлап, үш ақсақалдың асына арналған малды мешіт, медресе жолына жұмсауға қаулы қылыстық. Енді, көп, сендер не айтасыңдар?» – деп сөзін аяқтады.

Жиналған көптің бірсыпырасы: ойбай, атаусыз қалдыру деген не сұмдық: қайдағы еліміздің бас адамдары тұсында ата-бабадан келе жатқан ғадетімізді тастап, жұртқа не бетімізбен қараймыз деп,–әрлі-берлі тартысқан. Ақырында

жұрт Ғали молданың сөзін мақұлдап, мұнан былай асқа арналған малды, пітір садақасын, құрбан терісін мешіт, медресе пайдасына бермек болып, соларды жинап тұратын қазынашылыққа Бижанды сайлап тарқасқан. Сонан бері ас малынан, фітірден һәм құрбан терісінен жиналған ақша сегіз жүз сом шамасында болыпты. Мешіт, медресеге керек ағаш алынды. Енді соларға керек кірпіш құйылып жатыр. Ғали молданың планынша: медресе алты бөлмелі болады. Үшеуі мұғалімге арналып, үшеуінде балалар оқиды. Медресе сентябрге шейін бітсе керек. Сонан соң бір жақсы мұғалім алдырып, балаларды жаңа тәртіппен оқытпақшы.

Һәр жерден Ғалидей жұрт қамы үшін өз файдасын қиятын молдалар көбейсе, ондай молдаларға Бижан, Ыбырайдай серік табылса, біздіңше, қалған жұрттың ілгері басуына үлкен себепші болар еді-ау. Бұлардан басқалар да үлгі алар деп үміт етеміз.

Торғайұғлы.
«Қазақ», 14 май, 1915 ж., №126.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ КЕШІ

13 февральда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен, мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын. Кеш басталарда сағат 8 жарымда Райымжан мырза Марсеков шығып, қазақ әдебиеті турасында біраз сөз сөйледі.

Онан соң Нұрғали мырза Құлжанов шығып, ақсақалдардан, қажылардан ғафу өтінді: «Алдыңызға келіп өлең айтатын келіндеріңізді айыпқа бұйырмассыздар, игі жұмыс үшін істелген кеш қой», – деп және де Сара қыз бен Біржан салдың жөнін айтты. Біраздан соң перде ашылды. Ойын болатын алаңда тігулі тұрған шатыр көрінді. Сырты неше түрлі қызыл-жасыл оюлы, маңайы ағаш, дәл қасында жайып тастаған кілем, алаңның оң жақ, сол жағында отыратын биік орындар тұрды: үстінің оюлысы да бар, масаты кілем жапқаны да бар.

Перде ашылысымен-ақ алаңның оң жағынан басында шоқпардай таққан үкілі құндыз бөрік, үстінде жібек шапан, белде күдері белбеу, қолда домбыра, қасында 4–5 бозбала-

сымен әсемденіп, ән салып Біржан сал шыға келді. Тігулі тұрған шатырдың қасына келіп: «Осы үйде Сара бар ма?» деп сырттан айғай салды. Әрі-беріден соң шатырдан қасында он шақты қыздарымен жарқ етіп Сара қыз шыға келді, басында кәмшат бөрік, үстінде оқалы тон. Біржанға біраз қарсы тұрып, «Кел, шырағым, амандасайық» деген Біржанның сөзіне ілтипат етпестен, сол жақтағы биік орынға барып, шалқая түсіп отыра кетті. Көпке шейін көзіне ілмегенсіп, сәнденіп, маңызданып отырды. Біржан сал оң жаққа отырып, сонан соң екеуі айтысты. Сара қыз болған Тұрар ханым Қозыбағаров жәмағаты еді. Бұл кісі өленді анық айтып, сөзін салмақпен сөйлеп, сөз аяғында бір түрлі әнмен баяулатып, ақырындатып келіп, соңғы жағында көтеріп салғанда, жиылған халық сүйінгеннің белгісін үстіүстіне қол шапалақтап білгізді. Біржан болған семинарияда оқитын шәкірт Жүсіпбек мырза Аймауытов Біржанның өленін өзіндей болып-ақ айтты. Бұлардың шыққан түртұрпаты, отырып өлең айтқаны әлгі жиылған жұртқа да Біржан сал мен Сараның өздері отырып айтысқандай-ақ көрінді.

Кештің бұдан соңғы бөлімдерінде ән салынып, домбыра шертіліп, Абайдың «Қыс», «Бұлбұл мен есек», Ыбырай Алтынсариннің «Жаз», «Өсиет сөз», «Түлкі», «Балқожа бидің оқудағы баласына жазған хаты» оқылды. Әншілер «Ырғақты», «Толқыма», «Гауһар тас», «Әридаш», «Ғалия» деген әндерге салды.

Ән салушылар: Жүсіпбек, Әли, Қайықбай бала, Әлмұхаммет. Бұлардың қай-қайсысы болса да, әнді келістіріп, жұрттың көңілін көтеріп, ырза болармақ етіп салды. Әсіресе, Әли ән салғанда әні де, үні де басқасынан гөрі көтеріңкі болып, жиылған халық бір түрлі ырзалық көрсетіп, қайта-қайта шақырып, қол шапалақтады. Мұны естігенде атақты Потанин ақсақалдың сөзі еске түседі: «Енді бір 50 жылда қазақ әдебиетшілері патша театрында ән салармақ дәрежеге жетеді»–деген.

Қайықбай – 13–14 жасар бала «Әридаш» деген әнге салғанда, мұның дауысына кісі таңданармақ болды. Жүсіпбек пен Әлмұхаммет те әндерін жақсы-ақ салды. Әсіресе Жүсіпбектің «Ғалия» деген әнге салғанына жұрт қатты сүйсінді.

Екінші бөлімде екі домбыра мен бір мандолинашы қосылып, қазақ күйлерін тартты. Бұл ойыншылар да күйдің

жақсысын салып, бірдей келтіріп, сондай ұста ойнады. Ойынға келген халық бір түрлі құмарланып, үсті-үстіне шақырып күй тартқызды.

Үшінші бөлімде Жанақ пен баланың айтысы болды. Бұлар жерге малдасын құрып отырып, қарама-қарсы айтысты. Жұртқа Жанақ пен баланың өздері айтысқандай-ақ көрінді.

Төртінші бөлімде қазақтың бұрынғы заманындағы батыры соғысқа шыққанда үстіне киетін сауыт, басында темір дулыға, бір қолында найза, бір қолында айбалтасымен көрінді. Онан соң Орал, Торғай, Жетісу, Семей облыстарының жас келіншектері өз киімдерімен көрсетілді. Ең, ақырында қыз-келіншек, бозбалалар айнала отырып өлең айтысып, әдебиет кеші осымен сағат он екі жарымда тарқады. Бұл әдебиет кешін бас болып істеуші Назифа ханым мен Нұрғали Құлжановтар еді. Бұларға қазақтың жас талапкерлері қосылып һәм құрметті қажыларымыз, ақсақалдар бәйбішелерімен ойынға келіп, бар ықыластарымен жаһұтдас болып, әдебиет кеші көркем де, қызықты болып өтті.

Бұл кеш жалғыз қазақтарға емес, барша келген адамдарға, бір түрлі көңілді көрінген. Орыстар болсын, ноғай бауырларымыз болсын, біз әдебиет кешінің мұндай қызықты болып шыққанын білмейміз десті. Жұрттың көпке дейін сөйлеген әңгімесі осы ойын болды. Бармай қалғандары қатты өкініште болып, енді осындай ойын қашан болар екен дегендері де көп.

Ойыннан жиылған ақша 817 сом болды (*шығын 277 сом*). Мұның үстіне, қадірменді ақсақалымыз Жақия қажы Бейсекеев жастарымыздың алғашқы талап еткен жолы еді ғой, біз көтермегенде кім көтереді деп, 100 сом сый қылды. Барлығы 917 сом болды. Есеп пайдасы 640 сом.

Бұл ойын істелгенде кішкене ғана бір кеш бола ма деп ойлап істелсе де, қазақтың жақсылары, ақсақалдары, қажылары – бәрі жастармен ынтымағын біріктіріп, қызметтерін аямай, жұрттың жиылуы ойлағаннан артық болып, отыратын орын жетпей, клубтың іші түрегеліп тұрған халыққа сыймай кетті. Билет сатуға қатты жаһұд етіп, керекті нәрселерді тапқызып беру турасында һәм ойынға құрметті ханымдардың келуіне себепші болып көп қызмет көрсеткен Қаражанбай болды. Бұған шейін жақсыларымыз бен қарияларымыз бір бөлек, жастарымыз бір бөлек болып, жіктеніп жүруші еді. Енді бұлардың

ынтымағы бірігуінің басы осы болар деп үміт етіп, қуаныш қыламыз һәм ұлтына қызмет етерлік Жақия қажыдай ақсалдарымыз, Қаражанбайдай мырзалардың көбеюіне тілеулеспіз.

М.

«Қазақ», 28 март, 1915 ж., № 114.

Елден

БАРЫМТА

(*Торғай үйезінен*)

Қостанай үйезіне қараған алтыбас (*қыпшақ*) Мінайдар Қамшыбайұғлы Торғай үйезіне, Сарықопа ұлысының қазақтары: арғын Байеділ Әлімбетұғлы һәм Қасым Шорауғлына кепіл болып, Яушевтен неше мың сомға тауар әперген. Былтыр Мінайдар опат болды. Біздің саудагерлер уағдалы срокте берешектерін төлемеген. Ерге кепіл өледі, нарға кепіл төлейді. Мінайдар қатыны арғынның борышына күйіп, Яушевке төлейді де, судьяға вексельді кіргізіп, Байеділ, Қасымнан ақы өндіруге исполнительный лист алып, адвокатқа береді. Адвокат – қадалғаннан қан алған Шор деген еврей.

Өткен қыс Қостанай базарына Торғай арғындарының қалашылары барады. Бұлардың ішінде Байеділ, Қасымның елдерінен де қалашы бар. Әлгі Шор адвокат пристав алып қалашылардың, көлік, шана, арқан-жіптерін артығымен ақысына толарлық қылып, жазып алып қалады. Мұнысы, мал Байеділ, Қасымдікі деп, законға сыйдырған, болмаса ол екеуінен мал жоққа жақын, көбі – Сарықопа, Майғарау һәм 1-Наурызым ұлыстарына қараған арғындардікі.

Алтыбастың мұнысы, дұрыстық таразысына тартқанда, жазықсыз қалашыларды жаяу-жалпы қалдырып, ірге күшке һәм заң білгендікке салған болса да, екінші жақтан, қазақша барымта деуге сыярлық іс болып, барымтамен бас қосу болса керек. Бұл хабарды есіткен соң, елден сөйлесуге бірнеше жолдас ертіп, Қасымның ағасы Сейіл мырза барады.

Алтыбастар ақымызды орнына сал да, малыңды қайтарып ал дейді. Сейіл сом төлеуге уағда берсе, алтыбас сом алмаймыз, мал аламыз деп көнбейді. Сейіл жолдастарымен елге қайтады. Сонымен қыс өтеді.

Ерегіс кімге пайда берген, Сейіл мырза барған сапарында алтыбастың ақысын түгелдеп, барымтадағы момынның малын қайтартқанда түк жоқ екен. Енді бұл барымтаның аяғы ұласып кетті. Май басында Байеділ, Қасым бастығы болып, мадиярдан 20–30 жігіт қыпшаққа барымтаға аттанды. Бірақ алтыбастың өзінен мал ала алмай, яғни ұлысы басқа Дамбар қыпшағынан 100-ден аса жылқыны дүркіретіп қуып, біздің батырлар шаңын елден бір-ақ бұрқ еткізді. Жұрт олжаға қарық болып қалды, батырлардан сауға алғандар көп болып, өкпелеп қалғандар да аз болмады. Бірақ олжа да, өкпе де құр шығын болып, барымтаның түбі насырға шапты.

Жылқы алдырған Дамбар қыпшағы іле Қостанай шауып, губернаторға телеграм берген. Губернатор Торғай үйезіне телеграм беріп, бір жұмаға жетпей елге екі жандарм шығып, барымташы бастығы үш кісіні Торғай қаласына айдап келді. Байеділді абақтыға жауып тастады. Артынан қуғыншы қыпшақтар да келді. Сөйтіп, басы ойын, аяғы шын болып бара жатқан соң, Торғай қаласында арғын, қыпшақ болып Ақтай ақсақалдың алдында бітім болды. Барымташылар қыпшақтың жылқысын қайтаратын болып, үйез алдында сенім қағаз беріп, елге қайтты. Осымен екі үйездегі арғын – қыпшақ дауы тынар, ақысын төлесе, алтыбас та барымта малды қайтарар деген үміті бар. Өйтпесе, Қостанай, Троицкіге Торғай арғыны астық, азық, ағаш алуға, сауда-саттыққа барудан тоқталып, жалпы жұртқа көп кесірі тигелі тұрған түрі бар еді.

«Деп ойла, жау қомсынсаң, өлім жақын, жығылдың дау қомсынсаң, кетер хақың» деп Сейдахмет ақын айтқандай, біздің бас асау «батырлар» өкпесі қабарып, қарына сойыл іле шабудың ақыры қандай боларын осы жолы сезген шығар, санасыздыққа сүйеніп, дұрыс сөзді шаншу көріп бой бермеймін десе, алдарынан жарылқасын.

Мадияр.

«Қазақ», 14 июнь 1915 ж., № 135.

Х. А. Губернаторға телеграм бергенде, барымташы бастығы деп қыпшақ атаған үш жігіттің бірі Біржан Бадан баласы қатадан нақақ аталған. Ол жігіт барымтаға аттанбаған, ат, жігіт бермеген һәм барымта малдардан олжа алмаған, момын, бай баласы. Оның бар жазығы, былтыр Алтыбас ұстаған малдың ішінде төрт нары кеткен.

ТОРҒАЙ

Торғай үйезінің шаруасы жайлы. Қыс жеңіл болып тұр. Астық, шөп арзан. Бірақ халық шаруа жағынан жайлы болса да, бұл күнде ел ішіне әр түрлі науқас жайылып барады. Күзді күні Торғай қаласындағы ноғай ағайындар арасында қорасан (*шешек*) дерті жайылып, әсіресе жас балаларға ауыр тиіп еді. Бұлардан қаладағы қазақтарға жұғып, қала қазағынан дала қазағына жайылып кетті. Халыққа келген бұл апатқа қарсы қылынған шара жоқ, доқтыр-фельдшер дегенді білмейміз. Ел ішінде сүзек һәм өзге ауру да көбейіп барады. Тез жаз шығып, таза ашық ауаның себебімен құтылмаса, қазақтың қысқы үйінің өзі мұндайда аурудың ұясы ғой.

Халықтың жайы осылай болса да, бақсы, балгер, өтірік әулие, алдаушы дәрігерлердің егіні пісті білем.

Мадияр.
«Қазақ», 1915 ж., №135.

САЙЛАУ САЯСАТЫ

Қазіргі Еуропа соғысында жер жүзіндегі патшалықтар бірін-бірі арбап, жауын жеңуге тобын көбейтіп, күшін арттыру үшін қалай саясат жүргізсе, біздің қазақ халқы да қалыспай, бірін-бірі мұқатуға жүргізіп тұрған «саясаты», құдайға шүкір, олардікінен бір де кем емес. Еуропа соғысы да, қазақ таласы да – бақ күндестік. Бірақ қазақтың қуғаны бақ па, сор ма? Жалпы қазаққа осы жұмбақты шешу керек.

25 жыл мұнан бұрын Торғай үйезіндегі қыпшақ Бектас бай өлгенде неше үйез елге сауын айтылып, бас бәйгесі 100 жылқы, ат шаптырып ас берген екен. Ас тараған соң Қараман Тайшығара деген кісіден елдегі асқа бармағандар «не көрдіңіз» деп сұрағанда, Тайшығара:

– Екі бұзық, екі қызық, бір маскара көрдім, – депті.

Екі бұзығы – Құлжан, Теке. Бұл екеуі – ежелден бір-бірімен ұстасып, өмірінше «бақталас» болып келе жатқан арғынның азулы ақсақалдары. Тайшығараның «екі бұзық» деуінің мәнісі Бектастың асы шілденің тамыз ыстығында болып, Құлжан, Текенің екеуінде де алыстан шабатын жүйріктер бар, бәсекемен атты күндік жерден айдатып, көп ығай мен сығай түтігіп – зорығып өліп, ат қосушылардың

көбі жылап қайтқан екен. Сол жолы Текенің аты алдымен келіп, 100 жылқы алыпты. Бұ да саясат емес пе? Міне, сол заманнан бері Құлжан, Текенің тату күні аз, ұстасумен қартайып, бұлар тұғырдан түскен соң «мирасына» балалары Зейнолла, Смағұл ие болып тұра қалды. Бұл ел Шұбалаң болысы атанады. Бұл Шұбаланда нелер болмады, есебіне бір Алла жетпесе, біз санап бітіре алмаймыз. Шашылмаған мал, төгілмеген ар, жыламаған жан кем шығар. Құлжан, Теке ұстасып жүргенде арадан болмашы себеппен болыс болып кеткен Сейдәлі деген кісінің бір төбелесте аяғын сындырып, жалғыз баласы қарсы партияға шығып кетіп, елден, баладан, малдан айырылып, екі нардың арасында қысылып өлген шыбындай Сейдәлі сорлы ақсақ тіленші болып кеткенін көріп едік. Қазаққа қағына тиген штат дерті бір бұл емес, жалпы жұртта бар, бүгін сілейе жығылып, ертең тұра тағы арақ ішкен маскүнемше, шабылып-шашылып бір сайлауды өткізсе, келер сайлауды сағынып үш жыл ғұмыр өткізу үш жүз жылдай көрініп, әуре-сарсаң заманға қалдық. Осы Шұбалаң соңғы сайлауы былтыр болды. Біздің қазақ сайлау саясатына қаншалық жетілгендігін көрсету үшін Шұбаланның өткен сайлауында болған бірер оқиғаны көрсетелік.

Смағұл мен Зейнолла қызу таласып, өзге ауылнайлар сайланып шығып, бір-ақ ауылнай қалады. Бұл ауылнайдың таласы бәрінен де күшті. Сайланып шыққан елуліктер екі жағында тең болып, осы ауылнайдың ғана ауған жағы болыс болмақшы. Бұл ауылнайдың ішінде бір үй қай жағына кетсе, сол жақ жеңбекші. Сайлау басында крестянский начальник. Екі партия айтысып-тартысып, үйлерін отырғызып, санақ болады. Смағұл жағының бір адамы артық тұр. Зейнолла болыс сасады, не қылмақ керек? Тез ақыл табады. Қарсы партияда Қарашолақ деген ұры отыр. Қарашолағы құрғырдың съезд билері кескен абақтысы бар екен-ау. Зейнолла начальникке арыз айтады:

–Тақсыр! Анау отырған Қарашолақ қолға түспей жүруші еді, басында бекіген актісі бар, соны ұстап абақтыға жөнелтуге жарлық қылыңыз.

Көңілшек төре көнеді.

Қарашолақты жетелеп әкеліп бір үйге отырғызып қояды.

Начальникке Смағұл жағы арыз айтады:

– Тақсыр! Бізге жәбір болды, көрінеу бір кісімізді кеміттіңіз.

– Жарайды, өзінен сұрармын, қай жағына отырады екен, – дейді төре.

Сол арада Зейнолла болыс Қарашолаққа келіп:

– Кәне, батыр, қайтесің, абақтыға барамысың, жоқ біздің жаққа шығамысың? Қалағаныңды ал, – дейді.

Ұры қысылып, абақтыдан қорыққанынан Зейнолланың партиясына келіп отырмақшы болады. Отырғызуға әкеле жатқанда есіл ер Қарашолақ өз жағына дауыстайды:

– Қайтейін, жаным үшін кетіп барамын! – деп.

Тең тұрған таразының бір жағына әкеліп Қарашолақты басып отырғызған соң, елуліктер түгел сол жағынан сайланып, Зейнолланың інісі Шайхслам Қарашолақтың салмағымен болыс болып кетеді. Осы ауылнайдың сайлауында Смағұл партиясындағы Бекпан деген бір пысық азырақ орысша білетін жігітке сен Зейнолламен начальник алдында айтыс, бұл ауылнайда сенен білгіш, айтқыш жігіт жоқ деп, қайрап салады. Бекпан айтысады. Күн ыстық. Зейнолла еті ауыр адам, начальник алдында Бекпанмен айтысып, әбден ыстықтап шаршаған соң, Бекпанға:

– Қой, шырағым, мына күннің ыстығында ертеден қара кешке шейін осы әуре қылғаның да жетер, мен Зейнолла едім, сен Бекпан едің ғой, жаным қой! – дейді.

Бекпан қоймайды.

– Қап-қап! Қоймасаң қойма! – дейді Зейнолла.

Сайлау өтеді. Бір күні Зейнолла қалаға келсе, елден доверный болып сайлау қууға келген баяғы Бекпан пысықты көреді. Зейнолла:

– Әлі қоймай жүрсің бе, Бекпан?

– Қоймай жүрмін.

– Қой деп едім ғой, тіл алу керек еді ғой. Жарайды, енді маған өкпелеме, – дейді Зейнолла.

Бекпанның әкесімен туысқан кісінің баласы Қожық деген етікші. Ожан Әлжан баласы неше жыл мұнан бұрын Қожыққа етік тігіп бер деп бір тай береді екен. Зейнолла мырза елге келіп, әлгі тайды ат қылып, оны Бекпан ұрлады қылып, билерге билік айтқызады. Жан бермейтін жерден жан ұстайды. Тоғыз ай абақты кестіреді. Жанға ұстаған кісі өтпеген соң, Бекпанды болыс дедектетіп абақтыға жөнелтеді. Бекпан абақтыда 20 күндей жатқан соң, ағайындары Зейнолланға жалынады. Жарайды, сендер айтқан соң болмас деп, Зейнолла рахымы түсіп, мал иесіне бір қара төлетіп, Бекпанды ағартып шығаруға уағда береді. Енді ағайындары істің мәнісін абақтыдағы Бекпанға келіп айтса, Бекпан көнбейді:

– Қайтейін, құдайдан күттім, бәрібір ашуланған күні тағы жауып тастайды ғой, нақақтығым Аллаға да, жұртқа да

аян, жатып-ақ шығамын, – дейді. Мұны Зейнолла есітіп, ерегіседі. Ер болса шыдап көрсін, болыстық қолымызда үш жыл тұруы анық, үш жылға шейін Бекпанды абақтыдан шығармауым да анық. Бұл жайды ағайындары тағы келіп Бекпанға сөйлейді. Амал бар ма, Бекпан да ет-жүректі пенде екен. Қорыққанынан шығуға разы болады. Пысықтығы үшін екі ай абақтыда жатып, бастан құлақ садаға деп, Бекпан шығады. Бұл күнде Зейнолла дегеніне жетіп, Смағұл ақсап тұр. Екі жағы да келер сайлаудан қамсыз көрінбейді. Зейнолла штат үшін бірнеше жерге құда болып, енді құда болайын десе басы бос ұл-қызы таусылып сасқан соң «бел құда» бола бастады. «Бел құдамыз» тумаған ұл мен қызға құда болу. Елдегіні тауысып белдегіге түскені қазақтың тапқаны-ақ емес пе? Қанша жетілдім деген Еуропаң құр өнеріне мақтанғаны болмаса, мұндай ақылды әлі тапқан жоқ. Зейнолланың болыс болған інісі Шайхслам қатынын өткен апрельде алған, былтыр алмаған қатынынан туатын қызына Омар Бұлқайыр баласы құда түсірген. Қазақты жамандаған жұрттың жаны шықсын! Қазақ пөлен, қазақ түген, қазақ алдын ойламайды деуші еді. Қане қазақ алдын ойламағаны? Алдын ойламаса, қатын аларын қайдан білген? Қатын алса, қыз туарын қайдан білген? Қыз туса, Омардың баласына берерін қайдан білген?!

Қусаң бақты осылай қу!

Мадияр.
«Қазақ», 1915 ж., №136.

БЕЛҚҰДА

(Торғай үйезінен)

Болыстық не керек, шашылып болған болыстың пайдасы қанша деушілер бар. Ол бекер, әшейін кедейдің байды мінегені секілді нәрсе. Бекерлігін мына бір-екі мысалдан байқаңыз.

Зайсан үйезіндегі найман Ботабай болыстың жағасында бір топ бит жорғалап бара жатады. Аузына ие бола алмаған біреу тұрып, болысқа жарамсақтанып:

– Болыс-еке, жағаңызда бит кетіп барады! – деп жортып бара жатқан битті екі аттатпай бас салып ұстайды.

– Менің битімде сенің не жұмысың бар еді? – деп Ботабай болыс ашуланып, ат-тон айып салған.

Торғай үйезіндегі арғын Қарабала деген кісі болыс кезінде бір үйде отырса, есіктен сәлем беріп Шырын деген бір кедейлеу адам кіріп келеді. Шырын – алакөз сіріңке қара. Мұның сорына қарай болыс та алакөз, сіріңке қара. Бір кедейдің өзіндей алакөз болғанын көтере алмай, Қарабала болыс:

– Неге көзіңді алартасың, сенен басқа кісіде алакөз жоқ па? – деп 6 сом айып салған.

Болыстықтың керектігі, болыстықтың пайдасы осы. Мұндай іс болыс емес кісінің қолынан келе ме? Қайсымыз битке жол тоқтау қылған кісіге айып сала аламыз? Өзімізбен түстес кісіден айып алу қайсымыздың қолымыздан келеді?

Міне, болыстыққа жұрт бекер құмар болмайтынын осыдан білуге болады. Болыстық керексіз нәрсе болатын болса, алашқа аты шыққан атақты мырзалар, байлар таласпас еді. Киіз туырлықты қазақта бірінші бай деген Жаманшалдың екі баласы Смайыл қажы, Юсуп мырзалар неге бір-бірімен ұстасып, не үшін мал шашып жатыр? Әрине, болыстық үшін. Біздің Торғай үйезінің атақты байы Бірәлі Бектас баласы да Смайыл қажыдан қалысатын емес, Бірәлінің Смайылдан кемшілігі – қажы еместігі, артықшылығы – «бел құдасы» бар.

Бірәлі бұрын аруақ орнап, нар шөккен орындардан Шеген әулеті Қорғанбекпен, Атбасарда ана Мейраммен құда болушы еді. Енді былтырдан бері Аманкелді деген бір қанды балақ ұрымен құда болып, қол артып тұр. Бұл біздің Торғай елінде ұрының базары көтеріңкілік мысалын көрсетеді.

Қорғанбек, Мейрам ақсақалдарды құдасының құдасы Аманкелдімен таныстырарлық.

Бірәлі мырзалар Қайдауыл ұлысы атанады. Осы күні Бірәлі қашаннан ұстасып келе жатқан Рахмет Шашамбай баласымен партия таластары күшті, сайлауы биыл болады. Неше заманнан бері бұлардың тату өткізген күні аз. Араларында болмаған іс жоқ: кісі өлімі, соғыс, ұрлық, барымта, қыз алып қашу – бәрі де болған. Бұрынырақта бұл ел Жыланшық ұлысы атанушы еді. Бүліншілік әбден күшейіп, ұшығына жету хакімдерге де қиын болған соң, Жыланшық ұлысын жоқ қылып, Рахмет, Бірәліларды басқа ұлыстарға быж-тыж қылып таратып жіберген. Неше жылдар өткенде екеуі қайта табысып, Қайдауыл ұлысына сұранып кірген. Ендігі қимылдары тағы мынау! Биыл да бұлардан төбелесте кісі атылып, бірсыпырасының басы тергеуде.

Қайдауылдың үшінші ұлы Бегімбет деген ел екі айырылып, Бірәлі жағындағы жарты ауылнайдың партия бастығы Аманкелді ұры, сан рет абақтының дәмін татқан, тақымынан сойыл түспеген. Әр елде қолға түсіп, аяқ-қолы кісен қызығын көрген жаланаш батыр. Бір ауылнай Бегімбеттің көпшілігі қай жағына ауса, сол жағы болыс болғандай реті бар. Мұндайда «Аманкелділердің» қаны жерге тамбайды. Сондықтан да бір күні Рахмет жағына сынаптай толқып кетіп қалмасын деп, Бірәлі мырза «бел құда» болып, Аманкелдінің тумаған, бәлки әлі жаратылмаған беліндегі қызына қалыңмал айдап беріп отыр. Ал Аманкелді қайбір етегіне намаз оқып жүрген кісі. Былтыр Қараторғай ұлысының қазағы Түйебай Байғара баласының ер-тоқымымен бір атын ұрлағаны үшін съезд билері 18 ай абақты кескен. Енді сол бекіп, Аманкелдіні абақтыға тапсырарға керек. Бірәліға Аманкелді құдасы штат өткенше елде болуы керек. Рахметке жоқ болғаны пайдалы. Сонымен жаз бойы Бірәлі Рахмет екеуі екі жақтап шабуылдап, Қараторғай еліне жалынып кісі салып, бірі Аманкелдіні босат, малымды басқа жерден таптым қылып көрсет деп, бірі Аманкелдінің көзін жоғалт деп саудаласып тұр еді. Ақырында Қараторғай елі Бірәлінің тілегін қабыл алмаған соң, анау күнгі Торғай жәрмеңкесінде Аманкелді батыр 18 айға отыруға абақтыға кірді.

Сөйтіп, Бірәлі мырза сүйіп болған құдасынан айырылып, «бел құдасының» елі «жетім» қалып қиын болып тұр. Ақыры қайырлы болсын!

Мадияр.
«Қазақ», 1915 ж., № 137.

ТОРҒАЙДАҒЫ МҰСЫЛМАНША ОҚУ

Торғай үйезіне қараған 12 ұлыс қазақта мұсылманша оқу жайы мынадай. Белгілі мектеп болмаған соң, әлі де молда ұстап бала оқытушылардың есебін көрсету қиын. Торғай қаласында ортақ бір медресе бар. Мұны салдырушы марқұм Байту молда. Бұл кісінің дін ғылымы жолында еткен қызметі Торғай қазағы үшін қымбат. Мұнан 20 жыл бұрын, Ильминский шәкірті Алекторов Торғай облысында инспектор болып тұрған заманда, рұқсатсыз медресе аштың

деп Байту молда мен Бейіс хазіретті сотқа беріп, медреселерін жапқанын Торғай қазағы әлі ұмытқан жоқ шығар. Сонан бері Торғайда мұсылманша оқу үзілген емес. Бұл күнде мүдәррис Бейіс хазірет бас халфесі Байту молданың баласы Салих мырзада жыл сайын жүзден шәкірт оқиды. Торғай облысында қырға шығып бала оқытып жүрген молдалар тегіс осы кісінің шәкірттері деп айтуға болады. Бейіс хазірет хадимша оқыған болса да, заманаға муафиқ өнер-білімге қарсылығы жоқ. Бұған ашық дәлел: Бейіс хазірет дәріс айтып тұрған медресенің орысша оқыған Кәрім Досжан баласы бар. Екінші, Бейіс хазіретінің өз баласы Мырза былтыр Стамбулдан алифунда оқып қайтып, биыл заман өзгеріп кеткен соң ғана бара алмай тоқтап қалды, мұнан кейін де жаңа түр ғылымға еткен талабынан атаса тоқтайтын емес.

Торғай медресесі кең, таза, жақсы салынған, Бейіс хазірет шеттен өзіне жолдастыққа тәте жолмен оқытатын жақсы мұғалімдер алдырса, тіпті көркем болар еді. Екінші – зерек шәкірттерінен Троицк, Уфа, Орынбор, Қазан секілді шаһарлардың тәртіпті медреселеріне жіберіп отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің Торғайдан шетте мұсылманша оқушының жоқтығы зор кемшілік. Бейіс хазірет арабиатқа жетік бір әлем екенін іңкәр етеміз. Бірақ фән жағы, әлгіндей шеттен мұғалім алдырғанда иә өз шәкірттерінен зор медреселерге барып оқымағанда, ақсай береді. Сондықтан біздің Торғай елі усул жәдид мұғалімдеріне сусап тұр. Ел арасында Троицк шәкірттерінен бірен-саран жаңа мұғалімдер қосылса да, олар аз, еркін тамыр жайып кетерлік емес. Өзінің оқыта алмағанын көрмей, 7–8-дегі балаларды арқалатып қойып сабайтын молдалар бар көрінеді.

Торғай қазақтары мектеп ашып, шеттен тәуір мұғалім алдыруға талап етсе, бұл қиын жұмыс емес. Мұғалімнің жалованиесі оқушы балаларға бөліп салғанда, 20 бала оқыса, бір жарым сомнан, 15 бала оқыса, екі сомнан айына 30 сом беріп отыруға болады.

Тәуір мұғалім тауып беру міндетін біз алар едік.

Біздің жаққа усул жәдид, усул хадим таласының ұшқыны түскен көрінеді. «Хадим, жәдид» деген сөздерді һәркім өзінше түсініп, іреп, сойып жүр. Усул жәдидке Зейнолла хазірет, Бейіс хазіреттің өздері қарсы еместігін қайдан білсін. Усул жәдидтің дұрыстығына Зейнолла хазіреттің берген фәтуасы кітапша болып басылып шыққан. Керек қылып

сұратушы болса, «Қазақ» басқармасы жіберер. Усул жәдид бұлай болған соң, шаралар шаршамай жөнге түсу керек қой.

Мадияр.
«Қазақ», 25 июнь 1915 ж., № 138.

«ПАЙҒАМБАР ЗАМАНЫ»

Жазушы Мәнен Тұрғанбайұлы.
Бастырушы Қалжан Қоңыратбайұлы.
Бағасы 20 тиын.

«Пайғамбар заманы» деген атынан да көрініп тұр, бұл кітап Пайғамбарымыздың шежіресін сөйлейді. Арабстан, араб халқы исламнан бұрынғы арабтардың дін һәм әдеті, халықтың пайғамбарға мұқтаж заманы, Пайғамбарымыздың дүниеге келуі, тәрбиесі, өмірі, мінез қалпы туралы мағлұмат беріп келіп, Пайғамбарымызға оқы алһи келгеннен бастап, халықты дінге қалай үндегенін, бұл жолда қандай қиыншылықтар көргенін, мақсұтқа қалай жеткенін һәм Пайғамбарымыз заманында болған жалпы уақиғаларды түгел баяндайды.

Бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылып, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Басылуы да көркем, емлесі «қазақша». Мектеп кітаптарымыз жеткіліксіз болып тұрған кезде, бұл мезгілді һәм орынды шыққан бір жақсы кітап болды. Бұл кітап жалғыз мектеп балаларына ғана емес, Пайғамбар заманының тарихынан хабарсыз әркім оқырлық кітап. «Пайғамбар заманының» соңғы бетінде бастырушы Қалжан мырза Қоңыратбайұғлы жазады: «Бір ұлттың алға басып ілгерілеуі сол ұлттағы кісілердің әрқайсысы өздерінің міндетті жұмыстарын атқаруға тырбанып, тегіс жұмылуымен болады. Біз, қазақ санымызда, жұрттығымызда, ата-бабамызда басқа елден кемдігіміз болмаса да, ұлт ісіне, ұлт намысына келгенде өте кемдік қылып, қатты ұйқтап кеткенбіз. Осы XX ғасырда бүтін дүние халқы оянып, ұлттарының ісіне келгенде, малдары түгіл жандарын аямай жатқанда, біз ұлт деген сөздің не екенін де білмей жүргеніміз надандығымыз-ақ емес пе? Дұрыс, бізде де ұлт деушілер 6–7 жылдан бері шыға бастады. Бірақ олар саны аз ғана оқығандарымыз болып

тұр. Басқаларымыз селт етпей жата беруге жалығар емеспіз. Ұлт жалғыз ғана оқығандардікі ме? Бәрімізге бірдей емес пе? Соны ойлайтын уақыт жетсе керек қой. Міне, мен өзім сол араға азғана ойымды жіберіп, шамам келгенше ұлтыма болған міндетімді атқару үшін, бұл кітапты таратуды үстіме алдым. Бұл кітап бастауыш мектептің ақырғы жылында түзу асылмен оқытылса, балаға жақсы рух береді деп білем. Бұрын балаларымыз ноғайша «Ғасыр сағадат» оқығанда, көп сөзіне түсіне алмаушы еді. Сондықтан пайдасы да кем еді. Енді Тәнірім өзімізден жазушы берсе, жазған кітаптарын біз ерленіп тарата бермейтін неміз бар? Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүтін түрік қауымдарына қылған қызметіміз болып табылады ғой».

Қалжан мырза бек дұрыс айтады. Бұл туралы бірер сөз айтып өту тиіс көрінді. Бұрынғы халық әдебиеті, яғни ескі қазақша хиссаларды 30–40 жылдан бері тегін бастырып, жылына жүздеп, мыңдап пайда қылып келе жатқан Қазандағы борадәран Кәримов һәм Хұсаинов уәрсаләрі болатын. Екі жүзден артық қазақ хиссалары күні бүгінге шейін солардың мүлкінде. Бұрын кітап бастыру жайын һәм кітап кімдікі болса, хақы да сонікі екенін қазақ білмеген шығар. Енді өткенге өкінбей, қалғанға береке тілесек, мұнан кейін де кенже қалмас едік.

Шаруадан басқа қазақ әуес еткен кәсіп жалғыз сауда, сауданың да әліппесі. Кәсіп түрлі болмаса, жұрттың бәрі саудагер болуы да қиын. Саудаға да жұмыла кірісіп, көзін тауып іс жүргізіп жүргендер шамалы. Сол шамалылардың көбі көтермеге кірісіп, көтере алмай қайталап жүр. Қазақ байларында аяқты малды саудаға айналдырған, біз білгенде, Қапалдағы Тұрысбек, Маман балалары. Өзге ірілі-уақты саудагерлердің көбі кедейліктің шәкірттері, жігер-талап арқасында сауда жүргізіп кеткендер, бірақ бұлар көргенінен жазбай жүр.

Байлық пен білім бірдей керек. Соңғы жылдарда қазақ әдебиеті өрбіп, газета, журнал, кітаптар шыға бастады. Бірақ бұлардың жүрісі шабан. Шабан болуының көрінеу бірнеше себептері бар:

1) Қазақта баспахана жоқ. Кітап, газет-журналдарымыз ноғай, орыс, еврей баспаханаларында басылады. Пайданың көбі солардың қалтасында қалады. Баспахана ісімен таныстығы жоқ кісілерден 1,5–2 есе қымбат хақы алады.

Егер баспахана ашудың пайдалы кәсіп екенін аңғарған қазақ байлары, саудагерлері болса, бұл істен қазаққа келер пайда көп болар еді.

2) Қазақта кітап бастырушы жоқ. Мұның зияны баспахана болмаудан да күшті. Бір талапкер кітап жазса, өзі бастыруға күші жетпейді. Ноғайға бастырайын десе, тегін алып дәндеп қалған, жазушының еңбегін төлемейді. Сонымен жазған кітабы басылмай қаларға керек иә басылып шығуын ғана мақсұт көріп, баяғы Кәримов, Хұсаиновтарға жіберерге керек. Олай етсе, екі-үш айдан соң қазақтың өз еңбегі, өз мүлкі өзіне сатылып, еккенде жоқ, сепкенде жоқ «нашар әпенділер» қызығын көреді. Жазушы талапкерлердің көбі бай болмайды, бай болмаған соң бір орында қызметте боларға керек. Қызметтен қол үзуге – кітаптан көрініп тұрған пайда жоқ, амалсыз тамақ асырап тұрған қызметіне жегіледі де, жігері сөніп, талабын тот басады. Су ақса тазарады, адам баласы талаптанса, ізденсе ысылады. Талаптануға мұқтаждық қолын байлаған соң, қойшы мінген жүйріктей, бәйгеге қосылып сыналмай, арманда жүргендер болады. Білімді жұрттарда бұлай емес. Оларда бір жазушыға он бастырушы табылады. Сондықтан жазушы басқа кәсіпке алаң болмай, бойындағы бар білімін сыртқа шығарады. Бастырушы да сату жолымен көздеген пайдасын алады. Халыққа кітап тарап, білім молаяды. Кітап бастыруды әрі өзіне, әрі халыққа пайда деп түсінген адам бізде жоқ.

3) Бұл күнге шейін кітап саудасын жүргізген бір қазақ жоқ. Қазақ ортасындағы қалаларда саудагерлерге мұны істеу қиын болмас еді. Бұған артық өнер, аса көп сома керек емес, өздерің секілді Ғайнеддин, Шәмсуддиндер істеп отырған іс. Маңайында қазақ көп қалалардың үшеу-төртеуінде кітап саудасы ашылса, қазақ кітаптарының бәрі бір қолдан табылып, елге жақсы тарар еді, пайдасы бойларына құт. Мұны ойлаған қазақ саудагері де естілмейді.

Қалжанның да айтып отырғаны осы. Болмаса, ол «Пайғамбар заманын» байлықпен бастырып отырған жоқ, бізге мағлұм, сырын жасырмайтын сыпайылардың біреуі. Жаңа аяқтанып келе жатқан әдебиетімізді осылай көтермелемесе болмайды. Біреуде дәрет бар, дәрмен жоқ. Мұсылманша оқып жүргендерді мінеушілер көп, «неге өйтпейді, неге бүйтпейді» деп. «Пайғамбар заманын» жазушы Мәнен Тұрғанбай баласы – былтыр медресе «Ғалияны» бітіріп шыққан шәкірт. Осындай талапкерлердің қызметін

көтеретін Қалжандар көбейсе, біреу қанат, біреу құйрық сонда болады. Іс істеу қиын, от басында отырып сынау оңай. Қалжан айтқандай, ұлт жалғыз ғана оқығандардікі ме? Бәрімізге бірдей емес пе?

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., №139.

ТОРҒАЙДА ОРЫСША ОҚУ

Торғай үйезіндегі школдар:	
4 класты городской школ	1
2 класты орысша-қазақша школ	1
Ремесленный школ	1
Бір класты қыздар школы	1
Ұлысной школ	3
Медресе қасында орысша класс	1
Ауылнай школ	31
Барлығы	39

Торғай үйезінің халқы 13 ұлыс қазақ һәм Торғайдың қаласы. Қала халқы қазақтың екі ауылнай елі шамасындай. Бұл үйездің жері егінге жарамсыздығынан бұл күнге шейін мұжық аяғын басқан емес. Демек, Торғай халқы тегіс қазақ. 1914 жылғы есеп бойынша, Торғай үйезінде 104 мың 312 адам бар. Бұлай болғанда орта есеппен әр ұлыс елге 3 школ яки 2 мың 700 адамға бір школ келген болады. 39 школда оқушы орта есеппен бір мыңға толмайды. Школдың көбі *(31)* ауылнай школ болғанға, мұнан шыққан балалар ілгергі орындарға кіріп оқымай ауылда қалса, орысша оқуға септігі жоқ, бірер жылдан соң үйренгенінен айырылады. Торғай үйезінде орысша оқу жайы һәм халықты қанағаттандырарлық школ шамасы осыдан көрінсе керек.

Орысқа бағынғаннан бері Торғай қазағынан жоғары дәрежелі школ бітірген жалғыз-ақ жігіт. Бұл күнде Орынбордағы орта дәрежелі школдарда оқушы 5–6 ғана Торғай балалары бар.

Торғай үйезіндегі 39 школдың учительдерінің 25 шамалысы – қазақ жігіттері. Торғай үйезіндегі школдарды қараушы инспектор һәм қазақ, Әбдіғали мырза Балғымбайұғлы.

Қаладағы 3–4 школда дін мұғалімі Мұхамедияр молда Балғымбайұғлы. Бұл кісі 20–30 жылдан бері қазақ балаларына дін сабағын үйретіп, жақсы қызмет етіп жүр. Ал қырдағы ұлысной, ауылнай школдарда да дін мұғалімі жоқ. Бұл бір ескеретін жұмыс. Бұл школдарда дін мұғаліміне қазына жарытып жалование бермесе де, халық жағынан ретін келтіруге, ыждаһат етілсе, болмайтын іс емес. Бұл ыждаһатты инспектор Әбдіғали мырзадан күтуге болады. Екінші, жоғарыда айттық, учительдердің көбі қазақ деп, солар өз беттерінен ескеретін іс: 8–9-дағы қазақ баласын әкеліп орысшадан бастатқан соң, ол бала ауылнай, ұлысной школдарды бітіріп, мұсылманша оқымаған күйімен ілгергі школдарға кетсе, құр алақан қалған сол болады. Баяғыда біз ауылнай школдан оқығанда да, арнаулы дін мұғалімі жоқ болатын һәм ол кезде заман да қараңғылау еді. Сонда ешкім айтпай, бала иелері сұрамай, қақысыз-пұлсыз учителіміз Мұқан мырза Тоқтабайұғлы бізді бір мезгіл қазақша оқытып, жазу-сызу үйретіп жіберген еді. Ұстазымыз Мұқан ағайға ғұмырымызша борыштымыз. Ал осы күні учительдер мұны істей ме, жоқ па? Істемесе, не үшін істемейді? Мұның жауабын өздері беруі тиіс. Бұлай ет деп оларға ешкім бұйыруға, міндет арқалатуға хақысы жоқ. Өздері борыш деп білетін учитель болса, біздің де тілегеніміз сол. Бірақ бұл тілек айдың жиырмасын ғана күткен учительге жұрмейді.

Мадияр.
«Қазақ», 1915 ж., № 141.

ӨНЕР МЕКТЕБІ

Марқұм инспектор Ибраһим Алтынсарин ыждаһатымен 1883 жылы Торғайда өнер мектебі (*ремесленный школ*) ашылған еді. 25 қазақ баласына арналған қазыналық орын бар. Мұнда бастауыш дәрежелі орысша оқудан басқа үш түрлі өнер үйретіледі: тігіншілік, ағаш ісі һәм ұсталық. Осы өнер мектебі кедей балалары үшін іздесе табылмайтын орын болса да, 32 жылдан бері бұл мектептен оқып шыққан қазақ жігіттерінен үйренген өнерімен пайдаланып, кәсіпке кіріскен некен-саяқ, ел ішінде мәшинемен киім тігушілер болмаса, көзге шалынбайды. Мұның себебі, Торғай үйезінде өнерлерін жұмсарлық іс болмаудан болса ғажап емес, бірақ

шетке шығып іс іздемеулері ғажап. Оқып шыққандар өнерлерін іске асырмаудың толымды себебі мынау болса керек деп ойға келеді: біздің қазақ жалқаулықтың үстіне «ақсүйек» келеді, қара қызметке кірісуге арланады. Азырақ оқыса, көзіне «төрелік» елестей бастайды. «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақал қазақтан шықса да, біздің жарлылар тым-ақ арлы.

Мұнан бұрын жыл жарым Орынбор мұсылман жәмғиәті іссіз жүрген пақыр мұсылман балаларына іс үйретерлік, күн көрерлік бір кәсіп табу ниетімен ағаш ісін үйрететін өнер мектебін ашқан еді. 20 шақты кедей балалары алынды, Пермьнен шебер алдыртты. Осы мектепті ашарда Орынбор ноғайлары, бастығы – оқығандары, байлары, мырзалары, молдалары болып, жиылып дұға қылып, бұл келешекте жарлы-жақыбайымыздың балалары өнер үйреніп, өздеріне кәсіп тауып, ұлтымызға қызмет етеді деген үмітпен қуанысып, һәркім шамасынша жәрдем берісті. Сол мәжілісте жалғыз Хасен қажы Хұсайынов деген бай 5 мың сом берді. Газеталары бұл істі жақсы ырым көріп, қанша көтеріп жазды. Россия мұсылмандарының ұстазы, маркұм Исмағұлбек Гаспринский мұсылмандардың жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп отыратын қалыбымен әлгі мектеп ашылған күні құтты болсын айтып, телеграм соғып еді.

Міне, осы мектепте жыл жарым үйренген балалардың істері үстіміздегі июльдің 6-сынан бастап көрініске қойылып, сатуға шығарылды. Көрініске қойылған нәрсенің саны 60 шамалы, бағасы орта есеппен 700 сом. Ісінің тазалығы, әдемілігі базар ісінен бір де кем емес. 37–45 сомдарға бағаланған шкафтары бар. Сол мектептің сайманы, қаражаты, үйі, үйретушілері біздің Торғайдағы қазына күшімен тәрбиеленіп тұрған өнер мектебінің оннан біріне жетпесе де, 32 жылдан бергі мұнан оқып шыққан қазақ балаларының пайдасынан жыл жарымдық ноғай мектебінің берекесі көзге түсіп қалды. Жалғыз төрт түлік малға телміріп отыратын заман өткен. Кешегі доңыз жылғы жұттан кейін Семей облысына қараған Павлодар, Қарқаралы үйезінен қос-қос қазақ Сібір темір жолдарында тас қазуға жалдану үшін елдерінен босып кеткенін көз көрген еді. Өнерді қазақ жайшылықта керек қылмаса да, қадірі сондайда білінеді. Бірақ үйренуге күн бұрын қам қылмаса да, доңыз бен қояндар не күйге ұшыратарын айтып келмейтін.

Ақмола, Семей облыстарында біздің өнер мектебіміз секілді шаруа ғылымын үйрететін пайдалы мектептер *(сельскохозяйственный школдар)* бар. Онда да қазақ балалары оқуға ынтасыз, оқып шыққандарының қиялында баяғы «төрелік». Төрелік теріс болмас еді, бәрінің қолына түсе берсе. Бірақ олардың оны тілмәш-мілдәш болып, тоқсаны: «Жарлылық та жақсы екен, жатып ішер ас болса» деген күйде жүрген көрінеді.

Торғайдағы өнер мектебі туралы өз пайдасын түсінбеген жұртқа құр өкпелеп қоймай, инспектор Әбдіғали мырза алдындағы үлгілі ағасы Ибраһим марқұмның бастап кеткен ісін аяқтар деген үміттеміз. Өнер мектебінің бастығы учитель Қосмұхамет мырза екеуі бұл мектептің пайдасын әлі де болса бұрынғыдан да артығырақ оқушыларға түсіндіріп, оқып шыққандарына пайдаланатын жолдар көрсетсе, туған жұртына аз пайда келтірмеген болар еді. Игілік істі бастаушы Ибраһим марқұмды бұл күнде еске алғанымыз секілді, қызметтеріңіздің жемісін татқан кейінгілер сіздерді де сондай ескеруі шүбәсіз.

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 141.

МҮФТИ САЙЛАУ

Ай жарымнан артық татар дүниәсында мүфтилік мәселесі шешілді. Петроград ахунды Сапа Баязидов һүкімет тарапынан мүфти сайланған хабары білінді.

Өткен іс сынауға оңай. Егер ноғай орнында осы мүфтилік мәселесі біздің қазақ халқының басына келген болса, аузында тілі, қолында қаламы бар әр ноғай: «Қазақ халқы талас-тартысқа үйренген, бәсеке қанына сіңіп қалған, мүфти түгіл болыс сайлауында бір ынтымаққа келе алмайтын қазақ мүфтилік мәселесінде біріге алмас»,– дер еді. Бұған біз де мойындар едік.

Мүфтилік мәселесін ноғай қолға алғанда, біз ойладық: ноғай халқы біздің қазақтай емес, ерте көзі ашылған мәдени халық қой, әлеумет пікірін бір жерден шығарып, салмақты һүкіметке артар деп. Бастапқы ойымыз дұрыс болса да, соңғымыз қате болып шықты: мүфтилік мәселесінде ноғай халқы «қазақшылық» қылды. Алдымен руханилар мен зиялылар пікірі екіге айырылды. Бірі – мүфти руханидан

болсын, екіншісі – зиялыдан болсын десті. Газеталары бірін-бірі қақты, мінеді, сынады. Һәтта Қазан молдалары рұқсат алып ашқан мәжілісінен газета жазушыларын һәм зиялыларды қуып шығарғандай қылды. Ақырында, «молда көп болса, қой арам өледі» деген қазақ мақалының кебі келді. Ноғайлар балық үлескендей бажылдасып жатқанда, мүфти қоймақ түгіл, жай имам болып тұрғанын көпсініп жүрген «сирата әл мұстақимшы» Сапа Баязидов ішкі Россия мұсылмандарының рухани бастығы болып, духовный собранияның төріне шығып отырып алды.

Енді іс өтті. Өкініштен пайда жоқ. Бірақ келешек үшін бұл бәрімізге бір жақсы сабақ болды.

Ч. Т. *– Соңғы күндерде де мүфтилікке Сапа Баязидов сайланады екен деген хабар естіген соң Уфа мұсылмандары Г. Дума шілендері Құтлұқ Мұхамед Тевкелевке һәм депутаттары Гуднев, Ефремов, Шингаров һәм Керенскийлерге телеграм берген:*

«Уфа мұсылмандары арасында Петроград ахунды Сапа Баязидов мүфтилікке тағайын етіледі екен деген хабар тарады.

Баязидов вәпендінің мұсылмандар арасында жексұрындығы белгілі болғандықтан, мүмкін-қадар тезірек ішкі министрге оның мүфтилікке лайықсыз адам екендігін білдіруіңізді өтінеміз».

Сапа Баязидов мүфтилікке сайланғаннан кейін Петроградтан ноғай газеталарына мынадай телеграм берілді:

«Сапа Баязидовтың мүфти тағайын етілуіне астана мұсылмандары қатты күйінді».

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 144.

ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИЧ ПОТАНИН

Бүгін 21 сентябрьде атақты Сібір ғалымы Г. Н. Потанин 80-ге толды. Жасынан ғылымға құмар, барлық ғұмырын туған Отанының табиғат һәм тұрмысын үйренуге жұмсаған, ғылым жолында есепсіз көп қызмет еткен Г. Н. Потанин – Сібірдің санаулы ұлының бірі һәм біріншісі. Жалғыз Сібір емес, оның аты Россияның оқымысты әулетіне таныс. Атақты жиһанкез, кең ойлы ғалым, кеменгер әлеумет көсемі Г. Н. Потаниннің 80-ге толған күнін бүгін бүкіл Сібір мей-

рам етіп отыр. Сібірде неше түрлі халық болса, Г. Н. Потанин бәріне бірдей қадірлі, бәрінің бірдей қамқоры, оның пайдалы қызметі бәріне де ортақ. Сондықтан бұл күнгі жалпы қуанышқа біз де қосылып, ардақты қартқа құтты болсын айтамыз!

Г. Н. Потанин 21 сентябрьде 1835 жылы Семей облысы, Ямышевский станицада (*Тұз қалада*) туған. Бала күнінде Омбы кадетский корпусына түсіп, 1852 жылы хорунжи болып шыққан. Омбыдан шыққан соң Жетісу облысында офицер болып қызмет еткен. Жетісудың бай табиғаты жас Потаниннің ғылымға әуестігін бұрынғыдан артық молайтқан. Ол білімін арттыруға 1858 жылы Петроград университетіне барып оқыған. Петроградта мәшһүр Костомаровтың һәр облыс өз алдына ілгері басып, өз алдына көркейіп ағаруы тиіс деген уағыздары һәм ол кездегі саясат һауасы кешікпей өзгеруі ықтимал, өзі болайын деп тұрған Потанинді шын Сібір ұлы, Сібір қамқоры етіп тәрбиелеген. Григорий Николаевич Петроградта тұрған жылдарында (*1858–1862*) ғылым молайту мақсаты өз алдында болып, онан басқа тағы бір зор мақсұт көздеген. Онысы алған ғылымын елге қайтқан соң іске асыру, пайдасын қараңғылықта жатқан бүкіл Сібір халқына тигізу. Сол оймен өзінің досы сібірлік атақты Н. М. Ядринцевпен бірге Петроградтағы жастардың басын құрап, тұңғыш «Сібір қауымын» жасаған. Потаниннің бастауымен Сібір жастары һәмән жиылып, келешекте Сібірге қызмет ету, Сібірмен танысу жайын кеңесетін болған. Сібір жастары арасында Г. Н. Потаниннің қадірі артқандық сонша, «Потанин партиясы» деген партия шыққан. Бұл партияның мақсаты – елге қайтқан соң халқына қызмет ету.

Петроградтан қайтып Григорий Николаевич өз жолында қызмет ете бастайды. Бірақ көп ұзамай, 1866 жылы сотқа беріледі. Сібірді Россиядан бөлем деушінің бірі деп, сот Потанинді каторжный работаға айдаған. Григорий Николаевич ғылым жолындағы қызметін айдауда жүрсе де үдетіп, көзге көрінген соң, Петроградтағы Императорский Географический Общество ізденіп, 1874 жылы Потанинді босатып алған.

Міне, сол жылдан бастап Григорий Николаевичтің қызметі үзілместен келеді. 1875 жылы ол профессор Иностранцевтің жер һәм жан-жануар өсуі тарихын тексеретін экспедициясымен Қырымға барып қайтқан. 1876 жылы Сібір һәм Азия уалаяттарын үйренуге бел байлап

кіріскен. Зайсан көлінің алабына, Тарбағатай, Монғолия, ішкі Қытай, күншығыс Тибетке саяхат еткен. Бұл жолдарында есепсіз көп ғылым қызметтері Г. Н. Потанинніңдаңқын тіпті көтеріп жіберген. Григорий Николаевичтің кітаптарын Императорский Географический Общество бастырған.

Григорий Николаевичтің халық әдебиетіне еткен қызметі зор. 1913 жылы жаз күні Қарқаралы үйезі, Тоқырауынға барып, қазақ ертегілерін жиып қайтып, Омбыдағы гимназияда доклад оқығаны қазақ оқушыларына белгілі. Григорий Николаевич адам баласы ескі тұрмысының тарихи белгісін ізденуші ғана емес, ол Сібірдің әлеумет басшысы, ақ жүрек азаматы, білгір саясатшысы. Әлеуметтік мәселелері туралы Сібір матбұғатында оның жазған жобалы мақалалары көп.

Г. Н. Потанин шабысынан әлі танған жоқ. Жасы ұлғайса да, бағыты, жігері, тілегі әлі жас. Сібірге келген шаттық – оның шаттығы. Сібірге келген қайғы – оның қайғысы. Ел қамын ойлаған ер осындай-ақ болар.

Тойың тойға ұлассын, Сібірдің ардақты ақсақалы!

М. Д.

«Қазақ», 21 сентябрь, 1915 ж., № 150.

ОРЫНБОРДАҒЫ МҰСЫЛМАН БОСҚЫНДАРҒА ЖӘРДЕМ ІС

Оқушыларға мағлұм, Орынборда «соғыстан зарарланған мұсылмандарға жәрдем» комитеті ашылған еді. Бұл комитет әуелі жалғыз кәріс мұсылмандарына ғана жәрдем жиып жіберіп тұрды. Бүгінге шейін бұл комитеттің жәрдемі 21 мыңнан асты. Бұл жәрдемнің ішінде біздің қазақ жұртынан «Қазақ» арқылы 1 мың 250 сомнан артық болды һәм комитетке өз тұсынан жібергендері де бар. Бұл соманы бүкіл қазақ атынан азсынсақ та, алыстағы қан жұтқан қайғылы аш-жалаңаш бауырларына қарасқаны үшін алғыс айтамыз. Мұнан кейін де қарап тұрмас деп үміт етеміз. Соңғы кезде күнбатыс губерниялардан (*соғыс жағынан*) Орынборға мұсылман босқындары келе бастаған соң, жоғарғы комитет бұларды да қарауға, жәрдем беруге қаулы қылып, соның

қамына кірісті. Екі жерден жақсы, зор пәтер әперіп, қазіргі қашып келген жүз шамалы мұсылмандарды орналастырды. Мұсылман комитеті алғаш бұларды өз есебінен қарай бастап еді, соңынан босқындарға қазынадан жәрдем берілетін болды. Сөйтсе де, босқындарды қарап, күтіп, керек-жарағын жиыстырып, басқарып тұру үшін комитет жаңа кісілер сайлады. Бұлардың қызметтері: пәтер ісін, азық-түлік ісін басқару, босқындардың санын, аты-жөнін жазу, киіндіру, балаларын оқыту, қызмет тауып беру, керек орнында жөн көрсету, ауруларын емдету һәм жәрдем ақшаларға ие болып, тиісті орнына беріп тұру.

Орынборда тұрғын қазақ жоқ, бірен-саран қызметтегілер мен оқудағы жастардан басқа. Соның үшін мұндағы ноғай ағайындар қатарында көзге көрінерлік қызмет көрсете алмаймыз. Мынау мұсылман комитетінде бұрыннан һәм қазіргі босқындарды қарау ісінде де қазақтан жалғыз-ақ шілен бар – Ахмет Байтұрсынов. Енді бұл іске, яғни соғыстан зарарланған мұқтаж мұсылмандарға әлі де болса біздің жұрт бұрынғы дағдысынан танбай, жылуын тоқтатпаса, көркем іс болар еді. «Көп түкірсе – көл» деген.

М. Д.
«Қазақ», 1915 ж., № 155.

ӘБУБӘКІР АХМЕДЖАНҰҒЛЫ ДИВАЕВ

(25 жылдық қызметі құрметіне)

Бір жұрттың қайдан тарауы, өну-өсуі, рәсімі, мінезі, тілі, әдебиеті – осының һәрқайсысы тарих мүшелері, барлығын жинағанда – сол жұрттың тарихы. Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт. Басқа жұрттың алдында біздің мақтанарлық артықшылығымыз бар десек, ол – ескілікті халық әдебиетіміздің байлығы. Кеменгер билер, кең ойлы ерлер, топ жарған шешен, тайпалған ақын бізде болған. Тақпақсыз-мақалсыз бізде сөз сөйленбеген. Өзге қара халықтардай, біздің қазақ – «ертеңгі күннің қамы» үшін ер қашты болып қажымай, кең дүнияда қызық дәурен кешіріп, ұлы дүбір, шаршы топта сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұрт. Бірақ заман өтіп, заң өзгерген сайын бұрынғы қымбат

ұлт қазынамызды сақтамасақ, жоғалтамыз. Халық ғұмырында күні кеше дерлік Кенесары уақиғаларын бұл күнде бір қазақ баласы түгел анық білмеуі, тарихи уақиғалар, халық әдебиеті, ғадет-ғұрпы аз заманда ұмыт болатындығын көрсетеді. Халық ғұмыры ұзын, неше жүз, неше мың жылдар өткенде, кезінде жазылмаған, жиналмаған нәрселер бірте-бірте өзгеріп, тозып ұмытылып бітуі ықтимал. Сондықтан бұл жолда қызмет етушілер, яғни жұрттың жұртшылық белгілерін жиюшы-сақтаушылардың қадір-құрметі аса жоғары боларға керек. Міне, біздің қазақ жұртына бұл сапта көп еңбек сіңірушілердің бірі – ардақты Әбубәкір мырза Диваев. Бұл кісінің еткен қызметіне биыл дәл 25 жыл толды. Қызметіне баға беру, ұмытпастай есімізде қалдыру біздің зор борышымыз.

Әбубәкір мырзаның 25 жыл ішінде қазақ этнографиясына еткен қызметі қанша көп болса да, мұны жұрттың тегіс білмеу себебі, жазған нәрселерінің бәрі де орысша басылып, халық арасына тарамағандық.

Әбубәкір мырза 6 декабрьде 1855 жылы туған. Ата-тегі Уфа губерниясы, Істерлітамақ үйезі, Тоқан ауылының дворян (*ақсүйек – авт.*) башқұрттарынан болып, башқұрт шежіресіндегі шынжыр қатар Сүлейман Диваевтың тұқымы екен. Әбубәкір мырза оқуды Оренбургтегі Неплюевский кадетский корпуста оқып, оны бітіргеннен кейін офицер болып шыққан. Алғашқы қызметі Әулие Ата үйезіндегі участковый начальник болып тұрған. Онан кейін Түркістан генерал-губернаторы кеңсесінде переводчик һәм военный губернатор қасында чиновник особых поручений лауазымын атқарып тұрған. 1906 жылы колледжский советник шенінде отставкаға шыққан. Әбубәкір мырза бұл күнде Ташкентте тұрады, ғылыми қызметтері үшін Сырдария статистика жәмғиятында, востоковедение жәмғиятында, этнография жәмғиятында, жағрафия жәмғиятында, Түркістан тарих жәмғиятында шілен, Қазан университетінің тарих һәм археология жәмғиятында секретарь болып тұрған.

Әбубәкір мырза көп уақыт қазақ арасында болып, қазақ рәсімін, тұрмысын, тілін, әдебиетін ұнатып, үйреніп, жазып отырған. Жазған нәрселерінің көбі Сырдария облысының есебін жазған кітаптарда[1] һәм жоғарғы жәмғияттардың кітаптарында басылған. Бұл орында Әбубәкір мырзаның жазған нәрселерін көрсетелік.

---

[1] Сборник материалов статистики Сыр-Дариинской обл. (*авт.*).

Ертегі-хикаялар:

«Жомарт пен саран», «Зерек уәзір», «Үш туысқан», «Еріксіз балгер», «Жалайдар хан һәм сағат», «Жел арбауы», «Шал мен оның он екі жасар қызы», «Тамаша құтылу», «Жас болса да данышпан», «Жаман қыз», «Жаман бала», «Есер тентек», «Данышпан патша», «Әділ патша», «Жаман ойлар», «Атқа мінер», «Бір түлкінің бастан кешкен істері», «Қатынға айтпайтын сырлар», «Ақымақтық», «Тышқан қыз», «Жиренше», «Аушы түлкі», «Ер қыз», «Қанатты пері қыздары», «Түлкі, аю һәм күзетші», «Тағай ханның қызы қалай әділ билік шығарған», «Үш ақыл», «Шора батыр», «Ғажап аңшы», «Үш қатынның басынан кешкені», «Үш жолсыз», «Қазығұрт сауыты», «Едіге батыр», «Бақсы», «Албасты», «Тістеуік шайтан», «Қатын түсті жылан», «Өткір қыз», «Тентек», «Патша, уәзір һәм қыз», «Таздар», «Жаңа тентек», «Лұқман хәкім», «Өсекші құл», «Мәмекенің басынан өткен істері», «Түлкі мен тасбақа», «Кім құрақ?», «Шал мен пері», «Қыз патша», «Алпамыс батыр», «Үш тазша», «Бекет батыр», «Аланғасар алып», «Итала қаз», «Алаша хан», «Алдар көсе шайтанды қалай алдаған», «Қыз патша һәм қара құл».

Мысалдар:

«Қасқыр мен түлкі», «Түлкі мен әтеш», «Түлкі, қасқыр, барыс», «Түлкі мен қарға», «Бақа мен үйрек», «Амалшыл түлкі», «Батыр есек», «Түлкі, барыс, түйе, доңыз» һәм «Түлкі мен бөдене».

Тарихи қағаздар:

«Ескі заманда құлдарды азат ету хұқында берілген жарлық», «Ахмет Йасауидің мәһәри», «Ахмет Йасауидің мешітіндегі жазулар», «Ақсақ Темірдің Йасауи қабіріне берген жарлығы».

Қазақ шаруасы һәм қазақ тіршілігі туралы мақалалар:

«Бақсы ойыны һәм зікіршілігі туралы», «Қорқыт ата хақында бірнеше сөз», «Шыңғысхан туралы қазақ хикаясы», «Қырғыз шежіресі туралы», «Қазақ билігі», «Қазақтың хүкмәтлі сөздері», «Қазақтың қара сөздерінен үлгі», «Қазақ тойы», «Қазақ жігіттерінің ескі ойындары», «Қазақта бесік өлеңі», «Бәдік өлеңі», «Қазақта ауру һәм оны емдеу», «Қазақта ай, күн есебі», жұмбақтар, мақалдар.

Әбубәкір мырза қызметтерінің көбі осы, мұнан басқа жазғандары да боларға тиіс. Ардақты Әбубәкір ағай бұларды жоғалтпастай етіп қолымызға аман тапсырды. Енді біздің міндетіміз бұларды жиып, өз тілімізде кітап қылып бастыру, керекті орындарда пайдалану. Бұл күнге шейін өзімізден халық әдебиетін, бұрынғы даңышпан шешендердің, ақындардың, әділ билердің асыл сөздерін жинаушы жоқ еді, бұл туралы Диваев, Потанин карттарға мәңгі борыштымыз. Бұлар жаңып тұрған шырақ, жолын қуған талапкер жастар адаспас.

М. Д.

«Қазақ», 31 октябрь,1915 ж., №155.

ҚОСТАНАЙ ҮЙЕЗІНЕН

Қостанай жәрмеңкесіне бірсыпыра болыстар, мырзалар келген екен. Бұларға газетамыздың жай-күйінен мағлұмат берілді. Дүниеден хабарсыз, үйінде жатқан қара шаруа болмаса, ақ үстінен қара таныған атқамінер азаматтар газетаның керектігін түсініп қалғанға ұқсайды. Бірақ салақтық, орынсызға жомарт, орындыға сарандық бөгет бола беретін сияқты. Егер басшылары қарашыл болмаса, қосшылар табылатын көрінеді.

Қарабалық болысы Сайым мырза Қадыров, Аманқарағай болысы Мұқаш қажы һәм Дамбар болысы Дүйсембай ақсақал мынадай басшылық қылысты. «Азамат» серіктігіне әр болыстан 3 серіктен жазылалық һәм қол астымыздағы талапкерлерден 50 кісіден газета алушы табалық деп. Бұл қаулыларын орнына келтірді, аз-кемін елден жіберуге уағда берісті. Бұл қаулының жолынан табылған басқа да болыстар да болды. Мысалы, Бестөбе, Кеңарал, Обаған, Арақарағай болыстары һәм өзгелер.

Қазір қай елден, кімдер «Азамат» серіктігіне қосылғаны осы нөмірдегі есептен көрінеді.

«Азамат» серіктігіне һәм газетаға жазылуға уағда беріп, жұмыстарын елден бітірмекші болған болыс, мырзалардың ұлт ісіне көрсеткен қызметтерін кезінде жазармыз. Жәрмеңкеде болмаған, болса да көрісе алмай қалған болыс, мырзалар да бұл іске шабандық қылып қалмас деп ойлаймыз. Жұрт ісіне ықылас көрсетіп, өзгелерге өрнек болған Қостанай болыстарына һәм мырзаларына Тәңірі жарылқасын айтамыз!

Міржақып.

«Қазақ», 1915 ж., №238.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА ҺӘМ СОЛДАТТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Бүгін, 9 февральда Г. Дума ашылады. Думаның ашылуы көптен күтілсе де, түскен бас министр Горемыкин ұзын сонарға салып, кешіктіріп келіп еді.

Думаның қаншаға созылуы әлі белгісіз. Сөйтсе де, бұрын ойлағандай, жалғыз бюджетті қарап тарқамай, соғысқа қатысы бар мәселелерді һәм ішкі саясат істерін де тексеріп, закон шығарумен де шұғылданар деп жорылады. Бұлай болу-болмау тетігі һүкімет пен Дума көпшілігінің келісуінде. Келісу бола ма, жоқ па – қазір білінбейді. Дума ашылуы жария болғаннан бері түрлі партиялар өзара кеңесіп, Думада қандай ереже қолдануды сөз қылысты. Партия көсемдері һәм депутат ақсақалдарының қара жарысында сол жақ партиялардың ережесі, қорытып айтқанда, мыналар:

1. Земство. 2. Кооперация. 3. 1890 жылғы земский положениені өзгерту. 4. Арақ ішуді түпкілікті жоғалту. 5. Земство һәм қала ұйымдарының сиезі. 6. Бұратана жұрттардың правосын теңгеру. 7. 1907 жыл 3 июнь законы бойынша депутаттықтан мақрұм етілген жұрттардан депутат алу. 8. Түрлі бостандықтар. 9. Саяси айыпкерлерге азаттық. 10. Матбұғатқа бостандық. 11. Жиылыстар, қауымдар жасауға еркіндік. 12. Финляндия Конституциясын қайтару. 13. Жер билігі мәселесін әділшілікке тура шешіп, 9 ноябрь законын өзгерту. 11. Дінде еркіншілік. 15. Г. Думаның һүкіметке запрос жасауын күшейту һәм басқалар.

Бұл жобалар түгелімен Думада қарала ма, жоқ па, күн бұрын тамақ ісірмей, кезінде көретін нәрсе. Думадан ойлағандай пайда күту жалғыз һүкімет бастығының аты өзгеруде ғана емес, һүкімет саясаты толық тілегіне муафиқ түрде өзгеруінде. Қазір кісі аты өзгергенмен саясат өзгерген белгісі білінбейді.

Һүкімет Думаның бұл мәжілістеріне соғысқа қатысы бар бірсыпыра закон жобасын кіргізбекші. Бұлардың ішінде қазақтан солдат алу жобасы болуы да ықтимал.

Қазақтан солдат алады деген сыбыс күзден бері естіліп келеді. Қазақтан қазір осы соғыс үстінде солдат алу мүмкін еместігі, қазақ халқы қамсыз жатқандығы, анық жасын білерлік метірке жоқтығы һәм басқа себептер де газетімізде кезінде жазылған еді. Думада өзімізден депутат жоқтығы, солдаттық мәселесі секілді зор мәселені қатесіз шешетін

қазақ жайын білетін депутаттардың кемдігі де айтылған еді. Бірақ газет жүзінде ғана айтылған тілек, жазылған сөз тиісті орындарға өздігінен жетпейтіні белгілі. Бұл тілектерге ие болып, жалпы жұрт қара көрсетіп, қам қылғандығы білінбейді. Тағдырға тапсырылып, жай жатқан түрі бар. Солдаттық туралы қазақ халқының пікірін, тілегін һүкіметке, Думаға жеткізу үшін олармен сөйлесіп, жай-жапсарды түсіндіру үшін әр облыстан бірер өкіл баруы тиіс еді. Бұл істі қалың қазақтардан күту, қашпаған қашардың уызына қарағандай болатын болған соң, Дума ашылуға қарсы Самардан Әлихан Бөкейханов, Орынбордан Ахмет Байтұрсынов, Ақтөбе үйезінен Нысанғали Бегімбетов 3 февральда Петроградқа жүріп кетті.

Солдаттық мәселесі туралы қазақ даласының әр тұсынан жиналған пікір, тілек бір ізден шығып тұр. Мысалы:

1. Қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау.

2. Солдат алудан бұрын метірке түзеу үшін мүфтилікке қарау.

3. Лажсыз альнатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, казак-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу.

Қазақ атынан сөйленетін тілек, берілетін докладтың негізділері осыларға құрылып, баяндалмақшы.

М. Д.

«Қазақ», 1916 ж., № 168.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА

Г. Думада һүкімет һәм түрлі партия депутаттарының айтысы бітіп, енді мемлекет бюджетін қарауға кірісті. Думада екі жақты сөйлеген сөздері газетімізде түгел болмаса да, өткен нөмірде ең маңыздылары басылды. Ол сөздерде һүкімет саясаты һәм сыры байқалды. Алты партиядан құралып, Думада көпшілік жасаған ілгері адым блок баяндамасынан халық тілегі һәм һүкімет саясатына қандай көзбен қаралғандық көрінді.

Соғыс басталғалы Дума осымен төртінші рет жиылып отыр. Алғашқы екі жиылысы бірнеше күндік болып, тек жауға бел көрсетіп, халықтың рухын көтеріп қана тарқаған еді. Үшінші рет жиылғанда, Дума іске кірісу талабында болып, жауды жеңу үшін мемлекет ісін қолға алып, халықтың көңілін табуға, қажетін өтеуге ойланса да, сол

мақсатпен Думадағы зор партиялар ұйымдасып, блок жасаса да, кешегі түскен бас министр Горемыкин Дума тілегіне қарсы түсті: «Біз сендердің жәрдеміңе мұқтаж емеспіз, сендерге тізгінімізді беріп, бас изеп отыра алмаймыз» деген мағынада шалқайды. Бұған халық өкілдері де еңкейе қоймады. Өздерінің ережесін көлденең тартып, осы бойынша іске кірісейік деп һүкіметті шақырды. Бұған һүкімет иілікпеді. Сонымен арадағы жік ұлғая берді. Кешікпей ол Дума таратылды. Сонан бері алты ай өтті. Ақырында Горемыкин кетті. Штурмер келді. Дума жаңадан ашылды. Мұның алдындағы Думаның жабылуына, бұл Думаның ашылмауына көп еңбек сіңірген Горемыкин түскен соң, енді бұл Дума ұзаққа созылар, баянды болар деген үміт бар еді. Бірақ Штурмер де алдыңғы арбаның ізімен кетіп, һүкімет пен Дума бір ережеге қол қоя алмай тұр.

Дума көпшілігінің тілегі: һүкімет халыққа қарсы қолданған саясат негізін өзгертсін, билеушілер халыққа сенімді һәм халық өкілдері алдында жауапты болсын. Бұл болмағанда, істің ақырынан қайыр күту қиын деген еді. Бұған һүкімет жылы шырай бермеді. Сонымен екі жақ құрғақ арбасу жолында. Саясат бұл күйде тұрғанда, Думадан қанша пайдалы қызмет күтілуі де белгілі, ақыры не болар. Бұл Думада біздің қазақ халқының құлағын түріп тұрған бір мәселе – солдаттық мәселесі. Бұл туралы Думаның 15 февраль мәжілісінде депутат Антонов мынаны сөйледі:

«Закон бойынша әскерлік қызметінен бұл күнге дейін азат болып келген халықтар бар. Бұл сұрапыл соғыста мемлекеттің барлық күшін біріктіру қажет болып тұрғанда, қару көтеріп соғысқа жарарлық миллиондаған халықтан солдат алынбау дұрыс емес.

Г. Дума мұнан бұрын үш рет айтты, бұл халықтардан өзгелер қатарында солдат алуға һүкімет закон жобасын жасаса екен деп. Міне, сонан бері бірнеше жыл өтті. Һүкімет әлі күнге шейін біздің сұрауымызға жауап берген жоқ. Г. Думаның тілегі орындалған жоқ».

Антонов Г. Думаның ол тілектерін жариялауды мүмкін таппайды. Өйткені бұл тілектер Думаның жабық мәжілістерінде айтылып еді дейді. Думада қазірге шейін солдаттық мәселесі туралы мұнан басқа сөз болған жоқ.

М. Д.

«Қазақ», 1916 ж., № 170.

ҚАЗАҚҚА АШЫҚ ХАТ

(Мал есебі туралы)

4 мартта министрлер кеңесі келер 1 майға шейін патша қол астындағы елдердің малы жазылсын деп қаулы қылып, мұның шығынына 1 млн 760 мың сом ақша шығарылсын деді.

Міне, жиырма ай созылған дүние соғысы көп етті жем қылды. Бұрын ел аман, жұрт тыныштa бір мұжық бір жылда 50 қадақ ет жейтін еді, соғысқа барған солдат күніне бір қадақ ет жейтін болды. Әскер, қасына ерген қосшы-қолаңымен, 20 миллионнан артса керек. Күннен-күнге бұлардың саны артып барады. Мал бүйтіп жылдам өспейді. Біздің патшалықта қаладағы жұрт 15 процент яғни әрбір жүзден 15 еді. Соғыстан бұрын біздің патшалық жұрты 160 миллионнан астам болатын. Қала адамы бұрынғы ет сыбағасын жеп отыр. Арақ тоқталғаннан соң, мұжық қалтасында жылына 700 мың сом ақша артық қалды. Қалтада ақша болған соң, мұжық та күнде ет жейтін болды. Қолымда ақша бар деп, мұжық қалаға мал сатуын сарандатты. Базарға салатын мал елде әскерге алынатын болды. Қала базары сататын малсыз қалды. Осы себептермен қалада ет, май 2–3–4 есе қымбаттады. Қала адамының кедейі еттен қалатын болды. Ет туралы бізбен соғысып жатқан неміс көргені бізден неше қайтара қиыншылық. Онда жыл асты, жетіде 2 күн жұрт етке тегіс ораза. Енді бір жетіде неміс 4 күн ораза қылады деген қауесет бар. Бірер күн етке ораза болады деген бізде де естіледі. Мұнан басқа жас малды союдан тыятын закон шықпақ деген де еміс-еміс естіледі. Осымен біздің һүкімет патшалықтағы мал есебін білмек. Бұлай болған соң, біздің қазақ малы да жазылады. Мал жазғанда, қашаннан біздің қазақ малын жасыруды үйреніс қылған. Жаңа заман – тарқы заманы, бұл кезде ұрланып жүріп, 5 млн жұрт күн көрмейді. Ұрлық түбі қорлық, 240 млн десятина жерде 5 млн жұрт отырып, құп-қу болса, жер пайда қыла білетін ерге берілсін деген де сөз болмай қалмайды. Келешек уақыт қатын-бала, тұқым қамын қазақ жұрты саясат жолында еске алса, мына жазғанда малды жасырмасын.

Ауылдағы абыр-сабыр жаяу жамандық, арамзалықты тоқтатыңдар! Қазақта бар мал жазылса, біздің патшалық

байлығы қуатты болып көрінуіне себеп болады. Бұ да жауға бел көрсеткеннің белгісі, бұ да көмек болады.

Қыр баласы, Ахмет, Міржақып.
«Қазақ», 1916 ж., № 174. (4945)

НАДАНДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Қазақтың көбіне «театр» деген сөздің өзі жат. Театрдың не нәрсе екенін оқығандар һәм қала қазақтары ғана біледі. Соңғылардың да көбі театрды тек еріккен кісі көңіл көтеруге тамаша қылатын мағынасыз ойын-күлкі орны деп қана түсінеді. Театр кітабы әдебиеттің бір мүшесі екенін, оның өз алдына мағынасы, пайдасы зор екенін білуші кем.

Әдебиеттің бір саласы болған театр кітабынан бұрын біз әуелі әдебиетіміздің не күйде екенін ескеріп өтейік.

Халық әдебиеті өз алдына тұрсын, біздің жаңа түр – жазба әдебиетіміз көз алдымызда. Әдебиетіміздің жаңа дәуірі енді басталды, әлі жас, түсі солғын, еркін төселіп кеткен жоқ. Тұрмысымызды, салтымызды айнадай ашық түгел көрсетерлік суретті әдебиет әлі туған жоқ. Проза – «қара сөз» әлі дәуірлей алмай тұр. Әдебиетіміздің байырақ жағы – өлең. Бірақ өлеңшіміздің санына қарағанда, өлеңіміз мағына жағынан өте аз. Соңғы жылдарда шыққан ақындардың көбі біріне-бірі еліктеп, бірінің ізін бірі басып, өз бетінен жол сала алмай, кестесіз, сұрықсыз «ұйқасты сөз» шығаруды таңсық қылып кетті. Ұнамды бір өлең шықса, оны еліктеуші он «ақын» шықты. Бұлар әлгі өлеңнің сыртын өзгертіп, сөздерін ілгері-кейін ауыстырып, құлақ-мұрнын шұнтитып, домалақ кеудесін ғана алдына салатын болды. Мұнымен бір ақын он болған жоқ, бір ақынға он ұры ғана табылды. «Әдеби ұрлықтар» туралы тағы бір кезі келгенде жазылар.

Жылқы біткен дүлдүл болмайды, құс біткен бұлбұл болмайды, адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнпаз, ақын, данышпан болып туа бермейді.

«Күйсіз көңіл жүрмейді» деген бар. Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды. Туысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді. Біреудің табиғатында

шешендік бар екен, ол адам заң ғылымын оқитын болса, жүйрік адвокат, кемеңгер би болып шықпақшы. Әркім әр нәрсеге әуес. Мұндай адамдар оқығанда да өзі сүйетін табиғатындағы зеректігіне жол ашатын ғылымды оқыса, сонда ғана әр баптан білімді адамдар шықпақшы. Ғылым жолында ілгері кеткен жұрттар бұл жағын өте ескереді. Баласының зейіні не нәрсеге бейім болса, сол ғылымды оқытады. Бұл күнге шейін бізде мұны ескерген қазақ жоқ. Сондықтан бізде оқыған көп, ғалым жоқ. Хатшы көп, жазушы жоқ. Арызшы көп, адвокат жоқ. Сөйлеуші көп, шешен жоқ. Бізде өнер, ғылым, әдебиет кенде қалып тұрған себебі де осы, бұл баптарда «өз кісілері» болмауы да сол деп ойлаймыз.

Енді театр кітабына келелік.

Екі-үш жылдан бері тұрғын қазағы бар шаһарлардың үйінде қазақша әдебиет кештері жасала бастады. Университетті қалаларда басқа мұсылман студенттерімен араласып, біздің қазақ студенттері де шарық кештерінде қазақ бөлімін кіргізе бастады. Бұлардың бәрінде де өлең айту, ән салу, домбыра тартудан басқа нәрсе жоқ еді. Сондықтан соңғы кездерде қазақша театр кітабы болса деген тілек барлығы сезіле бастаған еді. Қазақ театры, қазақ артистері болуға әлі ерте екендігі әркімге белгілі болса да, театр кітабының керектігі де ерте деуге болмайды. Әлгідей әдебиет кештерін түрлендіру, толықтыру һәм қызықтырақ қылу үшін бірер тәуір театр кітабы керек еді.

Сөйтіп, театр кітабын керексініп тұрған кезде газеттерде жарияланған Көлбай Тоғысов «Надандық құрбаны» атты үш перделі драма шығарды деген ығлан көрінді. «Надандық құрбанының» ішкі мағынасына кіруден бұрын, сыртын қарап өтелік. Кітап 40 бет. Мұның 26 беті өленмен толған, 14 беті ғана драмаға арналған. Біреудің кітабын сынағанда шығарушының кім екенінде жұмысы болмауға тиіс. Сөйтсе де, бұл кітаптың шығарушысын еске түсірмеске мүмкін болмады. Өйткені мұнда «көлбайлық» көзге түртіліп, «мен мұндалап» тұр. Олар мынау:

1) Кітаптағы өлеңдер әркімнің өленінен құралған құрақ. Байқап отырған кісі, ақ шүберек кімдікі, көк шүберек кімдікі екенін танырлық.

2) Болмаған оқиғаны жазыпты деп жұрт сенбес дегендей сезіктеніп, ел ішінде мұндай істердің болатындығын айтып келіп, «сөз басында» (*9-бет*) Көлбай жазады: «Алты қатыны бар бір шалдың үйіне қондым. Кешке жатқанда алты

қатынын төр алдында бір көрпенің астына жатқызып, есіктің ішкі жағынан құлып салып, кілтін жанына алып, өзі кереуетке жатты. Осындай шалдар Зайсан үйезінде жүзден аса бар», – дейді.

Көлбай ол шалдың үйіне қондым десе де, бұл оқиғаның рас болуы өте шүбәлі. Өйткені кедей адам алты қатын ала алмайды, бай болып алты қатыны болса, бәрін бір үйге қамап отырмайды. Ал қамағаны рас болсын, сонда Көлбайдың өзі қайда жатты екен. Босағада ма, иә шалдың қойнында ма? – деген ойға қаласың.

3) Драмадағы аты аталған адамдардың көбі Зайсан үйезіндегі белгілі адамдар. Көлбай бұлардың аттарын өзгертпестен жазған. Әрқайсысы «ақымақ, надан...» деген сөздермен сөгілген. Бұлардың көбі Көлбаймен тұз-дәмі жараспаған адамдар, сондықтан Көлбай оларды «кітапқа шығарып, жұртқа масқара қылып мұқатқаны».

Біздің «көлбайлық» дегеніміз осылар. Енді драманың ішкі мағынасына келелік. Бірнеше кісіні сөйлестірумен, біреуді үйден шығарып, біреуді үйге кіргізумен, біреуді ауыртып, біреуді өлтірумен драма болмайды. Адам суретін саламын деп құлағын есектікі, көзін адамдікі, тұмсығын құстікі секілді қылып салса, ол дұрыс сурет емес, балалар қорқатын «құбыжық» болып шығады.

Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айтпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанында көріп тұрғандай боласың. «Надандық құрбанында» мұның бір нұсқасы жоқ, байлаусыз-матаусыз құр сөз, бірінебірі қалаф оқиғалар көресің.

Кітаптың қысқа мағынасы мынау:

Байжан деген болыстың үйіне Сүлеймен атты өтірік дәрігер келеді. «Пайғамбардың сілекейі» деп, кәмпиттің қадағын бір қойдан сатады. Байжан болыс мұны бала таппаған қатынға бала таптырады дегенге алады. Байжандікіне фельдшер келеді. Байжан баласына шешек ектірмейді, бала шешектен өледі. Байжанның бір тоқалы баладан өледі, албастысын қағамын деп, оны бақсы ұрып өлтіреді. Сол елде Аспандияр деген оқыған жігіт болады. Мұның үстінен болыс приговор жасап, «Аспандияр хакімдерге пара берме» деп айтты, «осыны бізден құтқар» деп хакімдерге шағуы бойынша, қайнына келіп, қалыңдығын алғалы жатқанда Аспандиярды бес жылға жер аудартуға ұстатады. Сонымен драма бітеді.

1. «Пайғамбардың сілекейі» дегенге нануға кәмпитті танымайтын қазақ кем болар. Оның үстіне, Байжан өзі болыс, ондай-мұндайды көрген адам, тіпті нанбаса керек.

2. Байжан болыс «пайғамбардың сілекейін» баласыз қатынға бала таптырады дегенге қуанып, екі қойға сатып алды дейді. Ал Байжан балаға зарлы кісі еместігі көрініп тұр.

3. Байжандікі фельдшер келгенде баласына шешек ектіруден қорқады, бала соңынан шешектен өледі. Ал кітапта «былтырғы балаларға шешек еккен фельдшер келді» деген сөз бар. Олай болғанда, Байжан фельдшерден қорқатын кісі емес, ауылының балаларын сол фельдшердің өзі былтыр да егіп кеткен болатын.

4. Байжан болыс өтірік дәрігерге: «орыс қазақты енді мынадай айламен шоқындырғалы жатыр, болыс басы школға екі бала жібер деп қазақ болыстарына бұйрық келді, мұның бәрі де шоқынады ғой, амал бар ма! Біз кедей адамның балаларын бергелі жатырмыз», – дейді. Қазақ баласы орысша оқыса, шоқындырады деп қорқатын заман екен. Сондықтан бұл күнде болыс басы пәлен бала бер дейтін бұйрық та қалған, кедей балаларын жалдап беру де қалған. Мұндай іс Көлбайдың бала күнінде болып өткені рас.

5. Байжан қалаға Аспандиярдың үстінен бір шабарманы арқылы арыз жіберіп, «Мына 150 сомды пәлен төреге, мынау 50 сомды түген төреге бер» деп тапсырады. Осылай пара беру бола ма?

6. Аспандияр біреудің қызын алмақшы болады. Той қылады. Жастардың никахын баяғы алдаушы ноғай дәрігер Сүлеймен оқиды.

Көлбай Аспандиярды оқыған, ашық пікірлі жігіт қылып көрсеткен, олай болса алдаушыға Аспандияр никахдарын оқытпаса керек.

7. Аспандияр қалыңдығының қасына қонатын күні қаладан екі стражник келіп ұстайды. Мұны болыстың арызы бойынша: «Аспандияр хакімге пара берме деп айтады» дегені үшін бес жылға жер аударған.

«Пара берме» деушіні жер аудармайды һәм сол секілді арыз да берілмейді.

Көлбайдың драмасы осы!

Мұнан басқа да ерсіліктері, дұрыстыққа хылаф орындары көп. Бәрін тізуге мүмкін емес. Сөйтіп, тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды.

Ұзын сөздің қысқасы, Көлбай драма жазудың орнына өзі драманың батыры (*геройы*) болып кірсе көркемірек болар еді.

Мадияр.
«Қазақ», 1916 ж., № 175.

ҚАРҚАРАЛЫ ҮЙЕЗІНЕН

Кент елі – Кент тауының күн шығысында, Қаркаралыдан 70 шақырым жерде, ауру түсіп жазылатын «тұзы ащы» көл бар. Біраз жылдан бері науқас адамдар басына үй тігіп жатып, суына түсіп, жазылып қайтатын болды. Суы қаһарлы суық, июнь-июльде ғана түсуге болады. Бөрікті сор бұлағы сияқты, «тұзы ащы» көлдің асты ерімейтін мұз болса керек[1]. Бұл көл иесі ағаш үй салып, жылы ванна жасаса, көп кісі келіп, суға түсіп, төлеп, жұртқа кәсіп болар еді. Неміс жұртының күн көргені осындай көл. Мұны қылар бізден ер табылар ма?

Мадияр.
«Қазақ», 1916 ж., №175.

ОПАТ

Том губерниясы, Земногорский үйезіндегі қазақтардан Халел Меңдібайұлы жаңада опат болды. Марқұмның батасынан екі ірі қара оқу жолына шығарылып, оны сатқандағы ақшасынан 23 сом 62 тиын медресе «Ғалиядағы» қазақ шәкірттерінің мұқтажына берілді, қалғаны өзіміздің мектебіміздің пайдасына берілді. Марқұмның Алла тағала топырағын жеңіл қылсын!

Мұғалім М. Д.
«Қазақ», 1916 ж. №175.

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ

Міне, дүние жүзіндегі халықтардың көбі соғысқа кірісіп, қанға боялып, шаруасы күйзелгеніне екі жыл толып,

---

[1] А.Н. Седельников тапты. Қаркаралы үйезіндегі «мұзды бұлақтың» асты ерімейтін мұз екен *(Ескерту мақала авторынікі – Ред.).*

үшіншіге айналды. Бұл сұрапыл соғыстың жуан ортасында, өзіміз қараған, Россия мемлекеті тұрғандығын білесіңдер. Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамнан майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғызынан, біреу аяулысынан айырылып, шаруа болса күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шалдың көз жасы көлдей болып отыр. Бірақ жаудан жеңілсек, көретін күніміз онан да қараң деп, Отанын қорғауға амалсыз көніп отыр. Сол екі жылдан бері біздің халық мал шығыны болмаса, бас шығынын көрген жоқ еді. Бірақ бір шырпыдан тұтанған от өртке айналып, маңайын шарпып, жалынын бізге де тигізді. Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың ылаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ «басқа келген пәледен бастан құлақ садаға», елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма? Отандастарымыз – орыс халқы, діндес-қандастарымыз – ноғай халқы һәм сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біз бас аман қыламыз десек, «сенің жаның кімнен аяулы еді, мемлекет басына келген жақсылық-жамандық бәрімізге бірдей ортақ емес пе?» деп басқалар айтпай ма? Бұған біз не дейміз, мұнан біз қайтып құтыламыз?

Ал ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, ендігі ойлайтын нәрсе осы. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбеймін деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (*Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді.*) Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған һүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, һүкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болыс, писарлары өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілері абақтыға жабылды, сотқа байланды, мәселен, Торғай, Орал облыстарында. Арыз айтқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді, мәселен, Ақмола, Жетісу облысында. Хакімдер қайда қарсылық қылды деген елдердің адамдарын

атты, «қазақ айыптымен» қорқытып ала бастады, мәселен, Қостанай үйезінде. Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное положение иғлан етілді. Военное положениені жұртқа келген бір опат деп білу керек. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық белгісін көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге елге де болмай қалмайды.

Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген.

Ал енді, көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар әділдікпен списокті өздері түзеп беруі керек. Мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей деп бұрылмай, сатылмай, дұрыстықпен іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алалықты, партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Ерікті өздеріңе бергенде, дұрыстап іс қыла алмасаңдар, һүкіметке соңынан өкпелеуге болмайды. Список шатақ екеніне көзі жетіп отырған хакімдер, қазақ өзі дұрыстықпен список түзеп тапсырамын десе, рұқсат берер.

Екінші істейтін нәрсе – көніп отырып сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелмен һүкіметтен сұрау керек. Бірақ мұндайда біздің қазақ петерборшыл болатын әдеті. Бұл іс туралы Петерборға шабудан пайда жоқ, онда барып сөз тыңдату қиын. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген, ел басына мұндай ауыр іс түскенде, кімде-кім жырым жегендік қылмау керек, өз пайдасын қою керек. Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ.

Біз естиміз, елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр дейді, бұлары – қате. Болыс пен ауылнайда ерік жоқ, бұйырды – орындады. Бірақ болыс, ауылнайлар да орынсыз басып-жаншып кетем демей, халықты шиелендірмей, ақша алып, біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызметін атқару керек. Бұл жұмыстан ақшамен сатылып қаламын деушілер де болмасын, жұрттың бәрі ақшамен қалуға болмайды, бұл

елге жақсы үлгі емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық.

Міне, жұртқа тегіс кеңшілік берілді. 15 сентябрьге шейін қазақтан кісі алынбайтын болды. Енді жұрт шошынбай, желікпей шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгертіп алу керек. Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Қатын-баланың да қамын ойлаңдар!

Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда еккенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов.
«Қазақ», 1916 ж., № 192.

ҚАЗАҚ ЖҰРТЫНА

Біз естідік, мына қазақтан соғыс майданына жұмыскер алады деген хабар шыққаннан бері ел арасында кейбіреулер біздің атымызды сатып, Ахмет, Әлихан, Міржақып хат жазыпты, солар соғысқа кісі берме депті деп, жұртқа сөз таратып жүр дейді. Бұл бекер. Біз ешкімге ондай хат жазғанымыз жоқ. Осындай өсектің барлығынан болса керек, 30 июльде жандармский управлениенің бұйрығы бойынша Міржақыптың пәтерінде һәм «Қазақ» басқармасында тінту болды, хаттар, телеграммалар алынды. Жоқ нәрсе бар болмайды, істемеген ісіміз істелген болып шықпайды, жазбаған хат жазылған болып табылмайды. Шын орнын таппай қоймайды. Бірақ өтіріктен қазаққа келер пайда жоқ. Қазаққа бұл туралы не қылу керектігін 8 июльде шыққан «Қазақтың» 188 нөмірінде жазғанбыз һәм сонан бері патша жарлығына қарсылық қылмай, орнына келтіру керектігін газетіміз арқылы алты алашқа жариялау жолындамыз. Біздің мұнан басқа бүгіп отырған сырымыз, ақылымыз жоқ. Хатпен кісі пікірін жұртқа тегіс жая алмайды, жұртқа тегіс тарайтын, неше мың болып жұмасына басылып шығатын газеттегі сөз екендігі әркімге таныс болған шығар. Сондықтан газеттегіден басқаға сенбеңдер һәм көнбе деп біз жазды деген хатқа екі бастан сенбеңдер. Біз ондай сөзді айтпаймыз.

Ахмет, Әлихан, Міржақып.
«Қазақ», 1916 ж., №192.

МЕДРЕСЕ «ҒАЛИЯ»

Уфадағы медресе «Ғалияның» ашылғанына биыл он жыл толып, он біріншіге кетті. Биылғы оқуы қашан басталатыны, медресенің программасы һәм кіру шарттары газетіміздің өткен нөмірінде басылды. Медресе «Ғалияны» естімеген қазақ жоқ, қазақ даласының қай жерінен болса да, он жылдың ішінде медресе «Ғалияда» оқыған шәкірттер бар. Осы күнгі қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі – медресе «Ғалияның» жемісі. Медресе «Ғалия» – мұнан он жыл бұрын осы күнгі мудирі Зияддин хазіреттің ыждиһаты-мен һәм ұлтына қызмет етуді борыш көрген жомарттардың жәрдемімен ашылған медресе. Жылдан жылға дәуірлеп, мұсылмандарының бірінші медресесі қатарына қосылуына себепкер болған да – әлгі ашушы Зияддин хазірет. Былтыр медресе «Ғалияға» пұл жәрдемін беріп тұрған кейбір байлар бөлініп кетті, осы туралы кезінде жазғанбыз. Бірақ онымен жігерлі Зияддин ыждиһаты сөнген жоқ, он жыл ұлтына еткен зор қызметінің қадірін білушілер табылды: былтырдан бері тұс-тұстан жәрдем қолын созушылар көтермелеп тұр. Бірақ басымыздан кешіп тұрған ауыр күндер тағы да көп жәрдемге мұқтаж қылғандай түрі бар. Жарты миллион қаржы бар Орынбордағы медресе «Хусаиниялар» заманының ауырлығын көтере алмай жабық тұрғанда, медресе «Ғалияның» дәуірлеп тұрғаны басқарушыларының ерлігі, бір жыл, бір ай да болса, ғылымға сусап тұрған жас буынды мақрұм қалдырмайын дегені.

Медресе «Ғалия» ноғайдікі болса да, қазаққа бөтендігі жоқ. Он жылдан бері қанша қазақ баласы кірсе де, есігі ашық болған, мұнан кейін де иншалла жатырқайтын емес. Сондықтан пайдасына ортақ болып отырып, шығынына жоламауымыз зор кемшілік, үлкен ұят. Медресе «Ғалия» секілді медресенің жоғын білеміз, даяр медресеге жәрдем ету өз алдына медресе ашқаннан мың мәртебе жеңіл.

Көзі ашық азаматтар! Хайыр ихсаны кесілмеген байлар! Медресе «Ғалиядан» оқып шыққан жігіттер! Мынау медресе «Ғалияға» хал-қадерінше жәрдем ету, білмейтіндерге түсіндіріп, медресенің күшеюіне қам қылу – сіздерге зор борыш. Қазақтан бір тиын көмек болмаса да, медресе «Ғалия» қазақ баласын құмас, бірақ өзіміздің елдігімізге таңба болар!

Міржақып.
«Қазақ», 1916 ж., № 193.

БІЗДІҢ ЕЛ

7 августа Орынборда Торғай облысының ақсақалдары һәм шет облыс өкілдері қазақтан қызметке кісі алынуы жайын кеңескенде, қазақ халқы патша жарлығына мойын ұсынғандығын білдіріп, жеңілдік мәулет сұрамақ болып, 18 бап тілек баян қылғандығы оқушыларға мағлұм. Бұл қаулыға жалғыз-ақ Торғай үйезінің ақсақалдары қосылмады, дәлелдері: «Бізді еліміз көніп кел деп жіберген жоқ, құтылу жағын ізденуге жіберді, жеңілдік сұрасақ көнген боламыз», – десті. «Көнбейміз» деу жолсыз екендігін, «көнеміз» деп тұрған елдер де жаңы аяусыздықтан көнейін деп тұрған жоқ, заманына қарай амалы асса – Отан басына түскен ауырлыққа ортақ болып қалды, жалпы қазақпен не көрсе де бірге болу, бүгінгіні ойламай, істің түбіне де көз жіберу еді. Біздің Торғай ақсақалдары бұл мәслихатқа құлақтарына қорғасын құйғандай керең болды. Көсемдік қолдан келмесе де, мұрын жырарлық тартыншақтықтың қажеті жоқ-ақ еді.

Орынбордан Торғай ақсақалдарының бір парасы елге қайтып, біразы «ізденеміз» деп Мәскеу кетті. Бұлар да «Арыз беріп қайттық» деп, кешікпей елге қайтты.

«Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып...»

Қабірің нұрға толып, рухың мәңгі рақатта болсын, марқұм Абай!

Торғай ақсақалдарының, «еліміз көнбей жатыр, біз де көнбейміз» дегенін білген соң, губернатор әскер алып, 1 сентябрьде Торғай қаласына келді. Губернатор келуіне қарсы, шақырғаны-шақырмағаны бар, бес-алты жүз кісі жиналды. Губернатор халыққа патша жарлығын баяндады. Ақсақалдар үш түрлі тілек тіледі:

1. Мүмкін болса қызметтен азат болсақ екен;
2. Болмаса кісі орнына ақша алынса екен;
3. Тіпті болмаса келер майға дейін мәулет болса екен.

Губернатор бұл үш тілектің біреуін де бере алмайтынын білдірді. Біреуі қолынан келмейтінін, жарлық патшанікі екендігін түсіндірді һәм халыққа наразылық баян етіп, зілдізілді сөздер айтты. Біздің пікірімізше, ол ауыр сөздерді

айтқызған–қазақтың өзі. Губернаторды осы жолы шақырып келгенде, Орынбор барып келген ақсақалдардан губернаторға арыз айтқан ақсақалдардың бірі: «Тақсыр, сіз ағланыңызда «Қазақ халқы малымыз түгіл, басымызды аямаймыз, патшаның шын қарашысымыз деп айтты. Соны патшаға сан рет доклад қылдым»,–депсіз. Біз мұны сізге қашан айтып едік?»–деді. Мұнысы – «Айласыз ер аранға ұшқан». Бірақ мұны біз халық сөзі емес, айтушының өзінше теріс түсінігі деп білеміз. Губернаторға мұнан не мағына бергенін білмейміз.

Губернатор халыққа айтты: «Естимін, ел арасында кейбіреулер жалған хабар таратып жүр екен. Қазақтан алынатын жігіттерді шепке ұстап, қырғызады екен деп. Бұл бекер, жауыз ниеттілердің шашқан сөзі. Бұған нанбаңыздар: патша адам түгілі төрт аяқты малды да аяйды. Сендер орынсыз желікпеңдер. Мынау тұрған әскер жауға қарсы жіберілетін әскер еді, қазір сендерге айбынға әкеліп тұрмыз. Сендер немістерден де жаман болдыңдар. Бірақ онымен құтыла алмайсыңдар. Ризалықпен көнбесеңдер, күшпен болса да көндіреміз,–деді. Неміс жеңсе, орыс халқына ауырлық түсер, бірақ сендерге жеңіл болмас»,–дейді губернатор.

Торғай үйезінен қашан кісі алатынын белгілеп, губернатор 3 сентябрьде Торғайдан қайтты. Торғай қазақтары 40 мың соммен төрт адамды патшаға жіберуге қаулы қылып, тарқады. Соңынан Петроград барушылар көбейіп, ақша да өскендігі білінді. Петроград баратындар 7 кісі болды: Смағұл Төкеұлы, Сейіл Қабақұлы, Ғабдірахман Иманқұлұлы, Тоймұхамет Көтібаруұлы, Бижан Тоққожаұлы, Смағұл Тоқмұхаметұлы һәм Жәкен Сүтемгенұлы. Бұл ақсақалдар Қостанай, Троицкілетіп Орынбор келді. Мұнда губернаторға «арыз айтып», Петроград жүрмек, патшамен жолықпақ. Бұлармен бас қосуға патша уағда бергенін білмейміз. Әйтеуір жұрт Петроград баруға тым-ақ құмар. Ақша жағына келсек, жұрт басы аман қалатын жағына мал аямайтыны рас. Бірақ халықтың дағдаруын пайдаланып, бір айлық жолға кісі басы 10 мың сомнан қаражат алуы біздің қазақтың ғана қолынан келетін іс. Бір кісіге бір мың сом да азық болуға жараса керек еді, бір мың сом бір кісіге бір айда күніне 33 сом. 9 мыңға жол болсын! Ізденушілердің мұнысы «Ертең қиямет болады, малдың не керегі бар» деп Қожанасырдың жалғыз қойын алдап жегеннің кейібі емес пе?

Заман бұл күйде тұра бермес, түстен кейін болса да халықтың есі енер. Алды-артына қаранар. Сонда кім дос, кім қас екенін байқар. Кім жұртты бүліншілікке салмау жолында, кім елдегі момын шаруаны желбуаз қып, аспандағы айдан дәмелі қылып жүргенін аңғарар. Аз күнге халық шыдаса, біз де шыдадық.

Мадияр.
«Қазақ», 1916 ж., № 198.

ОРЫНБОР

Ақтөбе үйезінің Тұзтөбе болысынан алынған 260 һәм Екінші Бөрте болысынан алынған 291 жұмысшы Орынбор келіп жатыр еді. 30 октябрь күні бұларды Оршаға жөнелтпек екен, олар жатқан бараққа барып жолықтым. Бұларды Ақбұлақта қарап алған комиссия ауруына һәм жасының артық-кеміне онша ілтипат етпеген көрінеді. Мысалы, Екінші Бөрте қазақтарынан Қалыбай Отар баласы құлақ-тілсіз, Сұлтанғали Әли баласы көкірек аурулы, Кенжебай Айтуған баласының көзі көрмейді, Ерғали Биміш баласы теңге қотыр. Бұл төртеуі көрінеу ауру болған соң Орынбордағы военный доктыр қалдырды. Шымболат Құлет баласы деген жігіттің ұстамалы ауруы бар екен. Оны мұндағы ауруханада қалдырды. Комиссия осы секілді ауруларды да алған. Ақсақалдар комиссия басында құр қарақшы мысалында болған, олардың сөзінде бес тиындық құн болмаған.

Бұл екі болыс ел темір жолға һәм қалаларға жақын болғандықтан, қазына жұмыстарына, мал бағуға кірісіп қалған екен. Мынау алынғандар – ылғи кедейлер, мал бағуға, басқа жұмыстарға кіруге қолдары жетпей қалғандары. Байлар малымен, оқығандар білімімен, атқа мінгендер пысықтығымен аман қалып, кедей момындар кеткен көрінеді. Бұларға сайланған басшы жоқ, молда жоқ. Губернатор арқылы жария болған министр бұйрығында халық басшы сайлап жіберуге ерікті деген һәм мұндағы хакімдер де сайлама деген жоқ. Бірақ басшы сайланбаудың мәнісі мынадай екен. Екінші Бөртеде 1700 үй бар екен, жігіттерге «жаны ашығандар» үй басы 1 сомнан 1700 сом жинап берсең барамыз дейді. 1700 сомға барушы «қамқорлар» көбейеді, ақырында таласады. Бұлар жеңісе алмай жатқанда

жігіттер жүріп кетеді. Шамалы расходпен баруға риза болған жігіттерді өздері барғысы келгендер жібертпейді. Дұрыстық айтып, бұл арадан найза көздемеңдер, бұл жігіттерді апарып салып қайтуға қанша расход керек, билет тегін дегендерді тыңдамайды. Жігіттер жүретін күні бараста сол елдің ақсақалдары да болды. Мен оларға жұмысшылардың көзінше басшы сайлап жіберудің керектігін айттым. Бұлар кәдімгі штаттағыдай екі дай болып, улапшулап, айтысып, тартысып, сөгісіп, біреуі Аралбайды сайлаймыз, біреуі Маралбайды сайлаймыз деп пәтуаға келе алмады. Мұны көріп тұрған жігіттер елден көңілдері қайтып, «біз бір шіріген жұмыртқа» деп жетімсіреп мұңайды, кісі аярлық болды. Бірақ бұларды аяйтын кісі ол елден шықпады. Олар кімді аясын, өз балалары үйінде, тамағы тоқ, уайымы жоқ. Жаздыгүні ақсақалдары «ізденеміз» деп Орынборға келгенде, осы кетіп бара жатқан кедейлердің бұзау-торпағын сатқызып, ақшаларын өз балаларын қалдыру жолына жұмсағаны ұмытылған. Екі ай аз ғұмыр ма, кімнің есінде тұрсын.

Бұл жігіттердің ішінде жалаңаш кетіп бара жатқандары бар. Бұлардың бай ағайындары қайда? Жұрттың жұрттығы қайда? Шынымен-ақ, қазақтан қайыр-ықсан көтерілгені ме? Бұл елдің «Құдайдың үйін көрген» қажы-болыстары қайда? Тым болмаса осы жұмыс тақырыпты нәпсілерін ауыздықтайтын реті бар емес пе еді. Міне, қай елде болса да атқа мінген «жақсылардың» ісі осы ғой. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер», бұл кеткен жігіттер де аман-есен қайтар-ау, сонда беттеріне түкірер.

Мадияр.
«Қазақ», 1616 ж., №204.

ТОРҒАЙ ЬӘМ ЫРҒЫЗ ҮЙЕЗІНІҢ ХАЛҚЫНА

Өздеріне мағлұм Россия қол астындағы әскерлік қызметінен азат халықтарды, оның ішінде біздің қазақ халқын соғыс жұмысына алуға 25 июньде патша жарлығы шыққаннан бері бес ай өтті. Сонан бері бұл халықтардың көбі көніп, кісілерін берді. Бірсыпыра халықтар, мәселен, Түркістан сарттары, әуелгі кезде шошынып, «бізді жұмысқа алмайды, солдатқа алады» деп, көнбей қарсылық қылды. Бұл қарсылық қылғандарды аз күннің ішінде әскер шығып,

қырғынға ұшыратты. Жизақ деген шаһардың 20 мың халқы жоқ болды, тірі қалғандары босып кетті, мал-мүлік, шаруадан айырылды. Жетім-жесір шулап қалды, жер-суы қазынаға кетті. Сөйткенменен бұл Түркістан халқы да патшаның құрығынан құтыла алмай, ақырында көнді, жігіттерін берді. Жетісуға қараған қырғыз халқы да көнбейміз деп, тау-тасқа, сай-салаға паналап қашты. Ақырында, бұлар да бүліншілікке ұшырап, қырғын тауып, бұл күнде көніп жатыр. Бұл елдердің бүлік басшылары военный сотқа беріліп, асылды, атылды. Осы алғашқы кезде көнбей жанжал шығарған Түркістан сарттары һәм Жетісу қырғыздарынан алынған жігіттер бұл күнде Орынбор арқылы өтіп жатыр. Ақмола, Семей облыстарының кейбір үйездерінде қазақтар шошынып қашқан екен, елге әскер шығып, күш жұмсайтынын көрген соң, текке қор болмалық, қатын-баланың көз жасына қалмалық, жазықсыз қан төктірмелік, бәрібір құтыла алмаспыз деп, олардың да көнгендігі бізге анық мағлұм.

Міне, біздің Торғай һәм Ырғыз үйездерінен 15–20 октябрьден бастап кісі алынбақшы еді, жастар келмейді. Сондықтан елге неше мың әскер зеңбірек, пулеметпен шығып тұр. Жақсылықпен көнбесеңдер, «патша жарлығына мойын ұсынбағандық, законге қарсылық»,–деп күш жұмсамақ. Бұл – анық. Көнбесеңдер Жетісу, Жизақтың күні сендердің бастарыңа туады: қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі, жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Соның үстіне, әскер көндірмей, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, қария жігіт екі алынады, бүлік басылары военный сотқа беріледі, асылады, атылады.

Бұл хатты жазушы біздер–өз балаларың, өз тумаларың, жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштеріңде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар: қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын жастар басын қорғаймын деп, үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас деп ойлайтындарың бізді Құдай мен аруаққа тапсырыңдар! Біз газет арқылы болсын, ауызша да болсын, бұрын сан рет айтқанбыз, «көнбесеңдер елге бүліншілік болады, әскер шығады, түбінде алмай қоймайды» дегенбіз. Сол айтқанымыз, міне, келді. Бұған біздің көзіміз бұрыннан жеткен. Әлде болса да, бізді осы елдің баласы екен

дейтін болсаңдар, біздің ең соңғы қысылғандағы ақылымызды алыңдар. Түбінде іс өткен соң, өкінгеннен пайда жоқ, өлген тірілмейді, өшкен келмейді.

Біз естиміз: «Бұл жұмысшылар шепке ұсталады, қатерлі жерлерге барады, бір кеткен соң, тірі қайту жоқ, онан да өз жерімізде өлеміз» деген ел арасында лақап, қорқыныш тараған, бұл бекер. Басқа облыстардан, һәттә өзіміздің көрші Қостанай, Ақтөбе үйездерінен алынған жігіттердің барған жерінен хат келіп, оларды елдерінен шығарып салған басшылары да бізге ауызекі жолығып тұр. Ондай қорқыныш жоқ, жай-күйлері жақсы, бекер қорыққан екенбіз деседі. Ал халық, біздің бар айтарымыз осы. Желікпеңдер, қор болмаңдар! Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпеңдер! Ел иесі жақсылар, ақсақалдар, түсінікті жастар! Ойланыңдар, түсінбегендерге тоқтау болыңдар, жұрттың обалына, көз жасына қалып жүрмеңдер! Әркімнің ниет-көңілі бір Аллаға аян, бізге сеніңдер! Біз білгенімізді айттық, борышымыздан құтылдық! «Көре-біле тұрып айтпады, бізді отқа салды» деп жүрмеңдер!

А. Байтұрсынов, М. Дулатов,
М. Тұнғаншин және С. Қадырбаев.
«Қазақ», 1916 ж., № 207.

ЖҰМЫСШЫЛАР ЖАЙЫНАН

Шала мыңбасылар – Түркістан жағынан алынған жігіттерге сайланған мыңбасылардың көбі орысша тіл білмейтін, басшылық қылуға жарамайтын көрінеді. Мұның себебі–лайықты орысша оқыған пысық жігіттердің елдерінде жоқтығы, барларының бармағандығы болса керек, әйтпесе генерал Куропаткиннің бұл тәртібі жақсы еді.

М.
«Қазақ», 30 ноябрь 1916 ж., №207.

(«Жұмысшылар жайынан» деген айдармен бірнеше адам 1916 жылғы қазақ жігіттерінен жұмысқа алу жайынан әр түрлі хабарлар жазған. Мынау соның бірі – Міржақыптың жазғаны – Құраст.)

НИКОЛАЙҒА ШАҒЫМ ХАТ

(*фельетон*)

Ханзадам, табалап не қылайын, «Құлан құдыққа жығылса, құлағында құрбақа ойнайды» дегендей айтсаң, ұялып қаламын ғой, бірақ граждандық борышымды өтегім келеді. Кешегі алтын тақта басыңнан патшалық дәурен өткізіп тұрған заманыңда мені кісі есебінде санап көріп пе едің? Базыналықпен айтқан бірлі-жарымды сөзімді көтере алмай, қаһар қылған күндерің де болды. Мен оныңа өкпелемеймін. Менсіз де сенің бишара болған басыңды қатырушылар көп: дұшпандарыңды не қылайын, әсіресе, достарың. Ол уақытта мен сенің алдыңда да жаман-ақ кісі шығармын. Бірақ осы күні бұл хатыма нансаң, менен жақсы кісі саған табылмас.

«Дүниенікі дүниеде қайтады» деген. Бұрын достарың бізді саған сан рет шағыстырып, жаман атты қылып еді. Енді сенің көзің таса болған соң, олардың не қылып жүргенін саған шаққалы отырмын. Дабыра қылман, Александра Феодоровна екеуің ғана біліп қойыңдар. Әйтпесе, мені жұрт монархист деп жүрер.

Өзгеде жұмысым жоқ. Біздің қазақ арасындағы жақындарымның істеп жүрген істері мынадай:

1) Сен тақтан тайған күннің ертеңіне комитеттер сайлауы болды. Сонда кешегі өзіңнен мидал алып, таза қызмет етіп жүрген болыстарың, тым болмаса, сенің қырқыңды күтпей, қым-қиғаш талас шығарып, ақша шашып, председатіл болып кетті.

2) Һәр жерде рұқсатсыз съездер ашылды. Сонда саған неше жылдай қызмет етіп келе жатқан шенеуніктерің, төрелерің, переуодшиктерің (*бұрыннан қырын партияда жүргендерді сұрама да*) сені сөгіп, бұрын өздері саған жала сөз айтпақ түгіл, айтқан кісіні абақтыға, айдауға жібертуге жәрдемдес болатын кісілерің шаршы топта: «Қанішер Николайдың көзі жоғалды, бостандық туды, өз алдымызға мемлекет боламыз» деп дауыстары қарлыққанша айқайлап, өзің бардағы қойдан жуас халықты желіктіріп жіберді.

3) Саяси партияға өздері кірмек түгіл, «саясат» деген сөзден ат-тонын ала қашатын қарақшыларың бұл күнде сатсиалист-револитсионер болып кетті.

4) Бұрын мешіттерде сенің саламаттығыңа дұға қылатын молдалар, қожалар бұл күнде сәлделері қазандай-қазандай болып: «Малғұн патша Николай тақтан түсті. Енді бізге зәкүн керек емес, істің бәрін шариғатпен жүргіземіз...» – деп ойран салып жатыр. Бұлардың басшысы – Сырдария облысындағы өзің білетін Сыдық қожа ишан. «Орысша нан сұрап жеуді білмесем де, құдайға шүкір, Сералы Лапинді тілмаш қылып, ушредительни собранияда басымды кесіп алса да, айтар сөзімді айтамын», – деп, Сералы екеуі де өз алдына список шығарды.

5) 1907 жылы 3 июньде шығарған зәкүнің бойынша, «қазақ халқы надан, сондықтан оны Г. Думадан қалдырдым» деген жарлығыңа бойсұнып, бір ауыз сөз айтпай жүрген дұғагейлеріңнің бірсыпырасы бұл күнде ушредительни собранияға өздері депутат болуға таласып жатыр.

6) Құданың мархабаты мен сенің қамқорлығыңның арқасында қазақ халқы бұрын земство деген сұмдықты білмейтін еді. Және де сол земство ашылып, қарақшыларыңның көбі соған таласуға кірісті. Партия – қызу.

Сенің Тоболскіде тұтқын болып сарғайып жатқаның санасыздардың біреуінің де есінде жоқ.

Мінеки, ханзадам, сегіз айдан бері үндемей-ақ жүр едім. Ақыры, достарыңның осындай опасыздықтарына шыдамай, қалам тербеттім.

Мадияр.
«Бірлік туы», 8. XI. 1917 ж., № 14.

ЗЕМСТВО НЕ НӘРСЕ?

(*Басы 29-нөмірде*)

Біз айтып едік, земство болса, жұрт өз қажетін һәм өз ісін өзі билейді деп. Жұрттың қажеті әр түрлі болады. Ауылдың, аймақтың қажеті болған секілді, патшалық қажет һәм өз алдына. Мысалы біреу ақшаға, біреу атқа, біреу астыққа мұқтаж. Мұндай қажеттер жеке-жеке кісілердікі. Сәрсенбайдың, Бейсенбайдың, Дүйсенбайдың қажеті деген секілді. Ал бұлардың бәріне бірдей ортақ қажеттер болады. Сәрсенбай, Дүйсенбай, Бейсенбайлар ауырып қалуы мүмкін. Олай болғанда, бұлардың үшеуіне де доқтыр, фельдшер,

ауруxана керек. Әрқайсысы доқтыр алдыра алмайды. Оған шамасы жетпейді. Бір кісінің шамасы келмеген іске он кісінің иә бір ауылнай елдің шамасы келеді. Сөйтіп, бұл аймаққа бірдей іс болады. Мұның іс болуына бәрі де тілектес. Осылайша дәрігердің керегі көптің ісі, аймақтың керегі болып табылады.

Екінші мысал: Ата-анасы балаларының оқығанын тілейді. Бұл – қазақтың өз қажеті. Бірақ әр қазақ жеке өз баласын мұғалім жалдап, оқу құралын сатып алуға шамасы келе бермейді. Сондықтан бір ауыл болып мұғалім ұстап, мектеп ашады. Бұл іс те аймақтың ісі болып шықты.

Үшінші мысал: Екі-үш ауылдың малы су ішетін жазғытұры бір сайдың суын бөгеу керек, бұл да екі-үш кісінің қолынан келмейді. Бұл іс те аймаққа бірдей болды. Сол себепті бәрі күш қосып істеу керек. Осы сияқты әр ауыл, болыс, үйез, облыс елдің тұрмысында бірігіп істейтін іс көп болады. Оқу ісі, ауруларға дәрігер табу, су бөгеу, мал күзету секілді көпке бірдей істер көптің көмегімен болуға тиіс. Міне, осылардың бәрі аймақтың ісі, аймақтың қажеті деп аталады.

Ауылдың, аймақтың қажетінен басқа тағы да әр жердегі елдің бірінсіз бірі күн көре алмайтын байлаулы ортақ қажеттері болады. Мысалы: қазақта мал көп болғанмен, киімкешек, қант-шайды шаһардан алмай болмайды. Россиядағы фабрикант, заводшы байларда тауар көп, сөйткенмен, қазақтың малы болған соң алыс-беріс қылады, ісі түседі. Бір жердің егіні шықпаса, екінші жерден тасиды. Осы секілді бір патшалыққа қараған жұрт қатынаспай, бірінде жоғын бірі алмай шарасы жоқ. Егін көп шығатын облыстардың бірінде бір жылы шықпай қалса, астықтың нарқы көтеріліп кетіп, сатып ішетін елдерге қиыншылық болады. Осы айтқандардан түсінуге болады, аймаққа бірдей қажеттер болған секілді, әр облысқа ортақ қажеттердің де болатындығы. Сөйтіп, бір патшалық жұрттың тұрмысы, қажеті бірімен-бірінікі байлаулы.

Тағы да бір патшалықтың өз іші ғана бір-бірімен алыс-беріс қылып тұрмайды. Патшалықтардың да әр облыс, ел секілді араларында ортақ қажеттері болады. Мысалы, бір патшалықта құрғақшылық болып, егін шықпай қалса, көрші патшалықтан алу керек болады. Олай болғанда, көрші патшалықтар өзді-өзі күн ілгері хабарласып, бірінің мұқтаждығынан бірі пайдаланбай, шекарадан өткізген астыққа, тауарға арзан баж салдыруға келісу керек.

Осындай бір-біріне істері түсетінін байқап, патшалықтар араларында жұртына пайдалы ынтымақ қылысады. Мұндай істер патшалыққа ортақ іс деп аталады.

М. Д.
«Қазақ», 1917 ж., № 81.

ТАРИХИ ЖЫЛ

Дүние тарихында Еуропа соғысы адам баласы көрмеген қиын оқиға болса, біздің қазақ жұрты үшін 1916 жыл айрықша терең із қалдырған бір тарихи жыл екеніне шүбә жоқ.

Қазақ халқының өткен дәуіріне айналып қарасақ, түрлі тарихи оқиғалар, өзгерістер бастан кешіргенін көреміз. Қазақ-қалмақтың жауласқан заманы. Ақтабан шұбырынды. Россияға бағынған шағымыз. Кенесары заманы. Қоқан заманы. 1868 жылғы жаңа заңның шығуы.

Бұлардың әрқайсысы өз тұсында толқынсыз өтпеген болса да, ала бұлттай бір тап ел жаман болса, екіншісі аман болып, үш жүздің баласына шалығын теріс тигізе алған емес.

1916 жылдың оқиғасы өзгеше болды. Айдап өргізіп, иіріп жусатып күнелткен төрт түлік малына қатерлі он екі жылда бір айналып, көбінесе тегін кетпейтін сұм қоянды аман өткізіп, байдың баласының пейілі кеңіп, байға жарлы теңеліп, жайлауында жадырап, өзінше өзінен бақытты жұртты білмей рақат ғұмыр өткізіп, тып-тыныш жатқанында өрттен шошынып оянғандай бір күйге ұшырады халық... Халқын бір уыс қылды, кең дүниесін тарылтты. Жүрегіне найзадай тиді.

«Солдатқа алмайды, жұмысқа шақырады» деушілерді жау көрді, ешкімге сенбеді.

«Солдатқа алмаймын деген ақ патшаның уағдасы бар» дегеннен басқаны білмейді.

«25 июнь жарлығы» патшанікі емес, бер жағындағылардың қулығы» деп шүбәланды.

«Бізді сатып жүрген осылар» деп, бірлі-жарымды болыстарын өлтіріп жібергендер де болды.

Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан, қарға тойынды. «Солдатқа

алмайтын болыпты» деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің де балаң алынады» дегенді естіген шал-кемпірлердің ішінен жүрегі жарылып өлгендер де болды.

Жұрт сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне жетеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып жүрді.

Патша жарлығы хақ. Бұл сұрапыл соғыстан басына ауырлық келген жалғыз біздің қазақ халқы емес. Жұрт ұйлығып, дағдарып, ойға-қырға шабуылдап жүргенде, 25 июнь жарлығы орындалып, жұрттың көбі еріксіз- еріксіз көніп, балаларын солдатқа бере бастады.

Осындай бүліншілік себепті Түркістан уалаятына военный положение иғлан етіліп, көп адам военный сотқа берілді, бірсыпыралары асылды, бірсыпыралары атылды. Мұндай күйге ұшыраған Түркістан халқының бақытына қарай, Куропаткин Түркістанға генерал-губернатор болып сайланып, әділдікпен іс етіп, бүлікшіліктің басылуына себепкер болды. Бұл күнде Жетісу жанжалы басылды дерлік.

Қазақ облыстарының кейбір үйездерінде де Жетісудай болмаса да, шет пұшпақтап көңілсіз оқиғалар болды. Егін-пішен орусыз, жиюсыз, мал бағусыз қалды. Ит пен құсқа жем болды.

Міне, қазақ халқының басына осындай аза күн туған заманда айтуға ауыз бармайтын, жазуға қалам жүрмейтін нашар істер пайда болды. Бақытсыздығымызға қарай, бұл жамандықты өзімізге өзіміз істедік. Жұрт бүлініп, босып, қырылып, көзінен қанды жасын ағызып тұрған кезде, өзіміздің қазақтан өртеніп жатқан үйдің жасауын ұрлағандай, өлгелі жатқан адамның киімін тонағандай, халықтың дағдаруын пайдаланып «кәсіпке» кірісушілер болды. Бұлар, тағы да бақытсыздығымызға қарай, ел билеген жақсылардан шықты.

25 июнь жарлығын бетке ұстап, дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялылықты қолға алып, өтірік шағым айтып, бірін-бірі жаптыру, шаптыру, тінттіру әр елде, әр жерде болды. Мұны істеушілер қарапайым адамдар емес, «бас» адамдарымыздың болуы қазақ халқының жаман жағын көрсеткендей, сүйегімізден кетпес қара таңба болды. Ғұмырында халықтың басына келмеген апаттың кезінде «жақсы» дегендерімізден мұндай хайуандық табиғат көрінуі һәм жиі көрінуі – жұрт қатарына біздің қосылсақ

та, барып-барып қосыларымызды көрсетеді. Бұл – жаман белгі. Алла қайырын берсін!

Ізденушілердің бәрі болмаса да, көбі таза ниетпен емес, хайуани нәпсімен шабуылданды. Бұл сырлары осы күнде халыққа анық білінді. Олардың қандай «қамқор» екенін көңілінде сәулесі бар әрбір қазақ сезді. Халықтың берекесін қашырған прием уақытында «алып қаламын, құтқарамын» деп қамқорсынғандар – қырда атқа мінгендер, қалада орысша оқығандар. Бұлардың олжасында есеп жоқ.

Енді соңғы кезде солдатқа кеткен жігіттердің «хал-жайын біліп беремін» дегенді сылтау қылып, «кәсіпке» кіріскендер барлығы білініп тұр. Қазақты қазақтан басқа жем қылып жатқандар жөнінде қазір сөз қылудың жөні жоқ. Қазақ халқының осынша бүліншілікке ұшырауының бас себебі – надандығы. Әскерлік қызметке, солдат болсын, жұмысшы болсын, бірте-бірте бойы үйреніп, көп жылдар көндігіп барып алынбағандығы. Мұнан өзге себеп жоқ. Патшаға қарсылықтан емес яки қазақ жайын білмейтін кейбіреулер ойлағанша, басқа халықтардың құтыруынан да емес.

Бұл күнде алынар жігіт алынды, күйзелер шаруа күйзелді. Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанынша жем қылды. Ақырында, олардан халық опа көрмеді. Ұл жеп жайына кетті, қыз жеп байына кетті. Енді жалғыз-ақ келешегімізді ойлау ғана қалды. Өткен жыл бізге ұмытпастай сабақ берді. Сырымызды ашты. Бұл күйде тұра берсек, мұнан кейінгі заманда тағы да осындай оқиғалар болмасына кім кепіл? Сондай заманға даярланып, тағы да осындай надандықтан бүліншілікке ұшырамас жағымызды ойлап, көрінгенге жем болмасымызды ойлап, қам қылу қалды. Күні кеше бүліншілікке ұшырап, айырылуға қимаған аяулы балалардың осы күні жұмысқа алынып, орыстың тілін, ғылымын білмегеннен кемшілік көріп жүргені анау.

Ендігі істейтін іс – «ізденуші», «құтқарушыларға» мұнан кейін күніміз түспейтін күйге жету үшін былайғы жасты оқыту. Өткен жылдың оқиғасы оқудың керектігін енді еске түсірмесе – қазақ халқы жұрттықтан кеткені. Бұрын «біл, оқы!» деген сөздер құрғақ насихат болып желге кетуші еді. Қазақ баласы енді оянбасаң, мәңгіге шейін ұйқың ашылмай, қараңғыда, құлдықта, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің.

М. Д.

«Қазақ», 1917 ж., № 212.

ТОРҒАЙ ҮЙЕЗІ

25 июнь жарлығы тақырыпта біздің Торғай үйезінде көңілсіз оқиғалар болып, бұл күнге шейін бұл ел жастарын қызметке бере алмай отыр. Үш айдан бері пошта, телеграф жүрмей, елдің хал-жайынан хабар ала алмай тұр едік. Осы ғинуар айында ғана Қостанайға Торғай елінің бірнеше ұлыстарынан кісі келгендігі хабарланып, Қостанайға барып, күзден бергі болған һәм қазірде халықтың басынан кешіп тұрған уақиғалармен анық таныстық. Толық мағлұмат алдық. Бірақ оның бәрін газетке түгел жазуға заман көтермейді. Мүмкін-қадар халыққа айтар сөзді жазып отырмын.

Ырғыз, Торғай елдері мерзімді уақытта жастарын бермеген соң, бұл екі үйезге ғаскер шықты. Ғаскер шығу, әлбетте, һүкіметке де, халыққа да қолайлы іс емес. Мемлекетіміз жаумен жағаласып жатқанда, ғаскерін өз жұртына шығарып, күшін бөледі. Мемлекетке зиянды жағы бұл. Қазаққа зиянды жағы: ғаскер шыққан соң, барша шығын, ауырмалдық һәм түбінде жаманат халыққа түседі. Ел аман, жұрт тыныштa да біздің зарлағанымыз осы еді. Әне-мінемен кісі беруді кешіктіріп жүргенде, елге ғаскер шығып, халықтың күйін кетірер, мұнан ешкімге пайда болмас, жұрттың обалына қаларсыңдар деп едік.

Екі жарым ай мұнан бұрын губернатор жоғарғы екі үйезге арнап приказ шығарды: 15 ғинуарға дейін кісілерінді Торғай, Ырғыз, Шалқар қалаларындағы комиссияға беріңдер. 15 ғинуардан қалсаңдар, күш жұмсалады, хүкімге ілінесіңдер деп. Білген елге бұл ауыр бұйрық еді.

Енді 15 ғинуар өтті. Жығылғанның үстіне жұдырық, военный положение һәм ығлан етілді. Әлі күнге шейін Торғай үйезі кісі берген жоқ. Алла абырой беріп, Ырғыз қазақтары кісілерін бере бастады. Ырғыз жігіттері Орынбор арқылы дүркін-дүркін өтіп тұрады.

Торғай үйезінің бұл күнге шейін кісі бере алмай, қазақтан болмаған бір толық себебі бар болыпты. Жұрттың көбі алғашқы кезде түсінбесе де, соңғы кезде патшаның құрығынан құтыла алмасын білген соң, тыныштықпен кісі беруге айналған екен. Бірақ Торғай хакімдері (*войнский начальник*) прием белгіленген күннен (*20 октябрь*) бастап

қалаға қазақ кіргізбеген. Қаладағы қазақ біткеннің бәрін абақтыға жапқан. 25 июнь жарлығы жария болғаннан бері халыққа түсіндіріп, кісі беруге үгіттеп жүрген Тосын, Шұбалаң, Аққұм елдерінің болыстарын, бас адамдарын, учительдерді, мұғалімдерді һәм қазақ шенеуніктерін де абақтыға жауып тастаған. Абақтыдан шығарғандарын да қалаға тұрғызбастан қырға айдап жіберген. Бұл күнге шейін абақтыда жатқандар бар. Приемға кісілерін әкелген елді де (*Шұбалаң ұлысы*) қайтарып жіберген. Сондықтан көніп отырған ел қалаға бара алмаған, қаладан далаға, даладан қалаға қазақ қатынастырмаған. Торғайға бару мүмкін болмаған соң Қостанай үйезіне жақынырақ 1, 2-Наурызым елдерінің бас адамдары көнгендігін білдіру үшін 200–300 шақырым жерден балаларын, жақындарын Қостанайға әкеліп бере бастаған. Бірақ жұрттың бәріне қыс ішінде Қостанайға әкеліп кісі беру мүмкін емес.

Рас, Торғай үйезінде күні бүгінге дейін елдің обалына қалып, шаруасын күйзелтіп, момындарды қорқытып топ жасап жүрген бұзақы, ұры, кәззаптар бар. Бұл ешкімге жасырын емес. Мұндай бұзақылардың ісін бүтін Торғай үйезінің бүліншілігі деуге болмайды.

Торғай оқиғасы туралы кешікпей военный сот болуы хақ. Оған шейін көніп отырған тыныш жұрт бұзықтардан жігін ашып, кісілерін беріп бітіруі керек. Залымның отына момын күймесін. Көнгендіктің белгісі – кісі беру. Онан басқа дауа жоқ. Торғай үйезінде болған уақиғалар тақырыпты шыққан шығын, ауырмалдық халық үстіне түспек. Патша жарлығына мойын ұсынып, баласын беруге қанатын қомдап отырған момындар «алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып жүргендердің» кесірінен алабөтен шығынға ұшыраса, оған шаш жетпес, босып кетерсіңдер!

Мінеки, осындай мал мен басқа бірдей келгелі тұрған қауіп-қатерден Торғай елі кеш те болса, сақтансын. «Жау тілегенге жасын берер» деген.

Жұртты құтыртушы бұзақылар өз жауабын өздері берер, бірақ нахақтан күюшілер болмасын, жұрт адамдары осыны ескерсін. Торғай үйезі толықсып тұрған ел еді, құт-берекесі шайқалудан Алла сақтасын, сақтан жұрт!

Торғайға хакімдер қазақ кіргізбегендіктен, көніп отырған жұрт кісілерін бере алмай отырғандығын баяндап, тез

приемный комиссия құрылуын өтініп, Қостанайға келген Тосын, Шұбалаң, 1 һәм 2- Наурызым ұлысының қазақтары 11 ғинуарда Торғай губернаторына телеграм беріп еді. Қазір біз естіп отырмыз, Тосын елі адамын беруге Торғайға келіпті. Олай болса, қалаға қазақты жібергені. Уақыт өткізбей әр ел тез кісі беру қамына кіріссін. Бұрынғыларың да жетер!

Мадияр.

«Қазақ», 2 февраль 1917 ж., № 216.

Сол күніңді көрсем — менің арманым

Міржақып

(«Қазақ», «Сарыарка» газеттері мен «Абай» журналынан)

(1917 – 1918)



АЛАШ ҰЛЫНА

Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз һүкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі һүкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артып, ақырында, Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген Құдайға мың шүкір! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рақмет!

Сүйікті алаштың азаматы! Бізді бұл қуанышқа, бұл бостандыққа жеткізген кім? Біз кімге борыштымыз? Соны ойлалық. «Жамандықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа» деген нақыл бар. «Еккенде жоқ, сепкенде жоқ» қазақ халқы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз. Бізге осындай теңдік әперіп отырған – орыс халқының ақ жүрек, адал ниетті көсемдері. Орыс халқының жұмысшылары һәм әскері. Бұлар бостандықты қан төгіп, жеңіп алды. Олардың бұл жақсылығын қалай қайтарамыз? Ескі һүкімет заманында қазақ халқы Россияға өгей едік, бізге һүкіметтің жаны ашымайтын еді. Біздің жанымыз һүкіметке ашымайтын еді, оның арын арлап, намысын намыстамайтын едік. Мұның зор белгісі былтыр көрінді. «25 июнь жарлығы» шыққанда қазақ халқы қандай болды... Егер ескі һүкімет бізді тең ұстап отырған болса, қазақ бүлінер ме еді, қарсыласып қан төгер ме еді.

Біз қазаққа «көн, қарсы келме» дегенде рақымсыз һүкімет жай-күйіне қарамай, қырып-жойып, жұрттың берекесін кетірерін біліп, амалсыздан көн деуші едік. Біздің жоруымыз расталғанын халық көрді. Енді ол жауыз һүкімет жоқ. Бастығы патшасы болып, қан ішер қара жүректер қазір тұтқында. Бұл күнде жұрттың бәріне туысқандай тең қарайтын, ешкімді алаламайтын жаңа һүкімет сайланды. Бұл һүкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз. Бұл һүкіметтің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені. Жаңа һүкіметтің күші кеміп, халыққа беріп тұрған бостандықтан айырылуына, қайта ескі жауыз һүкімет бас көтеріп, бұрынғы таз кейпімізге түсіруіне екі түрлі ықтимал бар. Бірі – немістен жеңілу, екіншісі – ішкі астыртын дұшпандардан жеңілу. Орыс немістен жеңілсе, бұрынғы һүкімет орнына қайтып, Николай қайтадан таққа мініп, жұрттың сорын бұрынғыдан жаман қайнатуына сөз жоқ. Жаңа һүкіметтің ішкі дұшпандарының тілегі осы. Иншалла, бұл болмас!

Біз қазіргі әділ һүкімет, азат Россиямен бір тілекте, бір кемедеміз. Кемедегінің жаны бір, Россияға бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң, жақсылығына сүйінеміз, жамандығына күйінеміз. Тілек бірге болған соң тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұқырда болуымыз керек. Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа һүкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек. 25 июнь жарлығы бойынша соғыс желкесіндегі қызметке енді алынатын бұратаналарды, халықтың шаруасы күйзелмесін деп, жаңа һүкімет алуды тоқтатты. Бұрынғы алынған жігіттер осы күні жұмыс қылып жатыр. Біздің қолымыздан келер көмегіміздің зоры – сол бұрынғы жұмысшылар ерлік көрсетіп, аянбай жұмыс қылу. Олардың жай-күйін жаңа һүкімет жеңілдетеді, қазақ та қарап тұрмауы керек. Біздің жігіттер соғыс қызметіне әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскері арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың қолқасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне, біздің көмегіміз осы болу керек. Мұны жігіттер де, жұрт та ойласын! Ескі һүкіметті аударып тастадық деп, орыс әскері һәм жұмысшылары қарап отырған жоқ, бұрынғыдан артық

көңілденіп, ендігі қызмет өзіміз үшін, алған азаттықтан айырылып қалмалық деп, он есе қайрат көрсетіп отыр. Алмақтың да салмағы бар. Жақсылығына ортақпыз, жамандығыннан аулақпыз десек, Құдайға қас болармыз, жұртшылығымызға таңба болар. Орыс халқы бостаншылық жолында жанын құрбан қылғанда, біз терімізді қиялық! Ескі һүкіметті қуаттаушы жауыз ниетті жансыздар жоқ емес. Олар халық арасына, әскер арасына сөз жүргізіп, азғыру ықтималы бар. Сондайлардың сөзіне алданып, өмір бойы естен кетпес өкінішке ұшыраудан сақтаныңдар. Ұйымдасып, жаңа һүкіметтің күшеюіне қызмет қылалық. Кешікпей ашылатын учредительное собраниеде һәм Г. Думада бәйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық!

Әлихан, Мұстафа, Міржақып.
«Қазақ», 1917 ж., №225.

ҚАЗАҚ СЪЕЗІ

Бүкіл Россияның, оның ішінде біздің қазақ халқының бес айдан бергі басынан кешіріп тұрған дәуірі – тарих жүзінде болмаған дәуір. Бұл туралы жазылды. Көп сөйленді.

Енді сөз уақыты өтті, белсеніп іске кірісетін мезгіл жетті. Бізден ілгергі жұрттар жанталасып іске кіріскен болса, біздің қамсыз қалуымыз масқаралық. Өзгеріс болғаннан бері әр облыс жиналысып, съезд құрып, мұң-мұқтажын кеңесті. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін, бүкіл қазақтың тілегін қорытып, «алаштап» атқа мініп, ертең ашылғалы тұрған учредительное собраниеге тобымызды жазбай бару үшін жалпы қазақ съезі қажет болды.

Сол тілеген жалпы қазақ съезі 21–26 июльде болып өтті. Жалпы қазақ съезі қайда болды, қашан болды, кімдер жиналды, қандай қаулы жасады? Съезде өзі болмаған, съезд жайынан бейхабар жалпы жұрттың алдымен сұрайтын һәм керек қылатын сөздері осы.

Бұл сұрауларға жауап бермей өтуге болмайды.

2–8 апрельде Орынборда Торғай облысы қазағының съезі болды. Бұл тұңғыш қазақ съезінде басқа облыстардан да кеменгер азаматтар бар еді. Сонда әр облыс өз алдына съезд құрып болғаннан кейін жалпы қазақ съезі шақырылсын деп қаулы қылынды. Жалпы қазақ съезінің орнын, уақытын

һәм жобасын лайықтау үшін Орынборда тұратын бірнеше адамға тапсырып, бюро сайлап тарқады.

Бюро облыс съездерінің болып өтуін күтті. Әр жерде облыс съездері болып жатқанда, әу деген мезгілде 11 июньде шыққан 233-нөмір «Қазақта» жалпы қазақ съезі 1 августа болсын һәм әр үйезден екі кісіден келсін деп жария қылды. Съездің Орынборда, 1 августа болуға лайықтануының һәм үйез басы екі кісіден шақырылуының себебі сол нөмірде айтылған.

Сөйтіп, съезд 1 августа болады деп тұрғанда, июль ішінде Петроградтағы «Шораи ислам» председателі Ахметбек Салықовтан һәм сондағы қазақ өкілдері Уәлихан Танашев, Яқуп Ақбаев һәм Жиһанша Досмұхамедовтан «Қазақ» басқармасына телеграм келді: «Учредительное собрание сайлауы 17 сентябрьде болатын болды, депутаттар списогі бір ай бұрын, яғни 17 августа тапсырылмақ болды. Соның үшін жалпы қазақ съезін 20 июльден соңға қалдыру мүмкін емес. Қазанда ашылуға ұйғарылған жалпы мұсылман съезінің де көбі солай өзгерілді» деп.

Сонан кейін Орынбордағы бюро ойға қалып тұрғанда, шұғыл келіп қалған жалғыз учредительное собрание сайлауы ғана болмай, земство сайлауының да тығыз хабары асығыс сап ете түсті. Болыс басы кісі шақырудың өзі қиындады. Айналдырған 12–13 күнде қайта хабар жетіп, шет облыстардың үйездерінен 20 июльге кісі жету мүмкін емес болды. Сонан кейін бюро амалсыз әуелгі қаулысын өзгертіп, съездің күні 20 июль болсын һәм әр облыстан областной комитет ағзаларынан екі өкілі келсін деді. Онан басқа лаж қалмады, бұрылуға, бұлтаруға болмады.

Осы ретпен 21 июльде съез ашылды. Әр облыстан келген өкілдердің үстіне Петроградтағы учредительное собрание закон жобасын жасап жатқан мәжілісте болған һәм «Шораи ислам» комитетінде қызмет етіп тұрған Жиһанша Досмұхамедов пен Уәлихан Танашев те келіп жетті. Сырттан қарағанда, съезге келген 20-дан астам өкілдердің саны «жалпы қазақ съезі» деп ауыз толтыруға олқы көрінсе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ. Съезде кісі аз бола ма, көп бола ма, істің тетігі қаулыда еді. Әр облыстың өз съездерінде шығарған қаулылары алты күндей кеңеске түсіп, ерсілі-қарсылы сынға алынып, ақырында қазақ халқына осы теріс болмас-ау деген ойға келді.

Енді халық жалпы қазақ съезінің осы нөмірде басылған қаулыларын оқып, естіп көрер. Осы қаулыларды орындап, жұрттық қылудың қамына кірісер. Съезд қаулыларының

бір бабы қазақ облыстарынан депутат лайықтау еді. Съезге келген әр облыстың өкілдері кеңесіп, халыққа осылар пайда келтірер-ау деген адамдарды атады. Ғажап емес, съезд лайықтаған адамдарды ұнатпаушылар да болар. Бірақ сол ұнатпайтындардың өздеріне депутаттарды ататса, олардың атаған адамдарына да жұрттың бәрі сүттей ұйып тұра қалар деп кім айта алар? Әрине, мүмкін емес. Басқа облыстың депутаты кім болса, ол болсын, өзіміздікі жақсы болса жарайды деп ешкім ойлаған жоқ. Қай облыстікі болса да, пайда-зияны, абырой-ұяты қазақ халқына бірдей. Шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ деген. Бүкіл қазақтың іздеген жоғы, көздеген тілегі бір. Сондықтан съезд білгенінше әр облыстан осылар жарар-ау деп қаулы қылды. Мынау пәлен рудан, анау түген үйезден деп съезд қазақшылық қылған жоқ. Қазақшылық қылатын орын бұл емес.

Қазақ өзді-өзі таласып, бірнеше список қойса, қазақ дауысы бөлініп, сыбағалы депутаттан айырылуы анық. Олай болса, қазақ депутаты сөзсіз орыстарға ауысып кетеді. Съезд қаулысында «қазақ облысының депутаттар списогі біреу ғана болсын» дейтін мәнісі сол. Екі қазақ таласса, көрші орысқа олжа болғалы тұрмыз. Онан да қолдан берелік. Бергіміз келмесе, таласпалық.

Егер қазақ таласпай бір списокке тасын түгел салып тұрса һәм орыстар өзара партияға бөлінсе, орыстардың депутаты бізге ауысып кетпекші. Қазақ өзді-өзі таласқанда қылатын зияны, біріккенде табатын пайдасы осыдан көрінеді. Алаштың ар-намысын жібермейін десең, жұрт, жұрттық қыл. Кәрі-жасың, әйел-еркегің қалмастан бір списокке тасынды сал. Бір дауысыңды да жоғалтпа. Береке – бірлікте. Күні кеше Г. Думада бір депутатың жоқ заманда қайғың Қаптың тауындай еді, қазақ, енді 25–30 депутатың болғалы отыр. Шүкірлік қыл, ұмытшақ болма?!

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., №226.

ЖҮЗІҚАРАЛАР

(*Басы 228 нөмірде*)

Дүйсенбай анау күнгі өзгерістен кейін де, абақтыға түсетін сағатына шейін, халық көзінде құрметті болып келген. Ескі һүкімет жоғалып кеткеннен кейін Дүйсенбайды

уақытша Қызылжарға үйезной комиссар қылып қойған. Қызылжардағы мұсылман комитетіне һәм Қызылжар, Омбыдағы комитеттердің бәріне де ағза қылып сайлаған. Сөйтіп ескі һүкіметтің етегіне намаз оқып жүрген Дүйсенбай халыққа бұрынғыдай сүйкімді көрініп, жалт беріп бұл жаққа шыққан. Ескі һүкіметке қарсы келіп, жұрт үшін жанын пида қылып жүрген ер болып көрініп, бостаншылық туған күндерде күпісін айналдырып киіп, тағы да аққөңіл аңқау жұрттың тізгінін қолға алған. Марттың аяқ кезінде Омбыға келіп, монтанылықпен қызыл ту ұстап, алданып қалған қазақтың бұрынғыдан артық жүрегін елжіреткен. Тағы да Дүйсенбайдан артық кісі жоқ болып көрінген.

Өзгеріс болғаннан кейін бүкіл Россиядағы жандарм мекемесінің бастықтары, қызметкерлері абақтыға жабылып, қағаздары қолға алынды. Сонан кейін кімдер әлгі күзетші мекемелерде қызмет қылып, ескі һүкіметке халықты сатқандығы тексеріле басталды. Солардың қатарында Омбыдағы жандарм мекемесінің де бастығы полковник Козлов абақтыға жабылып, істері қолға алынып, тексеріліп жатады екен.

Дүйсенбай Омбыда жүрген күндерде жандарм архивінен (*қағаздарынан*) қазақ, ноғай, орыс үстінен астыртын шағым жүргізген «Корганск» деген біреудің істері шығады. Сонан кейін бұл «Корганск» кім еді деп абақтыдағы Козловтан сұраса: «Омбы үйезі, Қорған болысының қазағы Дүйсенбай Тұранов», – дейді Козлов.

Дүйсенбайдан жауап алғанда, жандарм мекемесінде жалданып қызмет еткендігін мойнына алады. Мойнына алмасқа мүмкін емес, шағымдарының бәрі өз қолымен жазылған, кінәсының бәрі алдына тартылып тұр.

Өткен апрельдің 25-де Омбыда Ақмола облысы қазақтарының съезі ашылды. Бұл съезде мен де болдым. Жұрттың бірсыпырасы Дүйсенбайдың не үшін жатқанын білсе де, қашаннан құрметтеп, сеніп қалғандар Дүйсенбайдың ісін жеңіл-желпі санап, қайсылары нақақтан жатқандай көргендігі байқалды. Және де Дүйсенбай абақтыдан қазақтарға хабар беріп жатқан: «Мен нақақтан жатырмын, дұшпандарым жапқызды, мені ақтап алыңдар»,–деп. Солай болған соң: «Ешкімнің көңілінде шүбә қалмасын, қажымызды біреу жапқызыпты деп ойламасын, қажыларының кім екенін жұрт білсін, өзі де армансыз болсын»,–деп, Ақмола съезі Дүйсенбайдың ісін алдыруға һәм өзін де абақтыдан шақыртуға қаулы қылды. Дүйсенбайдың ісін әкеліп, съезге

доклад қылып, баяндауға маған тапсырылды. Дүйсенбайдың ісі 29 апрельде қаралмақ еді. Съезд үйге жұрт лық толды. Бір мезгілде Дүйсенбай қажыны конвой (*төрт солдат*) абақтыдан алып келді. Жұрт тегіс орын-орнына отырған, айыпкер Дүйсенбайға босағадан жеке орындық даярлаған еді.

Дүйсенбай қолға тірідей түскен қасқыр секілді, екі көзі қанталап, жүзі қап-қара, кісіге тура қарай алмай, есіктен кіріп қалт тұра қалды. Абақтыдан конвоймен келген Дүйсенбай, ісі қаралғанда жүзіқара болып шығуына көзі жеткендей болып келген Дүйсенбай, осы жолдың өзінде де жұрттың көзін бояу ойын қалдырмаған. Дүйсенбайдың сырт көрінісі абақтыдағы тұтқынға ұқсамайды, үкімге келген айыпкер секілді емес, өзі біреуді тергеуге келген зор мекеменің бастық төресі секілді, яки учредительное собрание, Г. Дума мәжілісіне келген депутат сияқты, басында цилиндр, үстінде суртук, қолында перчатка, қарына ілген имек бас күмісті таяқ, оң қолтығында құран, қалтасында шеті көрініп тұрған «Земля и воля» – «Жер һәм ерік» деген орыс газеті.

Бірақ Дүйсенбай қанша қырланса да, сырланса да, райланса да, бұрын қол қусырып, құрмет етіп тұратын жұрт орнынан да тұрған жоқ, қолын да бермеді. Амандасқан да жоқ. Жалғыз-ақ Тұрсын Тілеміс баласы түрегеліп қолын берді. Жұрттың түрін байқаған соң, оның үстіне съезд басында отырған жігіттердің бұрыннан да оның райлығына іші елжірей қоймайтын кісілер екенін көрген соң, осылар мені оңдырмас дегендей, Дүйсенбай аузына келгенін сөйлей бастады. Председатель Айдархан Бөрлібаевтың анау даярланған орынға отыр, сонан кейін сөйлейтін сөзіңді рұқсатпен, кезекпен сөйле дегеніне қарсы, Дүйсенбай Айдарханды, оның жолдастары Ережеп пен Міржақып һәм басқа кісілерін әдепсіз сөздермен сөге бастады.

Председательдің де, конвойдың да айтқанына көнбей, жынын шашуды тоқтатпады. Халықтың сөзін де тыңдамады. Шаңыраққа қарамады. Сонан кейін Дүйсенбайды қайтадан абақтыға апарып жабуға председатель конвойға бұйырды. Дүйсенбай конвойға қарсылық қылып, жанжал шығарды, өлермендік қылды, конвой бастығының погонын жыртып, солдаттардың қолын тістеп, құтырған қасқырдай алысты. Ол екі арада милиция шақырылып, Дүйсенбайды арам өлген малдың терісіндей сүйреп, абақтыға алып жөнелді.

Дүйсенбайдың ісі сырттан қаралды. Бірақ ешкім нақақ жабылған екен деген жоқ. Дүйсенбайдың өз қолынан жазылған шағымдарының бәрі әуелі жұртқа көрсетіліп, Дүйсенбайдың өз қолымен жазылғандығына көздерін жеткізді. Сонан

кейін орысша оқылып, соңынан қазақша тәржімә қылынды. Істі оқып шыққаннан кейін докладчик Дүйсенбайға тағылған жаланың қандайлығын, мұндай істің адам өлтіргеннен мың есе ауырлығын, бір адамға емес, барша халыққа масқара, өшпес қара таңба екендігін айтып, халқын Дүйсенбай қажы бір қой пұлына сатқандығын баяндап шықты.

Баяндама аяқталғаннан кейін председатель соты тасқа салынды. «Дүйсенбайдың жандарм мекемесінде ақшаға жалданып, астыртын тыңшы болғаны рас па? Рас болса, Дүйсенбай қазақ халқы алдында айыпты ма? Бұл іс қазақ халқына масқаралық таңба ма?»

Бұған қарсы сөйлейтіндер сөйлесін,– деді. Ешкім қарсы сөйлемеді. Осы дұрыс дегендер қол көтерсін,–деді. Съездегі бір облыс қазақтың өкілдері бірі қалмастан түп-түгел қол көтерді.

Сөйтіп, Ақмола облысының неше жылдан бері адасып, алданып, ақ-пәк деп құрметтеп жүрген Дүйсенбай қажының сол күні кім екенін анық білді, мандайына мұхит дариясының суымен жуса да кетпейтін айқын қара таңба басып, қазақ тобынан аластап, біржола шығарды. Жұрттың көзі ашылды деген осы.

(*жалғасы бар*)

М. Д.
«Қазақ», 1917 ж., №230.

ШОРАИ ИСЛАМ

Оқушыларға мағлұм, май басында Мәскеуде жалпы мұсылман съезі болып өтті. Бұл съезде де, мұнан басқа да жұрт жұмысын қарайтын орындарда да өкілдер әр ұлттан, әр таптан санына қарай болуға тиіс. Бірақ Мәскеу съезінде қазақ халқының саны барлық Россия мұсылмандарының 3/4-тен бірі бола тұрып, қазақ өкілдері 20–30-дан артпағаны мағлұм болды. Барлық өкілдер 800–900 болыпты. Аздан аз, көптен көп болғанда, қазақ өкілдері 200-ден артық болуға тиіс еді. Бұлай болмады. Оның себебі – қазақ жерлері шалғайлығы һәм қазақ жерінде темір жолдың жоқтығынан жүріп-тұрудың қиындығы.

Съезд тарапында бүкіл мұсылман істерін басқарып тұратын «Шораи ислам» болуға қаулы жасаған. «Шораи ислам»

ағзасының бар саны 30. Оның 10-ы ноғайдан, 7-і түркістандықтан, 5-уі қазақтан, 2-і Қырымнан, қалғандары Кавказ һәм Литвадан, бірақ бұлар өкілдерін біржола елден сайламақ болған. 30 ағзамның ішінен 12 кісі басқарушы болып, «Шораи ислам» жұмысын атқарып тұрмақ. «Шораи ислам» сияқты барша мұсылманға ортақ істерді басқаратын орын болуы дұрыс-ақ делік. Онан арғысын дұрыс дей алмаймыз. Әуелі «Шораи ислам» ағзаларының саны Россия мұсылмандарының әр халықтың табына қарай көптен көп, аздан азша болуы тиіс екені даусыз. Қай есеппен ноғайдан 10, Түркістаннан 7, қазақтан 5, Кавказдан ... ұйғарылғаны белгісіз.

Екінші, съезге жұрттың көп-азша күйде бармай, бір елден көп барса, бір елден аз, тіпті бүтін бір облыстан бір адам бармаған да елдер бар екені съезге көрініп тұр. Солай болған соң съезд «Шораи ислам» болуын қолайлаған қаулысын жасап қана, ағзалар санын әр жұрттан аз-көбіне қарай арнап қана, кімді сайлап жіберетін жағын халықтың өзіне қалдыруы тиіс еді. Халық өкілдерін жібергенде, «Шораи исламға» деп емес, съезге деп жіберген жоқ па? Съезге лайықталған адамдарынан «Шораи исламға» қолайлайтын адамдары тіпті басқа болуы ықтимал. Міне, сондықтан съезге барған адамдардың съезден сайлануы негізінде дұрыс емес дейміз. Оның бер жағында съезде басқалар дұрыс-дұрыс емесіне қарамай сайлап жатса да, қазақтан барған 20–30 ғана өкілдер: өзімізді өзіміз қалай сайлаймыз? Жұрт съезге ғана өкілдік берді, сайлау өкілдігін берген жоқ еді, деп ойлауға тиіс еді һәм Кавказ өкілдерінің істегеніндей, ағзалар елден сайлансын деу керек еді. Съезге Ақмола облысынан барған Мағжан Жұмабаевтың өткен нөмірде жазған сөзі дұп-дұрыс. «Шораи исламға» ағза сайлау жағының негізі де, былайғысы да дұрыс болмағандығын Мағжан да айтып келіп отыр.

Оны біліп отырып, «Шораи исламға» сайланған қазақ ағзаларын халық тарапынан сайланған ағзалар дей алмаймыз һәм олардың қазақ атынан деп істеген істерін, сөйлеген сөздерін халықтікі демейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы,
Әлихан Бөкейханов,
Жанұзақ Жәпібеков,
Міржақып Дулатов,
Сейдәзім Қадірбаев, Елдес Омаров,
Имам Әлімбеков, Нысанәлі Бегіметов.
«Қазақ», 11 июнь 1917 ж., №233.

ОЯН, ҚАЗАҚ!

(Босқын қырғыз бауырларыма арнадым)

Оқушыларға мағлұм, «Оян, қазақ!» атты өлең кітабымды ескі hүкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп қорқып, 1911 жылы мені сотқа берді. Сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. «Оян, қазақ» халық арасына тарамасын деп, hүкімет үкім салды. Сонан соң қолға түспеген 1000 дана шамалы «Оян, қазақ!» 6 жыл бойы бір орында жасырынып жатыр еді. Енді, құдайға шүкір, азаттық таңы атты, ескі hүкімет мүлдем кетті. «Шағымшы» бауырларымыздың да көзі жоғалды.

Жауыз hүкіметтің жауыздығымен быltырғы 25 июньдегі жарлығы тақырыпта қазақ халқы зар жылады. Бәрімізден артығырақ қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады. Күні бүгінге дейін қырғыз бауырларымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қырғында. Жас балаларын бір шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын, қыздарын бір қойдың пұлына айырбастап, естияр-лары мойнына дорба салып, тіленші болып кеткендігі мағлұм болып отыр.

Сондықтан сақтаулы мың дана «Оян, қазақтың» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым. Бұрынғы ақысы 20 тиын еді, енді пұлы мынадай қайырлы іске жұмсалатын болған соң, алушыларға бағасы 50 тиын болсын деп мөлшерледім. Пошта бағасы 2 тиын. Іскитке жоқ. Бір кісіге 50 кітаптан кем сатылмайды. Ақшасын төменгі әдіріс бойынша күні бұрын жіберу керек. Бұлай деуімнің себебі, тезірек өтіп, ақшасы ашаршылықтағы бишараларға тезірек жетсін дегендік. Мың дана кітап тез сатылса, сонан өнген 500 сом шамалы ақша көп пұл болмаса да, елжұрт, жер-су, мал-мүліктен айырылып, бұл күнде бір тілім нанға зар болып тұрған сорлыларға аз да болса көмек болар еді. Бұл бишара бауырларымызды ескеру, өлімнен, қырғыннан құтқару – алаш азаматының адамшылық борышы!

«Оян, қазақты» жоғарыдай шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларға жаны ашыған азаматтар мынау әдірістегі Жұмағали Тілеулиннен алдырсын.

Әдірісі:
г. Петропавловск. Акмол. обл.
ул. Водная больница, фельдшеру
Жумагали Тлеулину.

Міржақып Дулатов.
«Қазақ», 1917 ж., № 233.

ЖҮЗІҚАРАЛАР

Жандарым архивінен шыққан
Дүйсенбай қажы Тұрановтың шағымдары.

I

1914 жыл 26 июнде Омбыдағы жандарм мәхкәмәсінің бастығы Қызылжардағы жандармск полковникке мынадай телеграм берген:

«29-да сіздің үйде Тұрановпен жолығуға барамын. Оған хабар беріңіз, Ямский орамда өз үйінде тұрады. Егер ол бір жаққа шығып кеткен болса, маған телеграммен білдіргіз».

II

1914 жыл 14 июльде Әлкей жандарм бастығы тағы да Қызылжар жандармына телеграм берді.

«19-ы күні кеш сағат тоғызға қарсы «Подгорный»[1] даяр болса, он бірге қарсы «Қорғанск» даяр болсын, жолығамын».

Жоғары екі телеграмнан көрінеді, Дүйсенбай өзі ылғи хатпен ғана білдіріп (*хабарлап*) тұрмаған. Омбыдан жандарм мәхкәмәсінің бастығы оған келіп те, жолығып тұрған. Олардың онда не сөйлеп, не істеп жүргені бір Аллаға аян. Бірақ мұнан Дүйсенбайдың жандарм мәхкәмәсіне өте керекті адам екендігі көрінеді.

III

1915 жыл 2 апрельде Дүйсенбай Қызылжардан Омбыдағы жандарм мәхкәмәсінің бастығы Козловқа мынадай хат жазды:

«Алдияр тақсыр, Ардақты Николай Наумович! Қазірге пәлендей жаңа хабар жоқ. Мұндағы судебный пристав Закир Ишмухамедов, Ақмола үйезінен келгенімде маған, жұрттың айтуына қарағанда, февраль айында мұсылмандардан ақша жинады. Қандай ақша һәм қай орынға жинағандығын анықтап болып, айрықша хатпен тағы да білдіремін. Құрмет айтушы «Қорғанск».

IV

1915 жыл 3 июньде Атбасардан Дүйсенбай жазады:

«Артықша құрметті, Николай Наумович! Сізге білдіремін, Көкшетау үйезі, Қарашинский болыста бұрын Көкшетау судьясына переводчик болған Балғожа Хұдайбергеноғлы

---

[1] «Подгорный» – Қызылжарда Дүйсенбай секілді бір орыс екен. О да осы күні Абақты ... (*өшіп қалған – құраст.*).

деген қазақ тұрады. Балғожа қазақ арасына мынадай жалған хабар таратып тұр: «Неміс һешкімнен жеңілер халық емес, жауынгер, күшті мемлекет, сондықтан қазақ халқы неміс патшасының қол астына қарауға қамдануы керек, неміске һәм оның одағы – өзіміздің діндес мемлекет Түркияға тілектес болу керек» – депті. Хұдайберген баласы Көкшетауға көп келеді, елге қайтқан сайын, қазақтардың маған айтуынша, соғыс туралы жағымсыз көп хабарлар әкеледі.

Тағы да сізге білдіремін, Көкшетауға жаңадан сайланған доқтыр Горинович саясат ісімен шұғылданады, бар күшімен һүкіметке қарсы қуаттайды. Пікірін өте сақтықпен таратады. Бірақ өзінің таныстары арасында һүкіметке наразылығын ашық сөйлейді. Бұл дәл Қызылжардағы доқтыр Кузнецовтың сыңары. Екеуі де өткен жылдардан бірге қызмет қылып, һүкіметке қарсы жақты қуаттап жүрген адамдар. Доқтыр Кузнецов туралы осы күні Түркістан жағына кетсе де, өзіңізде толық мағлұмат һәм құфия іс бар шығар. Артықша құрметтеуші Қорганск».

V

1915 жыл 11 июньде Дүйсенбай жазады:

«Аса қадірлі, Николай Наумович!»

Жинаған мағлұматымның бірсыпырасын Атбасардан жазғамын, алған шығарсыз. Жаңада ғана салдым. Көбірек жаңа хабарлар шығып қалса тағы да жеткіземін. Қызметіңізге даяр Қорганск».

VI

1915 жыл 27 июльде жазады.

«Алдияр тақсыр, Ардақты Николай Наумович! Төменшілік жүзінен өтінемін, унтер-офицер Назаровтан қалдырмай маған, айына тиісті жалованиемді беріп жіберсеңіз екен, айт мейрамымыз жақындап қалды, тезірек жіберіңіз. Қазірге жаңа хабарлар жоқ, жаңалық болса тоқтаусыз жеткізуге тырысамын. Менің ақшамды мұндағы жолдастарымдікімен бірге жіберуге ұмытқансыз ғой. Артықша құрметтеуші, құрметіңізге даяр Қорганск».

VII

1916 жыл 26 июньде жазады:

«Ардақты, Николай Наумович!

Июнь айының ішінде мен Көкшетау үйезін араладым, пәлендей дерлік жаңалық хабар болмай тұр. Қазақ арасында

бүліншілік, өзгеріс жоқ. Келешекте өзгеріс бола қалса, тоқтаусыз сізге білдіруге ыждахат етермін. Қолғабысшыңыз Қорганск».

VIII

1916 жыл 17 ағуста *(август)* «қолғабысшы Қорганск» тағы жазады:

«Құрметті, Николай Наумович! Шүбәсіз анық орын алған хабарламада сізге білдіремін: Ақмола үйезінің оңтүстігінде Шу бойын жайлайтын Ақмола үйезінің екі болыс қазағы мал-мүлкімен Қытай жеріне көшкелі жатыр. Бұларға Семей облысынан да бірсыпыра ауыл қосылмақ.

Қызылжар үйезінде қазірге тыныштық. Жаңалық, өзгеріс болса, тоқтаусыз жеткізуге тырысамын. Июль айында Қызылжар қазағының жиылысын білдірмедің деп маған бекер кінә қоясыз. Онда пәлендей ешнәрсе болмаған. Қазақтар жиналып начальниктеріне арыз айтып, отсрочка сұрады. Көп қазақ жұмысқа бармау үшін жалданды. Мен сізге асығыс анықтама жазуды лайық көрмедім. Және де сіз жолыққанда маған әр уақытта айтушы едіңіз ғой. Жазғанда анық болған істі жаз, тұрлаусыз хабар жазба деп, сіздің сол тілегіңізді қатасыз орындайын деп, қазақтардың жиылысы туралы мен астыртын анық мағлұмат жинадым. Бұған уақытты білісімен 21 июльде сізге хат жазғанмын. Көрген-білгенімді, жинаған мағлұматымды әр уақыт сізге тоқтаусыз жеткізіп тұрармын, бірақ менің жалованиемді тоқтата көрмеңіз. Қызметіңізге даяр Қорганск».

Омский коалиционный комитетке Дүйсенбайдың 7 апрельде берген өз жауабына қарағанда, жоғарыда айтылғандардан басқа тағы 8 кісінің үстінен көрсеткені мағлұм болды. Ол қағаздар архивтен әлі шыққан жоқ. Архив түгел қаралып та біткен жоқ.

Дүйсенбай жауабында: «Мен жандармға қызмет етуімді 1916 жылдың май айында тоқтаттым» депті. Мұнысы да өтірік, себебі жоғарыдағы хаттарының бірі 1916 жылы 26 июньде жазылған, бір хаты 1916 жыл 17 ағуста (*август*) жазылғандығы көрініп тұр.

Дүйсенбай 7 апрельде берген жауабында: «Маған жандарм мәхкәмәсіне тыңшы болып кіруге студент Сейілбек Жанайдаров мәслихат берді» депті. Дүйсенбайдың мұнысы Сейілбекке жапқан жала екендігіне шүбәланғымыз келмейді. Бірақ Сейілбек өзі не айтар?

Х. А. *Жүзіқара жалғыз Дүйсенбай қажы емес, оның жолдастары да көп. Сондықтан мақала «Жүзіқаралар» деп жазылып келеді. Адамшылық борышын өтеуге талпынып, талап еткен алаштың азаматы жафаны жаудан емес, жақыннан шегіп еді. Жауыз һүкімет дәуірлеп тұрған заманда жігеріміз қайнап, бармағымызды шайнап, осы оңбаған жүзі қараларды халыққа таныстырып, бетін айдай қылатын күн туса! – деп Құдайдан тілеуші едік. Міне, сол зарығып күткен күн туды, тілекке құдай жеткізді. Арман жоқ! Дүйсенбайдың «Ага-інілерімен» де халықты бірте-бірте таныстырамыз, қазір жұртқа бұлардан керек мәселелер көп, газетте орын аз.*

М.

«Қазақ», 24 июнь 1917 ж., №234.

БИШАРА ҚЫРҒЫЗ БАУЫРЛАРЫҢЫЗДЫ ҰМЫТПАҢДАР!

Жетісу облысы, Пржевал үйезіне қараған 6 болыс (Карақол, Жаныбек, Торкой, Жанбай, Барскун, Зоқи) елдің ортасына 1) Мақсұт Солтоев һәм 2) Қасымбай Телтаев келіп, жұртты жинап, қазіргі хал-жайды түсіндіріп, алты болыс елден 10 кісіден шығарып, районный комитет сайлады. Өлім халінде жатқан бауырларымызға тезірек жәрдем жетістіруге харакет қылып, ұлт үшін жанын пида қылған жоғарғы екі жасымыз тұс-тұсқа шауып, көз алдында аштан өлгелі жатқан бауырларын тіріліту ге, көзінен жас орнына қан төгіп, тиісті орындарға телеграм беріп, жылу жинап жатыр. Бұ жақтағы босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харакет қылып жатқан облыстағы алтын тұяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегіміздің тәңірі жарылқасын айтамыз һәм бүкіл киіз туырлықты қазақ баласынан бишара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз!

Комитет бастығы Ишанғали Арабаев.

«Қазаққа» бұл хатты жазушы Ишанғали Арабаев – қырғыз. Уфадағы медресе «Ғалияны» бітіріп шығып, еліне қайтып, зор медресе ашып, өзіне жолдас мұғалімдер алдырып, қараңғы надан қырғыз ішіне ғылым нұрын шашып тұрған ұлтшыл, пікірлі жігіт еді. Былтырғы кесірлі 25 июнь жарлығы осылардың елін бүлікшілікке ұшыратып, қытай жеріне бостырды, қырғынға, ашаршылыққа душар қылды. Ишанғалидың бір жолдасы, медресе «Ғалияда» бірге оқыған Исхақ Қанағат баласы деген жігіт кешегі залым қанды һүкіметтің заманында нақақтан дарға асылды.

Алаштың азаматы! Естисіңдер ме, «Өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз» дейді? Жандарың ашымай ма, жүректерің елжіремей ме?! Егер тасбауыр болмасаңдар, қимылдаңдар! Жұрттық қылыңдар, тиындамаңдар!

М. Д.
«Қазақ», 1917 ж., № 236.

САНА ҚАЙДА!

Бір кездегі өткен түс секілді, көрген күнің көр секілді еді. «Баяғыны» сағынушы едің, «қазіргіге» қамығушы едің. «Өттең Тәңірімен» күнің өтті. Тілің шықса, үнің шықпады. Үнің шықса, күнің шықпады. Дүниені қараңғы тұман басты. Сен бір еріксіз құл едің. Талансыз туған сорлы едің. Көп зарықтың, көп сарғайдың.

Көзіңнің жасына Құдай иіді.

– Көзіңнің жасын!

– Өйткені жылаудан басқаны білмеуші едің.

– Қабылы Алладан, қамы кімнен? – десе,

– Пендеден, – дер едің.

– Қам қылып пе едің? – десе,

– Жоқ, дер едің.

– Жоқ екенін білемін, қамдануға уақытың болды ма? Қазақ деген халық едің. Еділ–Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді.

– Осылардай ұжмаққа мензес жерлерің бар еді.

– Айдын шалқар көлдерің бар еді.

– Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді.

– Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билерің бар еді.

– Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді.

– Ел бастайтын көсемің бар еді.
– Сөз бастайтын шешенің бар еді.
– Ақ киізге көтерген хандарың бар еді.
– Ізгі қария шалдарың бар еді.
– Сауық-сайран жиының бар еді.
– Бақ-береке ұйымың бар еді.
– Кедейің жоқ, бай едің,
– Төрт түлікке сай едің.
– Сол күндерде арманың бар ма еді?
– Жоқ секілді еді. Сонан да қазақ айырылдың!
– Онан қымбат нең бар еді?
– Мойныңа бұғалық түсті, бұлқынбадың.
– Құрық көтеріп еді, қолға тұрдың.
– Арғымақ едің, жабы болдың.
– Жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді. Еркешті қылды, көне бердің. Баяғы дәурен көзіңнен бір-бір ұшты. Қамықтың, жабықтың.
– Көзіңнің жасына Құдай иіді! Қам қылған жоқсың. Қам қылуға уақытың болған жоқ. Уақытың талас-тартысқа кетті. Өзді-өзіңнің таласыңа кетті.
– Елдің көркі ер еді.

Біздің қазақтың басшылары тана, моншаққа қызығып, жер жүзінде еш халық дәреже көрмеген болыстықты зор абырой, бақыт көріп адасты. Талас қанына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды.

– Ер адасса, ел адасушы еді.

Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты. Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ. Көздің жасын Құдай иіген кезде де жөнге түскен жоқ.

Болыстық қалып еді, жақсыларымыз болыстың тонын комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып «ел билеу», момынға тізе көрсету екен деп адасты. Комитет ашу бостандықты күшейту жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады. Ойласа да дерт кернеп шыдатпады. Ауру қалса да, әдет қалмады. Бостандық болғалы төрт айдан асты. Қазақ арасында комитеттен де өзге зор істер бар екенінен хабары жоқ.

– Енді біз қашан жұрт боламыз?

– Адасуды әлі де қоймасақ, істің түбі неге соғар? Алаштың азаматы, осыны ойлайық!

Қазақтың қазақ заманы бастан кешкеннен кейін біздің атқа мінген жақсыларымыз алаштың ары үшін, асыл істің

қамы үшін өзара алалығын тастап, дұшманға қарсы жол қарап, әдіс іздеген болса, бұл күнде көңіліміз жетігірек, көзіміз ашығырақ болар еді.

– Бостандық туды.

Бұл бостандық көктен түсті. Енді өзіміздің ұйымсыздығымыздан тегін бостандық жемісінен пайдалана алмасақ, «аспаннан шұға жауғанда ұлтарақ тимеген құл» біз болмаймыз ба?

– Күні ертең земство ашылғалы тұр.

1917 жылы сентябрьде учредительное собраниенің сайлауы.

Ауылнай комитеттерге таласып, төрт айда жұмыстың төрттен бірін бітіре алмағанда, бір күннің ішінде бітуге тиіс учредительное собраниенің сайлауы қалай болмақ?

– Бүкіл дүниені қанға бояған соғыстың түрі мынау. Басымыздан кешіріп тұрған заманымыздың қалпы бұл.

– Мынау әлі бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық.

Мұның бәрін ойлаған адам ішкен асын жерге қояды. Шырт ұйқыдан шошып оянады. Жалғыз-ақ қара суға семірген қайғысыз – біздің қазақ.

– Бұл бостандықты әперген ерлерге ат салдырмасақ, бізді олар кім дер?

– Бұл бостандықтан айырылсақ, көрген күніміз не болар? Сана қайда?

Ардақты ақсақалдар, атқа мінген ағалар, ел билеген жақсылар!

– Талас-тартысты енді қойыңдар!

– Мынау болғалы тұрған зор істерге қамданыңдар!

– Ынтымаққа қайтыңдар!

– Құдайдан қорқыңдар!

– Жұртты ойландар!

– Нәсіл-несіптің көз жасына қалып жүрмеңдер!

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 236.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ТАТАРЛАРҒА

«Уақыт» газетінің 2244 нөмірінде Қарабунақ татары Калимолла Ғейдаллин һәм 2252 нөмірінде «Бір сіз» деген ... қазақ жерін бізге алып бере қоймадың деп Бөкейхановқа,

Байтұрсыновқа өкпелейді. Ильминский, ... саясатымен шығарылған степное положениені қуаттады деді.

Қалимолла һәм «бір сіз» әпенділерге біздің айтарымыз: Ильминский мен ... бар да сүйегін өрте, біздің жұмысымыз жоқ. Степное положениесіз тұра алмаймыз деп ертең учредительное собраниеде яки думада қуаттасақ, сонда келіп соқтық. Оған шейін қамқоршылығыңды ішіне сақтай тұр. Ал құр аузыңа жер керектігі үшін соқтыққан болсаң, қазақта құтыла алмай жүрген жері жоқ, оны да ұмытпа. Қазақ жерін беретін болса – ноғайға ағайын екен, жер бермесе – Ильминскийге ағайын екен. Ондай ағайындықтың бізге керегі жоқ, өздерің айтқан ملي شورا اغا شكايات мелли шураға шекайат ете бер. Мелли шураның бір мүдік жерін біреуге алып бере аларлық күші болса, біз де қуанар едік. Қазақ жеріне көз тіккендерден құтқара көр деп, біз де шекайат етер едік. Мелли шураның мұндай күші барлығына көзіміз жеткенше, бір күн де болса закүн хақында тұрған степное положение бойынша ғамал етпей амалымыз жоқ.

Торғай комиссары Бөкейханов та, жер комитетінің ағзасы Байтұрсынов та закон шығара алмайды. Законды жоқ қыла да алмайды. Сондықтан учредительное собраниеге шейін біз қазақ жеріндегі татарларға ұяттымыз.

Степное положение қазаққа яки татарға қанша зарарлы болса да, бұл күнге шейін закон екенін біле тұрып, Қалимолла һәм «Бір сіз» әпенділердің хақысыз өкпесіне орын берген «Уақытқа» да жауабымыз.

М. Д.

«Қазақ», 1917 ж., № 238.

ҚАЗАҚ СЪЕЗІ

Кешегі келмеске кеткен кесірлі һүкіметтің заманында тіл күрмеліп, аяқ-қол матаулы еді. Сол қаһарлы қара күндерде «бас қосалық, съезд ашалық» деп, толғағы толмаған қатынға бала таптырмақшылар да болып еді. Бірақ ол уақытта қойдан қоңыр, қояннан қорқақ едік. Сондықтан ол кездегі бас қосу пайдасыз қысыр сөз еді. Енді, міне, бостандық таңы атты. Не қыламыз десек те ерікті болдық. Бас қосқыш болсаң, қос енді басыңды, аш съезіңді, тоқтату қылар ешкім жоқ. Бірақ бас қосудан мақсат не? Соны жұрт жақсы білу

керек. Бас қосуды, съезге баруды жұрт қызылды-жасылды киініп, тана-моншақ тағынып, тойға барғандай, қызыққа жиналғандай көрсе, ондай съезден әлі де болса пайда жоқ.

Съезд пайдалы болады, егер жиылған адамның әрқайсысы неге келгенін білсе, халыққа шын жаны ашитын таза ниетті болса, халықтың қалпына-салтына жетік болса, тіршілік-шаруа істеріне таныс болса, саясат істерінен мағлұмат болса. Осындай адамдар жиналып, мынау алынған бостандыққа ғұмырлық ие болу үшін, халықтың мұң-мұқтажын кеңесіп, мынау пайдалы дегенді іске айналдырып, мынау зиянды дегеннен халықты құтқаруға қам қылса, съезде жасалған қаулыларды елге қайтқанда әркім халыққа түсіндіріп, іске айналдыруға ыждаһат етсе. Олай етпей, съезд қаулысы сөйлеген жерде құр сөз болып яки қағаз бетінде ғана жазылып қалып, елге қайтқан соң сары қымыз, салқын үйдің қызығында бәрі ұмыт болса, ондай съезден де халыққа келер пайда жоқ.

Енді біз өзімізге өзіміз өкпелемесек, өзгеге өкпелей алмаймыз. Қолымызға берген бостандықты ұстай алмасақ, пайдалана алмасақ, келінді күң, жібекті жүн еткен мысалында боламыз. Олай болсақ, біз жұрт бола алмаймыз. Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр, әркім өз аты бәйгеден келуіне, өзі шыққан тауы биік болуына жанталасып қызмет етіп жатыр. Біз де солардан қалмалық. Уақыт өткізбелік. Өкініп жүрмелік. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат. Оян, жұрт, талпын, жұрт, қамдан, жұрт! «Батырсыған жігітті жау келгенде көрерміз, шешенсіген жігітті дау келгенде көрерміз» деген мақал бар. Бұрын сылтау бар еді. Заман тар, амалсыздан халыққа қызмет ете алмай жүрміз, әйтпесе өйтер едік, бүйтер едік деуші еді. Енді тісін қайрап, жігері қайнап жүрген ерлер болса, жол ашылды. Көрсет өнеріңді, қыл қызметіңді, баста жұртыңды! Бос сөзден пайда жоқ, бұрынғыдай сылтау жоқ, жанды ортаға салып, іске кіріс! Ер көңілді алаштың азаматына енді зор сын!

Міне, қазақ уалаяттарының бәрінде де үздік-создық съездер болғалы тұр. Тұңғыш съез Торғай облысының съезі болды. Бұл съездің толық отчеті орысша-қазақша жеке басылып шығады, қазірге қысқаша қаулысын жазып отырмыз.

1. Комитеттер ашу

1. Ауылный комитеттер:

а) ауылный гражданский комитеттерді бір ауылный[1] елдің 21 жасқа толған еркек-әйелінің түгел жиылысы әр 10 адамнан бір ағзадан шығарып сайлайды;

б) бұл комитетке сол ауылдың ортасында болған басқа сондай қауымдардан бір-бірден өкіл кіріседі. Ауылный комитеттер өз арасынан испольнительный комитет сайлап шығарады. Мұның кісілері: председатель, оған орынбасар, секретарь (*хатшы*), оған жолдас *(орынбасар деген мағынада – ред.*), қазынашы екі ағза.

Ауылный комитеттер сайланғаннан кейін бұрынғы ауылныйлардың лауазымы исполнительный комитеттерге тапсырылады.

Қажет орындарда ауылный комитеттер милиция сайлап қояды. Бір ауылный елге ортақ істерді ауылный гражданский комитеттің жалпы жиылысы тексереді. Оның жасаған қаулысын ауылный исполнительный комитет орнына келтіреді. Жалпы жиналыста комитет ағзаларының 3/2 (*үштен екі бөлігі*) болса, кеңес құруға болады.

2. Волосной комитеттер

Волосной гражданский комитеттерді ауылный комитеттер әр 10 ағзадан бір кісіден артық жібермеу шартымен өз араларынан сайлайды. Волосной комитетке де уақ-қарыз серіктігі һәм сондай қауымдар бір-бірден өкіл сайлайды. Волосной гражданский комитеттер өз арасынан исполнительный комитет сайлайды, кісілері: председатель, оған орынбасар, хатшы, оған жолдас, қазынашы екі ағза һәм оларға екі кандидат.

Волосной исполнительный комитет ашылғаннан кейін бұрынғы болыстардың лауазымы осы комитетке тапсырылады.

---

[1] Бұл жердегі «ауылный», «ауылной» деп екі түрлі алудың себебі мынадай: бұрынғы болыстық тұсында қазақша ауызекі сөзде болыс құрамындағы ауыл да, оны басқарушы әкім де «ауылной» аталып кеткен. Ал кейінгі комитет кезінде құрылған ауылдық комитетті де мақала авторы орысша нұсқасына негіздеп, «ауылной комитет» деп алған екен. Біз оны айтуға ыңғайланқырап және жоғарыдағы «ауылнойдан» ажыратып «аулный комитет» күйінде қалдырдық *(«волосной», «уезный», «областной» деген сияқты – Ред.).*

Қажет орында волосной комитеттер милиция сайлап қояды.

Бір болыс елге ортақ істер – мысалы, жер мәселесі, алымсалық һәм басқа сондай істерді волосной комитет ағзаларының жалпы жиналысы тексереді. Жалпы жиылыста комитет ағзаларының 3/2-сі болса, кеңес құруға болады.

3. Уездный комитеттер

а) уездный комитеттерді әр 10 ағзадан бір өкіл жіберіп, волосной комитеттер сайлайды;

б) уақ-қарыз серіктері һәм сондай қауымдар өкілдері де мұнда бір-бірден болады;

в) солдат һәм жұмысшылар советінен бір-бір өкілден кіреді;

г) басқа мекемелерден де бір-бір өкілден кіреді;

д) городской гражданский комитеттерден әр 1000 кісіден біреуден артық болмау шартымен өкілдер сайланады.

Уездный комитеттер өз арасынан исполнительный комитет сайлайды, кісілері: председатель, оған екі орынбасар, хатшы һәм оған екі жолдас, қазынашы һәм 4 ағза.

Түрлі халықтар аралас үйездерде уездный комитеттер ортақ болады.

4. Областной комитеттер

Бұл комитетті де уездный комитеттер жоғарыдағы тәртіппен сайлайды.

Қосымша: өзіне ағза болмаған кісілерді де уездный комитет, областной комитетке өкіл қылып жіберуге ерікті.

Областной комитет өз арасынан исполнительный комитет сайлап шығарады.

Қосымша: Сайлау біткеннің бәрінде (*ел екі партия болса*) аздан аз, көптен көп сайланады, әйел-еркек айырылмайды.

Комитеттерді халық өзі сайлайды. Сайлаудың дұрыстерісін бақылауға, талас болған жерлерде сайлау құруға участок сайын 3 кісіден қазақтың өзінен комиссия қойылады. Керекті орындарға бұл комиссия ағзаларын жіберіп тұрады, бірақ мұндай ағзалар өз елін сайлауға жіберілмейді.

5. Съездер

1. Бүкіл қазақ халқын біріктіруге, мұң-мұқтажын кеңесуге жалпы қазақ съезін шақыруға қаулы қылынады. Съезде қаралатын мәселелерді даярлауға, орнын һәм

уақытын лайықтап, жұртқа хабар беруге айрықша бюро құрылды. Бұл бюроның ағзалары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Кәдірбаев, Ғұмар Есенғұлов, Имам Әлімбеков, Есен Тұрмұхамедов, Керей Тұрымов.

2. Мәскеуде 1–8 майда болатын жалпы мұсылман съезіне Торғай облысынан 4 өкіл сайланды: Ораз Тәтіғұлұғлы, Сейдәзім Кәдірбаев, Аққағаз Досжанқызы, Сұлтанғазы Асқақұғлы.

6. Учредительное собрание

Мемлекет тәртібі қандай болуын кеңесіп, съезд мынадай қаулы шығарды:

1. Россия мемлекеті демократическая, парламентарная, децентралистическая республика болсын.

2. Учредительное собраниеге әр халықтың санына қарай депутат сайлансын. Сайлауға әйелдер де кіріссін.

7. Дін мәселесі

1. Дін ісі мемлекет ісінен айырылсын.

2. Торғай облысының қазағы уақытша Орынбор мүфтилігіне қарасын.

3. Мүфти һәм қазыларды сайлауға әр ұлт өзінің санына қарай қатыссын.

4. Духовное собрание туралы жаңғыртып низам шығарғанда қазақ өкілдері бірге болсын.

5. Имам һәм мүфтиді халық сайлайды, ақындарды имамдар өз арасынан сайлайды, қазыларды ақындар сайлайды. Имам, мүфти, ақындардың дәрежелеріне лайық шаһодномасы болсын.

6. Мешіт саны халықтың тілегінше болсын.

8. Бастауыш оқу

1. Жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет көргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы қылды, 100 үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын.

2. Мектептер земский һәм мемлекет ақшасына ашылсын.

9. Жер мәселесі

1. Мемлекет керегіне деп қазақтан жер алатын болса, әуелі қазақтың өзіне жеткілікті жер беріліп, артығы алынсын.

2. Учредительное собраниеде жер мәселесі ашылғанша бұл күнге шейін мұжық орнамаған участкелер, мұжық жамансынып тастап кеткен жерлер, отробной, оброшной статьялар мал бағуға деп һәм монастырский учаска деп алған жерлердің бәрі бұрынғы иелеріне (*қазаққа*) қайтарылсын. Законсыз ұзын срокпен арендаға берілген мал бағатын участкелер да иелеріне қайтарылсын. Қымыз ішуге ашылған ауруханаларға алынған жерлер иелеріне қайтарылсын. Жаңадан алуға жоба жасалған жерлерге енді мұжық жазу тоқталсын.

3. Жер алу Дала уалаятында һәм Түркістанда тоқтатылсын. Алуға жоба жасалған жерлердегі қазақтардың қыстауы көшірілмесін. Айрықша қазына мүлкі саналған ағаш ішіне кеткен қазақтың егіндік, пішендік мүлкі һәм жайылымына жаңадан бөлік болып, бұрын жасалған шекара түзетіліп, қазақтан орынсыз алынған егіндік-пішендігі қайтсын. Бұл ағаштардың арасындағы шөбін қазақ тегін шапсын һәм қыс мал жаюға ерік берілсін. Қазақтың өзі қорыған ағашы өзіне қайтсын. Ағаш маңындағы кедей қазақтарға қора-қопсы салуға ағаш берілсін.

10. Суд

Жаңадан негізгі өзгеріс жасалғанша қазақ билері бұрынғыша қалсын. Бірақ билер халыққа сенімді болмаса, қайта сайланып қойылсын. Билерді ауылный комитет сайласын. Ауылный гражданский комитеттер исполнительный комитет сайлаған кезде, билікке екі кандидат белгілейді. Оның бірі таланмен би болады, біреуі кандидат болады. Талас шыққан орындарда екі кандидаттың бірі аз жағынан көрсетіледі, егер аз жақтың ауылный комитеттегі ағзалары барлық ағзалардың 4/1-інен артық болса, жеке билердің жазу-сызуларын ауылный комитеттердің хатшылары тегіс жазады, қаламақы алынбайды.

1. Волосной съездің жазу-сызуларын да, қаламақын алмай, волосной комитеттің хатшылары жазады. Чрезвычайный съездер елде комитеттер түзеліп біткенше ашылмайды. Онан кейін чрезвычайный съезд ашу ықтияры уездный комиссарға тапсырылады, бұл комиссарларға крестьянский начальниктердің лауазымы тапсырылуға тиіс. Чрезвычайный съездің жазу-сызуын уездный комиссар жіберген кісі жазады, бұ да қаламақы алмайды.

2. Дала уалаятында следственный (*тергеу*) істер мировой судьялардан алынып, судебный следовательге тапсырылады.

3. Торғай облысындағы жалпы соттарда присяжный заседательдер болсын.

11. Земство

Торғай облысына земство берілсін.

12. Баспасөз

1. «Қазақ» газеті жиі шықсын һәм халыққа мағлұмат беретін кітапшалар бастырылсын.

2. Газет, кітап, хат-хабарларды тез алып тұру үшін волосной һәм ауылный комитеттер жұма сайын екі рет пошта алып һәм жүргізіп тұруға тиіс.

13. Жұрт ақшалары

1. Ескі һүкімет заманында орынсыз жиналған халық ақшалары бар. Сол ақшалардың қай орында екенін Торгайский областной правлениеден һәм крестьянский начальник мекемелерінен біліп, Торгайский областной комиссардан өтінеді: халық өзі ұйғарғанша, жоғарыдағы ақшалардың жұмсалып кетпегендері сақталып тұрсын.

2. Азаттық жолында қызмет еткен саяси ерлердің мұқтаждарына «Қазақ» басқармасы арқылы көмек беруге қаулы қылынды.

14. Крестьянский начальниктер һәм халыққа залалды шенеуніктер

1. Халыққа зияннан басқа түк пайдасы жоқ крестьянский начальник мекемелері жоқ болсын.

2. Торғай облысында халыққа зиянды шенеуніктер (*аттары аталады*) орнынан түсіп, сотқа берілсін һәм бірсыпыралары абақтыға жабылсын.

15. Соғыс

Бостандықты нығайту үшін жауды жеңуге қазақ халқы қолынан келгеніншe жәрдем етпек: мал, азық-түлік бермек (*жұмысшылар туралы съезд қаулысын, жігіттер қайтатын болған соң, мұнда баспадық*).

16. Торғай облысында болған уақиғалар

25 июнь жарлығы тақырыпты Торғай облысында болған қанды уақиғаны тексеруге айрықша тергеу комиссиясы құрылсын.

Жоғарыдағы мәселелерді қарап бітіргеннен кейін, жаңа hүкіметке құттықтау телеграм hәм күнбатыс майданында бұратана бөліміне телеграм беріп, съезд тарады.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., №238.

«ҚАЗАҚ» БАСПАХАНАСЫ

Жаңа арада «Азамат» серіктігі атына «Қазақ» газеті үшін 30 мың сомға баспахана алдық. Баспахананың екі машинасы бар. Орысша әріптері мол, саймандары түгел құрулы. Мұсылманша әріпті Қазаннан алдырғалы тұрмыз, заказ беріп қойдық. Сөйтіп, барлығы 40 мың сомға түскен қазақша hәм орысша басатын баспаханамыз болды. Көптен: «көңіл жетсе қол жетеді, айналып бастан бұлт кетеді» деп жүретін едік, сәті бүгін түсті, қуаныштымыз. Газет шығару, баспахана ашу секілді істер көлденең адамға сауда-саттық ісі секілді көрінсе ғажап емес, ақшаң болды – алдың, қаламың болды – жаздың, бірақ бізге олай емес. Бес жылдан бері «Қазақты» шығарып келе жатқан, жас баласын тербеген анадай, ыстық-суығын көрген бізге зор іс, зор қуаныш.

Бір күндерде бүйтіп баспахана аламыз, газетті көркейтеміз деген ой жоқ еді. «Қазақты» қай күні жауып тастайды, өзімізді қай күні айдап жібереді деген қауіп зор еді. Бірақ, Нұржан ақын айтқандай, «бел байлап тәуекелге шоқыта бер, қансырап қашан барып жығылғанша» деп, Құдайдың не салғанына көнуге ырза болып, жолымыздан тоқтамадық. Ақырында, бұл күнге жеттік. Жәбірді жаудан көргеніміз жоқ, жақыннан көрдік. Ағайыннның шағымымен абақтыда жатқан ақынның айтқаны бар:

Еш нәрсе емес абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған қиын осылардың бәрінен
Өз ауылыңның иттері үріп, қапқаны.

Бізге ең қиыны, жанымызға батқаны жаудың жақыннан шыққаны болды. Ол күндерде біз көрген қорлығымызды халыққа жариялап шаға алмайтын едік. Күзетші-тыңшы көп еді. Біз жетім едік, жалғыз едік, жолдасымыз жоқ еді.

3) Әлихан Бөкейханов бірінші Г. Дума ағзасы, 1912 жылы кадет һәм 1913 жылдар Бөкейханов социалист-революционер партиясына қатынасып жүргендігі сезілді.

Орал губернаторының телеграмы бойынша Бөкейханов туралы Самар жандарм мекемесіне білдірдім. Самар жандарм мекемесінің бастығынан хабар алдым: «Бөкейхановты сыртынан бақылап жүрміз», – деген.

Міне, «Қазақтың» үстінен болған шағымдардың бәрі осы секілді. 50 сом, 1500 сом, 3000 сом штрафтардың бәрі осындай шағыммен болған. Мұндай шағымдар толып жатыр, бірінен-бірі «әдемі», бәрі – өзіміздің Құдай қарғаған «бауырлардың» ісі.

Қазақ басынан осындай қиындықтар өткізді, ақырында, Аллалап бостандыққа жетті. Енді біздің жұртқа айтарымыз мынау: баспахана «Азамат» серіктігінің ақшасына алынды. «Қазақ» бұрын да халық газеті еді, бізге аманат еді. Біз кешегі тар заманда да халықтың аманатын ауырсынып, бейнетінен қашып, жолда қалдырғанымыз жоқ, шамамызша жүргіздік. Енді бүгін «Азамат» ақшасына баспахана алған соң, тіпті халық газеті болды. Біздің халықтың қызметкері – «Азамат» серіктігінің пұлы қырық мың сомдай еді, соны баспаханаға жұмсап тұрмыз.

Газет бұрын керек болса, енді мынадай талас-тартыс заман туғанда бұрынғыдан да артық керек. Газетті жиі шығару бар, қазаққа керекті неше түрлі кітаптар бар, бәрі осында басылмақ. Мынау қымбатшылық баршамызға мағлұм. Қағаз, сайман, отын, пәтер, қызметкер хақы бұл күнде орасан қымбат. Осы күні баспахана һәм газет қызметкерінің саны 20 шақты болды. «Азамат» серіктігінің бар суммасын баспахананың қара басына жұмсағаннан кейін, былайғы расходтарына қысылмай жұмсауға тағы да бірсыпыра пұл керек.

Талапкер азаматтар, көзі ашық байлар һәм мырзалар «Азамат» серіктігіне молырақ кірісіп, газет һәм баспахана ісін тағы да көркейтер деген үміттеміз.

Мир-Якуб Дулатов.
«Қазақ», 1917 ж., № 239.

БОСҚЫН ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ

Жетісудағы босқын қырғыз-қазақ үшін Үкіметтен жәрдем сұрауға Мұхаметжан Тынышбаев Петроград кеткендігі жазылып еді. Мұхаметжан қайтты. Үкімет босқын қырғыз-қазақтар үшін 5 миллион, Жетісудың бүліншілікке ұшыраған мұжықтары үшін 6 миллион сом бермек болған.

М. Д.
«Қазақ», 1917 ж., № 239.

УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ

Учредительное собрание сайлауы үш айға кешіктірілді. Үш ай көп уақыт емес, әсіресе біздің қазақ халқына. Үш айдың бер жағында земствомызды дұрыстап сайлап алсақ, құдайға мың мәртебе шүкірлік етуіміз лайық. Учредительное собрание сайлауы кешіктірілмегенде, қазақ депутаттан құр алақан қалу қаупі бар еді. Сайлаудың кешігуі себебін де Үкімет земствосы жоқ елдер қамтамасыз болсын деп көрсетіп отыр. Земство сайлауын ең ұзатқанда бір жарым айдан кешіктірсек, учредительное собраниеге депутат жібереміз деп текке тамақ ісірмеу керек.

Қазақтан өзге жұрттың көбі осы күні учредительное собраниеге қамданып, жіберетін кісілерін атап, жұртқа жариялай бастады. Бұл іске біздің де кірісе бастауымыз керек. Қазақтан болатын депутаттар біздің тұңғыш атауымыз анаукүнгі жалпы қазақ съезінде болды. Жұрт ол съездің қаулысын қабылдай ма, жоқ па, ерік өзінде. Бірақ «қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» дегендей, әйтеуір билік өзімізде екен ғой деп, орынсыз қаулы бұзу болса, жұрттың адасқаны. Оған қылар лаж жоқ. Жалпы қазақ съезі лайықтаған депутаттарды халық ұната ма, жоқ па, ол екінші сөз. Учредительное собраниеге сайланатын депутат қандай болу керек, жалпы жұрттың құлағына соны салғымыз келеді.

Осы күні Россия халқының бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. Бір жағынан мынау қанды соғыс немен бітері, екінші жақтан

мынау бостандық ісінің ақыры неге соғатыны белгісіз. Келешек қараңғы.

Мәнісі, сол қараңғыда жол табу үшін, алдымыздағы қыл көпірден сүрінбей-жығылмай аман өту үшін, саналы жұрттың бәрі жанталасып жатыр. Ертең ашылатын зор мәжілісі–учредительное собрание әлгі жұмбақты шешеді. Мемлекеттің бақытына жол ашатын – сол учредительное собрание яки көз жасына қалатын – сол учредительное собрание.

Учредительное собраниенің қаулысын ешкім бұза алмайды. Міне, сол учредительное собраниенің қаулысы халықтың пайдасына муафиқ шығу үшін оған жіберетін депутаттар халыққа шын пайдалы адамдар болу керек. Пайдалы адамдар қандай болады?

Ақ жүрек таза болса. Жұртты иә сатып, иә алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне, депутат болуға осындай адамдар лайық. Бұл сыпатты адамдар біздің қазақта қанша, көп пе?

Жоқ кісіні біреуден қарызға алуға болмайды. Қазақ осы өлшеуге салып, өзіндегі барын депутат сайлау керек. Бұл сыпаттарға қарамай қазақшылыққа салып, әркім жақынына, ұранына, облысына, үйезіне тартса, қазақ халқы келешектегі жұртшылығын ойламаған болады.

Қазақтан болатын депутаттың ешкімге жаттығы жоқ. Ұран бір, тілек бір. Атақ үшін баратын жол бұл емес. Жолым кетті, қысыр қалдым дейтін жол бұл емес. Ертең учредительное собраниеде Россиядағы халықтардың бәрінен 800 депутат жиналғанда, сенің арғын екенің, найман екенің ешкімге керек емес. Үш жүздің баласы бәрің де қазақсың. Алған бәйгең қазақтікі болады, алдырсаң да қазақты алдырасың.

Атақ үшін баратын жол бұл емес дедік. Өткен екі Думаға да қазақтан депутат барған. Баяғыда депутат бұл еді деп, солардың бәрін де жұрт осы күні алақанына салып әлпештеп отыр ма? Оларға атақ қанша жолдас болды? Олардың уақытша алған атағынан жұртқа қанша пайда келді? Ол қатесін енді халық істемес.

Ұранға қызатын орын бұл емес дедік. Сол екі Думада көрші екі облыстағы керей, уақтан екі депутат барған жоқ па еді? Сонда керей, уақ атымыз бәйгеден келді деп үйде

отырып кеудесін көтермеп пе еді? Осы күні керей, уақ сол екі депутаттарын төбесіне көтеріп отыр ма? Олардың бұл күнде халқына пайдасы, қадірі қанша екенін біз білеміз. Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес. Депутат болу үшін жақсы болу шарт. Депутат болған кісі абыройлы, жақсы болатын болса, жұрттың алдына Алла бергендер түсетін еді. Бірақ Алланың берген пенделерінің бәрі бірдей депутат болуға жарамайтындығын бірінші Г. Дума көрсеткен.

Жұртты иә сатып, иә алдап кететін кісі депутат болмасын дедік. Екінші Г. Дума бүкіл қазаққа аты шыққан бір адамды бір облыс сайлаған жоқ па еді? Сол адамның сырын білмей, сынын түймей, құр дауысы үшін сайлап, ақырында еліне опа келтірмеген соң, сол кісінің құны осы кезде қандай? Мұны да жұрттың көбі енді білсе керек.

1905 жылдан бері халықтың көзі ашылғандай. Жұрттың адамы сыналғандай болды. Бұл учредительное собрание бұрынғы Г. Думалармен салыстыруға болмайды. Бұл мәжіліс елді де, ерді де сынайтын ұлы дүбір, үлкен той. Бұған әр жұрт ығай мен сығайын қосады. Ауылдастың тайы онда шаңға ілесе алмай қалады. Сондықтан біздің қазақ алаштан шыққан жүйрікке үкі тағу керек. Соның тілегін тілеу керек. Садақаны сауда бермей, соңынан өкінуден пайда жоқ.

Бұл айтқанды істемей, қазақ өзара қисынсыз таласатын болсаң, депутатың кемиді – бір, барған депутатың нашар болса, біреудің қанжығасында кетесің – екі. Сөйтіп баяғы таз қалпыңа қайта түсесің. Ойлан, жұрт!

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., №240.

САЙЛАУ ЖАҚЫНДАДЫ

Тойдың болғанынан болады дегені қызық. Қазір тек қызық уақыт. Учредительное собраниеге сауын айтылғалы неше ай өтті. Бұл күнде жұрттың бәрі қамданып, ат жаратып, түн түзеп, алдымыздағы ұлы дүбірден зор дәмелі болып тұрған шақ. Әуелі жиынға сайлануға бір айдан да аз уақыт қалды: сайлау күні – 12 ноябрь.

Қай облыста болса да берілер список ендігі беріліп болды. Қазақ халқы бір ынтымақта болып, әр облыс бөлінбей, жарылмай бір список шығарып, өзіндегі барын һәм халық пайдасы үшін жанын құрбан қылар деген адамдарын таңдап сайлау керектігі көптен айтылып келеді.

Солай болып шығар деген үмітіміз зор. Қазір бізге мәлім болды, қазақтың іргелі төрт облысында список ... Орынборда болған жалпы қазақ съезінің қаулысы бойынша жасалған. Ол облыстар: Торғай, Орал, Ақмола һәм Семей. Аз өзгерістер болса, ондай өзгерістер біреулердің өзі депутат болмаймын деп шыққандықтан яки өз ризалықтарымен орындарын ауыстырғандықтан болған. Алаш ынтымағын бұзбай бір ізден шыққандығы сүйсінерлік іс.

Жоғарыдағы төрт облыстан депутаттыққа аталып, списокке кірген адамдардың аты-жөнін ретімен осы нөмірге басып отырмыз. Бұл төрт облыстың қазағы осы списоктерге тас салу керек. Өзге облыстардан әлі анық хабар алғанымыз жоқ. Олар да, мынау төрт облыс секілді ынтымақпен бір список жүргізген болса, айтар сөз жоқ. Егер араларында талас шығып, бірнеше список жүргізген болса, қай списокте халыққа шын пайдалы адамдар бар, сол списокке тас салу керек. Учредительное собраниеге баруды өзіне дәреже көріп, сол үшін депутаттыққа таласқан кісіден аулақ жүру керек. Халыққа кім бұрын қызмет етті. Қазір кім пайда келтіріп тұр, кім өз пайдасын көздейді, жұрт оны білсе керек. Тас салу құпия болатын болған соң, момын шаруа ешкімнен қорықпауы керек. Кімнің кімге тас салғанын ешкім білмей қалады.

Біреудің ажарына, біреудің байлығына яки жақындыққа қарап тас салу болса, ондай адамдар жұрттың обалына қалады. Осыны жұрт естен шығармасқа керек.

Жоғарыдағы төрт облыстан басқа елдердің қаншасы бірге, қаншасы бөлек список шығарғаны кешікпей білінер. Бірақ бөлек список шығарғандар әлде болса да біріктіруге болады. Оны да ескеру тиіс.

Список шығарды деген сөз, бәйге аттарының шаңы көрінгенде, ат иесінің жүрегі лүпілдеп, бойы қызып, буыны қалтырап, көзі бұлдырап, намысқа, ұранға қызынғандай, қазақ халқы зор тілек, зор мақсатқа кірісті деген сөз. Қазіргі бәйгеге қосылып отырған – бір кісінің иә бір рудың ғана аты емес, бүкіл алаштың аты. Тілек те, мақсат та алаштікі.

Бұл сапарда қызынбаған, желікпеген, ар-намысы қозбаған алаш баласы болмас, болса да оңбас. Бірақ құр список кіргізіп, тілек тілегеннен атымыз бәйгеден келмейді, мұрап хасап болмайды. Аталған кісілеріміз депутат болып шығуы үшін һәм депутаттарымыздың саны кемімеуі үшін жұрт болып, 20-ға жасы толған әйел-еркек, кәрі-жасымыз қалмастан тас салу керек. Сонда ғана дегенімізге жетеміз, сонда ғана қалаған депутаттарымызды сайлап аламыз.

Жоқ, баяғы өзіміздің болыстық, ауылнайлық емес, ақша беріп, ат мінгізіп, айран ішкізіп жүрген адам жоқ деп, үйде отырып қалсақ ұтылғанымыз. Енді бізге сатылмай-ақ, біреудің айдауын көрмей-ақ жұрт пайдасы үшін ұмтылатын кезек келді.

Бұл сайлауға салақтықпен яки салтпен бармай қалатын да жол бар. Мәселен, үйде отырған кемпір-шал бармай қалуы ықтимал «Балалар барса болады да, енді қартайғанда бізге жиылыс не керек» деп. «Бетім-ау, сайлауға жұрттан ұялмай біз не деп барамыз» деп жас келіндер, бойжеткен қыздар бармас. «Мен жиырмаға келгенім жоқ» деушілер де табылар. Байлар малшыларын, жалшыларын да жібере қоймас, ел болған соң, әйелдің сайлауға баруын һәрам деуші молдалар да табылып қалар.

Егер бұлай бола қалса, қазақ ақсайды. Халықтың жартысы – әйел. Әйел тас салуға бармаса, сайлаушының жартысы бір кемиді. Халықтың бірсыпырасы от басындағы кәрі-құртаңның, малшы, жалшы, олар бармаса, тағы сайлаушы кемиді. Сөйтіп, тас салуға сайлаушыларымыздың төрттен бірі ғана баратын болып шықса, төрт депутаттың орнына бір-ақ депутат, 40 депутаттың орнына 10-ақ депутат жіберіп қаламыз. Артығы орысқа, орманға ойысып кетеді. Мұны жұрт ескеруі керек. Жұртқа ескерту, түсіндіру үшін осы бастан елге комитеттер кісі шығару керек. Ел ішіндегі түсінетін адамдар өз тұстарынан халыққа мұның жайын баяндауға міндеткер, бұл олардың адамшылық, азаматтық борышы.

Алаш туын көтеретін, жұрттығымызды көрсететін, теңдігімізді алатын, ұранымызды шақыратын күн туды.

Алаш! Алаш!

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 245.

БІЗДІҢ ІСТЕР

Ауруын жасырған өледі,
Борышын жасырған төлейді.

Мақал

Бүкіл жұрттың яки жеке адамдардың істеп жүрген істерінің бәрі дұрыс бола бермейді. Біреудің ісі Құдайға теріс. Біреудікі жұртқа тентек. Біреудікі адамшылыққа қарсы. Міне, осылардың теріс істерін, жаман мінездерін айтсаң мойындаушы мыңнан біреу, сирек табылады. Бұл мінез әр жұртта бар. Бірақ біздің қазақ халқында қуаттырақ. Біреуге нақақ жала жапсаң, Алла алдында кінәлісің. Халық алдында ұяттысың, хакім алдында жазалысың. Ондай нақақ қараланған адамдар намыстанса өкпелеме. Жөні бар. Ал айыпты болса да, айыбымды неге айтады деушілердің өкпесі жеңіл.

Біреудің көрінеу жауыздығын айтпаудың өзі жауыздық. Біреудің ұрлығын біле тұрып айтпасаң, сен өзің ұрысың. Бір жұрттың тұтынып келе жатқан қалпы-салты теріс болса, оны көрсету – сол жұрттың өз пайдасы. Бір адамның істеп жүрген ісі ағайынға, аймаққа зиянды болса, оны көрсету де әлгі жұрттың өз пайдасы. Бір адам бүкіл жұртқа жақсылық қылып жарылқай алмаса да, жауыздық қылып қарғай алмаса да, сондай иә жақсы, иә жаман мінезді адамдар ел ішінде көп болғандықтан һәм ел дегеннің өзі сондай жеке адамнан құралғандықтан, жақсылығы да, жамандығы да елге ортақ болады. Соның үшін біреуді жұртқа пайдалы деп көтергенде яки зиянды деп кеміткенде, солардай пайдалы адамдардың көбеюі арқылы жұрт ілгері басады. Зиянды адамдардың көбеюі арқылы жұрт азады деген көзбен қарау керек.

«Қазақ» газеті шыққалы бес жыл болады. Бұл газетті шығарудағы мақсат мынау еді:

– Жұртшылыққа көз-құлақ болу, жақсылықты көркейту, жауыздықты жоғалту, үлгілі зат қайда бар, соған қарай сілтеу, надандықтан құтқару, өнер-білімге телу, күштілердің зорлығынан қорғап, елдің қолын теңдікке жеткізу, қазақ халқының бақытты, баянды болуына баянды қызмет ету еді.

«Қазақтың» мақсаты, бағыты осы болғаннан кейін, теңізде сапар шеккен кемешідей, дария жүзін тұман басса да, кеменді толқын соғып мың ұрса да, тәуекелге бел байлап, жарым жолдан қайтпай, иә су түбіне кетуге, иә көздеген кемерге жетуге серт айтып шыққан еді.

«Қазақ» су түбіне кеткен де жоқ, көздеген сертіне жеткен де жоқ. Сондықтан мақсатына жеткенше түскен жолынан қайтпайды. Шамасы жеткенше, қайығын Аллалап есе бермекші.

Біздің қазақта теріс түсіну мен жалған намыс бар. Оны біз сеземіз, естиміз.

Мысалы, «Қазақ» газеті біреудің соңына түссе қалмайды, мұқатпай тоқтамайды. Сәрсенбайды солай қылды, Бейсенбайды былай қылды дейді.

Сәрсенбай мен Бейсенбайдың ісі халыққа зиянды болса, жұртты адастыратын болса, «Қазақ» олардың соңынан неге қалсын! Жұрт ғайыптау керек, егер газет Сәрсенбай мен Бейсенбайға өтірік жала жапса, «Қазақ» бес жылдық ғұмырында ешкімге жала жапқан жоқ. «Әкесі өлгенді де естіртеді» дегендей, ешкімнің айыбын жасырған жоқ. «Басалқа» айтушылар осы арасын ойлау керек.

Бір адамға болсын, бүкіл жұртқа болсын, ешкім жаманатты болуды тәуір көрмейді. Бірақ жаманатты болмайын деп, жұртқа зиянды адамдардың айыбын жарияламай, халықты одан сақтандырмай отыру – газетке күнә. Тұтқан жолына, иманына қарсы ел ішінде Сәрсенбай, Бейсенбайлар көп те шығар, бірақ қара бұқарадан, момын шаруалардан олар көп емес. Газет кімнің көңіліне қарау керек, қай жағына шығу керек: жәбір берушінің бе, жәбір көрушінің бе?

Егер жұрт Сәрсенбай, Бейсенбайлардың айыбын ашқаны үшін газетті жек көретін болса, ұрыдан мал сұрауын қойсын. Биге түсіп, абақтыға жаптырмасын. Біреуден біреу хақы сұрамасын. Неге? Олардың айыбы ашылады, ұят болады. Егер мұны ешкім істемейтін болса, бір тоқтысын ұрлаған ұрыға кешпейтін болса, иә бүкіл жұртқа кеселін тигізген, жүздеп, мыңдап пара жеген, елді сатқан, момынды жылатқан қара жүректердің айыбын ашасың деп газетке кінә қою керек емес.

Ел ішіндегі зорлық, зомбылық, ұрлық, парақорлық – халықтың надандығынан. Бұрын біздің екі мықты жауымыз бар еді: бірі надан да, бірі – ескі хүкімдік ескі заң. Енді бостандық туғаннан бері екі жаудың бірі кеміді. Ендігі күшті жауымыз – надандық. Бұл надандықты жеңбей, одан құтылмай тұрып, тоқсан тоғыз бостандық болса да, жұрттың ілгері басуы қиын.

Бостандық болып еді, өз тізгініміз өз қолымызға тиіп еді, не істедік? Бұрынғыдан артық қанша алысқа ұзадық? Жұрттың «Әттеннен ойбайым тыныш екен» демей жүргенін

қайдан білеміз? Бостандық қайда? Құрдастық қайда? Зорлық-зомбылық жоғалып кеткені қайда? Қой үстіне бозторғай жұмыртқалағаны қайда?

Біз мұның әлі ешбірін көргеніміз жоқ. Біздің көріп жүргеніміз:

Құйрық сорып борсық жүр,
Түлкі мырза жортып жүр.
Құдай аман сақта деп,
Қой мен тауық қорқып жүр.

Тышқан аңдып мысық жүр,
Алдап көзін қысып жүр.
Ін таба алмай саршұнақ,
Сорлы сасып-пысып жүр.

Кей мырзалар серейіп жүр,
Қарны шығып шіреніп жүр.
Мінін айтқан кісіге
Ашуланып тебініп жүр.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 246.

ОРЫНБОР, ОКТЯБРЬ 21

Қазақ облыстарының бәрінде де земство ашылғалы тұр. Торғайдан алынған телеграм Торғай облысының гласныйлар собраниесі 16 октябрьде ашылды деген хабарды келтірді.

Бірінші қазақ земский собраниесінің ашылуына шын көңілден құтты болсын айтамыз.

Земстволың не нәрсе екенін, оның пайдасын жалпы жұрт әлі түсініп жетпесе ғажап емес.

Зор өзгеріс болды, ескі hүкімет жоғалды. Тендік заманы туды, әр жұрттың өз тізгіні өзіне берілді. Бұл сөздер неше айдан бері халықтың құлағына сіңулі. Бірақ шын тізгіннің қолға алынуы – земство ашуымыз.

Іс басынан түзелмесе болмайды, бұл – табиғат законы. Әліппе оқымай әбтиекке түсуге, әбтиек оқымай құранға түсуге болмайды. Бастауыш мектепте оқымай дарылфун,

университетке түсуге болмайды. Біздің қазақтың өз арасындағы ісі ілгері баспаса, өз шаруасын өзі басқара алмаса, өнер-білімге өзі ұмтылмаса, теңдікке жетуге өзі талпынбаса, Николайдың айдалғанынан, министрлердің абақтыда жатқанынан, бостандық болды деп жұрттың шулап жүргенінен түк пайда жоқ. Бостандық жемісінен жұрт қатарлы пайдалану үшін көзіміз ашық, көңіліміз тетік болу керек. Не нәрсені түсініп, пайда-зиянын айырып, іске кірісуіміз керек. Көңілінде саңылау, сана-сезімі жоқ құлды азат қылғанмен, ол барып екінші біреуге жалданады да, тағы құл болады.

Біз енді өз тізгініміз өзімізге тиді деп кеудемізді қаққанда, істейтін ісіміз бұрынғы ескі күпімізді қайта айналдырып кию болса, бізге бостандық болмағаны, бостандықты түсінбегеніміз.

Болыстық қалып, комитеттер ашыла бастап еді, «жақсыларымыз» тағы да ақша шашып, таласып, председательге «болыс» деп ат қойып, бұрынғы дағдысына кетті. Мұның аты – «көн кепсе қалпына қайтқан». Енді земствоға да солай таласып, земски управоның председателін тағы да «болыс» деп, күпісін айналдырып киетін болсақ, қазақ бостандыққа қуанғаны өтірік. Земствоға талассаң талас. Бірақ оны болыстық деп ойлама, ақша шашпа. Мынау халыққа пайда келтіреді, анау зиянды адам. Сондықтан ананы сайламай, мынаны сайлаймыз деп таласу керек. Мұны сайлау басында жүрген көзі ашық азаматтар халыққа түсіндіруі керек.

Қазақты ілгері сүйреймін деген кейбір азаматтар қазақ өз алдына мемлекет болсын дейді. Қазақтың көркеюін, өз алдына мемлекет болуын тілемейтін қазақ болмас. Бірақ тілектің де тілегі бар. Аспандағы жұлдызды алып бер деп қыңқылдайтын баланың еркелігі де өзінше тілек. Бұл екі тілектің арасы жер мен көктей. Егер біздің қазақ земство ісін жақсы басқарып кетсе, өз алдымызға мемлекет боламыз деуге де жарайды. Мұның үшін земство – қазаққа үлкен емтихан. Егер земство ісін жақсы басқара алмасақ, өз алдымызға мемлекет боламыз деу – әдемі түс. Түс көрмей іс көрсек, мемлекет боламыз деп сонда ғана айтуға болады.

Кәнеки, Алаш, жұрттығынды көрсет. Жығылмай, сүрінбей, емтиханынды беріп өт!

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 246.

АЛАШ ҰРАНДЫ ҚАЗАҚҚА

25 июнь жарлығы тақырыпта Жетісуда болған уақиға жұртқа мағлұм. Содан бері Жетісу облысындағы қазақ-қырғыздың басына қандай күн туғаны сан рет айтылып, жазылып келеді. Жұрт бұларға аз-маз жылу беріп тұр. Азмаз дейміз, себебі босқын қырғыз-қазақ бауырларымыздың жәрдемге мұқтаждығына қарағанда, берілген жәрдем жоқтың қасында.

237-нөмірлі «Қазақта» жазып едік: Қытай жеріне босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың деп. Содан қырылғаны 73 мың, жеріне жүріп қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қайта алмай қалғаны 12 мың деп.

Босқан һәм қырылған қырғыз-қазақтың саны мұнан да артық деседі. Қырылғаны 83 мың. Не себептен қырылған?

Аштықтан, жалаңаштықтан, аурулықтан қырылған.

Жоғарыдағы мағлұмат бірінші июльге дейін жинақталған. Онан бері де төрт ай өтті: тағы да неше мың адам аштықтан, жалаңаштықтан, аурудан қырылмады дейсіз. Тағы да неше мың жетімдер, үйсіздер, күйсіздер еніреп қалмады дейсіз. Мұны көре тұра, есті тұра, басы аман, малы түгел алаштың азаматы қалай қараспайды? Неғып дәті шыдайды? Ағайынның қадырлы малы өлгенде де шулап жіліктеп көтермелейтін халық емес пе едік? Бір рулы ел жоқ болуға айналып тұрғанда, қолымыз неге жұмылып қалды, неге мұнша тасбауыр болып қалдық?

Үш-төрт жылдық соғыс жұрттың бәрін жүдетсе де, қазақ халқы тегіс күйзеле қойды деуге болмайды. Осы күні бір қара сатқан кісі 300–400 сом ақша алады. Аса байды, өте кедейді былай қойып, орта дәулетті үйді алсақ, ағайынға қырылып жатқанда бір қара көп пе еді. «Қазақ» басқармасы босқын қырғыз-қазаққа неше айдан бері жәрдем жинап келеді. Бұл күнге шейін басқармаға тапсырылған жәрдемнің барлық болғаны 6685 сом 72 тиын! Бұл жәрдем 20–30 қараның құны, бұл не?

«Қазақ» басқармасынан басқа жерге жібергендер бар шығар, бірақ берекелі жәрдем болғанын естігеніміз, көргеніміз жоқ. 6 миллион халықпыз деп, өзге жұртты санымызбен қорқытатынымыз қайда? Жоғарыдағы 6685 сом 72 тиын қанша мал-мүліктен айырылып, ашаршылықта қалған 81 мың босқын ағайынға бөлсек, кісі басы 8 тиыннан келеді екен! Көп түкірсе көл болғаны қайсы?

Енді қыс болып қалды. Босқын қазақ-қырғыздың көбінің мал-мүліктері былтыр өртеліп, ойран болып кеткен. Мал болса жоқ. «Алты миллион алаштың» берген жылуы сегіз тиын! Енді ол бишаралар қалай жан сақтар, қалай күн көрер?

236-нөмірлі «Қазақта» бір қырғыз азаматының хаты басылды. «Өлім алдында қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып жәрдем сұраймыз» деп бүкіл қазақ туғандарына айтқан мұның, зарын естіген жұрт жоқ па? Жұртқа естірткен азамат жоқ па?

6 октябрьде 170-нөмірлі һүкімет газетінде (*Вестник Врем. прав. № 170 от 6 окт. 1917 г.*) басылып шықты. Жаңа һүкімет Жетісу облысында 25 июнь жарлығы тақырыпты бүліншілікке ұшыраған орыс һәм бұратана халыққа жәрдемге қазынадан 11 миллион 130 мың ақша шығарды деп. Бұл ақшаны былай бөлуге бұйрық қылған. Шапқыншылық көрген қара шекпенділерге үй басы бір мың сомнан, қырғыз-қазаққа үй басы бір жүз сомнан берілсін деп.

Бұл бөлу дұрыс па, әділ ме? Қазақ-қырғыздың зиянынан қара шекпенділердің зияны он есе артық. Иә, оны қоя тұрып, біз бұл арада 100 сомның бір үйге еш нәрсеге жетпейтіндігін ғана айтып өтеміз. Міне, жұрт, бишара босқын бауырларының өздерінен алып отырған жәрдемі әлгі, қазынадан алып отырғаны мынау.

Әлі де болса да жұрттық қылып, ағайындық, адамшылық борыштарыңды өтемесеңдер, атқа мініп, айғай салып, сорлы болған бауырларына тез жылу жинамасаңдар, тірі қалғандары енді қыс түскен соң қырылуы анық. Жұрттың бір жағы қырғынға ұшырап жатқанда, рақат ғұмыр сүріп, ойын ойнап, той тойлап, пайдасыз жерге мал шашып, ішіп-жегенге мәз болып жүре берсендер, жолдарың болсын. Бірақ Құдай алдында аштан қырылған қазақ-қырғызға кез келе кетсендер, жауаптан қысылып жүрмендер.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 247.

АШЫҚ ХАТ

Жалпы қазақ съезі учредительное собраниеге Торғай облысынан депутат белгіленгенде, списокте мені екінші қылып көрсеткен еді. Мен төменгі себептермен списоктен шығамын һәм таласқа түспеймін.

1) Саясат жөнінде жұрттың бәріне ұстаз – Европа халқы. Біз өрнекті Европа халқынан алуға тиістіміз. Бірақ аз уақыттың ішінде қанша сүйрегенмен, жалпы жұрт Европа болып кете алмайды. Жүре-жүре түзу жолға түспек. Учредительное собраниеге сайланатын депутаттар да Европа рәсімімен сайлануға тиіс еді. Анау арғын, мынау алшын делінбесе керек еді. Торғай облысының списогінде алдыңғы қатардағы үш кісі – үшеуі де арғын, үшеуі де бір үйезден болған соң, Европа жолынан тайып шығып, біз мүшеден құр қалдық деген қыңқыл шықты. Соның үшін арғынды азайтуға һәм арғын кемісе, Торғай облысының списогі біреу болар деген мақсатпен шығамын.

2) Ахмет һәм мен екеуіміз де депутат бола қалсақ газет иесіз қалар, өйткені учредительное собрание мәжілісі 2–3 айдан аспас деп ойласақ та, ұзаққа созылмасына көз жетпес деп шығамын.

Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз емес. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрібір: депутат бол, газет шығар, бала оқыт. Өзгеміздің бәрі сай болып, жалғыз депутаттыққа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын, онан пайда тағы жоқ. Депутаттықты тәнсық көріп, атағына қызығып яки бәсеке үшін баратын кісі болмасқа керек. Екі қазақ таласып бір орысқа жем болсақ, онан тапқан пайдаға түбінде ие табылмай жүрмесін.

Осыны әркім ескерсе екен. Мені атаған жалпы қазақ съезіне һәм басқаларға ілтипат үшін Тәңір жарылқасын айтамын.

М. Д.
«Қазақ», 1917 ж., № 248.

МЕМЛЕКЕТ ХАЛІ

«Қазақтың» өткен нөмірінде Петерборда бүліншілік басталған хабары басылып еді. Бүліншілік шығарушы – большевиктер. Большевик социал-демократ партиясының бір табы.

Социал-демократ партиясы жер-су, мал-мүлік жұрттың бәріне ортақ болсын, сенікі, менікі болмасын, бір жерге топталсын дейді. Басқа партиялар һәм социал-демократ партиясының меньшевик деген табы жоғарғы мақсаттарға бірте-бірте жетуге мүмкін, бір күнде халықтың салтын, мінез,

тұрмысын өзгертіп жіберуге болмайды дегеніне большевиктер қарсы. Олар қырып-жойып, һүкіметті қолымызға алып, айтқанымызды істете қоямыз дейді.

Жер жүзінде бай мен жарлы болмасын, жұрттың бәрі еншілес болсын, арасынан қыл өтпейтін тату болсын деген ең ізгі пікір. Бірақ бұған жұрт әлі жетіскен жоқ. Жұрттың бәрі бұл пікірге айналуға әлі де неше ғасырлар өту керек. Жетілді деген мәдени Еуропа мемлекеттері хайуандық дәрежесінен әлі ұзай алмай жүргенін төрт жылдық соғыс көрсетіп отыр. Дүниені қанға бояған, жетім-жесірдің көз жасын көл қылған, неше мемлекетті жоғалтуға тақаған сол сұрапыл соғыс жерге жіберілген, малға құныққан күшті жұрттардың бастаған соғысы емес пе еді! Мұны көре тұра, биыл тұрғай, XX ғасыр біткенше жұрттың бәрі бір кісінің баласындай тату болады деу асығыс. Құр әшейін көркем қиял. Мұны осы күнгі большевиктер де, «большевик» болып жүргендер де жақсы біледі. Соның үшін бүліншілік шығарушылардың сылтауы жоғары мақсат болғанмен сыры басқа.

Неміс халқы жалғыз өнер-білімге, күш-қуатқа ғана бай емес, әдіс-айлаға да жұрттан асқан жетік. Соғыс басталғаннан бері, бір жағынан жауларын әскер күшімен жеңсе, екінші жағынан, әдіс-айламен меңдетіп келеді. Ескі һүкімет тұсында дарға асылған Григорьев және де каторжни работаға айдалған бұрынғы соғыс министрі Сухомлинов, анау күні абақтыда жатып өткен бас министр Штурмерді орыстың өзіне жау қылып, әлсіретуге жалдап қойған немістің әдіс-айласы болатын. Неміс сол айласын Россияда бостандық туғаннан кейін де жүргізіп келеді. Осы күнгі большевиктердің бастығы Ленин, Троцкийлер неміске сатылып, Россияның шырқын бұзуға жалдап жіберген тыңшылары екені жаңада анықталып отыр. Петерборда бүліншілік бастаушылар, осы Ленин, Троцкий һәм жолдастары.

Жалпы жұрт надан. Наданның өз басынан асып жұртқа пайдасы, намысы шамалы болады. Оның үстіне төртінші жылға айналған соғыс жұртты қажытқан. Сондықтан соғыс тоқталсын деген сөз естілсе, жеңген, жеңілгеніне де, пайдазиянына да қарамай, жаны тәтті надандар бас амандығы жағына шыға келетіні белгілі. Большевиктердің қуат алып жүргені – осындай соғыстан қашқан солдаттардың бір шамасы соларға қосылып кетті.

Өзгеріс болғаннан кейін бірінші мартта, жаңа һүкімет бостандық қуанышына манифест шығарып, ескі һүкімет заманында саясат ісімен айыпталып жатқан тұтқындардан басқа, ұры-қары, бұзықтардан 100 мыңнан артық адамды абақтыдан босатып жіберді. Жарық дүниеге шығып алғаннан кейін бұзақылық қанына сіңген оңбағандар талан-тараж, ұрлық-қарлық, кісі өлтіру, өрт салу секілді жамандықтарға кірісіп, ол жауыздықтарын жасыру үшін большевик туын бетке ұстап, бүліншілік шығарушылардың тобын көбейтті.

Россияда ескі һүкіметтің жолдары көп. Оларға кешегі Николай заманы ұжмақ сияқты еді. Көрінеу бостандыққа қарсы шығуға қолдарынан келмей, ішінен бықсып жүрген қара жүректер большевик партиясын сабалап, отқа май құйып, бүліншілікті ұлғайтуға бұлар да зор себеп болды.

Міне, осылардың бәрі қосылып, большевиктердің етегінен ұстап, октябрьдің аяқ шенінде Петерборды қолға алды. Министрлерді тұтқын қылып, Ленин, Троцкийлерді һүкімет басына отырғызды. Петербордың көшесін қанға бояды, Россияға от шашты. Ойдан-қырдан жиылған жүзіқаралар бәрі «большевик» болып, мемлекетті, бостандықты қауіп-қатерге қалдырды.

Бірақ Құдай сақтап, майдандағы әскердің көбі сенімді болып һәм қазақ, орыстар жаңа һүкімет жағына бірігіп, бүліншілік басылды. Солтүстік майданнан Керенский әскер әкеліп, Петерборды қолына алмақшы, большевиктердің бастықтарын тұтқын қылып, сотқа бермекші деген қуанышты хабар келді. Мәскеу де тынышталыпты. Көп жерде большевиктер жеңілген. Самар, Қазан, Ташкент һәм басқа қалаларда болмайды деген хабар бар.

Большевиктердің бұл бүліншілігі неміске пайда, бізге зиян. Россия халқы өзара жауласып, қан төгіп, бірін-бірі талап, бассыздық қылатын болса, неміс келіп Петербург, Мәскеуге кіргелі тұр. Ол бола қалса, бостандық, қош аман бол! Бұрынғыдан жаман құлдыққа душар боламыз. Большевиктердің бір мақсаты – учредительное собраниені болдырмау. Учредительное собрание болмаса, тіпті Құдайдың оңдағаны!

Енді біздің қазақ халқына айтатынымыз – мемлекет, бостандық осындай қыл көпірдің үстінде тұрғанда, өзара тыныш һәм көрші халықтармен тату тұру керек. Араздық, алалықты тастап, жаңа һүкіметтің бұйрық, жарлығын орындап, земство һәм учредительное собраниені көңілдегідей өткізу керек. Әскерге азық-түлік беруден бас тартпау керек.

Қазақ халқы осы айтылғандарды істесе, бізді ешкім жаман жұрт дей алмас. Учредительное собраниеде сыбаға бөліскенде, депутаттарымыздың жүзі жарқын, сөзі өтімді болар.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 248.

НЕСИЕГЕ ҚАРАТПАЛЫҚ

(Жалпы съезд қарауына)

Һәр жұрт өз қамын өзі ойлап, өз керегін өзі таппаса, біреу үшін біреу қызмет қылмайды. Мұндай талас-тартыс заманда «Құдай өзі жеткізер» деп қарап отырған жұрт жұртта қалады. Соның үшін бізде қатардан қалмасқа қам қылған болып жатырмыз. Бірақ қам қылудың белгісі – «Ах, ух, сөйтсек, бүйтсек...» деген сары уайым емес, белсеніп іске кірісу. Алдымызда таудан үлкен, тастан ауыр жұмыстар. Не істеймін, қай жағынан бастаймын деп сасатын емес. Есебіміздің бәрі соны.

Негізгі істің бірі һәм бірегейі оқу-оқыту ісі бізде не күйде екені белгілі.

Бұл күнге шейін белгілі бір іске арналып отырған қызметкерлеріміз жоқ, мұнан кейін бұрынғы әдетті тастап, етікшіге етік тіктіріп, балташыға ағаш шаптыру керек.

Қазір әр облыста ашылып жатқан земстволарға һәм 5 декабрьде Орынборда болатын жалпы қазақ съезіне мынадай жобаны көлденең тартамын.

Бүкіл қазақ болып ... оқу комиссиясын құру ...

Комиссия дайым бір қалада ... жұмыспен алаң болмай, ... істейтін істері мынау болсын.

1) Бастауыш һәм орта мектепте оқытатын оқу құралдар ...

2) Мектептерге программа ...

3) Мұғалімдерге қалай оқыту тәсілдерін үйрететін жол басшы ... жазсын.

4) Тәрбие жайынан кітаптар шығару ...

5) Бүкіл қазаққа оқу ісін жүргізу туралы жоба ...

6) Қазақ емлесін тексеріп өтсін һәм басқалар.

Оқу туралы қызметті қазірден бастамасақ, біздің ісіміз алға баспайды. Өзгені кешеулетсек те қызметті несиеге қаратпалық.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 251.

ЗЕМСТВО ЖАЙЫ

Қазір біздің облыстарымызда земство ашылып жатыр, кешікпей волосной, уездной һәм областной земск управолары сайланып, халықтың шаруасын... билігін қолына алғалы тұр. Земстволың істемейтін ісі жоқ, келтірмейтін пайдасы жоқ. Бірақ жалпы жұрт земстволың не нәрсе екенін жақсы білмесе, қандай пайда келтіретінін түсініп іске кіріспесе, земстводан көңілдегідей пайда болмайды, халық бұрынғысынан артық ілгері баспайды. Соның үшін осы бастан земстволың не нәрсе екенін һәм оның қандай пайда келтіретінін жалпы жұртқа түсіндіру қажет.

Осы айтылған қажетті өтеу үшін Орал облысының областной қазақ комитеті маған, 9 ноябрьде 2077-нөмірлі указ жазып, тапсырып отыр:

«Земство положениесін орысшадан қазақ тіліне тәржіме етсеңіз екен. Басылып шыққаннан кейін, қызмет хақымызды төлеп, 5 мың кітап сатып аламыз. Ризалығыңызды білдіріңіз».

«Орал облысының комитетіне тапсырған қызметіңізді орындауға ризамын» деп телеграмма бердім.

Земство жайын жақсы білмейтін жалғыз Орал облысының ғана қазағы емес, бүкіл қазақ солай. Сондықтан қазақ облыстарының бәрі де, Орал секілді земство туралы қазақ тілінде шыққан кітапты халыққа таратулары жөн.

Мен земство положениесін тәржіме қыламын һәм өз тарапымнан да баяндап сөз қосамын. Бұл іске қазір кірістім.

Енді бүкіл қазақ облыстарының областной комитеттерінен яки земск управоларынан өтінемін, өз облыстарыңыз үшін неше мың кітап алдыратындықтарыңызды білдіріп, маған кешікпей хабар берсеңіздер екен.

Кітап неғұрлым көп болса, соншалық арзанға түседі. Көп тарағаны халыққа да пайдалырақ екені белгілі.

Мадияр.
«Қазақ», 1917 ж., № 252.

АЛАШҚА

Алты алашқа аян, 1916 жылғы 25 июнь жарлығы әлегінен Жетісу облысындағы қырғыз-қазақтың басына қиямет-қайым күндер туды. Жігіт бермейміз деп қарсылық

қылғаны үшін оққа ұшып, қаншасы өз жерінде бір қырғын көрді. Басшы адамдары дарға асылды. Рақымсыз һүкіметтің қарулы ғаскеріне қарсы тұра алмай, көбі Қытай жеріне басты. Мал-мүліктің көбі орыс ғаскерінің қолына олжаға түсті. Көрші мұжықтар жау болып, тал түсте талады, өлтірді, адамын байлап, малын айдап алды. Босқанда айдап көшкен мал-мүліктен жолшыбай айырылды. Жаяу-жалпы, үйсіз-күйсіз Қытай жеріне жеткенде қар жауды, қыс түсті. Онда жанашыр жақын таба алмай, бара таласты. Аштан өліп бара жатқан соң қалмақ, қытайға бала-шағаларын сата бастады. Адам базары ашылып, баланың құны бір шелек бидайға шықты. Бойжеткен қыздарын, жас келіншектерін қаны қара қалмақтар қатынданып кетті. Аш-жалаңаш, аузына не түссе соны жеп, қайда болса сонда жатып, неше түрлі дертке ұшырап, тағы қырылды. Бақытсыз сорлылардың мұң-зарын, көз жасын естір құлақ, көрер көз болмады. Туған жер, өскен ел, кешегі бастан кешкен қызық дәурен көздерінен бір-бір ұшты. Мыңды айдап, жүзді сапырып, шалқыған байлар бір үзім нанға зар болды. Әлпештеп өсірген балалары телміріп, көрінгеннің көзіне қарап, мойнына дорба салып, қайыршы болып кетті. Байкедей, жас-кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Атадан ұл, анадан қыз, жардан жар айырылды. Жүрек қанға, көз жасқа толды.

Жетім-жесір ботадай боздады...

Жұрттықтан, тіршіліктен күдер үзіп, бұл опасыз дүниеге қош айтысуға таянып тұрғанда, бостандық туды. Бұл хабарды естігенде, жүректері жарылғандай қуанып, ah-дүние, тым болмаса елге жетіп, алаштың ортасында өлсек арман бар ма деп, қайта шұбыра бастады.

Тағы аштық, тағы жаланаштық, тағы өлім... Әлі жоқ, дымы құрыған сорлылар жаяулап, қозы көш жерге жүруге жарамай, кез келген жерде жығылды, жығылғаны тұрған жоқ, өлгені тірілген жоқ...

Басы-қасында болмаған, көздеріңмен көрмеген алаштың балалары, бір минут көздеріңді жұмып, қиялға салып қараңдар, сонда көргендей боласыңдар: біреу тәлтіректеп аяғын баса алмай жығылып жатқан, біреу аштықтан ісініп, қандай күнә-сұмдығымыздан мұндай күйге ұшыраттың, Құдай! – дегендей, қимылдауға шамасы келмей, көлге қарап жатқанын, жолдың бір шетінде өліп, өлгеніне рақаттанғандай, мәңгілік ұйқыға кеткен шалды көресің. Жас баласын бауырына қысып, құшақтаған күйінде өлген жас қатынды

көресің. Бұлардың мұндай халіне қайғырар һешкім жоқ, тек қуанышпен ас пен тойға жиналғандай, топ-топ қарға-құзғын, ит-құс өлгендердің көзін шоқып, етін жеп, сүйегін кеміріп жатқанын көресің. Бұл өліктер Құдайдың кең даласын сасытқан. Ық жағынан жан жүрерлік емес, мұның иісін өзің иіскегендей боласың...

Мұның бәрі ертегі емес, болған іс! Кеудеде шыбын жаны қалғандары еліне жетті. Бұлар не көрді? Қора-қопсы ойран болған, қоймалары таланған, малдан адал қара қалмаған, жеріне егін салар жан қалмаған. Аяқ жетер жерде азық жоқ, азықты жерге жетер көлік жоқ, көлік болса азық жоқ, қалың алаш алыста, қаны басқадан қайыр жоқ.

Тағы дағдарыс, ашаршылық, тағы өлім...

Бостандық туды, жадырап жаз шықты, күркіреп күн шықты, бірақ ол бишаралардың басынан қара тұман серпілмеді, әзірейіл қылышын қынабына салмады. Басы аман, малы түгел ағайын жеткілікті жәрдем бере алмады, әрі-беріден соң жұрт олардың халін ұмытуға айналды.

Қазақ-қырғыз қырылып жатыр екен деп табиғат өзгермеді: тағы да қыс туды. Бишаралардың халі бұрынғыдан мың есе жаманға айналды. Бір жылдың ішінде өлгені жүз мыңнан асты. Енді бұл қыс талайын өлтірген шығар. Қанша өлгенін ақ кебіндей қар жасырып жатқан шығар.

Міне, қар кетіп, жаз шығуға айналды. Құзғын, қарға той қылар, ауа сасыр... бірақ адам баласы жансебіл екен, әлі өліп біткен жоқ көрінеді, тірілеріне тамақ та табылып қалды дегенді естіп отырмыз: тірілері өлгендерінің етін жеп жатыр дейді. Бұған алаш, иә қуанарсың, иә жыларсың, өзің біл. Жыласаң – ағайындығың. Бірақ сенің көз жасың ашқа тамақ, жалаңашқа киім болмайды. Көз жасы көмекке жарайтын болса, өзгеден кенде болса да, олар көздің жасынан, көңілдің қайғысынан кенде емес еді. Ағайынға, алаш, шын жаның ашыса, шын жыласаң, көмегіңді көрсет, жылуыңды бер. Жайшылықтағы қайыршыға беретін тиыныңды берме, рулы елің өлімнен қалғандай жылуыңды бер.

Жоғарыда айтылған оқиға Жетісу қазақ-қырғызының басынан кешіп отыр. Енді бұл күнде Жетісуға көрші Сырдария облысының қазағы ашаршылыққа, қырғынға ұшырай бастады. Бұл елде өткен жаз егін, шөп шықпай, қысқа қарсы малдары жұтап, шеттен астық келмей, келтіруге шамасы жетпей, Жетісудай болмаса да, бастарына

қаранғы күн туды. Шет жағасы бөтен елдерге ауып, бұлардың да адамдары сатылып, берекесі, елдігі кету үрге айналды.

Осы екі облыстағы аш, жалаңаш қазақ-қырғыз бауырларға жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы еліміздің өлімнен аман сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш қаласында қазақ комитеті һәм жастардың «Жана ар» атты ұйымы басшылық етіп, қауым жасады. 5-мартта қауым ортасынан іс басқаратын бес кісілік комитет сайланып шығарды. Қауымның бастығы – Әлихан Бөкейханов, жай бастығы – көмекшісі Мұқаш Пошайұлы болды.

Комитет төрағасы – Міржақып Дулатұлы, орынбасары – Жүсіпбек Аймауытұлы, хатшысы – Мұхтар Әуезов, қазынашы – Абдолла Есіркепұлы, тағы бір мүшесі Абдолла Қоскейұлы. Мәжілісте 7 мың сомдай жылу жиналды. Комитет қазір іске кірісті.

Саналы, алаш!

Мына екі облыстағы бауырларымыздың жайы жоғарыда айтылды, біз жұрт боламыз, тізгінімізді өзіміз аламыз деп отырмыз, жұртымыздың бір жағы мынадай жоғалғалы тұрғанда, кіммен жұрт боламыз. Кеше бір облысымыз ойран болса, бүгін екінші облысымыз мынадай апатқа ушырап тұрса, ертең үшінші, арғы күні төртінші облысымыздың басына, сүйте-сүйте бәріміздің басымызға мұндай халдің келмесіне қайдан көзіміз жетеді?! Тұтанған өртті мезгілінде сөндірмесек, ол өртке ертең бәріміз де шалынбаймыз ба? Шарпылмаймыз ба? Сонда бізді кім жұрт қылады! Онда біз жұрт болмаймыз, жоғаламыз.

Мейірімді, алаш!

Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!

Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, мәндайынан сыйпап, күнге, желге қақтырмай отырғанда, өздерінде жоқ адамдардың балалары сатылып, көздеріне шыбын үймелеп, жетімдікте жүргенін, бір түйір тамаққа, бір жұтым сусынға зар болып, жылап отырғанын ойлаңдар! Сендердің қатын-қыздарың алтын-күміске малынып, бойларын түзеп, жылы үй, жайлы төсекте отырғанда, олардың қатын-қыздары күндікте, аш-жалаңаш, абұйырын жаба алмай отырғанын ойлаңдар.

Атқа мінген, азамат! Сендерге ел керек, жұрт керек болса, басшылық қылып, алашты аман сақтау қамына кірісіңдер!

– Намыстан, Алаш!

– Жігерлен, Алаш!

– Тас бауыр болма, Алаш!

Мадияр.

«Абай» журналы, 1918 ж., №3.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҰШПАНДАРЫ

Россия мемлекетінде болып жатқан бүліншілік, жүгенсіздік біздің қазақ ішіне де кіре бастады. Большевиктер Орынборды алғанда, 200 большевик ғаскеріне бастық болып Жалбағаев – Жангелдин – Степанов деген шоқыншық Орынборға келіп, большевиктер тарапынан Торғай облысына комиссар болып тұр. Бұған помощник болып Орынборда тұратын Мұхамедияр Тұңғашин деген белгіленді.

Енді бұлардың кім екендіктерін қысқаша айтып өтейін. Жалбағаев– Жангелдин – Степанов – түбі Торғай үйезінің қазағы. Николай заманында шоқынып, орыс арасында қанғырып, басы ауған жаққа кетіп жүретін еді. Бұл күнде мұсылман дініне қайтыпты дегенді естиміз. Бұл бұрын орыстың поптарының христиан дінін үйретететін бастауыш мектебінде оқуын бітіре алмаған. Өзінің азғана өмірінің ішінде екі рет дінін айырбастап, иә орыс иә қазақ бола алмай жүретін бұралқы еді.

Мұхамедияр Тұңғашин – түбі төренің төленгіті. Ырғыз үйезінен. Кешегі Николай заманында губернаторға тілмаш болып, қазақтан көп пара алып, охранный отделениеде тыңшылық жұмысын атқарып, айына 20 сом алып тұрған адам. Бұның қазақтан пара алып, «тыңшы» болып тұрғаны мойнына қойылып, өткен жылғы апрель басында болған қазақ съезінен қуылып шыққан еді.

Бұл екі бұзық қосылып, Орынборда бірнеше жылдан бері шығып, қазақ халқына бас-көз болып отырған «Қазақ» газетасын жапты. Алаш автономиясына қарсы болып, автономияға керекті істерді Торғай облысында істететін емес. Торғай облысында һәм үйездерде земство әзір ашылған жоқ еді. Енді бұлар бұл күнде областной земстволы аштыратын емес һәм Торғай облысында учредительное собрание сайлауы да біткен жоқ еді. Мұның да сайлауын

істететін түрлері көрінбейді. Бұлардың ғұмыры көпке бармас. Бірақ азғана күннің ішінде былтырғы хан болып, ел шапқан бұзықтарды сүйеп, Торғай облысының қазағын бүлдіре ме деген қорқыныш бар. Заман ол кулардың дегенінше тұрмас. Ол аузы алты қарыс Николайды да тақтан тайдырған заман ғой. Қазақ халқы да жоқ болып, құрып қалмас. Көп кешікпей бұл бұзықтар қазақ сотының алдында жауап берер һәм тиісті жазасын тартар.

Россия мемлекеті бұзылып, орыс халқы бірі-бірін талап, өзді-өзіне қасқырша шауып жатқанда, алаш автономиясының туын тігіп, бүліншілікке ұшыратпай, алаш балаларының аман қалуын көздеп тұрғанда, автономия ісін тоқтатуы, земство, учредительное собрание, сайлау жұмыстарына кесе түсуі, бұның үстіне бүтін алашты тегіс аралап, бас-көз болып тұрған «Қазақ» газетасын жауып қоюы бұл қуларға аз іс емес. Бұл сықылды қазақ халқына зиян келтірген осы екі бұзықтан жаман қазақ халқының дұшпандары бар ма?

Арғын баласы.
«Бірлік туы», 1918 ж., № 24.

ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ СЪЕЗІ

Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі Орынборда 5–13 декабрьде болып өтті. Қазіргі заманның күйіне қарай бұл съезде қаралған мәселелер зор болды. Мұнда қазақ-қырғыз өз тізгіні өзінде, айбынды халық болуы үшін автономия алу мәселесі қаралды. Съезде мұнан соңғы қаралған зор мәселе – бүліншіліктен елді қорғау үшін милиция құру жайы болды.

Бүкіл Алаштан съезге 81 адам келді. Съезде қаралатын мәселелер зор болғандықтан, өкіл емес кісілер де көп келді, барлығы 200-ден аса адам жиналды.

Алаш баласының тілегі, мұңы тоғыз күндей кеңес болып, ерсілі-қарсылы армансыз тексерілді. Ардақты ақсақалдар, ұлтшыл жастар, діндар молдалар, қазылар, атақты зиялылардан фәленше келмей қалды дерлік болған жоқ.

Съездің толық қаулысын келер нөмірде басуға қалдырып, қазірге байланған сөздің жол-жобасын ғана айтып өтеміз.

Уақыттың көбін автономия мәселесі алды. Бұл туралы өкілдердің пікірі екіге айырылды. Бір жағы автономияны

күні бүгін ресми (*жұрт атынан бүкіл дүниеге*) жария қылуды қуаттайды. Екінші жағы–милициямызды құрып қамданғанша һәм арамыздағы көрші орыстармен сөйлесіп келіскенше, ресми ығлан айтуды тоқтата тұралық деді. Ақырында, екі жақ келісіп, қазір өзара автономия алдық делік, ал жария қылуды съез атынан сайлап қалдырған қазақ-қырғыз ісін басқарушы 15 кісіге тапсыралық дегенге тоқтады. Қазір Россия жүгенсіз кетіп, хакімшілік жығылғандықтан, бұл 15 кісі біздің уақытша һүкіметіміз есебінде болсын, «Алаш ордасы» аталсын деді.

Алаш ордасына сайланған кісілер: Ұлытхан Танашев, Халел Досмұхамедов, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Бірімжанов, Халел Ғаббасов, Садық Аманжолов, Мұстафа Шоқаев, Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Яғқуб Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышпаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов һәм Бақытқерей Құлманов.

Алаш ордасына председательдікке Әлихан сайланды.

Алаш ордасы уақытша Семейде тұратын болды.

Алаш ордасы бір айдың ішінде Түркістан автономиясына қосылған қазақтармен сөйлесіп, оларды Алашқа қосып алмақ болды. Егер Түркістан қазағы Түркістаннан шықпаймыз десе, Алаш ордасы қалған қазақ-қырғызға өз алдына автономия ағлан етуге міндетті болды.

Қазақ облыстары қазірден 15 мың милиция құрмақ болды. Мұның шығыны 7 миллион сом шамасында болмақ. Милиция құруға, оған керекті пұлды жинауға тоқтаусыз кірісуге қаулы қылынды. Жұрттың жұрттығы, қара қазан, сары баланың қамы үшін милиция құрып, бас қорғау керектігіне қарсы келген жан болмады.

Автономия мәселесі қаралғанда, бүкіл Алаш баласы өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде болалық, бөлік-бөлік жарылмалық деп съез бір ауыздан қаулы қылды. Сөйтіп, Алаш ордасы құрылды, Алаш туы көтерілді, Алаш ұраны шақырылды. Ұранға, намысқа қызбайтын Алаш баласы болмас, Түркістан қазағы да, иншаллаһ, алтын бесік, ақ ордаға келіп кірер деген үміттеміз.

Автономия ағлан айту мемлекет болды дегенмен бірдей. Біз енді өз алдымызға мемлекет боламыз деп тұрмыз. Бірақ «боламыз» бен «болудың» екі арасы жер мен көктей. Сондықтан «боламыз» деген соң болуға аянбай қам қылу керек. Боламыз деп бола алмай қалсақ, дүниеде онан артық қорлық жоқ, кез келгеннің қолында кеткеніміз. Қолдан

келмейтін іске арамтер болудың қажеті жоқ. Қолымыздан келеді деп тәуекелге бел байлаған соң, сол жолда иә өлу керек, иә көздеген мақсатқа жету керек.

Егер біз осыны ойлап, бүгіннен бастап кәріміз, жасымыз, молдамыз, қарамыз, байымыз, жарлымыз Алаш туының астына жиналсақ, иншаллаһ, дегенімізге жетерміз, жұрт қатарына қосылармыз. Жоқ, әрқайсымыз өз басымыз қамын ойлап, бетімізбен жайылып кетсек, Алаш ордасы ойран болғаны, Алаш туы құлағаны, онан соң бізге жұрттық жоқ, азып-тозып кеткеніміз.

Жасасын Алаш! Құтты болсын Алаш автономиясы!

Мадияр.
«Сарыарқа», 2 январь 1918 ж., №27.

ОРДА ГЕРБІ (*ТАҢБАСЫ*)

Алаш Ордасының һәм комитеттерінің мөр, штемпель, бланкаларын жасату туралы сөз болғанда, Алаш Ордасының мемлекеттік гербі (*таңбасы*) қандай болу мәселесі қозғалды. Бірақ шешілмей қалды. Һәр мемлекет, һәр губерния, һәм облыстың өзіне арнаулы гербі бар. Таңбасына қарап, қай елдің аты екенін тануға болады. Гербіне қарап қай мемлекеттің нәрсесі екендігін білуге болады. Елдің ру таңбасында қандай мағына болса, гербте де сондай мағына бар. Алаш автономиясына Алашұлы болып кіріп отырғанда Алаш Ордасының гербі болуға ру таңбалары да, облыс гербтері де жарамайды. Алаш Ордасының гербі ру таңбаларынан да, облыс гербтерінен де басқа болуға тиіс.

Алаш мемлекетіне «Орда» деп ат қойған соң, гербінде «Орда» сүгіреті болуы лайықтығында дау болмаса керек. Орда мемлекетіне «Орда» сүгіретін қою ұнамсыз болады деп һеш кім айта алмас. Солай болған соң, герб мәселесінің негізі шешілгенге есеп. Шешусіз тұрған мәселенің негізі емес, бұтағы, яғни Алаш Ордасының гербіне құр Орданың ғана сүгіретін салу ма, болмаса, басқа мағына да кіргізу ме?

«Басқа мағына кіргізу ме» деген сөзді мысалмен түсіндіріп өтейік. «Қазақ» газетінің басына үй сүгіретін орнатуда мынадай мағыналар бар еді: Киіз үй – киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік жарық беретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар

кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішінде Еуропа ғылым-өнері тарасын деген мағына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі сырт жұрт жағынан күзетші болсын делінген еді.

Қазаққа деген игілік нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келер қазаққа жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын делінген еді.

Сөйтіп, «Қазақ» газетінің тұтқан жолын басындағы эмблемасымен (*ишарат*) көрсету үшін газет басына үй сүгіреті қойылған еді. Алаш гербіне де осы сияқты Ордадан бөтен де мағына кіргізуге болмас па? Құр Орданың сүгіреті салынғаннан, қисыны келіссе, басқа мағына да қатыстырған абзал болар еді. Ойы, қолы шебер азаматтар Алаш гербінің қалай еткенде ұнамды болу жағын ойланып, герб жобасын жасап, көптің яки айрықша комиссияның сынына салса екен. Әрі мағыналы жағынан ең ұнамдысы таңдалып алынар еді.

Бұл туралы жоба жасаушылар болса, жасаған жобасын иә «Қазақ» басқармасына, иә Алаш Ордасына жіберсін.

«Қазақ» газеті, 1918 ж., №258.

ЖАР САЛУ

«Үш жүз» деген газеттің 1-нөмірінде оқыдым: Мен «Таласпай» дегеннің 300 сом ақшасын алыппын, «Сойқымбай» дегеннің «түлкі ішігін алыппын», «Рақыш» дегеннің 100 сомдық ер-тоқымын алыппын, «Жәния» дегеннің баласын өлтіріппін.

Жоғарыда аталған Таласбай, Сойқымбай, Рақыш, Жәния дүниеде бар адам болса, аты-жөнін, елін һәм адресін маған көрсетсін, «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран» һәм «Тіршілік» газеттерінде өздерінің кім екенін жазсын. Бұлар дүниеге келген адамдар болып табылса, ақшасын алғандарыма төлейін, баласын өлтіргеніме құнын берейін. Егер бұл адамдар жер аталмаған болса, жоғарыдағы сөздер бұрын өлген кісінің атынан арыз беріп ашылған, енді дүниеде жоқ адамдардың атынан жала жабушы законшіктердің өнері

еленіп сипаттағанша болады. Егер осылай болып шықса, «Үш жүз» қандай газет екенін һәм оның менен басқаларға да жауып отырған жаласын, жұрт, өзің сына.

Мир-Якуб Дулатов.
«Қазақ», 12 январь 1918 ж., № 259.

АДАМ САУДАСЫ

Былтырдан бері Жетісу қырғыз-қазағының басына туған пәлені естімеген жұрт жоқ шығар. Босқын қырғыздың көбі қытай жеріне барып, ашаршылыққа шыдамай балашағаларын қытай-қалмаққа сатқандығы, бір адамның құны бір пұт бидайға шыққандығы маглұм болып еді. Мұны естіген алаштың азаматы көз алдында бауырларының құлдыққа айналғанына, рулы ел ойран болып, іргесі бұзылғанына қабырғасы қайысып, қайғыға қалған еді. Жетісу қырғызы қалмаққа қарай аумай, қалың алаштың ортасына келсе, ондай қырғынға ұшырамас еді. Жұрт жұрттық қылып асырар еді деп ойға келуші еді. Бұл ойымыз бекер екен. Жетісу қырғыз-қазағындай болып боспаса да, жылдың ауырлығы себепті ашаршылыққа шыдамай, Сырдария облысынан Ақтөбе, Ырғыз, Темір үйездеріне босқын ағайындар ағылып келе бастады. Бұларға біздің тұрғын ел не қайыр көрсетті? Анығын әлі білмейміз. Бірақ жақсылықтан жамандық алда жүреді, тез естіледі. Біздің естуімізше, босқындар келген елдерде адам саудасы ашыла бастаған көрінеді. Бұл туралы бізге Ақтөбеден жазады: «Қарабұтақ болысының үшінші ауылында отырған Әли Әшімұлы деген жігіт 13 декабрьде Ақтөбеден бір жас қатын сатып әкелді. Оған бұл қатынды Ақтөбеде пәтер ұстап отырған Истамақ ұлысының қазағы Нұрғали деген кісі 600 сомға сатқан. Қатын Ақмешіт үйезіне қараған бір шалдың қатыны екен, Нұрғали қатынды сатарда Әлиге айтқан:

– Бұл қатынның байы өлмелі шал, мұны асырай алмаймын, мал берген кісіге сат деп тапсырып, өзі қайыр сұрауға елге шығып кетті, – деген.

17 декабрьде қасына 6 кісі ертіп, қатынның байы келеді. 6 кісінің біреуі – қатын сатушы Нұрғалидың ағайыны Сарман деген пақыр. Шал қатынын сұрайды, «екі жетім бала үйде жылап отыр, көз жасынан қорқыңдар» деп, өзі де жылап жібереді. Бірақ қатын байым асырай алмайды деді ме, жоқ көңіліне желік кірді ме, әйтеуір шалға жоламады.

Сонан соң арадағы «алты би» бітім айтты: «Әли қатын үшін екі ат, 500 сом ақша берсін» – деп. Бір атты Сарман мінді. Қалған бір атты қатын иесі мен 5 жолдасқа тастады. Шал байғұсқа бір ат тиіп, 500 сомды «бес қу» билікке алды білем. Шал байғұстың мұнда жанашыр жақыны жоқ.

Сөйтіп, Ақтөбеде адам саудасы ашылды. Бір жерде осындай қыз-қатын әкеліп жатқандар бар. Бәрі де осы секілді болса керек. Бір қатын екі сатылып, адам сатуды алыпсатарлар кәсіп қылып отырғандар бар. 600 сомды қалтасына басып Нұрғали жатыр. Олжаға қарық болып «алты би» кетті. Қатыннан айырылып шал жүр, тірі жетім екі бала жылап қалғаны анық. Ол бипаралардың қай күні сатылып кететіні белгісіз.

Бұл Ақтөбе үйезінде болып жатқан оқиға. Адам саудасы тақырыбынан бізге Қостанайдан жазады:

«Көптен Түркістан жағы аш деген хабарлар газетте жазылып келе жатыр. Кейде жаяу пошта хабарымен қыз-қырқын сатылып жатыр дегенді жиі естиміз. Қырылып өліп жатыр деген де хабар көп. Мұның бәрі де теріс болмас. Бұларға берген жәрдем қайда, елдің жұрттығы қайда? Біздің жәрдеміміз: осындай ашаршылықты пайдаланып, арзан қатын табылмас па деп, ағылып пойызбен қатын іздеп кетіп жатырмыз. Әзірге, біз білгенде, 21 кісі қатын іздеп кетті.

«Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы» деген осы».

Міне, жоғарыдағы екі хаттан көрінеді, ел ішіне босып келген бишаралардың басына қандай күн туып тұрғаны. Қытай жерінде қазақ-қырғыздың қатын-баласы сатылды дегенді естігенде, діні кәпір, қаны басқа қалмақтың рақымсыздығы, хайуандығы деп қандай қапаландық, қарғадық. Енді адам базарын ашып, тал түсте қазақтың қыз-қатын, бала-шағасын қазақ сатып алуға кіріскенін не дейміз? Бұл іс өле-өлгенше сүйегімізге таңба емес пе? Үлгілі, мейірімді жұрт мұны істей ме? Енді бұл айтылған адам саудасын тоқтатуға не қам қылу керек? Біздің білуімізше, мынадай қам қылса тоқтар дейміз:

1. Қай елге босқын ағайын келген болса, сол ел «Жәрдем ұйым» ашып, мұқтаждарға киім, тамақ, баспана беріп, тәрбиелеу керек. «Жәрдем ұйымы» өз қарауындағы босқындардың есебін алып, дені сау, қызметке жарайтындарына жұмыс тауып беруі керек.

2. Жәрдем ұйымы босқындардың қыз-қатын, бала-шағасын саттырмасқа һәм ешкімге сатып алдырмасқа керек.

Бұл өз қолынан келмеген жерде жергілікті әкімдердің көмегімен орындайтын болсын.

3. Әр елде жәрдем ұйымдары ашылып, босқындардың қажетін өтейтін болса, «ашаршылықты» сылтау қылып, адамын сатарлық орны болмаса керек. Сондықтан қызқатын сатқан босқындарға һәм олардан сатып алған жергілікті адамдарға айып салынсын.

4. Адам сатылған малы мен ақшасы түгелімен жәрдем ұйымының қазынасына түсетін болсын, иесіне қайтарылмасын, сатылған адам иесіне қайтарылсын. Адам сатып алғанға салынатын айып, әлгі кісіге төлеген малы жәрдем ұйымының қазынасына кететін болсын. Адам сатушыға түсетін айып малмен төленбей, билікпен басына жаза салынсын.

Осы ретпен әр елде жәрдем ұйымын ашу, бұған мал, ақша, тамақ, киім жинау һәм үй тауып беруге басшылық ету – жүрегінде ұлт намысы, адамшылығы бар, атқа мінген азаматтардың, оқыған жігіттердің борышы.

Аштықта амалсыз қатын-баласын сатқалы отырған босқындардың мұқтаждығын пайдаланып, адамын сатып алу өртеніп жатқан үйдің бұйымын ұрлағанмен, өлгелі жатқан адамның киімін тонағанмен бірдей. Бұл іс – қазақтың қазақшылығына бітпес таңба.

Мұны ел азаматтары ойлау керек. Ғұмыр бойы ашаршылық, босқындық бола бермес. Адамы босқан елдер де ертең есін жияр, сонда солар айтпай ма: Қарайласқанда, елжұртым, туған-туысқаным деп барып паналағанда, не опа көрсеттіңдер, айран-шалаптарыңды адамға айырбастап, ұлымызды құл, қызымызды күң еткендерің бе десе, не беттеріңді айтасыңдар?

Мадияр.
«Қазақ», 1918 ж., № 260.

Жасасын, Алаш автономиясы!
Көркейсін, Алаш!

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫЛАР!

Көрмегелі көп айдың жүзі болды. Алты жылдан бері алты алашты аралаған «Қазақ» тоқтап, арамыздағы қатынас үзілгеніне жарты жылдан асты. Сонан бері зор өзгерістер

болды, халқымыздың басынан қайғылы күндер өтті. Енді біраз бұлт серпілгендей болып, жұрт есін жиып, ойдағы-қырдағылардың бастары қосылып, әркім дағдылы қызметіне кірісе бастады.

Жандарм һүкіметтің штрафынан, абақты айдауынан аман өткен «Қазақты» жауыз большевиктер қанды қолымен тоқтатып еді, құдайға шүкір, бүгін жарық дүниеге қайта шығып, ардақты Алашын тағы аралап отыр. Сағынып көрген жұртына «Қазақ» жеті айдан бері көкірегінде байланған шерін тарқатып, көрген-білгенін айтқысы келеді.

«Қазақ» жабылған кезде большевиктер Россияны жаңа кернеп келе жатыр еді. Большевиктер күшеюінің себебі, үш жылдай соғыста арыған-қажыған надан мұжықтың баласына уағыз сөйледі: Сендер соғыспандар, босқа қан төкпеңдер, біз ығынсыз-шығынсыз бітім жасаймыз, алыс-беріс болмайды, жер-суды, мал-мүлікті өздеріңе бөліп береміз, бай мен кедейді теңгереміз, қой үстіне бозторғай жұмыртқалатамыз деді. Надан солдат бұған нанып, бәрі большевик болды. Әскерді соңынан ертіп алған соң, большевик мемлекет тізгінін қолына алды, уақытша һүкіметті жоғалтты. Большевиктер еместің бәрін жау көрді. Шын ұлтшыл орыс зиялылары қашып-пысып, жұрт жұмысынан шығып қалды. Іс басына өңкей жалаңаяқтар отырды.

Жалғыз Уақытша һүкіметті ғана жоғалтумен қоймай, большевиктер Мемлекет құрылтайын да қуды. Кейбір мүшелерін атып өлтірді. Өздерін «халық комиссары» деп атаушы большевик бастықтары Германиямен бітім жасады. Бірақ уағдалы ығынсыз-шығынсыз бітім болмады. Орыстың берекесі кететін бітім жасады. Германия атының тұяғы тиген жерді өзі алып, одақтарын олжаға ортақ қылатын болды, соғыс шығынын Россияға аударды. Мұнымен де қоймады. Кеше бітім жасап едім демей, орыстың күнде бір қаласын алатын болды.

Бітімің қайда деп, немістің бетіне қарайтын орыстан еркек шықпады. Орыс солдаты болса, большевик болдым деп, майданды тастап, бірін-бірі қырудың соңында жүрді. Мұнан кейін жеке бітім жасадың, Одақтың шартын бұздың деп орыстан одақтас мемлекеттер безіп шықты. Социализм ұжмағын орнатам деп Россияны жоғалттың, неміске құл қылып бердің деп, орыс халқы қан жылады. Сөйтіп, Россия жолдастан бір айырылып, берекеден екі айырылды.

Большевиктер бай мен жарлыны теңгеретін болған соң, жер-суды, мал-мүлікті бөліп беретін болған соң, оңай олжаға қызыққан ұры-қары, ойдан қашқан, қырдан қашқан қулар қосылды, еңбексіз мал табылатын болған соң, жұмысшылар большевик болды. Завод-фабрикалар жабылды, сауда, кәсіп тоқталды. Отарбалар дұрыс жүрмеді, бір жерден бір жерге азық-түлік бармады. Қымбатшылық, ашаршылық күннен-күнге күшейді. Біреуді-біреу тал түсте талау, өлтіру, зорлау, абақтыға жабу деген нәрселер баланың ойынындай болып кетті.

Ертең тірі болуына бүгін ешкімнің көзі жетпеді. Малынжанын қорғайын дегендер Совет һүкіметіне қарсылық қылған болып танылды. Мынауың елге бүліншілік дегендер контрреволюционер аталды.

Большевиктер қаладағы ірі байларды талап, тояттағаннан кейін, жалпы жұртқа аранын ашты. Үш жылқыдан артыққа мал басы 100 сомнан алым салмақ болды. Жерге де сондай алым салды. Халықтың шаруасын күйзелткенімен тұрмай, діни намысына тиетін заңдар шығарды: неке жоғалсын, менікі-сенікі болмасын, мектептерде дін сабағы оқылмасын деді.

Орыс халқын осынша ойран қылған орыстың жауыз ниетті жаманы һәм көкірегі соқыр наданы еді. Біздің де лай судан балық аулайтын арам ойларымыз соларға барып қосыла кетті. Большевик законын, социализм жолын қазақ-қырғыз ортасына орнатпақ болды, жер-суын ортаға салмақ болды... Орыс большевиктеріне еліктеп, соларға сүйеніп, Алаш азаматтарын жоғалтпақ болды.

Большевиктердің мықты бір жауы автономия алмақ жұрттар еді. Большевиктер Украина даласын қанға бояды. Түркістан автономиясын жоғалтып, халқына ойран салып, Қоқан шаһарын жермен-жексен қылды. Һүкімет адамдарының біразы жабылды, бірсыпырасы қашып құтылды. Башқұрт автономиясын таратып, азаматтарын абақтыға жапты. Қырымды қанға бояды. Азаматтарын қойдай бауыздады, Қырым мүфтиі Жәмежіһан хазіретті әуелі абақтыға жауып, соңынан кескілеп, суға ағызып жіберді. Автономия боламын деген жұрттардың әрқайсысының көрген күні осындай болды. Автономия боламын деген жұрттардың, басқаларға қарағанда, аманырағы – біздің Алаш. Бірақ біз де құрбансыз болмадық. Алаш азаматтары большевиктің оғына да ұшты, абақтысына да жабылды, қашып та жүрді. Осынша басын өлімге, бейнетке байла-

ғандағысы – Алаш баласын большевиктің бүліншілігінен аман алып қалу еді.

Былтырғы октябрьдің 25-інен басталып, халықтың денесіне удай жайылған большевизм пәлесі әбден сабасынан асып, жұрттың бәрін жирендіріп, ашындырып, өзіне қарсы жауын көбейтті. Ақырында, өткен май-июнь айларында халық көтеріліп, чехословактар, казактар аттанып, большевиктерді жоғалта бастады. Бұл күнде большевиктер Петербург, Мәскеу, Түркістан уалаяты секілді жерлерде ғана қалып, көп ірі шаһардан, облыс-губерниялардан жоғалды.

Большевик жалғыз өзі ғана жоғалып отырған жоқ, бүкіл Россияны жоғалтуға таяп кетті. Бұл күнде бұрынғы тұтас, айбатты, күшті Россия жоқ. Қазір әлсіреген, қансыраған, берекесі кетіп, бірлігі қашқан, шала-жансар, алтыбақан алауыз Россия қалып отыр. Мұны мұндай күйге ұшыратып отырған – большевиктер, большевикті шығарған – орыстың надандығы, қараңғылығы.

Большевик жоғалған соң әр жерде әр түрлі һүкіметтер жарыққа шыға бастады. Мысалы, Сібір һүкіметі, Самар һүкіметі, Башқұрт һүкіметі, Алаш һүкіметі һәм басқалар. Бұл һүкіметтердің шығуы һәм түскен жолдары түрліше.

Башқұрт, Алаш секілділер өзінің белгілі мақсаты – автономияларын жарыққа шығару жолында талпынады.

Самар һүкіметі дегеніміз Россия құрылтайының мүшелерінен құралған комитет. Бұл комитет бүкіл Россияны большевиктен тегіс құтқарып, жұрттың қолын Құрылтайға жеткізбек, биліктің бәрін Құрылтайға бермек. Сібір һүкіметінің жолы, біздің түсінуімізше күңгірт. Егер Сібір һүкіметі Башқұрт, Алаш сияқты автономиясын жарыққа шығару жолында һүкімет болдым дейтін болса, өзінің жігінен шықпасқа керек еді. Анау да менікі, мынау да менікі деп, ешкімге құлағын жымпитпасқа керек еді. Сібірді қазір ортақ һүкіметім деп отырған ел жоқ, бірақ уысыма сыйғанының бәрі менікі деп Сібір отыр. Сібірге біздің Алаш, Башқұрттың айтып отырғаны: сен де мендей, мен де сендей. Бізге Сібірден гөрі Самар комитеті туысқандай, өйткені Самар һүкіметі өңкей халық өкілдерінен құралған комитет. Сондықтан біздің Алаш Самар комитетімен жолдасу жөн, бірақ Сібірменен де ат кекілін кесіп кетпейміз.

Сібірде большевик жоғалысымен Алаш Орда іске кірісті. Алаш Орданың көркеюі, Алаш автономиясының тез жарыққа шығуы алдымен екі нәрсеге байлаулы: милиция һәм қазына. Соның үшін Алаш Орданың алдымен қолға

алған қызметі милиция һәм ұлт қазынасы болды. Бұл екі жұмыс әр жерде әр түрлі орындалып жатыр. Милиция һәм ақша жиналып біткен елдер де бар, жинауға жаңа кірісіп жатқан елдер де бар. Біздің жұрт қатарына қосылып қалатын күніміз осы. Біздің жұрттықтан құралақан қалатын күніміз де осы. Алаш билігі Алашта болса дейтіндер мұндай заманның екі айналып келмейтініне анық көздері жететіні рас болса, малды-жанды автономия жолына салу керек.

Мадияр.
«Қазақ», 1918 ж., №263.

ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҒЫНАН МИЛИЦИЯ АЛУ ТӘРТІБІ

Алашорда бұйрығы бойынша Торғай облысының Алашорда бөлімі милиция алу туралы төменгі тәртіптерді шығарды:

1. Әрбір 25 үйден бір жігіт алынады. Үй саны 25-ке толмаса, жігіт алынбайды. Мысалы, бір ауылнайда 124 үй болса, 100-ден 4 жігіт алынады, 24 үйден алынбайды.

2. Милицияға алынатын жігіттің жасы 20-дан кем, 35-тен артық болмасқа керек.

3. Милицияға дені сау, мүшесінде кемшілік жоқ жігіттер алынады.

4. Бір үйдегі жалғыз жігіт алынбайды. Үй деп списокте алым төлейтін үй айтылады. Бір үйдегі жалғыз жігіт деп әкесі иә ағасының жасы 45-тен озған, інісі 17-ден кем болғандар айтылады. Әкесі, ағасы яки інісінің жастары 45-тен кем, 17-ден артық болса да, бойларында шаруаға жарамайтын кемшілігі болса, ол үйдің жігіті қызметтен азат.

5. Бір үйде неше жігіт болса да, біреуден артық алынбайды.

6. Ел ішінде отырған қонақ сол елмен бірге есептеледі.

7. Милицияға өздері тіленіп кірген азаматтар алынады. Тіленіп кірген жігіттер елден алынатын міндетті милицияның санынан тысқары болады.

8. Комиссия алдында жеребе түсіп, милицияға алынған жігіттер сол сағатында орнына кісі жалдап беруге ерікті. Жалданған жігіттің жасы 20–35-те, дені сау, қызметке жарамды болуы шарт.

9. Милицияға алынған жігіттер алты ай қызмет етуге міндеткер.

10. Милицияға алынған жігіттерге айлық қақы беріледі. Милицияға берілетін қақының мөлшерін Алашорда кеседі.

11. Әр ауылнайдан алынған жігіттерге ат, ер-тоқым тауып беру сол ауылдың өзіне міндет.

12. Қызметке алынған жігіттің үйі ат шығынынан азат.

13. Бір ауылнайдан алынуға тиісті жігіттер, сол елдің адамдары ынтымақпен шығарып берсе жарайды. Егер де ынтымақ қыла алмаса, жеребемен (*таланмен*) алынады.

14. Ел адамдары жігіттерін ынтымақпен шығарып бере алмаса, жеребемен алу үшін ауылный комиссия құрады. Ауылный комиссияға кіретін адамдар 3-тен кем, 10-нан артық болмайды. Комиссияның председателі волостной комитет председателі болады. Өзге мүшелері сол ауылдың өз адамдарынан болады. Комиссияға әр атадан, әр партиядан адам кіреді. Комиссия өз арасынан біреуді хатшылыққа сайлап алады.

15. Елді белгілі срокқа бір жерге жинау, күні бұрын список даярлату һәм комиссия құру волостной комитет председателіне міндет.

16. Милиция алу жұмысы уездной һәм областной Алашорда бөлімшесінің бұйрығы бойынша болады. Алашорда бөлімдерінің бұйрығын орындамаушылар жауапқа тартылады.

17. Списоктан жасырынып қалған жігіттер жеребесіз, кезексіз қызметке алынады. Біреуді списоктен жасырып қалған ауылнайлар сотқа тартылады.

18. Бұл тәртіп жарияланбастан бұрын милициясын өзге ретпен беріп қойған елдер бұрынғы қолданған тәртіптерін өзгертпейді.

Шығарушы Міржақып Дулатұғлы.
«Қазақ», 1 сентябрь 1918 ж., №64.

ТАҒЫ ҚҰРБАН

(*Отыншы Әлжанов*)

Өткен август басында Жетісу облысында Үржар деген қаланың қасында большевиктермен соғысып, Алашорда һәм Құрылтай ағзасы Отыншы Әлжанұғлы оққа ұшты, Садық Аманжолұғлы жараланды деген телеграм алдық.

Отыншы марқұм, бұл соғысқа әлдеқалай кез келген емес, Жетісу қазақ-қырғызын большевик бүліншілігінен аман алып қалу үшін атқа мініп, жігіт жинап, өзі басшылық етіп жүріп қазаға ұшырады.

Марқұм, Семей облысы, Зайсан үйезінен тараған найман еді. Жасы 40-тың ішінде болса керек. Омбыда учительский семинария бітіргеннен кейін окружной сотта бірнеше жыл переводшік болып тұрды. 1907 жыл елінің ортасындағы Көктерек қаласына барып учитель болды. Отыншының Зайсан үйезіне учитель болып барған кезі II Г. Дума қуылып, 3 июнь законы бойынша қазақ-қырғыз депутаттықтан мақұрым қалып, қаһарлы һүкіметтің қайта күшеюіне бет алған шағы еді. Отыншы Зайсан қазақтарының атынан жаңа ашылған III Г. Думадағы саяси партиялар бастықтарына телеграм беріп, қазақ халқының өгейлігін шағып, һүкімет әділетсіздігіне наразылық баян еткендігін сол кезде астана газеттерінде оқып едік. Сол күннен бастап Отыншы марқұм, бір жағынан, қаранғы халқына саясат жолында басшылық ете бастаған еді. Бірақ қырағы һүкімет мұның ізіне шөп салып, үстінен шағымдар жүріп, 1909 жылы Отыншы бес жылын Жетісу облысында, Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түкпіріне айдалып барған Отыншы тұрған еліне тағы басшылық қылып, жол көрсетіп, өзін жақсы жағынан танытты. Отыншы 5 жыл кесімін бітіргенде, Еуропа соғысы, онан кейін 25 июннің қанды жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үріккен елге тоқтау айтып, көнбесе қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп айналып қалды. Сөйтіп жүргенде бостандық туды. Оқыған, көзі ашық адамдары жоқ елге Отыншы тағы керек болып, бостандықтан кейін Отыншы Лепсі үйезінде комиссарлық қызмет етіп тұрды.

Аз жылдың ішінде Отыншы өзінің кім екенін Жетісу еліне танытқан еді. Былтыр Жетісу облысы Отыншыны құрылтайға депутат қылып сайлады. Қысты күнгі Орынбордағы жалпы қазақ-қырғыз съезінде Отыншы Жетісудан Алаш Ордаға сайланды.

Өткен январь ішінде Алматыда областной съезд ашылып, сол съезде қазақ милициясын жасау туралы кеңес болған еді. Отыншы марқұм сол съезде болып, жолдастарымен бірге Түркістан комитетінің бастығы Шкапскийге жолығып, қазынадан қазақ милициясы үшін 500 мың сом ақша алды. Бұл ақшаны Лепсі казачествосына апарып салған еді,

соңынан большевиктер талап әкетті. Отыншы Алматыға барған кезде Түркістан уалаятында большевиктің жаңа күшейіп тұрған шағы еді. Автономия қамына кірісіп һәм милиция жасамақ болып жүргенін біліп, большевиктер Отыншыны, Ибраһим һәм Сатылған үшеуін абақтыға жауып тастады. Бұлардың абақтыда көрмеген қорлығы жоқ, неше рет өлімнен қалды. Қазақ милициясы үшін 500 мың сом алып берген Шкапский сабазды, баласымен екеуін большевиктер абақтыда атып өлтірді. Отыншылар ол жолы құдай сақтап, абақтыдан аман құтылған еді. Бірақ бұлар шыққан кезде большевиктер елге ойран сала бастап, қазақ-қырғыздарды қырғынға ұшыратуға кіріскен еді. Ұлтшыл ер, Отыншы бұл қорлыққа шыдай алмай, жолдастарымен бірігіп, жігіт жинап, елді қорғау жолына кірісті.

Өткен июль басында мен Зайсан үйезіне бардым. Сонда Отыншы марқұмнан еліне мынадай хат келді: «Елдің басына мынадай пәле туып тұрғанда, мен бұларды тастап кете алмаймын, өлсем-тірілсем де бірге көремін, менің қатын-баламды келіп алып кетіңдер» деп.

Марқұм айтқанын қылды, елді пәлеге тастап, өзі бас амандап кеткен жоқ. Алаш жолында құрбан болды! Қызықты ғұмырының көбі абақтыда, айдауда өтті. Бірақ, қымбатты Отыншы, Алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас.

Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын, аяулы алаш азаматы!

Міржақып.
«Қазақ», 1918 ж., № 263.

ҰЛТ МАТБҰҒАТЫ

Матбұғаты, әдебиеті, тарихи жоқ елді саналы елдердің бірі деуге болмайды. Құдайға шүкір, бізде жоғарғы елдің белгілері соңғы жылдарда көріне бастады. Матбұғатымыз, әдебиетіміз, тарихымыз мұнан соң өспесе, өшпейтініне көзіміз жетті. Бұл мақалада матбуғат туралы ғана бір-екі сөз айтып өтпекпін.

Өзіміз қандай жас халық болсақ, матбұғатымыз да сондай жас. Он жыл мұнан бұрын газет деген сөзді құлағымыз естімеген жұрт едік, бұл күнде қай ауылға келсек те, газеттің өзін көресің яки газетте не бар, газет не айтады деген сөзді естисің.

Биылғы жылдың ішінде газет, журнал алып отырмыз. Бұл күнде олардың бірдей шығып тұрмау себебі: ... ісінің жаңалығы, жәрдем ... кісідегі оқушының аздығы, оқушының санаулылығы. Құр көңілмен, талаппен іс ілгері баса алмайды. Әр істің өзіне хас құрал-сайманы түгел болуы керек. Бүгінге шейін көзге көрінген газет-журналымыздың саны 12–13 болған еді. Осылардың қаншасы өмір сүріп ... оқушыларға белгілі. Бұлардың бәрі қайда кетті? Бұларды біреу итеріп тастаған жоқ. Бәрі де жоғарыда айтылған кемшіліктер себепті аз күн ғана өмір сүрген. Осы күні шығып тұрғандарына қарасақ, әлі негізденіп кеткен жоқ. Газеттеріміз жұмасына бірден артық шыға алмай жүр. Бірлі-жарым баспаханалы болсақ, оларымыз отау үйдің қазанындай. Бұл күнге шейін газет шығаруға мол ақша салып көрген бай жоқ. Былтыр шыққан газеттер биыл жоқ, биыл шыққандарының көбі ендігі жылға дейін жүруіне сенім жоқ...

Матбұғатымыз негізді, дуалды болуы туралы өз пікірімді баяндағым келеді. Бір ауыз тізгінімізді өзіміз алғалы біріміз, ... автономиялы болмақпыз. ... ісі матбуғат. Сондықтан бүкіл қазақ-қырғызға ортақ күнде шығатын газетіміз болуы керек. Бұл газет шығаруда пайда болса, сонда шыққан. Алаш болып көркейтуіміз керек. Автономия жаңа нәрсе. Автономиялы бізге земство жаңа. Земстволың бір кішкентай бөлігі автономия. Земство істерін жүргізе білуіміз автономияны іске асыруымызбен байлаулы. Сондықтан әр облыстың областной, земский газет шығаруы керек. Мұның баспаханасы болсын. Баспаханада газеттен басқа халыққа пайдалы кітаптар, оқу құралдар болатын болсын.

Біз секілді жұртқа газеттен журналдың пайдасы артығырақ. Соның үшін мұны негізді қылу керек. Әр жерде әр түрлі мәселе туралы шала-жансар журнал шығарғанша, бір жерде толық саяси, әдеби, ғылыми бір жақсы журнал шығару керек.

Міне, біз жоғарыда айтылған күндік бір газет, толық бір журнал һәм облыс сайын земский газет шығаратын болсақ, матбұғатымыз негізді бір жолға түскен болады. Бар күшімізді осыған жұмсауымыз керек. Бұлар ... газет-журнал шығуға жол ашық. Судың ағынын, бұлақтың көзін ешкім тоқтата алмайды. Өзі тесіп шығады. Біз осы күні инемен құдық қазғандай, газет-журналды зорланып шығарып жүрміз. Сондықтан матбұғатымыз артық ілгері баса алмай

жүр. Ілгері бастырып жіберу үшін, біздің ойымызша, жоғарыда ұсынған жобаны орындау керек.

М. Дулатов.
«Қазақ», 10 сентябрь 1918 ж., № 264.

ҚАЙТСЕК ЖҰРТ БОЛАМЫЗ?

Дүние жаратылғалы болмаған оқиғаларды төрт жылдан бері көзіміз көріп отыр. Төрт жылдан бері жердің жүзі қанға боялды. Көздің жасы сел боп ақты. Дүние ойран болды. Даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналды. Ат төбеліндей аз елдерге есе тиді. Мұндай зор өзгерістер болған емес. Мұнан соң да бола бермейді. Әркім қалай жұрт боламыз деп жанталасып жатқаны осы.

Алаш, Башқұрт, Түркістан сияқты халықтар Автономия боламын, мемлекет боламын десе, бұрын көзі көрмей ме? Автономияны ауызға алмақ түгіл, стражниктің алдында қалтырап тұратын елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, өзін-өзі билеудің қамына кірісіп жатыр.

Патша түсіп, ескі тәртіп жеміріліп, бостандық туғанына жыл жарым болды. Сонан бері дүние жайланып, халық рақат ғұмыр сүре алмай, саясат күнде өзгеріп, жұрттың мазасы кетіп тұрғаны рас. Бостандық, теңдік деген сөздің жеңсігі басылғандай. Бүгін бір билеуші шықса, ертең оны жоқ қылып, арғы күні тағы кім шығатынына жұрттың көзі жетпей, дағдарыста тұрғаны рас. Күнде жиылыс, күнде сайлау шығып, жұрттың мезі болғаны рас. Большевик деген бір пәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас. Мұнан соң қандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көңілі суынып тұрғаны да рас. Бірақ халық ойлау керек. Мұншалық дүние өзгергенде, Россия сияқты зор мемлекет асты-үстіне келіп ойран болғанда, ондағы халықтардың тұрмысы, салты, діні, тілі, шаруасы, тілегі басқа-басқа болғанда, аз уақытта тып-тыныш бола қоймайды деп асығуға бола ма? Бір кісінің саудасы бұзылса, соны тез түзетіп ала қою оңай ма? Бір ұлыс елге әрекет кірсе, ағайын арасына от түссе, соның өзі оңай тыныштала қоя ма? Ал қазір бүліншілік, күйзеліс бір ауылда, бір ұлыста емес, бүкіл мемлекет, асса жер жүзі ойран болып, соны ретке салуға әркім қам қылып жатыр. Осындай қара құрық заманда біз секілді аз халықтар ұйымдасып, бірлік-береке

қылып, жұрт қатарына қосылып қалудың ылажын қарап жатыр. Жұрт елдігі бүгінгі күнгі тірі жүрген адам баласына ғана хас емес, кейінгі нәсіл, үрім-бұтақтың қор болмауы үшін керек зат. Біз басымызға түскен таршылықты бұрынғы бабаларымыздан көретін едік. Солар біздің қамымызды жеген болса, біз мұндай қорлықта, тарлықта жүрмес едік деуші едік. Кейінгі буынның ата-бабасы – бүгінгі тірі жүрген біздер. Біз келешекті ойламасақ, кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма? Алла хұзырында, тарих алдында біз жауапкер емеспіз бе? Олай болса, бір-екі жылда рақат ғұмыр бола қоймады деп, бостандықтан, теңдіктен күдер үзіп қол сілтесек, өзіміз не күйге ұшыраймыз? Кейінгі жас буынның көргені не болады? Біздің жұрт осыны ойлауы керек.

Заман бұл қалыппен тұра бермейді. Әлі-ақ толқын басылады. Су сабасына түседі. Заман бір жайлы болады. Сондықтан осындайда әр ел өз дегеніне жетіп, өз билігін өзі алып қалмаса, ертең әркім буынын бекітіп, күшін жинап алған соң, өзі шыққан тауы биік болғанын артық көреді. Қолдан теңдік бермейді. Жұрттың жолында біз қанша бейнет шектік? Жанымызға батарлық қанша қырғын шығардық? Өзгелерге қарағанда, біз еңбек те сіңіргеніміз жоқ, бейнет те тартқанымыз жоқ. Құрбан да шалғанымыз жоқ. «Құдай өзі сақтар» деп құрғақ тілекпен отыра бердік. Құр тілек мұратқа жеткізе ме? Жұрт боламын деген жұрттар не қылып жатыр? Соған ой жіберу керек. Біз мұсылман екенбіз, Құдайдан тілейді екенбіз, дұрыс-ақ. Бірақ бізден басқа мұсылмандар құр тілекпен отыра ма? Жер жүзінде 300 миллионнан астам мұсылман бар. Солардың ішіндегі зор мемлекет – Түркия. Осы Түркияға аң терісін бөліп алатындай тұс-тұстан анталаған елдер жоқ па еді? Солар түрікті торығанына неше жүз жыл болды. Осы соғыстың тұсында Стамбулды алмақ болып, ая-Софияның басына кіресін де даярлап қойды. Сонда түрік мұсылманның бір күшті мемлекеті емес пе еді? Мұсылмандығы бізден кем бе еді, «құдай сақта» деп қарап отырды ма? Жұрттығын сақтау үшін неше ғасырдан бері қан төгіп, арпалысып келе жатыр емес пе? Төрт жылдан бері қызыл қанға белшесінен батып, миллиондаған ер азаматын құрбан қылып, дүниесін ойран қылып отыр емес пе? Жалғыз түрік емес, жер жүзіндегі жұрттардың бәрі не үшін қанға боялып жатыр?

Соның бәрі жұрттығын сақтау үшін қырғын көріп, бейнет шегіп жатыр. Біз не қылып отырмыз? Біз «жанжақты Жасағанға күзеттіріп қойып отырмыз».

Қазір дегеніне жететін кім? Кімнің мерейі үстем болады? Кім біреудің қанжығасында кетпейді?

– Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді.

– Күш не?

– Күш – әскер.

Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде.

Бір жол – құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындайда жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей көне аламыз ба, шығын төлерден құтыла аламыз ба? Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күніміз де болған. Сонда бізді алдыға салып айдап кетпеп пе еді? Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алу жолына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, алаш һүкіметіміз деп тырысып тұрсақ, бізді ешкім басынбайды. Һүкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі.

Алашқа жаны ашымайтын қара жүректер, жұрт болғанымызды көре алмайтын қаскүнемдер, ертең не болатынына көзі жетпейтін надандар ізгі ниет, ілгергі тілегімізге қарсы болып, жұрттың көңіліне қорқыныш салатын да шығар.

Автономия болуымызға, милиция құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылар. Бірақ халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, ілгерідегі күнін ойлау керек.

Біздің арамызда алаш легіне қарсы болатын кімдер екені белгілі. Бұлар екі түрлі. Бірі қаны қарайған, ұлт намысы дегеннен бейхабар, жамандықты кәсіп қылып алған антұрғандар. Бұлар аузы қисық болғанын айнадан көріп, жамандығымды неге қостамайды, терісті неге дұрыстамайды деп, жұрттың бәрімен қас. Бұларға елдің ынтымағынан бүлінгені керек. Жұрт тыныш болса, мұндайларға тыным жоқ. Осыны олар жақсы біледі.

Екінші – ел ішіндегі партияқұмарлар. Бұлар істеп жүрген істері жұртқа зиян екенін ойламай, партия қуғанын «баққа таласып жүрмін» деп, адасып жүрген надандар. Егер

жұрт жұрттықты ойласа, партиясын уақытша қоя тұрып, бірлік, береке қылатын болса, алаш аты бәйгеден келмей қалмас еді. Жоқ, жұрттық деген құр сөз болып қалып, әркім бетімен жайылып, «баққа таласып», баяғы Иванға шауып баратын болса, алаш тілегіне қарсы деген, міне, осы. Алаш болып шашау шықпай, алашордадан басқаны білмейтін болса, «жауымды мұқатам» деп біреуге тұра шаппайтын болса, өздігінен келіп бізді билеп кететін ешкім жоқ. Әркім өз басымен қайғы болып жүр. Біз біреуге өзіміз шауып барып, өзіміз шақырып әкеліп, төбемізге ойнатып жүрміз. Бұл мінезіміз бұрын да белгілі еді. Әсіресе кешегі большевик заманында да көрінді. Енді мұнан былай жұрттықты ойлап, бірлік қылатын болсақ, алаш тілегінен басқаға алаң болмай, жұртқа ең пайдалы нәрсе милицияның керектігіне көзін жеткізсек, жолымыздың болғаны.

Милиция неге керек?

Атасы басқа елдермен көрші болып отырмыз. Солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керек. Ел ішінде жүгенсіздік шыға қалса, солардан елді қорғау үшін керек.

Ішкі губерниялардан күні ертең аш-жалаңаш босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керек.

Ана жылғыдай оп-оңай алдыға салып айдап кетушілер болмау үшін керек.

Қазақ-қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керек.

Автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керек.

Бізбен туысқан мынау башқұрт халқы біздің үш бөлігіміздің біріндей-ақ. Осы күні осылардың әскері бар. Сондықтан басқалар башқұртты елеулі ел көріп отыр. Әйтпесе әскер жинап, башқұрт ешкіммен соғысып отырған жоқ. Біз де соғыспаймыз.

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия алмасақ, жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ жауап біреу-ақ:

– Әскеріміз болса ғана жұрт боламыз.

Мадияр.
«Қазақ», 1918 ж., № 264.

ТАЛАЙДЫҢ СЫРЫ АШЫЛДЫ

Жайшылықта кім жаман? Жұрттың бәрі жақсы, бәрі де ер, бәрі де ұлтшыл. Кімнің кім екені тар орын, тайғақ кешуде білінеді.

Николай заманын бастан кешірдік. Ол заман түпсіз терең бір тұңғиық еді. Ол кезде қара халық былай тұрсын, көзі ашық оқыған азаматтарымыздың көбі саясаттан бейхабар, ұлт жұмысынан бойын аулақ салып, күнелтудің соңында жүрді. Бірақ бұларға өкпе жоқ еді, өйткені белсеніп жұртқа басшылық етпедің деуге болса да, зиянды іске кіріспегеніне жұрт риза еді. Ол заманда шын өкпелеуге болатын адамдар болды. Олар хакімге жағынып, түйме-танаға қызығып, жандармдарға жалданып, халықты сатушылар еді. Бостандық туған соң бұлардың сыры ашылып, таңбасы басылып, арамыздан шығып қалды. Алаш басына екінші қиын күндер туды. Ол күндер 25 июнь жарлығы еді. Жұрт ботадай боздады. Алды қашып, арты сасып, бірсыпыралары қырғынға ұшырап жатқанда, көктен тілегені жерден табылғандай дағдарған елді жем қылып, тонауға кіріскен де болды. Жақсылық туды, жігіттер қайтты, елдің көңілі жайланды. Кімнің кім екені сонда бір білінді.

Большевик дәуірі басталды. Жұрт жылады. Тал түсте таланды. Азаматы өлді, әйелі зорланды, дүниесі бүлінді. Осындай қиямет-қайым күндер туғанда, біздің арамыздан да большевик болып, жұртты қоса талаған, азаматтарымыздың үстінен шағым жүргізген, өлімге бұйыртқан, оққа байлатқан антұрғандар шықты. Большевиктің ғұмыры ұзын болса, бұлар елдің сәнін кетіретін еді. Құдай сақтап, көп жерден большевиктің көзі жоғалды, халық уһ деп демін алып отыр. Әлі де болса большевиктен құтылмаған елдеріміз бар. Мысалы, Жетісу, Сырдария облыстары. Ол елдер күні бүгінге шейін қырғынға ұшырап жатыр. Міне, большевиктер талайдың сырын тағы ашты.

Санаң болса, Алаш, енді ойлан! Жайшылықта жап-жақсы болып жүрсе де, таршылықта жалт беріп жауыңа қосылып, жаныңа қастық қылатын, малыңа құрық салатын кім екенін біліп қой! Мұндай жауыздарды мұнан кейін маңайыңа жолатпа, аластап араңнан шығар! Мұндайлар жұртқа опа бермейді, ертең тағы бір жамандыққа ұшырасаң, миыңды шағатын, түбіңе жететін осылар, сақтан!

М.

«Қазақ», 1918 ж., №264.

АЛАШОРДА

Былтыр Орынборда 21–26 июльде бірінші жалпы қазақ-қырғыз сьезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Өйткені ол кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар еншісін құрылтайдан алмақ болды.

5–13 декабрьде екінші жалпы қазақ-қырғыз сьезі болды. Бұл сьездің кезінде Россияда екінші өзгеріс болып, Уақытша һүкімет жоғалып, Құрылтай құрылатыны анықталып, большевик дәуірі басталған еді. Бірінші сьез уақытындағыдай емес, ол кезде әр жұрт өз бетімен жайылып, бас амандап, Россиядан біржола айырылып кеткендер де болды. Құрылтайды күткенше тағы да қандай толқынға ұшырауына жұрттың көзі жетпей, дағдарған шақ еді. Сондықтан бұрынғыдай Құрылтайға қарамай, өзін-өзі билемек болған жұрттар автономиясын жариялап жіберуді мақсат көрді. Түркістан, Башқұртстан автономияларын жариялап жіберді. Біз автономия болуға қаулы қылсақ та, сол сағатында жарияламадық. Арамыздағы анасы басқа жұрттармен келіселік, милициямызды жасап, ұлт қазынасын жинап, қамданған соң жариялайық деп қаулы қылдық. Ондағы автономияны тез жариялап жібермеудің үлкен себебі, жұртқа большевизм дерті жайылып келе жатқанда, сөйлеспей жариялап жіберсек, көршілерімізбен арамыз қандай болып кететініне көзіміз жетпеді. Бұл сақтық орынды екеніне жұрттың көзі енді жетіп отыр.

Декабрь сьезінде, автономия ресми жарияланғанша, уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге Алашорда сайланды. Алашорданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алашорда іске кірісе алмады.

Семей һәм Ақмола облыстары большевиктен тазарған соң, 11 июньде Алашорда іске кірісті һәм, сьезд қаулысы бойынша, автономия жарияланғанша, қазақ-қырғыз мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді деп жарлық шығарды. Мұның мәнісі автономияны жариялауды кейінге қалдыра тұрып, мәдени-ұлт автономиясын жарыққа шығарған еді.

Газетіміздің осы нөмірдегі Құрылтай мүшелерінің комитеті Россиядағы түрік, татар қауымына таратып отырған жарнамасындағы: «Бұл күннен бастап түрік-татар қауымдары жергілікті мекемелерде, соттарда ана тілін қолдануға,

түрлі мектептер ашуға, діни жұмыстарын дегенінше басқаруға ерікті болуының үстіне, мәдени-ұлт істерін басқаратын ұйымдар, мекемелер ашуға, өз дегендерінше үкім жүргізуге, халқын өз һүкіметінің күшімен билеуге, жұрттан алым-шығын өндіруге, халықты ағарту, шаруасын түзеу жолында барлық билік өздерінде» дегені Алашорданың: «қазақ-қырғыз мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді» дегеніне дәл келеді. «Мәдени-ұлт автономия мәселесі Құрылтайды күтпей-ақ осы күні шешіледі» дегеніне қарағанда қазіргі Алашорданы Құрылтай мүшелерінің комитеті танығандығы, яғни һүкімет деп білгендігі көрінеді.

Ендігі мәселе жалғыз-ақ жергілікті автономия туралы.

Комитет жергілікті автономияның ережесін бекітуші мемлекет Құрылтайы деп отыр. Сондықтан автономия боламын деген біздің Алаш, Башқұрт, Түркістан һәм өзге халықтар Құрылтайды күтпек.

8 сентябрьде Уфада мемлекет кеңесі ашылды. Бұл кеңес Россияға ортақ һүкімет жасамақ. Сыртқы һәм ішкі жаудан Россияны құтқару шарасын қарамақ һәм Құрылтайды қайткенде тез жинау жайын кеңеспек.

Мемлекет Құрылтайы тез жиналып, Россиядағы халықтардың тілегін орындап, тіршілігін тәртіпке салуға тілектеспіз. Біз Құрылтай билігінен ешуақыт қашқан емеспіз. Құрылтайдан басқа Россияның тағдырын шешетін қожаның жоғын да білеміз. Құрылтайға шейін автономия болары жолында еткен қызметімізге ешкім көлденең келмесіне, мәдени-ұлт автономиясы шегінде қазақ-қырғыз һүкіметі Алашорда екендігіне ешкім шүбә қылмасына сенеміз.

Мадияр.
«Қазақ», 1918 ж., № 265.

Түсініктемелер

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

«Біздің мақсатымыз» – 1907 жылы Петербургте шыға бастаған «Серке» газетінің екінші санында басылған мақала. Қалыптасқан ұғым бойынша, газеттің сол саны дәл осы мақала үшін тәркіленген де, бір ғана дүркін жарық көрген басылым біржола жабылған.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, мақаланың соңына «Арғын» деп бүркеншік қол қойылғандықтан, тергеушілер автордың кім екенін кезінде анықтай алмаған. Бірақ, кейінірек, Міржақыптың үстінен «Оян, қазақ» байланысты іс қозғалған кезде, бұрынғы «Серкенің» мәселесімен айналысқан шенеуніктер әлдеқандай бір сезікпен газет материалдарын архивтен қайта көтерген де, екі істің арасында ұқсастық барын анықтаған сияқты. Сол жолы «Серкеге» байланысты барлық материалдар соттың шешімімен түгелдей жойып жіберілгенге ұқсайды.

Біздің байқауымызша, мына жинақтағы мақаланың мазмұнына қарағанда, мұның мәтіні де түгел сақталмаған тәрізді. Олай дейтініміз, бас жағында бодандықтың зардаптары жайында отаршылардың шамына тиетін бірсыпыра сөздер айтылғанымен, мақала тақырыбындағы мақсат жөнінде бірауыз сөз жоқ. Айтар ойына әрдайым мұқият автордың тақырыпқа сай леп демеуі мүмкін емес еді деген ой келеді.

Әрине, Жақаңның он жыл бойы талмай айтқан жалынды да маңызды сөздері қолымызда тұрғанда, ол кісінің өз өмірін қандай мақсат жолына сарп еткенін айқын сезінеміз. Сондықтан осы еңбектерге лайықты айдар іздегенде, «Ұлы мақсат жолында» деген тіркес ойымызға оралғаны тегін емес. Ол туған халқының бостандығы мен болашағын, елдігі мен еркіндігін, өрісі мен өркенін көздеген мақсат болатын. Шағын алғысөздің тақырыбына біз сондай кең мағынаны лайық көрдік.

«Ибраһим ибн Құнанбаев» – бұл мақала жөніндегі түсінік алғы сөзде берілген. Ендігі айтар жалғыз ескертпе: өлеңнің соңғы шумағындағы «Ақылмен ойлап айтқан сөз» деген тармақта «айтқан» сөзі қате берілген. Түпнұсқада: «Ақылмен ойлап білген сөз».

«Caveant, consules!..» (*«Байқаңдар, консулдар!..»*) – Орыс тілінде жазылып, «Сибирские вопросы» атты басылымда жарияланған мақала. Мұнда автор Сібір өлкесінің әкімшілік орындарын бүкіл Сібір жері мен қазақ даласында биыл қатты қуаңшылық болып, оның аяғы апатты жұтқа соққалы тұрғанын ескертеді. Мұндай апат Шығыстың қатал табиғатында, қазақтың ескі есебі бойынша, он екі жылда бір айналып келетін мүшелдің соңғы – Қоян жылында ылғи жұт болып тұратынын, ғасырлар бойы мал бағып келе жатқан қазақ халқының бұл жөнінде жаңылмайтын тәжірибесі бар екенін айтады.

Бұрын еркіндік заманда жердің отына қарай көшіп жүріп, жұттан аман қалатын қазақтар жері кесіліп, өріс-қонысы тарылып қалған қазіргі заманда қатты апатқа ұшырағалы тұрғанын жанжақты негіздеп, көз жеткізе дәлелдейді. Бір ғана қазақ халқы емес, оның жеріне ауып келген мұжықтарға да бұл апаттың оңай тимейтінін айта келіп, әкімшілік орындарына осы апатқа алдынала дайындалу, ол үшін үкімет тарапынан көмек көрсету қажет екенін ескертіп айтады.

Мақаланың орыс тілінде жазылып, елдің шығысында кең таралатын беделді ресми басылымда жариялануының өзінде осындай мән бар. Мемлекеттік тілде өте сауатты жазылған мақаланың әдеби дәрежесіне және автордың бізге орыс тілінде жеткен басқа да еңбектеріне қарағанда, Міржақып ағамыз ол тілді де өте жетік игерген.

Ал мақалаға тақырып етіп, ескі латын тілінен кезінде мәтел болып кеткен: «Байқаңдар, консулдар!» (*«Абайланңдар, мырзалар!» деген мағынада*) деген тіркесті алуы және оның әр жағында «Бедствие надвигается» (*«Апат төнгелі тұр!»*) деп дабыл қағуы да көп нәрсені аңғартқандай.

Бұл мақаланы бір кезде Гүлнар апа Міржақыпқызы қажет болып қалар деген оймен қазақшаға аудартқан екен. Томда сол мәтін қоса беріліп отыр.

Осы орайда атап кетерлік тағы бір жәйт: қазақ жеріне орыс шаруалары көшіріліп, бұрынғы көші-қон өрісі тарылуына және қазақ халқының біртіндеп отырықшылыққа көше бастауына байланысты Міржақып Дулатұлы өзінің көптеген мақалаларында шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері туралы, атап айтқанда: қыстау салу, малдың қысқы сақтық қорын әзірлеу, сәйтіп, малды қолда ұстап бағу, малдың тұқымын асылдандырып, өнімділігін арттыру, егіншілікпен айналысу, ол үшін жер өңдеуді үйреніп оның өнімін үлгірте білу сияқты алуан түрлі тақырыпта түсінік мақалалар жазып тұрған.

Осы томдағы **«Жер мәселесі», «Қазақ жайлы», «Кооперация яғни бірігіп іс жүргізу», «Шаруа кеңесі»** сияқты мақалалар осының дәлелі.

«Государственная дума һәм қазақ» – бұл тақырыпта жазылған мақалаларға түсініктемені алғы сөзден қараңыз.

«Ай астында ешнәрсе басқарылмай тұрмақ емес» – танымдық маңызы бар мақала. Автордың басқа да бір сыпыра шығармаларындағы сияқты, мұнда өркениетті елдерде өнер-білімнің дамуы арқылы өмірге көп жаңалықтар келіп жатқаны, техниканың соңғы табыстары жайлы айтылады. Оның аяғы көшпелі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігіндегі қиыншылықтарға келіп тіреледі. Олардан құтылу үшін өнерге, оқу-білімге, өркениетке тартылу қажеттігі айтылады.

«Ғабдолла Тоқаев» – белгілі татар ақынының қайтыс болуына байланысты еске алу ретінде жазылған мақала хабар. Өмірдің қандай бір қиыншылықтарына қарсы тұра білген қайсарлығы, Абайдың қазақ халқына қадірі қандай болса, оның да татар халқына қадірі сондай болғаны айтылады.

«Жиһангер Николай Степанов» – Әліби Жангелдин өмірінің алғашқы бір кезеңі туралы мәлімет беретін хабар. Кейде замандастары оны «Степнов» деп те атаған.

«Қазақта мүфтилік мәселесі» – отарлық Қазақстандағы ең күрделі мәселелердің бірі – діни басқару, яғни мүфтилік жайы болатын. Алаш зиялыларының 1905 жылы патшаға жолдаған петициясындағы арнайы бір бап осы туралы, қазақты орталық мүфтиге қарату туралы болатын.

М. Дулатұлы аталған мақалада осы мәселенің арғы-бергі тарихын баяндай келіп, бір кезде мүфтиліктен шығару жөнінде патша әкімшілігінен қазақтардың өздері сұрап алған тілегінен айнып, енді қайта кіре алмай жүргенін жазады. «Сұрап алған аурудың емі жоқ» деген мақалдың кебіне душар болған мұсылман халқының халіне реніш білдіреді. Жинақтағы: **«Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы», «Асығыс іс», «Муфти сайлау», «Шораи Ислам»**, т.б. тақырыптас мақалаларда осы мәселе әр қырынан сөз болады.

«Аурудың аз болуына не керек?» – М. Дулатұлының жүйелі түрде діттеп көтерген мәселелерінің бірі – халықтың денсаулығын сақтау, оған маман дәрігерлік көмек көрсету, бұл істі мемлекеттің өз қамқорлығына алуы, әсіресе қазақ ауылдарында жиі қайталанып тұратын індеттер (*оба, сүзек, қызылша, т. б.*) мен жұқпалы аурулар халықтың әлеуметтік дертіне айналғаны авторды көп толғандырған.

Жоғарыдағы тақырыппен басылған үш мақала, сондай-ақ **«Чума жайынан, «Чума съезі», «Орынбор, июнь 8»** (*сүзек індеті туралы*) атты мақалаларда елдегі денсаулық сақтау ісінің мүшкіл халі,

әсіресе індет жайлаған кездердегі тұтас ауылдар мен өнірлердің өте аянышты жағдайы нақты фактілер мен оқиғалар арқылы көрсетіледі.

Атап айтқанда, «Чума жайынан» деген көлемді мақалада Орал облысында етек алған оба ауруы туралы төтенше жағдай ретінде Мемлекеттік думаға хабарланғанына қарамастан, ең жоғарғы билік орындарының өзі дер кезінде өтімді шара қолданбағаны, соның салдарынан қазақ ауылдары жаппай қырғынға ұшырағаны баяндалады.

Оларға ешқандай дәрігерлік көмек көрсетілмегені, бүкіл облыстағы қазақ ауылдарына не бәрі төрт-ақ дәрігерлік қызметкер жіберілгені, олардың өздері де ешқандай дәрі-дәрмексіз, құр қол жіберілгені (*яғни көрінеу ажалға айдалғаны*) аса қынжылыс күйде баяндалады. (*Сөз арасында айта кетейік, жаңағы төрт дәрігердің екеуі қазақ екен. Соның біреуі болашақтағы Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі, ғалым Халел Досмұхамедов екен*).

Індетке ұшыраған ауылдарға шұғыл түрде дәрігерлік көмек көрсетудің орнына, әкімшіліктің бұйрығымен оларды атты әскердің қоршауына алып, жаппай қырғынға душар еткені, сөйтіп маңайдағы казак-орыс станицаларын қорғау шараларын ғана қолданғаны, сол кез былай тұрсын, қазіргі оқырмандардың өзінде де ашу-ыза тудырғандай.

Ол ол ма, жаңағыдай жаппай қырғынға ұшыраған ауылдардың өлігін бір төбеге үйіп қойып өртеп жібергені, олардың артта қалған бала-шағасына ешқандай қауіпсіздендіру шаралары қолданылмағаны өркениетті елдердің ешбір адамгершілік дәстүріне сыймайтын еді.

«Орынбор, июнь 8» атты мақалада бұған керісінше жағдай орын алған. Ақтөбе үйезінің Бөрте ұлысына қарасты ауылдарды сүзек індеті шарпыған. Көп жанұялары шетінен қырай ауырған. Өлім-жітім көп болған.

Осындай жағдайды көре тұрып, оған қарсы дәрігерлік шаралар қолдануды, ол үшін үйез әкімшілігіне хабарлап, дәрігерлер шақырту қажет екенін біле тұрып, сол ауылдардың бас көтерер адамдары, сауаты бар оқыған азаматтары ешқандай қимыл-әрекет жасамаған.

Осыған орынды түрде реніш білдірген мақала авторы ел адамдарына тағы мынадай кінә артады. «Қазақ» газеті өзі жарық көрген күннен бастап, міне, жыл жарым уақыт бойы, үзбей дәрігерлік кеңес беріп келеді. Соларда айтылған бірінші ақыл-кеңес – ауылда әлде қандай бір кекті дерттің алғашқы нышаны білінген бойда-ақ дереу қалаға хабарлау қажет екенін айта келіп, осы сөзге құлақ аспағандарына қынжылыс білдіреді.

«Хазірет Сұлтан» – Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне соғып қайтқаннан кейін жазылған жол-сапар очеркі іспеттес мақала. Онда кесененің, Түркістанның және арғы-бергі билеушілерінің тарихы

туралы мол мағлұматтар келтіре отырып баяндалады. Одан кейін кесененің сирек кездесетін сәулеттік ескерткіш ретіндегі ерекшеліктері, әр түрлі өлшемдері, ішкі түрлендірілуі мен қымбат мүліктері егжей-тегжейлі суреттеледі. Кесене түбіне жерленген тарихи адамдардың аты-жөндері аталады. Осының барлығында бір барып қайтқан автордың ақпараттық мағлұматтарды жинастырып, іріктеп алу шеберлігі, туған ел тарихынан мол хабардарлығы және соларды оқырман қауымға жүйелеп, жеткізе білу қабілеті айқын танылады.

Мақала соңында кесене маңына үймелеген кейбір кездейсоқ адамдардың пендешілік қылығынан қайталанбас қымбат қорымның күтімсіздікке ұшырап, жүдеп тұрғанын автор қынжылып жазады.

Қазіргі тәуелсіздік жағдайында мемлекет қамқорлығына алынған бұл қасиетті мекеннің қадірі артып, әсіресе Түркістаннын 1500 жылдық мерейтойы тұсында ардақтала түскен шарапатына бұдан 90 жыл бұрын қалың елге жария етіп сүйсіне жазған ақынның лебізі үндесіп тұрғандай сезіледі.

«Земство не нәрсе?» – осы тақырыппен жарияланған мақалалар сериясына байланысты түсініктемелерді алғы сөздегі шолудан қараңыз.

«Орынбор, май 24» – Торғай облысындағы сот ісінің ұйымдастырылуы жайында мақала. Мәселе коронный сот пен присяжный заседательдер сотының мәнісі туралы. Коронный сот деген үкімет тарапынан тағайындалатын судьялардың соты екен де, ал присяжный заседательдердің соты деген халықтың өз ішінен сайланатын, ант берген немесе анттасқан (*присяжный – присяга – ант – деген сөзден шыққан*) қосшы билердің соты екен. Айырмасы: коронный соттың судьясы – заң қызметкері. Ол үкім шығарғанда заңға сүйенеді. Ал анттасқан яғни ант берген қосшы би істің ақ-қарасын өзінің ұжданына, яғни әділдік жөніндегі өз түсінігіне салып, соған жүгініп барып, өзінің берген антына адалдығын сақтай отырып, үкім айтуға тиіс. Оның заңды білуі шарт емес, бірақ айтқан үкімі – судья үшін заң. Бұл жердегі шешуші нәрсе – анттасқан қосшы бидің таза жүрегі, соның ар-ұяты мен иманы, оның әділетке адалдығы.

Сондықтан демократияшыл мемлекеттерде анттасқан қосшы билердің соты жоғары бағаланады. Халық та оны көбірек қалайды. Демек, қазақ жерлерінде ондай соттардың енгізілуі жақсылықтың нышаны болмақ.

Бірақ бұл жерде бір кілтипан бар. Ауыл қазағы мен деревня мұжығының арасы ит пен мысық сияқты. Мұжықтар бір малы жоғалса немесе өлсе, соны маңайдағы қазақтан көреді, оған өз білдігімен зорлық қылады, тіпті өлтіріп те жіберуі мүмкін. Ақ-қарасын тексеріп жатпайды, ұйымдасып келіп, ауыл қазақтарына білгендерін істейді. Оның біраз мысалдары жоғарыда келтірілген.

Сондықтан ондай мұжықтар қосшы би болып сайланса, неше жерден ант берсе де, істі болған қазаққа әділ үкім айтпайды. Ал қазақтардан қосшы би сайланбайды.

Мақалада осындай себептерден Торғай облысының Торғай, Ырғыз сияқты таза қазақ үйездерінде мұндай әділ соттың ауылы алыстап тұрғаны айтылады.

«Кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу» – бұл мақалада да қазақ жұртына тиімді мәселе көтеріледі. Әңгіме ел болып қауымдасып, ортақ іс жүргізіп, бірлесіп тірлік ету туралы. Мақала авторының сөзімен айтқанда, қазақта мал бағудан басқа кәсіп жоқ, ал оның өзі де ойдағыдай емес. Бұрын мал көп, жер еркін заманда қосымша кәсіптің жоқтығы білінбейтін. Қазір заман өзгерді. Жалғыз малдың өнімімен қазақ күн көре алмайтын болды. Өйткені қаланың саудагерлері қазақтың базарға апарған өнімін түкке тұрғысыз арзанға алады да, өздерінің сапасыз бұйымын өте қымбатқа сатады. Тіпті қыр қазағынан алған шикізаттың өзін өңдеп, бірнеше есе қымбат бағамен өзіне қайыра сатады. Олардың қол өнер өнімдері де сондай.

Осыдан құтылудың бір оңай жолы бірігіп серіктік құрып, банкіден қысқа мерзімді ұсақ қарыз алу екен. Егер соны үлгіртіп, адал ниетті іскер адамдар басқарса, жаңағы саудагерлерге кететін пайданы жолын тауып серіктіктің өзінде қалдыруға болады. Сөйте-сөйте қазақ та кәсіпкерлікке үйренеді екен. Мақалада осының ел адамдарына тиімді жолдары насихатталады. Мұның өзі қазіргі нарық заманында біздің ауылдағы бауырларымызға да қажетті шаруа екен деген ой келеді.

«Австрия – Сербия арасы» – Австрия билеушісінің мұрагері бекзада Франц Фердинандты Сербия азаматының өлтіруіне байланысты өрбіп келе жатқан халықаралық жанжал туралы хабар-мақала. Бұл дүниежүзілік бірінші соғыстың қарсаңындағы үлкен жанжалды оқиға болғаны тарихтан белгілі. Европадағы басты елдердің арасындағы қайшылық өбден шиеленісіп, сондай үлкен соғысқа айналғалы тұрғанда, Сарай қаласында атылған оқ сол қырғын соғыстың бұрқ ете түсуіне түрткі болды деген өңгіме де баршаға аян болатын. Мақала сол оқиға туралы, Австрия үкіметінің Сербияға жасап жатқан қысымы жайында хабарлайды.

Бұл жанжалдың аяғы ушығып, дүниежүзілік соғыс басталып кеткенде, оған Ресей патшалығының да тартылғаны тағы мәлім. Осыдан біраз уақыт кейін газетте жарияланған «Сыртқы іс министрінің сөйлегені» атты хабарда патша министрінің Мемлекеттік думада сөйлеген сөзі берілген. Онда қазірдің өзінде жарты жылға аяқ басқан соғыс қимылдарының барысы, соған қатысушы елдердің саясаты, Ресей үкіметінің бұл оқиғаларға байланысты қолданып отырған шаралары туралы сыртқы істер министрінің көтеріңкі әуенде жасалған баяндамасының мазмұны баяндалған.

Бұл басылымдардан газеттің ел ішінде және дүниеде болып жатқан оқиғалар жайынан өз оқырмандарын хабардар етіп отырғаны байқалады.

«Исмағұлбек Гаспринский» – қазанама үлгісіндегі бұл мақала Қырым түріктерінің көрнекті қайраткері, есімі мен қызметі бүкіл Ресей мұсылмандарына кеңінен мәшһүр болған Исмағұлбек Гаспринскийдің қайтыс болуына орайластырып жазылған. Онда марқұмның өмірі мен қызметі жайында егжей-тегжейлі мағлұмат берілген.

«Манап» драмасы – бұл «Айқап» журналында орысшадан қазақ тіліне аударып басылып жатқан «Манап» драмасына жазылған сын. Мақалада Алматы үйезінің бастығы Лиханов жазған пьесаның мазмұны қазақ халқының өміріне жат, оған жабылған жала екені, ал тәржіманың тілі әдеби нұсқадан аулақ жатқан шикі дүние екені сыналады.

Біздің ойымызша, сол кездерде «Қазақ» пен «Айқаптың» арасында байқалған келіспеушілік пен әр түрлі кикілжіңге бұл рецензияның қатысы жоқ сияқты. Сондықтан, екі басылымның арасындағы дүрдараздыққа төрелік айту бұл жерде ынғайсыз көрінгенімен, дәл осы шығарманың атына айтылған газет сынының орынды екенін көрсете кеткен жөн-ау деп ойлаймыз. Оған осы рецензияда келтірілген үзінділердің өзі-ақ жеткілікті дәлел бола алады.

***«ОВ»* туралы** – Ыдырыс Оразалыұлының қазақ фамилияларына «ов», «ев», «ин», «ова» сияқты орыс ныспыларының жалғауы жалғанып жүргеніне қарсы пікір айтқан хаты. Осыған орай «М. Д.» деп қол қойып «ұлы» ма, «ов» па деген тақырыппен газетте жарияланған жауап мақалада автор бұл хатта айтылған пікірді қолдап, фамилия орнына қолданғанда әкесінің атына «ұлыны» қосуды, одан өзге реттерде адамның өз атын ғана айтуды ұсынған.

Ал осының алдында «Міржақып Дулатұлы» деп толық қол қойып, Басқарма атынан білдірілген уәжде Ыдырыс мырзаның пікірін қолдай отырып, бұл мәселеде туып жүрген ынғайсыздықтар жайында да айтылған. Мәселен, фамилия орнына әкесін алмай, ата-бабасының біреуін алғанда, оған «ұлы» жалғауын қосқан жағдайда дұрыс болмай шығады. Ал егер сол фамилияның «овын» алып тастап, екі адам атын қатар жазғанда, кейде бірі ілгері, бірі кейін келіп, қайсысы фамилия, қайсысы өз аты екені айырылмай, шатасып кетуі мүмкін деген күмән білдіріледі.

Осы мәселе газет арқылы жұртшылықтың талқысына ұсынылады. Арада ғасырға жақын уақыт-өткеннен кейінгі қазіргі күнде де жағдай дәл сол күйінде қалғанына таңданбасқа болмайтын сияқты.

«Қазақ әдебиет кеші» – Семейден алынған хабар. Сондағы сауда клубында арнайы ауруханадағы жаралы адамдарға (*бәлкім жауынгерлерге – Ж. Ы.*) және қазақтың мұқтаж оқушыларына

жәрдем ретінде ізгі мақсатпен ұйымдастырылған қазақтың әдебиет-өнер кешінен көркем тілмен жазылған репортаж үлгісіндегі материал.

Сол кездің дәстүріне жаңада ғана енгізіліп келе жатқан тағылымды шара болғандықтан, сондағы көрініс, кештің бағдарламасын барлық сән-салтанатымен толық баяндап, оқырманды бейне бір сол залда отырған көрермендей әсер қалдыратын етіп жазылған өте тартымды мақала.

Ол кешті ұйымдастырушылар мен жүргізушілер, орындаушылар, көпшілігі оқырман қауымға өздері немесе аттары таныс, тарихи тұлғалар, атақты өнерпаздар, дарынды ақын-жазушылар. Автордың осы кешті тілінің майын тамыза жазуындағы көздеген мақсаты осы сияқты игілікті істі насихаттап, оның басқа жерлерге де кеңінен тарауына мұрындық болу керек екендігі көрінеді.

Кештің режиссерлік қойылымы, оның дәстүрлі қазақ тұрмысын бейнелеп, өмірдің жаңа нышандарымен байытылуы, бағдарламаның көрермен көрі-жасқа, еркек-әйелге бірдей ұнауы – міне, осының барлығы халықтың қалың ортасында қайнап жатқан өнер көздерін ашудың жаңа бір жемісті жолын аңғартқандай. Газет те, автор да осы игілікті бастаманы жақсы іліп ала білген.

«Белқұда» – ел арасындағы би-болыстардың, жуан ата атқамінерлердің момын халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары туралы, олардың өзара сыбайласқан тамыр-таныстық, құдаандалық мәмілелері туралы ажуа, сықақ түрінде жазылған қысқа хабар. Ерекше назар аударатын бір жәйт – солардың ішінде Аманкелді аты аталады. Бұл – кәдімгі халық батыры, он алтыншы жылғы патшалыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Аманкелді Иманов.

Жасында байдың жалғалығында жүріп, қорлық-зорлықты көп көрген намысқой, қайсар мінезді, ержүрек жігіт әділетсіздік атаулыға белсеніп қарсы шыққандықтан, жуандар тобы оған «қанды балақ ұры, патшаға қарсы адам» деп, үстінен неше түрлі жала жауып, талай рет сотты қылғаны, қуғынға салғаны оның өмірбаянынан белгілі. Автор мақаласындағы жаман атақтар сондай бопсалаудың салдарынан ел аузына тарап кеткен өсек-өтіріктің көрінісі болса керек.

Ел басына күн туған екі талай кезенде атқа мініп, қол бастаған хас батырдың шын бейнесі де, балалық, жастық шақтағы бастан кешкендері де оның өмір жолын егжей-тегжейлі зерттеу нәтижесінде жазылған Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің «Батыр большевик Аманкелді» атты ғұмырнамалық очеркінде және басқа деректі шығармалар мен ғылыми еңбектерде жеткілікті баяндалған. Сондықтан мына хабардағы келтірілген ынғайсыз сөздер батырдың нақты бейнесіне байланысты оқырмандар көңіліне ешқандай көленке түсірмес деп ойлаймыз.

«Григорий Николаевич Потанин» – белгілі шығыстанушы ғалым, Шоқанның досы Г.Н.Потаниннің 80 жылдығына байланысты «Қазақ» газетіне арнап жазылған мақала. Потанин Шоқаннан кейін де қазақтың көптеген зиялы адамдарымен достық қарым-қатынаста болып, халқымыздың өткендегі рухани қазыналарын зерттеу ісіне зор үлес қосқаны белгілі. Оның аталған мүшел тойына арнап А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы өлең де жазған (*қараңыз: Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. 1989. 44-бет; Міржақып Дулатов. Шығармалары, 1991. 103-бет. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. 2002. 157-бет*).

«Әбубәкір Ахмеджанұғлы Диваев» – әдеби мұраларды жинау және зерттеу жөніндегі қызметінің 25 жылдығына арнап жазылған мақала. Қазақ халқының рухани қазынасын жинастырып, зерттеу және оларды бастыру жөніндегі орасан зор еңбектерін атап көрсете келіп, мақала авторы зерттеушінің жинастырған, бастырған еңбектерін төрт топқа бөліп (*«Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар»* және *«Қазақ шаруасы һәм қазақ тіршілігі туралы мақалалар»*), солардың тізімін берген.

«Қазаққа ашық хат» – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы үшеуі қол қойып жариялаған бұл хатта ұзаққа созылған соғыстың зардабынан ел ішінде еттің тапшылығы пайда болып отырғаны, соған байланысты жаппай мал санағы басталатыны айтылады. Үкіметтің қыруар қаржы шығарып, мұндай шараға барып отырғаны тегін емес екенін ескерте келіп, хат авторлары қолда бар малды жасырмай, анық мәлімет беруге шақырады. Әйтпеген жағдайда әр түрлі құйтырқы шараға бейім тұратын үкіметтің малы жоқ елге жердің керегі не деген сияқты бір қолайсыз жағдайға ұшыратуы мүмкін екенін де еске салады.

«Надандық құрбаны» – Көлбай Тоғысовтың осы аттас драмалық шығармасы туралы жазылған сын мақала. Театр өнері және соның әдеби негізі болып табылатын драматургия жанры сол кездегі оқырман халыққа таныс болмағандықтан, автор әуелі жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық жазба әдебиеттің жалпы жайынан хабардар етіп алады.

Танымдық мәні зор осындай шағын кіріспеден кейін жаңа туындының, өкінішке қарай, шикі болып шыққанын, көркемдік дәрежесі төмен, оқиғасы шындықтан алыс жатқанын көрсетеді. Автор шығарманың кемшіліктерін айтып қана қоймайды, өз білігін танытып, жақсы шығарманың қандай болатынынан оқырман қауымға едәуір мағлұмат береді.

«Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айтпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанынды көріп тұрғандай боласың». Бұл сөздер өмір шындығын көркемдік жолмен бере білудегі, адам характерін ашудағы автор мағлұматының қандайлық жоғары дәрежеде екендігін де танытқандай.

«Алаштың азаматына!» – қазақ жастарын майданның тылдағы қара жұмысына шақыру туралы патшаның маусым жарлығы жария болғаннан кейін Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатұлы үшеуінің газет арқылы халыққа арнаған сөзі. Бұл туралы алғы сөзде айтылған. Соны тағы да пысықтап, қосымша ретінде еске салатын жәйт: хат авторлары осы жарлыққа көнген күндегі қиыншылықтардың қасында қарсы болған күндегі зардабының әлдеқайда ауыр болатынын сол алғашқы кезеңнің өзіндегі нақты фактілермен дәлелдеп айтқаны халыққа шын жандары ашыған ардагер азаматтардың ел тағдырын ойлаған терең тебіренісінен туғандығына айғақ еді.

Осы үндеуден кейін «Қазақта» жарияланған **«Біздің ел»**, **«Орынбор»**, **«Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына»**, т. б. материалдар олар айтқан пікірдің бірден-бір дұрыс жол екенін дәлелдей түседі.

«Николайға шағым хат» атты фельетон автордың бұл жанрға да өте бейімді екенін танытады. Патша тағының құлағанынан бергі санаулы уақытта ел ішінде қандай өрлеу болып жатқанын жазушы патшаға арналған кері мағынасындағы кекесін сөздермен шебер жеткізген.

«Тарихи жыл» – мақалада автор қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған 1916 жылды қорытындылай келіп, соған баға берген. Өткен тарихтың тағылымдарымен салыстыра отырып, бұл жылдың ауыртпалығы бәрінен ерекше болғаны айтылады. Содан тиісінше сабақ алу қажеттігі еске салынады.

Халықтың басына сондай апатты қасірет орнап жатқанда, оны өз «жақсыларымыздың» қоса тонағанын, туған еліне опасыздық жасағанын егіліп еске ала келіп, автор алдағы уақытта мұндай күйге ұшырамаудың жолын қарастыру қажет екенін айтады. Автор ойының түйіні ол үшін ең алдымен надандықтан құтылып, жастарды оқыту керек деген пікірге саяды.

«Алаш ұлына» – Әлихан, Мұстафа, Міржақып үшеуі қол қойған бұл мақала Ә. Бөкейханов пен М. Дулатұлының ақпан төңкерісі күндерінде Петроградта болып, елге қайтқаннан кейін, «Қазақ» газетінде патша өкіметінің құлауы туралы алғашқы жазғандары болу керек. Мақаланың басталуындағы шаттыққа толы көтеріңкі сөздер осыны аңғартады. Алғы сөзде айтылғандай, Алаш зиялыларының жылдар бойы арман еткен мақсаттарының жүзеге асқан алғашқы қуанышы осы еді. Сондықтан олардың патшаны тақтан құлатқан тегеурінді күшке ризалық білдіріп, халыққа бостандық жариялаған жаңа үкіметті қолдау жөніндегі ойлары заңды еді.

Одан кейінгі маңызды мәселе – майданның қара жұмысына алынған жігіттерге көмектесу. Олардың азаматтық борыштарын соғыстың аяғына дейін абыроймен атқарып шығуы.

Ал, енді жаңа тарихи жағдайдағы елдің болашағы туралы мәселені алдағы Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік дума аясында әділ шешуге осы бастан өзірленейік деген пікір де сол кездің нақты жағдайына байланысты дұрыс қорытынды еді деген пікір өзінен-өзі туындайтын секілді.

«Қазақ съезі» – Ақпан төңкерісінен кейінгі қазақ жұрт-шылығының ортақ пікірін білдіретін тұңғыш жалпықазақтық I съездің қорытындысы туралы хабар, яғни қысқаша есепті мақала. Бұл тарихи оқиғаның мән-мағынасын, шақырылу кезіндегі нақты жағдайды түсіндіру үшін оның алдындағы облыстық съездер туралы қысқаша хабар берілген.

Мақалада ең алдымен жалпықазақтық съезді шақыру кезіндегі нақты жағдайда болған өзгерістер айтылады. Ұйымдастыру бюросының алғашқы ұйғарымы бойынша үлкен съезд облыстық съездер түгел өткізіліп болғаннан кейін сол 1917 жылдың 1 тамызында шақырылуға тиісті болатын. Дайындық жұмыстары сол жоба бойынша жүргізіліп жатқанда, Петроградтан шұғыл жеделхат келіп, Құрылтай жиналысының 17 сентябрьде ашылатыны хабарланған. Ал оған қазақтан баратын өкілдердің тізімін кемінде бір ай бұрын жеткізу керек. Осыған байланысты қазақ съезінің мерзімін өзгертіп, белгіленген күннен бұрынырақ шақыруға тура келді. Ал өлкедегі жердің шалғайлығы, қатынас-байланыстың қиындығы себепті, бұрынғы есеп бойынша әр үйезден екі өкіл келіп үлгіре алмайтын болғандықтан, әр облыстық комитеттің екі мүшесін шақырып, съезді шағындалған құрамда тезірек өткізуге тура келді. Соған қарамастан съезде алдын ала белгіленген мәселелер егжей-тегжейлі түгел талқыланып, тиісті қарарлар қабылданған.

Үлкен съездің құжаттары да кезінде газетте толық жарияланған. Сондықтан автордың бұл мақалада халық назарын шоғырландырып отырған мәселесі біреу ғана. Ол – алдағы болатын Құрылтай жиналысына жіберілетін депутаттардың съезде ұйғарылған тізімін бірауыздан қолдап, түгелімен сайлап жіберу. Бұл жөнінде жергілікті жерлерде ешқандай алауыздыққа жол бермеу, дау туғызбау. Бұл – қазақ халқының атынан баратын кандидаттардың толық өкілдігі бар депутат ретінде түгелдей өтуі үшін талап етілетін бірінші шарт.

Автордың мақала соңында: «Күні кеше Г. Думада бір депутатың жоқ заманда қайғың Қаптың тауындай еді, қазақ, енді 25–30 депутатың болғалы отыр. Шүкірлік қыл, ұмытшақ болма!» – деп шегелеуінде осындай мән бар.

«Шораи ислам» – Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұлы бастаған 8 адамның атынан жазылған бұл мақалада Мәскеуде өткен жалпы мұсылман съезінің қорытындысы туралы сөз болады.

Онда Ресейдегі бүкіл мұсылман істерін басқаратын жоғарғы билік орны – «Шораи исламның» сайлануын мақұлдай отырып, съездің өкілеттілігіне және онда жаңағы жоғарғы билік орнының сайлану заңдылығы жөнінде мақала авторлары екі түрлі наразылық білдіреді.

Біріншi, Ресейдегі жалпы мұсылмандар ішінде қазақ халқы сан жағынан төрттің бірі бола тұрып, одан съезге шақырылған өкілдер тым аз болған. Съезге қатынасқан 800–900 өкілдің кемінде 200-і қазақтан болуы керек еді, нақты қатынасқаны 20–30-дан артпаған. Екінші, содан съезге барған өкілдер тек съездің өз мәселелерін ғана шешуге өкілетті болатын, ал «Шораи исламға» қазақтан кімдердің мүше болу мәселесі қазақ мұсылмандарының жергілікті жиынында шешілуі керек еді. Олай болмаған, съезге барған өкілдер ішінен өздері біліп сайлай салған.

Сондықтан мақалада олардың халық атынан сайланған өкілдер деп танылмайтыны айтылады.

«Сана кайда?» – Мақалада қазақ халқының қолына тиген бостандықты баянды етуі үшін саналы түрде істер істеу қажеттігі айтылады. Көп жерлерде баяғы ескі әдеттерден әлі арылмағанына өкініш білдіріледі. Мәселен, комитет сайлауы кезінде бұрынғы болыс сайлауы тұсындағыдай жікке бөлініп, халық мүддесі естен шығарыланы сынға алынады.

Мақала авторы елдің ақсақалдарына, ел билігінде жүрген жақсыларға мынадай сөз арнайды: «Талас-тартысты қойыңдар! Алда тұрған зор істерге қамданыңдар! Ынтымаққа қайтыңдар! Жұртты ойландар!»

Алдағы зор істер деп отырғаны – Құрылтай жиналысының сайлауы мен енгізілгелі тұрған Земство.

Осы жұмыстарды санамен атқарайық. Бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандықтан айырылып қалмайық. – Мақала иесінің халыққа тастаған ұрандары осындай.

«Қазақ съезі» – Бұл Ақпан төңкерісінен кейін Алаш қайраткерлері өлкедегі билікті қолға алып, тарихта уақытша үкімет аталған орталықтағы өкімет билігінің саясаты рухында жаңаша өмір құрудың алғашқы қадамдары ретінде жалпықазақтық съезд өткізілгені, оның алдында облыстарда қазақ халқының өкілдері бас қосқан аймақтық съездер өткізілгені мәлім. Олар жайындағы тиісті материалдар осы томда да берілгендіктен, оқырмандар біледі.

Мына мақалада сол облыстық съездердің ең біріншісі – Орынборда өткізілген Торғай облысы қазақтарының съезінен толық есеп берілген. Бұл кейінгі өзге облыстардағы осындай бастарға ортақ мәселелерді талқылағандықтан, солар бойынша түбегейлі қосуларға ортақ шешімдер қабылдаған белестің есеп жарияланған екен. Ал жайында газетте бұдан бұрын толық

мына хабарда сол съезде қаралған мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің қысқаша мазмұны беріліпті. Соған сәйкес біз де бұл оқиға жайында толығырақ түсінік беруді жөн көреміз.

Бұл орайда айтылатын алғашқы әсер – отарлық бұғауынан азат болған халықтың болашақтағы қалыпты өмірін қамтамасыз етерліктей басқару орындарының сындарлы жүйесін шынайы бұқарашылдық негізде түбегейлі ойластырып жасауға талап қылғандығы. Сондай билік орындарының ең төменгі буыны – ауыл комитеттерінен бастап, арадағы болыстық, үйездік, облыстық сатыларды қоса, өлкенің әзірге ең жоғарғы өкімет билігі саналатын жалпықазақтық съезге дейін барлық деңгейдегі басқару орындарын сайлау, олардың жұмысын ұйымдастыру жолдары халықтың өз тілегін ескере отырып және түгелдей соның негізінде жүзеге асырылатындай етіп ойластырылған.

Бұл – өлкедегі болашақ өкімет билігін ұйымдастырудың жобаланған нұсқалары. Ал оның ар жағындағы өмірдің басқа да өзекті мәселелері съездің күн тәртібінде қарастырылып, түйіні тиісті шешімдерде тұжырымдалған. Олардың барлығы да түгелдей дерлік кешегі патшалық тұсында бірыңғай зорлыққа негізделіп заңға айналдырылған да, халықтың тілегіне сай шешімін таппай келген мәселелер. Атап айтқанда, дін, сот, ағарту, жер, земство, баспасөз және басқа мәселелер.

Солардың ішінде әсіресе жер мәселесін халықтың көкейіндегі арман-тілегіне сай шешудің өте түбегейлі және ең оңтайлы жолдарының қарастырылғандығы. Егер сол шаралардың барлығы сол кезде дереу жүзеге асырылған болса, қазақтың жер мәселесі күні осы уақытқа дейін ешбір дау-дамайсыз әділдікпен шешілген болар еді-ау деген ойға жетелейді.

Сондай-ақ облыста земстволы енгізу, сот әділдігін қалпына келтіру үшін анттасқан қосшы билерге үкімділік хұқық беру мәселелерінің де өмірлік зор мәні бар еді. Жүргізіліп жатқан соғысқа байланысты, елдің қолы енді ғана жеткен бостандықты нығайту үшін жеңіс қажет, ол үшін орталық үкіметке жәрдем ету деген шешім де халықтың болашағын ойлаудан туған көзқарас болып көрінеді.

Осы және басқа мәселелер жөніндегі қаулы-қарарлардан туатын жалпы әсер мынадай: сол кезде ел билігін қолға ала бастаған зиялы азаматтар болашақта елдің қалыпты еркін өмірін қамтамасыз етуге қабілетті, ол үшін халықтың арман-тілегі мен ерік-жігеріне сүйене алатын және соны білдіре алатын адамдар болған. Оны әсіресе күні кешегі ұлт-азаттық қозғалыс кезінде Торғай жерінде болған қантөгіс қырғынды тексеру үшін арнайы комиссия құру жөніндегі және ең бастысы, қазақ халқының тарихи болашағына байланысты: «Ресей мемлекеті демократиялық, парламентті, орталықтанбаған республика болсын» деген шешімдер айқын дәлелдей алады.

Әттең, не керек, үлкен өкінішке қарай, тарих дөңгелегінің таяу болашақтағы айналысы кенет өзгеріп кетті де, бұл шешімдер жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалып қойды. Жай қалып та қойған жоқ, болашақ оқиғалардың барысында Алаш көсемдеріне үлкен жала болып жабысты. Ол бізге тарихтан мәлім.

«Қазақ баспаханасы» – Міржақып Дулатұлының өз жұмысына жан-тәнімен берілген іскер қызмет адамы, қаламы төселген тәжірибелі журналист және қазақ мүддесі үшін бүкіл өмірін сарп етіп келе жатқан халықтың қайраткер перзенті екенін тағы да дәлелдей түсетін мақала.

Мұнда «Азамат» серіктігінің қаржысына жаңа баспахана сатып алынғаны, сөйтіп, халықтың рухани қажеті үшін газетті жүйелі түрде жиілетіп шығаруға және соның үстіне кітап бастыруға да қосымша мүмкіндіктер туғаны оқырмандарға қуанышпен хабар етілген.

Бірақ сонымен бірге ел ішінде «Қазақ» газетінің ағартушылық, бұқарашылдық бағытын хош көрмей, оны шығарушы А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейханов үшеуінің үстінен неше түрлі ғайбат сөздер айтып, жала жауып, домалақ арыздар түсіріп жататын арам ниеттілер де аз емес екені үлкен ренішпен айтылады.

«Қазақ» бұрын да халық газеті еді, бізге аманат еді. Біз кешегі тар заманда да халықтың аманатын ауырсынып, бейнетінен қашып, жолда қалдырғанымыз жоқ...» – деген сөздер газет басында тұрған ағаларымыздың өз ісіне адалдығына айқын куә болғандай.

Автор осы ойларын бұдан кейінірек басылған «Біздің істер» атты мақалада да пысықтап, жаңа фактілермен толықтырып айтады.

«Учредительное собрание» – мақалада Құрылтай жиналысының үш ай кейінге қалдырылғаны, мұның өзі қазақтан депутаттарды дұрыстап сайлап алып, орталыққа жеткізу үшін пайдалы да болғаны айтылады.

Мақала авторының одан кейін нығарлап айтатыны – сол мәртебелі жиынға баратын өкілдерді неғұрлым мұқият іріктеп алып, шын мәнінде халықтың тілегін жеткізе алатын, оның мүддесін қорғай алатын адамдардың баруы қажет екендігі.

Автордың айтуынша, онда баратын адам ақ жүрек, таза болсын. Халық үшін ерінбей қызмет ететін, екіталай жерде жанын қиярлық ер жүректі болсын. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін, саясатқа жетік, білімді, шешен, көсем, халықтың тұрмыс-салтына жетік адам болсын. Сондықтан жұртшылық осындай адамдарды таңдап, іріктеп жіберетін болсын. Қай елден, қай рудан болса да, барған адам жалпы қазақтың өкілімін деп баратын болсын.

«Сайлау жақындады» – ілгергі мақаланың жалғасы ретінде, мұнда облыстардан келген депутаттар тізіміне бірауыздан дауыс беру (*тас салу*) қажеттігі айтылады.

«Орынбор, 21 октябрь» – осы томның бас жағында М.Дулатұлының «Земство не нәрсе?» деген сериялы мақаласы басылғаны белгілі. Онда көтерілген мәселенің мән-жайы томның алғы сөзінде де айтылған. Мына мақалада ақыры сол земстволық қазақ облыстарында ашылатын болғаны, Торғай облысында соның ұйымдастыру жиналысы өтіп жатқаны хабарланады.

Бұл оқиға патшалық құлағаннан кейінгі алғашқы жақсылықтардың бірі болғандықтан, тиісінше қуаныш білдірген Міржақып енді земстволық жұмысын қалай ұйымдастырып, оны ел игілігіне қалай пайдаланудың жолдарын түсіндіреді. Әрілеп келгенде, мұның өзі тәуелсіздікке бастайтын жолдың жауапты бір асуы екенін де ашып айтады.

«Алаш ұранды қазаққа!» – мұнда 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін, патша үкіметінің жазалау шараларынан бой тасалап, Қытай жеріне өтіп кеткен Жетісу облысының халқы – туысқан қазақ-қырғыз бауырларға көмек көрсету жайы сөз болады. Бұл мәселені кезінде «Қазақ» газетінде, одан кейін де М. Дулатұлы талай рет көтеріп, Алаш ұранды қазаққа үндеу жариялаған.

Бұл мақалада аштық-жалаңаштыққа ұшыраған босқын елге болыстық жасауға шын жанашырлықпен мазасыздық білдірген қамқор азамат үні тағы де естіледі.

«Мемлекет халі» – сонымен Октябрь төңкерісі жүзеге асырылды. Петроградта қарулы көтеріліс жасалып, большевиктер өкімет басына келеді. Уақытша үкімет құрамының біразы тұтқынға алынды, біразы қашып кетті. Жұмысшылар мен шаруалардың өкімет билігі жария етілді.

Бұл хабар жергілікті жерлерге неше түрлі «дейді сөз» араластырылып, бұрмаланып жетті. Большевиктер халықты қырып-жойып жатыр, оларды бастаған көсемдері шет елдің сатқындары, сондықтан олар билік басында ұзақ тұра алмайды деген қауесет сөздер естілді.

Осы хабарларды өлкедегі билікті қолға ала бастаған Алаш басшылары қалай қабылдады? Әрине, патшаның отаршылдық саясаты тұсында қорлық-зорлықты көп көріп, бұратана атанған қорғансыз халықтың жәбір-жапасын көп шеккен олар бостандық жариялап, баршаға кеңшілік әкелген уақытша үкіметтің саясатын барынша қолдап, қуана қарсы алған. Соның аясында елдің өзін-өзі билеуі бағытында белсене жұмыс істеп, алдағы істің игілікті шараларын ойластырып жатқан. Сондықтан мынадай шұғыл өзгерісті олар бірден қабылдай алмады.

Бірақ мақала авторының аузымен айтылған олардың ақылға қонымды ұйғарымы: не болса да әліптің артын күтейік. Бірақ қарап отырмай, жаңа үкімет жариялаған жақсылықтарды жалғастырып, земстволы кіргізе берейік, Құрылтай жиналысына дайындалайық, соның қорытындысын естиік. Оған дейін сабыр сақтап, айналадағы халықтармен тату қарым-қатынасты сақтайық дегенге саяды.

«Несиеге қаратпайық» – деген мақала да осы ойдың жалғасы ретінде оқу-оқытудың жайын жақсарту шараларын ойластырып, алда болатын жалпы қазақ съезіне әзірлену мәселесі қозғалады.

«Алашқа» – бұдан бұрын «Алаш ұранды қазаққа!» деген тақырыппен «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаға жалғастыра, Семейдегі «Алаш» журналының 1918 жылғы 3-санында жарияланған бұл арнау мақалада алғашқы хабардағы босқын болып, аштық-жалаңаштыққа ұшыраған Жетісу облысындағы қазақ-қырғыз ағайындарға қоса, енді Сыр бойындағы туыстарымыздың да қуаншылық салдарынан қатты ашаршылыққа ұшырап жатқан хабары жеткізіледі.

Соларға көмектесу үшін Семейдегі Қазақ комитеті мен жастардың «Жанар» ұйымы қауымдасып, бес адамнан комитет құрылғаны айтылады. Қауымның тарағасы болып Ә.Бөкейханов сайланғаны, ал комитет құрамында М. Дулатұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлер бар екені айтылады.

Мақала авторы бүкіл Алашқа ұран салып, осы іске жұмыла қолқабыс тигізуге шақырады. «Саналы Алаш!», «Мейірімді Алаш!», «Намыстан, Алаш!», «Жігерлен, Алаш!», «Тас бауыр болма, Алаш!» деген жалынды ұрандар халықты селт еткізіп, сілкіндірудің қамы еді.

«Жалпы қазақ-қырғыз съезі» – бұл 1917 жылы 5–13 декабрь аралығында болып өткен екінші жалпықазақ съезі туралы қысқаша хабар. Онда съезде қаралған екі үлкен мәселе жайында айтылады. Бірінші – қалыптасып отырған тарихи жағдайға байланысты қазақ халқының автономиясын құру туралы; екіншісі – елдің қауіпсіздігін қорғайтын милиция жасақтау туралы.

Тоғыз күнге созылған келелі кеңес нәтижесінде съезд Автономия құру туралы мәмілеге келген. Оны қашан жариялау туралы да пікір таласы болып, ақырында жағдайды анықтап алып, ел ішін мекендеген басқа халықтармен, негізінде орыстармен келісіп алып, милиция жасақтап болғаннан кейін жарияласын, – деген ұйғарымға келеді.

Екінші мәселе бойынша 15 мың адамнан милиция құруға шешім қабылданған.

Сонымен, бұл тарихи съезде ұзақ жылдар бойғы отаршылықтан кейін тұңғыш ұлт мемлекетінің негізі қаланды. Оның уақытша үкіметі «Алаш ордасы» деп аталды. Төрағалығына Әлихан Бөкейханов сайланды. Уақытша астанасы Семейде орналасатын болды.

Алаш үкіметі бір айдың ішінде Түркістан автономиясы құрамындағы қазақтармен сөйлесіп, Алашқа қосылу жөнінде ұсыныс енгізбек болды. Бірінші мәселенің қорытындысы мақалада былай түйінделеді:

«Автономия мәселесі қаралғанда, бүкіл Алаш баласы өлсек бір шұқырда, тірі болсақ – бір төбеде болалық, бөлік-бөлік жарылмалық деп съез бір ауыздан қаулы қылды. Сөйтіп, Алаш ордасы құрылды. Алаш туы көтерілді. Алаш ұраны шақырылды. Ұранға, намысқа қызбайтын Алаш баласы болмас, Түркістан қазағы да, иншаллаһ, алтын бесік, ақ ордаға келіп кірер деген үміттеміз».

«Сарыарқа» газетінде жарияланған бұл мақала «Жасасын Алаш!, Құтты болсын Алаш автономиясы!» деген ұрандармен аяқталған.

«Құрметті оқушылар!» – Бұл Октябрь төңкерісі жүзеге асып, большевиктердің ықпалы Орынбор өлкесіне де жеткен кезде жабылып қалған «Қазақ» газетінің жағдай біршама өзгергеннен кейін, қайтадан шыға бастағанда өз оқушыларына арналған сөз.

Мақалада өткен бір жыл ішінде болған қиян-кескі оқиғаларға автордың өз тұрғысынан баға беріліп, шолу жасалғаннан кейін, Алашорданың қайтадан іске кіріскені хабарланады.

Алашорданың көркеюі, Алаш автономиясының тез жарыққа шығуы, дейді автор, екі нәрсеге байлаулы: миллиция һәм қазына. Біздің жұрт қатарына қосылып қалатын күніміз осы. Біздің жұрттықтан құралақан қалатын күніміз де осы. Алаш билігі Алашта болсын дейтіндер малды-жанды автономия жолына салу керек.

«Ұлт матбұғаты» – мақалада ұлттық баспасөзіміздің жылдан-жылға өріс алып, желі тартып келе жатқаны айтылады. Бұдан он жыл бұрын газет деген сөзді құлағымыз естімеген жұрт едік, енді газетте не хабар бар екен деп, ел құлағы еленделе тұратын болды. Сондықтан бұл игілікті істі ілгері қарай өркендете беру керек.

Осы пікірден кейін автор бұл саладағы нақты міндеттерді атайды, бүкіл қазақ-қырғызға ортақ бір газет, толыққанды бір журнал, әр облыста өзіндік бір газет шығарылып тұруы керек. Бүкіл жұртшылық осыған жету үшін жұмыла күш жұмсауымыз керек.

«Қайтсек жұрт боламыз?» – автор бұл мақаласында Дүние-жүзілік соғыс басталғаннан бергі төрт жыл мен патшалық құлағаннан бергі жыл жарым ішінде саяси-әлеуметтік өмірде болған өзгерістерді шола келіп, қазіргі алмағайып заманда елдің елдігін сақтап қалудың бірден-бір жолы – олардың өзін-өзі қорғай алатын әскери күші болуы деген ой түйеді.

«Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде». Автордың айтуынша, бұл екі жолдың біреуі құлдық жолы, екіншісі жұрттық жолы. Баяғыдай құлдық бұғауын қайта кимей, елдігіміз болсын десек, әскеріміз болсын, қазынамыз болсын. Бұларсыз автономия жоқ. «Қайтсек жұрт боламыз» дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ:

– Әскеріміз болса ғана жұрт боламыз».

«Алашорда» – мұнда соңғы бір жыл ішінде болған басты оқиғаларға шолу жасалып, соған байланысты Алашорданың, автономияның жайы сөз болады. Өткен оқиғалардың кейбіріне түсінік беріледі.

Өткен жылы июльде Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ-қырғыз съезінде автономия құру туралы қаулы қабылданды. Бірақ оның қашан жарияланууы туралы сөз болған жоқ. Оның себебі, дейді автор, ол кезде Құрылтай жиналысы тез арада болады деген үміт бар еді, Автономия болғысы келген елдер еншісін содан алмақ болған.

Декабрьдегі екінші съезд алдында елде үлкен өзгеріс болды: уақытша үкімет құлап, большевик дәуірі басталған. Сондықтан өзін-өзі билеуге ұмтылған жұрт Құрылтайды күтпей, автономия жариялай бастады (*Түркістан, Башқұртстан*).

Біз әуелі милиция құрып алайық, арамыздағы басқа халықтармен келісейік те, автономияны жария етейік. Оған дейін елді басқара тұру үшін уақытша Алашорда үкіметін құрдық. Үлкен автономия жарияланғанша, мәдени-ұлт жұмыстарын басқаратын шағын жергілікті автономия құрылды. Құрылтай мүшелерінің комитеті (*Самардағы – ред.*) сол жергілікті автономияның ережесін мемлекет құрылтайы бекітуге тиіс дейді. Біз сол құрылтайдың тез шақырылуына тілектеспіз.

Мақала авторының негізгі ойлары осындай. Демек, Алашорданың болашақ тағдыры да соған байланысты болмақ.

МАЗМҰНЫ

Ұлы мақсат жолында 5

ХАЛЫҚТЫ ТҰРА ЖОЛҒА БАСТАЛЫҚ ТА

Біздің мақсатымыз 29
Ибраһим ибн Құнанбаев 30
Cayeant, consules!.. 31
Апат төнгелі тұр!.. 34
Государственная дума һәм қазақ 37
Оқу кітабы хақында 40
Қазақ халқының бас адамдарына 41
Жер мәселесі 44
Ай астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес 47
Хан Абылай 48
Жазу тәртібі 54
Жиһангер Николай Степанов 56
Ұрлық не себепті көбейді? 57
Қазақтың тарихы 59
Қазақтың тарихы 60
Қазақтың тарихы 62
Құлдар достығы 64
Тірі жүк 66
Адрианополь 67
Жұмыс хайуаны 69
*** «Гарриет Бичер-Стоу» 72
Қазақ ақыны 74
«Эсперанто» тілі 75
Ғабдолла Тоқаев 76
Жер аудару 77
Қазақ жайлы 81
Қазақта мүфтилік мәселесі 84
Хазірет сұлтан 88
Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы 93
Шәкірттер жайынан 94
Балаларға жұққаны 96

Қай жерде қалай? ... 99
Земство не нәрсе? ... 102
Орынбор, сентябрь 14 ... 103
Сот ісі ... 107
Земство не нәрсе? ... 109
Адамға тіршілік не үшін керек? ... 111
Бейлис ісі ... 114
Аурудың аз болуына не керек? ... 117
Аурудың аз болуына не керек? ... 118
Аурудың аз болуына не керек? ... 119
Земство не нәрсе? ... 120
Ақтөбе гимназиясы хақында ... 122
Бас қосуға рұқсат берілмейді ... 126
Земство не нәрсе? ... 127
Оқушыларға жәрдем ... 129
Земство не нәрсе? ... 134
Земство һәм қазақ ... 135
Земство не нәрсе? ... 139

ТҰМАНҒА КІРДІ ҚАЛЫҢ БІЗДІҢ ҚАЗАҚ

Алаш азаматтарына ... 143
Бас қосу туралы ... 145
Асығыс іс ... 146
Мектеп-медреселер мәселесі ... 148
Қазақ ауылында ашылған уақ қарыз серіктігі ... 151
Екінші февраль ... 154
Чума жайынан ... 155
Үшінші июнь законы һәм қазақ ... 158
«Айқап» журналы ... 161
Досмайыл қажыға ашық хат ... 163
Орынсыз шығын ... 168
Чума съезі ... 170
Чума съезі ... 172
Оқу мезгілі ... 174
Мұсылман істері хақында ... 176
Қазақтан солдат алына ма? ... 179
Орынбор, май 24 ... 180
Кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу ... 183
Орынбор, июнь 8 ... 186
Орынбор, июнь 15 ... 187
Абай ... 189
Австрия – Сербия арасы ... 191
Үлгілі іс ... 193
Қазақ ақшасы ... 194
Шоқан Шыңғысұғлы Уәлихан ... 196
Түркиядағы капитуляцияны жоғалту ... 204
Алашқа ... 205
Исмағұлбек Гаспринский ... 207
Исмағұлбек Гаспринский ... 209
Исмағұлбек Гаспринский ... 210

«Манап» драмасы ... 212
Шаруа кеңесі ... 216
Тіл құрал ... 219
Томскідегі қазақ студенттері ... 222
Кімге өкпелейміз? ... 223
Сыртқы іс министрінің сөйлегені ... 225
Опат ... 231
Гурьев үйезін жазу ... 232
Торғай ... 233
Дау құмар ... 233
Газета «шөп жемес» ... 236
«Ов» туралы ... 237
«Ұлы» ма, «ов» па? ... 238
Үлгілі іс ... 240
Қазақ әдебиет кеші ... 241
Барымта ... 244
Торғай ... 246
Сайлау саясаты ... 246
Белқуда ... 249
Торғайдағы мұсылманша оқу ... 251
«Пайғамбар заманы» ... 253
Торғайда орысша оқу ... 256
Өнер мектебі ... 257
Мүфти сайлау ... 259
Григорий Николаевич Потанин ... 260
Орынбордағы мұсылман босқындарға жәрдем іс ... 262
Әбубәкір Ахмеджанұғлы Диваев ... 263
Қостанай үйезінен ... 266
Государственная дума һәм солдаттық мәселесі ... 267
Государственная дума ... 268
Қазаққа ашық хат (мал есебі туралы) ... 270
Надандық құрбаны ... 271
Қаркаралы үйезінен ... 275
Опат ... 275
Алаштың азаматы ... 275
Қазақ жұртына ... 278
Медресе «Ғалия» ... 279
Біздің ел ... 280
Орынбор ... 282
Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына ... 283
Жұмысшылар жайынан ... 285
Николайға шағым хат ... 286
Земство не нәрсе? ... 287
Тарихи жыл ... 289
Торғай үйезі ... 292

СОЛ КҮНІҢДІ КӨРСЕМ – МЕНІҢ АРМАНЫМ

Алаш ұлына ... 297
Қазақ съезі ... 299
Жүзіқаралар ... 301

Шораи ислам 304
Оян, қазақ! 306
Жүзіқаралар 307
Бишара қырғыз бауырларыңызды ұмытпаңдар! 310
Сана қайда! 311
Қазақ жеріндегі татарларға 313
Қазақ съезі 314
«Қазақ» баспаханасы 321
Босқын қырғыз-қазақ 325
Учредительное собрание 325
Сайлау жақындады 327
Біздің істер 330
Орынбор, октябрь 21 332
Алаш ұранды қазаққа 334
Ашық хат 335
Мемлекет халі 336
Несиеге қаратпалық 339
Земство жайы 340
Алашқа 340
Қазақ халқының дұшпандары 344
Жалпы қазақ-қырғыз съезі 345
Орда гербі (таңбасы) 347
Жар салу 348
Адам саудасы 349
Құрметті оқушылар! 351
Торғай облысының қазағынан милиция алу тәртібі 355
Тағы құрбан 356
Ұлт матбұғаты 358
Қайтсек жұрт боламыз? 360
Талайдың сыры ашылды 364
Алашорда 365
Түсініктемелер 369

Әдеби-көркем басылым

«АЛАШ МҰРАСЫ» СЕРИЯСЫ

Мир-Якуб ДУЛАТОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ В ПЯТИ ТОМАХ

Том II
Публицистика,
литературная критика и исследовательские статьи
(*на казахском языке*)

Редакторы **Ш. Дүйсенбаев**
Көркемдеуші редакторлары **Ж. Болатаев**
Техникалық редакторы **К. Тұрымбетова**
Корректоры **З. Парманқұлова**
Компьютерде теріп, беттегендер **Б. Сейтова, К. Карбозқызы**

ИБ №8418

Басуға 31.03.03. қол қойылды. Пішімі 84×108$^{1}/_{32}$. Офсеттік қағаз. Әріп түрі «Школьная». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,58+0,42 жапсырма. Шартты бояулы беттаңбасы 25,42. Есептік баспа табағы 20,05+0,29 жапсырма. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс 329.

«Мектеп» баспасы» ЖАҚ,
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.
Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.